Бірінші тәжірибе: Ұзындықтары бірдей табиғи көк сағыз бен резеңкенің жіңішке кесіндісін сызғышпен өлшеп аздап созып, ұзындығын өлшейді. Оның қайта қалпына келуіне назар аударып, қай материалдың майысқақтығы жоғары екенін анықтайды Резеңкеде деформация қалдығы болмайды, соған байланысты оның майысқақтық қасиеті көксағыздан жоғары болады.


Екінші тәжірибе: Каучук пен резеңкеге қыздырудың әсерін байқау. Қайнап тұрған суға 5 минутқа табиғи каучук пен резенкенің бірдей кесінділерін салып, қысқышпен алып созып көреді. Қыздырғаннан кейін кучук жұмсарып өзінің майысқақтығын жоғалтады. Резеңке каучукке қарағанда қыздыруға берік, жұмсармайды, майсықақтығын жоғалтпайтығына көз жеткізеді. Слайдпен құрылысын көрсетеді.



Сурет 1. Резеңкенің құрылысы

"Жас химик": Алғашқы резеңке алуға не түрткі болды және қай жақта бірінші алынды деп таңдана сұрақ қойды?.

Оған "химик- ізденуші" жауап берді: Каучуктың басты қасиеттерінің бірі – су мен газды өткізбеуі. Осы қасиеттері оның таралуына себеп болды. 1828 жылдары К. Макинтош Глазго қаласында плащ жасау үшін су өткізбейтін материалды ойлап тапты. Мата құрамында табиғи каучук ерітіндісін қосты, бірақ оның сапасы өте төмен болды, суықта қыртыстанып, майспайтын, ыстықта жабысқақ болып келді. 1938 жылы американдық Чарлз Гудьир кездейсоқ бір жаңалық ашты, егер шикі каучукке аздап күкірт қосып қыздырса, ол жазда жабыспайтын, қыста қатпайтын, өзінің созылғыштығын сақтайтын затқа айналғанын көрді. Бұл әдіс казіргі уақытта вулканизациялау деп аталады.



Сурет 2. Вулканизацияланған каучуктың құрылысы

"Жас химик" тағы сұрағын жалғастырады: Каучукты қалай вулканизациялайды?

Енді ол сұраққа "химик-технолг" жауап береді: Каучукты вулканизациялау үшін күкірт қосып қыздырып резеңкеге айналдырады. Каучукке күкірт пен тотықтырғыштар

(күйе не бор)сияқты затты қосып 130-140^0 С шамасында қыздырады. Күкірті атомдары каучуктың қос байланыстарының кейбіреулері бойынша қосылып, оның сызықтық молекулаларын бір-біріне "жөрмеп" байланыстырып полимер кеңістіктік 3% -дай күкірт қосады. Егер күкірт қажетті мөлшерден көбірек қосылса онда созылмайтын қатты зат эбонит алынады.

"Жас химик" отызыншы жылдарда табиғи каучукты өңдеу зауыттары іске қосылғанмен,сол кездегі авиация, автотранспорттың дамуына резеңкенің қажеттілігі арта түскен, сондықтан қажеттілікті өтеу үшін синтетикалық каучук алу жолдарының әдісі қалай табылды?- деп сұрақ тастайды ортаға

Оған "химик-эксперт" жауап береді: 1932 жылы С.В. Лебедевтің тәсілімен алғаш рет бутадиенді катализатор қатысында Al_2O_3 мен ZnO этанолды дегидратациялап және дегидрогендеп алды.

$2C_2H_5OH \rightarrow H_2C = CH\text{-}CH{=}CH_2 + 2H_2O{+}H_2$

$nH_2C{=}CH\text{-}CH{=}CH_2 \rightarrow (\text{-}H_2C\text{-}\ CH{=}CH\text{-}CH_2\ \text{-})\ n$

Батадиенді синтетикалық каучук табиғи каучуктан созылғыштығы және беріктігі жағынан кем түспеді.[13]

Талдау мен нәтижелер: Кәсіптік білімнің тәрбиелік мәні де үлкен, білім алушылар рольдік ойын арқылы бейімделе бастайды және химияның маңызына жете көз жеткізеді. Осының нәтижесінде әрбір білім алушы ақыл-ой және саламандық іс-әрекеттің дараланған сипаты қалыптасады, бірте-бірте ақыл мен естің химиктің қызметіне тән арнаулы қасиеттер дамиды, әдеттегі ғана емес, сонымен бірге теориялық және саламандық мазмұндағы жаңа мәселелерді шеше білу шеберлігі де пайда болады.

Сабақ соңында барлық сұрақтар бойынша жауап берген оқушыларды бағалап шығады. Өте қызықты сұрақтарға көптеген мәліметтер алынғандығын баяндап өтті. Берілген жауаптар сұрақтардың мағынасын аша білді. Дәстүрлі өтілген сабаққа қарағанда, дәстүрлі емес өтілген сабақтың нәтижесі жоғары болды. Оқушылар өз ізденістерін, қабілеттерін, білімдерін еркін жеткізе білді. Тақырып бойынша көптеген маліметтер жинақтағаны көрініп тұрды.

Қорытынды: Жалпы қорытындылай келе, білім берудің негізгі мақсаты қазіргі қоғам талабына сай терең білім, білік, дағдылармен құзырлықтардың негізінде еркін бағдарлай білетін, қойылған талапқа жете алатын, өз бетінше нақты дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Пәнді оқытуда практикалық білім беруде жаңа технологиялардың алатын орны мен қызметін айқындау бағытында жұмыстар жүргізілді. Химия пәнінен жоғары молекулалы қосылыстар тарауын, олардың қолданылу аясын жаңа технологияларды пайдалана отырып оқыту тиімді болды..

Білім алушыларға химия пәнінен жоғары молекулалы қосылыстар тарауы бойынша дидактикалық материалдар дайындаудың әдіс тәсілдері нақтыланды. Химия пәнінен жоғары молекулалы қосылыстар тарауын ролдік ойын технологиясын пайдалана отырып оқыту үлгісі жасалды. Оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып қорытынды сабақ өту нәтижесінде оқушылардың теориялық білімдері шыңдалып, өзіндік ізденісі, кәсіпке деген бейімділігі айқындалып пәнге деген қызығушылықтары артатына көз жеткіздік.


Кесте 2. Дәстүрлі өтілген сабақ қорытындысы

Оқушылар саны	Жақсы оқитын білім алушы	Орташа оқитын білім алушы	Төмен оқитын білім алушы
27	6	14	7
100%	22,2%	51,8%	25,9%

Кесте 3. Дәстүрлі емес өтілген сабақ қорытындысы

Оқушылар	Жақсы оқитын	Орташа	Төмен оқитын	

саны	білім алушы	оқитын білім алушы	білім алушы	
27	9	14	4	
100%	33,3%	58,3%	8,3%	



3-сурет. Дәстүрлі және дәстүрлі емес өткізілген сабақтың қорытынды диаграммасы

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының “Білім туралы”. 2007 жыл 27- шілде N319 Заңы.

2. Беспалько В.П Педагогика и прогрессивные технологии обучения. Москва: ИРПО 2005. -109б.

3. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М: Педагогика, 1989.-95б

4. Таубаева Ш.Т. Оқытуың қазіргі технологиялары. Алматы: Бастауыш мектеп. №4. 5-12 б.

5. Нұрмұханова Г. -1993. Жаңаша оқыту-уақыт талабы. Алматы: Рауан.

6. Қараев Ж., Қуанбаева Б. (2004). Жетілдірілген педагогикалық жүйені жобалаудың дидактикалық шарттары. Алматы: Ізденіс-№1. 233-236 б.

7. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология. –Алматы: Жазушы , 2014. - 137 б. – ISBN 9965-668-28-0:

8. Алимов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. –Алматы: Алматы баспасы, , 2009. - 137 б. – ISBN 9965-9805-7-8:

9. Өстеміров К., Айтбаева А. -2006. Қазіргі білім беру технологиялары. Алматы: Мектеп, 2006-142б.

10. Жанпейісова М.М. Модулдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. Алматы, 2004- 56б

11. Salleh M. F. M. et al. Novice chemistry teachers’ instructional strategies in teaching mixed-ability classrooms //Asian Journal of University Education. – 2022. – Т. 18. – №. 2. – С. 510-525.https://doi.org/10.24191/ajue.v18i2.18066

12. Domenici V. STEAM project-based learning activities at the science museum as an effective training for future chemistry teachers //Education Sciences. – 2022. – Т. 12. – №. 1. – С. 30.https://doi.org/10.3390/educsci12010030

13. Нұғыманұлы И.Н., Шоқыбаев Ж.Ә., Өнербаева З.О. Химияны оқыту әдістемесі. - Алматы: «Print-s» баспасы, 2005.- 354 б.

ТЕКТІ ТҰЛҒА ТӘШЕНЕВ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК РУХЫ: ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Иса М.Ғ.
Tashenev University, Шымкент қ.
Ғылыми жетекші – т.ғ.м. **Жүзжасарова А.А.**
Тарих және география кафедрасының магистр аға оқытушысы

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ халқының біртуар перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеневтің елдің тұтастығы мен ұлттық мүддені қорғау жолындағы күресі қарастырылады. Оның саяси ұстанымдары мен ерліктері Қазақстанның тәуелсіздік алуына ықпал еткен маңызды тарихи оқиғалардың бірі ретінде сипатталады. Тәшеневтің тағылымы бүгінгі ұрпақ үшін ұлттық рух пен патриотизмнің айқын үлгісі ретінде бағаланады.

Кілт сөздер: Жұмабек Тәшенев, тәуелсіздік, жер тұтастығы, ұлттық мүдде, мәдениет, қайраткер.

Аннотация. В этой статье рассматривается борьба выдающегося сына казахского народа, государственного и общественного деятеля Жумабека Ташенева за целостность страны и защиту национальных интересов. Его политические позиции и подвиги характеризуются как одно из важнейших исторических событий, способствовавших обретению Казахстаном независимости. Уроки ташенева ценятся как яркий пример национального духа и патриотизма для сегодняшних поколений.

Ключевые слова: Жумабек Ташенев, независимость, целостность земли, национальные интересы, Культура, деятель.

Abstract. This article discusses the struggle of zhumabek Tashenev, a unique son of the Kazakh people, a statesman and public figure for the protection of the integrity of the country and national interests. His political positions and exploits are characterized as one of the most important historical events that contributed to the independence of Kazakhstan. Tashenev's teaching is appreciated for today's generation as a clear example of the national spirit and patriotism.

Key words: Zhumabek Tashenev, independence, land integrity, national interests, culture, figure.

Кіріспе

Қазақстан тарихында елінің болашағы үшін аянбай еңбек еткен тұлғалар аз емес. Солардың бірі – XX ғасырдың орта тұсында саяси аренада жарқырай көрінген Жұмабек Тәшенев. Ол кеңестік билік тұсында жоғары лауазымды қызметтер атқарып, ұлттық мүддені қорғауда табандылық танытты.

Бұл мақалада Тәшеневтің қазақ жерінің тұтастығын сақтаудағы қызметі, оның ұлт мәдениеті мен ғылымының дамуына қосқан үлесі қарастырылады. Сонымен қатар, оның елдің егемендікке жету жолындағы тарихи рөлі талданады.

Негізгі бөлім

Жұмабек Тәшенев – Қазақстанның саяси тарихында ерекше орын алатын қайраткер. Ол 1950-1960 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы қызметтерін атқарды. Ол Кеңес Одағы басшылығының Қазақстанның солтүстік өңірлерін Ресейге беру туралы ұсынысына батыл қарсы шығып, қазақ жерінің тұтастығын сақтауға айрықша үлес қосты.

Кеңес билігі 1960 жылы Қазақстанның солтүстік облыстарын Ресейге беру мәселесін көтергенде, Жұмабек Тәшенев Мәскеудің шешіміне ашық қарсылық білдіріп, Қазақстанның шекарасының өзгеруіне жол бермеді. Оның бұл әрекеті республика

басшылығының арасында да үлкен дүрбелең туғызды. Бірақ ол қайсарлық танытып, қазақ жерінің біртұтастығын қорғауда айрықша рөл атқарды.

Бұл тарихи оқиға Қазақстанның тәуелсіздігі жолындағы маңызды қадамдардың бірі болды. Егер сол кезде Тәшенев және оның жақтастары батылдық танытпағанда, бүгінгі Қазақстанның шекарасы мүлдем басқаша болуы мүмкін еді.

Жұмабек Тәшенев тек саясаткер ғана емес, сонымен қатар қазақ мәдениеті мен ғылымының дамуына үлкен үлес қосқан тұлға. Ол қазақ зиялы қауым өкілдерін қолдап, олардың шығармашылық және ғылыми жұмыстарына жағдай жасады.

Тәшеневтің қолдауымен көптеген қазақ жазушылары мен ақындары, ғалымдары өз еңбектерін жарыққа шығаруға мүмкіндік алды. Ол әсіресе қазақ жастарының білім алуына, ана тілінде оқытуға көп көңіл бөлді. Оның ықпалымен қазақ әдебиеті мен өнері жаңа деңгейге көтерілді.

Сонымен қатар, Тәшенев қазақ өнерін әлемдік аренаға шығаруға да атсалысты. Ол Қажымұқан Мұңайтпасов, Роза Бағланова, Шәмші Қалдаяқов сынды тұлғаларды қолдап, олардың талантын мойындатуға жағдай жасады. Бұл – оның мәдениет саласындағы үлкен еңбегінің айқын дәлелі.

Тәшенев Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына да үлкен үлес қосты. Ол қызмет атқарған жылдары елде көптеген жаңа өндіріс орындары, зауыттар мен фабрикалар салынды.

Сонымен қатар, Тәшеневтің бастамасымен ауыл шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Қазақстанның астықты аймақтарына инвестиция құйылып, тың игеру жобалары жүзеге асырылды. Алайда, тың игеру саясатында қазақ жерінің экологиялық тепе-теңдігін бұзбау үшін, ұлттық мүддені ескеру үшін күрес жүргізді.

Әлеуметтік саясатқа келер болсақ, ол қазақ халқының тұрмыс сапасын жақсарту үшін мектептер, ауруханалар, мәдениет үйлерін салуға баса назар аударды. Оның әлеуметтік реформалары халықтың әл-ауқатының артуына септігін тигізді.

Жұмабек Тәшенев – өз заманында ұлттың болашағы үшін күрескен тұлға. Оның қайсарлығы мен ұстанымдары Қазақстанның тәуелсіздік алуына ықпал еткен факторлардың бірі болды.

Ол өз заманының қиындықтарына қарамастан, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтауға және дамытуға бар күшін салды. Оның батылдығы мен табандылығы бүгінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге.

Бүгінгі таңда Тәшеневтің есімі тарихта ұлттың еркіндігі мен тәуелсіздігін қорғаушы қайраткер ретінде қалды. Оның тағылымы – тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы маңызды рухани мұра.

Қорытынды

Жұмабек Тәшенев – қазақ жерінің тұтастығы мен ұлттық рухты сақтап қалу жолында аянбай еңбек еткен тарихи тұлға. Оның өмірі мен қызметі бүгінгі ұрпақ үшін үлкен өнеге.

Тәшеневтің тәуелсіздік жолындағы тағылымы – елдің егемендігін қорғау мен ұлттық құндылықтарды сақтау ісінде маңызды орын алады. Оның ерлігі мен қайсарлығы – бүгінгі Қазақстан жастары үшін патриотизмнің асқақ үлгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қойгелді, М. Қазақстан тарихындағы саяси қайраткерлер. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2006.

2.Нұрпейіс, К. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. – Алматы: «Атамұра», 2005.

3.Әбдірахманов, Т. Жұмабек Тәшенев және ұлттық мүдде. – Нұр-Сұлтан: «Фолиант»,2018.

ЖҰМАБЕК ТӘШЕНЕВ – ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ҚОРҒАУШЫСЫ

Г.Кайбульдаева – п.ғ.к., доцент,
«Түркістан болашақ» Қожа Ахмет Ясауи атында жоғарғы көпсалалы колледжі
М.Орынбасар – 1-курс магистранты.

Аңдатпа. Бұл мақалада Жұмабек Тәшеневтің Қазақстанның ұлттық болмысын, мәдениеті мен тарихи мұрасын сақтаудағы рөлі қарастырылады. Мемлекет қайраткері ретінде ол елдің аумақтық тұтастығын қорғап қана қоймай, қазақ тілі, дәстүрлері мен ұлттық сананың дамуына үлесін қосты. Оның білім, әдебиет және мәдени саясатқа қосқан үлесі елдің рухани негізін нығайтуда маңызды болды. Мақалада Тәшеневтің идеялары мен еңбегі Қазақстандағы тарих пен мәдениеттің сабақтастығын қалай қамтамасыз еткені талданады.

Кілт сөздер: Жұмабек Тәшенев, ұлттық болмыс, мәдениет, тарих, руханият, қазақ тілі.

Аннотация. В статье рассматривается роль Жумабека Ташенева в сохранении национальной идентичности, культуры и исторического наследия Казахстана. Будучи государственным деятелем, он не только защищал территориальную целостность страны, но и активно поддерживал развитие казахского языка, традиций и национального самосознания. Его вклад в образование, литературу и культурную политику сыграл важную роль в укреплении духовного фундамента страны. В статье анализируется, как идеи и деятельность Ташенева обеспечили преемственность истории и культуры Казахстана.

Ключевые слова: Жумабек Ташенев, национальная идентичность, культура, история, духовность, казахский язык.

Annotation. This article explores the role of Jumabek Tashenev in preserving Kazakhstan’s national identity, culture, and historical heritage. As a statesman, he not only defended the territorial integrity of Kazakhstan but also actively supported the development of Kazakh language, traditions, and national consciousness. His contributions to education, literature, and cultural policy played a significant role in strengthening the country’s spiritual foundation. The article analyzes how Tashenev’s vision and efforts ensured the continuity of history and culture in Kazakhstan.

Key words: Jumabek Tashenev, national identity, culture, history, spirituality, Kazakh language.

Қазақстан тарихында елдің тұтастығы мен ұлттық мүддесін қорғау жолында аянбай еңбек еткен, батылдығы мен мемлекетшілдігімен танылған тұлғалар аз емес. Солардың бірі – **Жұмабек Тәшенев,** XX ғасырдың орта тұсында Қазақ КСР-інің дамуына зор үлес қосқан көрнекті мемлекет қайраткері [1]. Ол өз заманының ерекше тұлғасы ретінде кеңестік жүйенің қатаң саясатына қарамастан, қазақ халқының мүддесін қорғап, елдің аумақтық тұтастығы мен ұлттық руханиятын сақтап қалу жолында батыл қадамдар жасады. Оның саясаттағы ұстанымы, әсіресе Қазақстанның солтүстік өңірлерін Ресейге қосу туралы ұсыныстар көтерілген кезде айқын көрінді. Мәскеудің шешіміне қарсы шығып, Қазақстанның жерін сақтап қалудағы оның қайраткерлік тұлғасы бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Жұмабек Тәшенев тек саясат сахнасында ғана емес, елдің **экономикалық, мәдени және әлеуметтік дамуына** да ерекше үлес қосты. Ол халықтың тұрмысын жақсарту, ұлттық мәдениетті дамыту, қазақ зиялыларына қолдау көрсету және жастардың білім алуына жағдай жасау бағытында ауқымды жұмыстар атқарды. Оның бастамалары арқылы Қазақстанда бірқатар өндіріс орындары ашылып, ауыл шаруашылығы мен инфрақұрылым дамыды. Сонымен қатар, ұлттық кадрларды билікке тарту арқылы қазақ жастарының білім

алып, жетекші қызметтерге орналасуына мүмкіндік жасады. Мұның бәрі оның ел болашағына деген зор жауапкершілігін көрсетеді.

Алайда оның мемлекетшілдік ұстанымы, ұлт мүддесін бәрінен жоғары қоюы кеңестік билікке ұнаған жоқ. Ол Мәскеудің Қазақстанға қатысты жүргізіп отырған саясатына қарсы шыққаны үшін жоғары лауазымдардан босатылып, Шымкентке жер аударылды. Дегенмен, бұл оның ұстанымынан бас тартуына себеп болған жоқ. Ол қай жерде, қандай жағдайда жүрсе де, халықтың игілігіне қызмет етуді жалғастырды. Оның ерік-жігері, саяси көрегендігі мен қайсарлығы қазақ халқының жадында мәңгілік сақталмақ [2].

Жұмабек Тәшеневтің өмірі мен қызметі – **нағыз мемлекетшілдіктің, батылдық пен әділеттіліктің көрінісі.** Ол қазақ жерінің тұтастығын, ұлттық руханият пен мәдениеттің сақталуын басты мақсат етті. Бүгінде оның ерлігі мен еңбегі Тәуелсіз Қазақстан үшін үлкен тарихи сабақ болып қала береді. Оның қайраткерлік жолын зерттеу – еліміздің өткеніне деген құрмет қана емес, сонымен бірге болашақ ұрпаққа үлгі болатын тағылым. Сондықтан оның қызметін тереңірек зерттеу, есімін ұлықтау және болашақ ұрпаққа жеткізу – бүгінгі міндетіміз.

Жұмабек Тәшенев – ұлттық мәдениет пен руханияттың дамуына зор үлес қосқан мемлекет қайраткерлерінің бірі. Ол қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау мен дамытуға ерекше көңіл бөліп, ұлттық руханияттың жаңғыруына бар күш-жігерін салды. Кеңес өкіметі тұсында ұлттық мәдениеттің дамуы көптеген шектеулерге ұшырап, қазақ тілі мен әдебиеті, өнері мен тарихы екінші орынға ығыстырылған кезеңде Тәшенев қазақ зиялыларын қолдап, олардың шығармашылық еркіндігін қорғауға ұмтылды. Оның бұл бағыттағы қызметі ұлт мәдениетін сақтап қалудағы маңызды қадамдарының бірі [3].

Жұмабек Тәшеневтің ұлттық мәдениетке жасаған ең үлкен қамқорлығы – қазақ зиялыларына, жазушылар мен өнер қайраткерлеріне қолдау көрсетуі. XX ғасырдың 50-60-жылдарында Кеңес билігінің идеологиялық қысымы күшейіп, қазақ әдебиеті мен өнерін дамытуға түрлі кедергілер қойыла бастаған тұста, Тәшенев ұлттық шығармашылық интеллигенцияның мүддесін қорғап, олардың еркін жұмыс істеуіне жағдай жасауға тырысты. Ол қазақтың талантты ақын-жазушыларының, драматургтерінің, композиторларының шығармашылығын қолдады, олардың шығармаларының жарық көруіне, театрлардың дамуына, мәдениет ошақтарының қалыптасуына ықпал етті.

Сонымен қатар, Жұмабек Тәшенев қазақ тілінің мәртебесін көтеру жолында да аянбай еңбек етті. Ол мемлекеттік басқару жүйесінде, білім мен ғылым саласында қазақ тілін кеңінен қолдану мәселесін көтеріп, ұлттық тілдің сақталуы мен дамуын маңызды міндеттердің бірі деп санады. Оның бастамасымен қазақ тіліндегі оқулықтар, ғылыми еңбектер жарық көріп, қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарында ана тілімізде білім беруге жағдай жасалды. Бұл қазақ халқының рухани дербестігін сақтау жолындағы маңызды қадам болды.

Жұмабек Тәшенев мәдени мұраларды сақтап, ұлттық тарихты насихаттауға да ерекше көңіл бөлді. Ол қазақ халқының тарихи тұлғаларын дәріптеуге, олардың еңбектерін зерттеуге жағдай жасады. Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде тарихи-мәдени ескерткіштердің сақталуына, оларды жаңғырту мен насихаттауға қолдау білдірді. Қазақтың батырлары, билері, ақындары мен хандарының есімдерін халық жадында қалдыру мақсатында олардың өмірі мен еңбектеріне арналған еңбектер жазылып, арнайы іс-шаралар ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, ол театр өнерін, кино саласын, музыка мен бейнелеу өнерін дамытуға ерекше көңіл бөлді. Оның қолдауымен Қазақ КСР-інде бірнеше жаңа театрлар ашылып, қазақ драма театрларының жұмысы жанданды. Кино өнері де дамып, қазақ режиссерлері тарихи және заманауи тақырыптарға фильмдер түсіру мүмкіндігіне ие болды. Ұлттық музыка мен дәстүрлі өнерді қолдау арқылы қазақтың фольклорлық ансамбльдері кеңестік сахналарда өнер көрсетті.

Жұмабек Тәшенев ұлттық мәдениет пен руханиятты дамытуда тек шығармашылық саламен ғана шектеліп қалмай, қазақтың дәстүрлі құндылықтарын, салт-дәстүрін, ұлттық өзіндік болмысын сақтап қалуға барынша атсалысты. Оның мемлекет басқару ісіндегі басты ұстанымдарының бірі – қазақ халқының ұлттық болмысын жоғалтпай, заманауи даму жолына түсуі болды. Осы мақсатта ол ауыл шаруашылығын дамыту, халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту, ұлттық қолөнерді жаңғырту және басқа да мәселелерді үнемі назарда ұстады.

Оның ұлттық мәдениетке деген қамқорлығы тек Қазақстанмен шектелген жоқ. Ол Кеңес Одағының құрамындағы басқа түркі халықтарының мәдениеті мен руханиятына да жанашырлық танытып, олардың мәдени мұраларын сақтауға ықпал етті. Түркі әлемімен рухани байланыстарды нығайту, ортақ тарихи құндылықтарды дәріптеу бағытында да ауқымды жұмыстар атқарды.

Қорыта айтқанда, Жұмабек Тәшенев қазақ халқының ұлттық мәдениеті мен руханиятын сақтау және дамыту жолында теңдессіз еңбек сіңірді. Ол қазақ зиялыларына қолдау көрсетіп, ұлттық өнер мен әдебиеттің дамуына ықпал етті, тарихи мұраны дәріптеу ісіне белсене араласты. Оның бұл бағыттағы еңбектері қазіргі Қазақстан үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бүгінгі таңда ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытуда оның идеялары мен бастамалары маңызды үлгі бола алады.

Жұмабек Тәшеневтің ұлттық руханият пен мәдениеттің дамуына қосқан үлесін қорытындылай келе, оның қазақ халқының болашағы үшін жасаған қызметі ерекше орын алатынын атап өткен жөн. Ол өз дәуірінде саяси және рухани салада батыл қадамдар жасап, ұлттық құндылықтарды қорғау жолында аянбай еңбек етті. Оның ұстанымы мен көзқарасы қазақ халқының ұлттық санасын оятуға, мәдени мұрасын сақтауға және рухани дамуына бағытталды. Кеңестік жүйенің қатаң талаптарына қарамастан, Тәшенев ұлттық мүддені қорғау жолында ешқандай кедергіден қаймыққан жоқ, керісінше, халқының игілігі үшін күресті.

Бүгінде оның ұлттық руханиятқа қосқан үлесін заманауи тұрғыдан бағалау аса маңызды. Қазақстанның тәуелсіздікке қол жеткізуі – Тәшенев сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қажырлы еңбегінің нәтижесі. Оның қазақ тілінің мәртебесін көтеру, ұлттық мәдениетті дамыту және тарихи мұраларды сақтау жолындағы бастамалары қазіргі заманғы мәдени және білім беру саясатымен тығыз байланысты. Қазақстанда тарихи мұраларды зерттеу, ұлттық өнерді қолдау, қазақ тілін дамыту, әдебиет пен ғылымды өркендету бағытында жүзеге асырылып жатқан шаралар Тәшеневтің идеялары мен көзқарастарын жүзеге асыру жолындағы маңызды қадамдар болып табылады.

Жұмабек Тәшеневтің ұлттық руханиятқа қосқан үлесі оның саяси және мемлекеттік қызметінің ажырамас бөлігі болды. Ол қазақ халқының тарихи жадының сақталуына ерекше мән берді, халықтың рухани және мәдени тұрғыдан дамуына жағдай жасады. Оның ұстанған қағидалары – ұлттық мүддені қорғау, мәдени мұраны дәріптеу, қазақ тілін сақтау және дамыту, ұлттық интеллигенцияны қолдау – бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру – еліміздің болашағы үшін маңызды міндеттердің бірі.

Сонымен қатар, Тәшеневтің ерлігі мен ұлтжандылығы бүгінгі жас ұрпаққа үлгі болуы тиіс. Оның қайсарлығы, елін сүйген адалдығы, ұлттық мүддені қорғаудағы табандылығы қазіргі Қазақстан азаматтары үшін өнеге. Тәшеневтің қызметі мен идеяларын насихаттау арқылы жастарды отансүйгіштікке, ұлттық мәдениет пен тарихқа құрметпен қарауға тәрбиелеуге болады. Оның өмір жолын зерттеу – Қазақстанның дамуына, ұлттық сана-сезімнің нығаюына ықпал ететін маңызды қадам.

Жалпы, Жұмабек Тәшеневтің ұлттық руханият пен мәдениетті дамытудағы рөлі баға жетпес құндылыққа ие. Оның қайраткерлік жолы – ұлттық тарихымыздың жарқын беттерінің бірі. Ол өз өмірін туған халқының игілігіне арнап, ұлттық бірегейліктің сақталуына зор үлес қосты. Оның атқарған қызметі мен қалдырған мұрасы – қазақ

халқының рухани байлығы, мәдени мұрасы және ұлттық мақтанышы. Сондықтан да, оның еңбектерін зерделеп, кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз. Жұмабек Тәшеневтің ерлігі, қайраткерлік жолы және ұлттық руханиятқа қосқан үлесі мәңгілік ел мұраттарымен үндесіп, болашаққа бағдар бола береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. “Қазақстан”: Ұлттық энцклопедия/Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9

2. Сағымбаев Ғ. Жұмабек Тәшенов // Жұмабек Тәшенов туралы естеліктер. – Алматы: Білім, 2005. – 83 б.

3. Кенжебаев С.Д. Бәрі құрбан атамекен жолында. Қайраткер Ж.Тәшеневтің тағдыры осыны айғақтайды // Азат. 2004. 17 қараша. 6-7 б.

ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

7М01505 – «Биология» 1 курс магистранты **Исхан Сая Сайлауханқызы**
Ғылыми жетекшісі: а./ш. ғ.к. оқытушы-дәріскер **Маусумбаева Аида Макеновна**

Аңдатпа. Мақалада тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде білімгерлердің функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдістері мен технологиялары қарастырылады. Әсіресе, білімгерлердің өз бетінше жұмыс жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған жобалау әдісі, диалогты және ойын технологиялары, тренингтік тәсілдер мен сын тұрғысынан ойлау әдістері сияқты педагогикалық технологиялар талданады. Бұл әдістер білімгерлердің практикалық дағдыларын қалыптастыру, сыни ойлау, ақпаратты өңдеу және проблемаларды шешу қабілеттерін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, тұлғалық дамуды және оқу процесінде шығармашылықты ынталандыру мақсатында оқу-кеңістік ортасының маңыздылығы мен интерактивті технологиялардың қолданылуы айқындалады. Осы әдістердің бірігуі білімгерлердің функционалдық сауаттылығын дамытуға, олардың қоғамдағы өзгерістерге тез бейімделуіне мүмкіндік береді. Мақала педагогтер мен білім беру саласындағы мамандарға тұлғалық-багдарлы білім беруді жүзеге асыруға арналған пайдалы әдістемелік нұсқаулық болып табылады.

Кілт сөздер: тұлғалық-багдарлы білім беру, функционалдық сауаттылық, педагогикалық технологиялар, жобалау әдісі, диалогты әдіс, ойын технологиялары, тренингтік тәсілдер, сын тұрғысынан ойлау.

Аннотация. В статье рассматриваются методы и технологии формирования функциональной грамотности обучающихся на основе личностно-ориентированного образования. В частности, анализируются такие педагогические технологии, как метод проектирования, диалоговые и игровые технологии, тренинговые подходы и методы критического мышления, направленные на развитие способностей обучающихся к самостоятельной работе. Эти методы способствуют развитию у обучающихся практических навыков, критического мышления, умения обрабатывать информацию и решать проблемы. Кроме того, в целях стимулирования личностного развития и творчества в учебном процессе определяется значимость учебно-пространственной среды и применение интерактивных технологий. Сочетание этих методов позволяет развивать функциональную грамотность обучающихся, быстро адаптироваться к изменениям в обществе. Статья полезный методический вариант для педагогов и специалистов в области образования по реализации личностно-педагогического образования.

Ключевые слова: личностно-багдаровое образование, функциональная грамотность, педагогические технологии, метод проектирования, диалогический метод, игровые технологии, тренинговые подходы, критическое мышление.

Abstract. The article discusses methods and technologies for the formation of functional literacy of students on the basis of personality-oriented education. In particular, pedagogical technologies such as the design method, dialogue and game technologies, training approaches and critical thinking methods aimed at developing students ' abilities for independent work are analyzed. These methods contribute to the formation of practical skills of students, increasing the ability to think critically, process information and solve problems. In addition, the importance of the educational and spatial environment and the use of interactive technologies in order to stimulate personal development and creativity in the educational process are revealed. The combination of these methods will allow the development of functional literacy of students, their rapid adaptation to changes in society. The article is a useful methodological guide for teachers and specialists in the field of education for the implementation of personality-oriented education.

Key words: personality-oriented education, functional literacy, pedagogical technologies, design method, dialogue method, game technologies, training approaches, critical thinking.

Бұл бөлімде тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде білімгердің функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың әдістемесі қарастырылады. Зерттеушілер тұлғалық-бағдарлы білім берудің ұстанымдарына сәйкес технологиялардың алты түрін белгілейді: білім берудің диалогты әдістері; ойын технологиялары; тренингті технологиялар; интеграцияланған тұлғалық-бағдарлы технологиялар; оқу-кеңістік ортасы; сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиялары.

Осы аталған білім беру технологиялары әртүрлі болғанмен, олардың жалпы бір ұқсастығы бар: практикада олардың барлығы білім берудің сабақтық жүйесінде негізделеді. Бірақ оларды практикада қолдану мынадай факторлармен қиылыспайды: ең жақын даму аймағында білім беру ұйымдастырумен (тұлғалық-бағдарлы білім беруде ең бастысы осы болып табылады); шығармашылық оқыту әдістерімен; білімгердің психологиялық ерекшеліктеріне білім берудің бағытталуымен. Дәл осы факторлар білімгерлер тұлғасына бағытталған білім берудің моделін жасауда ең негізгілері.

Қазіргі уақытта тұлғалық-бағдарлы білім беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін оқыту формалары бар. Олар бір топта түрлі деңгейлі оқу бағдарламаларының бірнеше нұсқасын қолдануға, оларды білімгердің таңдап, ең жақын даму аймағына сәйкес жеке жылдамдықпен ұйымдастырылуына, әрбір білімгердің дер кезінде кәсіби көмек алуына, білім берудің шығармашылық сипатта болуына, материалды проблемді ұсынуға мүмкіндік береді. Ол мүмкіндікті қазіргі информатика мен телекоммуникация құралдарын қолдана отырып, жүзеге асырады.

Тұлғалық-бағдарлы білім беру негізінде білімгердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды диалогтық және топтық қарым-қатынастарға негізделген интерактивті технологиялар арқылы жүзеге асырады. Олар: сократтық әдіс, еркін микрофон, миға шабуыл, ашық ойлар сәті**,** «үлкен шеңбер», «вертушка», «аквариум».

Қарым-қатынасты дамыту негізінде білім беру білімгердің жеке тұлға ретінде және ақыл-ой зердесін дамытуда үлкен роль атқарады.

Жоғарыда аталған жағдайды талдай келудегі ізденісте осы негізде біріктіруші құрал болып мәтінді технологиялық өңдеу жатыр.

Диалог пен топқа негізделген сабақты ұйымдастырудың тәжірибесін талдай отырып, мына ережелерді ұсынамыз:

Бірінші ереже. Сабаққа барлық қатысушылар қандай да бір деңгейде тартылуы қажет. Бұл мақсатта сабаққа қатысушыларды талқылау үрдісіне қатысуға мүмкіндік беретін технологияны қолдану пайдалы.

Екінші ереже. Білімгердің психологиялық даярлығына қамқор болу қажет. Мұнда сөз сабаққа келушілердің барлығы бірдей жұмыстың қандай да бір түріне тікелей

қатысуға психологиялық даяр болмауы мүмкін. Осыған байланысты, сергіту, қатысушыларды жұмысқа белсенді қатысуымен мадақтап отыру, білімгердің өзін жүзеге асыруына мүмкіндік беру пайдалы.

Үшінші ереже. Қатысушылардың саны мен білім беру сапасы тікелей бағыныштылықта болуы мүмкін. Тек осы жағдайда топтағы өнімді жұмыс мүмкін. Өйткені мәселе бойынша әрбіреуін тыңдау, әрбір топтың шығуы маңызды. Өзіміз жоғарыда айтып кеткендей, топтың құрамы – 5-7 адамнан тұруы тиімді болып табылатынын тәжірибе жұмысымыз көрсетті.

Төртінші ереже. Жұмысқа арналған орынды даярлауға көңіл бөлу керек. Бұл алғаш көрінгендегідей жай мәселе емес. Аудитория қатысушылардың үлкен және топтардағы жұмысқа ауысуы жеңіл болатындай есепте даярлануы қажет. Яғни білімгерлерге денелік қолайлылық тудырылуы қажет.

Әрине сабақ кезінде біреудің мойнын бұрып отырғаны қолайсыз. Сондықтан да үстелді «шырша», «дөңгелек үстел» түрінде орналастырған тиімді, мұнда әр білімгерлер сабақты жүргізушіге қырынан, «бетпе-бет» отырады және топта жұмыс жасауға мүмкіндік алады.

Бесінші ереже. Жүру барысы мен тәртібіне аса мән беру қажет. Топта жұмыс жасау ережелерін алдын ала келісіп алып, оны бұзбауға тырысу қажет. Мысалы, барлық қатысушылардың кез-келген көзқарасқа шыдамдылық танытуын, әр адамның сөз бостандығына деген, өзіне деген құқын сыйлауға келісу пайдалы.

Алтыншы ереже. Сабаққа қатысушылардың топқа бөлінуіне үлкен көңіл бөлу қажет. Алдымен оны еріктілік негізде жүргізген жақсы. Кейін кездейсоқтық таңдау принципін қолданған дұрыс.

Топта білім беру бір мезгілде бірнеше міндетті шешуге мүмкіндік береді. Бастысы - ол коммуникативтік білік пен дағдыны дамытады, білімгердің арасында эмоциональдық байланыс орнатуға көмектеседі, тәрбиелік міндетті қамтамасыз етеді, өйткені топта жұмыс жасауға, жолдастарының пікірін ескеруді үйретеді. Сонымен қатар, сабақ барысында топты қолдану, практика көрсетіп отырғандай білімгердің жүйкесіне түсірер салмақты шешеді, олардың іс-әрекет түрін алмастыруға, сабақтың негізгі сұрақтарына зейін аударуға мүмкіндік береді.

Топтық жұмыстың мәні - адам арнайы жасалған ортасында алынған тәжірибесін сыртқы әлемге ауыстырып, оны сәтті қолдана алуы. Алайда топтық оқыту технологиясын ұйымдастырушылары үшін таза оқу мақсатынан басқа, топта жүріп жатқан өзара әрекет үрдісінде өзге адамдардың құндылығы есепке алынып, олармен қатынасқа, олардың қолдауына деген қажеттілік қалыптасуы маңызды. Сондықтан да тұлғалық-бағдарлы білім беру тобында сәтті нәтиже үшін қажетті екі негізгі қызмет жүзеге асуы қажет: бірлескен жұмыс барысында қойылған міндетті шешу (оқу, т.б.), топ мүшелеріне қолдау көрсету.

Топтық оқытудың барысын бақылау мақсатында бірнеше сабақтар блогынан кейін білімгерлерге кері байланыс парақтары үлестіріліп отырды. Ондағы сұрақтардың мазмұны төмендегідей болды:

1) Топта жұмыс жасау жеңіл ме?

2) Кім қолайсыздық сезінді және неліктен?

3) Өзіне топтың басқарушысы рөлін алатын адам үнемі дұрыс па?

4) Үндемей қалатындардың позициясы қандай нәтижеге әкеледі?

5) Сөйлеуіне мүмкіндік ала алмаған адам нені сезінеді?

6) Жалпы жұмысқа не көмектеседі және не кедергі болады?

7) Мұғалімнің көмегі қандай болу қажет?

8) Бірлескен жұмыста өзіңе не аласың?

Топтық оқыту әдістерінің жоғары тиімділігі төмендегілерден көрінеді:

1) қарым-қатынасқа түсу, диалог құру, басқарудың практикалық дағдыларын, іс-әрекет барысында нақты мәселе мен тұлғааралық дау-жанжалды шешудің білігін тез және сәтті үйрену. Эксперименттік топтағы білімгердің 38% бастапқы кезеңде топта жұмыстану

барысында қолайсыздық сезінсе, енжарлық танытса, қорытынды кезеңде бұл көрсеткішті білімгердің 29% иеленді.

2) білімгердің оқу мотивациясының жоғарылауы, олардың сабақтағы қызығушылығы. Білімгердің эмоционалдық саласын зерттеу сауалнамасын қайта жүргізген кезде олардың 89% сабақ кезінде қуаныш, сабақ аяқталмаса екен, қанағаттану сезімдерін бастан кешіретіндерін сөз еткен.

3) тұлғааралық қабылдаудың, өзін және басқаларды дұрыс бағалауының, қатынас үрдісінде өзін тану және өзгелерді тану қызығушылығының, кейбір тұлғалық ерекшелігінің өзгеруі мен қайта құрылуының, қарым-қатынас формасы мен білімгердің мінез-құлқында дәлдіктің артуы. Бұл нәтиже білімгердің жеке даму траекторияларында көрінісі тапты.

Біздің тәжірибе-эксперимент жұмысымызда топта қолданған әдістерге кеңірек тоқталып өтсек.

Сократтық әдіс. Тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамытуға бағытталған оқытудың белсенді және өнімді формасы. Негізі – білімгердің өзі араласатын білім беру үрдісіне белсенді қатыстыруда ақыл-ойдың қозғалысы жайындағы Сократтың ілімі. «Сократтық сұрақтар» көмегімен білімгердің іс-әрекетін ұйымдастыру - білімгерның санасында «шындықтың өз бетімен туындауының» факторы болып табылады. Сократтық әдістің дидактикалық құрылымы білім беру мазмұнының өткеннен келесіге, жақыннан қашықтағыға өту қағидасына негізделеді және «белгілі білім емес» принципі бойынша құрылады. Ерекшелігі – әдіс қарапайым өмірлік ситуациялар негізінде құрылады. Шындықты бірлесе іздеу – білім берудегі ең басты тәсіл.

Сократтың білімгерлермен әңгімесі дәстүрлі тақырыптардан басталған. Диалогты өрістете отырып, оны құрамдас бөліктерге ажырата отырып, оның әрбір талқылау тармақшасынан жаңа сұрақтар тудырып, өзімен бірге ойлануға дайын адамдардың ойын шындықты іздестірудің қиын жолына апарған. Ойдың туындауына көмектесе отырып, Сократ бірде бір көзқарасты назарынан тыс қалдырмаған, алдын ала ешбір көзқарасқа жақтаспай, әңгімелесушілерді өзін-өзі жоққа шығаруға қатыстырған, осылайша, беделге емес, тек дәйектерге сенуге үйреткен. Сократтың пайымдауынша, педагог ештеңені қалыптастыру керек емес, ол басқа адамдарда даналықтың туындауына жағдай жасауы керек.

Еркін микрофон. Бұл әдісті топтан тыс уақытта қолданған тиімді. Бұл белгілі бір мәселе бойынша ұжым алдында сөйлеу. Бір күннің проблемасы алдын ала ұсынылады. Бұл білімгерлерге даярлануға, өз сөзін белгілеуге мүмкіндік береді. Бұл форманың уақыты аса шектелген. Еркін микрофонды бір адам жүргізу қажет. Ол сөйлеушілер ретін белгілейді, қорытындылайды, жұмысты ұйымдастырады.

Миға шабуыл. Шығармашылық белсенділікті және жаңа идеяларды тез жасау іскерлігін дамытудың әдісі. Қолданылу уақыты: проблеманың шешімін табу үшін; жаңа тақырыпты ұсыну және білімгердің іс-әрекетін өзектілеу, берілген проблемаға білімгердің зейінін шоғырландыру үшін. Әдістің басты міндеті – танымдық іс-әрекетті белсендендіру және білімгерлерды өнімді білім беру үрдісіне қатыстыру. Технологиясы: сипаты бойынша әртүрлі сұрақтарды пайдалана отырып берілген сұрақ немесе зерттелетін проблема бойынша көп идеялар жинақтау. Идеялар сыналмайды және комментарий берілмейді.

Миға шабуылды ұйымдастыру ережелері:

1) Миға шабуыл уақытында сыныптың барлық білімгерлеры қатысады.
2) Ұсынылған идеяларларға комментарий берілмейді және сынға алынбайды.
3) Идеяны нақтылау және дамыту мақсатында сұрақ қоюға болады.
4) Миға шабуыл барысында аралық бағалар қойылмайды.
5) Мәселені талқылау деңгейінде ұсынылатын барлық идеялар қабылданады.
6) Ойлар нақты және қысқа болуы керек.

Ашық ойлар сәті. Алдын ала проблема жарияланады. Білімгерлер берілген мәселе бойынша өз дәйектерін құрады, өз көзқарасын білдіреді. Білімгердің жауаптары қысқа, нұсқа, логикалық құрылған болуы тиіс. Зерттеу процесі, ақпаратты, фактілерді өз бетімен іздеу ынтымақтастықта өтуі тиіс.

Жобалау әдісі 1920 ж. АҚШ-та пайда болған. Оны немесе проблемалар әдісі деп те атайды. Дж.Дьюидің ізгіліктік бағыттағы философия және білім беру саласында туындаған. Негізі – білімгердің танымдық дағдыларын дамыту, өз білімдерін өз бетімен құру және ақпарат кеңістігінде бағытталу іскерлігін, сыни ойлау іскерлігін дамыту. Жобалау әдісі – белгілі бір проблеманы бөлшектеп өңдеу арқылы дидактикалық мақсатқа жетудің тәсілі. Оның нәтижесі – шынайы, белгілі бір түрде рәсімделген практикалық нәтиже. Жобалау әдісінің негізі мына идея – ол «жоба» ұғымының мәнін құрайды, оның прагматикалық бағыты белгілі бір теориялық және практикалық мәнге ие проблеманы шешу барысында алынатын нәтижеге жетумен көрсетіледі. Оған қол жеткізу үшін білімгерларды мынаған үйрету керек: өз бетімен ойлау, ғылымның түрлі салалары бойынша білімдерін пайдалана отырып, проблеманы табу және шешу, шешімдердің түрлеріне орай олардың мүмкін болатын нәтижелерін болжау қабілеті, себеп-салдарлы байланыстарды орнату іскерлігі. Жобалау әдісі әрдайым білімгердің өз бетімен жұмыстануына бағытталған. Оны білімгерлер белгілі бір уақыт аралығында жеке, жұппен, топта орындауы мүмкін.

Жобалау әдісі педагогикалық технология ретінде – бұл мәні бойынша шығармашылық болып табылатын зерттеу, ізденіс, проблемді әдістердің жиынтығы.

Жобалау әдісін қолдануға қойылатын талаптар:

Зерттеушілік шығармашылық тұрғыдан мәнді проблеманың/міндеттің болуы (мысалы, бір проблема бойынша әр түрлі жерлерден репортаждар қатарын жасау).

-Білімгердің өз бетімен (жеке, жұпта, топта) жұмысы.

-Жобаның мазмұндық бөлімін құру.

-Зерттеу әдістерін қолдану.

Жобалау әдісінің нәтижесі материалдық рәсімделген болуы тиіс: видеофильм, альбом, бортжурнал, компьютерлік газета, альманах, доклад және т.б.)

Рөлдік ойындар. Қатысушылар өздеріне белгілі бір рөлді, жобаның мазмұны мен сипатын алады. Бұл әдеби кейіпкерлер немесе ойдан шығарылған кейіпкерлер болуы мүмкін. Ал ол әлеуметтік немесе іскерлік қарым-қатынасқа, қатысушылардың ойлап шығарған жағдайына қарай күрделенеді. Бұл жобілімгерлердың нәтижесі оның басында белгіленеді немесе тек соңына қарай айқындалады. Мұнда шығармашылық деңгей өте жоғары, бірақ басым әрекет түрі рөлдік–ойын болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Иванов Д.А. История образования и педагогической мысли. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений.М., 2003.

2. Сәлімбаев О.С. Гимназияны тұлғалық бағдарлы технология негізінде басқарудың педагогикалық шарттары. п.ғ.к дисс., 13.00.01-Жалпы педагогика. - Атырау, 2004

3. Жампеисова Қ.К. Тұлғалық бағдарлы білім берудің әдіснамалық және теориялық мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. 27 наурыз, 2006 ж. 21-22 б.

4. Бейсенбаева А.А. Педагогикалық ізденіс. М., 1982.

5. Мұханбетжанова Ә.М. . Тұлғалық бағдарлы білім берудің теориялық негіздері. Орал, 2006. – 50 бет

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ХИМИЯЛЫҚ ӘСЕРЛЕР МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕР

7М01507 – «Химия» 2 курс магистранты **Орманова Лаура Байгазыевна**
Ғылыми жетекшісі: х.ғ.к., қауым. профессор м.а. **Сыдыкбаева Сандугаш Аубакировна**

Аңдатпа. Қоршаған ортаға химиялық әсерлер мен экологиялық шешімдер қазіргі уақытта адамзат үшін аса маңызды мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл зерттеу жұмысы химия мен экологияның байланысын, экологиялық мәселелерді шешу жолдарын және оларды оқыту барысында қарастыруды мақсат етеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беруді жаңғырту және экологиялық білім беру басымдықтарына назар аударылып, бұл міндеттерді жүзеге асыру мұғалімдердің шеберлігі мен ізденісіне байланысты екендігі атап өтілген. Пәнаралық байланыс қағидасына сәйкес, химия мен экологияның бірі гуі оқушылардың табиғатқа деген түсінігін тереңдетіп, олардың экологиялық мәселелерді шешуге белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Кілт сөздер: пәнаралық байланыс, химия, экология, тыңайтқыштар, дихлордифенилтрихлорэтан, тұрмыстық қалдықтар.

Аннотация. Химические воздействия на окружающую среду и экологические решения в настоящее время становятся одной из важнейших проблем человечества. Эта исследовательская работа направлена на изучение взаимосвязи химии и экологии, путей решения экологических проблем и их рассмотрения в процессе обучения. В Законе Республики Казахстан «Об образовании» акцент сделан на приоритетах модернизации образования и экологического образования, подчеркивается, что реализация этих задач зависит от мастерства и поиска учителей. В соответствии с принципом межпредметной связи, одна из областей химии и экологии углубляет понимание учащимися природы и обеспечивает их активное участие в решении экологических проблем.

Ключевые слова: междисциплинарность, химия, экология, удобрения, дихлордифенилтрихлорэтан, бытовые отходы.

Abstract. Chemical effects on the environment and environmental solutions are currently becoming one of the most important issues for humanity. This research work aims to consider the relationship between chemistry and ecology, ways to solve environmental problems and their implementation in the course of training. The law of the Republic of Kazakhstan "on education" focuses on the priorities of modernization of education and environmental education, noting that the implementation of these tasks depends on the skill and search of teachers. According to the principle of interdisciplinary communication, one of chemistry and ecology, GUI deepens students ' understanding of nature and ensures their active participation in solving environmental problems.

Key words: interdisciplinary communication, chemistry, ecology, fertilizers, dichlorodiphenyltrichloroethane, household waste.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1]. Бұл міндеттерді іс жүзіне асыру мұғалімнің шеберлігіне, ізденісіне байланысты.

Қазіргі кезде пәнаралық байланыс оқыту принципі және оның әдістемелік шарты ретінде дидактиканың кешенді проблемасы болып табылады, ол көп аспектілі жолдарды

пайдалану арқылы шешімін табады. Пәнаралық байланыс білімгерлерге экологиялық білім мен тәрбие берудің жалпы мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әрбір оқу пәнінің мазмұны мен құрылымына байланысты, оқытудың әдісі, форма мен құралдары, оларға тәрбие беру тәсілдерінде көрініс береді. Сонымен қатар, пәнаралық байланыс мәселесін педагогикалық, психологиялық әдістемелік жағынан ғалымдар В.В. Давыдов, С.Л. Рубенштейн, Р.Г. Лемберг, Ө. Мұсабеков, М.Ә. Құдайқұлов, И.Н. Нұғыманов, А.Д. Болтаев және т.б. зерттеген [87; 88, 45 б.; 89-92; 93, 23-24 б.].

Пәнаралық байланыстар бүгінде ғылымда және қоғам өмірінде болып жатқан интеграциялық процестердің нақты көрінісі. Сабақтарда пәнаралық байланыстар орнату оқушылардың табиғат құбылыстары, барлық өмірлік процестердің, жүйелердің, заңдардың барысы туралы тұтас түсініктерін қалыптастыруға және олардың арасындағы байланысты түсінуге көмектеседі, сондықтан білімді іс жүзінде маңыздырақ және қолдануға жарамды етеді. Бұл студенттерге белгілі бір пәндерді оқу кезінде алған білімдері мен дағдыларын пайдалануға көмектеседі, оларды нақты жағдайларда, жеке мәселелерді қарастыру кезінде, оқу және сабақтан тыс жұмыстарда, болашақ өмірде қолдануға мүмкіндік береді. Пәнаралық байланыстарды оқу процесінде қазіргі ғылыми танымның сипаттамаларының бірін құрайтын ғылыми байланыстардың көрінісі ретінде қарастырған жөн. Д.П. Ермыгиннің анықтамасы бойынша: "пәнаралық байланыстарды мектеп курстарында объективті қолданыстағы қатынастарды көрсететін, оның оқу компоненттерінің келісілген өзара әрекеттесуі арқылы оқушыларды оқытудың мақсатты процесін жүзеге асыруды қамтамасыз ететін дидактикалық жүйе деп түсінуге болады". Пәнаралық байланыстар оқытуда бірқатар функцияларды орындайды. Әдістемелік функция - олардың негізінде ғана оқушылардың табиғатқа деген тұтас көзқарастарын қалыптастыруға болады; Пәнаралық байланыстардың білім беру функциясы-олардың көмегімен мұғалім оқушылардың жүйелілік, тереңдік, зейін, икемділік сияқты білім қасиеттерін қалыптастырады. Пәнаралық байланыстар ұғымдарды дамыту құралы ретінде әрекет етеді, олар мен жалпы ұғымдар арасындағы байланыстарды игеруге ықпал етеді. Пәнаралық байланыстардың даму функциясы олардың оқушылардың жүйелік және шығармашылық ойлауын дамытудағы, олардың танымдық белсенділігін, тиімділігін, тәуелсіздігін және жаңа білім алуға қызығушылығын қалыптастырудағы рөлімен анықталады. Пәнаралық байланыстар оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді. Пәнаралық байланыстардың тәрбиелік функциясы олардың білім алушыларды оқытуда тәрбиелеудің барлық бағыттарына жәрдемдесуінде көрінеді. Мұғалім басқа пәндермен байланысқа сүйене отырып, тәрбиеге кешенді көзқарасты жүзеге асырады. Осылайша, пәнаралық байланыстарды қолдану мұғалімнің ең күрделі әдістемелік міндеттерінің бірі. Ол басқа пәндер бойынша бағдарламалар мен оқулықтардың мазмұнын білуді талап етеді. Оқыту тәжірибесінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мұғалімнің басқа пәндердің мұғалімдерімен ынтымақтастығын қамтиды. Химия жаратылыстану пәндеріне жатады және оқушылардың меңгеруі қиын. Оқушыларды қызықтыру, оларды осы пәнді оқуға ынталандыру, оқытуды практикалық мәселелерді шешумен байланыстыру: химия-биология; химия-география; химия-физика; химия-математика; химия-экология; химия-тарих-бұл әр мұғалімнің алдында тұрған мәселе. Бүгінгі таңда бүкіл адамзат жаһандық экологиялық мәселелермен (Жердің озон қабатының бұзылуы, жаһандық жылыну, қышқылдық жауын-шашынның түсуі және олардың қоршаған ортаға әсері және т.б.) айналысқанда, химия мен экологияның байланысы ерекше. Химия-бұл оқу кезінде экологиялық аспектілерді әр сабақта, сондай-ақ сабақтан тыс жұмыстарда көрсетуге болатын пән. Кез-келген тақырыпты зерделеу кезінде экология мәселелерін көтеруге болады және қажет. Мектептегі химия курсын экологияландыру мектеп оқушыларын қоршаған ортаны ластанудан қорғаудың өзекті мәселелерін шешуге белсенді қатысуға дайындау қажеттілігімен байланысты. Қазіргі уақытта экология мәселелері жаңа оқу бағдарламаларында және химия курсының мазмұнында көрініс табады. Оқушылардың экологиялық білімі мен дағдыларын қалыптастырудың тиімді әдістерінің бірі экологиялық

мәселелер бойынша мәселелерді шешу болып табылады. Тапсырма сұрағына жауап іздеп, студент табиғатты қорғау мәселелеріне еріксіз қатысады, алған білімдерін өмірде қолдануға нақты мүмкіндіктер алады. Химиялық-экологиялық мазмұны бар тапсырмаларды үш түрге бөлуге болады:

Химиялық-экологиялық мазмұны бар тапсырмаларды үш негізгі түрге бөлуге болады:

1. **Химиялық процесстер мен экология арасындағы байланыс**: Бұл тапсырмалар экология мен химияның өзара әсерін, химиялық заттардың табиғаттағы өзгерістерін және олардың экологиялық салдарын қарастырады. Мысалы: «Атмосферадағы көмірқышқыл газының артуы климаттың өзгеруіне қалай әсер етеді?» «Өнеркәсіптік қалдықтардың топырақ құрамына әсері қандай?»

2. **Химиялық заттардың экологиялық әсері**: Бұл тапсырмалар қоршаған ортаға химиялық заттардың ықпалын зерттеуге бағытталған. Мысалы: «Нитраттар мен фосфаттардың су экожүйелеріне әсері қандай?» «Тыңайтқыштардың топырақтың құнарлылығына әсері мен экологиялық зардаптары.»

3. **Экологиялық химиялық технологиялар мен таза өндіріс әдістері**: Бұл тапсырмалар экологиялық таза химиялық технологияларды, қалдықсыз өндіріс әдістерін және табиғатты қорғауға арналған химиялық шешімдерді қарастырады. Мысалы: «Қалдықтарды қайта өңдеу мен химиялық реакцияларды экологиялық тұрғыдан тиімді жүргізу жолдары қандай?» «Жасыл химия принциптерін өндірісте қолданудың экологиялық артықшылықтары.»

Abstract. The article discusses the impact of the globalization process on the national values of the Kazakh people, as well as ways to preserve national identity. Despite the changes in modern society, national values are an important part of the spiritual and cultural heritage of mankind. National values are a reflection of the life skills, worldview and culture of each people. The presence of these values at the core of the educational system can become the main guarantee of moral, patriotic and spiritual education of the younger generation. This article discusses the importance of national values in the educational process.

Key words: tradition, religion, culture, language, globalization, continuity, value, identity, national identity.

Қазіргі таңда қоғамымыз жаһандану дәуірінде күрделі өзгерістерді бастан кешуде. Жаһандану – адамзатпен бірге үздіксіз дамып келе жатқан тарихи және әлеуметтік үдеріс. Бұл құбылыстың басты ерекшелігі – әлем елдерінің өмір салтының, мәдениетінің және ақпараттық жүйелерінің ортақтасып, біртұтас сипатқа ие бола бастауы.

Жаһандану феноменін біржақты талдау мүмкін емес, себебі ол көпқырлы және қарама-қайшылыққа толы үдеріс. Бір жағынан, бұл құбылыс әлемдік ынтымақтастық пен мәдениетаралық ықпалдастықтың нығаюына ықпал етсе, екінші жағынан, ұлттық ерекшеліктер мен мәдени құндылықтарға ықпал ететін маңызды сын-қатерлерді тудырады.

Осы мәселенің өзектілігі жаһанданудың ықпалы мен оның салдарын ғылыми тұрғыдан саралап, ұлттық бірегейлікті сақтау жолдарын қарастыру қажеттігін айқындайды.

Қазіргі жаһандану дәуірі адамзат қоғамының барлық салаларына айтарлықтай әсерін тигізуде. Бұл үдеріс елдердің экономикалық, мәдени және ақпараттық жүйелерін біріктіру арқылы ортақ әлемдік жүйе құруды көздейді. Дегенмен, жаһандану үрдісінің ұлттық құндылықтарға тигізетін әсері күрделі мәселелерді тудырып отыр.

Француз философы Жак Дерриданың «Жаһандану – бүгінгі әлемнің қайтаруға келмейтін заңды процесі» [1] деген ойы бұл құбылыстың табиғатын айқындайды. Сондықтан жаһанануды терең түсініп, оның оң және теріс қырларын анықтау маңызды. Жаһанданудың оң аспектілеріне әлем халықтарының мәдениеті, экономикасы, саяси және ақпараттық жүйелерінің жақындасуы жатады. Бұл үрдіс елдер арасындағы ынтымақтастықты арттырып, әлемдік дамудың озық тәжірибелерін бөлісуге мүмкіндік береді.

Алайда жаһанданудың теріс жақтары да бар. Ол ұлттық ерекшеліктер мен мәдениетті бедерсіздендіріп, әлсіздеу мәдениеттер мен өркениеттерді жұтып қою қаупін

тудырады. Ұлттық бірегейлік пен мәдениетке деген немқұрайдылық жаһандану салдары ретінде көрініс табуы мүмкін. Мұндай жағдайда этностық келбеттің жойылу қаупі де туындайды.

Жаһандану – біздің қоғамымыз үшін қажетті үрдіс. Алайда ұлтты ұлт ретінде сақтап отырған құндылықтардың жаһандық өзгерістер ықпалымен жойылып кетуіне жол бермеу – басты міндет. Елдік пен ұлттық бірегейлікті сақтау, мәдени мұраны ұрпақтармен байланыстыру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу – болашаққа бағдарланған стратегиялық қадам.

Осы мәселені шешу үшін жаһанданудың ықпалын сараптап, ұлттық мәдениет пен құндылықтарды сақтау тетіктерін әзірлеу қажет. Бұл әрекет ұлттың болашағын қамтамасыз етудің басты кепілі болмақ.

Қазіргі жаһандану дәуірінде әрбір ұлт өз құндылықтарын сақтап қалуға ерекше мән беруі қажет. Ұлттың болашағы оның мәдениеті мен дәстүрлерін сақтап, оларды үнемі жетілдірумен тікелей байланысты. Ұлттық құндылықтарға немқұрайдылық таныту, оларды ұрпақ санасына сіңірмеу немесе дәстүрлерді ескермей, мәдени мұраны дамытуға ұмтылмау – кез келген елдің болашағын бұлыңғыр етеді.

Қазақ мемлекеті үшін Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асырудың негізгі шарты – ұлттық құндылықтарды жоғары бағалап, оларды ұрпақ өмірімен сабақтастыра білу. Бұл бағытта мәдениет пен дәстүрлерді дәріптеу, ұлттың тарихи ерекшеліктерін сақтау және оларды жаңғырту – мемлекеттің ұзақ мерзімді дамуының басты алғышарттары болып табылады.

Ұлттық бірегейлік Жаһанануға байланысты зерттеушілер үш жақты ойды ұстанады [2]. Бірі жаһанануға мүлдем қарсы болса, екіншісі оны жақтайды, үшіншісі оны табиғи құбылыс ретінде мойындайды. Бірінші топтағы зерттеушілердің ойынша, жаһандану экономикалық және мәдени империализмнің жаңа түрі. Себебі, жаһандану туралы теориялық негізді ағылшын, скандинавиялық, австралиялық және американдық ойшылдар қалаған. Сондықтан, олар жаһанануды Жаһандану жағдайындағы ұлттық бірегейлік пен Қазақстанның ұлттық мүдделері турасындағы мәселелер батыстанудың жаңарған формасы тұрғысынан қарайды. Екінші топтағылар жаһанануды заңды құбылыс ретінде, оның ерекшеліктері мен жетістіктерін айрықша көрсетеді және оны мемлекеттердің дамуындағы жаңа кезең ретінде қарауды ұсынады. Ал үшінші топтағылар жаһанануды сипаттай отырып, жас мемлекеттердің осы жағдайда өзін-өзі сақтап қалуына нұсқаулар береді. Біздің зерттеуіміздің міндеті де осы үшінші бағытқа негізделеді. Жаһандану жағдайындағы біздің мемлекеттің ұлттық мүддесі – адамның құқығы мен бостандығының қамтамасыз етілуі, елдегі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықты сақтау, халықтың бірлігі және игілігі болып табылады. Сонымен бірге, бәсекеге қабілетті және ұлттық ақпараттық кеңістікті қолдай отырып, қоршаған ортаның жай-күйін сақтай отырып, еліміздің даму басымдықтарына сай келетін халықаралық ынтымақтастықтың жай-күйін және жағымды имиджі мен беделін нығайту. Жаһандану құбылысын зерттеушілердің еңбектеріне біршама талқылаулар жүргізе отырып, жаһандану үдерісінің салдарын айтпастан бұрын, оның себептерін анықтап алғанымыз жөн деп шештік. Оны зерттеудің мақсаты ретінде қарай отырып, жан-жақты зерттеулердің негізі қалануы тиіс. Қазақстандағы ұлттық мүдде және бірегейлік мәселелерінің астарын толығымен зерттеу үшін жаһанданудан айналып өтуге болмайтындығы анықталды. Себебі, Қазақстандағы даму үдеріс демократиялық сипатта, ал демократиялық үдеріс қазіргі кездегі жаһанданудың бір тармағы ретінде саналады. Жаһандану табиғи құбылыс және оның тылсым күші қоғамның саяси және рухани салаларының тұрақтылығын, жасампаздығын және өзгешелігін сақтау және дамыту арқылы ашыла береді. Қалай десек те жаһандану жағдайында әлем екі сипатта көрініс тапқан. Мемлекеттердің бірі белсенді, үстем, екіншілері енжар, бағыңқы болатындығын заман көрсетіп отыр. Жаһандану жағдайына байланысты қазақстандық ойшыл А.Н.Нысанбаев бірнеше болжамдар жасайды [3], оның ойынша, біріншіден, ұлттық болмысты сақтауға тырысушылық, алайда қазіргі таңда бұл алғашқы сипатынан біршама өзгерген, екіншісі түрік-мұсылман әлемін қабылдау, бұл

жағдайда ойшыл латын алфавитінің маңыздылығы туралы айтады. Ал ислам мәдениетіне келетін болсақ, қазақстандық қоғам діни плюрализмді қолдайды. Үшінші бағыт «еуразиялық мәдени кеңістік». Ойшыл Қазақстанның географиялық жағынан емес, әсіресе мәдени және демографиялық жағынан Еуропа мен Азияның ортасындағы кеңістіктен және сонымен бірге тарихымыз арқылы да алшақ кете алмаймыз деп көрсетеді [4]. Бұған қоса, осы территорияда өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстардың мәдени-рухани әлемінің салт-дәстүрлерінің ұқсастығын тілге тиек етеді. Осы бағыттармен қоса, төртінші бағыт «ортаазиялық кеңістіктің» қалыптасу мүмкіндігін айтуға болады. Себебі, жоғарыдағы үш бағытта да Қазақстан өзінің пәрменділігін, жоғарғы мәртебесін көрсетуі қиынға соғады, ал «ортаазиялық барысқа» [5] айналуына мүмкіндіктер жоқ емес.

Осы мәселелерді жүйелі түрде зерттеу ұлттық бірегейлікті нығайту мен ұлт болашағын қамтамасыз етудің маңызды құралдарының бірі екендігі анық.

Жаһандану ұлттық бірегейлікке ықпалы, жаһандану бір жағынан әлем елдері арасында интеграцияны күшейтсе, екінші жағынан, ұлттық мәдениетке қауіп төндіреді. Ұлттық бірегейлікті жоғалту қаупі негізінен төмендегі факторларға байланысты:

Мәдени ықпалдың артуы: Батыс мәдениетінің басымдылығы ұлттық дәстүрлердің екінші орынға ығысуына ықпал етеді. Әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдары бұл үдерісті жылдамдатып, әлем халықтарының мәдени ерекшеліктерін біртектендіруге тырысады.

Тілдің әлсіреуі: Жаһандану жағдайында ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде үстемдік құрып, көптеген елдердің ұлттық тілдерінің мәртебесіне қауіп төндіреді. Бұл ұлттың мәдени және рухани негіздерін әлсіретуі мүмкін.

Экономикалық тәуелділік: Әлемдік экономикалық жүйеге тәуелділік ұлттық саясаттың икемділігін төмендетіп, ұлттық мүдделердің ескерусіз қалуына әкеледі.

Ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызына келетін болсақ, ұлттық бірегейлік – бұл халықтың өзіндік ерекшеліктері мен құндылықтарының жиынтығы. Ол ұлттың тарихи, мәдени және рухани негіздерінен құралады. Ұлттық бірегейлікті сақтаудың бірнеше негізгі аспектілері бар:

1. Тілдің маңыздылығы: Тіл – ұлттық болмыстың негізі. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру, оны күнделікті өмірде кеңінен қолдану ұлттық бірегейлікті нығайтуда шешуші рөл атқарады.

2. Дәстүрлерді дәріптеу: Ұлттық дәстүрлерді сақтау және жаңғырту – ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етудің маңызды тетігі. Бұл болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарды жеткізудің тиімді жолы болып табылады.

3. Білім беру жүйесі: Ұлттық бірегейлікті сақтау үшін білім беру жүйесі маңызды рөл атқарады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында ұлттық құндылықтарды оқыту арқылы жастардың ұлттық санасын қалыптастыру қажет.

4. Мәдени мұраны қорғау: Ұлттық мәдениет ескерткіштерін сақтау, өнерді дамыту және әдеби мұраны насихаттау ұлттың өзіндік ерекшелігін сақтап қалуға ықпал етеді.

Жаһандануға бейімделу және ұлттық ерекшелікті сақтау жолдарына келсек, жаһандану үдерісінен тыс қалу мүмкін емес. Сондықтан оны ұлт мүддесіне сай бейімдеу маңызды. Бұл үшін төмендегідей шараларды жүзеге асыру қажет:

Ұлттық құндылықтарды насихаттау: Жаһандану жағдайында ұлттық мәдениеттің өзектілігін арттыру үшін оны халықаралық деңгейде насихаттау маңызды.

Қоғамдық сана қалыптастыру: Ұлттық бірегейлікті сақтау туралы қоғамдық сана қалыптастыру арқылы азаматтардың ұлттық құндылықтарға деген жауапкершілігін арттыру қажет.

Инновациялық тәсілдер: Мәдени мұраны сақтау мен дамытуда заманауи технологиялар мен цифрлық платформаларды пайдалану ұлттық ерекшелікті әлемдік деңгейде танытуға мүмкіндік береді.

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттық болмысты қорғаудың және ұлттың тарихи жалғастығын қамтамасыз етудің негізгі факторы. Ұлттық

құндылықтарды дәріптеу, тіл мен мәдени мұраны сақтау, ұрпақ тәрбиесінде ұлттық негізге мән беру арқылы біз ұлттық бірегейлігімізді жаһандық өзгерістерге бейімдей отырып, болашақ ұрпаққа жеткізе аламыз. Ұлттық бірегейлікті сақтау – ұлттың өміршеңдігінің кепілі.

Әрбір халықтың өткен тарихы өз өрнегімен сипатталып, халықтың тағдырына ықпал етеді. Сондықтан әрбір ұлттың өмірінде, мәдениеті мен рухани-психологиялық келбетінде өткен өмірдің іздері анық көрініп, ұлттық қадір-қасиет пен әдет-ғұрыптар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, біздің заманымызға дейін жетіп отыр.

Қазақ халқы балаға тәрбие беру ісін қашанда үлкен даналықтың, көрінісі деп санаған. Сондықтан ұлттық тәрбиенің ең маңыздысы – әрбір жеке тұлғаның белгілі бір ұлттың мүшесі екенін сезінуге, ойлануға, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу. Себебі, талай халықтың дамыған ұлттың жетегінде кетіп, сол ұлтқа сіңіп, жоқ болып кететіні тарихтан аян. Сондықтан да ұлттық болмысымызды сақтап қалу үшін, қоғамда болып жатқан жаңалықтарды ақиқат ретінде қабылдап, озық бөлігін ұлт мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналдыра білуіміз керек. Өйткені мұндай жаңалықтарды жастар тез бойына сіңіріп алады. Біздің менталитетімізге еніп жатқан жаңалықтарды ұлттық болмысымызға қарай бағыттап, заман талабына сай әрекет етпесек, тарихи дәстүрлерімізді де жаңғырта алмаймыз.

Жаһандану үдерісіндегі ұлттық тәрбиеде жастарды қазақ халқының өткен тарихын меңгерту және бүгінгі тарихи кезең аясында бастан кешіріп отырған қоғамдық-психологиялық жағдайдан шығу жолдарын қарастыру секілді екі бағытта тәрбиелеу керек деген пікірдеміз. Өйткені, халықтың мәдениеті мен әдебиеті, салт-дәстүрі, тілі мен діли, сенімі мен діні дегенде тарихтың сүзгісінен өткен рухани құндылықтарға мән берілуі керек. Мұның өзі қоғамның тарихи, психологиялық даму бағытында екінші мәселенің де шешілуіне ықпал етеді. Сондықтан ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиенің негізгі қағидаларының біріне айналмақ.

Дегенмен, өзіндік «менін» сақтап қалуға ұмтылған халық, өз тарихы мен дәстүрін, ана тілі мен ділін, дінін, мәдениетін сақтап қалу жолында күреседі. Олай болса осы айтқандарымыздың бәрі ұлттық тәрбиеге қатысты жүзеге асырылуы тиіс әрекеттер.

Рухы мен мәдениеті биік, білімі терең ұлт жаһандану деген алып мұхитта өз келбетін жоғалтпайды. Ондай ұлттың да, мемлекеттің де болашағы жарқын болатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Нысанбаев . Тәуелсіздік философия сы //Адам әлем. – 2006. – №83. – 9-16 б.
2. Қазақстан: ұлттық энциклопедия/ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы., Қазақ энциклопедиясы,
2001. – 720 б.
3. Қазақстан: ұлттық энциклопедия/ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы., Қазақ энциклопедиясы,
2001. – 721 б.
4. Құрманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы,
Бастау, 2000. – 247 с.
5. Құрманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. –Алматы:
Ба стау, 2000. – 247 с.
6. Ғабитов Т.Х. Қазақ мдениетінің типо логиясы: Мәдениеттану оқу құралы. – Алма ты: Қазақ университеті, 1998. – 203 б.
7. Нысанбаев Ә.Н. Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 178 б.
8. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау – Алматы: Рауан, 2000. – 180 б.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Оралбекова Алия Курбановна
Ж.А.Тәшенев университеті
Ғылым және инновация департаменті директоры

Аңдатпа. Бұл мақалада инклюзивті білім беру жүйесінің теориялық және практикалық аспектілері жан-жақты талданады. Инклюзивті білім берудің мәні, оның педагогикалық, әлеуметтік және құқықтық негіздері зерттеліп, инклюзивті білім беруді енгізудің ерекшеліктері мен оны жүзеге асыру әдістері қарастырылады. Эксперименттік зерттеулер нәтижелері де ұсынылып, алынған мәліметтер математикалық-статистикалық әдістермен талданады.

Кілт сөздер: психология, жеке тұлға, әдістер, теориялар, инклюзия

Аннотация. В данной статье всесторонне проанализированы теоретические и практические аспекты системы инклюзивного образования. Изучается сущность инклюзивного образования, его педагогические, социальные и правовые основы, рассматриваются особенности внедрения инклюзивного образования и методы его реализации. Также представлены результаты экспериментальных исследований, полученные данные анализируются математико-статистическими методами.

Ключевые слова: психология, личность, методы, теории, включение

Abstract. This article analyzes in detail the theoretical and practical aspects of the inclusive education system. The essence of inclusive education, its pedagogical, social and legal foundations are studied, the features of the introduction of inclusive education and methods of its implementation are considered. The results of experimental research are also presented, and the data obtained are analyzed by mathematical and statistical methods.

Key words: psychology, personality, methods, theories, inclusion

Кіріспе

Қазіргі кезде инклюзивті білім беру әлемнің көптеген елдерінде білім беру саясатының маңызды бөлігіне айналды. Инклюзивті білім беру - барлық балалардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тең мүмкіндіктермен білім алуын қамтамасыз етуге бағытталған процесс. Бұл жүйе қоғамдағы әрбір баланың білім алу құқығын қамтамасыз етуді көздейді.

Инклюзивті білім беру идеясы әрбір баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім алуына жағдай жасауды көздейді. Бұл процесс барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды, бірдей оқу ортасында білім алуға мүмкіндік беру арқылы олардың әлеуетін жүзеге асыруға бағытталған.

Инклюзивті білім берудің теориялық тұғырлары білім беру саласындағы түрлі педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік теорияларға негізделеді. Негізінен, төмендегі теориялар маңызды рөл атқарады:

1. Гуманистік теориялар: Жеке тұлғаны дамытуға бағытталған бұл теориялар баланың қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оның жеке ерекшеліктерін ескеруге басымдық береді. Карл Роджерс пен Абрахам Маслоу теориялары инклюзивті білім берудің негізінде жатыр. Бұл теориялар оқушының өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыруға ұмтылысын қолдауға бағытталған.

2. Әлеуметтік әділеттілік теориясы: Бұл теория бойынша әрбір балаға тең мүмкіндіктер берілуі керек, ал білім беру жүйесі барлық балаларды, соның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды да қамтуы тиіс. Джон Роулздың "Әділеттілік теориясы" және Нэнси Фрейзердің әлеуметтік теңдік туралы көзқарастары осы тұжырымдаманың негізін құрайды.

3. Педагогикалық инклюзия теориясы: Бұл теория инклюзивті білім беру процесін ұйымдастырудың педагогикалық аспектілеріне бағытталған. Ол оқушылардың білім алу

мүмкіндіктерін кеңейту, олардың әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында оқыту әдістерін бейімдеуді көздейді.

4. Көпмәдениеттілік теориясы: Бұл теория қоғамдағы мәдени әртүрлілікті мойындау және қолдауға бағытталған. Инклюзивті білім беру барлық балалардың мәдени ерекшеліктерін ескеріп, олардың білім алу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

5. Конструктивизм теориясы: Джон Дьюи және Лев Выготский еңбектеріне негізделген бұл теория білім алуды белсенді, өз бетінше білім игеру процесі ретінде қарастырады. Инклюзивті білім беруде конструктивизм теориясы оқушылардың өз білімін құруға қатысуын қолдайды.

Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері осы теориялармен байланысты болып, оларды практикада жүзеге асыру білім беру процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Зерттеудің өзектілігі инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда осы теориялық тұғырларды қолданудың маңыздылығымен анықталады.

Қазіргі кезде инклюзивті білім беру әлемнің көптеген елдерінде білім беру саясатының маңызды бөлігіне айналды. Инклюзивті білім беру - барлық балалардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тең мүмкіндіктермен білім алуын қамтамасыз етуге бағытталған процесс. Бұл жүйе қоғамдағы әрбір баланың білім алу құқығын қамтамасыз етуді көздейді.

Инклюзивті білім беру идеясы әрбір баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім алуына жағдай жасауды көздейді. Бұл процесс барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды, бірдей оқу ортасында білім алуға мүмкіндік беру арқылы олардың әлеуетін жүзеге асыруға бағытталған.

Зерттеу мақсаты

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты — инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін арттырудың жолдарын анықтау және оны жүзеге асыру әдістерін ұсыну. Осы мақсатты орындау үшін келесі міндеттер қойылды:

• Инклюзивті білім берудің теориялық негіздерін талдау;
• Инклюзивті білім беру жүйесінің қазіргі жағдайын зерттеу;
• Инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың тиімді әдістерін анықтау;
• Инклюзивті білім беру процесінің нәтижелерін бағалау;
• Инклюзивті білім беру саласында кездесетін мәселелерді шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеуде теориялық және эмпирикалық әдістер қатар қолданылды. Теориялық әдістерге әдебиеттерді талдау, салыстыру, синтез және жалпылау жатады. Эмпирикалық әдістерге сауалнама жүргізу, бақылау, сұхбат және эксперимент жатады. Зерттеу барысында статистикалық деректер жинақталып, олар математикалық әдістермен өңделді.

Теориялық әдістер:

1. Әдебиеттерді талдау: Инклюзивті білім беру бойынша түрлі ғылыми мақалаларды, монографияларды, диссертацияларды зерттеу. Бұл әдіс инклюзивті білім беру теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуге көмектеседі.

2. Нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау: Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы, "Инклюзивті білім беру туралы" мемлекеттік бағдарламасы және халықаралық ұйымдардың (UNESCO, UNICEF) құжаттарын зерттеу.

3. Салыстырмалы талдау: Инклюзивті білім беруді әр түрлі елдерде жүзеге асыру тәжірибелерін салыстыра отырып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау.

Эмпирикалық әдістер:

1. Сауалнама жүргізу: Мұғалімдер, ата-аналар және оқушылар арасында сауалнама өткізу арқылы инклюзивті білім беру мәселелері бойынша пікірлер мен көзқарастар жинау.

2. Бақылау: Мектептерде инклюзивті білім беру процесінің қалай ұйымдастырылып жатқанын бақылау. Бақылау барысында арнайы күнделіктер жүргізілді.

3. Сұхбат: Педагогтар мен ата-аналармен сұхбат өткізу арқылы олардың инклюзивті білім беруге қатысты тәжірибелері мен ойларын анықтау.

4. Эксперимент: Инклюзивті білім беру әдістерін қолдану арқылы оқыту процесін ұйымдастыру және оның тиімділігін бағалау.

Математикалық-статистикалық әдістер:

1. Дисперсиялық талдау (ANOVA): Эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелерін салыстыру үшін қолданылды. Бұл әдіс топтар арасындағы айырмашылықтарды анықтауға көмектесті.

2. Корреляциялық талдау: Инклюзивті білім беру процесінің әртүрлі компоненттері арасындағы байланыстарды анықтау үшін қолданылды.

3. t-критерий: Эксперименттік және бақылау топтарының орташа мәндерін салыстыру үшін қолданылды. Бұл әдіс зерттеудің сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Бұл әдістердің барлығы зерттеудің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес кешенді түрде қолданылды. Әдістерді қолдану нәтижесінде инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік беретін нақты нәтижелер алынды.

Бұл зерттеуде теориялық және эмпирикалық әдістер қатар қолданылды. Теориялық әдістерге әдебиеттерді талдау, салыстыру, синтез және жалпылау жатады. Эмпирикалық әдістерге сауалнама жүргізу, бақылау, сұхбат және эксперимент жатады. Зерттеу барысында статистикалық деректер жинақталып, олар математикалық әдістермен өңделді.

Сонымен қатар, дисперсиялық талдау (ANOVA), корреляциялық талдау және t-критерий әдістері қолданылды. Бұл әдістер зерттеу нәтижелерінің статистикалық маңыздылығын анықтау үшін пайдаланылды.

Эксперимент

Эксперименттік зерттеу барысында инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған әдістемелер қолданылды. Экспериментке жалпы білім беру мектептерінің оқушылары, мұғалімдер және ата-аналар қатысты. Эксперименттік топтар мен бақылау топтары құрылып, олардың нәтижелері салыстырылды.

Эксперименттің негізгі кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі: Инклюзивті білім беру процесінің ерекшеліктерін зерттеу мақсатында мектептерде алдын ала бақылау жүргізілді. Бұл кезеңде оқушылардың оқу деңгейлері, мұғалімдердің тәжірибесі және ата-аналардың инклюзивті білім беру туралы көзқарастары зерттелді.

2. Жоспарлау кезеңі: Эксперименттік топтар мен бақылау топтарын анықтау, зерттеу жоспарын құру. Экспериментке қатысқан оқушылар 2 топқа бөлінді: эксперименттік топ және бақылау тобы. Әр топта 30 оқушыдан болды. Эксперименттік топта инклюзивті білім беру әдістері қолданылды, ал бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістері қолданылды.

3. Экспериментті өткізу: Инклюзивті білім беру әдістерін қолданып оқыту процесін ұйымдастыру. Эксперименттік топта оқыту келесі әдістерді қолдана отырып жүргізілді:

- o Дифференциалды оқыту;
- o Бейімделген тапсырмалар әзірлеу;
- o Топтық жұмыс ұйымдастыру;
- o Жеке оқыту жоспарларын құру.

4. Нәтижелерді талдау: Жиналған мәліметтерді математикалық-статистикалық әдістермен өңдеу. Бұл кезеңде:

o Дисперсиялық талдау (ANOVA): Эксперименттік және бақылау топтарының оқу нәтижелері арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін қолданылды. Нәтижелер көрсеткендей, эксперименттік топтың оқу нәтижелері бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай жақсарды.

o Корреляциялық талдау: Инклюзивті білім беру әдістері мен оқушылардың оқу жетістіктері арасындағы байланыстарды анықтау үшін қолданылды. Корреляциялық

коэффициент оң нәтиже көрсетті, яғни инклюзивті әдістерді қолдану оқушылардың оқу жетістіктерін жақсартуға ықпал етеді.

о t-критерий: Эксперименттік және бақылау топтарының орташа мәндерін салыстыру үшін қолданылды. Статистикалық маңыздылық деңгейі 0.05 деңгейінде болды, бұл эксперимент нәтижелерінің сенімділігін дәлелдеді.

Жалпы қорытынды: Эксперименттік зерттеудің нәтижелері көрсеткендей, инклюзивті білім беру әдістерін қолдану оқушылардың оқу нәтижелеріне оң әсер етеді. Эксперименттік топтың оқушыларының білім деңгейі бақылау тобымен салыстырғанда жоғары болғаны анықталды. Бұл инклюзивті білім беру әдістерінің тиімділігін дәлелдейді.

Эксперименттік зерттеу барысында инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған әдістемелер қолданылды. Экспериментке жалпы білім беру мектептерінің оқушылары, мұғалімдер және ата-аналар қатысты. Эксперименттік топтар мен бақылау топтары құрылып, олардың нәтижелері салыстырылды.

Эксперименттің негізгі кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі: Инклюзивті білім беру процесінің ерекшеліктерін зерттеу мақсатында мектептерде алдын ала бақылау жүргізілді.

2. Жоспарлау кезеңі: Эксперименттік топтар мен бақылау топтарын анықтау, зерттеу жоспарын құру.

3. Экспериментті өткізу: Инклюзивті білім беру әдістерін қолданып оқыту процесін ұйымдастыру.

4. Нәтижелерді талдау: Жиналған мәліметтерді математикалық-статистикалық әдістермен өңдеу және талдау.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру үшін кешенді және жүйелі тәсілдерді қолдану қажет. Инклюзивті білім беру процесін ұйымдастыруда педагогикалық, әлеуметтік және құқықтық негіздерді ескеру маңызды. Бұл зерттеудің қорытындылары инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асыру үшін мынадай ұсыныстарды қамтиды:

1. Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру: Инклюзивті білім беру процесін жүзеге асыру үшін педагогтарды арнайы оқыту бағдарламалары арқылы даярлау қажет. Бұл курстарда дифференциалды оқыту, бейімделген тапсырмалар құрастыру және ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеу тәсілдері оқытылуы тиіс.

2. Оқыту бағдарламаларын бейімдеу: Инклюзивті білім беруді тиімді ұйымдастыру үшін оқыту бағдарламаларын икемді ету қажет. Бұл оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес білім алуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

3. Мектептердің материалдық-техникалық базасын жетілдіру: Инклюзивті білім беру процесін тиімді ұйымдастыру үшін оқу орындарының материалдық-техникалық жағдайын жақсарту қажет. Бұл арнайы оқу құралдары, құрылғылар мен технологияларды қамтиды.

4. Ата-аналармен ынтымақтастық орнату: Инклюзивті білім беру процесінде ата-аналармен тығыз байланыс орнату маңызды. Ата-аналармен ынтымақтастық олардың балаға деген қолдауын күшейтуге көмектеседі.

5. Әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ету: Инклюзивті білім беру тек академиялық білім берумен шектелмей, оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуін де қамтуы тиіс. Бұл олардың құрдастарымен тең дәрежеде қарым-қатынас орнатуына, қоғамға толыққанды интеграциялануына мүмкіндік береді.

6. Математикалық-статистикалық әдістерді қолдану: Эксперимент нәтижелерін бағалау барысында қолданылған статистикалық әдістер (дисперсиялық талдау, корреляциялық талдау, t-критерий) инклюзивті білім берудің тиімділігін сандық түрде дәлелдеуге мүмкіндік береді. Бұл әдістерді қолдану арқылы зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен нақтылығы қамтамасыз етілді.

Жалпы алғанда, инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру үшін педагогикалық әдістемелерді үнемі жаңартып, оқыту процесін жеке қажеттіліктерге бейімдеу маңызды. Инклюзивті білім беруді толыққанды жүзеге асыру қоғамның барлық мүшелеріне тең мүмкіндіктер беру арқылы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, инклюзивті білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру үшін оқыту процесін жеке қажеттіліктерге бейімдеу, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру және оқу материалдарын бейімдеу маңызды болып табылады. Инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру үшін педагогикалық әдістемелерді үнемі жаңартып, оқыту процесін жеке қажеттіліктерге бейімдеу қажет. Инклюзивті білім беруді толыққанды жүзеге асыру қоғамның барлық мүшелеріне тең мүмкіндіктер беру арқылы әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. UNESCO. (2020). "Inclusive Education: Issues and Challenges." Париж: UNESCO Publishing.
2. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы. (2007). Қазақстан Республикасының Заңдары. Сілтеме
3. Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. (2019). Сілтеме
4. Айтқалиева, Г. (2019). "Инклюзивті білім беруді дамыту жолдары." Алматы: ЖШС "Білім баспасы".
5. Баранов, И. А. (2021). "Инклюзивті білім беру: теория және тәжірибе." Мәскеу: Просвещение.
6. Booth, T., & Ainscow, M. (2002). "Index for Inclusion: Developing Learning and Participation in Schools." Bristol: Centre for Studies on Inclusive Education. Сілтеме
7. Florian, L. (Ed.). (2007). "The SAGE Handbook of Special Education." London: SAGE Publications.
8. Slee, R. (2011). "The Irregular School: Exclusion, Schooling and Inclusive Education." London: Routledge.
9. Форевер, Д., & Гриффин, С. (2014). "Инклюзивті білім беру: теориясы мен практикасы." Нью-Йорк: Springer.
10. Адамс, М., Белл, Л. А., & Гриффин, П. (2007). "Түрлілікке бағытталған педагогика." Лондон: Routledge.
11. Караев, Ж. (2020). "Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру жолдары." Алматы: Қазақ университеті.
12. UNESCO. (2020). "Inclusive Education: Issues and Challenges." Париж: UNESCO Publishing.
13. Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы.
14. Қазақстан Республикасының "Инклюзивті білім беру туралы" мемлекеттік бағдарламасы.
15. Айтқалиева, Г. (2019). "Инклюзивті білім беруді дамыту жолдары." Алматы: ЖШС "Білім баспасы".
16. Баранов, И. А. (2021). "Инклюзивті білім беру: теория және тәжірибе." Мәскеу: Просвещение.

TRADITIONAL AND INNOVATIVE APPROACHES TO ENGLISH LANGUAGE PROFICIENCY TESTING

Куралбаева А.Т., магистрант 1 курс, Университета Мирас
г. Шымкент. Kuralbaevaasiya3@gmail.com ID 0009-0003-9779-2891

Abstract: This article examines traditional and innovative approaches to English language proficiency testing. The main methods of assessing language competence are analyzed, including standard written tests, oral exams, the use of computer technology and artificial intelligence. Special attention is paid to the comparative analysis of the effectiveness of various testing methods, depending on the learning objectives and the level of language proficiency. The authors conclude that it is necessary to integrate innovative technologies into the assessment system, which contributes to objectivity, personalization and increased motivation of students.

Key words: testing, English, traditional methods, innovative technologies, adaptive testing, artificial intelligence.

Аңдатпа. Бұл мақалада ағылшын тілін білуге арналған тестілеудің дәстүрлі және инновациялық тәсілдері қарастырылады. Стандартты жазбаша тестілерді, ауызша емтихандарды, компьютерлік технологияларды және жасанды интеллектті қолдануды қоса алғанда, тілдік құзыреттілікті бағалаудың негізгі әдістері талданады. Оқыту мақсаттары мен тілді меңгеру деңгейіне байланысты әртүрлі тестілеу әдістерінің тиімділігін салыстырмалы талдауға ерекше назар аударылады. Авторлар инновациялық технологияларды бағалау жүйесіне интеграциялау қажеттілігі туралы қорытынды жасайды, бұл білім алушылардың объективтілігіне, дараландыуына және уәждемесін арттыруға ықпал етеді.

Кілт сөздер: тестілеу, ағылшын тілі, дәстүрлі әдістер, инновациялық технологиялар, адаптивті тестілеу, жасанды интеллект.

Аннотация: В данной статье рассматриваются традиционные и инновационные подходы к тестированию на знание английского языка. Анализируются основные методики оценки языковой компетенции, включая стандартные письменные тесты, устные экзамены, использование компьютерных технологий и искусственного интеллекта. Особое внимание уделяется сравнительному анализу эффективности различных методов тестирования в зависимости от целей обучения и уровня владения языком. Авторы делают вывод о необходимости интеграции инновационных технологий в систему оценки, что способствует объективности, персонализации и повышению мотивации обучающихся.

Ключевые слова: тестирование, английский язык, традиционные методы, инновационные технологии, адаптивное тестирование, искусственный интеллект.

Testing is an integral part of the learning process of a foreign language, allowing you to assess the level of proficiency in language skills, identify knowledge gaps and adjust the learning process. In recent decades, along with traditional testing methods, innovative approaches based on digital technologies and artificial intelligence have been actively developing [1,10].

Traditional methods include [2,5]:

- Written tests (grammar assignments, essays, reading with understanding of the text).
- Oral exams (dialogues, monologues, description of pictures).
- Multiple-choice tests, which allows you to test your knowledge of grammar and vocabulary.

Filling in the gaps (cloze tests) to assess reading skills and understanding the context. These methods are time-tested and provide a reliable assessment of knowledge, but they can be stressful for students, as well as time-consuming to verify.

Modern technologies make it possible to improve the knowledge assessment process. Among the innovative methods [3,2-7]:

- Computer Adaptive Testing (CAT) – the system selects the difficulty level of questions based on the examinee's previous answers.

- Automated Speech Analysis – programs such as Duolingo English Test or IELTS Indicator evaluate pronunciation and fluency.

- Artificial intelligence and machine learning help to develop personalized tests and analyze errors in real time.

- Gamification is the use of game elements (awards, ratings) to increase students' motivation.

Usage examples:

- The Duolingo English Test is an online test that uses AI to assess all aspects of language proficiency.

- TOEFL iBT Home Edition is a variant of the traditional exam adapted for an online environment.

Advantages of Traditional Approaches [4,11]:

- Traditional tests provide standardized criteria for assessing language proficiency, ensuring consistency in evaluation.

- Tests such as IELTS and TOEFL have a long history of proven effectiveness in evaluating language skills.

- Traditional methods assess grammar, vocabulary, and comprehension in a structured format, making evaluation more systematic.

Disadvantages of Traditional Approaches [5,6]:

- Traditional tests may not accurately reflect a learner's ability to use English in real-world situations.

- Many traditional tests do not assess spontaneous speaking and listening skills effectively.

- Timed, high-stakes exams can cause stress, affecting students' performance.

Recent developments in language testing have introduced AI-driven assessments, interactive tasks, and adaptive testing systems. These methods aim to provide a more comprehensive evaluation of a learner's language abilities.

Advantages of Innovative Approaches [6,13]:

- AI-based and computer-adaptive tests adjust to a test-taker's level, providing a more accurate measure of proficiency.

- Digital simulations and AI-driven tools assess language use in practical contexts, enhancing their relevance.

- Online testing platforms provide instant results and feedback, allowing learners to identify areas for improvement.

- Remote testing options make language assessment available to a wider audience.

Disadvantages of Innovative Approaches:

- AI-based assessments may still struggle with evaluating complex responses, such as spoken interactions with cultural nuances.

- Not all learners have equal access to reliable internet and digital devices.

- Online tests pose challenges related to cheating prevention and identity verification.

The Pearson Test of English (PTE) is a test that is fully evaluated by a computer, including oral speech and written answers. Automated Assessment Courses – platforms such as Coursera and EdX offer tests with instant feedback.

The development of technology has significantly expanded the possibilities of English language testing. Traditional methods remain relevant, as they are time-tested and provide reliable results. However, innovative approaches offer significant advantages [7,17]:

- More accurate and faster knowledge assessment due to automated systems.

- Individualization of learning, thanks to adaptive algorithms.

- Stress reduction through a convenient testing format.

- Increased motivation through interactive and game elements.

Nevertheless, there are certain challenges.:

- The reliability of I-scores may vary.

- There may be technical problems during online testing.

- Issues of ethics and data security require additional attention.

Thus, the optimal solution is to integrate traditional and innovative methods to create a comprehensive testing system that promotes an objective and fair assessment of students' knowledge [8,8].

Both traditional and innovative approaches to English language testing have their respective advantages and limitations. Traditional methods provide structured, standardized evaluation but may lack real-world applicability and interactive assessment. On the other hand, innovative approaches offer personalized, adaptive testing but face technical and accessibility challenges.

The most effective testing strategy may involve a combination of both methods, ensuring a balanced and comprehensive evaluation of learners' language proficiency. Future research should focus on refining AI-based assessments, enhancing test security, and ensuring accessibility for all learners. By integrating technology with well-established assessment principles, language testing can evolve to better meet the needs of diverse learners worldwide.

References:

1. Alderson, J. C. (2015). Diagnosing Foreign Language Proficiency: The Interface Between Learning and Assessment. London: Continuum. P 10.
2. Bachman, L. F., & Palmer, A. S. (2011). Language Assessment in Practice: Developing Language Assessments and Justifying Their Use in the Real World. Oxford: Oxford University Press. P 5.
3. Brown, H. D. (2014). Language Assessment: Principles and Classroom Practices. New York: Pearson Education. P 2-7.
4. Chapelle, C. A., & Douglas, D. (2016). Assessing Language Through Computer Technology. Cambridge: Cambridge University Press. P 11.
5. Fulcher, G. (2011). Practical Language Testing. London: Hodder Education. P 6.
6. Hamp-Lyons, L. (2011). Assessing Second Language Writing in Academic Contexts. Cambridge: Cambridge University Press. P 13.
7. Luoma, S. (2014). Assessing Speaking. Cambridge: Cambridge University Press. P 17.
8. McNamara, T. (2000). Language Testing. Oxford: Oxford University Press. P 8.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТҰРҒЫНДАРДЫ АЗЫҚ -ТҮЛІКПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ АӨК-Ң ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

Темирова Ж.Ж.
«Экономика және басқару» кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к.
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
zhannat_temirova@mail.ru, https://orcid.org/ 0009-0009-9031-0865
Онгарова Г.Т.
магистр-аға оқытушы, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ жанындағы
Ж.Аймауытұлы атындағы көпсалалы колледжі, Шымкент қ.
gulmira_1907@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-7389-6475
Исрафилов Сахиб Аббас оглу
Экономика ғылымдарының магистрі
Стамбул университеті, Туркия, Стамбул қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстанда АӨК еліміздің азық-түлік және экономикалық қауіпсіздігін, сондай-ақ ауылдық жерлердегі еңбек және қоныстанушылық әлеуетін қалыптастыратын экономиканың маңызды секторлары қарастырылған.Ұлттық экономиканың қазіргі даму кезеңінде Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздік және азық-түлік тәуелсіздік проблемаларының өзектілігі жоғарылап отыр. Бұл проблеманы

республика АӨК-нің даму деңгейін арттыру арқылы шешуге болады. Ол деңгей – республика халқын азық-түлікпен өзін-өзі қамтамасыз ету. Республикада АӨК әртараптандыру арқылы экономиканың бәсекеге қабілетті мамандануы Қазақстан үшін стратегиялық маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Біздің ойымызша, азық-түлік қауіпсіздігі-сыртқы және ішкі жағдайларға қарамастан, тиісті ресурстармен, әлеуетпен және кепілдіктермен қамтамасыз етілген экономиканың, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешенінің жай-күйі, бұл ретте тұрғындардың физиологиялық тамақтану нормаларына сәйкес тамақ өнімдеріне деген қажеттіліктері қанағаттандырылуы тиіс. Алайда, азық-түлік қауіпсіздігі жағдайы толығымен қанағаттанарлық деп айтуға болмайды, өйткені елдегі азық-түлік қауіпсіздігін, әсіресе оның аграрлық секторында соңғы 20 жылда қамтамасыз етуге арналған агроөнеркәсіптік кешендегі жағдай әлдеде болса толықтай анықталмаған.

Кілт сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, агроөнеркәсіптік кешенінің жай-күйі, аграрлық сектор, төлем қабілеті, экспорт, азық-түлік нарығы, мемлекеттік қолдау, ауыл шаруашылығы

Қазақстан АӨК республика экономикасының бірден-бір ұдайы өндірістік саласы болып табылады. Онда ұлттық табыстың үштен бірі өндіріледі. 2022 ж. ауыл халқының саны республика халқының 43,4%-ы болған. Жалпы Қазақстанда жұмысқа қабілетті шамамен 60% құраса, оның ауыл шаруашылығында елдегі халықтың 35,5%-ы жұмыс жасайды. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімі 2022 ж.– 4 474 088,1 млн.теңгені құраса, ол 2018ж. деңгейінен 42,3%-ға өскен [1].

2022 жылы АӨК өнімінің экспорты 13,35 млн тоннаға сомасы 3,025 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл физикалық салмағында 30,5% - ға (3,2 млн тоннаға) және ақшалай мәнде 24,5% - ға (595 млн. АҚШ доллар) артқан. Ведомствоның мәліметінше, өнім экспортының өсуі ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының физикалық мәнде 42% - ға және 2022 жылды 2019 жылмен салыстырғанда ақшалай мәнде 41,5%- ға жоғары өсу қарқыны есебінен қамтамасыз етілген. Сонымен, 2022 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің экспорты 9,838 млн. тонна сомасы 1,899 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл ретте 2022 жылы АӨК қайта өңделген өнімінің экспорты 3,51 млн тоннаны сомасы 1,125 млрд АҚШ долларын құрады, бұл физикалық көлемдерде 6,5% - ға және ақшалай мәнде 3,5% - ға көп.

Соңғы жылдары Қазақстанда май секторы белсенді дамып келеді, атап айтқанда майлы дақылдар өндірісі ұлғаюда. 2022/18 ж.ж. майлы дақылдардың жалпы түсімі өткен жылмен салыстырғанда 24%-ға артты. Қазақстандық май өндіретін кәсіпорындар алдыңғы жылмен салыстырғанда күнбағыс майын 13,4% - ға артық өндірген. Майлы дақылдар өндірісі серпінінің айтарлықтай артуы, олардың экспорты мен қайта өңделуін ынталандырды. Майлы дақылдар өндірісі соңғы 10 жылда 3,5 есеге өсті. Өсімдік майы өндірісі 2019-2022 жылдар аралығында 6 есеге артты [3].

Зерттеу нәтижесінде, өсім жалғасын тауып келетінін анықтадық. Бірінші, жергілікті май-тоң май компанияларының жүктелуі небәрі 40% - ды құрайды.

Қазақстанда мал шаруашылығы өз позициясын ішінара жойып, ел тұрғындарын қажетті көлемде өз өнімдерімен толықтай, яғни азық-түлікпен қамтамасыз ете алмайтыны ерекше алаңдатады. Мал шаруашылығын тиімді дамыту үшін айтарлықтай болған кедергі - бұл нашар азықтық база (жемдер). Ауылшаруашылық дақылдарының құрамында жемдік дақылдардың нормалары (30% орнына - 11% ғана болуы) сәйкесінше 3 есеге аз, ал малдың шартты басы зоотехникалық нормалармен (32 сандық бірліктің орнына 14) болған. Сонымен бірге, мал жайылымдарының 85% -дан астамы нашарлаған.

Мал саны салыстырмалы түрде беріледі. 1990 жылы ірі қара малдар саны 9757,2 мың бірлікті құраса, 2022 жылы 6413,2 мың бірлікті көрсетіп, -3344 бірлік санына немесе 65,7% құрап (34,0 %-ға азайған). Қой, ешкі саныда 1990 жылы 35 660,5 мың бірлікті құраса 2016 жылы 18184 мың бірлікті құрап, осы жылдар аралығында орта есеппе 50%

азайған, ал соңғы 2019 жылы 18 329,0 мың бірлікті құраса, 2018 жылы 18 699,1 мың басты құрап, 1990 жылдармен салыстырғанда 2022 ж. (48,6%), 2018 ж. (47,5%) айтарлықтай қысқарған.

Мал шаруашылығы мен құстың барлық түрлеріндегі асыл тұқымды малдың үлесі айтарлықтай өсті және 2022 жылдың қорытындысы бойынша мынадай нәтиже көрсетеді: ірі қара мал басы - 10,6%, қой - 15,1%, шошқа - 19,9%, жылқы - 7,9%, түйе - 13 , 1% және құс еті - 17,1%, 2016 жылдың соңында: ірі қара мал - 11%, қой - 14,7%, шошқа - 18,7%, жылқы - 7,8%, түйе - 12,7% құс фабрикасы - 18,5% [3].

Қазақстанда шаруашылық санаттары бойынша, ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлығы 2018 жылы 1822074,0 млн тенге құраса, 2022 жылы 4474088,1 млн тенге құрап, 2652014,1 млн тенге немесе 145,5% өскен. Оның ішінде, тұрғындар шаруашылықтарының үлесі 2022 жылы 2 089 052,2 млн тенге немесе жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің 47 %. Талдауға алынған соңғы алты жыл ішінде тұрғындар шаруашылықтарының үлесі, шаруа немесе фермер қожалықтары мен ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына қарағанда жоғары болған. 2014-2022 жылдарда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында 741651,5 млн тенге (21,7%), шаруа немесе фермер қожалықтарында 931435,4 млн тенге (27,3%), тұрғындар шаруашылықтарында 1743939,7 млн тенгені құрап, алдынғы екі саламен салыстырғанда жоғарғы 51,0 % үлесті құрайды.

Айта кету керек, Қазақстан егемендік алған тұстары 1990 жылмен салыстырғанда 2022 жылы егістік алқабы 37,7% қысқарған, сәйкесінше 2000 жылмен салыстырғанда 2018 егістік алқабы 35,2% артқан. Алайда, бұл аумақтың тек 40% немесе орта есеппен 21 млн га ғана ауыл шаруашылығы егістік алқабы айналымында пайдаланылады.

Зерттеу барысында, анықталғаны тағы бір маңызды мәселе мал азығы базасының дамымауы болып отыр, оның ішінде жайылымдардың құлдырауы мен шөлейттенуіне байланысты. Мәселен, 181 млн гектардың 73 млн гектары тозған, бұл жалпы көлемнің 40% - ын құрайды. Оның ішінде 27 млн гектар түрлі жағдайларға байланысты бүлінген. Бұл ретте малдардың артуымен жайылымдық жерлер, әсіресе елді мекендердің айналасында, іс жүзінде құнарлы емес, ал жайылымдық жерлер оларды суландыру және алыстату үшін инфрақұрылымның болмауына байланысты жеткіліксіз пайдаланылады.

Ауылшаруашылық дақылдарынын нақтыланған егістік алкабының 1995 ж. дәнді дақылдар, атап айтканда: бидай мен күріш, бұршактар осы бүкіл ауылшаруашылыктағы жалпы егіс алқабынын 65 % алады. Аталған дәнді дақылдар соңғы зерттеу жылдарында диаграммада көрсеткендей жыл сайын өсіп 2022 ж. 80,46% құрап, айтарлыктай өсу динамиксын көрсетеді.

ҚР АӨК-нің маңызды міндеттерінің бірі астық нарығының тұрақты дамуын, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және астықтың экспорттық әлеуетін арттыру, оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Осы майлы дақылдардын болашакта өсуі біздің зерттеп отырған ауылшаруашылығы азық -түлік тауарларының өнімінің өсуіне тікелей әсері болады деп есептейміз.

Қазақстанда ет өндіру дәстүрлі түрде ауыл шаруашылығындағы негізгі және басым бағыттардың бірі болып саналды. Соңғы 5 жылда ҚР сойыс салмағында ет өндіру көлемі өсуде. 2005 жылмен салыстырғанда ет өндіру көлемі 2018 жылы 1 059,6 мың тонна немесе 156,7%-ды құрап, 56,7 % - ға (383,7) мың тоннаға артқан. 2017 жылға қарағанда 2018 жылы 4,1 % артқан.

Алайда, 1993 жылғы көлемге республиканың бірде-бір облысында қол жеткізілген жоқ, 1993 жылы 1524,0мың тонна ет өндірілген болса, 2010 жылы 834,4 мың тонна, ал 2018 жылы 1059,6 мың тонна ет өндірілген. Өзгеріс, 2018 ж. Қазақстан егемендік алған жылдарға тұс келетін 1993 ж. салыстырсақ 464,4 мың тонна немесе (69,5%) 30,5%-ға азайған. Бұл жағдайдың негізгі себептерінің бірі: мал санының азаюымен және салада ірі мамандандырылған шаруашылықтардың мал бордақылау және мал айдау жерлердің

болмауымен, ұсақ тауарлы өндірістің басым болуымен тікелей байланысты деп санаймыз.

Қазақстан Республикасы тұрғындарының ет өнімдерімен қамтамасыз етілу деңгейі, 1 адамға жылына кг есептегенде, тұрғындардың жан басына шаққандағы ет және ет өнімдерін тұтыну талдауға алынған жылдар арасында 2022 жылы 1,6 есе артып, 57,6 кг құрады.

2022 ж. 2018 ж. салыстырғанда тұрғындардың жан басына шаққандағы өндіріс көлемі 13,6 % - ға артты, бұл 57,6 кг құрады. Бұл ретте тұрғындардың жан басына шаққандағы тұтыну жылдан жылға артып келеді. ҚР табиғи-климаттық жағдайларының алуан түрлілігі мал басының шоғырлануы мен елдің әр түрлі өңірлерінде ет өндіру көлемінің айырмашылығын тудырады. Ең үлкен Орман ресурстары Солтүстік (50,9 %) және Оңтүстік (27,6%), ең азы - Орталық (13,2 %) және Батыс (8,3 %).

Осылайша, қазірде ет өңдеу саласының жағдайы салыстырмалы түрде тұрақты болып табылады. Болашақта одан әрі дамыту үшін айтарлықтай әлеует бар. Алайда, шағын кәсіпорындарда ескі жабдықтарда ескірген технологиялар бойынша өндіріс басым. Мұндай кәсіпорындар ет шикізатын қалдықсыз және терең өңдеу жөніндегі жұмыстардың сапалы орындалуын қамтамасыз ете алмауы мүмкін.

Сондай-ақ, тұрғындардың төлем қабілеттілігінің артуымен неғұрлым терең қайта өңдеу өнімдеріне (өңделген сүт өндірісі, қышқыл сүт өнімдерін өндіру, Ірімшік және сүзбе өндіру және т.б.) сұраныс ұлғаюда. Алайда, шикізаттың, энергия ресурстарының, ЖЖМ қымбаттауына байланысты олардың бағасы жоғары, үнемі өсуде [3].

Жалпы 2022 жылы сүт өнімдерінің импорты ҚР-да ішкі тұтынудың 7,5 % - ын құрады. Қазақстанда дүкендер мен базарларда, сауда желілерінде үлкен ассортиментте Ресейден, соңғы кездерде сирек кездесетін- Украинадан, әсіресе Белоруссия және Қырғызстаннан әкелінген сүт пен кілегей сияқты азық-түлік тауарларын жиі кездестіреміз. Қазақстандық нарыққа сүт өнімдерін негізгі экспорттаушы Ресей,оның үлесіне барлық жеткізілімдердің 50% келеді. Импорттық жеткізілімдердің жалпы көлемінің шамамен 16%-ы Беларусь үлесіне; шамамен 11,1% - Украина үлесіне, шамамен 4% - Қырғызстан үлесіне тиесілі. Тұтастай алғанда, ТМД-ның көрсетілген төрт елінің өндірушілерінің үлесіне сүт өнімдері импортының 92-93% - ға дейін келеді [4].

Жалпы, тұрғындардың азық-түлік қауіпсіздігі, макроэкономикалық жағдаймен, қоғамдық өндірістің тиімділігі мен тұрғындардың табыстарымен анықталады. Егер елде тұтынылатын азық-түлік пен тамақ өнімдеріндегі импорт үлесінің ұдайы өсуі орын алса, онда ұлттық азық-түлік қауіпсіздігіне нақты қауіп бар деп есептеледі (құс еті импорты жоғары 171,0 тонна, импорт үлесі 56,0), яғни әлемдік азық-түлік нарығы конъюнктурасының ауытқуына тәуелділік мүмкіндігі туындап отыр. АӨК Қазақстанның экономикалық даму стратегиясындағы басым салалардың қатарында [5].

Аграрлық реформаларды табысты аяқтау үшін бізге құрылымдық өзгерістер, институционалдық өзгерістер, технологиялық жаңалықтар мен экономикалық заңдылықтарында шамамен бірдей көрініс табатын әлемнің жетекші аграрлық елдеріндегі жаһандық азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйін және ауыл шаруашылығының даму үрдістерін мұқият қадағалап отыру қажет. Біздің ойымызша, бұл бізге таяу перспективада елдің азық-түлік қауіпсіздігін берік қамтамасыз етуге және азық-түлік тауарларының халықаралық нарықтарында бекітуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кенжеболатова М. Ш., Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін камтамасыз етудегі кейбір өзекті мәселелер // Вестник науки Казахского агротехнического университета им С. Сейфуллина 2014. № 1 (80). С. 153-163.

2. Калиева А.Е. Развитие АПК как главного фактора обеспечения продовольственной безопасности страны // материалы XIX междунар. науч.-практ. конф.

для студентов, аспирантов и молодых ученых «Тенденции развития экономической науки на просторах стран СНГ и зарубежья в XXI веке». - СПб., 2014. - С. 14-17.

3. ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің деректері бойынша жасалды // http://stat.gov.kz

4. Программа по развитию агропромышленного комплекса в Республике Казахстан на 2013-2020 годы (Агробизнес - 2020). - Астана, 2012 г.

5. Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2019-2023 годы г. Астана, 2023 год.

КІСЕНДЕГІ ЖОЛБАРЫС

«Жұмабек Ташенев атындағы» КММ-нің
тарих пәні мұғалімі
Смагулова Гульжанат Айгалиевна

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ халқының көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеневтің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі баяндалады. Ол XX ғасырдың орта шенінде ел тәуелсіздігі мен ұлттық тұтастықты сақтау жолында аянбай еңбек еткен тұлға ретінде тарихта өз ізін қалдырды. Әсіресе Қазақстан жерінің тұтастығын қорғаудағы ерлігі мен батылдығы, әділеттілігі мен елге деген адалдығы – жас ұрпаққа үлгі. Аңдатпада оның күрделі кезеңдегі батыл шешімдері мен мемлекет мүддесін жоғары қойған іс-әрекеттері сипатталады.

Кілт сөздер: Жұмабек Тәшенев, мемлекет қайраткері, жанашыры, тарихи тұлға, ұлттық мүдде, жер тұтастығы, ел бірлігі, саяси ерлік, тәуелсіздік, Қазақстан тарихы, адалдық, батылдық, Одақ кезеңі

Аннотация. В этой статье рассказывается о жизни и общественно-политической деятельности выдающегося государственного и общественного деятеля казахского народа Жумабека Ташенева. Он оставил свой след в истории как человек, неустанно трудившийся в середине XX века на пути сохранения независимости страны и национальной целостности. Особенно героизм и отвага в защите целостности земли Казахстана, справедливость и преданность стране – пример для молодого поколения. Аннотация характеризует его смелые решения в сложный период и действия, ставящие интересы государства выше.

Ключевые слова: Жумабек Ташенев, государственный деятель, жанашыр, историческая личность, национальные интересы, целостность земли, единство страны, политический подвиг, независимость, История Казахстана, честность, мужество, период Союза

Abstract. This article describes the life and socio-political activities of zhumabek Tashenev, a prominent state and public figure of the Kazakh people. He left his mark in history as a person who worked hard to preserve the country's independence and national integrity in the middle of the XX century. Especially valor and courage in protecting the integrity of the Land of Kazakhstan, justice and loyalty to the country are an example for the younger generation. The annotation describes his bold decisions in difficult times and actions that put the interests of the state at the highest level.

Key words: Zhumabek Tashenev, statesman, sympathizer, historical figure, national interests, land integrity, national unity, political courage, independence, history of Kazakhstan, honesty, courage, Union period

Қасық қаны тамғанша, аянбай ұрпағымызға мұра етіп қалдырған аталар аманатын, бұлтартпай орындаушы. Намысын нанға сатпаған, бір туар ірі тұлға. Кеңестік билік кезеңінде, қылышынан қан танбасада, халыққа үрей тудырып, жүрегінің отын алып тастаған заманда, Жұмекеңдей батыр адамдар табылуы мыңнан біреуі болатын. Ұлтының

басына күн туған, қиын кездерінде қасынан табылған Жұмабек қазақ жерінің телім-телім болып, ұстағанның қолында, тістегеннің тісінде кетпеуі үшін жан аямай күрескен ұлы отаншылы.

Жұмабек Тәшенев айтқанынан қайтпайтын, екі сөйлемейтін тік мінезді адам болған. Оның от шашқан көздеріне ешбір жан тік қарай алмайтын. Алайда, Жұмабек Ахметұлымен жақын араласқан адам оның ашық жарқын, жүрегі кең, жайдары жан екенін түсіне біледі. «Құнары жоқ қырқаға, көктеп өсіп гүл бітпес, ержігіттің тағдыры, туған жермен кіндіктес» – дегендей, қазақтың шұрайлы жерлерін кеңестік солақай саясатқа бағынбай, қорғап, халқына қол ұшын беруді өзінің азаматтық борышы деп ұғынды. Адамзаттың арман ойы таусылған ба? Бірақ, амал қанша, өмірден өзі кетсе де, көзі қалды, артында өнегелі ісі мен өшпес ізі қалды.

Ж.А.Тәшенов республиканың саяси, экономикалық, мәдени дамуына басшылық жасаған жылдары қазақ мемлекетінің аумақ тұтастығының сақталуына көп еңбек сіңірді. Бес жылда 690 мың пәтер салынып, 2,4 мың кәсіпорындар мен мекемелер іске қосылады. 6140 кітапхана, 5140 клуб, 4777 киноқондырғылар, 25 музей, 19 облыстық театрлар жұмыс істеп тұрды. Сөйтіп, халықтың әлеуметтік жағдайы, тұрмыс мәдениеті айтарлықтай жақсарды» [1].

Шығармашылық одақтар өкілдеріне үй-пәтер бергендігі үшін Алматының ортасында “қазақ ауылын” құрды деп айыпталды. “Қазақ әдебиеті” газетін жабудан, “Социалистік Қазақстан” газетін “Казправданың” аудармасы етіп шығарылу қаупінен қорғап қалды. Жұмабектей атамыздың ең көп айтылатын ерлігі: Қазақ жерінің талан-таржыға салуға қарсы күресі [2,б.214].

Ж. Ташенев 30-50- ші жылдары саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау ісіне маңызды үлес қосты. Құрылған арнайы комиссия жігерінің және оның принципті басшысының арқасында жақын арада көптеген аман қалған қазақ ғалымдары, әдебиетшілері және саяси қайраткерлері қуғыннан қайтарылды және абақтыдан босатылды. Олардың арасында атақты тарихшылар Ермұхан Бекмаханов, Бек Сүлейменов, Есмағанбет Исмаилов, Хамза Есенжанов, Зейін Шашкин және де орыс жазушылары Галина Серебрякова и Александр Солженицын. Қазақ халқының атақты ұлдары Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгуровтың адал аттары құқығы қалпына келтірілді. Ұлт әдебиетінің атақты классиктерінің шығармалары оқырмандарға қайтып келді.

Кремль ойланатындай ол Қазақстан аумағында ядролық сынауларды өткізуге қарсы шықты. КСРО экономикалық апат алдында болды және полигонды ұстау үлкен мәселеге айналды [3].

Бұл адам қарапайым адамдарға ниеттес қарым – қатысымен таңғалдырған, олардың мәселелерін тез шешетін. Жұмабек Ахметұлы Алматының орталығында салынған 120-пәтерлік тұрғын үйді Қазақстанның мәдени қызметкерлеріне бергізді. Ол Мұқтар Әуезовтың «Абай жолы» романын Ленин сыйлығына ұсынуды бастамашылық етті.

«Қазақ әдебиеті» газетін жабудан құтқарып қалды, ал «Социалистік Қазақстан» газетін «Казправдының» аударма нұсқасы болатын айбаттан қорғады.

Сондай-ақ ұлтқа қарсы жасалған қиянатқа көнбейтін, қазақтың келешегіне балта шабар науқаншылдыққа төзбейтін Тәшеновтің үлкен ерлігі мынандай бір оқиғадан анық көрінеді.

1958 жылдың 28 шілдесі. Атақты Орталық Комитеттің мәжіліс залы. Шұғыл шақырылған мәжілістің күн тәртібіндегі мәселе біреу-ақ, ол – «Қазақ әдебиеті» газетін жабу. Қызыл идеологтардың пікірінше, негізін қазақ кеңес әдебиетінің басында тұрған алыптар қалаған газет қаратабан пролетариаттың жырын жырлаудың орнына «халық жауларының» сойылын соғып кеткен. Сыныққа сылтау болатын сұмдық айыптаулардың өзі әлденеше бетке жетіпті.

Алдын-ала дабыра қылмаса да, мәжіліске қатысуға Сәбит, Ғабиттермен қатар А. Жұбанов, Ә. Сәрсенбаев, Р. Бердібаев, Қ. Жұмалиев,

Қ. Мұхамеджанов, Қ. Тоғызақов пен С. Шаймерденов келіпті. Олар осы орынсыз шешімге қарсылар тарапынан орын алды. Әсіресе, «газетті менің өлімімді аттап барып жабады», - деген партизан ақын Ж. Саинның беті қатты. Ең өкініштісі – ұлттың намысына айналған басылымды тұншықтырушылардың алдын-ала дайындалған жалбаңбайлардың жарыс сөзінен кейін ғана «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы С. Мәуленовке сөз тиеді. Төрде төбедей болып отырған Ж. Тәшеновтің «Тайсақталмай батыл сөйле!» деген сөзіне арқаланған ақын ойындағысын ірікпей айтыпты. Орталық комитет өкілдері Яковлев, Журин, Гавриловтар осы мәжілісте оңбай жеңілді.

Ж.Тәшеновтің табандылығының арқасында С. Мәуленов қызметінен алынғанымен «Қазақ әдебиеті» аман қалады. Сол жылдар естелігіне сүйенсек, жаны сыршыл Сырағаң қызметтен қағылғанын мәнзүр қылмастан Комитет ғимараты алдындағы жиналған жанашырлар ортасында «Біз жеңдік!», деп гүр-гүр етіп жүрді деседі [4].

Жұмабек Ахметұлы өз кезінде өнер, мәдениет, ғылым саласындағы адамдарға да қолынан келгенше қамқоршы бола білген кісі. Академик Шапық Шөкиннің айтуынша, кейіпкеріміз 1960 жылы Үкімет басшысы болған кезде қазақ-орыс сөздігін алғаш құрастырған көрнекті ғалым Хайрулла Махмудов оның қабылдауында болады. Өзінің жай-күйін айтып, баспана жөнінен көмек сұрайды. Сонда Жұмабек Тәшенев: «Сіздей адам қалай үйсіз жүр? Қаладағы салынып жатқан үйлерден қалаған пәтеріңізді көрсетіңіз. Сол сіздікі болады», – дейді. Сөйтіп, Х.Махмудов Алматының шуылы аздау тыныш жеріндегі пәтерге ие болады. Жұмабек Ахметұлы 1958 жылы қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігін өткізуге үлкен күш-жігер жұмсайды. Сонымен бірге, Қалибек Қуанышбаев, Роза Жаманова, Ермек Серкебаев, Шәкен Айманов, Мұқан Төлебаев сияқты өнер тарландарына одақтағы ең жоғары КСРО халық әртісі атағын алып беруде де үлкен қажырлылық көрсетеді. Осыған дейін жоғарыдағыдай көлемде үлкен бір топ болып жоғары атақ алу қазақ топырағында болмаған екен. Сондай-ақ, 1960 жылы ол кісі Алматыдағы қазіргі Қонаев пен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысындағы сәулетті 120 пәтерлік үлкен үйді түгелімен дерлік өнер және әдебиет қайраткерлеріне бергізеді. Жұмекең атамыз қазақ арасынан шыққан кемеңгер тұлғаларға бір көшенің өзін беруге қимай, үнемі сараңдық танытқан Мәскеуді Алматының ең үлкен еңселі көшесіне Абай Құнанбаевтің есімін беруге және сол көшенің қақ төріне ақын ескерткішін қоюға көндіреді. Халқымыздың рухани оянуынан тайсақтап, сан түрлі сылтау айтқандарға Қазақстан Үкіметінің басшысы Тбилисиде – Руставелидің, Мәскеуде – Горькийдің, Ташкентте – Науаидің атындағы көшелер, ескерткіштер бар екендігін бұлтартпас дәлел ретінде келтіріп, бүгінде көзіміз көріп, тамашалап жүрген Абайдың алып ескерткішінің орнатылуына септігін тигізген. Репрессия құрбандарын ақтау комиссиясының төрағасы ретінде талай-талай мықтыларымыздың ақталуын жеделдетуі, сондай-ақ, қазақ кадрларын билікке тарту және т.б. тізбектеп келтіре беруге болатын қызметтері аз болған жоқ. Міне осы оқиғадан Ж.Тәшеновтің тек қазақ халқының жерін сақтап қалуға ғана емес, сонымен бірге мерзімді басылымдардың қыл үстінде тұрған тағдырына да арашашы болғандығын көріп отырмыз. Жұмабек Тәшенов осындай акциялар өткізді: - ол Алматы қаласының бас магистральдарының бірін Абай даңғылы деп атау және оның басында ұлы ойшыл мен ақынға ескерткіш орнату туралы ұсыныс жасады. - Қазақстанның КП ОК бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов жанында басталған істі аяғына дейін жеткізу үшін Медеу шатқалында спорт кешенінің құрылысын жүргізу үшін өзінің аға әріптесін, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы К. Е. Алматы қаласында Ворошилова Медеу тауына құрметті қонақты апарып, әдемі шатқалды көрсетіп, оны қызықтырды және өзінің өтінішін негіздеп, кешенді аяқтау үшін қажетті қаражатты "таңдады" ;

- КПСС XX съезінің шешіміне сәйкес барлық республикалар бойынша "халық жауы" деп аталатын күрес компаниясының қаралы жылдары қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау жөніндегі комиссия құрылды, оның ішінде қазақ халқының көптеген даңқты ұлдары мен құрбандары болды. Міне, осындай жөніндегі Комиссияға қалпына келтіру мейірімді еске алу өтірік жаламен айыпталған және сотталғандардың ақтап алі ісін қазақстанда

басқарған- Жұмабек Ахметұлы Тәшенов; - ол 1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ өнері мен әдебиеті онкүндігінің бастамашысы болды, Қазақстандық әдебиет пен өнер қайраткерлерінің мемлекеттік наградалармен лайықты бағалануына, ал бес көрнекті әртістерге "КСРО Халық әртісі" деген жоғары атақ берілуіне жан-жақты ықпал етті;; - Алматы орталығында салынған 120 пәтерлі үйді Қазақстанның көрнекті мәдениет қайраткерлеріне толық берілуіне қол жеткізді, олардың көбі жылдар бойы Алматы қаласында пәтерсіз тұрып қалды; - Мұхтар Әуезовтың "Абай" романын Ленин сыйлығына ұсынуға бастамашылық етті; - оның бастамасы бойынша Социалистік Еңбек Ері күрісші Ыбырай Жақаев пен шопан Жазылбек Қуанышбаев екінші жұлдызына ұсынылды; – ол Жезқазғандағы геологиялық партияның басшысы Шахмардан Есеновты бірінші болып қабылдап, оны Қазақстан Республикасы Геология министрінің орынбасары етіп тағайындады.; - Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновке үшінші Алтын Жұлдыз беруге, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы мен Рахымжан Қошқарбаевқа Алтын Жұлдыз беруге жан-жақты жәрдемдесті, - Қазақстан аумағындағы ядролық сынақтарға қарсы батыл мәлімдеме жасады.

Жұмабек Тәшеневтың тірі кезінде ел арасында оның «кісендегі жолбарыс» деп аталуы да бекер емес Ол, біріншіден, Абайды ұлықтау арқылы өз халқын да өркениетке бір табан жақындата түсерін білді.

Алайда ол кезде мәселенің барлығы Кремльде шешілгені мәлім. Ақша жоқ деп болмашы шығынның өзін қиынсынған орталықтағы шенеуніктерге ол Тбилисиде – Руставелидің, Мәскеуде –Горькийдің, Тәшкентте – Науаидің сондай ескерткіштері барын алға тарта отырып, ұтымды сөзбен бұлтартпастай делел келтіреді.

Мәскеудегілер амалсыз мойынсұнып, Абайдың атымен көше атауға және алып екскерткішін орнатуға рұқсат береді.

Екінші, сталиндік қызыл террордан жазықсыз жапа шеккендерді ақтау кезінде айырықша белсенділік танытуы. 1956 жылы 25 ақпандағы КПСС-тің XX съезінен кейін жылымықтың басталғаны мәлім. Сол кезде репрессия құрбандарын ақтау жөніндегі республикалық комиссияның төрағалығына Жұмабек Ахметұлы сайланып, Е. Бекмаханов, Қ. Мұхамедханов, Х. Есенжанов, З. Шашкин сынды қазақ ғалымдары мен ақын жазушыларын сөзбұйдаға салмай, абақтыдан дереу шығаруда үлкен еңбек сіңіреді.

Үшіншіден, 1958 жылы қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеудегі он күндігін абыроймен өткізуге барын салып, бес бірдей қазақ өнерпазына ең жоғарғы атақ КСРО Халық әртісі атағын алып беруі.

Осыдан кейін мұншама әртістің бір мезгілде жоғарғы атақ алуы қазақ топырағында бұрын соңды болмаған екен.

Төртіншіден, «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерін жабылудан аман алып қалуы.

Бесіншіден, Медеу мұз айдынының салып біріруіне күш салуы.

Алтыншыдан, халық батыры Б. Момышұлына Кеңес Одағының батыры атағын алып беруге әрекеттенуі. Бұл мәселе шешілмесе де, Ж. Тәшенов Бәукеңнің «Москва үшін шайқас» кітабының идеологиялық бөгеттерді бұзып өтіп, жарық көруіне септігін тигізді.

Жетіншіден, ол қолында билік тұрғанда қазақтың барлық талантты өнерпаздарына, дарынды тұлғаларына жақсылық жасаған. Еңбек майталмандары Ыбырай Жақаев пен Жазылбек Қуанышбаевтың Еңбек Ері атануы да, Нұрмолда Алдабергеновтың екінші рет Еңбек Ері атануы да Жұмекеңнің тікелей араласуымен біткен іс. Мұхтар Әуезовтың Лениндік сыйлық алуына да көп күш салған дейді білетіндер.

Сегізіншіден, ұлттық кадрлардың өсуіне, олардың жоғары өрлеуіне де Жұмекең қолдан келген барлық жақсылығын аямаған.

Тоғызыншыдан, ол өзінен жоғары мансаптағыларға иіліп-бүгілмей, терезесі тең адамша мәміле жасаған.

Оныншыдан, Түркістандағы Қ.А. Яссауи кесенесінің жанында топырақпен көміліп жатқан тас моншаны қалпына келтіріп, іске жаратуға да мұрындық болады.

Қорытындылай келсем:

Жалпы Қазақстан КСРО қоластында болғанда үлкен басшылықта қызмет еткендер арасында ұлттық мүдде үшін тайсалмай сөйлеп, ашық алысқан жалғыз Жұмабек Тәшенов десек, қателеспейтін шығармыз.

Міне, осындай ерліктерінің өзі ғана тәуелсіз Қазақстанда Жұмабек Тәшенов есімін ұлықтауға толық негіз бола алады [3, 75 бб.].

Жат елдің ежелгі құлдар көтерілісінің көсемі Спартакты он күн оқытатын біздің тарих мемлекеттік-патриоттық идеологияның жоқтығынан Жұмабек Тәшеневтің атын да жазбағандықтан, небір оқымыстылар мен жоғарғы биліктегі шенеуніктеріміздің көпшілігі ұлт қаһарманының теңдессіз ерліктері тұрмақ, оның кім екенін де біле бермейді. Кешіктірмей мектеп оқулықтарының, жоғары оқу орындарының бағдарламаларына өмірі мен қызметін толық кіргізіп, мемлекеттік басқару академиясындағы болашақ шенеуніктерге «Тәшенев тағылымы» міндетті түрде оқытылуы керек. Осылай етсек, ала-құлалыққа бет бұрған жастарымыз елінің, жерінің өткенін сезініп, ерлікке, өрлікке толы тарихынан нәр алып патриоттық, отаншылдық рухта тәрбиеленері хақ. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт келешекте басына қандай күн туатындығын да білмейді» – деп тегіннен-тегін айтпаған. Сондықтан, әрбір ісі аңыздар мен дастандарға бергісіз асыл еріміздің тарихи-саяси бағасын бергізіп, Тәшеневтің ерлікке толы асқақ рухын жастарымыздың жүректеріне сіңіріп, «болмаса да ұқсап бағуға» баулу ұлт тарихын зерттеуші зиялыларымыздың қасиетті борышы һәм міндеті болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тәшенев Ж. Өткен күндер елесі. — Алматы: Қазақстан, 1998.

2. Қойшыбаев С. Қазақстан қайраткерлері: тарихи деректер мен өмірбаяндар жинағы. — Алматы: Арыс, 2010.

3. Сүлейменов К. Жұмабек Тәшенев — ұлт мүддесін қорғаған тұлға. — Астана: Елорда, 2012.

4. Әлімжанов М. Тарих беттеріндегі Тәшенев тұлғасы. — Алматы: Білім, 2015.

5. Мұстафин С. Ел мен жер тағдыры: Тәшенев тағылымы. — Шымкент: Оңтүстік, 2018.

6. Сәрсенбаев Н. Ұлттық тұтастық жолындағы күрескер. — Алматы: Ғылым, 2009.

7. Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты. Құжаттар мен материалдар жинағы. — Астана, 2006.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА СЫНЫПТАН ТЫС ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Жексембаева Ж.Р.
Педагогика және психология кафедрасының оқытушы-дәріскері, п.ғ.к.
Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.
sunny_zhadra@bk.ru, https://orcid.org/0000-0001-5473-7604
Русланқызы Мерей – педагогика және психология білім беру бағдарламасы 3курс білімгері

Аңдатпа. Мақалада экологиялық тәрбиені зерттеген шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың жұмыстарына талдау жасалды. Бастауыш сыныптардың түсінігі, мазмұны, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктері, олардың психологиялық ерекшеліктері, жас ерекшеліктері, физиологиялық даму ерекшеліктері, сабақтан тыс уақытта жүргізілетін Экологиялық жұмыс сипатталған. Экологиялық түсінікті дамыту деңгейлерінің көрсеткіштері кестеде келтірілген. Педагог И. Д. Зверев

тәрбиеленушіге педагогикалық әсер етудің бірінші кезеңі ретінде, ең алдымен, оқушы табиғаттың сұлулығын түсініп, осы сұлулықты сақтау үшін адамгершілік, азаматтық борыш туралы түсінік беруі керек екендігіне назар аударатынын, экологиялық күйзелістердің болуы немесе болмауы антропогендік факторға, экологиялық мәдениетке, сауаттылыққа, жоғары деңгейге байланысты екенін атап өтті экологиялық білім деңгейі.

Кілт сөздер: экология, экологиялық тәрбие, экологиялық білім, бастауыш сынып, зерттеуші-ғалым, қоршаған орта, табиғат.

Abstract. The article analyzes the work of Foreign, Russian and Kazakh scientists who studied environmental education. The concept, content of primary classes, age characteristics of Primary School students, their psychological characteristics, age characteristics, features of physiological development, environmental work carried out outside the classroom are described. Indicators of the levels of development of environmental understanding are presented in Table. Teacher I. D. Zverev emphasizes that as the first stage of pedagogical influence on the pupil, first of all, the student must understand the beauty of nature and give an idea of moral, civic duty to preserve this beauty, the presence or absence of environmental shocks depends on the anthropogenic factor, ecological culture, literacy, high level of environmental education.

Key words: Ecology, Environmental Education, Environmental Education, Primary School, researcher-scientist, environment, nature.

Әрбір саналы адамның экологиялық көзқарасын қалыптасыру – адамның мінез - құлқы мен іс - әрекетін осы бағытта қамтамасыз етуге ықпал жасау үшін бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Қазіргі таңда жеке ғылым болып жүйелі зерттеліп келе жатқан экология саласының өзіндік ерекшеліктерін ескеруіміз қажет. Қазіргі кезеңде қоғамның даму бағыты бүкіл оқу-тәрбие жұмысының алдына жас жеткіншектердің тілін, ақыл-ойын, жалпы білім деңгейін, дүниетанымын дамыту мәселесін қойып отыр. Қазақстан Республикасы тұрақты дамудың жаңа жолына түскен кезеңде жас ұрпақты ізгілікке, эстетикаға, отансүйгіштікке баулитын экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы арта түсуде. Себебі, «адам – қоғам – табиғат» жүйесіндегі қарым-қатынастардың шиеленісуі жылдан-жылға күшейіп, экологиялық зардаптар тіршілікке қауіп төндіріп отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің бұйрығымен «Білім туралы» Заңы (1999), «Айналадағы ортаны қорғау туралы» Заңы (1997), «Қазақстан Республикасы стратегиялық тұрақты даму жолына арналған 2030 бағдарламасы» (1996), «Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы» (1997), «Қазақстан Республикасы экологиялық білім мен тәрбие берудің ұлттық стратегиясы» (1998), «Экологиялық білім бағдарламасы» (1999), «Қазақстан Республикасы орта білім берудің мемлекеттік стандарттары» (1998), «Қазақстан Республикасы 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздікті сақтау тұжырымдамасы» (2004) және т.б. құжаттар қабылданды. Мектеп жасындағы балаларға қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарын таныстыру арқылы олардың бір-бірімен байланысын ғылыми түрде түсіндіру барысында балаларда алғашқы табиғат туралы ұғым негіздері қаланады. Балалардың мұндай табиғат жайында алған қарапайым дүниетанымдық ұғымдары, олардың бастауыш сыныпта дүниетанымды оқыту барысында және жоғарғы сыныптарда биологиялық пәндер бойынша берілетін білім жүйесінің алғашқы баспалдағы болмақ. Сондай-ақ табиғат заңдылығын жеңіл түрде ұғындыра отырып, берілетін білімнің өзара байланысы мен сабақтастығын қамтамасыз етуде баланың дүниетанымы кеңейіп, тереңделіп, толықтырылады. [1]

Экологиялық тәрбиені зерттеген Қазақстандық ғалымдар: Н.С. Сарыбеков, Қ-Д.Н. Сарыбеков, М.Н. Сарыбеков, М.А. Лигай, Ә.С. Бейсенова, Ж.Р. Жексембаева және т.б. Ғалым Н.С. Сарыбеков «Экологиялық білім мен тәрбие берудің теориялық және әдістемелік негіздері» мақаласында экологиялық мәдениет, тәрбие проблемалары сан қырынан көрініс тапқан. Ал ғалым А.С. Бейсенова еңбегінде Қазақстан Республикасының орта мектептерінде экологиялық білім беру мәселесін теориялық негіздеп, оған ғылыми-

әдістемелік жағынан талдау жасаған. Бұл ғалымдар мектептегі оқу-тәрбие үрдісінде сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінде төменгі сынып оқушыларының бойында экологиялық тәрбие қалыптастырудағы мүмкіндіктерді ғылыми негізделген тұрғыда пайдаланған.

Экологиялық тәрбиені зерттеген ресейлік ғалымдарды В.И. Коробкин, О.Е. Приходченко, Н. Киселев айта аламыз. Бұл ғалымдар экологиялық жүйелерді зерттеп, оларды анықтауға көмектесіп, экологияның негізін қалауға ұмтылған жағдайларда экологиялық мәселелерді шешудің жолдарын табуға көмек көрсетті.

Экологиялық тәрбиені зерттеген шетелдік ғалымдар А. Тенсли, В.Н. Сукачев, А. Лотка, В. Вольтерра, Г.Ф. Гаузе және т.б. Бұл ғалым экологиялық жүйе туралы алғаш рет түсіндірген. (2) В.Н. Сукачев. Бұл ғалым қоршаған физикалық ортамен зат және энергия алмасып отыратын азғалар кешенін сипаттайтын экожүйе және биогеоценоз түсініктерін анықтаған болса, А. Лотка, В. Вольтерра сынды ғалымдар популяциялар арасындағы әсерлесулерді сипаттайтын матем. модельдер құрады. Бұл ғалым модельдерді эксперимент барысында тексерген. [2]

Бастауыш мектеп кезеңіне 7-10 жас аралығындағы балалар жатады. Бұл кезеңде баланың денесі едәуір дамып, бұлшықеттері мен шеміршектері, сүйектері нығайып, табаны сүйектенеді, омыртқасы, барлық мойын, арқа бел бүгілістері дамиды. Мидың маңдай бөліктерінің жетілуі баланың психикалық іс-әрекеті мен жүйкесінің қалыптасуына үлкен рөл атқарады. Жекелеген психикалық үрдістердің қарқынды дамуы баланың бастауыш мектеп шағында жүзеге асады. Бұл кезде балада қабылдау қабілеті жетіледі**. Көру мен есту қабілеті дамып, түстерді айқын ажырата алады.** Қабылдаған заттардың қасиеттері мен сапаларын меңгереді. Қоғам өміріндегі жаңа негіздерге бақылампаздығы артып, қабылдауын басқарып, оны қажетті мақсатқа бағыттай алады.

Бастауыш мектеп кезеңінде негізгі іс-әрекет оқу болғандықтан, баланың барлық психикалық үрдісіне өзгеріс енеді. Іс-әрекетке белсенділігін көрсете отырып, ақыл-ой еңбегін зейін арқылы жүзеге асырады. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктері: қабылдаудың өткірлігі мен балғындығы; қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайды; ұқсас объектілерді қабылдап, дифференциацияда дәлсіздіктер мен қателіктер тудырады және зейін дамиды, оның көлемі 2 есе артады. Бастауыш мектеп оқушыларының ерекшеліктері: Жас ерекшелігі. 7–10 жас аралығындағы балалардың тұлғалық қасиеттерін көрсетеді. [3]

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың даму ерекшеліктері: Физиологиялық өзгерістер. 6 жастан 12 жасқа дейінгі аралықта бала денесінің салмағы екі есе артып, 18 килограммнан 36 килограмға дейін артады. Жүйке жүйесінің жетілуін келсек жүйке жасаушалары арасында жаңа байланыстар түзіліп, мидың жарты шарында икемділік күшейеді.

Сыныптан тыс жұмыстардың бір түрі ғылыми жұмыс. Оқушылардың ғылыми зерттеулерін жүргізуге, олардың өз беттерімен жаңа ғылымның жетістіктерін үйренуге жетелейді. Әңгімелесу. Мұғалімдердің оқушыларымен әңгімелеу. Олимпиада. Білім алушыларды білім беруге қызығушылықты арттыруға, ой-өрісін және танымдық қабілеттін дамытуға, шығармашылыққа баулуға, өз ойын еркін жеткізе білуге және өткенді шапшаң еске түсіруге үйретуге мүмкіндік береді. Өлкетану. Елін, жерін жете тануға, өзі өлкесін білуде тиімді жұмыс түрі. [4]

Бұл арнайы экологиялық түсінікті игеру деңгейлері төмендегі көрсеткіштер арқылы анықталды. Арнайы экологиялық түсінікті меңгеру сипаттамасы 1 таблицада келтірілген

№				
	деңгейі тобы	жоғары	орта	төмен
1	Бақылау тобы (21 бала)	5	7	9

2	Эксперименттік топ (24 бала)	6	8	10

Кесте 1. Арнайы экологиялық түсінікті меңгеру деңгейі.

Сыныптан тыс экологиялық тәрбие беруге болады: мұғалім әңгімесі, пікірталас, экологиялық әдебиеттер мен басылымдарға шолу, тақырыптық кештер, роликті ойындар, компьютерлік экологиялық ойындар, эколог-мамандармен кездесу, конференциялар, табиғат туралы көркем-суреттерге конкурс, экологиялық плакаттар конкурсы, мектеп мұражайы, туған өлке табиғатын зерттеу. Экологиялық білім мен тәрбие табиғат ресурстарын тиімді пайдалану және қоршаған ортаны қорғауда белсенді әрекет жасай алатын жеке тұлғаның экологиялық сенімін қалыптастырып, белсенділігін көтереді.

Білім беру жүйелері үнемі дамып, жаңарып отыратын үрдіс. Қазіргі ғылым, техника, мәдениет дамуына сай келетін техникалық құралдар, компьютерлер, электрондық оқулықтар, бағдарламалар қажет. Мектептерде игеретін кәсіби мамандықтарды экологиялық сауаттылықпен, біліктілікпен ұштастырып, экологиялық білім беруді жетілдіре түссе қоршаған ортаны қорғаудың тиімді жолдарын ашары сөзсіз. Оқушылардың сапалы экологиялық білім алуы үшін оқу – тәжірибелік жұмыстарын өндірістік орындарды және ғылыми зерттеу мекемелерінде өткізсе, тіпті құба – құп. Экологиялық білім деңгейін көтеруде радио – теледидардан берілетін хабарлардың, дәрістердің, Интернеттен алынатын экологиялық деректердің оқушылардың экологиялық санасын қалыптастыруда рөлі айрықша. [5]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақпараттық-компьютерлік технологиялар негізінде экологиялық білім берудің педагогикалық негіздері. Әль-Фараби ат. ҚҰУ, Хабаршы журналы, педагогикалық ғылымдар сериясы, №3 (22), Алматы, 2007. 112-114 б.(К.М.Беркімбаев, Ж.Ахметовамен бірлестікте).

2. Экологиялық білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану. // Білім-Образования. 2007. №4, 101-103 б.(К.М.Беркимбаевпен бірлестікте)

3. Ақпараттық-компьютерлік технологиялар негізінде экологиялық білім берудің педагогикалық негіздері. // Хабаршы. 2007. №3 (22). 112-114 бет.(Беркінбаев К.М., Ахметова Ж.)

4. Оқушыларға экологиялық білім берудегі инновациялық мәселелер. // Менеджмент в образованиях. Алматы, 2007.

5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Астана.1988ж.

ЕЛДЕГІ АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БОЙЫНША ШЕТ ЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ШОЛУ

Темирова Ж.Ж.
«Экономика және басқару» кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.к.
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
zhannat_temirova@mail.ru, https://orcid.org/ 0009-0009-9031-0865
Зафер Бариш Гюл
профессор, э.ғ.д.,
Акдениз университеті, Туркия, Анталья қ.,
Онгарова Г.Т.
магистр-аға оқытушы, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ жанындағы
Ж.Аймауытұлы атындағы көпсалалы колледжі, Шымкент қ.
gulmira_1907@mail.ru, https://orcid.org/0000-0001-7389-6475

Аңдатпа. Бұл мақалада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі әрбір елдің мемлекеттік саясатының маңызды басымдықтарының бірі екендігі және ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі болып табылатыны көрсетілген. Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тиімді стратегия әзірлеу кезінде шетелдік озық тәжірибені және жаһандық үрдістерді зерттеу маңызды рөл атқарады.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы құжатты дайындауда әлі де шешімін таппаған көптеген мәселелер бар, сондықтан бұл үшін арнайы концепцияны әзірлеу қажет. Осыған орай, Қазақстанда азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты концепцияны дайындау өте маңызды. Бұл жоба аясында халықтың төлем қабілеттілігі, азық-түлік өнімдерінің кедендік және тарифтік бақылауының тиімділігі, азық-түлікті тұтынудың физикалық нормалары мен өнім сапасы сияқты негізгі мәселелер қарастырылуы керек. Бұл жобаны қаржылық және бюджеттік институттардың көмегімен жүзеге асыру елдегі азық-түлік қауіпсіздігін тұрақтандыруға толық мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: азық-түлік, протекционистік саясат, экспорт, азық-түлік нарығы, мемлекеттік қолдау, ауыл шаруашылығын

Әр елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдері оның экономикалық жағдайына, ауыл шаруашылығының даму деңгейіне, сондай-ақ халықаралық сауда қатынастарынан тәуелді. Протекционистік тәсіл ішкі нарықты қорғауға бағытталған, яғни сыртқы бәсекелестіктен қорғап, елдің ауыл шаруашылығын дамытуға көңіл бөледі. Бұл тәсіл көбінесе Жапония мен Норвегия секілді елдерде қолданылады, олар өздерінің ауыл шаруашылығы өнімдерін ішкі нарықта сақтап қалуға және сырттан келетін өнімдерге шектеулер қоюға ұмтылады.

Экспортқа бағытталған тәсіл АҚШ сияқты елдер үшін тән, онда басты мақсат – өндірілген өнімдерді әлемдік нарыққа шығару. Бұл тәсіл ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін арттыруға және сапасын жақсартуға мүмкіндік береді, бірақ бұл ішкі нарықтағы азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін.

Аралық тәсілдің артықшылығы оның икемділігінде: елдер өздерінің нарықтарын қорғап, сонымен қатар халықаралық сауданы дамытуға тырысады. Мысалы, ЕО елдерінде экспорт пен ішкі нарық қажеттіліктерін үйлестіруге арналған бірнеше амалдар бар. Бұл модель азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде түрлі аспектілерді теңгерімді түрде қамтуға мүмкіндік береді.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әртүрлі тәсілдер арасында балансты сақтау өте маңызды. Әр тәсілдің өзіндік артықшылықтары мен қиындықтары бар, сондықтан мемлекеттер осы факторларды ескере отырып, тұрақты және теңдестірілген саясатты қалыптастыруға тырысады.

Протекционистік және экспортқа бағытталған тәсілдер арасындағы негізгі айырмашылық ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың көлемі мен үлесінде байқалады. Мұндай елдерге Норвегия, Швейцария, Корея, Жапония және Исландия жатады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының 2024 жылғы статистикалық мәліметтері бойынша, бұл мемлекеттерде ауыл шаруашылығына көрсетілетін мемлекеттік қолдау әлемдегі ең жоғары деңгейде болып табылады. Мысалы, Норвегияда бұл көрсеткіш 58,4%, Швейцарияда – 56,5%, Кореяда – 51,1%, Жапонияда – 49,2%, Исландияда – 47,7% құрайды. Ал Канадада мемлекеттік қолдау деңгейі 9%, Қытайда – 20,2%, Еуропалық одақ елдерінде – 18%, Австралияда – 2,3%, АҚШ-та – 10%, Ресейде – 9%, Қазақстанда – 6,5% болды [2].

Әлемнің әртүрлі аймақтарында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі әртүрлі қиындықтарға тап болады. Көптеген дамыған елдерде азық-түліктік қауіпсіздік толығымен шешілмегенімен, жеткілікті деңгейде қамтамасыз етілген. Мұндай елдерге АҚШ, Канада, Австралия және Жаңа Зеландия жатады, оларда ішкі азық-түлік нарықтарын импорттан қорғау деңгейі жоғары. Алайда, табиғи жағдайлары қолайсыз елдерде, азық-түліктің көп түрлерін өндіре алмайтын мемлекеттерде бұл мәселе күрделене түседі. Бұл тұрғыда Жапонияның азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәжірибесі ерекше назар аударарлық.

Жапонияның азық-түлік нарығын қорғау тәжірибесі өте күрделі және жоғары деңгейде. Елдегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құны табиғи жағдайлар салдарынан өте жоғары, ал ашық нарық жағдайында бұл сала бірнеше жыл ішінде дағдарысқа ұшырауы мүмкін еді. Сондықтан Жапония өз ішкі нарығын импорттық өнімдермен бәсекелестіктен қорғауға бағытталған шараларды белсенді түрде қолданады.

Жапонияда кедендік емес шаралар басым болып табылады. Жер ресурстарының шектеулігі (бір шаруашылыққа тек 1,6 га ауыл шаруашылық жері тиесілі, ал АҚШ-та бұл көрсеткіш 123 есе, ЕО елдерінде 12 есе артық) және азық-түліктің жетіспейтін түрлерін қамтамасыз ету үшін әлемдік нарыққа тәуелділік (елде азық-түліктік қамсыздандыру деңгейі 40%, бұл әлемнің дамыған елдері арасында ең төменгі көрсеткіш) Жапонияны сыртқы нарықтағы экономикалық және саяси өзгерістерге осал етеді. Осы себепті, азық-түліктік және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жапон үкіметі ерекше саясат жүргізеді.

XX ғасырдың 50-60 жылдары аграрлық секторда жүргізілген ауқымды жүйелік және құрылымдық өзгерістердің нәтижесінде, жер ресурстарының тапшылығына қарамастан, ішкі өндіріс арқылы азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі жоғарылады. Азық-түлік қауіпсіздігін реттеу үшін аграрлық протекционизм саясатының маңызды рөлі бар, сонымен қатар сыртқы саудадағы тиімді саясат та елдің дамуына әсер етеді. Мемлекеттік реттеу ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық тізбегін қамтиды, оның ішінде өндірісті ынталандыру, өнім сатып алуды субсидиялау және халықаралық бәсекелестік жағдайында ішкі өндірушіні қорғау шаралары бар.

Жапонияның экономикасы халықаралық экономикалық байланыстарға терең интеграцияланғанымен, үкімет ішкі азық-түлік нарығын қорғауды басты мақсат етіп қояды. ДСҰ-ға мүше бола тұра, Жапония ауыл шаруашылығын ырықтандыру процесін баяулатуға және жоғары тарифтік баждарды сақтауға мүмкіндік алады.

Бұл процесс тек әлемдік нарықтағы қатал бәсекелестікке төтеп бере алатын өнімдерге бағаны кезең-кезеңімен төмендету арқылы жүзеге асырылады. Ішкі ауыл шаруашылығын сыртқы бәсекелестіктен қорғау — азық-түліктің отандық өндірісін дамыту үшін маңызды шарт. Елдің негізгі ауыл шаруашылығы өнімдерінің бірі — күріш. Жапонияда күріш көтерме саудасында мемлекеттік және корпоративтік монополия орнатылған. Ауыл шаруашылығы министрлігі бақылауындағы корпоративтік бірлестіктер күріштің негізгі және көбінесе жалғыз сатушысы болып табылады, олар жоғары бағамен сатып алу арқылы ішкі өндірісті ынталандырады, елдің азық-түлікпен қамтылуын

қамтамасыз етеді, күріш қорларын қалыптастырады және импорттан бас тартуға мүмкіндік береді [4].

Ауыл шаруашылығында заманауи агротехнологияларды енгізу, тұқымдарды таңдауды жетілдіру, жоғары деңгейде энергиямен қамтамасыз ету, тыңайтқыштар мен химиялық заттарды кеңінен пайдалану және суландыруды қолдану жерді интенсивті өңдеуге және дәнді дақылдардың өнімділігін әлемдік деңгейге дейін арттыруға мүмкіндік берді. Барлық процестердің механизациялануы мен аграрлық химияның соңғы жетістіктерін жаппай қолдану Жапонияның ауыл шаруашылығын техникалық тұрғыдан жоғары деңгейде қамтамасыз етті, бұл ішкі нарықты азық-түліктің негізгі түрлерімен үздіксіз қамтамасыз етуді қамтамасыз етеді. Жерді өңдеу ел үшін стратегиялық маңызды болып табылады, өйткені ол азық-түлік өнімдерінің негізгі түрлерін өндіруде маңызды рөл атқарады (күріштің жартысынан көбі, сондай-ақ жидектер мен ет-сүт өнімдерінің 50-90% осы салаға тәуелді).

Ең басты ауыл шаруашылығы дақылы — күріш, ол өңделетін жердің шамамен 55%-ын алады. Қытай бұршағы, бидайдың негізгі бөлігі және техникалық дақылдардың көп бөлігі импортталады. Сұраныстың өзгеруіне байланысты ауыл шаруашылығы өндірісінің құрылымы да өзгеруде: мал шаруашылығының, әсіресе шошқа және құс шаруашылығының үлесі өсіп келеді. Сонымен қатар, күріш өндірісінің азаюы нәтижесінде көкөніс шаруашылығы мен бақша дақылдарын егу үлесі артты. Шошқа өсіру мен құс шаруашылығының өсуі мал шаруашылығын қарқынды дамып келе жатқан салаға айналдырды. Ірі қара мал санының артуы сүт малдарының көбейуімен байланысты.

Қазіргі уақытта Жапонияның сүт өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі 70%-дан аспайды, ал ет бойынша бұл көрсеткіш 53%-ды құрайды. Жайылым жерлерінің жетіспеушілігі салдарынан Жапонияда мал санын ішкі нарықтың қажеттіліктерін толық қамтамасыз ету деңгейіне жеткізу мүмкін емес. Өңделетін жерлердің тапшылығы мен жем-шөп өндірісінің проблемалары — елдегі мал шаруашылығының дамуына кедергі келтіретін негізгі факторлар [4].

Жапонияның азық-түліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәжірибесі, ауыл шаруашылығын дамыту үшін барлық қажетті шарттары бар мемлекеттер үшін де, табиғи ресурстары шектеулі елдер үшін де үлгі бола алады.

Азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз етуде экспортқа бағытталған тәсілді көбінесе аграрлық және экономикалық әлеуеті жоғары мемлекеттер қолданады, соның ішінде АҚШ та бар. АҚШ-тың ауыл шаруашылығы саласында халықтың тек 1%-ы жұмыс істегенімен, ел өз ішкі өндірісі арқылы азық-түлік қажеттіліктерін толығымен қанағаттандырып, әлемдегі азық-түлік экспортында көшбасшы болып табылады. Қазіргі уақытта АҚШ ішкі нарықтың негізгі азық-түліктерге деген сұранысын толығымен өтейді және бидайдың әлемдік қорын толықтыруда маңызды рөл атқарады. АҚШ әлем бойынша шетелдерге ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау көлемі бойынша бірінші орында, оның әлемдік ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісіндегі үлесі 15%-ды құрайды. Бидай, жүгері, қытай бұршағы және жемістер сияқты негізгі азық-түлік пен мал азығы дақылдарының әлемдік саудасындағы АҚШ-тың үлесі жоғары [5].

Экспортты субсидиялау АҚШ-қа ауыл шаруашылығы саласында әлемдегі жетекші орынға ие болуға мүмкіндік берді. АҚШ-та аграрлық бағаларды қолдау деңгейі 50%-ды құрайды, ал фермерлердің пайдасының 21%-ы мемлекеттің тікелей субсидияларынан келеді [5].

Мұндай қолдау фермерлерге өнім өндірісін үлкен көлемде жалғастыруға және екі түрлі фактордың, яғни мемлекеттік субсидиялар мен өндіріс масштабының артықшылықтарын пайдалану арқылы қосымша бәсекелестік басымдылықтарға қол жеткізуге ынталандырды. АҚШ-та фермерлік жерлердің орташа көлемі шамамен 200 гектарды құрайды. Ірі шаруашылықтардың жоғары механизациялану деңгейі бұл фермаларды 15-20 адамның ғана көмегімен тиімді басқаруға мүмкіндік береді. 2011 жылғы деректерге сәйкес, елдегі 141 мың ірі шаруашылық (бұл бүкіл ауыл шаруашылығы

ұйымдарының 8%-ын құрайды) елдегі барлық ауыл шаруашылығы өнімінің 65%-ын өндіреді.

Сонымен қатар, АҚШ агроөнеркәсіптік кешенінің қарқынды дамуына тек аграрлық экспортты субсидиялау ғана емес, сондай-ақ озық технологияларды енгізу және ауыл шаруашылығының инновациялық дамуына көшу арқылы қол жеткізілген өндіріс тиімділігінің артуы да маңызды әсер етті.

Бүгінде АҚШ-тағы «Азық-түліктік қауіпсіздік туралы» заң елдің маңызды саяси құжатына айналды. Онда агроазық-түліктік кешеннің ел экономикасы мен қорғанысы үшін ғана емес, сонымен қатар халықаралық көшбасшы позицияларды иелену үшін де стратегиялық мәні бар деп бекітілген [5].

АҚШ үкіметі азық-түліктің қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, ауыл шаруашылығы шикізаттары мен азық-түлік нарықтарының ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етеді. АҚШ-тың азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі икемді және ғылыми негізделген заңнамаға сүйенеді. Елдің азық-түліктік қауіпсіздігі саясатының негізгі қағидалары келесідей [5]:

- ауыл шаруашылығы өндірісін қолдау;
- ауылдық аймақтардың инфрақұрылымын дамыту;
- пайдалы тамақтану мен салауатты өмір салтын насихаттау;
- сыртқы сауданы кеңейту;
- ауыл шаруашылығы өнімдерінің әлемдік нарықтарына барынша интеграциялану.

Шетелдік тәжірибеде кедейлерге көмек көрсету мен ауыл шаруашылығын қолдау мақсатында азық-түлікке қол жеткізуді арттыру үшін ұзақ уақыт бойы және табысты түрде азық-түлік көмегінің ішкі механизмдері қолданылып келді. Бұл тұрғыда Бразилияның тәжірибесі ерекше назар аударады, себебі елде көптеген жылдар бойы әлеуметтік теңсіздік жоғары деңгейде болып, халықтың айтарлықтай бөлігі кедейлік шегінен төмен өмір сүріп, азық-түлікке экономикалық қол жеткізуде қиындықтарға тап болды. Сонымен қатар, Бразилияда ұзақ уақыт бойы парадоксальды жағдай орын алды, яғни айтарлықтай азық-түлік тапшылығы мен аштық елдің үлкен өндірістік әлеуетімен және азық-түлік экспортымен қатар жүрді. 2003 жылдан бастап Бразилия әлемге кеңінен танылған «Нөлдік аштық» (Fome Zero) стратегиясын іске асыра бастады, бұл бірнеше ірі бағдарламалардың негізінде жүзеге асты:

1. **«Отбасылық субсидия»** — аз қамтылған отбасыларға ақшалай субсидия беру бағдарламасы (PBF - Programa de Bolsa Familia). Бұл бағдарлама белгілі бір талаптарға сәйкес, кедейлік және аса қиын жағдайларда өмір сүретін отбасыларға арналған тікелей ақша аударымдарын ұсынады. Бағдарлама аясында жеңілдіктер алу үшін балалардың мектепке баруы және жұқпалы ауруларға қарсы тұрақты вакцинация алу талап етіледі.

2. **Мектептерде тамақтандырудың ұлттық бағдарламасы** (PNAE - Programa Nacional de Alimentacao Escolar) — мектептер мен мемлекеттік орталықтарда балаларды тамақпен қамтамасыз ететін бағдарлама.

Жоғарыда аталған бағдарламалардың Бразилияда іске асырылуы елдің азық-түлікке қол жеткізуді арттыру саласындағы маңызды жетістіктерінің негізі болып табылады. Атап айтқанда, сапалы тамақтану және азық-түлік қауіпсіздігі құқығы Бразилия Конституциясына енгізілген. Конституцияға сәйкес, тамақтану құқығы Бразилия азаматтарының білім алу, денсаулық сақтау, еңбек және тұрғын үй сияқты басқа да әлеуметтік құқықтарымен тең дәрежеде қарастырылады.

Бразилия азаматтарының тамақтануға құқығын қамтамасыз ету үшін органикалық тамақ туралы заң (LOSAN) қабылданған. Осы заң негізінде 2006 жылы ұлттық азық-түлікпен қамтамасыз ету жүйесі (SISAN) құрылып, халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету стратегиясын әзірлеу барысында, әсіресе азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі кеңестер (CONSEA) арқылы көпшіліктің қатысуы қамтамасыз етілді. Әлеуметтік салада мемлекеттік саясатты әзірлеу және тұрғындардың азық-түлікке қол жетімділігін қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізу, сондай-ақ қол жетімділік деңгейін бақылау

және халықтың тамақ тұтынуының мониторингі жүргізіледі [6].

«Нөлдік аштық» стратегиясының іске асуы нәтижесінде 2004-2009 жылдары ел тұрғындарының ең төменгі жалақы деңгейіне тең немесе одан жоғары табыс алатындардың үлесі 29%-дан 42%-ға дейін, яғни 51,3 миллионнан 77,9 миллион адамға дейін өсті. Өте кедейлердің саны айтарлықтай азайды (44%-ға), олардың ел халқының жалпы құрылымындағы үлесі 15,1%-дан 8,4%-ға дейін төмендеді. Осылайша, Бразилияда ішкі азық-түлік көмек тетігі енгізіліп, сәтті жүзеге асты, бұл азық-түлікке экономикалық қол жетімділігі жоқ халықтың санының азаюына ықпал етті.

Ішкі азық-түлік көмегі институтының негізін қалаушы ретінде АҚШ саналады, мұнда тиісті тетіктердің құрылуы мен енгізілуі Ұлы депрессия кезінде басталды. Мұндай қолдаудың тиімді механизмдері мұқтаж адамдарға азық-түлік көмегі бағдарламалары арқылы халықтың азық-түлік өнімдерін түпкілікті тұтынуын ынталандыруды көздеді.

Осылайша, Америка Құрама Штаттарында ішкі азық-түлік көмек жүйесі адамдардың азық-түлікке әлеуметтік және физикалық қол жетімділігін қамтамасыз етудің көп мақсатты құралы болып табылады. Әлеуметтік қол жетімділік кедейлердің азық-түлік сатып алуға мемлекет тарапынан кепілдендірілген қабілетін қалыптастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Ал физикалық қол жетімділік аграрлық секторға кепілдендірілген сұранысты қалыптастыру арқылы, яғни ауыл шаруашылығы өнімдерін жанама түрде ынталандыру арқылы артады.

Отандық ғылыми ортада азық-түлік көмегі жүйесіне жеткілікті түрде көңіл бөлінбейді, сондықтан осы тақырып бойынша жарияланымдардың саны өте аз. Бұл мәселені қазіргі уақытта зерттеу жұмыстары теориялық және әдіснамалық тұрғыдан аса маңызды болып табылады.

Жоғарыда келтірілген талдаулар негізінде азық-түліктік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында импорттық жеткізілімдерді ең төменгі деңгейге дейін қысқарту және импорттық тәуелділікті азайту бағытында қабылданып жатқан шараларды, сондай-ақ экономика салалары бойынша қабылданатын шешімдерді қайта қарастыру қажет. Экономика секторларының соңғы өнімдері (шығарылымдары) жоғарыда аталған талдауларға сәйкес ұлғайтылуы немесе өзгертілуі тиіс.

Сонымен қатар, жаңа өндіріс және өнеркәсіп салаларын құру және бұрынғы құрылымдарды жою немесе жаңа тауарлар категориясына көшіру қажеттілігі туындауы мүмкін. Жалпы алғанда, аталған талдаулар негізінде азық-түліктік қауіпсіздікті және елдің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында стратегиялар мен іс-шаралар кешенін қалыптастыру мүмкін болады [7].

Жаһандану және Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуы жағдайында азық-түлік қауіпсіздігі жүйесін тиімді құру мәселесі өзекті болып отыр, сонымен қатар азық-түлік саласындағы тұрақтылық әлемдік қауымдастықтың жаһандық проблемасы болып табылады. Бұл мәселе барлық мемлекеттердің ұлттық саясатының басымдықтарын айқындайды. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы шикізаты мен оны қайта өңдеу өнімдерінің бағасының айтарлықтай өсуіне байланысты қазақстандықтар үшін азық-түлік тауарларының экономикалық қолжетімділігі төмендеді [8].

Азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты басқа мемлекеттердің жүргізіп жатқан шаралары да ерекше назар аударуды қажет етеді. Мұндай санкциялар ауыл шаруашылығы саласының дамуына, шаруа қожалықтарының жұмысын тежеп, елдің азық-түлік қауіпсіздігіне зиян келтіруі мүмкін. Осыған орай, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің өзекті мәселелері, оның ішінде импортты алмастыру және ауыл шаруашылығын дамыту мәселелері пайда болады.

Азық-түліктің физикалық қол жетімділігі елдің тұрғындары үшін салауатты өмір салтын ұстану мақсатында қажетті қоректік тағамға физиологиялық тұрғыдан қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын көлемде және мөлшерде азық-түлікке қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету арқылы анықталады. Азық-түліктің физикалық қолжетімділігін өлшеу үшін ФАО ұсынған негізгі индикаторлар мыналар: елдің барлық

аумағында азық-түлікті жеткізу мүмкіндігін айқындайтын жолдардың тығыздығы және халықтың 1 километрден аспайтын қашықтықта ауыз су көздеріне қолжетімділігі бар үлесі.

Қазақстанда ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу өндірісі мен тұтынуы осы өлшемдерге сәйкес ерекшеленеді, сондықтан азық-түлік қауіпсіздігінің әрбір элементі бойынша жағдайды саралап қарастыру қажет.

Жер шарындағы халық санының жылдам өсуі, әлемдік ауыл шаруашылығының өндірістік әлеуетінің шектелуі және табиғи ортаның өтемдік мүмкіндіктерінің қысқаруы жағдайында азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі одан әрі күрделене түсуде.

Азық-түлік қауіпсіздігі индексі мемлекеттердің саясаты мен олардың институттарының тиімділігін өлшеуге арналған. Зерттеу әлем елдерінің азық-түлік қауіпсіздігі көрсеткіштерін негізгі үш категория бойынша талдауды ұсынады: азық-түліктің қол жетімділігі мен тұтыну деңгейі, тағамның қол жетімділігі мен жеткіліктілігі, сапа деңгейі және тамақ қауіпсіздігі. Бұл категориялар екі түрлі мерзімде өлшенетін 28 түрлі көрсеткіштен тұрады.

Осы өлшемдерге сүйене отырып, 2016 жылы жарияланған ұлттық азық-түлік қауіпсіздігі деңгейіне сәйкес әлемдік рейтингте Америка Құрама Штаттары мен Батыс Еуропа мемлекеттері, оның ішінде Германия, күткендей 8-орында тұр. Ресей бұл тізімде 43 орында. Германияны Еуропалық интеграцияның локомотиві деп атауға болады, себебі ол ЕО елдерінің Біріккен аграрлық саясатын әзірлеуге және іске асыруға белсенді қатысады, оның негізгі міндеттерінің бірі – жалпы еуропалық кеңістіктегі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Көптеген еуропалық елдерде, соның ішінде Германияда, азық-түлік қауіпсіздігі проблемасының басты бағыты тұтынушылардың құқықтарын қорғау, тағамның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны сақтау міндеттеріне көбірек ауысуда. Қазіргі таңда жаңа деректерге сәйкес, кейбір елдерде халықтың жан басына шаққандағы азық-түлікті тұтыну деңгейінің төмендеуі байқалады, ал басқа елдерде азық-түлікке қол жеткізу мүмкіндігінде шиеленіскен теңсіздік жағдайы дамуда. Бұл 2017 жылы әлемдік халықтың азық-түлікпен калория саны жеткіліксіз алу үлесінің одан әрі өсуімен расталады.

Жалпы алғанда, әлемдегі алдыңғы қатарлы елдерде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және отандық өнімдермен өзін-өзі қамтамасыз етуге қатысты көрсеткіштерде біршама ілгерілеу байқалады, бірақ бұл тамақтанудың жаһандық проблемаларын шешуге жеткіліксіз. Керісінше, балалардағы артық салмақ, ересектер арасындағы семіздік және репродуктивті жастағы әйелдердегі анемия мәселелері шешілмей отыр.

Әлем бойынша толық емес тамақтануға қарсы күреске ерекше көңіл бөлінуде. Бұл Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясы (2025 жылға қарай) қойған және ЦУР (2030 жылға қарай) көзделген міндеттерді шешу үшін тамақтану саласындағы іс-шараларды жүзеге асыруға инвестицияларды ұлғайту, стратегиялар мен бағдарламаларды іске асыру аясын кеңейту, саясаттың елдер арасындағы келісім деңгейін арттыру және қосымша ұлттық міндеттемелер қабылдау қажет екенін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

6. Кайгородцев, А.А. Экономическая и продовольственная безопасность Казахстана. Вопросы теории, методологии, практики / А.А. Кайгородцев. – Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2006. – 384 с.

7. Бимендиева,Л.А. Азык-тулик кауипсиздигин камтамасыз етуде алемдик нарыктагы Казакстаннын мумкиндиктери/Л.А.Бимендиева// Вестник КазНУ.Серия экономическая. - 2010.-5.-С.21-23

8. Токобаев Н. К. Экономика Казахстана Продовольственная безопасность // Вестник КазЭУ//Серия Пищевая промышленность. - 2015. - №3. - С. 23-27 . - ISSN 1563-0358

Бүгінгі қоғамның әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресі қарқынды дамып отырған заманда адамның интеллектуалдық еңбек үлесі өсіп, білім деңгейіне және әрбір жеке тұлғаның шығарм ашылық даралығының дамуы мен кәсіби бағыттылығына қойылатын талаптар арта түсуде. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, олардың біліктілігін арттыру» мәселесі аталып көрсетілген [1].

Жалпы білімнің басты үш міндеті бар, олар: баланың өзіндік жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету, және оны болашақ белгілі бір кәсіпке даярлау. Осы

үш міндеттің ішінде қоғамдық даму күрделенген сайын баланы жастай алдағы кәсіпке бағдарлай әзірлеу – ең көкейкесті мәселеге айналып отырғаны дәлелденді. Қазіргі кезеңде жалпы білімнің міндеті – баланың жалпылама дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оларды жастай өз қабілеті мен қызығуына қарай белгілі бір мамандыққа арнайы бағыттай білу.

Адамның белгілі бір әрекетке бейімделуіне негіз болатын факторлар бөлігіне мыналар кіреді:

- азаматтық қасиеті;
- еңбекке деген қарым-қатынасы, мамандыққа қызығуы;
- тұлғаның кәсіби еңбек бағыттылығы;
- дене және ақыл-ой өрісінің жарамдылығы;
- арнайы қабілеттері (белгілі бір іс-әрекетіне қажетті сапалар);
- білім, дағды, тәжірибе.

Әрбір оқушының сана-сезімі, мінез-құлқы, мәдениеті, өмірге көзқарасы, әртүрлі мамандықтардың ерекшелік сипаттарына қабілеттері бірдей бола бермейді. Олардың өзіндік ерекшелігі - тәрбиесіне, шыққан ортасына да байланысты.

Мектеп – оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы және үйлестіруші орталық. Ал мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын негізінен іске асыратын мұғалім, сынып жетекшісі, еңбек сабағының оқытушысы, сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушы, яғни бүкіл педагогикалық ұжым болып саналады.

Мұғалім оқушыларға терең білімді береді, оны кәсіптік бағдар беру жұмысымен байланыстырады, мамандықты таңдауда оларға көмектеседі, әрбір мектеп бітіруші оқушының тағдырына жауап береді, сынып жетекшілеріне, ата-аналарға көмек көрсетеді. Сынып жетекшісі сыныптағы барлық бағдар беру жұмысын басқарады. Оқушыларды белгілі мамандықты таңдауға даярлайды. Сынып жетекшісі кәсіптік бағдар беру жүйесінің компоненттеріне сүйеніп, оқу-тәрбие жұмысы жоспарында негізгі бағыттарды белгілейді. Мысалы, кәсіптік ақпаратты ұйымдастыру, кәсіптік кеңестер беруге көмектесу, мектеп бітірушілерді жұмысқа орнату т.б

Мектепте оқушылардың кәсіптік деңгейін шыңдауда үйірмелердің атқара рөлі зор. Біздің мектебімізде шығармашылық, дарындылық қабілетін арттыру мақсатында құрылған бірнеше қоғамдық үйірмелер мен клубтар, бірлестіктер бар.

Мектебімізде оқушылардың дарындылығы мен шығармашылығын бірнеше қоғамдық үйірмелер мен клубтар, бірлестіктер бар.

«Қуыршақ» шағын театр үйірмесі, «Қыл қалам», «Жас техник», «Жас жауынгер», «Жас географ», «Жас биолог», «Жас физик», «Жас математик», «Жас информатик», «Мәнерлеп оқу», «Ұлттық ойындар», «Тоғыз құмалақ», «Қазақша күрес», «Жас өркен» үйірмелері, «Назерке» фольклорлық ұлт-аспаптық домбырашылар үйірмесі, «КВН» клубтары жұмыс жасап келеді.

Мұндай үйірме мен клубтардың ұйымдастырылған сыныптан тыс жұмыстар оқушы қабілеті мен дарынын ұштаудың негізгі алаңы. Оқушылардың дарынын дамыту олардың қабілеттілігін ғана арттырмайды, болашақ өмірге дайындап, мамандық таңдауына да әсер етеді. Оқушының шығармашылығын арттыруда балалармен жеке жұмыстың да маңызы ерекше. Мектептен-ақ оқушылар өнер, кәсіп түрлерінен, зияткерлік және интеллектуалдық тұрғыдан ақыл-ойы мен қабілеті жағынан ерекшеленіп тұрады. Олармен жұмыстың нәтижесі қоғам мен мемлекетке, Отанымыздың болашағына өлшеусіз пайда әкеледі. Балалар сурет салады, ән айтады, мүсін салады, аспапта ойнайды, белгілі бір іс-

әрекетке қабілеттілік байқатады. Мектеп мұғалімі осы қабілеттілікті жүйелі дамытып отырмаса, жас жеткіншектің болашақ кәсіби өміріне бағыт-бағдар бере алмайды.[2]

Мектебімізде сонымен қатар дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу практикалық тұрғыда негізінен төрт бағытта ұйымдастырылған. Олар - интелектуалдық, спорттық, өзін-өзі басқарушылық, ұйымдастырушылық,көркемөнерпаздық. Осы аталған бағыт бойынша тоқталатын болсақ, ақыл-ой, тіл, интелектілік жағынан дарындылармен жұмыс оқушыларды ойлауға, есте сақтау қабілеттерін арттыруға, сөйлеу өнеріне, ғылыми тұрғыда ізденуге, жадын дамытуға, пікір таласып ойталқыға түсуге, көркем сөйлеуге үйретеді. Осы негізде ғылыми жобалар жұмысы бойынша төрт оқушымыздың республикалық байқауға жұмыстары ұсынылып, бір оқушымыз жүлдегер атанып, республикалық дарынды оқушылар тізімімен жинаққа енді.

Шымкент қаласында өткен республикалық «Жарқын болашақ» олимпиадасында «Мәнерлеп оқу» байқауы бойынша да оқушымыз жүлдегер атанып, сертификатқа ие болды. «Жас биолог» бағыты бойынша да оқушымыз республикалық «Құс білгірі» байқауына қатысып, жүлделі бірінші орынды иеленді. «Абай-Шәкәрім», «Махамбет», «Мұқағали», «Жұмекен» оқулары бойынша да оқушыларымыз облыстық жүлдеден құр алақан емес.

Спортпен шұғылдану – салауатты өмір салтын ұстанудың маңызды бағыты. Бұл бағытта мектебімізде волейбол, баскетбол, гандбол, шахмат, жеңіл атлетика, тоғызқұмалақ, дойбы, күрес сияқты ойын және спорт түрлерінен сайыстар мен жарыстар, сыныптан тыс шаралар өткізіліп тұрады. Осы бағыт бойынша оқушыларымыз республикалық деңгейден көрініп, жетістіктерге жетіп жүр. Өзін-өзі басқарушылық – ұйымдастырушылық бағытында атқарылған шаралар да оқушылардың қарым қабілетін, дарыны мен шығармашылығын дамытады. Мектепте оқушылардың өзін-өзі басқаруы бағытында құрылған «Шапағат» қоғамдық ұйымының өзіндік орны бар. Ұйым мүшелерінің өзара өзіндік бөлінген және айыны бір рет мектепшілік шара өткізіліп тұрады. Ұйымның құрамындағы оқушылардың тұрғылықты жердегі тұрғындардың әлеуметі төмен, қайырымдылықты, қамқорлықты қажет ететін жалғыз басты қарияларға қол ұшын беріп, мүгедек жандарға көмек беру басты мақсаты. Осы бағытта да ұйым оқушылары өткен оқу жылында «Өмір – ізгілік нәрі» атты республикалық өткізілген шараға қатысып, сертификатқа ие болды. Көркемөнерпаздық бағытында да мектебімізде көптеген шаралар ұйымдастырылып, оқушылар биік тұғырдан да көрініп жүр.

XXI ғасырда қоғамда тәрбие мен білім беру маңызы артуда. Білім беруді модернизациялау жағдайында тұлғаны шығармашылыққа тәрбиелеу,кәсіпке бейімдеу жаңа әдіс-тәсілдермен толықты. Заман талабына сай мектептерде саласы дарынды оқушылармен жеке жұмыс жүргізілуде өзіндік моделі қалыптасқан. Кәсіптік білім мен тәрбие берудегі кәсіпке бейімдеу ерекшеліктерінің оқушы бойында кәсіби және тұлғалық сапаларды жоғары қалыптастыруда маңызы зор.[3]

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді теориялық зерделеу мен мектептердегі тәжірибелік жұмыстар оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауға мүмкіндік береді. Оқушылардың жас шамасына бай ланысты кәсіби құндылық бағдар беруді басқарудың жүйелілігін, сабақтастығын, үздіксіздігін, оқушыларға мектептің, отбасының ықпалын қамтамасыз етеді, жоспар негізінде кәсіби құндылық бағдарды қалыптастырудағы қиындықтар Жанықталынып, негізгі міндеттер белгіленеді.

Кәсіптік білім – оқушылардың әлеуметтік-экономикалық, психикалық-физиологиялық ерекшеліктері бар түрлі мамандықтар туралы білім жиынтығы; сол

кәсіптердің біреуін дұрыс таңдауға жағдай жасау; оқушылардың кәсіби және қоғамдық қызметтерге деген көзқарасын дұрыс тәрбиелеу, психикалық-физиологиялық мүмкіндіктерін және қоғамның әлеуметтік-экономикалық қажеттілігін дұрыс түсінуін қалыптастыру. Өз кезегінде кәсіптік ағарту кәсіптік хабарламадан, кәсіптік насихат пен кәсіптік үгіттен тұрады. Мысалы, оқушыларға ауыл шаруашылығының кейбір салаларына қажетті мамандар жайында хабарлама және сол мамандықтарды оқып үйренуге жағдай жасау, сонымен қатар ауыл шаруашылығына қажетті мамандықтар туралы насихат жүргізу. Бұл жұмыстардың бәрі оқушылардың ой-өрісіне бағыт береді, мұны кәсіптік үгіт деп те қарауға болады. Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде олардың әр саладағы мамандық иелеріне қызығуы үлкен орын алады.

ә) Оқушылардың жеке тұлғасын зерттеу – жеке адамға әсер ету оның психикалық ерекшеліктеріне қарай жүргізіледі. Балалардың ой-өрісі, мақсат, мұраты, пәндерді саналы оқытуда қалыптасады.

Адамдардың белсенділігінің жоғары болуы да пәндерді оқыту арқылы іске асады. Әлеуметтік белсенділікті қалыптастыру – адамдар арасындағы қарым-қатынастың дамуына әсер етеді. Пәнді, білім, білік, дағдыны игеруде, оқушылардың өмір тәжірибесінде, қоғамдық қатынас жүйесінде адамгершілік нормалары орнығады. Оқыту белсенділігі сабақ кезінде ғана емес, сабақтан тыс уақытта да жүзеге асырылады. Оқушылардың мамандық әлемімен, техника негізімен және өндіріс технологиясымен танысуы олардың қызығуына, беіймділігіне, белгілі бір жұмысқа ынталануына көмектеседі. Кәсіби ақыл-кеңес беру арқылы оқушының өзіне тән ерекшелігіне, таңдаған кәсібінің талаптарына баса назар аударылады. Кәсіби кеңес беру оқушыларға әлеуметтік кәсіптік жоспар жасауға көмектесумен ғана шектелмей, олармен бірігіп, жоспарды іске асыру, жалпы және кәсіптік білім алу деңгейін көтеру мәселелерін, мамандық таңдауға идеялық, адамгершілік негіздерінің қалыптасуын, сол сияқты оқушылардың мәдени-өсіп қалыптастырады. Мамандықтар туралы кеңес беру нәтижесі, атап айтқанда, оқушылардың қабілеттеріне байланысты іс-әрекеттерін ұйымдастыру жұмыстарымен тығыз байланысты. Сонымен қатар қызметін атқарады. Мамандық таңдау – мектептен тыс, арнайы зертханада және таңдаған мамандығының өзіне тән еңбек жағдайына байланысты жүргізіледі. Мамандық таңдаудың мақсаты – оқушының белгілі бір еңбек түріне жарамдылығын анықтау.

Қорыта айтқанда, оқушылардың кәсіби біліктілігін, бағдарларын қалыптастыру оқушы тұлғасының дамуымен байланысты. Ал оқушылардың жеке бас дамуынан олардың кәсіби өзін-өзі анықтауын бөліп қарауға болмайды. Міне, осының негізінде ғана оқушылардың кәсіби бағдары ұғымы анықталады. Сондықтан оқушылардың кәсіби бағдарларын олардың кәсіби өзін-өзі анықтауынан бәліп қарастыруға болмайды. Оқушылардың кәсіби бағдарларына кәсіптің бір саласына қызығушылықтары, бейімділіктері мен қабілеттері жатады.

Ұрпақ тәрбиесі - болашақ қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, кәсіпке икемді, ақыл-прасты мол, мәдени ой-өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Болашақ ұрпаққа кәсіби мамандыққа көзқарас, негізінен оқыту-тәрбиелеу ісінің сипатымен анықталады. Кәсіптік білім берудің жалпы мақсаты – жастар бойында кәсіби және тұлғалық сапаларды жоғары қалыптастыру болса, мектеп мұғалімдері оқушыларға кәсіби бағдар беріп, мамандық таңдауға жол сілтейміз.

Мұғалім мен тәрбиеші төмендегі жайттарға ерекше мән берсе:

- оқушылардың бойында ішкі психологиясына, әлеуметтік мәнділікті реттейтін қызмет түрлеріне тәрбиелеу;

- түрлі кәсіп қызметтері мен сыйластық қатынастарына тәрбиелеу;
- мамандықты өз бетінше таңдай білуге баулу.

Сонымен, XXI ғасырды білімділер ғасыры десек, білім қызметкерлері алдында үлкен жауапкершіліктер тұр. Біз жас ұрпақтың кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына бағыт-бағдар беру – басты мақсатымыз екенін естен шығармағанымыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мұғалім және қоғам» №2, 2012
2. «Қазақстан мектебі» № 2, 2011
3. «Қазақстан мектебі» № 11, 2006

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Сапарбаева Жадыра Медетқызы
химия пәнінің оқытушысы, ғылым магистрі
Ғ.Мұратбаев атындағы Жетісай
гуманитарлық-техникалық колледжі.
Түркістан облысы Жетісай қаласы
<zhadyra_0811@mail.ru>

Аннотация: Методы обучения химии и их виды
Abstract: Methods of teaching chemistry and their types
Кілт сөздер: химия, оқыту әдісі,түрлері,зертхана, тәжірибе
Ключевые слова: химия, метод обучения, виды, лаборатория, практика
Key words: chemistry, teaching method, types, laboratory, practice

Химияны оқыту әдістемесінің зерттейтін объектісі – сол пәнді оқыту әрекеті.Химияны оқыту әдістемесі ғылыми оқыту әрекетін методикалық деңгейде зерттейді.Барлық жеке пәндерді оқыту,солардың ішінде химияны оқыту методикасы дидактиканың ашқан жаңалықтарына сүйенеді,оларды өзінің методологиялық негізі ретінде пайдаланады.

Оқыту әдістері дегеніміз- белгіленген оқу мақсатына жету үшін мұғалімнің іс-әрекеті мен оқушы іс-әрекетінің үйлесу түрлері, тәсілі.

Оқытудың мақсаттары мен құралдары тұрғысынан алғанда оқыту әдістері мұғалімнің оқушыларды білім және білікпен қаруландыратын, адамгершілік көзқарас қалыптастыратын құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы .

Оқытудың мақсаты мазмұнын игеру арқылы жүзеге асады. Оқытудың әдістері, құралдары, іс-әрекеті осы мазмұнды меңгеруге бағытталған. Бұл тұрғыдан қарағанда “Химияны оқыту әдістері химия ғылымының мазмұнымен анықталады, өйткені әдіс дегеніміз-мазмұнның ішкі қозғалысы”.

Келтірілген анықтамалардың біреулері дұрыс, екіншісі бұрыс деп айта алмаймыз, өйткені әдістің мәнін ашу үшін оқыту әрекетінің жеке жақтары пайдаланылған. Солардың бәрінің басын қосып, оқыту әдістері дегеніміз- белгіленген мақсатқа сәйкес анықталған мазмұнды игеру үшін мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің үйлесу формалары деген анықтамаға келеміз.

Химияны оқыту әдістері, ғылыми зерттеу әдістерімен ұштасып жатады, оқушылардың химия объектілерін танып-білу әрекетінің ерекшеліктерімен де сипатталады.

Оқыту әдістерінің жіктелуі

Қазіргі оқытудың қалыптасқан дәстүрлі әдістері оқытушы мен оқушылардың қызметінің сыртқы белгілеріне қарап анықталып, білім көздері бойынша жіктеліп жүр.

Сөздік әдістер-оған мұғалімнің әңгімесі, түсіндіруі, әңгімелесіп-кеңесуі, баяндап беруі, дәріс, кітаппен жұмыс кіреді де сөздік әдістер тобына бірігеді.

Сезімдік қабылдау немесе көрнекілік әдістер- тәжірибелер, кестелер, сызбанұсқалар, модельдер, диапозитивтер, кино-фильмдерді көрсету, заттардың үлгісін, жинақтамаларын көрсету, өндірістік құбылыстар мен үрдістерді бақылау, танымжорық-саяхатқа шығу.

Оқытудың саламандық әдістер тобына-зертханалық тәжірибелер, саламандық сабақтар, сан және сапалық-сынақтәжірибелік есептер шығару, аспаптар құрастыру, сызбанұсқа, диаграммалар әзірлеу, графиктер сызу, оқу-тәжірибе үлгісіндегі саламандық жұмыстар, жаттығулар орындау.

Әдістерді жіктеуде химиялық өздік-ерекше әдістер, педагогикалық және логикалық әдістер басшылыққа алынады.

Атақты орыс педагогі Ю.К. Бабанский оқыту әдістерін мынадай топтарға бөледі:

оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру әдістері.

Оқу-танымдық қызметті ынталандыру және мотивтендіру әдістері

Оқу-танымдық қызметті бақылау және өздік бақылау әдістері

Оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру әдістері.

Әдістер бірнеше аспектілерге немесе методикалық топтарға біріктірілген.

Перцептивтік аспект— құбылыстар мен деректерді әр түрлі жолмен түсіндірудің әдістері. Мұнда оқушылар тыңдап-бақылау немесе саламандық іс-әрекет орындайды. Бұл негізінен педагогикалық әдістердің үш тобын қамтиды: сөздік, көрнекілік, саламандық әдістер тобын.

Гиостикалық аспект-проблемелық ізденушілік әдістер немесе репродуктивті тәсілді қамтиды. Оған оқушылардың жаңа оқу материалын меңгеру жолдарын өз бетінше ойлап, проблемалық ахуал тудыру, тәсілдерін білу және шешу жолдары жатады. Ол-негізінен түсіндірме-көрнекі бейнелеу, проблемалық, жартылай ізденуші-зерттеу әдістері жатады.

Логикалық аспект-оқу материалын түсіндіру кезіндегі индуктивті, дедуктивті, продуктивті, синтезбен, талдау, салыстыру, қорытындылау, редукциялау, дерексіздендіру, жүйелеу тәсілдерінің әдістері жатады [1].

Басқару аспектісі-негізінен оқу-тәрбие қызметінде мұғалімнің басшылығымен оқушылардың өзбеттерінше орындайтын оқу қызметі кіреді.Оқу қызметін ынталандыру мен уәждендіру әдістері

Ынтыландыру, уәждендіру әдістері- саналылықты, жауапкершілікті, табандылықты, талапкерлікті, сенімді, жаттығуды, қасиеттерді керек етеді.

Ынталандыру мен уәждендіру әдістері- қызықты жағдаятар тудыруды көздейді, оған танымдық ойындар, оқу танымдық айтыстар, ойлан тап жұмбақтары, кездейсоқ ахуалдар жатады.

Оқу қызметін бақылау және өзіндік бақылаулар

Оқу қызметін бақылау және өзіндік бақылаулар әдістеріне-ауызша, жазбаша ағымдағы қорытынды бақылаулар, фронтальды, топтық, жекелей, бақылаулар жатады. Техникалық құралдар және техникалық құралдарсыз бағдарламалап сұрау тәсілдері жатады.

Химияны оқытудың өзіне тән ерекше әдістерін атақты әдіскерлер Р.Г. Иванова, Л.А. Цветков жүйелеп жазды.

Химияны оқытудың жалпы әдістерін олар үш топқа бөлінеді.

Түсіндірме-көрнекі бейнелеу немесе ақпараттық-репродуктивтік.

Ішінара-ізденіс

Зерттеу әдістері деп бөлінеді.

Оқытудың әрбір жалпы әдістер тобына жататын әдістер һз кезегінде сөздік, сөздік-көрнекі және сөздік-көрнекі саламандық әдістер тобына бөлінеді.

Жалпы әдістер мұғалімнің өз қызметінің белгілі бір түрін таңдап алуын алдын ала анықтап, оқыту үрдісін ұйымдастыру ережелерін көрсетеді.тОлай болса, әдіс-ғылыми түрде негізделген ереже, іс-әрекетке басшылық, мақсатқа жетудің сол мақсатпен анықталатын тәсілі.

Әдістің негізгі мазмұны-ондағы іс-әрекет идеясы. Сонымен қатар аса маңызды белгісі оның әрқашан әрекет етушіге қатысы, өйткені нақзатсыз және осы нақзаттың белгілі қызметіне қатысты, олай болса әдіссіз іс-әрекет болуы мүмкін емес.

Түсіндірме-көрнекі бейнелеу әдісі- мұғалімнің екі негізгі іс-әрекетін, жаңа білімді баяндап түсіндіруін және оқушылардың дербес оқу әрекетін ұйымдастыруын көрсетеді. Мұғалімнің оқу материалын баяндауының үш түрі белгілі: монологтық, диалогтық және көрсетілімді пайымдау тәсілі, сондай-ақ оқушылардың өздігінен істейтін оқу әрекетін ұйымдастырудың да үш түрлі дидактикалық әдістері бар, олар: тапқырлық, зерттеу және бағдарланған тапсырмалар деп аталады.

Зерттеу жалпы әдісінің сөз әдісі: оқу және ғылыми-көпшілік әдебиеттермен оқушылардың өздігінен істейтін жұмысы; сөз-көрнекі әдісі: әдебиеттермен және көрнекі құралдармен өздігінен жұмыс; сөз көрнекі-саламандық әдістер тізбесі сөз әдістеріндегідей, бірақ оқушылардың іс-әрекеті зерттеуге, субъективті жаңалық ашуға бағытталған.

Оқыту әдістерін жалпы логикалық жағынан алғанда индукция және дедукция, аналогия деп жіктейді.

Химия ғылымының зерттеу эдістерін химияны оқытуға қолданғанда оқыту әдістерін бақылау, химиялық эксперимент, модельдеу, суреттеу, теориялық түсіндіру, теориялық болжаулар әдістері деп жіктейді.

Қазіргі таңда жалпы мұғалімдердің алдында тұрған негізгі міндет — ұлттық менталитеті жоғары, сана-сезімі дамыған, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастыру. Осы бағытта жоғары мектепте берілетін ғылымның теориялық және эдістемелік негіздерінің, яғни сабақ түрлері мен оның сапасын арттыру жөнінде түрлі жұмыстар жүргізілуде. Соның негізінде жалпы жаратылыстану пәндерінің ішінде химия ғылымы жоғары мектептегі оқытылатын негізгі пән болып табылады [2].

Технология — грекше «шеберлік» деген ұғымды білдіреді. Осыған сәйкес педагогикалық технологияға әдіскер-ғалымдар мынадай анықтамалар берген: «Педагогикалық технология — оқытудың арнайы формаларын, эдістері мен тәсілдерін айқындайтын педагогика-психологиялық нүсқаулардың жиынтығы, педагогикалық процесті ұйымдастырудың эдістемелік аспабы (Б.Т.Лихачев)», «Оқу процесін іске асырудың мазмұндық техникасы, практика жүзінде іске асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы (В.П.Беспалько т.б.)».

Жоғарыдағы анықтамаларға сүйенсек, жаңа технология дегеніміз педагогикалық шеберлікті жетілдірудің жолдары деген түйінге тоқтауымызға болады. Жалпы оқыту технологиясы білім берудің тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде танылады.

Сабақ түсіндіру процесінде белгілі бір технологияны қолдану арқылы мұғалім жоғары нәтижеге жетуді көздейді.Жаңа технологияның басты қағидаларының бірі дидактикалық үстаным ретінде қарастырылатын жүйелілік болып саналады. Кез-келген ғылымның өзі, ең алдымен білімдер жүйесін құрайтындықтан, гылымды тек жүйелі оқу нэтижесінде ғана меңгеруге болады. Сондықтан, қазіргі білім беру саласы бойынша сабақ берудің жаңа технологияларын қолданбайынша, жан-жақты шығармашылық жоғары деңгейдегі студент, болашақ мұғалім маманына қиынға соғады.

Жаңа технология мынадай негізгі үш бағыттан тұрады:

- оның адамзат жэне өркениет мәдениетіне деген қызығушылықтарын ескеру;

- оны тәрбие процесінің басты объектісі ретінде алып қарау. Осындай жаңа технология бағыттарын қолдану, оқып үйрену, меңгеру жэне өмірге енгізу сабақты дамыту кезеңдері арқылы жүзеге асады. Сондай-ақ, жаңа технологияны меңгеру негізінде студенттің кэсіби және рухани-адамгершілік қабілеті, өз бетімен білім алудағы белсенділігі артады,Осыған сәйкес қазіргі уақытта оқыту үрдісін ұйымдастыру және білімді бағалау мен бақылаудың жаңа түрлері қарастырылған.

Жаңа оқыту жүйесін пайдалана отырып, химия пәнін оқытуды тағы да мынадай бағыттарда жүргізуге болады:

- химия біріктірілген жүйе бойынша, яғни белгілік-таңбалық көрнекіліктер түрлері («тірек сигналдары», «тірек конспектілері»,

-«тірек белгілері» жэне «тірек таңбалары»);

-ұжымды оқыту жүйесі;

-модулды оқыту жүйесі (блоктап оқытудың жетілдірілген түрі);

-шоғырландырып, қарқынды оқыту жүйесі;

-сабаққа жергіліюгі жер материалдарын пайдаланып оқыту;

-сабақты компьютерлеу жэне ақпараттандыру;

-химия сабағын экологияландыру;

-химия сабағының эксперименттік бөлігін көбейту;

-педагогикалық эксперимент жүргізуге баулу.

Жаңа технология жүйесі бойынша оқытудың жоғарыдағыдай бағыттары түрғысынан химия пәнін әдістемелеудің, яғни оның сапасын жақсартудың жаңа міндеттері қолға алынуда. Мүндай міпдеттерді химия курсының мазмүнын, оқыту әдістері мен күралдарын қайта қарап, жаңарту арқылы шешуге болады. Біздің байқауымызша, химия пәнін оқытудың тэжірибесінде оқу материалын ұсақ тақырыптарға бөлмей, біріктірілген жүйе бойынша оқыту және онда белгілік-таңбалық көрнекіліктердің түрлері «тірек құралдары «, «тірек конспектілері», «тірек белгілері» және «тірек таңбаларың деп жіктелетін оқу құралдарын қолдануымызға болады [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Шаповаленко С.Г. Методика обучения химии.-М.: Учпедгиз, 1963ж. – 668с.

2 Лебедев П.П. Рабочая книга по химии. - М: Учпедиздат, 1931ж

3 Жұмаділова Р.Н. Химия пәні сабағында оқушыларды жаңа буын оқуәдістемелік кешенмен оқыту әдістемесі: пед.ғыл. канд ..... дис. – Алматы, 200. - 121 б

ҚАЗАҚСТАНДА УРАН ӨНЕРКӘСІБІН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ: ДАМУ МЕН ҚАУІПСІЗДІК АРАСЫНДАҒЫ ТЕҢГЕРІМ

Сапарбаева Э.А.
Аға оқытушы
Tashenev university, Шымкент қ.
Saparbaeva_e@list.ru
Өмірзақов Б. Қ.
Докторант
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.
Bakhdaulet.98@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы уран өнеркәсібін мемлекеттік реттеудің негізгі аспектілері қарастырылады. Әлемдік уран нарығындағы жетекші орынды иеленетін Қазақстан үшін осы стратегиялық маңызды саланы тиімді басқару мәселесі өзекті болып табылады. Мақалада уран өндіру, экспорттау және қайта өңдеу процестерін реттейтін заңнамалық база, мемлекеттік бақылау механизмдері, сондай-ақ саланың дамуына әсер ететін ынталандырулар мен кедергілер талданады. Автор мемлекеттік реттеудің даму мен қауіпсіздік арасындағы теңгерімді сақтаудағы рөлін зерттейді және Қазақстанның уран өнеркәсібіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын анықтайды. Зерттеу барысында уран өнеркәсібін реттеудің халықаралық тәжірибесі мен Қазақстанның осы салада ұстанатын ұстанымдары салыстырылады. Мақала саланы реттеудегі қолданыстағы шараларды жетілдіру бойынша ұсыныстармен аяқталады.

Кілт сөздер: Уран өнеркәсібі, мемлекеттік реттеу, Қазақстан, ядролық қауіпсіздік, экспорттық бақылау, Қазатомөнеркәсіп.

Аннотация. В статье рассматриваются основные аспекты государственного регулирования урановой отрасли в Республике Казахстан. Для Казахстана, занимающего лидирующие позиции на мировом рынке урана, актуален вопрос эффективного управления этой стратегически важной отраслью. В статье анализируется законодательная база, регулирующая процессы добычи, экспорта и переработки урана, механизмы государственного контроля, а также стимулы и препятствия, влияющие на развитие отрасли. Автор рассматривает роль государственного регулирования в поддержании баланса между развитием и безопасностью, а также определяет основные направления государственной политики в урановой отрасли Казахстана. В исследовании сравнивается международный опыт регулирования урановой отрасли с позициями Казахстана в этой сфере. В заключение статьи приводятся рекомендации по совершенствованию существующих мер регулирования отрасли.

Ключевые слова: Урановая промышленность, государственное регулирование, Казахстан, ядерная безопасность, экспортный контроль, Казатомпром.

Abstract. This article examines the main aspects of state regulation of the uranium industry in the Republic of Kazakhstan. The issue of effective management of this strategically important industry is relevant for Kazakhstan, which occupies a leading position in the world uranium market. The article analyzes the legislative framework governing the processes of uranium production, export and processing, state control mechanisms, as well as incentives and obstacles affecting the development of the industry. The author studies the role of state regulation in maintaining a balance between development and security and identifies the main directions of state policy in the uranium industry of Kazakhstan. In the course of the study,

international experience in regulating the uranium industry and the positions taken by Kazakhstan in this area are compared. The article concludes with recommendations for improving existing measures in regulating the industry.

Key words: Uranium industry, state regulation, Kazakhstan, nuclear safety, export control, Kazatomprom.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы – әлемдегі уран қорлары бойынша екінші орынды және уран өндіру көлемі бойынша бірінші орынды иеленетін мемлекет. Еліміздің уран өнеркәсібі – ұлттық экономиканың стратегиялық маңызды секторы, ол елдің экспорттық әлеуетін арттыруда және халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Соңғы жылдары Қазақстан жыл сайын шамамен 21-23 мың тонна уран өндіреді, бұл әлемдік өндірістің шамамен 40% құрайды (Сурет 1) [1].

Уран өнеркәсібінің стратегиялық маңызы мен оның қауіпсіздікке әсері ескеріле отырып, бұл сала мемлекет тарапынан жан-жақты және қатаң реттеуге ұшырайды. Мемлекеттік реттеу бірнеше маңызды мақсаттарға бағытталған: ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ядролық материалдардың таралу қаупін болдырмау, экологиялық қауіпсіздікті сақтау, сала дамуын ынталандыру және оның халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Қазақстанда уран өнеркәсібін мемлекеттік реттеу күрделі және көп деңгейлі жүйе болып табылады, ол заңнамалық және нормативтік құжаттарды, мемлекеттік органдардың бақылау функцияларын, сондай-ақ салық және инвестициялық саясат арқылы экономикалық ынталандыру шараларын қамтиды. Бұл жүйе уран өнеркәсібі дамуының барлық кезеңдерін – жер қойнауын пайдалану құқығын беруден бастап дайын өнімді экспорттауға дейін қамтиды.

Осы мақаланың мақсаты – Қазақстандағы уран өнеркәсібін мемлекеттік реттеудің негізгі аспектілерін талдау, оның саланың дамуына әсерін бағалау және даму мен қауіпсіздік арасындағы теңгерімді сақтау мәселелерін қарастыру. Зерттеуде ерекше назар уран өндіру, экспорттау және қайта өңдеу процестерін реттейтін нормативтік-құқықтық базаға, сондай-ақ сала дамуындағы ынталандырулар мен кедергілерге аударылады.


Негізгі бөлім

Уран өнеркәсібін реттейтін заңнамалық база

Қазақстанда уран өнеркәсібін мемлекеттік реттеу бірқатар заңнамалық және нормативтік құжаттарға негізделген, олар уран өндіру, қайта өңдеу және экспорттау процестерінің барлық аспектілерін қамтиды. Бұл заңнамалық база ұлттық және халықаралық деңгейдегі қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, үнемі жетілдіріліп отырады.

Уран өнеркәсібін реттеудің құқықтық негізін келесі негізгі заңнамалық актілер құрайды: «Атом энергиясын пайдалану туралы» Заң (2016) - ядролық энергетика саласындағы қатынастарды реттейтін негізгі құжат. Бұл заң ядролық материалдарды, ядролық қондырғыларды пайдалану қағидаларын және қауіпсіздік талаптарын анықтайды. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекс (2017) - уран кен орындарын игеру құқығын алу тәртібін, жер қойнауын пайдаланушылардың міндеттері мен құқықтарын реттейді. «Экспорттық бақылау туралы» Заң (2007) - ядролық материалдар мен технологиялардың экспортын реттейді, олардың таралуын болдырмау мақсатында бақылау шараларын белгілейді. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заң (2014) - уран өндіру және қайта өңдеу бойынша қызметті лицензиялау тәртібін

анықтайды. «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Заң (2007) - уран өндіру және қайта өңдеу кезіндегі экологиялық талаптарды белгілейді. Салық кодексі - уран өндіру саласындағы салық салу ерекшеліктерін, соның ішінде пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты реттейді [2].



Сурет 1 – Дүниежүзілік табиғи уран өндірісі

Ескерту – [1] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Негізгі заңнамалық актілер.

Мемлекеттік реттеуші органдар.

Уран өнеркәсібін мемлекеттік реттеу бірнеше мемлекеттік орган арқылы жүзеге асырылады:

1. Энергетика министрлігі - ядролық энергия саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады.

2. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі - жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады.

3. Атом және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті - ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін лицензиялау мен бақылауды жүзеге асырады.

4. Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі - экологиялық қауіпсіздік пен табиғатты қорғау талаптарын сақтауды бақылайды.

Заңнамалық база өзінің құрылымы мен реттеу мақсаттары бойынша жан-жақты болып табылады, бұл даму мен қауіпсіздіктің теңгерімді үйлесуін қамтамасыз етуге бағытталған. Дегенмен, заңнамалық реттеу жүйесі әлі де жетілдіруді қажет етеді, әсіресе технологиялық инновациялар мен уран нарығындағы өзгерістерге байланысты [3].


Уран өндіру процесін реттеу механизмдері.

Қазақстанда уран өндіру процесі қатаң мемлекеттік реттеу мен бақылауға жатады (Сурет 2). Бұл реттеу өндірудің барлық кезеңдерін — геологиялық барлаудан бастап кен орнын жабуға дейін қамтиды. Реттеу механизмдері экологиялық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ ұлттық ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған.

Жер қойнауын пайдалану құқығын беру. Уран кен орындарын игеру құқығын беру процесі «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексе сәйкес реттеледі: Мемлекеттік меншік қағидаты - Қазақстанда барлық жер қойнауы, соның ішінде уран кен орындары мемлекеттік меншікте болады. Келісімшарт жүйесі - уран кен орындарын игеру құқығы жер қойнауын пайдалану келісімшарты негізінде беріледі, онда тараптардың құқықтары мен міндеттері, өндіру шарттары, салық режимі және экологиялық талаптар анықталады. Конкурстық рәсімдер - жер қойнауын пайдалану құқығын беру негізінен тікелей келіссөздер немесе конкурс арқылы жүзеге асырылады. Алайда, стратегиялық маңызы бар уран кен орындарына қатысты мемлекет басым құқыққа ие. Стратегиялық мәртебе - уран кен орындары стратегиялық болып табылады, бұл оларды игеру кезінде мемлекеттің қосымша бақылау және араласу құқығын білдіреді.

Лицензиялау және рұқсат беру жүйесі. Уран өндіру қызметі жан-жақты лицензиялау жүйесіне жатады: Лицензиялау қажеттілігі - уран және торий кендерін өндіру, ядролық материалдармен жұмыс істеу «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңға сәйкес міндетті лицензиялауға жатады. Лицензия беру шарттары - лицензия алу үшін компания мыналарды дәлелдеуі керек:

- Білікті мамандар мен техникалық ресурстардың болуы
- Қауіпсіздік және экологиялық талаптарға сәйкестік
- Төтенше жағдайларға әрекет ету жоспарларының болуы
- Радиациялық мониторинг жүйелерінің болуы



Сурет 2 – Уран өнеркәсібін мемлекеттік реттеу құралдары
Ескерту – [2] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Өндіру әдістеріне қойылатын техникалық және экологиялық талаптар. Қазақстанда уран өндірудің басым әдісі жер асты шаймалау (ЖАШ) технологиясы болып табылады, бұл технологияға арнайы техникалық және экологиялық талаптар қойылады: Технологиялық регламенттер - ЖАШ әдісімен өндіру үшін мемлекет бекіткен технологиялық регламенттер қолданылады, олар қауіпсіздік пен тиімділікті қамтамасыз етеді. Экологиялық нормалар - өндіруші компаниялар мыналарды сақтауға міндетті:

- Жер асты суларды қорғау талаптары
- Радиациялық қауіпсіздік нормалары

- Қалдықтарды басқару талаптары
- Қоршаған ортаны мониторингілеу талаптары

Жер қойнауын ұтымды пайдалану талаптары - компаниялар кен орнын барынша толық және тиімді пайдалану принциптерін сақтауға міндетті. Кен орнын жою және оңалту міндеттері - өндіру аяқталғаннан кейін компаниялар өндіріс аймағын қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік бақылау және қадағалау. Уран өндіру процесі мемлекеттік органдардың көп деңгейлі бақылауына жатады:

1. Жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер - мемлекеттік органдар лицензия талаптарының орындалуын, экологиялық және қауіпсіздік нормаларының сақталуын жүйелі түрде тексереді.

2. Радиациялық мониторинг - өндіріс аймақтарында радиациялық ахуалға үнемі мониторинг жүргізіледі.

3. Экологиялық аудит - компаниялар экологиялық заңнама талаптарына сәйкестігіне мерзімді түрде аудит жүргізуге міндетті.

4. Есептілік - уран өндіруші компаниялар өндіру көлемі, қоршаған ортаның жай-күйі, радиациялық қауіпсіздік туралы тұрақты есептер ұсынуға міндетті.

5. Бұзушылықтар үшін санкциялар - мемлекеттік органдар бұзушылықтар анықталған жағдайда айыппұлдар салу, лицензияны тоқтата тұру немесе одан айыру құқығына ие.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК арқылы мемлекеттің уран өндіру саласына тікелей қатысуы қосымша бақылау деңгейін қамтамасыз етеді. Мемлекет акционері ретінде стратегиялық шешімдер қабылдауға, өндіріс көлемін реттеуге және саланың даму бағыттарын анықтауға тікелей қатысады.

Осылайша, Қазақстанда уран өндіру процесін реттеу тетіктері уран өндірісінің қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған көп деңгейлі жүйені құрайды, бұл ретте экологиялық талаптар мен ұлттық мүдделер сақталады.

Экспорттық бақылау жүйесі

Қазақстан уран өндіру бойынша әлемдік көшбасшы болғандықтан, елдің уран экспортын мемлекеттік реттеу және бақылау жүйесі ерекше маңызға ие. Бұл жүйе ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, халықаралық міндеттемелерді орындауға және ядролық материалдардың таралуын болдырмауға бағытталған.

Экспорттық лицензиялау жүйесі.

Уран және уран өнімдерін экспорттау қатаң лицензиялау жүйесіне жатады: Лицензия алу міндеттілігі - уран мен оның қосылыстарын, сондай-ақ уранмен байланысты технологияларды экспорттау үшін арнайы лицензия қажет. Лицензиялау органы - экспорттық лицензияларды Сауда және интеграция министрлігі, Энергетика министрлігімен және Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісе отырып береді. Лицензия алу шарттары - экспорттық лицензия алу үшін экспорттаушы мыналарды ұсынуы керек:

- Шетелдік импорттаушымен жасалған келісімшарт
- Соңғы пайдаланушы туралы ақпарат
- Мемлекеттік органдардың келісімі
- Импорттаушы елдің кепілдіктері

Экспорттың мемлекеттік реттеу механизмдері. Уран экспортын мемлекеттік реттеу келесі негізгі механизмдерді қамтиды: Стратегиялық жоспарлау - мемлекет «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК арқылы экспорттың жалпы көлемін, бағытын және шарттарын стратегиялық жоспарлауды жүзеге асырады. Экспорттық квоталар - қажет болған

жағдайда мемлекет уран экспортына квоталар белгілей алады. Кедендік бақылау - ядролық материалдар мен технологиялардың экспорты кеден органдарының күшейтілген бақылауына жатады. Тасымалдауға қойылатын арнайы талаптар - уран мен оның қосылыстарын тасымалдауға арнайы қауіпсіздік талаптары қойылады. Халықаралық тексерулер - ХАЭА өкілдері Қазақстаннан уран экспортын халықаралық міндеттемелерге сәйкестігіне тексеру жүргізеді [4].

Халықаралық ынтымақтастық және міндеттемелер.

Қазақстанның уран экспортын реттеу жүйесі халықаралық ынтымақтастық пен міндеттемелерге негізделген:

1. ЯҚТШ режимі - Қазақстан ядролық қаруды таратпау режимін қатаң сақтауға және уранды тек бейбіт мақсатта пайдалануға кепілдік береді.

2. ХАЭА кепілдіктері - Қазақстан ХАЭА-ның кепілдіктер жүйесіне қатысады, бұл уранды бейбіт мақсатта ғана пайдалануға халықаралық бақылауды қамтамасыз етеді.

3. Екіжақты келісімдер - Қазақстан уран жеткізілімдері туралы Қытай, Франция, Канада, Жапония, АҚШ және басқа елдермен екіжақты келісімдер жасасты.

4. Ядролық жеткізушілер тобы - Қазақстан ядролық материалдарды экспорттау саласындағы халықаралық ережелерді әзірлейтін Ядролық жеткізушілер тобына қатысады [5].

Экспорттық стратегиялар мен бағыттар.

Қазақстан өзінің уран экспортын мемлекеттік реттеу арқылы бірнеше стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге тырысады: Экспорт географиясын әртараптандыру - Қазақстан Қытай, Еуропа Одағы, АҚШ, Үндістан, Жапония және басқа да елдер сияқты әртүрлі нарықтарға уран экспорттауға тырысады. Қосылған құны жоғары өнімдер өндірісі - мемлекет шикі уран экспорты көлемін кезең-кезеңмен азайтып, отын таблеткаларын, ядролық отын жинақтарын және өзге де жоғары технологиялық өнімдерді экспорттауға көшуді ынталандырады. Ұзақ мерзімді келісімшарттар - «Қазатомөнеркәсіп» стратегиялық серіктестермен ұзақ мерзімді келісімшарттар жасасуға басымдық береді, бұл нарықтың тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз етеді. Бағаны қолдау стратегиясы - Қазақстан әлемдік уран нарығындағы жетекші жеткізуші ретінде өндіріс көлемін реттеу арқылы тұрақты баға деңгейін ұстап тұруға ықпал етеді.

1 кестеде Қазақстан, Канада және Австралия елдеріндегі уран өнеркәсібіндегі мемлекеттік реттеу тәжірибелері салыстырылған.

Кесте 1 – Халықаралық тәжірибемен салыстыру

Критерий	Қазақстан	Канада	Австралия
Уран өнеркәсібін басқару	Көпшілік бөлігі мемлекет меншігінде («Қазатомөнеркәсіп» басқарады)	Жекеменшік компаниялар басым, мемлекет қадағалайды	Жекеменшік және мемлекеттік бақылау қатар жүреді
Лицензиялау	Үкіметтің қатаң бақылауында, бірнеше деңгейлі рұқсат жүйесі	Қатаң лицензиялау және экологиялық талаптар	Қатаң лицензиялау, көп сатылы тексеру
Экологиялық талаптар	Халықаралық стандарттарға сай, бірақ бақылауды күшейту	Өте жоғары стандарттар,	Қатаң экологиялық нормалар, қоғамдық

	қажет	экологиялық әсерге қатаң бақылау	пікір ескеріледі
Жергілікті қауымдастықтармен жұмыс	Әлеуметтік жобалар бар, бірақ әлсіз дамыған	Жергілікті халықпен белсенді серіктестік, әлеуметтік бағдарламалар	Жергілікті қауымдастықтардың келісімін алу маңызды
Экспорттық саясат	Әлемдік нарыққа басымдық беріледі, уран экспорттаушы ел	Ішкі нарық пен экспорт теңгерімді түрде дамыған	Экспортқа шектеулер бар, ядролық қару таратпау саясаты қатаң
Шетелдік инвестициялар	Шетелдік компанияларға үлкен мүмкіндіктер беріледі	Шетелдік инвестицияларға шектеулер бар	Кейбір шектеулер бар, стратегиялық нысандар бақылауда
Өндірістік технологиялар	Инновацияларға көңіл бөлінуде, бірақ даму қажет	Озық технологиялар, ғылыми зерттеулерге үлкен мән беріледі	Экологиялық таза технологиялар қолданылады

Қорытынды

Қазақстан – әлемдегі ең ірі уран өндіруші елдердің бірі және бұл сала елдің экономикалық және стратегиялық дамуы үшін маңызды рөл атқарады. Мемлекет уран өнеркәсібін реттеу үшін қатаң заңнамалық жүйе, лицензиялау және экспорттық бақылау механизмдерін енгізген. Алайда, халықаралық тәжірибемен салыстырғанда Қазақстанның уран өнеркәсібін реттеу жүйесінде бірқатар жетілдіруді қажет ететін аспектілер бар. Әсіресе, экологиялық стандарттарды күшейту, жергілікті қауымдастықтармен өзара іс-қимылды жақсарту және ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөлу қажет. Ұсыныстар:

1. Экологиялық реттеуді күшейту: Уран өндірудің қоршаған ортаға әсерін азайту үшін Канада мен Австралия тәжірибесін қолдану;Экологиялық стандарттарды халықаралық деңгейге сәйкестендіру және тәуелсіз бақылау механизмдерін енгізу.

2. Жергілікті қауымдастықтармен жұмыс: Кен орындары орналасқан аймақтардағы халықты жұмысқа тарту және әлеуметтік бағдарламаларды күшейту; Жергілікті халықтың мүдделерін ескере отырып, өндірістік жобаларды дамыту.

3. Инновациялар мен ғылыми зерттеулерді қолдау: Уран өндіру мен қайта өңдеу технологияларын дамыту үшін ғылыми зерттеулерге инвестиция салу; Экологиялық қауіпсіз әрі тиімді технологияларды енгізу.

4. Экспорттық саясатты жетілдіру: Уран экспортының географиясын әртараптандыру және жаңа нарықтарды игеру; Ядролық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

5. Құқықтық базаны жетілдіру: Уран өндіру мен өңдеуге қатысты заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру; Шетелдік инвестицияларға қатысты реттеуді нақтылау және отандық кәсіпорындардың мүдделерін қорғау.

Қазақстан өзінің уран өнеркәсібін дамыта отырып, әлемдік тәжірибені тиімді пайдаланып, экономикалық пайда мен экологиялық қауіпсіздікті теңестіруге ұмтылуы тиіс. Бұл саладағы мемлекеттік реттеудің жетілдірілуі Қазақстанның әлемдік уран нарығындағы жетекші рөлін нығайтуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ. 2020 жылғы біріктірілген жылдық есеп. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 284 б. https://www.kazatomprom.kz/storage/6e/kazatomprom_iar_2020_kz.pdf

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі. Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы. – Астана, 2022. – 157 б. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000931

3. " Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі. Қазақстан Республикасының геология саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы. – Астана, 2020. – 112 б. https://zakon.uchet.kz/kaz/docs/P1200001042

4. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ. 2014 жылғы жылдық есеп. – Астана, 2015. – 250 б. https://www.kazatomprom.kz/storage/d6/d6ff85218ea50125d959f5ce24547b9e.pdf

5. Қазақстандағы уран кені. Уикипедия, еркін энциклопедиясы. https://kk.wikipedia.org/wiki/Қазақстандағы_уран_кені

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МАКРОФИТТЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ МАҢЫЗЫ, СИРЕК ЖОЙЫЛЫП БАРА ЖАТҚАН ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Манжу Н.Б. - магистр
Рахимбердиева Ж.Ш - «Биология» мамандығы бойынша PhD
Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қаласы. Қазақстан

Аннотация. В статье рассматривается хозяйственное значение макрофитов Туркестанской области, редкие исчезающие виды и их современное состояние

Abstract. The article examines the economic importance of macrophytes of the Turkestan region, rare endangered species and their current state.

Түркістан облысының макрофиттерінде шаруашылыққа қажеттілігі жағынан құнды бірқатар өсімдіктер бар. Олардың табиғи қасиетіне, қолданылатын жерлеріне, маңыздылығына қарай әрқилы. Қайсы бір түрлері бір ғана, ал кейбір түрлері әрі дәрілік, әрі жем-шөптік, техникалық, омарталық, азықтық және т.б. мақсатта қолданылады, яғни бұл өсімдіктерді жан-жақты пайдалануға болады.

1) Дәрілік - адамзат баласының өте ертеден пайдаланып келе жатқан топтарының бірі. Олар негізінен халықтық медицина мен ғылыми медицинада кеңінен қолданылады. Олардың қатарына мысалы,

Lycopus exaltatus - Биік бөріаяқ,

Scutellaria galericulata - кәдімгі томағашөп,

Alisma plantago aquatica - Бақажапырақ тәрізді кербезгүл және т.б. түрлерін жатқызуға болады.

2) Жем-шөптік - олардың арасында бағалы болып саналатындары

Beckmannia eruciformis - кәдімгі бекманния,

Glyceria plicata - қатпарлы миядән және т.б. түрлерін жатқызамыз.

3) Техникалық - олардың арасынан

Phragmites australis - кәдімгі қамыс,

Typha latifolia - жалпақ жапырақты қоға түрлері жатады.

4) Омарталық - Mentha arvensis - шалғындық жалбыз.

5) Азықтық топтарына

Eguisetum arvense L. - дала қырықбуыны,

Solanum nigrum L. - қара алқашөпті атап өтуіміз қажет [1].

Түркістан облысының макрофиттерін зерттеу нәтижесінде Қазақстанның Қызыл кітабына енген 3 өсімдік түрі анықталды.

Олар: Nymphaea alba L. - ақ тұңғиық - кувшинка белая,

Populus pruinosa - тораңғыл терек - тополь сизолистный,

Asparagus vvedenskyi - Введен қасқыржемі - спаржа введенского.

Жабайы өсімдіктер генофондын қорғау - бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Қалай пайдаланылатынына қарамастан кез-келген өсімдік түрін қорғау қажеттігі де күмәнсіз, себебі биологиялық түр жойылса, оны қалпына келтіру мүмкін емес. Сол себепті түрдің ареалының әр жерлеріндегі өсетін ортасын сақтаудың маңызы ерекше. Сирек өсімдіктерді қорғауда оларды «Қызыл кітапқа» енгізу, ботаникалық бақтарға интродукция жасау, әр түрлі мерзімдік ботаникалық қорықтар (заказниктер) ұйымдастырудың маңызы үлкен.

Дегенмен, бір ескеретін жай, барлық сирек өсімдіктерді қорғауға жарамды жан-жақты (әмбебап) бір тәсіл жоқ, ол мүмкін емес те.

Әр жағдайда қорғалуға тиісті өсімдіктің биологиясына, өсетін жерінің ерекшелігіне және шаруашылық пайдалылығына байланысты өзіндік қорғау тәсілдерін қолдану керек (Байтулин, 1986, 1987). Біздің ойымызша, түрді қорғап, сақтау үшін биоценоздарды да сақтау қажет, өйткені түрлердің бүкіл эволюциясы және барлық тіршілігі биоценоздарда өтеді, сондықтан қорғауға арналған биоценоздардағы түрлердің жақсы, сенімді сақталатыны анық (Быков, 1987, 1979).

Бұл қағида қорықтар, қорық-заказниктер, табиғи ескерткіштер, ұлттық парктер ұйымдастыру кезінде әр уақытта негізге алынуы керек. Дегенмен де тірі организмдер генофондын сақтаудың ең тиімді жолы мәңгілік (ұзақ мерзімдік) қорықтар ұйымдастыру болып табылады [2].

Қазіргі таңда Түркістан өзендерінің суы түгел дерлік халық шаруашылығының түрлі салаларына пайдаланылуына байланысты өзендердің ластану аймағы мен қарқындылығы күн сайын артып келеді. Сонымен қатар бұл өзендер антропогендік факторларға ұшыраған, яғни тікелей адамдардың шаруашылық іс-әрекеттерімен байланысты: мал жаю, шөп шабу, жолдық деградация, жер жырту, техногендік әсер - өсімдіктер жабынында қысқа мерзімдік немесе ұзақ уақытқа созылатын бұзылулардың пайда болуына әкеліп соқтыратын факторлар мен процестер.

Сондықтан бүгінгі таңдағы өзендер мен көлдердің антропогендік факторлардың әсеріне қарқынды ұшырауына байланысты экологиялық ахуалы нашарлап, табиғи апатына ұшыраған аймақтардың біріне айналып отыр. Әсіресе, Сырдария өзенінде

техногендік, ауыл шаруашылық, шаруашылық-экологиялық факторлардың барлық түрлері дамыған [2].

Қазіргі кезде ішкі суларымыздың ластану дәрежесі өте қауіпті жағдайға соқтырғалы отыр. Суларды ластаудың негізгі көздері:

1) Ауыл шаруашылығындағы жерді улы химикаттармен тыңайту, жерді тыңайтудан қалған қалдық сулардың қайта келіп өзендерге, көлдерге құюы. Бұл әсіресе, күріш егістіктерінде, мақта плантацияларында молынан кездеседі.

2) Кен орындарын пайдаланудан болатын өндіріс қалдықтары;

3) Мұнай өндірісінің ластанған сулары;

4) Ағаш материалдарын дайындаудағы, өңдегендегі және су жолдарымен тасымалдағандағы ағаш қалдықтары;

5) Су және темір жолдарының лас қалдықтары;

6) Техникалық өсімдіктерді алғашқы өңдеудің қалдықтары.

Су қорына аса қауіп туғызатындар мұнай, фенол, пестицидтер, түсті металдардың күрделі химиялық қосылыстары. Егер бұл өндіріс орындарын пайдалануда экологияны сақтаудың барлық жолдары пайдаланылмаса, тек сол жерді ғана емес, су, жер ресурстарына да үлкен зиян келтіретін болады.

Атақты ғалым Мечниковтың теориясына қарағанда әрбір халықтың, елдің цивилизацияға, мәдениетке жетуіне басты әсер етуші, мүмкіндік беруші – су байлығы болып саналатын көрінеді [3].

Жер шарындағы тұщы суды таза ұстау, оны ластамау, орынды пайдалану, үнемдеп жұмсау мәселелері бүкілхалықтық көкейтесті, өзекті мәселеге айналып отыр. Су байлықтарын сақтау – бүкілхалықтық мәселе екенін ұмытпауымыз керек. Су бірінші қажеттілік және біздің байлығымыз.

Бұл антропогендік факторлар комплексімен келесі шешімге келуге және шартты түрде 3 топқа біріктіруге болады:

1. Табиғи – өсімдіктер жабынында шапшаң, кейде апатты алмасуларға әкеліп соқтыратын (су тасқыны, теңіздер мен көлдердің регрессиясы);

2. антропогендік - себептік (өзендер ағысын реттеу, жасанды су қоймаларын құру, мелиорация және т.б.) - бұлар да кейде өсімдіктерде апатты алмасулар тудыратын немесе су астында қалдыру, қайта сорлану, батпақтану және қуаңдану секілді алдын ала болжанбаған процестердің біртіндеп жүруіне әкеліп соғатын [3].

Қорыта келе, суат макрофиттеріне адамның әсерін, бірінші кезекте судың ластануы, мал жаю, шаруашылық мақсатта өсімдіктерді жинау, тұңғиық пен сүгүл өсімдіктерінің гүлдеген уақытында жинауын талқылау қажет. Егер сирек кездесетін түрлер табылса, олардың әрқайсысына сипаттама беру қажет.

Талқылаудың қорытындысы, суат өсімдіктерін рациональді пайдалану, қорғау және өзен аңғарлық флораға тән жайылмалық-шалғындық комплекстердің негізін сақтау мақсатында Сырдария, Арыс және т.б. өзен бойында қорықтар ұйымдастырылуы қажет [3].

Тіршілік формаларын талдау

Экологиялық талдаулар өсімдіктердің қоректеніп тіршілік ететін ортасына, ортаның форма түзетін және физиологиялық маңызы бар, бейімделуін тудыра алатын факторларына, яғни ылғалдылыққа, ыстыққа қатысына байланысты.

Түркістан макрофиттерінің өсімдіктерін ылғалдылыққа қатысты төмендегідей экологиялық топтарда қарастырамыз. Бұл топтарға талдау жасамастан бұрын оларға қысқаша сипаттама бергеніміз жөн.

1. Ксерофиттер - топырақтағы, ауадағы ылғалдылықтың жетіспеуіне бейімделген өсімдіктер. Көпшілігінде, майда топырақты және тасты тау баурайларында, ұсақ-жұмыр тастарда кездеседі. Оларға: бұтақты қырықбуын, кәдімгі тіктікен, шұбаршаң жатады.

2. Мезоксерофиттер – уақытша ылғалдылықтың жетіспеуіне бейімделген өсімдіктер. Негізінен, шалғынды-далалы ценоздарда, бұталар аралында, шыңдарда кездеседі. Өзеннің барлық ағысында тараған. Оларға: шайқурай жапырақты тобылғы, елекшөпті самалдық және т.б. жатады.

3. Мезофиттер – орташа қалыпты ылғалдылық жағдайында құнарлылығы бай, жақсы дамыған топырақтарда тіршілік ететін өсімдіктер. Оларға: кәдімгі бекмания, үшаталық тал және т.б. жатады.

4. Гигрофиттер – ылғалдылық мол жерде тіршілік ететін өсімдіктер түрлері. өзеннің аңғарларында, бұлақ бастарында, батпақ жағаларында кездеседі. Оларға: жіңішке қоға, қос мекенді таран, қарақоңыр сәлемшөп жатады.

5. Гидрофиттер – ылғалдылығы өте жоғары тіршілік ортасында, суда өсуге бейімделген өсімдіктер. Оларға: жүзгіш шыбынсалы, жағалық өлеңшөп, бұрама бұранда жапырақ жатады.

Кесте 1. Түркістан макрофиттері түрлерінің экологиялық топтарға жіктелуі

	Экологиялық топ	Түрлер саны	Жалпы түрлер санының % мөлшері
.	Ксерофиттер	8	5,26
.	Мезоксерофиттер	12	7,89
.	Мезофиттер	33	21,71
.	Гигрофиттер	46	30,26
.	Гидрофиттер	53	34,86
	Барлығы:	152	100

1-кестеде макрофиттерді экологиялық талдау нәтижесінде оның құрамында гидрофиттер басым екені байқалды, олар жалпы түрдің 53 түрін, яғни 34,86 % құрайды. Одан кейін гигрофиттер басым, олар 46 түрін, 30,26 % құрайды.

Экологиялық факторлардың жүздеген жылдар бойындағы әсері және бейімделу реакциялары негізінде өсімдіктердің осы факторларға қарым-қатынасы және олардың сырт пішіні немесе тіршілік формасы қалыптасқан. Т.И. Серебрякова (1978 ж.) атап өткендей бірдей жағдайда әр түрлі тұқымдастарға, тіпті кластарға жататын өзара туыстығы жоқ түрлерде ұқсас тіршілік формалары қалыптасады. Осылай қалыптасқан Түркістан макрофиттерінің тіршілік формасын сараптау үшін И.Г.Серебряковтың (1962 ж.) кестесі беріліп отыр.

Кесте 2. Түркістан макрофиттерінің тіршілік формасы

	Тіршілік формасы	Саны	Жалпы түрлер санының % мөлшері
.	Ағаш	10	6,57

.	Бұта	19	12,5
.	Жартылай бұта	3	1,97
.	Шөптесін өсімдіктер:		
	а) Көп жылдық	89	58,55
	ә) Екі жылдық	1	0,65
	б) Бір жылдық	30	19,75
	Барлығы:	152	100

2-кестеде Түркістан макрофиттерінде шөптесін өсімдіктердің басымдығын көрсетеді. Оның ішінде 89 түрден 58,55 % көп жылдық шөптесін өсімдіктер, 30 түрден 19,75 % бір жылдық шөптесін өсімдіктер, 19 түрден 12,5 % бұталар, 10 түрден 6,57 % ағаштар, 3 түрден 1,97 % жартылай бұталар және 1 түрден 0,65 % екі жылдық шөптесін өсімдіктер құрайды.

Жүргізілген зерттеу жұмыстары бойынша төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1. Флораның шаруашылыққа маңызды түрлері анықталды. Флорадан Қазақстанның Қызыл кітабына енген 3 өсімдік түрлері анықталды.
2. Түркістан облысы макрофиттерінің қазіргі жайы анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бигалиев А. Қазақстан топырағы және оның экологиясы. А., – 1995.
2. Құспанов М. Топырақ, өсімдік, тыңайтқыш. А. – 1976.
3. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. (1- 6 томдар), Алматы, 1998-2004.

НАСЕКОМДАРДЫ ЖИНАУҒА ЖӘНЕ БЕКІТУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАР МЕН ЖИНАУ ӘДІСТЕРІ

Джанакова Ж.Ш. – магистр
Муминова К.Ш. – б.ғ.к.
Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қаласы. Қазақстан

Аннотация. В статье рассмотрено оборудование и способы сборки для сборки и крепления насекомов.

Abstract. The article discusses the equipment and assembly methods for assembling and fixing insects.

Далалық материалдар көктемгі-жазғы кезеңде Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі территориясындағы түрлі биотоптардан жалпыға ортақ энтомологиялық әдістермен жиналды [1].

Энтомологиялық сүзгі қолдану ортасына қарай ауа және су сүзгісі болып бөлінеді (сурет 1).

Сүзгі 3 бөлімнен тұрады:

1) жәндіктерді ұстайтын қапшығы,

2) оны бекітетін темір шеңбері және

3) ұзын сабы болады.

Ауа сүзгісінің қапшығы ақ түсті тығыз матадан, ал су сүзгісі жұқа, суды тез өткізетін тор матадан тігіледі. Жәндіктерді өсімдіктерден ору әдісімен жинау үшін сүзгі матасы мықты болу керек, өйткені тікенекті, т.б. өсімдіктердің жыртып жіберуі мүмкін.



Сурет 1 - Энтомологиялық ауа сүзгісі

Морилка - жәндіктерді уландыратын ыдыс. Оған сынбайтын, қақпағы тығыз жабылатын, мөлшері 200 мл ыдыстар жарамды. Ұсталған жәндіктер сұйықтықтар бөлген кезде, бір-біріне жабысып қалмас үшін ыдыс ішіне бүктелген сорғыш қағаздар, сонымен қатар бірнеше тамшы этилацетат сіңірілген мақта салынады. Ұсталған насекомдар морилкаға жиналды. Этилацетет пайдаланылған жағдайда насекомдар түсі өзгермейді және сынбайды (сурет 2).

Қысқыштар – таныс емес жәндіктерді ұстауға қажет, өйткені жәндіктердің шағып алуы немесе улы сұйықтықтар бөлуі мүмкін (сурет 3).



Сурет 2 – Морилка




Сурет 3 – Қысқыштар

Эксгаустер – ұсақ әрі жылдам қозғалатын жәндіктерді ұстауға арналған құрал. Оны

кішілеу ыдыстан жасап алуға болады. Тығынына 2 түтікше қондырып, бір түтікше арқылы сорып, екінші түтікше арқылы ауа ағынымен жәндікті ыдысқа енгіземіз (4-суреттерде толық көрсетілген).





Сурет 4 - Эксгаустер **Эксгаустерді қолдану схемасы**

Мақта матрасшалар (сурет 5, 6) – тығыз қағаздан конверт жасап, түбіне мақта төселеді. Осы мақтаға жәндіктер салынады (күндізгі көбелектерден басқалары). Насекомдардың үстіне этикетка қойылады. Этикеткаға географиялық жердің аты, жиналған күні және жинаушының аты-жөні жазылады. Әр күнде, әр биотопта жиналған насекомдар арасы белгілі болу үшін түсті жіппен бөлінеді. Ұсталған көбелекті морилкаға салмайды, оны сүзгіден алып, көкірегін екі саусақпен шамалы қысу керек. Содан кейін көбелек жансызданған соң, оны қағаздан жасалған конвертке салады, оның бір шетіне этикетка жазады. Әр көбелекке жеке конверт жасайды.

Насекомдар сынып бүлінбес үшін матрасиктерді қатты қорапқа салады. Матрасиктердің мөлшерін өзіңізде бар қорап мөлшеріне сай өлшеп жасаған жөн. Матрасиктерді қораптан оңай шығару үшін, көлденең мата немесе тығыз қағаз жолағын салған жөн. Сақталатын насекомдар матрасиктерін жақсылап кептіру керек, әйтпесе көгеріп кетеді. Дала жағдайында тұрып жатқанда сақталушы материалға қауіп – құмырсқалар. Кейінірек коллекцияға басқа зиянкестер қоныстанады.

Көбіне олар қоңыздар (теріжегіш, т.б.), сирек көбелектер (күйе көбелегі). Осы зиянкестерден қорғану үшін қорапты полиэтилен қапқа салып, орап тастау керек. Материалды алдын ала умен өңдеп алу керек.

Ең ыңғайлысы аэрозольдар. Бірақ есте сақтау керек, кез-келген улы зат тек насеком үшін ғана емес, адамдарға да зиян. Сондықтан олармен жұмыс істеген кезде, сақтану шараларын қатаң ұстау керек.

Этикеткада материалды жинаған жер атауы, биотопы, уақыты мен жинаған маман аты-жөні жазылады. Жиналған бар материал мақта матрасшалармен қатты қорапқа салынады.



Сурет 5 - мақта матрасшалар



Сурет 6- мақта матрасшалардағы жәндіктерді сақтайтын пластикалық қорап

Энтомологиялық инелер (сурет 7) – басы жезбен дөңгелектеніп, болаттан жасалған, лактанған арнайы инелер.

Олар энтомологиялық коллекцияларда жәндіктерді тізу үшін қолданылады. Инелер диаметріне қарай нөмірі 000-тен 7-ге дейін болады (кесте 1).

Кесте 1 - Инелердің диаметріне қарай нөмірлері

Ине нөмірі	Ұзындығы (мм)	Диаметрі (мм)
000	38	0.25
00	38	0.30
0	38	0.35
1	38	0.40
Ине нөмірі	Ұзындығы (мм)	Диаметрі (мм)
2	38	0.45
3	38	0.50
4	38	0.55
5	38	0.60
6	38	0.65
7	52	0.7

000-0 нөмірлі инелер қанат құлашы 2 см ұсақ жәндіктерді тізуге арналған. Дене мөлшері орташа жәндіктер үшін № 1 мен 2 инелер қолданылады.

Бұлардан ірі жәндіктер үшін № 3 ине, ал № 4-7 инелер өте ірі жәндіктер (көбелектерден басқа) үшін пайдаланылады.



Сурет 9 – Энтомологиялық инелер

Насекомдарды жинау әдістері

Қаңдалалар жалпыға ортақ келесі әдістер бойынша жиналды: арнайы энтомологиялық сүзгі; бұталарды сүзгіге немесе ақ матаға қағу; ұсақ насекомдарды эксгаустер арқылы жинау; түнгі жарыққа ұшып келгендерін ұстау (арнайы жарық көздері, автокөлік жарықтары, т.б. пайдаланылды); көзбен қарап, бақылау жасалды [2].

Қаңдалаларды өсімдіктерден жинаудың ең белгілі әдісі - энтомологиялық сүзгімен «ору».

Шөп орғандай етіп, сүзгіменен бірнеше рет қағып, сонан кейін түскен жәндіктің барлығын немесе жинаушыға керектісін ғана таңдап алады.

«Ору» әдісі арқылы жәндіктерді тек жинап қана қоймай, кейбір сандық өлшегіштерді де жүргізуге болады.

Мысалы, кез-келген түрдің, сүзгіні 10 рет өсімдіктен қағып алғанда (немесе басқа сан), түрлердің санының өзгеруін немесе бір өсімдіктен белгілі бір уақыт арасында қандай өзгерістер болуын, т.б. анықтайды.

Өсімдіктерге қонатын немесе өте тез секіретін жәндіктерді ауа сүзгісімен ұстау керек. Ұсталған жәндік сүзгіден ұшып кетпеу үшін, сүзгіні жаба қою керек.

Мөлдір матадан жәндіктің қай жерде тұрғанын бірден көруге болады.

Оны сыртынан саусақпен (шағатын, тістейтіндерін қысқашпен) матамен бірге қысып, сонан соң сүзгіні еркін ашып, жәндікті морилкаға сала қою керек.

Қаңдалаларды кешке жасанды жарық көзіне жинау жақсы нәтиже береді (сурет 10). Бұл кезде көптеген «ымырт» және «түн» жәндіктері белсенді болады.

Түнде ұшатын жәндіктерді түнгі жарықтар жинайды (әсіресе ультра күлгін сәулелер жақсы еліктіреді).

Жарықтың астына және артына қондырылатын ақ экрандар жинауды жеңілдетеді. Мұндай экран ретінде ақ матаның кесіндісін қолдануға болады.



Сурет 10 - Жасанды жарық көзіне материал жинау кезеңі

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Яковлев В.Е. 1881. Материалы для фауны полужесткокрылых России и соседних стран // М. V-VIII. С. 194-214; I-IX. С. 345-371.

2. Reuter O.M. Monographia generis Heteropterorum Phimodera Germ. // Acta Soc. Sci. Fenn. - 1906. - Т. 33. - № 8. - P. 1-51.

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ

Оңдасын М. А - магистр
Абилдаева Р.А - б.ғ.к., доцент
Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қаласы. Қазақстан

Аннотация. В статье рассматривается повышение интереса учащихся к уроку биологии с использованием игровых элементов

Abstract. The article discusses the increasing interest of students in biology lessons using game elements.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуда.

«Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің, басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу–тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды». [1]

Осы кездегі жаһандану заманында белсенді, құзіретті, бәсекеге қабілетті жас ұрпақты тәрбиелеу – алға қойған басты мақсаттарымыздың бірі болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асыру әсіресе оқу, білім саласында қызмет атқаратын жандар – ұстаздар үшін ең маңызды екені белгілі.

Заман талабына сай мұғалімдерге пән жетекшісі болу аз, мұғалім – ұстаз – иннаватор. Осы жолды неғұрлым жылдам әрі іс-тәжірибе жинақтай жүріп өтсе, онда, талапқа сай, бүгінгі шәкірт болашағына нық қадам басады.

Пән мұғалімдері әрбір сабаққа, тақырыпқа және әр сыныптың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқытудың әртүрлі әдістері мен формаларын таңдай білуі қажет. Сонымен қатар оқушыларды өзіндік жұмысқа үйрету, олардың ғылыми зерттеу ізденісін ұйымдастыру және кейбір материалдарды кең көлемде беріп, тәрбиелік мақсатқа жету үшін де оқыту формаларын тандай білудің маңызы зор. Бір сабақтың өзінде қолданатын әдістерді кезектестіріп, оқушыларды шаршатпай, материалды қызықты жеткізе білуді де ескерген жөн.

Сабақ барысында және сабақты құрастыру технологияларын қолданумен қатар, мұғалім келесі педагогикалық технологияларды пайдалана алады: ойын технологиялары, проблемалап оқыту, оқу зерттеуін ұйымдастыру технологиясы, жобалау әдісі, ақпараттық–коммуникациялық технологиялар, модульдік технологиялар, оза оқу технологиясы, білім беруді ізгілендіру, зерттеу технологиясы, тірек сигналы арқылы оқыту, сын тұрғысынан ойлау технологиясын, дамыта отырып оқыту, оқу үшін бағалау.

Осы аталған технологиялардың ішінде биология сабақтарында ойын технологиясын тиімді қолдануға болатыны жайлы айтқымыз келеді.

Ойын — балалардың шынайы және ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менін» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік беретіні белгілі дерек. [2]

Ойын, білім алу, еңбек ету – адамның негізгі қайраткерліктері. Ойын — әрқашан кішкене білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды. Ойынды алданыш және көңіл көтеру деп ойлайтындар қателеседі.

Кейбір педагогтар мен психологтардың мектеп жасындағы балалар, ойын жасынан өтіп кетті, — деуі бекер деген пікірлерге қосыламыз. Ойындағы оқиға-жайлар сабаққа әр қилылық нәр береді, сабақты қызық етеді, оған эмоциялық бояу береді деп білеміз.

Сонымен, ойын арқылы келесі маңызды міндеттер: баланың қоғамдық қатынастарға бейімделуі, жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар мен әртүрлі ұлт өкілдерінің мәдениеттерін меңгеруі; баланың шынайы адамгершілік коммуникацияға енуіне мүмкіндік беретін коммуникативті іс-әрекеттердің көрініс табуы жүзеге асырылады. [3]

Мұғалім ойын технологияларын пайдалана отырып, баланың әр қырынан көрінуіне (интеллектуалдылық, шығармашылық, эмоционалдылық, коммуникативтік) және оның мінез-құлқында, қарым-қатынасында, оқуында пайда болатын әртүрлі қиындықтарды жеңуге жағдай жасайды.

Оқушыларға нақты мысал келтіре отырып, олардың алған білімдері маңызды практикалық мәселелерді шешуге қажет екендігін түсіндіру керек. Окушылардың білімнің өмірлік маңызын түсінуі, теория мен практиканы тығыз байланыстырады, пәнге ынтасын арттырады, оқушылар біліміндегі формализм элементтерін жояды.

Дидактикалық ойындарды жаңа тақырыпты түсіндіру барысында, қайталау, пысықтау, жаттығу сабақтарында да пайдалануға болады.

Ойын жағдайын балалар сабақ барысында бір-бірімен ақпарлармен алмасатындай, ақылдасатындай, бір-біріне дәлелдей алатындай, бір-бірін бағалайтындай етіп,

ұйымдастыру керек. Ойындар қолданылған сабақтарда оқушылар белсенділік көрсетеді. Бұлай болу барлық ойынға тән нәрсе, оның топтық түрде өтуіне байланысты.

Топтық түрде сабақтағы білім алу, дәстүрлі білім беру «мұғалім – оқушы» өрнегін күрделендіреді.[4]

Яғни, өрнек былай күрделенеді: «мұғалім – топ – оқушы», бұдан келесі өрнек туындайды: «оқушы – оқушы». «Оқушы – оқушы» жүйесінде «топ – оқушы», «оқушы – топ» өрнектері өздігінен туындап жатады және оқушылар білмейтіндерін көрсетуге тырыспайды.

Балалар бір-бірінің ойларымен пікірлерімен алмасады, дәлелдейді, қателеседі, өз ойларын ортаға салады, негіздейді, тексереді, қателерін түзейді. Ойын барысындағы пікірлер алмасу нәтижесінде, оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді.

Мұндай жағдайда, барлық балалар алға жылжиды, білімдері терең балалардың тежелмеуін, білімі төмен балалардың алға ұмтылуына мүмкіндік береді.

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптарды негізгі басшылыққа алу керек. Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

1. Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы тиіс.
2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі оқушыларға әбден түсіндірілгені жөн.
3. Ойынға сыныптағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету қажет.
4. Ойынның жүру барысында мұғалім балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Бес саусақ бірдей емес, яғни әр оқушының сабаққа қызығушылығы, дүниетанымы, даму ерекшеліктері әртүрлі. Сондықтан оқушылардың осы топтарына әртүрлі деңгейде талап қоюға тура келеді. Ал, ойын элементтері кез-келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды.

Аталған тәжірибелер мен пікірлерді ескере отырып, мен биология сабақтары барысында қолданатын ойын элементтері: «Бинго», «Алтын қақпа», «Крестер және нөлдер ойыны», «Жаңбыр тамшысы», «Гүлге қонған көбелек», «Ақ қала» «Үздік биолог» кімге бұйырады? «Шындық детекторы», «Жәшік сиқыры», «Ғажайып алаң», «Блогбастер», «Ыстық орындық», «Микрофон», «Сөз мерген», «Рольдік ойындар», «Баскетбол», «Маршруттық ойындар», «Мозайка» және тағы басқа.

«Үздік биолог» кімге бұйырады?, «Сөзмерген», «Алтын қақпа», «Ғажайып алаң» ойындарын апталық кештерде «Жәшік сиқыры» ойынын апталықтың кештерінде ойынның бір кезеңінде, сол кезеңнің бір элементі ретінде алуға болады.

«Жәшік сиқыры» ойынында арнайы оқушылардың денесіне сәйкес жәшіктер дайындалып, оларға әріптер жабыстырылады. Берілген сұрақтарға оқушылар әріптер жапсырылған жәшіктерді киіп жауап береді. Бір топқа берілген әріптер: к, ү, л, т, е, ө, м, і, р, с. Берілген сұрақтар:

1. Гүл құрылысы (күлте)
2. Аз сөз алтын, көп сөз …… (көмір)
3. Қыста сойған малды, көктемде ….. ін жейді
4. Ең қу аң (түлкі)
5. Мал терісінен тігілген, үстіге киетін не ? (күрме)
6. Өрмекші тоқиды (өрмек)

Биология сабақтарында қолданған ойын элементтерінің кейбір түрлеріне тоқтала кетсек:

«Шындық детекторы». Бір топтан 1 оқушы шығады. Оған мұғалім сұрақтар қояды. Қалған оқушылар сол сұрақтарға қате немесе дұрыс жауап бергенін бақылап отырады. Қате жауап берген сұрақтарын оқушылар талқылдайды.

«Крестер және нөлдер» ойыны. Жекелей тапсырма, жұптық, топтық тапсырма ретінде алуға болады. Бетті бірнеше ұяшықтарға бөліп, әрбір ұяшыққа қойылатын сұрақтардың жауаптарын, сонымен қоса бұрыс жауаптар да жазылады. Оқушылар дұрыс жауапты – «0», қате жауапты-«Х» белгілейді.

«Мозайка». Бұл ойын элементінде тақырыпқа байланысты бөлікке бөлінген суреттер беріледі. Осы суреттерді бір-бірімен құрастыра отырып, суреттің атын атап, оған сипаттама беру керек.

«Жаңбыр тамшысы». Топтық жұмыста қолшатырға көптеген сұрақтары бар стикерлерден жаңбыр тамшылары қиылып алдын-ала жапсырылады. Сұрақтарға жауап бере отырып, қолшатырды жауған жаңбырдан қорғау керек.

«Гүлге қонған көбелек». Көбелек тәрізді стикерлерге сұрақтар алдын-ала жазылып, гүлге орналастырылады. Сол сұрақтың әрбіреуіне дұрыс жауап бере отырып, оқушылар өздеріне көбелектер жинайды. [5]

Ойын арқылы оқушы меңгереді:

1. Оқушылар нақты қызмет тәжірибесін меңгереді.
2. Оқушылар тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шешеді.
3. Уақытты үнемдеуге үйретеді.
4. Оқу барысында алған білімдерін нақты істе қолдануға мүмкіндік береді.
5. Оқушылар үшін психологиялық жағымды.
6. Оқушылар үшін қауіпсіз.
8. Ойын материалдары дәстүрлі оқу материалдарымен салыстырғанда күрделірек.
9. Ойын нәтижесі, өз жетістіктері, әсерлері, алған білімі, дағдысы жөнінде оқушылар ата-аналарымен, өзге балалармен, мұғалімдермен көбірек әңгімелеседі, кітапханада өз бетімен іздене білуге, қажетті материалдарды іріктей білуге үйренеді.

Яғни, биология сабақтарында ойын элементтерін қолдану барысында оқушылардың сабаққа дайындығы, қызығушылығы артты.

Сыныптағы оқушылар өз бетімен ізденуге талпынды. Нашар оқитын оқушылардың сабаққа дайындығы артты. Топпен жұмыс жасауға, сыныптағы достарын тыңдауға дағдыланды, қосымша материалдармен жұмыс жасай бастады [6].

Бірақ, мұғалім ойын элементтерін сабақ барысында қолдануда басты қағиданы ұстану керек. Сабақ ойынға айналмау керек. Мұғалімнің басты міндеті білім беру, оқушыға кез-келген білім саласын меңгертудің жеңіл де тиімді жолдарын тауып, шығармашылықпен жұмыс істей білуге үйрету.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 12 жылдық білім, №2 2007
2. «Оқыту – тәрбиелеу технологиясы» №2. 2014.- 64 б.
3. «Педагогика мәселелері» №3. 2011. /Оқушылардың шығармашылығын дамытуда оқу процесінің маңызы/ — 94 б.
4. «Педагогика мәселелері» №3.2014 /Оқушы болашағы – ұстазда/ 94 б.
5. «Оқыту – тәрбиелеу технологиясы «№5. 2012/Ойынмен оқытайық/ — 64 б.

6. Педагогика: оқулық/Абай атындағы Ұлттық Педагогикалық Университетінің педагогика кафедрасының авторлары. Ұжымы – Алматы, 2005. — 430б.

АШЫТҚЫ МИКРОАҒЗАЛАРЫНЫҢ ӨНДІРІСТЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ

Исабаева А.А., а.ш.ғ.к., Орталық Азия инновациялық университеті
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.
Мамытова А.Ы. – аға оқытушы., Жумабек Ахметұлы Тәшенев университеті
Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

Аннотация. В данной статье рассмотрено строение микроорганизмов, виды дрожжей, их место и значение в производстве. Дрожжи обычно используются в производстве хлеба, производстве пива, производстве кондитерских изделий, производстве молочной продукции.

Abstract. This article discusses the structure of microorganisms, types of yeast, their place and importance in production. Yeast is commonly used in bread production, beer production, confectionery production, and dairy production.

Ашу – бұл тірі жасушалардың немесе олардан бөліп алынған ферменттердің әсерінен қантты және басқа да құрамында көміртегі бар қосылыстардың ыдырауы.

Ашу барысында тотығу-тотықсыздану реакциясының нәтижесінде, микроорганизмдердің тіршілігіне қажетті энергия бөлініп шығады да химиялық қосылыстар түзіледі. Микроорганизмдер оны аминқышқылдарының, белоктардың органикалық қышқылдарының биоинтезіне қолданады. Ашу үрдісі оттегінің қатысуынсыз өтетіндіктен, субстараттағы болатын барлық тотығу – тотықсыздану өзгерістері оның ішкі мүмкіндігі есебінен жүреді

Микроорганизмдер лас суларды тазартуда, жанар газ – метанды түзуде пайдаланылады. Бірқатар микроорганизмдер адамдар, жануарлар және өсімдіктердің патогені болып саналады. Микроорганизмдердің кейбір түрлері топырақты құнарсыздандырып, көптеген адам шаруашылығы өнімдерін бүлдіреді, металдардың коррозияға ұшырауына ықпал етеді. Микроорганизмдер биологияның көптеген мәселелерін шешуде маңызды зерттеу нысаны болып саналады.

Микроорганизмдерді қолдануға негізделген заманауи биотехнологиялық процестерде ақуыз және биологиялық белсенді заттар, ашытқы, мицелиалды саңырауқұлақтар, бактериялар мен микроскопиялық балдырлар өндірушілері қолданылады. Экономикалық және экологиялық тұрғыдан ашытқы ақуыз бен биологиялық белсенді заттарды (ББЗ) белсенді өндірушілер болып табылады. Олардың артықшылығы, ең алдымен, «жылдам өндіруге қабілеттілігінде», өйткені ашытқыны көп қиындықсыз өндірістік ортада өсіруге болады. Ашытқы өсудің жоғары жылдамдығымен, бөгде микрофлораға төзімділігімен сипатталады, көптеген қорек көздерін сіңіруге қабілетті, дақылдық сұйықтықтан оңай бөлінеді және ауаны споралармен ластамайды. Ашытқы жасушаларында 25% дейін құрғақ зат болады. Ашытқы биомассасының ең құнды құрамдас бөлігі - аминқышқылдарының құрамы. Сонымен қатар, ашытқы жасушаларында микроэлементтер мен майдың едәуір мөлшері бар, оларда қанықпаған май қышқылдары басым.

Қазіргі уақытта ашытқы әртүрлі ферменттік препараттарды, органикалық қышқылдарды, полисахаридтерді, көп атомды спирттерді, дәрумендер мен витаминдердік қоспаларды алу үшін қолданылады.

Ашытқы - ақуызды азықтық қоспалар алуға арналған микроорганизмдердің жетістігі мол топтарының бірі. Кейбір ашытқы штамдарының жасушаларында ақуыз мөлшері құрғақ салмақтың жартысынан 2/3 дейін боолады, маңызды амин қышқылдарының үлесі 10% дейін құрайды (лизинге бай соя ақуыздарында ол 6% -дан аспайды)

Ашытуға болатын органикалық қосылыстардың түрлері көп. Олар көмірсулар, спирттер, органикалық қышқылдар, амин қышқылдары, пуриндер, пиримидиндер.

Құрамында жартылай тотыққан (немесе тотықсыздықтанған) көміртегі атомы бар химиялық қанттарды ашытуға болады. Бұл кезде субстраттан шыққан молекулалардың арасында (немесе молекулалардың бір түрі ішінде) тотығу – тотықсыздану өзгерістері жүруі мүмкін. Нәтижесінде ашу өнімінің бір бөлігі тотықсызданған, ал екіншісі субстратпен салыстырғанда әлдеқайда тотыққан болады. Ашудың әрбір түрінде екі жағын ерекшелеуге болады: тотықтыратын және тотықсыздандыру. Тотығу үрдісінде арнайы ферменттердің (дегидрогеназа) көмегімен белгілі метаболиттерден электрондар бөлінеді және ашыту субстратында түзілген басқа молекулаларға акцептеледі, яғни ашу барысында анаэробты түрдегі тотығу өтеді.

Ашу үрдісін ашықтылар және оған ұқсас саңырауқұлақтар тудырады, олар интенсивті көбею нәтижесінде белокты қоспа ретінде пайдаланалатын биомассаны жинайды. Олар тағам өнеркәсібінде кең қолданыс тапқан (наубайханалық, сыра ашыту, шарап жасау, спирт өндіру). Ашытқылар - бір жасушалы эукариотты микроорганизмдер, олар саңырауқұлақтардың үш классына жатады: Ascomycetes, Basidiomycetes, Deuteromycetes.

Ascomycetes классына жататын ашытқылар жынысты жолмен көбеюі барысында, эндогенді споралары бар қалташаларды (асқа) түзеді. Бұл класқа ашыту өндірісінде кең қолданылатын Saccharomyces және Shizosaccharomyces (схизосахаромицет) ашытқылар туысының өкілдері жатады. Ашытқылар қоректену жағдайына талғампаз болады. Анаэробты жағдайда энергия есебінде көмірсуларды пайдаланады, кейбір түрлері (Pichia stipitis, Pachysolen tannophilus) пентозалар қосылған орталарда жақсы өседі. Полисахаридтерден көбіне инулин және крахмалды жояды.

Этил спиртін алу. Спирттік ашыту үрдісінде негізгі ашыту өнімі-этанолмен қатар, қосымша өнімдер түзіледі: глицерин, жоғары спирттер, сивуш майлары, альдегидтер, органикалық қышқылдар, эфирлер, көмір қышқыл газы. Бұлардың көбі тәжірибеде қолданылады.

Биотехнологияда спирт өндіру үшін қант қамысы, азықтық жүгері және басқа да көмірсудың арзан көзі пайдаланылады. Моно- және олигосахаридтер алу үшін олар саңырауқұлақ текті амилаза немесе күкірт қышқылымен ыдырайды. Сосын ашытылып, стандартты концентрациясы 96% спирт ректификат айырылады.

Ашу өндірісі. Ашу – субстраттың толық тотығуы жүрмейтін және АТФ түзілуімен сипатталатын метаболиттік процесс. Көмірсутегілер мен бірқатар басқа да заттардың ашуы кезінде, мынандай өнімдер түзілуі мүмкін: этанол, лактат, пропионат, формиат, бутират, сукцинат, капронат. ацетат, н-бутанол, 2,3-бутандиол, ацетон, 2-пропанол, көмірқышқыл газы және молекулалық сутегі. Түзілген өнімнің түріне байланысты ашу процесінің бірнеше түрін ажыратады:

1. Спирттік ашу процесі;
2. Сүт қышқылдық ашу процесі;

3. Пропион қышқылдық ашу процесі;
4. Құмырсқа қышқылдық ашу процесі;
5. Май қышқылдық ашу процесі;
6. Сірке қышқылдық ашу процесі.

Ашу процесін жүргізетін микроорганизмдердің көбісі облигатты анаэробтар, кейде факультативті анаэробтар да кездеседі. Оттегі ашу процесін тежейді, ал тыныс алу процесін активтендіреді.

Жоғары деңгейдегі ашу рассалары 14-25°С температурада жұмыс жасайды, ал процесс соңында шараптың бетіне көтеріліп, қалпақ тәрізді қабық түзейді. Бұл қабық ашытқы клеткаларының бүршіктенуден кейін топтасқан күйінде қалып, көмірқышқыл газының көпіршіктерімен бірге жоғары көтеріледі. Жоғары деңгейдегі ашу рассаларына спирт, нан және сыра өндірісінің ашытқылары жатады.

Ашу ортасындағы төмен және жоғары деңгейлеріне қарамастан, ашытқылардың қызметіне байланысты мақта тәрізді, түйіршік тәрізді және тұнбаға түсетін немесе беткі қабатқа көтеріліп, жүзіп жүретін тозаң тәрізді түрлерге бөледі. Мақта тәрізді ашытқылардың жақсы хош иіс түзетіні көрсетілген.

1847 жылы С.Блондо алғаш рет сүт қышқылы – ашу процесінің өнімі екенін көрсетті, ал Луи Пастер бұл ашуды бактериялар туғызатынын дәлелдеді. Сүт қышқылын микробиологиялық синтез жолымен өндіру 1881 жылдан бері белгілі. Сүт қышқылы тамақ өнеркәсібінде, медицинада шикізат ретінде химиялық синтезде, тері және т.б. өндірістерде кеңінен қолданылады.

Көмірсулардың сүт қышқылына дейін ашуы сүтқышқылды бактериялардың көмегімен жүзеге асады. Оларды гомоферментативті және гетероферментативті сүтқышқыл бактериялары – деп екі топқа боледі. Гомоферментативті ашудың негізгі өнімі – сүт қышқылы, ал гетероферментативті ашудың өнімі сүт қышқылымен қатар сірке қышқылы, этанол және көмір қышқыл газы болып табылады. Гомоферментативті сүтқышқыл бактерияларда көмірсулардың ашуы гликолиз жолымен, ал гетероферментативті өкілдерінде пентозофосфатты жолмен жүреді. Сүтқышқыл бактерияларды 4 туысқа: Lactobacillus, Lactoccocus, Leuconostoc, Pediococcus деп бөледі. Өнеркәсіпте сүт қышқылының өндірушілері ретінде тез өсетін және аз уақыт ішінде көп мөлшерде сүт қышқылын түзетін гомоферментативті таяқша сүтқышқыл бактериялар – Lactobacillus delbrueckii, Lb. hulgaricus, Lb. leichmanii, Lb. caseiштамдарын қолданады. Сүт қышқылы өндірісі үшін шикізат көзі ретінде меласса, минералды тұздар, солод және жүгері экстрактысы қосылған қантталған картопты затор, жемісті сусындар өндірісінің қалдықтарын, сут сарысуын, сүттің және сүт сарысуының ультрафильтратын қолдануға болады. Бұл жағдайда ұйытқының құрамды бөлігі Streptococcus lactis бактериясы болып табылады. Ашу процесін біраз қышқылдандырышған ортада 2-7 тәулік аралығында, 49-50°С температурада мерзімді дақылдау жағдайда жүргізеді, ал сүт қышқылын бөліп алу мен тазалау бірқатар қиыншылықтар туғызады. Сүт қышқылы нашар кристалданады және таза күйінде суды тез сіңіретін түссіз сироп түрінде болады (бұл көбінесе 65%-дық ерітінді күйінде кездеседі).

Жыл сайын микробиологиялық жолмен 20 мың тоннадан көп L (+)-сүт қышқылы өндіріледі. Сүт қышқылды ашу процесі арқылы көптеген сүт қышқылды өнімдер, май және ірімшік дайындалынады, сонымен бірге, орам жапырақты тұздауда, жемістерді консервілеуде, азықтық жемді сүрлеуде негізгі рөлді атқарады. Сүт қышқылды ашудың аралық өнімдері ортада бөгде микрофлораның өсуін тежейді, ферменттелінетін қоспаға

жақсы органолептикалық қасиет беріп, адам мен жануарлар организміне пайдалы әсерін тигізеді.

Өндірістік микробиологияны металлургияда пайдалану да жаксы нәтиже көрсетуде. Бактериялардың көмегімен уран, алтын және күмісті бөліп алу да жолға койылған. Кейбір бактериялар минералдарды тотықтырып, оларды жақсы еритін қосындыларга айналдыру. Бактериялардың осы қасиетін пайдаланып, бүкіл дүние жүзінде жылына мыстың жүздеген мың тоннасын өндіруге мүмкіндік туды. Бұған жұмсалатын шығын байырғы қарапайым әдіспен ендіруден 2—3 есе арзанға түседі. Осы аталған және баска да көптеген мәселелерді шешуде биотехнология молекулалық биологияның жаңа саласы — гендік инженериямен тығыз байланыс жасайды.

Қорыта айтқанда, микробиологияда микроорганизмдерді зерттеу соның ішінде ашытқы бактерияларырының өніріс саласы, жалпы биотехнологияда алатын орны зор. Адам өміріндегі сан алуан тағам өндірісінде, кондитердік, сүт , нан ашытуда, медицинада, ауыл шаруашылығында, өндіріс орындарында кеңінен қолданылып коммерциялық өнімдерді жасауда алатын орны ерекше екендігіне көз жеткіздік және болашақта пайдалану шекарасын кеңейту мақсатында зерттеу жұмыстары атқарылатындығын айтқымыз келеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. А.С. Кистаубаева «Биотехнологиядағы процестер мен аппараттар» (Алматы-2017)
2. Өндірістік микробиология / Жалпы редакциясымен проф. Н.С. Егорова. — М.: Жоғары мектеп, 1989. — Б. 414—438.
3. Бабиева И.П., Чернов И.Ю. Ашытқылардың биологиясы. — М.: КМК ғылыми бас ылымдарының қауымдастығы, 2004.

БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЛЕРІ МЕН АРНАЛАРЫН ТАЛДАУ

Султанова Г.А., Туракулов А.П., Бердіқұл Е.Т.
«Техника және ақпараттық технологиялар» кафедрасының
магистр, оқытушылары
Орталық Азия инновациялық университеті, Шымкент
Berdikul00@list.ru

Аннотация. Сети и каналы связи - это структуры и пути связи, используемые для передачи информации из одного места в другое. У них разные типы и особенности, они взаимодействуют друг с другом и передают данные по-разному. Правильный выбор и эффективное использование линий и каналов связи обеспечивают быструю, безопасную и качественную доставку информации. Это играет особенно важную роль в глобальных сетях и инфраструктурах корпоративной связи.

Ключевые слова: БА, БЖ, ТТХКК, сигнал, коммутация.

Abstract. Networks and communication channels are structures and communication paths used to transfer information from one place to another. They have different types and features, they interact with each other and transmit data in different ways. The correct choice and efficient use of communication lines and channels ensure fast, safe and high-quality information delivery. This plays a particularly important role in global networks and corporate communications infrastructures.

Key words: CC, CN, IACTT, signal, switching.

Байланыс желілері мен арналарының қажеттілігі қазіргі қоғамның дамуы мен жұмыс істеуі үшін өте маңызды. Олар көптеген салаларда ақпарат алмасудың негізін құрайды және әр түрлі мақсатта пайдаланылады.

Байланыс желісі мен байланыс арнасы бірдей болып келмейді. Байланыс желісі (БЖ) — бұл ақпараттық сигналдар берілетін физикалық орта. Бір байланыс желісінде уақытша, жиілік кодтары және бөлудің басқа түрлері арқылы бірнеше виртуалды байланыс арналарын ұйымдастыруға болады. Егер арна байланыс желісін толығымен монополиялайтын болса, онда оны физикалық арна деп атауға болады және бұл жағдайда байланыс желісіне сәйкес келеді. Аналогтық немесе цифрлық байланыс желілер тек әртүрлі типтегі байланыс арналарын құруға болатын физикалық орта болып табылады. Дегенмен, тіпті физикалық көп арналы желілерді көбінесе байланыс арнасы деп атайды. БЖ кез-келген ақпарат беру жүйесінің міндетті буыны болып табылады[1]. Байланыс арналарының (БА) жіктелуі келесі кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Байланыс арналары

Байланыс арналары	
Физикалық табиғи	• Механикалық
	• Акустикалық
	• Оптикалық
	• Электрлік
Берілетін ақпарат формасы	• Аналогтық
	• Цифрлық
Берілетін ақпарат бағыты	• Симплекстік
	• Жартылай дуплексті
	• Дуплексті
Өткізу қабілеті	• Төмен жылдамдық
	• Орташа жылдамдық
	• Жоғары жылдамдық
Коммутацияның болуы	• Коммутацияланатын
	• Бөлінетін

БЖ мен БА физикалық табиғаты бойынша бөлінеді:
- Механикалық-материалдық ақпарат тасымалдаушыларын беру үшін қолданылады;
- Акустикалық-дыбыстық сигналды тасымалдау;
- Оптикалық-жарық сигналын беру;
- Электрлік-электр сигналын беру.

БА электрлік және оптикалық болуы мүмкін:
- Сигналдарды беру үшін өткізгіш байланыс желілері (электр сымдары, кабельдер, жарық өткізгіштер);
- Сымсыз (радиоарналар, инфрақызыл арналар) сигналдарды беру үшін эфир арқылы таралатын электромагниттік толқындарды қолданады.

БА берілетін ақпаратты ұсыну нысаны бойынша мыналарға бөлінеді:

- Аналогтық-аналогтық арналар арқылы үздіксіз түрде, яғни қандай да бір физикалық шаманың мәндерінің үздіксіз қатары түрінде берілген ақпарат беріледі;
- Сандық-сандық арналар арқылы белгілі бір физикалық сипаттағы сандық (дискретті, импульстік) сигналдар түрінде ұсынылған ақпарат жіберіледі.

Ақпаратты берудің ықтимал бағыттарына байланысты мыналар ажыратылады:
- Ақпаратты тек бір бағытта беруге мүмкіндік беретін симплексті БА;
- Ақпаратты алға және кері бағытта кезектесіп беруді қамтамасыз ететін жартылай дуплексті БА;
- Ақпаратты тікелей және кері бағытта бір уақытта беруге мүмкіндік беретін дуплексті БА.

Байланыс арналары соңы болуы мүмкін:
- Коммутациялық;
- Коммутацияланбаған[2].

Коммутацияланатын арналар жекелеген сегменттер бойынша ақпарат беру уақытына ғана құрылады; байланыс сеансы аяқталғаннан кейін мұндай арна жойылады. Коммутацияланбайтын арналар ұзақ уақытқа ұйымдастырылады және ұзындығы, өткізу қабілеті, кедергіге төзімділігі бойынша тұрақты сипаттамаларға ие. Өткізу қабілеттілігі бойынша оларды бөлуге болады:
- Ақпаратты беру жылдамдығы 50-ден 200 мбит/с-қа дейінгі төмен жылдамдықты БА, бұл коммутацияланатын (абоненттік телеграф) және коммутацияланбайтын телеграф БА;
- Орташа жылдамдықты БА, мысалы, аналогтық (телефон) Ба, олардағы берілу жылдамдығы 300-ден 9600 бит/с-қа дейін, ал жаңа стандарттарда v90-v.92 телеграф және телефония жөніндегі халықаралық консультативтік комитеттің (ТТХКК) және 56000 бит/с-қа дейін;
- 56 000 бит/с-тан жоғары ақпарат беру жылдамдығын қамтамасыз ететін жоғары жылдамдықты БА.

Телефондық БА телеграфқа қарағанда тар жолақты, бірақ берілетін сигналдың айтарлықтай төмендететін модемнің міндетті болуына байланысты ол бойынша деректерді беру жылдамдығы жоғары. Қарапайым кодтау кезінде аналогтық арналар арқылы деректерді берудің ең жоғары жылдамдығы 9600 бод = 9600 бит/с аспайды. Қазіргі уақытта қолданылатын күрделі деректерді кодтау хаттамалары деректер элементін көрсету үшін екі емес, бірнеше сигнал параметрінің мәндерін пайдаланады және 56 кбит/с = 9600 бод аналогтық телефон желілері арқылы деректерді беру жылдамдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді[3].

Телефон желілері негізінде ұйымдастырылған цифрлық БА бойынша деректерді беру жылдамдығының төмендеуіне және цифрланбаған сигналдың жоғарылауына байланысты да жоғары болуы мүмкін (64 Кбит/с дейін), ал бірнеше сандық арналарды осындай құрамдас БА-да бір-біріне мультиплекстеу кезінде тарату жылдамдығы екі есе, үш есе және т. б. қабілетті, жылдамдықтары бар ұқсас арналар бар секундына ондаған және жүздеген мегабит болып келеді. Төмен және орташа жылдамдықты сымдардағы ақпаратты берудің физикалық ортасы әдетте сымды байланыс желілері болып табылады: параллель немесе бұралған ("бұралған жұп") сымдар топтары. Кең жолақты БА ұйымдастыру үшін әртүрлі кабельдер қолданылады, атап айтқанда:
- Мыс сымдарының бұралған жұптарымен қорғалмаған (Unshielded Twisted Pair-UTP);
- Мыс сымдарының бұралған жұптарымен қорғалған (Shielded Twisted

Pair-STP);

- Талшықты-оптикалық (Fiber Optic Cable-FOC);
- Коаксиалды (Coaxial Cable — CC);
- Сымсыз радиоарналар.

Бұл орталар әртүрлі материалдар мен технологияларды пайдалана отырып, ақпаратты бір орыннан екінші орынға жеткізуді қамтамасыз етеді. Әдетте, олар сымдық байланыс жүйелерінде қолданылады және мәліметтердің белгілі бір жылдамдықта және ұзақ қашықтықтарға тасымалдануын қамтамасыз етеді.

Әрбір орта өзінің ерекшеліктері мен қолдану аясына сәйкес таңдалады, бұл оны түрлі жағдайлар мен технологиялар үшін тиімді етеді[4].

Жаңа технологиялар мен инновациялар көбінесе байланыс желілерінің

дамуымен байланысты. Жаңа байланыс арналарын құру, деректерді тасымалдау жылдамдығын арттыру, интернет-қызметтерін жақсарту — осының бәрі технологиялардың дамуымен және қоғамның ақпараттық қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Сондай-ақ, қазіргі кезде **бұлтты байланыс жүйелері** мен **жоғары жылдамдықты интернет байланыс арналар** өте кең таралған[5].

Байланыс желілері мен арналар технологияның дамуымен бірге үнемі

жетілдіріліп, ақпарат тасымалдау жылдамдығын арттыруға және сапасын жақсартуға бағытталуда. Байланыс желілері мен арналары қазіргі әлемде қоғамның әрбір саласында маңызды рөл атқарады. Олар ақпарат алмасудың тиімділігін арттыру, экономиканы жақсарту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын дамыту, халықаралық ынтымақтастықты нығайту және жаңа технологияларды енгізуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Скляров О. К. Волоконно-оптические сети и системы связи: Учебное пособие / О. К. Скляров. - СПб.: Олень, 2018. - 268 с.
2. Гордиенко, В. Н. Многоканальные телекоммуникационные системы: Учебник для вузов / В. Н. Гордиенко, М. С. Тверецкий. - М.: Рис, 2015. - 396 с.
3. Ким А. К., Перокатов В. И., Ермаков С. Г. Микропроцессоры и вычислительные комплексы семейства "Эльбрус". - Санкт-Петербург.: Питер, 2013. - 272 с.
4. Хартов, В. Я. Микропроцессорные системы: Учебное пособие / В. Я. Хартов. - М.: Академия, 2017. - 320 с.
5. Вейсов Е. А. Микропроцессоры и микроконтроллеры в вычислительных системах : учеб. пособие / Е. А. Вейсов, О. В. Непомнящий. – Красноярск: ИПЦ КГТУ, 2013. – 503 с.

ӨСІМДІКТЕРДІҢ ЖОҒАРЫ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖОБАСЫН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

Қозтай А.Қ. - магистр
Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қаласы. Қазақстан

Аннотация. В статье рассматривается изучение и проведение научно-исследовательского проекта по высшим видам растений.

Abstract. The article discusses the study and implementation of a research project on higher plant species.

Ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы белгілі бір ғылыми бағытқа немесе ғылыми мәселеге қатысты болады. Ғылыми бағытқа сол зерттеу жұмысы жүргізілетін ғылым, ғылым кешені немесе ғылыми мәселелер жатады.

Ғылыми мәселе (проблема) – бұл күрделі теориялық және (немесе) практикалық міндеттердің жиынтығы; ғылыми-зерттеу жұмысы тақырыптарының жиынтығы. Мәселе салалық, салааралық, жаһандық болуы мүмкін.

Ғылыми тақырып – бұл күрделі, шешуді талап ететін міндет. Тақырыптар теориялық, практикалық және аралас болуы мүмкін. Теориялық тақырыптар әдеби көздерді қолдану арқылы әзірленеді. Аралас тақырыптар зерттеудің теориялық және практикалық аспектілерін қамтиды. Ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбы, өз кезегінде, кейбір мәселелерді қамтуы да мүмкін. Ғылыми сұрақ деп белгілі бір тақырыпқа қатысты міндеттерді айтады. Жұмыстың тақырыбын дұрыс таңдау оның табысты орындалуын қамтамасыз етеді деп саналады. Тақырыптардың өзектілігіне, жаңалығына, тәжірибелік және теориялық маңыздылығына қол жеткізу қажет.

Ғылыми-зерттеу жұмысын жоспарлау оны ұтымды ұйымдастыру үшін маңызды. Ғылыми-зерттеу ұйымдары мен білім беру мекемелері зерттеуге тапсырыс берушілер ұсынған өтінімдер негізінде мақсатты кешенді бағдарламалар, ұзақ мерзімді ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бір жылға арналған жұмыс жоспарларын әзірлейді.

Жұмыс бағдарламасы– зерттеудің жалпы тұжырымдамасын оның мақсаттары мен гипотезаларына сәйкес баяндау. Ол әдетте екі бөлімнен тұрады: әдістемелік және процедуралық.

Мәселені (тақырыпты) тұжырымдау – бұл шешімді талап ететін міндетті анықтау. Мәселелер технологиялық және ғылыми болып бөлінеді. Технологиялық проблема – бұл нақты өндірістің қажеттілігі мен кәсіпорындағы қазіргі технологиялық деңгей арасындағы қарама-қайшылық. Зерттеу объектісі мен мәнін анықтау.

Зерттеу объектісі – бұл қарама қайшылықты қамтитын және проблемалық жағдайды тудыратын құбылыс (немесе процесс).

Зерттеу пәні– бұл тәжірибе мен теория тұрғысынан маңызды қасиеттері бар объектінің ерекшеліктері. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау. Зерттеудің мақсаты – оның соңғы нәтижеге бағытталған жалпы бағыты.

Зерттеудің міндеттері – зерттеу процесінде шешуді талап ететін мәселе; жауап алынуы тиіс сұрақтар. Негізгі ұғымдарды түсіндіру– бұл ұғындыру, яғни негізгі ұғымдардың мәнін түсіндіру. Түсініктердің теориялық және эмпирикалық түрлері бар. Жұмыс гипотезаларын құрастыру. Гипотеза қандай да бір фактілерді, құбылыстар мен процестерді түсіндіру үшін ұсынылатын ғылыми болжам ретінде зерттеу есептерін

табысты шешудің маңызды құралы болып табылады. Зерттеу бағдарламасы бір немесе бірнеше гипотезаға бағытталуы мүмкін.

Ғылыми нәтижелерді екі түрге бөлуге болады:

1. теориялық-әдіснамалық (теориялық зерттеулер үшін), атап айтқанда: тұжырымдама, гипотеза, жіктеу, заң, әдіс;

2. аспаптық (қолданбалы және эмпирикалық зерттеулер үшін), атап айтқанда: тәсіл, технология, әдістеме, алгоритм, зат пен оның әсері, құбылыс. Теріс нәтиже ғылыми қоғамдастық үшін әрдайым ерекше құнды болып келеді, өйткені ол басқа зерттеушілердің күш-жігерін «үнемдейді». Сондықтан теріс нәтиженің шынайылығын мұқият тексеру керек.

Жарияланымдар. Жарияланымдар ғылыми қауымдастық ішінде және көпшілік арасында ғылыми нәтижелерді таратудың маңызды тәсілі болып табылады. Осы әдіс арқылы авторлар ғылыми растығы үшін жауапты болатын өз еңбектерінің нәтижелерін жариялайды.

Жаңа ғылыми нәтижелер туралы шығатын жарияланымдар зерттеу жұмысының нәтижелері мен пайдаланылған әдістерінің толық сипаттамасын беруге тиіс.

Мақаланы жазуды бастамас бұрын алдын ала бірнеше негізгі сұрақтарға жауап алу керек.

1. Жұмыстың негізгі мақсаты қандай? Бұл сұраққа жауап мақаланың мазмұнын және түрін анықтауға көмектеседі: - мақала зерттеудің жаңа және маңызды нәтижелерін сипаттайды ма (эксперименттік (тәжірибелік) мақала - неғұрлым кең таралған үлгі); - мақала бұрын жарияланған нәтижелерге жаңа түсінік бере ме (жиынтық талдамалық мақала; ірі гипотезаны ұсыну және негіздеу үшін пайдаланылады); - мақала әдебиетке немесе ірі тақырыпқа шолу болып табылады ма?

Өсімдіктердің жоғары түрлері бойынша ғылыми-зерттеу жобасын зерделеу мақсатында Дәрілік шүйгіншөп, Валериана лекарственная, Valeriana officinalis алынды.

Дәрілік шүйгіншөптің (валериана лекарственная – Valeriana officinalis L.) – 200-ден аса географияллық аймактарға таралуына жане әртүрлі климаттық жағдайларына байланысты өсірілу түрлерінің жиынтығын құрайды.

К. Линейдің жіктеуі бойынша дәрілік шүйгіншөптің 42 түрі ТМД мемле-кеттері аумағында, оның ішінде 7 – Еуропа, 1 – Кавказ, 34 – Азия бөлігінде кездеседі [42]. М.К. Кукенов, В.Ю. Аверина және басқалардың [43, 44, 45] мәліметтері бойынша Қазақстанда шүйгіншөптің 9 түрі кездесіп, көбіне Альпі және Субальпі шабындықтарында, 2000-4000 метр биіктікке дейінгі шөпті егістерде өседі.

Дәрілік шүйгіншөп (Valeriana officinalis L.) біржарым метрді құрайтын көпжылдыл шөптекті өсімдік. Тамыржүесі қыскалау, бірқатар ұсақтамырлы. Сабақтары тіке, іші қуыс келеді. Тамырыннан тіке өсеттін сабактары ұзынша, томенгі жақтағы жапырақтары қысқа, жоғары жағы отырықшы келеді. Жапырак пішіні құсқауырсыны тәріздес, гүлі майда, ашық қызыл түсті, иісі қошты болады. Гүлтәжі 5-жапырақты, тостағаншасы 5 гүлимек қалашадан құралыды. Тұқымдары шеткі жағында шашақты, сопақша, кішкене жеміс. Мамырмен тамызда гүлдеп, маусыммен қыркүйекте піседі (1-сурет).

Бұл өсімдікті ағзаны тыныштандыру мақсатында пайдаланудын себебі құрамында кездесетін эфирлі майларға тауелді. Ағзада бұл процесс жәй дамығанымен, тұрақты жүреді. Шүйгіншөптың қышқылдық не валепотриаттар-дың спазмалитикалық әсері әлсіз болғандықтан, асқазан-ішек, бұлшықет пен зәршығару жүйесіне қатысады. Өсімдікте кездесетін белсендік заттардың биокешені өт айдау, ас қорытудағы секреция бездерінің жұмысын күшейтіп, жүрек-қантамырларын кеңейтіп, жүрек соғу ырғағын байаулатады.

Шүйгіншөп көбінесе шабындықтарда, көгалдарда, өзендер жағаларында, орманмен батпақтарда кездеседі. Гүлдеу кезені тоқтағанда жерүсті бөлігі қурайды да, тамыры жиналайды. Тамыр жүйесіндегі эфирлік майлар, изо-валерианакышқылы, алкалоид бірнеше ауруларға емдік мақсатта қолданылады [1].

Тамшы түрінде эфир-майына толы гиподерма жасушалары болады. Қабық бөлігінде крахмал түйіршіктері кездеседі. Қазіргі кезде Түркістан облысы шаруашылықтарының 160-170га егістіктерде дәрішүйгіншөп, дәрітүймедақ, дәріжалбызтікен, өткір жапырақты кассий, дәрілік тырнақгүл өсірілуде.

Дәрілік шүйгіншөптің тамырынан жасалынған дәрілерді медициналық салада тыныштандырғыш зат есебінде, ұйқысыздықта, жүрек-қантамыр жуйесінін неврозында, жүректің қатты соғуы кезінде қолданылады. Дәрілік шүйгіншөптің алғыдақылы болып астық немесе сүрлемдік дақылдар табылады. Топырақтағы тамыр өнімінің сапасын төмендететіндіктен дәнді-бұршақты дақылдардан кейінгі екінші жылы ғана орналастыру керек. Ол үшін топырақтың механикалық жағынан жеңіл болғаны қолайлы. Топырақты өңдеу жұмысы жерді күзде 28-32 см тереңдікте аудара жырту және егіс алдындағы өңдеуден тұрады.



1-сурет. Дәрілік шүйгіншөп, Валериана лекарственная, Valeriana officinalis

Дәрілік шүйгіншөп егісіне тыңайтқыш енгізу оның тамыр өнімін және сапасын едәуір көтереді. Органикалық тыңайтқыш негізгі өңдеу алдында 20-30 т/га мөлшерде беріледі. Минералды тыңайтқыштың 25-30% негізгі өңдеумен, 5-10% себумен бірге және 60-70% үстеп қоректендірумен бірге берілуі қажет. Түркістан өңірінде дәрілік шүйгіншөптің қолайлы көбейту жолы – көшетінен көбейту. Көшетті дайындау үшін жаңадан жиналған тұқымды тамыз айының алғашқы онкүндігінде себеді. Қатар аралықтары 10-12 шаршы алаңға 1,5-2,0 г тұқым қажет. Тұқым сепкен соң танаптың бетін 1-2 см қалыңдықта көңмен жабады. 1 гектарға қажетті көшет дайындау үшін 100-150 шаршы метр көшет алаңы керек. Мол өнім алу үшін көшетті күзде (қазан айының екінші жартысында) немесе ерте көктемде 70 х 20 не 70 х 25 қоректену алаңына отырғызған өте тиімді. Күтіп-баптау жұмыстары топырақ ылғалдылығын бір қалыпты сақтауды (өсіп-жетілу кезінде 6-8 рет суару қажет), танаптың арам шөптерден таза, топырақтың физикалық құрамының өсімдік үшін қолайлы болуын (2 рет қопсыту) және үстеп қоректендіруді қамтамасыз ету керек.Дәрілік шүйгіншөпті көлемді егіс алқабына еккенде 1 га жерге 3-4 кг тұқым себіледі. Себу үшін көкөніс сепкішін қолдануға болады. Негізгі өңдеу (аудара жырту 28-32 см) жұмыстары себуден 25-30 күн бұрын жүргізілуі керек. Тұқым топырақтың қатты беткі қабатына түсу үшін егер алдындағы өңдеуде міндетті түрде топырақты тығыздау жұмысы жүргізіледі.

Алғы дақыл тыңайтылмаған болса, негізі өңдеу алдында 20-30 т/га органикалық тыңайтқыш енгізіледі. Толық минералды тыңайту түймедақтың гүл өнімін едәуір молайтады.

Дәрілік шүйгіншөп жоғары экологиялық, пластикалық қасиеті бар. Дәрілік мысықтамырдың тамыры көлденең топырақтың жоғары қабатында орналасқан. Шүйгіншөптің қалыптасқан және үлкен өсімдігі ұсақ құрғақшылық төзеді, бірақ жоғары егістік алу үшін ылғалды жерге егу керек. Шүйгіншөп аязбен зақымдалмайды, ал өсімдік жоғары қысқа беріктілікке ие. Шүйгіншөптің тұқымы 5^0С температурада өседі, оптималды температуралардың өсуі үшін шамамен 20-30^0С.

Егісті сепкеннен кейін 12-20 күнде жерге шығады, жапырақтары күзге дейін көбейеді, күздің соңында жапырақтары түседі. Екінші және соңғы жылдары шүйгіншөптің өсуі қардың кетуінен кейін тез өсе бастайды, бутанизация 30-50 күннен кейін оған жол береді. Гүлденуі 45-55 күн және тұқымы 75-110 күннен кейін өседі. Шүйгіншөп тұқымын сақтау кезінде өнгіштігін тез жоғалтады. Қоймада 1 жылдың өзінде-ақ сапасы төмендейді, сондықтан шүйгін шөптің тұқымын тергеннен кейін 1 жылға дейін сақтауға ұсынады.

Температура қатынасы. Табиғат жағдайда шүйгіншөп әр түрлі температурада өседі. Шүйгіншөп дақылы жоғары суыққа төзімдігі: өсімдік қар жамылғысы жоқ 10-15^0С суыққа өлмейді. Шүйгіншөп баптау сапасы кезеңінде өтеді. Баптау сапасы төмен температурада 2^0С дейін шүйгіншөп дақылы үшін жақса район – бұл орманды және орманды дала, Еуропаның бөлігі, Батыс және Шығыс сібірі сонымен бірге тау аймақтарындағы райондар Орта Азия.

Жарыққа қатынасы. Шүйгіншөп күннің ұзақтығына әсерін тигізбейді. Тәжірибелі ВИЛАР әр түрлі күннің ұзақтығы [2] сағат және табиғи күн) шүйгіншөптің дамуына, өсуіне әсер етпейді.

Ылғалдылығына қатынасы. Шүйгіншөп ылғал сүйгіш және төмендеу жерді топырақ суына жақын жерді қалайды. Шүйгіншөпті өсімдігі құрғақшылыққа төзімді, ылғалдың жетіспеуі көбеюіне, өсуіне әсер етеді. Көктемгі жел өсімдікті құртуға әсер етеді.

Топыраққа қатынасы. Табиғи жағдайда дәрілік шүйгіншөп әртүрлі топырақта өседі. Дақыл ретінде құнарлы жерде оңай егістік береді, ортаңғы механикалық құрамы нейтралды немесе сілтемелі реакция. Жақсы топырақ шүйгін шөп үшін құрғатылған және шымтезекті, жаманы – ауыр, саз, ыдырату, судың жетіспеуі және ауаның денеге ене алу қасиеті төмендігі және төменгі қыртысты жер. Құм және батпақты топырақ шүйгін шөп үшін пайдалы емес.

Тыңайтқышқа қатынасы. Тәжірибеде көрсеткендей шүйгіншөптін егістік тамырында органикалық және минералды тыңайтқыштар тез жоғарлайды. Қатты әсер ететін органикалық минералды тыңайтқыштар. Егістегі шүйгіншөптің тамырына 2-3 рет қолданады. Тыңайтқыштың жоғарлауы егістіктегі тамырында эфир майының мөлшеріне байланысты. Тәжірибелі Украиндық станциясы ВИЛАР толық минералдық тыңайтқыштар гектарға есептегенде 90 кг шүйгіншөптің тамырындағы эфирмайынын 2,3 пайызға дейін жоғарлайды. Калий тыңайтқышы жоғарғы дозада нәтиже береді.

Өкінішке орай барлық тәжірибелерде тыңайтқыштарды қолданады, шүйгіншөптің егістіктегі сапасын анықтауға шек қойды, эфир майын дәрілік шүйгіншөптің сапасын дәрілік ретінде сипаттай алмады. Емдік ретінде шүйгіншөп эфир майына ғана тәуелді емес және басқа да заттар шүйгіншөптің тамырында толық анықталмаған. Шүйгіншөптің сапасы тек ғана фармакологиялық әдісті анықтайды. Егістіктегі шүйгіншөптің тамырынын сапасы тәжірибелі Украиндық станция ВИЛАР мамандырылған тәжірибе

қойылған, алдағы көрсетілген тыңайтқыштар жоғарғы фактор болып табылады. Жоғарғы биологиялық шүйгіншөптің тамыры қара тыңайтқыштарда өсіріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлемқұлова Р.Ә., Тәртенова М.А. Өсімдік – табиғат қазынасы. – Алматы: Қайнар, 1984.

2. Дәуренбеков Ж. Асқаров Ә. Жасыл әлемге саяхат. – Алматы: Қайнар, 1985.

— возможности повышения коэффициента мощности в электросетях.

После выбора тарифной модели потребитель заявляет ее энергокомпании, что фиксируется в договоре. По истечении контрактного периода допускается смена тарифной модели. Реализуя выбранную модель с помощью соответствующих проектов и мероприятий по рационализации, потребитель сам снижает для себя стоимость 1 кВт.ч электроэнергии.

Оплату за потребленную электроэнергию предприятиями - потребителями вследствие их низкой платежеспособности в условиях кризиса энергокомпании могли бы допустить в товарной форме, оказанием встречных услуг или покупкой-продажей ценных бумаг, если это выгодно как потребителю энергии, так и энергокомпании.

Процесс перехода к новым методам регулирования тарифов на электроэнергию в соответствии с приведенными предложениями потребует решения следующих проблем:

— технических (необходимость установки дополнительных приборов учета и контроля расхода энергоносителей);

— организационно-экономических (возрастание объема учетной и прогнозно-аналитической работы в энергокомпании и у потребителей);

— юридических (разработка и принятие необходимых правовых документов).

Перестройку учетной и аналитической работы в энергокомпании необходимо проводить в следующих направлениях:

1. Для определения оптимальной глубины дифференциации тарифов по потребителям и обоснования соответствующих ставок требуется детальный учет затрат по всем стадиям процесса электроснабжения: от генерирования до распределения включительно.

2. Для дифференциации тарифов по направлениям стимулирования энергоэффективности необходимо провести комплексный анализ влияния режимных характеристик потребителей на финансовые результаты энергокомпании.

В контексте этих трансформаций искусственный интеллект (ИИ) стал ключевым фактором в оптимизации бизнес-стратегий, особенно в области ценообразования. ИИ позволяет предприятиям анализировать большие объемы данных быстрее и точнее, чем это было возможно ранее, а также эффективно проводить анализ:

— исторических данных о продажах;

— потребительского поведения;

— макроэкономических условий.

Использование алгоритмов машинного обучения и автоматизированных систем помогает предсказывать спрос, в реальном времени определять оптимальные цены и более точно реагировать на изменения в потребительских предпочтениях и рыночной ситуации, предоставляя бизнесу возможность проводить более гибкую и эффективную ценовую политику [2].

Применение ИИ в ценообразовании не только усиливает позиции компаний в условиях жесткой конкуренции, но и позволяет достигать значительного увеличения эффективности операций, улучшения клиентского сервиса и увеличения прибыли.

Цели оптимизации ценообразования с использованием ИИ:

1. Максимизация прибыли: идентификация ценовых точек, которые принесут максимальный доход.

2. Улучшение конкурентоспособности: гибкая и быстрая реакция на рыночные тенденции.

3. Повышение удовлетворенности клиентов: установление цен, которые соответствуют восприятию ценности услуг энергокомпаний клиентами.

4. Оптимизация загрузки производственных мощностей: важно для энергокомпаний с высокими фиксированными затратами, где оптимальное ценообразование помогает достичь максимальной эффективности использования ресурсов.

Благодаря ИИ можно быстро реагировать на изменения рынка и корректировать цены в соответствии с текущей ситуацией [3].

ИИ позволяет:

1. Прогнозировать спрос: ИИ анализирует большие объемы данных о покупательском поведении, экономических показателях и сезонных колебаниях для точного прогнозирования спроса.

2. Сегментировать рынок: с помощью ИИ компании могут разделять потребителей на сегменты по различным критериям и устанавливать индивидуальные цены для каждого сегмента, что увеличивает общую эффективность ценообразования.

3. Проводить оптимизацию в реальном времени: ИИ непрерывно анализирует поступающие данные и автоматически корректирует цены, что позволяет быстро реагировать на любые изменения на рынке.

4. Осуществлять интеграцию внешних данных: ИИ может учитывать не только внутренние данные компании, но и широкий спектр внешних источников, включая макроэкономические показатели, что помогает лучше понимать рыночные тренды.

Исходя из вышеизложенного, следует, что применение ИИ в ценообразовании энергокомпаний не только увеличивает эффективность процессов, но и приводит к более обоснованным и оптимальным ценовым решениям, которые способствуют устойчивому росту и развитию не только энергетической отрасли, но и всей экономики в целом.

Использованная литература:

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм» от 2 сентября 2024 года //https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-spravedlivyy-kazahstan-zakon-i-poryadok-ekonomicheskiy-rost-obshchestvennyy-optimizm-285014

2. Концепция развития искусственного интеллекта на 2024 – 2029 годы, утвержденная Постановлением Правительства РК от 24 июля 2024 года № 592// https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000592

3. Сарычева С. Оптимизация ценообразования с использованием искусственного интеллекта // https://priceva.ru/blog/article/optimizatsiya-tsenoobrazovaniya-s-ispolzovaniem-iskusstvennogo-intellekta

ТЕКТІ ТҰЛҒА ТӘШЕНЕВ ТАҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК РУХЫ: ТАРИХ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

КЕҢЕС ҮКІМЕТІ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕГІ ИСЛАМ ДІНІНІҢ КӨРІНІСТЕРІ

Апашева Сабира Нұрбаевна
Ж. Тәшенев атындағы университетінің «Тарих және география» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., қауымд. профессор. Шымкент қ.
Елемесова Акнур Аскаровна
Ж. Тәшенев атындағы университетінің магистранты, Шымкент қ.

Аңдатпа. Біздің қолымызда бар түрлі этнографиялық мәліметтер арқылы Кеңес Одағы қалыптасқанға дейінгі кезеңде ислам діні қазақ салт-санасының, күнделікті дәстүрлі өміріне кеңінен (түбегейлі десек те болады) енгендігін аңғара аламыз. Ислам діні тек салт-дәстүрмен шектелмей Қазақстан аумағындағы халықтың (яғни қазақтардың) дәстүрлі құқығына да айналып біткен болатын. Қазақ даласында шариғат заңы тек ережелерде пайдаланып қана қоймай өмірде де өз орнын ала алды. Осындай үлкен «мәртебеге» ие болған ислам діні Кеңес Одағының қалыптасуымен толықтайын өз беделінен айырылды. Әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі атеисттік үгіт-насихаттардың нәтижесінен, жаппай бұқаралық ақпарат құралдарындағы «дінсіздік» мәселелерінің ашық айтылуынан қоғамдық сана өзгерді, бұрыңғы «бісмілләсін» аузынан тастамаған халық шариғат заңына бағыну түгілі күнделікті тұрмысында да ислами ықпалды (мысалы діни салт-жоралғылармен үйлену-некелесу, ораза ұстау, садақа беру, зекет беру) ығыстырды.

Мақалада Кеңес үкіметі тұсындағы қазақтардың күнделікті өміріндегі дін көріністеріне қатысты зерттеулерге сүйене отырып, аталған мерзімдегі халық тұрмысындағы діннің алған орнын, маңыздылығын және ролі қарастырылған.

Кілт сөздер: дін, ұлттық сана, әдет-ғұрып, философия, дүниетаным, дәстүр, наным, сенім.

Аннотация. С помощью различных этнографических данных, имеющихся у нас, мы можем констатировать, что в период до формирования Советского Союза ислам широко (можно сказать, радикально) вошел в повседневную традиционную жизнь казахского ритуала. Ислам стал традиционным правом народа (т. е. казахов) на территории Казахстана, не ограничиваясь только традициями. В казахской степи закон шариата мог не только пользоваться правилами, но и занимать свое место в жизни. Получив такой большой «статус», ислам окончательно утратил свой авторитет с образованием Советского Союза. Общественное сознание изменилось, особенно из-за атеистической пропаганды после Великой Отечественной войны, из-за открытого высказывания в средствах массовой информации вопросов «нерелигиозности», народ, который никогда не покидал уст своего прежнего «бісміләсін», имеет исламское влияние и в повседневной жизни, не говоря уже о подчинении законам шариата (например, браки-браки с религиозными обрядами, пост, милостыню, милостыню) вытеснил. В статье рассматривается место, значение и роль религии в народном быте данного периода, опираясь на исследования, касающиеся проявлений религии в повседневной жизни казахов при Советском правительстве.

Ключевые слова: религия, национальное сознание, обычаи, философия, мировоззрение, традиции, убеждения, убеждения.

Abstract. With the help of various ethnographic data available to us, we can state that in the period before the formation of the Soviet Union, Islam widely (one might say radically) entered the daily traditional life of the Kazakh ritual. Islam has become the traditional right of the people (i.e. Kazakhs) on the territory of Kazakhstan, not limited only to traditions. In the Kazakh steppe, Sharia law could not only use the rules, but also take its place in life. Having received such a great "status", Islam finally lost its authority with the formation of the Soviet Union. Public consciousness has changed, especially due to atheistic propaganda after the Great Patriotic War, due to the open expression in the media of issues of "non-religion", the people who never left the mouth of their former "Muslim brotherhood" have Islamic influence in everyday life, not to mention obedience to Sharia law (for example, marriages-marriages with religious rites, fasting, almsgiving, alms) have been replaced. The article examines the place, significance and role of religion in the national life of this period, based on research on the manifestations of religion in the daily life of Kazakhs under the Soviet government.

Key words: religion, national consciousness, customs, philosophy, worldview, traditions, beliefs, beliefs.

Кеңес үкіметі жылдарында қазақтардың күнделікті өміріндегі ислам дінінің көрінісі бойынша мәліметтерді топтастыруда біз Қазақстанның оңтүстік облыстарынан бөлек басқа бөліктерінде биліктің әсерінен, үгіт-насихаттардың әсерінен діни салт-жоралғылардың күнделікті өмірде қолдана бермегендігін, ораза, Құрбан айт іспеттес діни мерекелердің ұмытқа айналғандығына, мұсылмандардың негізгі діни кітабы Құран сүрелерін білушілердің санының азайғандығын түрлі деректер мен жергілікті тұрғындардың әңгімелерінен (этнографиялық дерек көздерінен) көз жеткіздік. Осыдан біз мынадай тұжырымға келдік: мемлекеттік билік қоғамдық сананың формасы болып табылатын діннің ықпалына тікелей әсер ете алады, мемлекеттік биліктің қолдауымен ғана қоғамда дін және діни салт-дәстүрлер кеңінен өріс ала алады.

Кеңес Одағы қалыптасқанға дейін, тіпті Ұлы Отан соғысы жылдарына дейінгі қазақ халқының күнделікті өміріндегі ислам дінінің көріністеріне қатысты зерттеулер саны жеткілікті болғандығына қарамастан, XX ғасырдың 60-80 жылдары қазақтардың күнделікті өміріндегі немесе күнделікті тұрмысындағы ислам дінінің орны мен көрініс табуына қатысты ғылыми жариялымдарға тарихнамалық шолу жасау-мақаланың өзектілігін айқындайды.

XX ғасырдың 60-80 жылдары қазақтардың күнделікті өміріндегі немесе күнделікті тұрмысындағы ислам дінінің көрініс табуы тақырыбын талдауда біз негізгі материал ретінде тақырып аясындағы ғылыми зерттеу жұмыстарын, мақалалар мен жариялымдарды, құжаттар мен Ұлы Отан соғысынан кейінгі жарлықтар мен заңнамаларды, тақырып шеңберіндегі отандық, ТМД аумағындағы және де шетелдік зерттеушілердің еңбектерін негізге алынды [1, 113 б].

Ислам діні Қазақстан аумағына таралған сәттен бастап-ақ қазақтардың бұрыңғы салт-дәстүрлік, наным мен сенімдік қатынастар жүйесіне ислам дінінің ықпалы толығымен кірікті. Жоғарыда аталған қатынастар жүйесінің көптеген дерлік қызметтерін жүзеге асыратын жан-жақты механизмге Ислам дінінің өзі айнала бастады.

Кеңес Одағы қалыптасқанға дейін мұсылмандық дін көшпелілер өмірінің барлық салаларына ықпал еткендігі соншалықты салт-дәстүр, көшпелі халықтың ұлттық

психологиясы, идеологиялық институттар, әлеуметтік институттар, этникалық ұстанымдарды исдламдық дінсіз көзге елестету мүмкін еместей жағдайға айналған еді.

Қазақтардың өміріндегі діннің көрінісі дегенде көшпелілер кезеңінде де, Кеңестер Одағы кезеңінде де қарапайым халық ислам дініне ата-баба әруағына табыну мен зороастризм дінінің элементтерін араластыру арқылы өз өміріне енгізді.

Г. Балтанова, С. Бабажанов өз еңбектерінде діндердің өзара араласуы арқылы халықтың күнделікті тұрмысына енудің тарихи негізін Қазақстан аумағына ислам дінінің енуімен байланыстырады[2,44 б].

Қазақ халқының (түркілердің) ислам дінін қабылдаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Басқа Орта Азия халықтарына түрлі тактикалар негізінде (мысалы күштеп, салық салу, салықтардан босату т.б.) ислам енгізілген болса, Қазақстан аумағындағы халықтарға басқыншылық, зорлықпен енгізу жолымен емес, діни уағыздау, сопылардың еңбегінің нәтижесінде, ең бастысы көпестер мен саударгерлердің көптеп келуі нәтижесінде енгізілген. Исламға дейін Қазақстан аумағындағы халықтар христиан, буддизм, тәңірлілік, зороастризм, манихей іспеттес наным-сенімдерді ұстанғаны да белгілі. Ислам дінін енгізу тактикаларының біріншісі осы аталған діндерді «жалған сенім» деп жариялаған мұсылмандық дін уағыздаушылары «ислам дінін қабылдағандарға» салықтан босату, саудамен айналысуға тыйым салынбау іспеттес жеңілдіктерді қарастырды. Осы жерде атап өтер ең басты мәселе-Ислам дінін қабылдату мақсатында жергілікті халықтардың салт-санасына, күнделікті өміріне етене кіріп кеткен зороастризм, тәңірге табыну, ата-баба рухына табуну іспеттес нанымдардың қағидаларының ислам қағидаларына қайшы келсе/келмесе де сақталуында болса керек. Мысалы, отқа табыну, 3,7,9,40 іспеттес санды қастерлеу-қасиетті санау, жұмақ ұғымы, дәрет алу іспеттес күнделікті тұрмыстағы діннің көріністері біздің күнімізге дейін мұсылмандық дінмен біріккен күйде бізге жетіп келді. Христиан дінінің элементтері де мұсылмандық дін қағидаларына көп жерде сәйкес келуі Исламның тез қабылдануына, халықтың күнделікті тұрмысына енуіне кең жол ашты десек қателеспейміз.

С. Зиманов пен Н. Өсеров өздерінің «Қазақ әдет-ғұрып заңдарына шариаттың әсері» атты еңбегінде: «Ислам дінінің жергілікті әдет-ғұрыптарға бейімделе алу қасиеті де исламның кеңінен таралуына мүмкіндік берді. Әрине, ислам біркелкі жергілікті діндерге әсер етіп қана қоймай, сол діндердің кейбір элементтерін өзіне сіңіре отырып, өзгертіп, байытып отырды»,-деуінен біз қазақ халқының күнделікті тұрмысында ислам дінінің бірқатар діндер мен наным-сенім элементтерінің араласұан күйінде енгендігін аңғарамыз. Мысал келтірсек, ХХ ғасырдың 60-80 жылдардың өзінде әсіресе Қазақстанның оңтүстік аумақтарындағы халықтың тұрмыс тіршілігінде отқа май құю (отқа табыну), суға, айға (ай толғанда сәлем беру, айдың орналасуына қарай ауа-райын болжау), күнге табыну, табиғаттың басқа да құбылыстарына сыйыну іспеттес элементтер қолданылуы осыған дәлел болары анық.

В.Н. Басилов пен Дж. Х. Кармышев өздерінің «Ислам у казахов» атты еңбегінде қазақ халқының бұрыннан келе жатқан ата-баба әруағына сыйыну мен ислам діні қағидаларының бірігуі арқылы күнделікті тұрмысқа енуі туралы көптеген қызықты айғақтар келтірген.

Ата-баба әруағына сыйыну көне түркілерден бізге жеткен наным. Ислам дінінде өз аталарының батылдығымен, батырлығымен мақтанудың нәтижесінде көптеген тайпааралық жанжалдардың туындауына себеп бол,андықтан, Мұхаммед пайғамбар заманында-ақ «әркім өзі үшін жауапты» ұғымына негізделген мұсылмандық қағидалар қабылданған болатын. Бұл қағида қазақ халқының ұлттық санасына ешқандай ықпал ете

алмағандығын келесі жәйттерден байқай аламыз. XX ғасырдың 60-80 жылдарында да «7 атаны білу», ата-бабалардың өмірі мен ұстанымдарын қадірлеу, қастерлеу, қайтыс болған ата-баба әруағының күш-қуатына сеніп, сол әруақтардың күш-қуат тілеу, көмек сұрау іспеттес мұсылмандық дінге қайшы келетін дәстүрлер де сақталды, кеңінен қолданысқа ие болды. «Аллан сұраймыз, ата-баба әруағынан қолдау сұраймыз» деген ұстанымдар арқылы біз әруаққа табыну, көк тәңірге табыну іспеттес түркілер дәуірінен қалған сенім қалдықтарының біздің күнге дейін аман-есен жетіп келгендігін аңғарамыз.

XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ халқының өміріндегі дік факторының ролін ғылыми тұрғыдан зерделеу халқымыздың мәдени дәстүрінің болмысын, ұлттық күш-қуатын бөлектеп қарастыру мүмкін емес.

Халықтың өз ішіндегі және халықтардың бір-бірімен қарым-қатынаста діннің алар ролі өте маңызды екенін тарих бізге дәлелдеуде. Сондықтан да қазіргі кезеңде діннің ролі мен қызметін анықтау арқылы, сол діннің ұлттық бір мәдіни бөлігі ретінде ғана емес, қоғам өміріне ықпал ете алатын алып әлеуметтік күш екенін түсінудің өзектілігі зор. Яғни, Кеңестер Үкіметі тұсындағы «дін жоқ», «Құдай жоқ» деген атеисттік нормалардың үгіттелуіне қарамастан XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ ұлтының күнделікті тұрмысында, өміріндегі діннің алар орнын зерттеудің танымдық және тәжірибелік маңыздылығын аңғартады[3,132 б].

Біз, өз зерттеу тақырыбы шеңберінде, яғни XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақтардың күнделікті өміріндегі діннің орны дегенде ислам дініне қатысты қарастырдық.

Ислам діні батыс елдерінің тарихнамасында 1950-1980 жылдары АҚШ, Франция, Ұлыбритания іспеттес елдердің ірі университеттерінде «шығыс елдерінің тарихы» мәселесінің шеңберінде зерттелген болатын. Аталмыш зерттеулерде негізінен Құран Кәрімнің жазылу-лингвистикалық ерекшеліктері мен діннің шығу тарихы тарих пен лингвистика ғылымдарының шеңберінде жан-жақты қарастырылған болатын. Дәл осы уақыттан бастап исламтану негіздері жолға қойылып, түрлі исламтанушы ғалымдар өз зерттеулерін жүргізді.

Жоғарыда аталғандар бүкіл әлемдегі ислам дінін ұстанушыларға қатысты зерттеулер болса Кеңестер Одағы ішіндегі мұсылман халқының өмірі мен діни наным-сенімдерінің ұсталу деңгейлеріне қатысты зерттеулер бұл бөлек өзгеше мәселе. Өйткені Кеңестер Одағы «сыртқы көзден жабық немесе жасырын» саясатын ұстанғандықтан одақ ішіндегі халықтардың өмірін, тұрмыс-тіршілігіне қатысты анық айғақтарға негізделген деректерге қол жеткізу батыс тарихшылары мен зертетушілері үшін мүмкін емес жағдай болатын. Дегенмен де, осы тақырып төңірегінде зерттеулер де жоқ емес. Мысалы, Гибб, Грюнебаум іспеттес батыс исламтанушылары КСРО аумағындағы мұсылмандық діндегі халықтардың мәдени өміріне көңіл бөлсе, Р. Мертон, Э. Дюркгейм, М. Вебер бұл халықтардың әлеуметтік көзқарастарын зерттеді.

Қазіргі кезеңде ислам дініне қатысты, атап айтар болсақ ислам дінінің танымдық негіздеріне қатысты шығыс және батыс ғалымдарының еңбектері көптеп жарияланууда. Ол ғалымдардың қатарына М. Фредерик, М. Малерб, Идрис Шах, Б. Лазеев, С. Тримингэм іспеттес ғалымдардың еңбектерін атап өтуімізге болады.

Қазақ халқының қоғамдық және рухани өміріндегі ислам дінінінің алар орнын зерттеушілер 1769 жылдан бастау алған. Сол жылы Мәскеу университетінің ғалымы Д. Аничков «Надан халықтардың құдайшылық бастамалары» атты философиялық тұжырымдамаларынан кейін Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы халықтардың діни наным-сенімдерінің сол халықтардың күнделікті өміріне ықпалы кеңіннен

қызығушылықтар туындатты, әрі осыдан кейін орыс зерттеушілері мәселені қарастыра бастады.

Ислам мен Құранға қатысты зерттеулер жүргізгендер қатарына А. Крымский, В. Розен, А. Шмидт, В. Гиргас, И. Крачковский болатын [4,55 б].

Кеңестер Одағына дейін Орта Азия мен Қазақстан аумағындағы халықтардың күнделікті өмірі мен тұрмысындағы діннің алатын орны көп жағдайда тарихнамалық немесе айғақтық маңыздылыққа ие болмаған. Патшалық Ресей көп жағдайда ғылымға емес, өз боданындағы халықтарды басқару тетігін іздестіру мақсатында сол халықтардың этнографиясын, тілі мен дінін, тарихын, жағрафиясын анықтауға тырысты. Сондықтан Ресей зерттеушілерінің басты мотиві саясатпен байланысты екенін де атап өткеніміз жөн болар.

Кеңестер Одағына дейінгі қазақтардың күнделікті өміріндегі исламның ролін атап өткендер қатарына В.В. Бартольд, А. Алекторов болатын.

Қазақ зиялаларының ішінде дін мен қоғамдық сана, күнделікті өмірдің байланысын зерттеушлер қатарына А. Құнанбаев, Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, Ш. Құдайбердіұлы атап өте аламыз.

Кеңестер Одағына дейінгі кезеңдегі қазақ халқының күнделікті өміріндегі ислам дінінің көріністерін зерттеушілер қатарына Қ. Халид, С. Бабажанов өз зерттеулері арқылы қазақ қоғамындағы ислам дінінің әсерін анықтауда өлшеусіз үлес қоса білді.

Ал, енді XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ халқының күнделікті өміріндегі дін көріністеріне қатысты зерттеулерге келер болсақ, тақырып төңірегіндегі зерттеулерді 2 бағытқа ажыратып ала аламыз:

1. Сол дәуірде, яғни Кеңестер Одағы тұсынданы қоғамдық қатынастарда, халықтың өміріндегі дін көріністеріне қатысты зерттеулер.
2. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі зерттеулер.

Кеңестер Одағы тұсында қазақ халқының күнделікті тұрмысындағы діннің көріністеріне қатысты зерттеулершілердің қатарына Ж. Қажымов, Қ. Шүлембаевтарды атап өте аламыз. Екі автордың еңбектерінде өз дәуірінің кеңестік саясаттың идеологиялық шектеулері, үстемдіктері мен қысымдары байқалады. Кеңестер Одағы тұсында дінді насихаттамақ түгілі, «дінді адам санасын улаушы есірткеге» теңестірілгендіктен дінге қатысты барлық зерттеулер осы саясаттың шеңберінен шыға алмағандығы сезіледі.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдардың өзінде-ақ қазақ халқының салт-дәстүріне, санасына, тарихына, мәдениетіне, тұрмыс-тіршіліге ислам дінінің ықпалын жеке саралап зерттеушілердің саны күрт көбейгендігі байқалады. Мысалы, У. Қыдыралин, А. Төлеубаев, К. Бейсембиев, О. Сегізбаев, Х. Арғынбаев іспеттес ғалымдар ислам дінінің ықпал ету қырларын зерттеген болатын. Мәселен, О. Сегізбаев қазақ халқының философиялық дүниетанымындағы ислам дінінің алған ролін зерттеді, ал Х. Арғынбаев қазақ отбасылық дәстүріндегі ислам дінінің қызметі мен маңыздылығын, Ә. Төлеубаев қазақ халқының әдет-ғұрпындағы, салт-дәстүріндегі ислам дінінің әсерін зерттеді.

Ислам дінінің қазақ халқының салт-дәстүріндегі, күнделікті тұрмыс тіршілігіндегі ролін анықтауда Р. Мұстафина, А. Сұлтанғалиеваның зерттеулерін атап өтпесек болмас. Сұлтанғалиева Қазақстан аумағындағы ислам діні бойынша ағартушылық-сауаттылықтың негізі болып табылатын діни мешіттер мен діни мекемелердің қалыптасу тарихын зерттесе, А. Сұлтанғалиева қазақ халқының салт-дәстүріндегі ислам факторларын (элементтерін) басқа да Орта Азия халықтарының дәстүрімен салыстырмалы түрде анықтап, қазақ халқының арасындағы мұсылмандық діні үстірт деңгейде таралған деген пікірді жоққа шығаруға тырысты[5, 41 б].

Сақтағанова З.Г. өзінің «Советская модель государственной религиозной политики в Казахстане и религиозная повседневность казахстанцев во второй половине XX в.» атты мақаласында кеңестік дәуірдегі Қазақстанда жүргізілген діни саясатқа талдау жасай отырып, күнделікті өмірдегі дін элементтері, діни салт-жоралғыларды анықтау мақсатында Орталық Қазақстан қалаларының тұрғындарынан интервью алу арқылы, сол кезеңнің, яғни XX ғасырдың 60-80 жылдардағы дін көрінісіне талдаған. Тек интервьюге ғана сүйеніп қана қоймай, мұрағат құжаттарынан Құрбан айт, Ораза қатысты мәліметтерді жинақтау арқылы, сол кезеңде Орталық Қазақстанда күнделікті өмірдегі діннің көрінісі әлсіз болса да, сақталғандығын дәлелдейді.

Келесі ғалым Ауанасова Б.М еліміздің аумағындағы діни қарым-қатынастың даму тарихын зерттеген, тіпті «Қазақстандағы діни қарым-қатынастың эволюция тарихы (ислам діні мысалында 1941-1991 жж) (История эволюции религиозных отношений в Казахстане (на примере ислама 1941-1991 гг.) атты кандидаттық диссертациясы қорғалған. Автордың «Қазақстандық зерттеушілер еңбегіндегі исламның тарихы» атты мақаласында Кеңестер Одағының қалыптасуынан ыдырауына дейінгі еліміздегі ислам дінінің зерттелу тарихын қарастырған.

1960 және 1980 жылдары дін адамдардың жеке өмірінің бөлшегіне ғана айналды, жабық түрде жүргізілген діни ритуалдар жасырын, құпия түрде жүргізілді. 1970 жылдары ұзаққа созылған дінге қарсы компания өз жемісін бере бастады:

• халықтың басым бөлігі дінді тек діни салт-жоралғылармен ғана байланыстырды.

• мұсылманбыз деп санағанымен Құранды оқу түгілі, бұрыңғыдай жаттанды түрін де меңгерген жоқ.

• Көпшілік халық Құдайды жоқ деп, өздерін атеист санай бастады.

• Дін, діннің қағидаларына қатысты мәселелер ешкімді қызықтырмады.

• Дін-адамдардың құндылығы шеңберінен шыға бастады [6,40 б].

1960-1970 жылдары исламдық деп саналатын халықтық дәстүрлердің өзін жоққа шығару жолында күрес жүргізілді. Қалың мал, қызды алып қашу іспеттес дәстүрлер өткір сынға алынды. Қазақтардың «бесік құда», «тасаттық» (жаңбырды шақыру дәстүрі) және басқа да исламмен байланысты деп саналған дәстүрлер теріске шығарылды. Дегенмен, бұл дәстүрлерді қарапайым халық исламдық, діни дәстүрлер деп танығанымен ресми Ислам аталған дәстүрлердің көпшілігін «исламдық» деп мойындамайды, мысалы, тасаттық, қызды өзінің еркінсіз алып қашып үйлену, қаза тапқан адамды 3 күннен кейін жерлеу және т.б. дәстүрлер.

Қазақтың қоғамында ежелден келе жатқан әменгерлік дәстүрі исламда қолдау тапты. Дегенмен, XX ғасырдың 60-80 жылдары әменгерлік дәстүрі ресми тіркелген кездері жоқтың қасы.

1980 жылдары ислам өзгешелеу курсқа ауыса бастады. Кеңестік идеологтар 1980 жылдардың соңына қарай КСРО аумағында мүлдем дін мен діни салт-дәстүрлердің қалдықтры жоққа шығарылады деп болжаған болатын, дегенмен исламның қайта өрлеу процесі де 1990 жылдардың басында бір шеті көрініс бере бастады. Хрущевтің бастағы дінге қарсы саясатын қайта жаңғырту, діни саясатты қаталдандыру, атеистік компанияға қолдау көрсету іспеттес мемлекеттің талпыныстары табысты жүргізілмеді. Кеңестік биліктің діни саясатт ретке келтіруге бағытталған ең соңғы талпынысы 1991 жылдың 5 мамырында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің «Ар-ождан және діни ұйымдардың бостандығы туралы» Заңы болатын.

XX ғасырдың 80-жылдары киелі мекендерге зиярат жасау дәстүрі қайта жаңғыра бастағанымен, 90 жылдардың басына зиярат етуді «Құдайға серік қосумен» теңестірілді.

А.К. Қошанов: «кеңестік дәуірде мемлекеттік саясат дінге тыйым салудың коммунистік идеологиясына негізделді»,-деген болатын [7, 121 б].

1960-1980 жылдары Қазақстанның түрлі аудандарында ашық және жасырын түрде ислам дінінің дәстүрлі мерекелері атап өтілді. Дегенменде, ресми діни мерекелерді атап өтуден алдын қалаларда, район-селоларда КП Обл.ком. бұйрығымен дінге қарсы, діни мерекелер мен діни дәстүрлерге қарсы алдын ала партиялық-саяси және қоғамдық үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді. Үгіт-насихат жұмыстары: «Исламның реакциялық мәні», «Ислам және ғылым», «Дін және ғылым», «Әлемнің бастаулары және ақыр заман-ғылыми түсініктерде», «Наным-сенімнен ғылымға дейінгі жол» тақырыптарында өткізіліп, қарапайым халықтың діни сенімділігін азайтудың барлық шаралары жасалды. Дегенменде, тіпті Қазақстанның солтүстік, орталық аумақтарында да ораза ұстап, құрбандық шалғандар туралы мұрағат құжаттарынан дәлелдер таба аламыз. Мысалы, Қарағанды қаласы бойынша ораза ұстағандар саны 1950 жылы-3 100 адам, 1951 жылы-2 800 адам, 1952 жылы-2200 адам көрсетілген. Ораза айының түңгі ораза намазына да мешіттерге адамдардың жиналғандығы туралы деректер жоқ емес.

1960-1970 жылдары исламдық деп саналатын халықтық дәстүрлердің өзін жоққа шығару жолында күрес жүргізілді. Қалың мал, қызды алып қашу іспеттес дәстүрлер өткір сынға алынды. Қазақтардың «бесік құда», «тасаттық» (жаңбырды шақыру дәстүрі) және басқа да исламмен байланысты деп саналған дәстүрлер теріске шығарылды. Дегенмен, бұл дәстүрлерді қарапайым халық исламдық, діни дәстүрлер деп танығанымен ресми Ислам аталған дәстүрлердің көпшілігін «исламдық» деп мойындамайды, мысалы, тасаттық, қызды өзінің еркінсіз алып қашып үйлену, қаза тапқан адамды 3 күннен кейін жерлеу және т.б. дәстүрлер.

1964-1980 жылдардың соңына дейін мемлекет пен партияның діни саясатында «ғылыми атеизм» бағыты кеңінен белсендірілді. Брежнев тұсында мемлекет пен діни ұйымдардың арасындағы қарым-қатынастар тыныштық күйде және «мәдениеттілік» формасына енді десек қателеспейміз. 1965 жылы СДРПЦ және СДРК біріктіріліп, КСРО Министрлер Кеңесінің жанындағы дін істері бойынша Кеңеске біріктірілді.

Дінге қарсы шабуылдардың жаппай қарқыны бәсеңдегені соншалықты дінге қарсы іс-әрекеттер КОКП ОК Қоғамдық ғылымдар академиясының ғылыми атеизмді зерттеу интституттарынан бастап пионерлік үгіт-насихат жасаушы топтарына дейінгі аралықта біртұтас жүйе ретінде құбылып өзгерді. Дінге қатысты мемлекет саясатының тек формасы өзгерді: ашық репрессиялық формадан «ғылыми-атеисттік» формаға ауысты [8, 64 б].

Қорытындылайтын болсақ, ХХ ғасырдың 60-80 жылдары қазақ халқының діни көзқарастары, дінді ұстану «дәрежесі» жоғары болған жоқ, яғни қазақ халқы сол кезеңде (жалпы Кеңес Үкіметі тұсында дін фанаты болған емес. Соғыс жылдарындағы және де соғыстан кейінгі патриоттық рухы, отансүйгіштік бағыттағы насихаттар село-ауыл қазақ халқының діни ұстанымдарын бірсыпары ығыстыра алды десек қателеспейміз.

ХХ ғасырдың 60-80 жылдары ислам дәстүрі тек отбасылық салтта ғана, отбасылық тәрбие құралы ретінде ғана сақталды. Ислам қазақ халқының мәдениетіне түбегейлі араласып, тұрмыстық өмір мен Ислам дінінің арасындағы шекара жойылды.

Бүкіл Кеңес Үкіметі билік еткен тұста мемлекет халықтың санасынан діни түсініктерді, діни көзқарастарды түбегейлі өшіріп тастаудың әрекеттерін жасаумен болса да, қазақ халқының діншілдігі аз деңгейде болса да сақталды, атадан балаға жеткізіліп отырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек).-Алматы., 1996., 137 бет.
2. Ауанасова Б.М. История эволюции религиозных отношений в Казахстане (на примере ислама 1941-1991 гг.): дис. … к.и.н. –Уральск, 2007. – 135 с.
3. Бабажанов С. Этнографиялық мақалалар.-Алматы., 1993., 78 б.
4. Балтанова Г.Р. Ислам в СССР: анализ зарубежных концепций.-Казан., 1991.-46 стр
5. Джалилов З. Г. Ислам и общество в со¬временном Казахстане. - Алматы: Дайк-Пресс,2006. - 204 с.
6. Мустафаева А.А. Исторический обзор эволюции ислама в советском Казахстане//KazNU Bulletin. Oriental series. №3 (60). 2012., стр 31-35.
7. Сактаганова З.Г. Советская модель государственной религиозной политики в Казахстане и религиозная повседневность казахстанцев во второй половине XX в // ГРНТИ 03.20: История Казахстана. ВЛАСТЬ И ОБЩЕСТВО.,60-74 стр
8. Султангалиева А.К. Ислам в Казахстане: история. Этничность и общество. – Алматы: КИСИ, 1998. – 188 с

ЕЛІН СҮЙГЕН ЕР

Ысқақ Айман Исабекқызы
Астана қаласы «Жұмабек Ташенев атындағы
№10 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі»
yskak 71@bk7ru
https://orcid.org/0000-0003-1332-7048

Аңдатпа. «Тарих деген – шежіре. Уақыт деген алып бар. Түптің түбінде сол алып уақыт әркімді өз орнына қояды. Кімнің кім екені сонда айқындалады» дегендей, - әр кезеңнің, дәуірдің өзіне тән дүлдүлі мен бұлбұлы, батыры мен бағланы, қайталанбас тұлғалары, көшбасшысы болатыны анық. Керімсал керіліп, ұшса құстың қанаты талатын кең байтақ, шетсіз де шексіз ен даланы көргенде мынау менің жерім, бабалардың аманаты, қасиетті ата мекенім деп терең тебіренбесе болмас.

Ұлттық рухы аса жоғары Жұмабек Тәшеневтей қайраткердің еліміз бен жерімізге сіңірген орасан ерліктері мен ерен еңбектерін жастарымыздың санасына жаңғыртып, солардың отты рухтарын жастардың жүректеріне құю – басты міндетіміз.

Аннотация. «История – это генеалогия. Есть такая вещь, как время. В конце концов он вернет старый закат на место и станет ясно, кто я». И тот факт, что у соловей уникальные лица и она является лидером партии очевидно. Когда ты видишь необъятное пространство земли, где ты можешь увидеть необъятное пространство земли, землю предков, сокровища моих предков, мой дорогой дом.

Наша главная задача — зажечь в сознании нашей молодежи великое мужество и смелые подвиги великого духа Жумабека Ташенева, вернувшегося в нашу страну и на землю, и вселить их пламенный дух в сердца молодых людей.

Abstract. "History is a genealogy. There is such a thing as time. At the end of the day, he will put the old sunset in it place. It will be clear who I am."

and the fact that chosen lamb has unique faces and is the leader of the party

obviously. When you see the vast expanse of land, where you can see the vast expanse of land, the land of the ancestors, the treasure of my ancestors, my dear home.

It is our main task to enkindle in the minds of our young people the great courage and brave deeds of the great spirit of Ulitism Zhumabek Teshenev, who returned to our country and land, and to instill their fiery spirit into the hearts of young people.

Кілт сөздер: тарих,әдебиет, ер тұлға, мұражай, ескерткіш.

Көрнекті қоғам қайраткері Жұмабек Тәшенев – патриоттық тәрбиеде Отанға қызмет көрсетудің жарқын үлгісі дегендей, «Елін сүйген ер» атты мақаламды бастағалы отырмын.

Жұмабек Ахметұлының өмірлік жолы, қазақ мемлекеті үшін жасаған игілікті жолы мен қызметі, сіңірген еңбегі- қазіргі ел басқарып отырған жауапты азаматтарға үлгі-өнеге. Елінің тәуелсіздігін, әсіресе, қазақ жерін құзғыштай қорғай білген нар тұлғалы азаматтың ерен еңбегі қазақ елінің жадында мәңгілікке сақталары анық. Ол кісінің азаматтық позициясының ерекшелігі- әміршіл- әкімшіл жүйе жағдайының өзінде ел мүддесін қорғап қалудың жолын тапқанында, оның осы бір әрекетінің өзі қазақ халқының болашағына қызмет еткенінде. Сол себепті де оның саяси салмағы мен мәнінің тәуелсіз Қазақстан жағдайында кең таныла бастауы заңды құбылыс.

Жұмабек Тәшеневтің туған еліне жасаған қызметінің мән-мазмұнының ұлылығы-қазіргі айналамызда орын алып жатқан геосаяси оқиғаларға байланысты ашыла түсуде.

Ерлік, батырлық тек соғыста ғана жасалмайды. Өмірде де ерлік жасаудың жолдары өте көп. Жұмабек Тәшенев- ел тұтастығына қауіп төніп тұрғанда, бейбіт күнде ерліктің өнегесін көрсетіп, ұлт намысын кеңестік жүйеге таптатпаған батыр тұлға. Академик М.Қозыбаев «Халық батыр дегенде ханға қарсы шыға алатын, бастықтардан бұқпайтын, өзіне – өзі сенетін, елі үшін жанын беретін, халқын, Отанын жақсы көретін ерді таниды» деп жазады. Кезінде Жұмабек Тәшеневтің ұлтжанды ерліктерін көздерімен көріп куә болған замандастары оның жасаған ерен ерліктерін жоғары бағалаған деп жазады ғалым ағамыз. Жазушы, қоғам қайраткері Әди Шарипов Ж.Тәшеневтің сол ерлігін «Баяғы заманда Бөгенбай, Қабанбай, Кенесары хандар мен батыр бабаларымыздың қан төгіп аман алып қалған атамекенімізді Ресейге беруге қарсы болған – Жұмекең еді. Сөйтіп, қазақ халқының ерте заманнан бері қоныстанған жерін бір қатерден сақтап қалғанының куәсі болғанбыз деп жазады. «Біз орталық комитет емеспіз, біреуді бір орыннан алып, басқа орынға қоя алмаймыз. Жазушы деген халық кісіге өз жүрегінен орын береді. Менің жүрегімнің төрінен орын алатын -ер інім, еркек мінез Жұмабек» деп Ғабит Мүсірепов ұлы тұлғаны сыйлаған. Кеңес одағының батыры, Қазақстанның халық қаһарманы, армия генералы Сағадат Нұрмағанбетов Жұмекеңді «Кісендеулі дала жолбарысына» теңесе, ал академик Хайдар Арыстанбеков «Елім, жерім деп өмір сүрген нар тұлға» деп бағалаған. Ұлтқа қарсы жасаған қиянатқа көнбейтін, қазақтың келешегіне балта шабуға төзбейтін Тәшеневтің өзі қайратты сөздері мен ұтқыр ойының арқасында қазіргі Қазақстанның солтүстік аумағы астықты өлке атанып, отан қазынасына мол табыс түсіріп отырған байтақ жерді аман алып қалады.

Кешегі тоталитарлық жүйенің тар қыспағында ел мүддесі еншісінен айырылып, туған жерің телімденіп, тартысқа түскен сондай бір қиын шақта өктем елдің өзімшіл саясатына қаймықпай қарсы тұрып, айбаттанып ажалына қарсы шапқан текті елдің ұрпағы екенін танытып, шыбын жанын шүберекке түйіп, ел мен жер үшін күрескен сондай тұлғалардың бірі – Жұмабек Ахметұлы Тәшенев еді.

XX ғасырдың 30-жылдарының ортасынан 80-жылдардың ортасына дейін Қазақстанда қызмет атқарған Жұмабек Ахметұлының заманы Қазақ елінің тарихында аумалы-төкпелі кезеңдермен тұспа-тұс келді. Бұл уақытта саяси-қуғын сүргін, соғыс, халық шаруашылығын қалпына келтіру, тың игеру сияқты науқандар қауырт жүргізіліп жатты. Жұмабек Ахметұлы осы науқандардың бәріне де белсене араласты, қазақ халқының жері мен елі үшін еңбек етіп, күресе білді. Жастайынан еңбекке араласып, елдің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесін қосты. Қазақ халқының басына сын түскен сағатта қасқайып тұрып, елге қорған болды, күресті. Қарсыластары қатардағы қара жаяу емес, қызыл империяның азулы басшылары болатын. Қайраткерлік танытып, саяси өктемдіктің қыспағына төзімділік танытты.

Ж. Тәшеневпен 30 жылдан астам дос болған профессор Сағындық Кенжебаев былай деп еске алады: «Жұмабек Ахметұлы қазақ және орыс тілдерін жетік білетін. Табиғатында өте ширақ, батыл, сырт көрінісі көркем келбетті, екі көзі ботаның көзіндей, тостағандай қап қара еді. Ерекше батыл, ешкімнен тайсалмайтын. Еңбек жолын Ақмола облысында қарапайымнан бастап, кейін Солтүстік Қазақстанның аудандарында жер бөлімінің бастығы қызметін атқарып, еңбек жолымен өсіп, облыстық атқару комитетінде хатшының орынбасары, одан облыста хатшы болды. Сол жақта жүргенде Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан болатын. Сонда ерекше басқаруға қабілетті адамдарды басқарушы кадрлар етіп тағайындап, соғыстан қалдырған. Солтүстік Қазақстанда өте жақсы қызмет атқарды. Облыс соғысқа астық, қару-жарақ және адамдарды берді. Петропавл арқылы Шығыстан майданға әскерлердің көпшілігі эшалонмен жеткізілетін. Ол жерде әскерлерді қамтамасыз ететін азық-түліктің үлкен орталығы болатын. Соның барлығына басшылық жасады. Ол кісі өзін мықты ұстады. Өмірдің қиын кездерінде өзін көрсете біліп, жас кезінен талантты ұйымдастырушы болды». Жұмабек Ахметұлы қандай қызмет атқарса да, қазақ елінің, ұлтының мұң-мұқтажын, абыройын, мүддесін әсте есінен шығармаған. Осы мақсатта қара басының қамын күйттемей жоғары лауазымын да қияды.

Жұмабек Тәшеневтің еліміздің танымал тұлғаларына жасаған жақсы, игі істері жайлы атап өтетін болсақ: халықтың қайсар батыры Б. Момышұлына Кеңес Одағының батыры атағын алып беруге әрекеттенуі, Ж. Тәшенов Бәукеңнің «Москва үшін шайқас» кітабының идеологиялық бөгеттерді бұзып өтіп, жарық көруіне септігін тигізді.Ол қолында билік тұрғанда қазақтың барлық талантты өнерпаздарына, дарынды тұлғаларына жақсылық жасаған. Еңбек майталмандары Ыбырай Жақаев пен Жазылбек Қуанышбаевтың Еңбек Ері атануы да, Нұрмолда Алдабергеновтың екінші рет Еңбек Ері атануы да Жұмекеңнің тікелей араласуымен біткен іс. Мұхтар Әуезовтың Лениндік сыйлық алуына да көп күш салған дейді білетіндер. Ұлттық кадрлардың өсуіне, олардың жоғары өрлеуіне де Жұмекең қолдан келген барлық жақсылығын аямаған. Ол өзінен жоғары мансаптағыларға иіліп-бүгілмей, терезесі тең адамша мәміле жасаған. Түркістандағы Қ.А. Яссауи кесенесінің жанында топырақпен көміліп жатқан тас моншаны қалпына келтіріп, іске жаратуға да мұрындық болады

Жұмабек Тәшеневтің тірі кезінде ел арасында оның «кісендегі жолбарыс» деп аталуы да бекер емес Ол, біріншіден, Абайды ұлықтау арқылы өз халқын да өркениетке бір табан жақындата түсерін білді. Мәскеудегілер амалсыз мойынсұнып, Абайдың атымен көше атауға және алып екскерткішін орнатуға рұқсат береді. Репрессия құрбандарын ақтау жөніндегі республикалық комиссияның төрағалығына Жұмабек Ахметұлы сайланып, Е. Бекмаханов, Қ. Мұхамедханов, Х. Есенжанов, З. Шашкин сынды қазақ ғалымдары мен ақын жазушыларын сөзбұйдаға салмай, абақтыдан дереу шығаруда үлкен еңбек сіңіреді.

Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерін жабылудан аман алып қалуы, мұз айдынының салып бітіруіне күш салуы – барлығы игі істері халық қамы үшін жасалған деп ойлаймын.

Ж. Тәшеневті жақын таныған азаматтар оның мынадай қасиеттерін ерекше айтады: бірінші, отансүйгіштік; екінші, ұлтқа деген терең сезім; үшінші, қағидатшылдығын (принцип); төртінші, тарихты меңгеру мен білуге деген шынайы ықыласын; бесінші, өнер мен мәдениет қайраткерлерін сыйлауы; алтыншы, табиғи гуманизмін; жетінші, парасаттылығы мен біліктілігін, осыдан-ақ, Ж.А. Тәшенев болмысын, қайраткерлігін аңғаруға болады.

Қайраткердің ерліктерін көзімен көріп куә болған аға ұрпақ, тарихтағы еңбегін енді енді біліп жатқан кейінгі ұрпақ өкілдері аңызға қаһарманның рухына бас иеді. Осындай ер азаматымыздың ерен еңбектерін дәріптеу арқылы біз болашақ ұрпақты дәл Жұмабек атамыздай ер намысты, адал, қайсар азамат болып өсуге шақырамыз. Сол жарқын бейнесі әрдайым жүрегімізде соғып отыру үшін мектебіміздің аты осы кісінің есімімен аталғанына бірер ғана жыл өтті. Мектебімізде сол кісінің ерлік істері құрметіне арнап мұражайды экс директорымыз Мәрзия Әкімқызының қолдауымен тарих пәні ұстазының жетекшілігімен басқарып келеді. Мектебімізде мерейтой иесіне арнап ғылыми конференция да өткізілген болатын. 2021 жылы әскери -ұлттық мұражайдың алдына ерлігі әрдайым есімізде сақталатын Жұмабек Тәшеневтің жарқын бейнелі ескерткішінің бой көтеруі жастарға үлгі - өнеге болса екен деген ойдамыз. Еліміздің жас ұрпақтары осындай нар тұлғалы азаматтарымыздың бейнесі мен ерліктерін дәріптеп отырса бізден асқан бақытты жандар жоқ шығар деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
2. «Бұқпа» газетіндегі «Ж. Тәшенев тағылымы» мақаласы.
3. Тоқабаев Қ. Майдан мен еңбек жолында. - Астана. - ЗТБ «Аманат» 2005. -87 б. 4-б.
4. Асан Ата К. Шынжырда өткен жолбарыс. Сказ о закованном тигре. –Алматы: «Үш қиян». 2004. 10-11-бб.
5. Қоғам қайраткері Сағындық Кенжебаев пен Қанат Еңсеновтің сұхбатынан үзінді. Алматы, 2012 жыл 24 тамыз.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУЫН ДАМЫТУ: ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕР

Сирбаева А.А
тарих магистрі, сарапшы-педагог
Б.Момышұлы атындағы №6 мектеп-гимназияның тарих пәні мұғалімі
Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы.
a.sirbayeva@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан тарихы сабақтарында оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту мәселесі қарастырылады. Сыни тұрғыдан ойлау дағдысы білім

алушылардың тек ақпаратты қабылдаушы емес, оны талдап, салыстырып, өзіндік қорытынды жасауына мүмкіндік береді. Білім беру жүйесінде сыни ойлауды дамытудың маңызы арта түсетінін ескере отырып, аталған технологияны енгізу жолдары мен оның болашақ маман даярлаудағы рөлі талданады.

Кілт сөздер: сыни тұрғыдан ойлау, педагогикалық технология, білім беру, танымдық қабілет, әдіс-тәсілдер, Қазақстан тарихы.

Аннотация. В данной статье рассматривается вопрос развития критического мышления обучающихся на уроках истории Казахстана. Навык критического мышления позволяет учащимся не просто воспринимать информацию, но и анализировать, сравнивать и делать самостоятельные выводы. Учитывая, значение развития критического мышления в образовательной системе возрастет, анализируются пути внедрения данной технологии и ее роль в подготовке будущих специалистов.

Ключевые слова: критическое мышление, педагогическая технология, образование, познавательная способность, методы, история Казахстана.

Abstract. This article examines the issue of developing students' critical thinking skills in Kazakhstan history lessons. Critical thinking enables learners not only to perceive information but also to analyze, compare, and draw independent conclusions. Considering the increasing importance of critical thinking in the education system, the article explores ways to implement this technology and its role in preparing future specialists.

Key words: critical thinking, pedagogical technology, education, cognitive ability, methods, history of Kazakhstan.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесіндегі басты мақсат – болашақ мамандарды өзгермелі әлемге бейімделе алатын, өз бетінше ойлай алатын, шығармашылық қабілеті жоғары тұлға ретінде қалыптастыру. Қазақстанда білім беру реформалары қарқынды түрде жүзеге асырылады деп күтілуде, ал оның ішінде оқушылардың (оқушылардың) сыни тұрғыдан ойлауын дамыту негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

Қазақстан тарихы пәні тек тарихи фактілерді үйрету құралы ғана емес, сонымен қатар студенттердің талдау, салыстыру және өзіндік пікір білдіру дағдыларын қалыптастыруға арналған маңызды пәндердің бірі. Сондықтан 2025 жылы жоғары оқу орындарында оқытудың жаңа әдістерін енгізу, соның ішінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын дамыту басымдыққа ие болады.

Бұл мақалада Қазақстан тарихы сабақтарында сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығы, оны дамыту әдістері және болашақ мамандарға тигізетін әсері қарастырылады.

Қазіргі таңда қазақстандық білім беру үрдісінде жоғары оқу орны шеңберінде және де жалпы орта білім беруде оқушыларды жан-жақты тұлға ретінде қалыптастыру мақсаты басты орынға шығарылуда. Осы тұста оқушының және де жалпы оқушылардың қиялдау, ойлау, есте сақтау, зейіні іспеттес танымдық қабілеттері мен танымдық іс-әрекеттерін дамыту да сол «толық адам» ретінде қалыптастыруда шешуші фактор ролін ойнайды. Сондықтан да қазіргі педагогика ғылымының алдында тұрған басты міндет оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін, танымдық қабілеттерін өз деңгейінде қалыптасып, дамуын қадағалау, осы аталғандардың дамуына жағдайлар жасау болып табылады.

Оқушының сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастыру қазіргі жалпы білім беру саласындағы басты педагогикалық мәселе болып табылады. Жалпы жоғары оқу орнын тәмамдаушы оқушы өз мамандығы бойынша мәліметтерді игеріп қана қоймай, сол мәліметке сыни көзқараспен бағалай білуі керек.

Өзіндік ойлау немесе сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру мен осы қабілетті дамыту үшін әлемдік деңгейдегі педагогтар тарапынан түрлі тәсілдер, бағдарламалар мен әдістемелер жасап шығаруда, бұл әдістемелердің әрқайсысы оқушының өз бетінше ойлана алуы, сыни тұрғыдан ойлануына бағытталған. Дегенімен де, бұл әдістемелерді оқыту үрдісінде қолдануда әрбір педагог өзіндік қиындықтарға тап болып та жатады. Осы қиындықтарды атап өтпесек болмас:

Қазақстан тарихы сабағында сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыруда таңдалатын әдіс-тәсілдерде туындайтын қиындықтар мен күрделіліктерді ескере отырып, әрбір пән бойынша студенттердің сыни тұрғыдан ойлауын қалыптастырудың критерийлері де өзгеше болады.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы ең алғашында Америка Құрама Штаттарында жалпы «технологиялық төңкерістер» кезеңінен бастау алған. Батыс елдерінде XX ғасырдың екінші жартысынан бастап педагогика саласына да технология элементтерін енгізудің тәжірибесі кеңінен жүргізілді. Ол бойынша адамзат өмірінің барлық саласында арнайы бір жүйелілікпен бағдарламаланған технологиялар негізінде жетістіктерге жетудің жолдары кеңінен қарастырылу кезеңі бастау алды. Сол сәтте оқушылар мен оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту және қалыптастыруға бағытталған зерттеулер де кең ауқымда жүргізілді. Мәселен, Блум, Огл, Дж. Стилл, Темпл, Мередит т.б. әдіскерлердің еңбектерінде сыни тұрғыдан ойлау технологияларының механизмдері мен тетіктері жан-жақты қарастырылды. Осы аталған батыс авторларына сүйене отырып ТМД аумағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясына ұсыныстар мен әдіснамалық пікірлер (зерттеулер) жүргізгендер қатарына-А. Тягло, В. Бугер, А. Галямова, и. Загашев, А. Генике, С. Заир, Г. Сорин, И. Мороченкова, А. Федоров, Полат, Г. Биккулова[1, 27 б].

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын оқыту үрдісінде қолдану (енгізу) негізі ғалым, таксономиялық білім беру негізін салушы ғалым Б. Блумнан бастау алған. Блум таксономиясы деген атаумен бізге жеткен оқыту технологиясы ойлау механизмдеріне негізделу арқылы, оқушының немесе оқушының өзіндік ойының қалыптасуына, әрі мәселе бойынша сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға бағытталғандығы мәлім.

«Сыни тұрғыдан ойлау технологиясын Қазақстан тарихы сабағында қолдану білім алушылардың тарихи оқиғаларға деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, бұл технология тарихи фактілерді қарастыру кезінде ойлау қабілетін дамытады және оқушылардың өзіндік зерттеу жүргізуіне ықпал етеді» [2].

Оқу үрдісінде педагогикалық технологияларды, оның ішінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын енгізуде оқу құралдарының маңыздылығы зор. С.И. Заир-Бек бойынша оқу құралдарын педагог сабақ барысында оқушыларға әсер ету үшін қолданады, ал біздің жағдайымызда яғни сыни тұрғыда ойлау технологиясын оқыту үрдісіне енгізуде оқу құралдары оқушының когнитивті іс-әрекеттерінің белсенуіне негізделген.

Қазақстан тарихы сабақтарында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын енгізудің басты мақсаты-оқушының пән бойынша білім алуға, ізденуге деген ұмтылысын қолдай отырып, сол пәннің тақырыптары бойынша оқушының өзіндік ой-тұжырымдарының орнығуына әсер ету, ең бастысы оқушының пәннің өзекті, тартысқа толы мәселелеріне қатысты сыни көзқарастарын қалыптастыра алу. Ол үшін бүкіл аудитория студенттерінің сол мәселеге қатысты тартысты, сыни тұжырымдарын білдіруіне қол жеткізілуіне жағдай жасалады. И. Загашев бүкіл аудитория студенттерінің сыни ойлауын қалыптастыру үшін әрбір студенттің жауабын жазбаша түрде алуды ұсынады. Сондай-ақ оқушының сыни ойлауына қол жеткізу үшін өзара жауаптарын талқылау арқылы топтық жұмыстар жүргізу де ұсынылады.

Әдіскерлердің бір бөлігі (И. Муштавинская, И. Загашев) оқушылардың оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру түріне қарай, яғни аудиториялық лекция сабағына өзгеше, семинар/рпактикалық сабақтарға тағы басқаша, сондай-ақ студенттің өз бетінше жұмыстарына сәйкестендіріп сыни ойлауды дамыту тәсілдерін ұсынады.

Қазақстанның ғаламдық деңгейде өркениеттік даму қанқындылығының жоғары болуына байланысты сол қарқындылыққа жауап бере алатын сыни тұрғыда ойлай алатын, өзіндік саналы және өз ойына, өз сезімдеріне бақылау жасай алатын болашақ мамандарды дайындаушы білім беру механизмдерін жетілдірудің маңыздылығы зор. Оқыту үрдісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қарапайым түрден күрделенген түрге немесе пән тақырыбы бойынша сынға алынатын тұжырым бойынша оқушының кездейсоқ ой-пікірлерінен кездейсоқ емес күрделі түрлеріне ауысуына қол жеткізу жолдары қарастырылуы тиіс. Осылайша, оқыту үрісінде Қазақстан тарихы сабағында сыни ойлану қабілеті (немесе дағдысы) тақырыптың мазмұны бойынша күрделене түседі, сыни тұрғыда ойлану барысында ойлау механизмдерінің бірізділігі пайда болады, сәйкесінше бұрыңғы дәстүрлі оқыту жүйесінен педагогикалық технологияларға негізделген күрделі әдіс-тәсілдерге жалғасын табуын педагог сабақ барысында жан-жақты қарастыру керек. Қазақстан тарихы сабағы бұрыңғы дәстүрлі педагогикалық әдіс-тәсілдердің орнына оқушылардың арасында пікір-талас туындататын, оқу-танымдық және де проблемалы мәселелер туындатылуы құптарлық. Сабақ барысында пікір-талас көп туындататын мәселе қаншалықты күрделілеу болса, оқушы арасында көптеген жеке өзіндік ой-тұжырымдарды туындататындай шарттар көбірек ұйымдастырылса, оқушыда сыни тұрғыдан ойлау дағдысының қалыптасуына мүмкіндіктер туады[3, 88 б].

baygunova77@mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-7016-3775

Аңдатпа. Бұл мақалада бағалаудың жаңа жүйесі – критериалды бағалауға тоқталған. Оның міндеттері, түрлері, маңызын ашуға тырысқан. Сонымен қатар қалыптастырушы, жиынтық бағалаудың алгоритмін де берген. Қазіргі таңда Қазақстанда заманауи білім берудің жаңа жүйесі қарқынды дамып келеді. Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне шығуға бағытталған. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістермен, парадигманың өзгеруімен байланысты. Білім беру мазмұнының жаңартылғанын, жаңа көзқарастар мен көзқарастардың пайда болғанын атап өткен жөн. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі білім беру жүйесінің басты ерекшелігі-оқушының оқу жоспарына байланысты құзыреттілігін дамыту. Сондықтан оқушылардың соңғы жетістіктерін бағалау оқу процесінің маңызды бөлігі болып табылады. Осылайша, бұл мақалада бағалаудың жаңа жүйесі — критериалды бағалау қарастырылады. Автор критериалды бағалаудың негізгі принциптерін, түрлері мен маңыздылығын, сондай-ақ жиынтық және қалыптастырушы бағалау алгоритмін ашады.

Кілт сөздер: критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау, критерий, дескриптор.

Abstract. Nowadays a new system of modern education is rapidly developing in Kazakhstan. The Kazakhstan system of education is focused on entering the world educational space. It is connected with essential changes in the theory of pedagogy and educational process, changing of paradigm. It is important to point out that the content of education has been updated, new views and approaches have appeared. From this point of view the main characteristic feature of modern system of education is the development of the learner's competence related to the curriculum. That`s why the evaluation of students` final achievement is an important part of the learning process. Thus this article considers a new system of assessment — the criteria-based assessment. The author discloses main principles, types and significance of criteria-based assessment as well as the algorithm of summative and formative assessment.

Key words: criteria assessment, formative assessment, summary assessment, criterion, descriptor

Еліміздің білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда.Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Бәсеке басы – білім, ел басқаратын болашақ жастардың білімділігінде» - демекші, Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ.Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды. Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден – бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау.

Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістігі деңгейін анықтайтын белгі немесе өлшем.

Критериалды бағалау – оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі. Сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойлағаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін нені білетіндігін және нені істей алатындығын анықтау қажет. Сондықтан критериалды бағалауды енгізудің мақсаты мектепте оқыту сапасын жоғарлату, мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру болып табылады. Ол өз алдына төмендегі кестеде берілген міндеттерді шешуді көздейді. Критериалды бағалау жүйесінің білім беру үдерісіндегі қолданысы оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесін жеке пәннің мақсаттымен байланыстырады. Оқушылардың мектептегі құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ белгілі критерийлерді қолдану арқылы тапсырманы орындауға машықтанады. Әр оқушының дайындық деңгейін, оқудағы жетістіктерін критериалды бағалау жүйесімен анықтау, тек оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын ғана емес, мектептегі білім беру үдерісінің де сапасын көтереді.

Біріншіден, **сабақтың тиімді құрылуы дегеніміз** – мұғалім сабақта белгілі бір оқу мақсатын жүзеге асыруды көздейді. Оған қол жеткізу үшін ол түрлі әдіс-тәсілдерді таңдайды, оқулықтағы жаттығуларды түрлендіреді, қосымша білім, білік, дағды

қалыптастыру үшін арнайы тапсырмалар орындатады, барлығын сөйлеу әрекетінің түрлеріне негіздейді. Сабақты жоспарлау мен ұйымдастыруда сабаққа қойылатын барлық талаптар ескерілу керек.

Екіншіден, оқушымен бірге критерийлерді талдау қажет. Ол оқушылардың не үшін бағаланғанын түсіну үшін өте тиімді болады. оқушы өзінің бойындағы өзгерісті, прогрессті біліп отырады. Критерийлерді орындау арқылы ол өзін-өзі реттеу, өзін-өзі жетілдіру ісімен айналысады.

Үшіншіден, сыныптасын және өзін-өзі бағалауды иегерді. Өол жеткізген жетістіктеріне сараптама жасай алады. Алдағы уақытта немен айналысу керектігін біледі. Сол бағытта өзін дамыта алады.

Төртіншіден, тиімді кері байланысты қамтамасыз ете алады. Кері байланыс сабақтың әр кезеңінде қолданылады, мұғалімнің білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп, сабақты әрі қарай жоспарлауға мүмкіндік береді.

Кері байланыс беру кезінде мұғалімдерге:
•білім алушылардың жақсы жақтарын ескеру;
•тапсырманың дұрыс орындалмағанын нақты түсіндірмей тұрып, «олай емес», «дұрыс емес» деген сөздерді қолданбау;
•білім алушылардың жұмысын жетілдіру немесе кемшілік тұстарын жөндеудің жолдарына ұсыныс беру;
•кері әсер ететін сөздерді, білім алушыларды кекету, келемеждеуге қатысты, мысалы, «орынсыз жауап», «осыны ойлауға қалай ақылың жетті» деген сияқты сөздерді мүлдем қолданбау ұсынылады.

Кері байланыс беру кезінде мұғалімге де, білім алушыға да төмендегі кестеде ұсынылған сұрақтарды негізге алған дұрыс. Аталған сұрақтарға толық жауап беру кері байланыстың тиімділігін көрсетеді.

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

Оқушы – өзінің тақырыпты меңгеру дәрежесін анықтайды;

-өзінің жұмысына сараптама жасауды үйренеді;

-өзінің білім деңгейін алдын – ала болжайды;

-өзінің және сыныптастарының білім деңгейіне сын көзімен қарауды үйренеді, сын тұрғысынан ойлау қабілеті дамиды;

-критерийдің көмегімен өз білімін бағалауғамүмкіндік алады.

Мұғалім- оқушының білім деңгейін анықтайды;

-оқушының мүмкіндік деңгейін біліп отырады;

- оқушыға оқудың қайсысы қиындық туғызатынын анықтайды;

- оқушының кемшіліктеріне назар аударта отырып, оның дамуына бағыт береді;

- мұғалім, оқушы, ата- ана арасында кері байланыс орнайды.

Ата- ана- баласының білім деңгейі жайлы обьективті дәлелдеме алады;

- баласының оқудағы жетістіктерін, оның дамуын қадағалайды, біліп отырады;

- критерий көмегімен баласына оқуда қолдау көрсете алады;

- ата- ана мен мектеп арасында кері байланыс орнайды.

Критериалды бағалау – **қалыптастырушы** және **жиынтық бағалау** арқылы жүзеге асырылады.

Қалыптастырушы бағалау – мұғалімдерді, оқушыларды және педагогикалық үдерістің басқа да қатысушыларын оқуды жетілдіру үшін қажет ақпаратпен қамтамасыз ететін оқудың ағымдағы бағалануы. Қалыптастырушы бағалау сыныптағы күнделікті

жұмыс барысында жүзеге асырылып, оқушының ағымдағы оқу үлгерімінің көрсеткіші болып табылады. Оқушы мен мұғалім арасында кері байланысты қамтамасыз етіп, оқу үдерісіне уақытылы өзгеріс енгізіп отыруға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім оқушының жаңа сабақты, тарауды қалай меңгеріп жатқандығын жүйелі түрде бақылап, қадағалап отырады. Бұл жиынтық бағалау жұмысына дейінгі оқушының білім деңгейін қалыптастырып, дамытып, жетілдіру. Қалыптастырушы бағалау жұмысы сабақтың толық бөлігін қамтуы міндетті емес. Ол сабақтың басында, сабақтың ортасында, сабақтың соңғы бөлімінде жүргізіледі. Уақыт көлемі тапсырма деңгейіне сәйкес 5-10 минут болуы мүмкін. Сабақ барысында қалыптастырушы бағалаудың формальді, формальді емес әдістерін тиімді, әрі жүйелі қолдану қажет. Формальді бағалау әдісі нақты оқу мақсатына негізделіп жүргізіледі.Дескрипторлар мен бағалау критерийлері тапсырмаға сай құрылып, оқушы білімінің нәтижесі ауызша немесе жазбаша түрде « мақсатқа жетті», «талпынады» деген бағалау түрі бойынша қортындыланады. Формальді емес қалыптастырушы бағалауда оқушы білімінің нәтижесі ауызша мадақтау немесе белгілі бір шартты қимыл арқылы қортындыланады. Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу- жиынтық бағалаудың нәтижелі, сапалы болуының баспалдағы.Жиынтық бағалау тоқсан соңындағы оқушы білімінің жетістігін саралайтын жұмыс, яғни осы жұмыстың бастауы негізгі қалыптастырушы бағалауда қолданылады.Бүгінгі таңда оқушы білімін критериалды жүйе бойынша бағалаудың өміршеңдігі мен ұтымдылығы дәлелденіп отыр.

Қалыптастырушы бағалау барлық тоқсанда күнделікті сабақ беру барысында жүйелі жүргізіледі және сабақтың бөлінбейтін бөлігі болып табылады. Қалыптастырушы бағалау үнемі жүргізіліп отырады, балл мен баға қойылмайды, мұғалім мен оқушының арасындағы кері байланыс әрекеті арқылы оқыту үдерісін уақытында түзетіп отыруға, оның өлшемін анықтауға, сабақты ары қарай жоспарлауға ықпал етеді.

Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау және ұйымдастыруда әр сыныпта сабақ беру үдерісінде мұғалім оқу бағдарламасындағы барлық оқу мақсаттарын қамтуы керек. Пәндер бойынша оқу жоспарында барлық оқу мақсаттары үшін ұсынылатын іс-әрекеттер берілген. Бағалау үдерісін тиімді түрде өткізу үшін мұғалімге:

-оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлерін нақты құрастыру;

-тапсырмаларды бағалау критерийлеріне сай құрастыру және дескрипторларын анықтау;

-оқушыларға тиімді кері байланыс беру ұсынылады.

Жиынтық бағалау – білім алу кезеңдері мен сатылары аяқталғанда болатын бағалау, белгілі мерзім бойынша оқушының дайындық деңгейінің көрсеткіші болып табылады, бағалаудың бірыңғай критерийлерінің негізінде жүзеге асады.

Жиынтық бағалаудың тапсырмаларын құрастыру алгоритмі
1. Оқу бағдарламасы, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша оқу мақсаттарын меңгеру;
2. Жиынтық бағалауда тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау, ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіру;
3. Ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келетін тексерілетін критерийлердің, оқу мақсаттарының мазмұнын қамтитын бір немесе бірнеше тапсырмалар дайындау;
4. Әр тапсырмаға дескрипторлар құрастыру;
5. Білім алушыларға, олардың ата-аналарына жиынтық бағалау нәтижелерін ұсыну үшін бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауға рубрикалар құрастыру (бағалау критерийлерінің деңгейлерге сәйкестігін сипаттау). Осылайша мұғалім бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау кезінде оқу мақсаттарының

негізгілін көрсететін, ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес екенін белгілейтін бағалау критерийлерін анықтайды.Десек те, бағалау жүйесі және оқушылардың оқу жетістіктерін тіркеу білім беру үдерісінің құрамдас бір бөлігі болып табылады. Ол оқушы және мұғалім мен ата-ананың арасында тиімді кері байланыс жасаудың негізгі құралы. Осы тұрғыдан келгенде, критериалды бағалауда оқушы оқытудың негізгі субъектісіне айналса, мұғалім кеңес беруші, маман, бағыттаушыға ауысады.Жоғарыда айтылған мәселерді қорытындалай келе, білім беру жүйесін дамытуда критериалды бағалаудың орны ерекше. Себебі бағалау не үшін қажет деген сұраққа біз білім игерудегі жетістіктерді анықтау үшін, белгілі бір уақыт аралығында білімгердің өсу және даму қарқынын анықтау үшін, білімгердің белсенділігін арттыру үшін, ынталандыру үшін, топ жұмысына қосқан жеке үлесін анықтау үшін, алдағы білім игеру әрекеттерінде жетістіктерге жету үшін, алған білімін одан әрі дамыту үшін, білімгерлердің әрекеттері арқылы оқытушының деңгейін анықтау үшін қажет екендігін түсіндік. Себебі оқытушы шәкіртінің білімін әдеттегідей берілген мәліметті жаттап, мазмұндауына емес, оның сол тақырыпты игеруіне, ойының тереңдігіне, логикалық ұшқырлығына, мәліметтерді жинақтап, жүйелі түрде жеткізуіне мән беріп бағалайды. Осы бағытта жұмыс жасау болашақтың еншісінде болмақ.

Бағалау критерийлері оқу мақсатында не көрсетілсе, тек соны ғана бағалайды және Блум таксономиясында берілген алты ойлау дағдыларының деңгейлерін – **білу мен түсіну, қолдану, анализ, синтез және бағалауды** көрсетеді. Мұғалім бағалау критерийлерін оқу мақсаттарына сәйкестендіріп, нақтылап дайындауы маңызды. Одан кейін мұғалім бағалау критерийлерін сәйкестендіріп, оқушылардың жеке ерекшеліктерін, оқу мазмұнын ескеріп, тапсырма және оның дескрипторларын құрастырады.

Дескриптор дегеніміз - тапсырма бойынша орындалған жұмыс деңгейінің немесе сапасының сипаттамасы.

Дескрипторлар тапсырманы орындаудағы оқушы қадамын нақтылайды, нәтижеге жету жолын анықтайды. Тапсырма дескрипторлары анық және қолжетімді болып, оқушыға тапсырманы орындау барысында нені көрсете білуі қажет екендігі туралы толық мәлімет бере алатындай болып, мұғалімге оқушының оқу мақсатына жеткен, жетпегендігі төңірегінде тиімді кері байланыс бере алатындай мүмкіндіктер береді.

Кері байланыс – нақты іс-әрекет жасау туралы хабарлау және түсініктеме алу үдерісі, мақсатқа қол жеткізудегі белгілі іс-әрекет пен оқиғаға дұрыс баға беру негізіндегі жауап түрі. Кері байланыс әрекеті сабақтың әр кезеңінде қолданылып, мұғалімнің оқушымен үздіксіз қарым-қатынаста болып, оқыту үдерісін ары қарай жоспарлауға және түзетіп отыруға жағдай тудырады. Тиімді түрде ұйымдастырылған кері байланыс мұғалімге оқыту үдерісінің қалай жүріп жатқандығы туралы, оқушыға алға ілгерілеуі туралы және ары қарай нәтижені жақсарту үшін түзетуді жоспарлау туралы ақпарат береді, ал оқушыға оның алдында туындайтын 3 сұраққа жауап алу мүмкіндігін береді:

-Мен оқытудың қай кезеңінде тұрмын?

-Нәтижелерге қалай жетемін?

-Қателігімді түзету үшін ары қарай не істеуім қажет?

Осы мақсатта оқушының ата-анасына да кері байланыс беріледі. Қалыптастырушы бағалаудың күнделікті іс-тәжірибесі барысында, оқушының меңгеру деңгейінің өлшемі мен ілгерілеуін анықтауда оқыту үдерісінде әдіс-тәсілдерді «Бағдаршам», «Қол сигналы», «Сөйлеу үлгілері», «Екі жұлдыз, бір тілек», «Үш минуттық үзіліс», «Ауызекі баға», портфолио, журналдар, рубрикалар, сөзжұмбақтар, сұрақтар тағы басқа түрлерін қолдануға болады.

Критериалды бағалау жүйесі негізінде педогогикалық іс-әрекеттегі сапалық өзгерістерге жету жолдарында бұл әдістің артықшылығы:

- Оқушының жеке басы емес, тек қана жұмысы бағаланады.
- Оқушы нақты не мақсатта жұмыс істеп отырғанын біледі.
- Оқушыға өзінің білім деңгейі анық көрініп тұрады.
- Оқушының жұмысын бағалау алдын-ала ұсынылған критерийлерге негізделеді.
- Критерий арқылы бағалау – мұғалімнің оқушы деңгейін анық біліп отыруына мүмкіндік береді.
- Білім берудің сапасы артады.

Білім алушының тіл құзыреттілігін жетілдіруде критериалды бағалау жүйесінің ықпалы өте зор. А.Байтұрсынов « Дүниеде өзгермейтін нәрсе жоқ. Ғылым да, тіл де, табиғат та дамиды. Осындай дамуды, өзгерісті басынан өткеретін күрделі құбылыс та – тіл.» - деген екен. Ендеше жеке тұлға тәрбиелеуде тіл құзыреттілігінің маңызы ерекше. Әлеуметтік топтарда, қоғамдық түрлі әлеуметтік орындарда тұлғалармен қарым-қатынас жасауды және әрекет етуді қамтамасыз ететін ана тілін және тілдерді меңгеру – заман талабы.

Критериалды бағалау жүйесі негізінде педагогикалық іс-әрекеттегі сапалық өзгерістерге жету жолында кез-келген ерекше қабілетті оқушы – дарынды оқушыға айнала алады. Ал, дарынды ұрпақ – елдің ертеңі екенін, оқушы жастан белсенді азаматтық позициясымен ерекшеленетін бала қоғамымыздың интеллектуалдық потенциалы, зияткерлік тобы екенін үнемі естен шығармайық.Оқушылар алда тұрған мақсаттың мәнін түсініп, оған қол жеткізу үшін не істеу қажет екенін анықтай алған жағдайда ғана оқу мақсатына қол жеткізеді.Жан-Жак Руссо айтқандай: «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, басқаның бақытын аялау» - демекші жауапкершілігі шексіз, қадірі мол мамандық иесінің ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі алар орнын әр мұғалім бар болмысымен сезінгені абзал. Өйткені, бәсекеге қабілетті тұлға даярлауда білім сапасын көтерудің негізгі тетігі – білімді ұстаз.





Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. http://adilet.zan.kz

2. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана, 2016. – 48 б. 3 Тренерге арналған нұсқаулық. 1 басылым. – Астана, 2015. -120 б.

3. Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан Халқына Жолдауы»

4. Красноборова А.А., «Критериальное оценивания как технология формирования учебно-позновательной компетентности учащихся», Нижний Новгород, 2010

5. Урмашев Б.А. (2016). Критериалды бағалау технологиясы: оқу құралы. Алматы: «ССК» баспасы- 140б
6. Мұғалімге арналған нұсқаулық. (Екінші басылым)
7. Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау басшылығы. 2016 ж
8. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық.
9. Бастауыш мектеп журналдары 2015, 2016 ж.

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Азизханова Д.К.
«Саз және ән» кафедрасының PhD, аға оқытушысы
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
meruert2006@mail.ru, https://orcid.org/0000-0003-1332-7048

Аңдатпа. Бұл мақалада қоғамның кез келген өзгерістерге шығармашылықпен қарай алатын, қалыптасқан мәселелерді дәстүрлі емес және сапалы түрде шеше алатын адамдарға деген қажеттілігінің артуы қоғамның даму қарқынының жеделдеуіне және соның салдарынан адамдарды өмірге дайындау қажеттілігіне байланысты. тез өзгеретін жағдайлар қарастырылған. Қоғамның жеке тұлғаның шығармашылық бастамасына деген қажеттілігі неғұрлым шұғыл болса, шығармашылық мәселелерін теориялық тұрғыдан пысықтау, оның табиғаты мен көріну формаларын, қайнар көздерін, ынталандырулары мен шарттарын зерделеу қажеттілігі соғұрлым өткір болады. Психологтар мен педагогтар алға қойған білім беруді ізгілендіру талабы баланың шығармашылық қабілетін, оның ең жақсы тұлғалық қасиеттерін дамытуға көп көңіл бөлуді көздейді. Білім беру, дағдылар мен дағдыларды дамытудың өзі мақсат емес. Білімге деген қызығушылықты ояту әлдеқайда маңызды. Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу - қазіргі мұғалімнің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Сабақта балалардың өз бетінше жасаған шығармашылығы ғана олардың ұйықтап жатқан қабілеттерін оятады.

Кілт сөздер: Музыка, сабақ,оқушы,әдістеме,шығармашылық, интуиция, интеллектуалды, эмоционалды.

Abstract. In this article, the increasing need of society for people who can creatively approach any changes, solve existing problems in a non-traditional and high-quality way, is due to the acceleration of the pace of development of society and, as a result, the need to prepare people for life. rapidly changing conditions are provided. The more urgent the need of society for the creative initiative of the individual, the more acute the need to theoretically work out the problems of creativity, study its nature and forms of manifestation, sources, incentives and conditions. The requirement of humanization of Education, put forward by psychologists and educators, involves a lot of attention to the development of the child's creative abilities, his best personal qualities. Education, the development of skills and abilities is not an end in itself. It is much more important to arouse interest in knowledge. The upbringing of a creative personality is one of the most important tasks facing a modern teacher. Children in the classroom

Key words: Music,lesson,student,methodology, creativity, intuition, intellectual, emotional.

"Шығармашылық қуанышын ең аз болса да сезінген бала басқалардың іс-әрекетіне еліктейтін баладан өзгеше болады" (Б.Асафьев). Қоғамның кез келген өзгерістерге шығармашылықпен қарай алатын, қалыптасқан мәселелерді дәстүрлі емес және сапалы түрде шеше алатын адамдарға деген қажеттілігінің артуы қоғамның даму қарқынының жеделдеуіне және соның салдарынан адамдарды өмірге дайындау қажеттілігіне байланысты. тез өзгеретін жағдайлар. Қоғамның жеке тұлғаның шығармашылық бастамасына деген қажеттілігі неғұрлым шұғыл болса, шығармашылық мәселелерін теориялық тұрғыдан пысықтау, оның табиғаты мен көріну формаларын, қайнар көздерін, ынталандырулары мен шарттарын зерделеу қажеттілігі соғұрлым өткір болады. Психологтар мен педагогтар алға қойған білім беруді ізгілендіру талабы баланың шығармашылық қабілетін, оның ең жақсы тұлғалық қасиеттерін дамытуға көп көңіл бөлуді көздейді. Білім беру, дағдылар мен дағдыларды дамытудың өзі мақсат емес. Білімге деген қызығушылықты ояту әлдеқайда маңызды. Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу - қазіргі мұғалімнің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Сабақта балалардың өз бетінше жасаған шығармашылығы ғана олардың ұйықтап жатқан қабілеттерін оятады.

Бұл мәселе философтардың, психологтардың, педагогтардың, әдіскерлердің еңбектерінде көрініс тапты (Л.С. Выгодский, А.В. Запорожец, В.А. Моляко, В.А. Сухомлинский, Г.С. Костюк және т.б.). Тұлғаның шығармашылық белсенділігін дамыту мәселесін Ф.В.Андреев, Д.Б.Эпифания, И.И.Ілиясов, Ж.А.Зайцева, А.А.Кирсанов, Т.б.). А.А.Малахов, Р.А.Петросова, О.Г.Сущенко, А.Энгельбрехт және т.б.; мұғалімдер мен оқушылардың педагогикалық шығармашылығына әсер етті: Д.Б.Кабалевский, Ю.Б.Алиев, О.А.Апраксина, Л.Г.Дмитриева.

Баланы шығармашылықпен ойлауға қалай үйрету керек? В.А.Сухомлинскийдің кеңесіне құлақ асайық: "Балаға білім көшкінін түсірмеңіз, сабақта білгеніңіздің барлығын оқу пәні туралы айтуға тырыспаңыз, ізденімпаздық пен ізденімпаздық білім көшкінінің астында қалуы мүмкін. . Айналаңыздағы әлемде балаңызға бір нәрсені аша біліңіз, бірақ өмірдің бір бөлігі балалардың көз алдында кемпірқосақтың барлық түстерімен ойнайтындай етіп ашыңыз. Айтылмаған нәрсені қалдырыңыз, сонда бала үйренгеніне қайта-қайта оралғысы келеді". "...Ешқашан ақыл-ой күші тек есте сақтау қабілетін нығайтуға, есте сақтауға бағытталмауы керек. Ойлау тоқтайды, ақыл-ой еңбегі де тоқтайды, есеңгірету басталады".

Шығармашылық өз табиғаты бойынша өзіңе дейін ешкім жасамаған, ең болмағанда өзіңнен бұрын болған нәрсені жаңаша, өзінше жақсырақ жасауға деген ұмтылысқа негізделген. Басқаша айтқанда, адам бойындағы шығармашылық - бұл әрқашан алға, жақсылыққа, ілгерілеуге, кемелдікке және, әрине, сұлулыққа деген ұмтылыс, бұл ұғымның ең жоғары және кең мағынасында. Міне, өнердің шығармашылық бастамасы және адамда тәрбиелейді және оның бұл қызметінде оны ештеңемен алмастыруға болмайды. Адамда шығармашылық қиялды оятудың таңғажайып қабілетімен ол, әрине, адам тәрбиесінің күрделі жүйесін құрайтын барлық алуан түрлі элементтердің ішінде бірінші орынды алады. Ал шығармашылық қиялсыз адам қызметінің ешбір саласында орын ауыстыра алмайсың.

Көбінесе ата-аналардан, тіпті мұғалім-тәрбиешілерден мына сөздерді естуге болады: "Ал, ол неге қымбат уақытын өлең жазуға жұмсайды - оның ақындық дарыны жоқ ғой! Ол неге сурет салады - бәрібір суретші одан шыға алмайды ғой! Неліктен ол қандай да бір музыка шығаруға тырысады - бұл музыка емес, қандай да бір мағынасыздық пайда

болады! "... Осы сөздердің бәрінде қандай орасан зор педагогикалық қате түсінік бар! Балада оның шығармашылыққа деген кез-келген ұмтылысын, осы ұмтылыстардың нәтижелері қаншалықты аңғал және жетілмеген болса да, қолдау қажет. Ол суретші де, музыкант та, ақын да болмауы мүмкін (ерте жастан болжау өте қиын болса да), бірақ ол тамаша математик, дәрігер, мұғалім немесе жұмысшы болуы мүмкін, содан кейін ең пайдалы жолмен оның балалық шақтағы шығармашылық құмарлықтары өздерін сезінеді, оның жақсы ізі оның шығармашылық қиялында, өмірін арнауды ұйғарған жаңа, өзіндік, ең жақсы, алға ұмтылатын нәрсені жасауға деген ұмтылысында қалады. Ғылыми ойлауды дамытудағы өнердің, шығармашылық қиялдың орасан зор рөлін, ең болмағанда, таң қалдыратыны дәлелдейді ғылыми-техникалық мәселелердің басым бөлігі әуелі өнермен, содан кейін ғана, көбінесе ғасырлар, тіпті мыңжылдықтар өткен соң ғылым мен техника арқылы шешілетіні ақиқат.

Адамның жеке басының қалыптасуы - бұл қоршаған әлемге, табиғатқа, еңбекке, басқа адамдарға және өзіне деген қарым-қатынас жүйесінің дәйекті түрде өзгеруі және күрделенуі. Бұл оның өмір бойы болып тұрады. Бұл ретте балалар мен жасөспірімдердің жасы ерекше маңызды. Тұлғаның тұлға ретінде дамуы оның физикалық және рухани күштерінің бірлігінде жан-жақты және тұтас жүзеге асырылады. Психология мен педагогика адамның жеке тұлғасы іс-әрекет пен қарым-қатынаста қалыптасады және дамиды деп тұжырымдайды. Тұлғаның жетекші қасиеттері тұлғаға, оның ішкі дүниесіне сыртқы әсер ету нәтижесінде дамиды. Тұлғаның дамуы - бұл сандық және сапалық өзгерістер процесі, ескінің жойылуы және жаңаның пайда болуы, оның қайнар көзі мен қозғаушы күштері тұлғаның табиғи және әлеуметтік аспектілерінің қарама-қайшы әрекеттесуінде жасырылады. Адамның табиғи қыры өмір бойы дамып, өзгеріп отырады. Бұл дамулар мен өзгерістер жас ерекшеліктеріне байланысты. Тұлғаның әлеуметтік дамуының қайнар көзі тұлға мен қоғамның өзара әрекеттесуінде. Тұлғаның қалыптасуына үш фактор әсер етеді: тәрбие, әлеуметтік орта және тұқым қуалаушылық бейімділіктер.

Педагогикада тәрбие жетекші фактор ретінде қарастырылады, өйткені ол жинақталған қоғамдық тәжірибені жеткізу үшін өсіп келе жатқан адамға әсер етудің арнайы ұйымдастырылған жүйесі болып табылады. Тұлғаның дамуында әлеуметтік ортаның маңызы зор: өндірістің даму деңгейі мен қоғамдық қатынастардың сипаты іс-әрекеттің сипаты мен адамдардың дүниетанымын анықтайды. Бейімділіктер - әр түрлі іс-әрекет түрлеріне қабілеттіліктің арнайы анатомиялық және физиологиялық алғышарттары. Тұқымқуалаушылық заңдылықтары туралы ғылым - генетика - адамдарда абсолютті есту қабілетінен, ерекше көрнекі есте сақтау қабілетінен, найзағайдай жылдам реакциядан сирек кездесетін математикалық және көркемдік қабілеттерге дейін жүздеген әртүрлі бейімділіктер бар деп есептейді. Бірақ бейімділіктердің өзі әлі де қабілеттер мен жоғары нәтижелерді қамтамасыз ете алмайды. Тәрбие мен оқыту, қоғамдық өмір мен іс-әрекет, адамның бойындағы білім мен дағдыларды меңгеру барысында ғана бейімділіктер негізінде қабілеттер қалыптасады. Бейімділіктерді организм қоршаған әлеуметтік және табиғи ортамен әрекеттескенде ғана жүзеге асыруға болады. Шығармашылық тұлғаның бойында қабілеттердің, мотивтердің, білімдер мен дағдылардың болуын болжайды, соның арқасында өнім жасалады, ерекшеленеді жаңашылдығымен, өзіндік ерекшелігімен, бірегейлігімен.

Тұлғаның осы қасиеттерін зерттеу қиялдың, интуицияның, ақыл-ой әрекетінің бейсаналық компоненттерінің маңызды рөлін, сондай-ақ тұлғаның өзін-өзі жүзеге асырудағы, өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін ашудағы және кеңейтудегі

қажеттіліктерін анықтады. Шығармашылық процесс ретінде бастапқыда өнер мен ғылым қайраткерлерінің өзіндік есептеріне сүйене отырып қарастырылды, мұнда "түсінік", шабыт және сол сияқты күйлерге ойдың алдын ала жұмысын алмастыратын ерекше рөл берілді.

"Біздің әрқайсымыз өз ойымыздан гөрі өзін қалай сезінетінінен гөрі көп адамбыз" (К. Ушинский). Музыка сабақтарына қойылатын талаптар мұғалімдерді оқушылардың жалпы рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде музыкалық мәдениетті тәрбиелеуге бағыттайды. Музыкалық тәрбиенің мақсатын осылай қоя отырып, өз мамандығының өнерін меңгеру ерекше маңызды.

Шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу туралы әңгіме біздің жағдайымыздағы өте маңызды және өзекті мәселеге: маман-жасаушы мен маман-қолөнершінің айырмашылығына жетелейді. Бұл өте маңызды мәселе эстетикалық тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты. Нағыз маман-жасаушының қатардағы маман-қолөнершіден айырмашылығы, ол "нұсқау бойынша" жасауы тиіс нәрседен тыс нәрсе жасауға ұмтылады. Қолөнерші, керісінше, өзіне керек нәрсені ғана жасайтындығына қанағаттанады. Ол ешқашан үлкен және жақсылыққа ұмтылмайды және өзіне осындай ұмтылыстармен ауыртпалық салғысы келмейді. Оны нашар жұмыс жасады деп айыптауға болмайды, өйткені ол өзіне қажеттінің бәрін жасайды, мүмкін тіпті жақсылық жасайды. Бірақ бұл, жалпы алғанда, өз жұмысына формальды қатынас, ішінде қай салада болмасын, ол өмірді алға жылжытып қана қоймайды, тіпті тежегіш қызметін атқарады, өйткені өмірге қатысты бір орында тұру мүмкін емес: тек алға жылжу немесе артта қалу мүмкін. Адамда шығармашылықтың, оның шығармашылығына деген шығармашылық көзқарастың болуы немесе болмауы маман-жасаушы мен маман-қолөнершінің арасындағы айырмашылыққа айналады. Мұны жан-жақты атап өту керек, өйткені кейде "шығармашылық" және "шығармашылық емес" мамандықтар бар деген оғаш пікірлерді естуге тура келеді. Ең үлкен қате түсінік! Ал бұл іс жүзінде қате түсінік көбінесе шығармашылық емес жұмыстармен айналысатын адамның өз жұмысына шығармашылықпен қарауға құқығы жоқ деп санайтындығына әкеледі.

Шығармашылықты жүзеге асыруға болмайтын сала, мамандық жоқ. Ал оқушыларды белгілі бір мамандыққа бағыттау керек десе, ең бастысы ұмытылады деп ойлаймын: мектептің бірінші сыныбынан бастап оқушыларға жаман мамандықтар жоқ, шығармашылық емес мамандықтар да жоқ деген ойды сіңіру керек., кез келген кәсіпте жұмыс істей отырып, олардың әрқайсысы аша алады жаңа, ең болмағанда шағын әлем. Бірақ егер ол шығармашылықпен емес, қолөнермен жұмыс жасайтын болса, онда ол "шығармашылық" мамандықтың өзінде пайдалы ешнәрсе жасамайды. Сондықтан мектептегі эстетикалық тәрбиенің ең маңызды міндеті - оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, ол қандай жағдайда көрінсе де - математикада немесе музыкада, физикада немесе спортта, қоғамдық жұмыстарда немесе бірінші сынып оқушыларына қамқорлық жасауда. Шығармашылық сабақтың өзінде үлкен рөл атқарады. Мұны барлық жақсы мұғалімдер біледі. Өйткені, шығармашылық бастама пайда болған жерде күш пен уақытты үнемдеуге әрқашан қол жеткізіледі, сонымен бірге нәтиже артады. Міне, сондықтан мұғалімдер өздерінің және оқушылардың жүктемесі онсыз да тым үлкен екенін алға тартып, оқытатын пәндерін оқуда эстетика, өнер элементтерін бей-берекет енгізгені дұрыс емес. Бұл мұғалімдер сол арқылы қандай мейірімді, жомарт, адал көмекшісінен бас тартатынын түсінбейді.

"Өнер бар, шығармашылық бар", - деді В.Немирович-Данченко. Бұл қарама-қайшылық кездейсоқ емес. Бұл табиғи түрде сыртқы емес, өнердегі терең шығармашылық

процестер туралы сөз болғанда туындайды. Сонымен, шығармашылық музыка сабағы қолөнер, тіпті ең шебер болса да, үстемдік ететін басқа сабақтың антитезасына айналады. Осыған байланысты музыка сабағын жүргізу өнерінде "сыртқы" және "ішкі" мәселелер туындайды. Бір нәрсе, егер сабақ тек мектеп оқушыларының музыкалық тәжірибесіне кейбір жаңа есту қосымшаларын енгізу болса. Өнермен ерекше, қайталанбас кездесу болса, басқа мәселе. Музыка сабақтарындағы "сыртқы" және "ішкі" мәселелер, шын мәнінде, музыка өнері мен музыка сабағын өткізу өнері арасындағы нақты байланыс болып табылады. Мектептегі сабақты өткізудің заманауи тәжірибесі мұғалімнің әр минут сайын ойнаған, жырлаған немесе айтқан сөздерін өзінің ішкі жан дүниесімен, дыбысталғанға деген көзқарасымен, өмірлік тәжірибесімен ажырамас жіппен байланыстырғанда ғана шынайы жаратушы бола алатынын нанымды түрде көрсетеді.
. Егер мұғалім сабақты ойластыра отырып, өзін, сезімін, ойын, тәжірибесін "материал" ретінде қабылдамаса, онда ол сыртқы - суық арасындағы шекараны қалай табуға болады, немқұрайлы, ішкі - терең тәжірибелі, сезімді ме? Кез келген көркемдік-педагогикалық тапсырма, сабақтың идеясы мұғалім үшін органикалық болуы, оны терең сезінуі, ең бастысы, өзінің "менімен" сәйкестендірілуі керек. Бұл үдеріс күрделі, бірақ оның болуы ғана сабақты өнердің шынайы шындығына айналдырады. Өнер шындығын жалғаннан кенет ажыратқан К.Станиславскийдің былай деп жазғаны бекер емес: "Өзгенің, бұлыңғыр, өзіңнен тыс қалғандарды бейнелеу міндетінен асқан азапты ештеңе жоқ". Әрине, көркем шығармашылықта шынайы тәжірибе процесі ұсынған нәрсе ғана құнды, сонда ғана өнер пайда болады. Мұны толығымен сабақтағы педагогикалық үдеріске жатқызу керек. Көркем образға шынайы ену, оны түсіну тәжірибе үдерісімен, өзінен-өзі өту қабілетімен, музыкалық шығарманың өзіндік интонациясын сезінумен тығыз байланысты. Өнер сабағында психологиялық, техникалық, интеллектуалдық, кәсіби дайындық жеткіліксіз. Сабаққа эмоционалды түрде де дайындалу керек. Музыка пәнінің мұғалімінің кәсіби шеберлігінің эмоционалдық жағынан дұрыс реңкті таба білуі ерекше маңызды сабақ. Әңгімеге, орындауға "реңк орнату" термині өнерде бұрыннан бар. Бұл ұғым шығармашылық процестің эмоционалдық орталығымен байланысты. Қазіргі уақытта мұғалімді даярлаудағы ең күрделі міндеттердің бірі - әрбір сабақта болатын және өзіндік ерекшелігі бар дұрыс реңкті табу. Сабақты жүргізу өнеріндегі "сыртқы" мен "ішкі" арақатынасын мұғалімнің актерлік шеберлігін қалыптастыру арқылы ойдағыдай шешуге болады. Егер музыкалық шығарманың идеясы бірнеше сөзбен тұжырымдалып, балаға осы формада жеткізілсе, онда идеяның өмірі осымен аяқталады. Оқушыларда идея сезімін ояту маңызды, бірақ ол үшін сезімге емес, ақылға әсер ететін құралдар қажет. Актерлік шеберлік бұл тұрғыда ең бай мүмкіндіктерге ие. К.Станиславскийдің әдісін тереңірек түсініп, оны музыка пәнінің мұғалімінің педагогикалық шеберлігін қалыптастыруда қолдану қажет. Театр педагогикасында белгілі әдістердің бірі "сәйкестендіру техникасы" деп аталатын, яғни орындалатын шығармада ашылуы қажет образбен, оймен "мен" -нің бірігуі пайдалы болуы мүмкін. Бұл әдіс мыналарды болжайды музыкалық шығарма бойынша үлкен алдын ала жұмыс (дәуірді, жасалу тарихын, көркемдік және дүниетанымдық контексттерді білу және т.б.), сонымен қатар мұғалімнің осы шығарманың көркемдік образының табиғи органикалық "тұруын" ғана емес. Сонда ғана балалар мен мұғалім арасындағы шынайы қарым-қатынас мүмкін болады.

Шығармашылық, К.Станиславскийдің анықтамасы бойынша, "құмарлықпен, шапшаңдықпен, қарқынды, нәтижелі, мақсатқа сай және оправд түрде жоғары мақсатқа жету" – шығарманың көркемдік бейнесін түсіну және ашу дегенді білдіреді. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, музыка пәнінің мұғалімін даярлауда тәжірибе

өнерімен тығыз байланысты К.Станиславский мұрасының бір бөлігі біз үшін маңызды. Тәжірибе адам бойындағы интеллектуалдық және эмоционалдық органикалық бірлік ретінде. Музыка пәнінің мұғалімі үшін өз психикасының санадан тыс шығармашылық әрекеттерін саналы түрде басқаруды үйрену өте маңызды, өйткені өнердегі және баланың көркемдік дамуындағы көптеген процестер санадан тыс, сұлулықты оның ыдырауынан тыс интуитивті, бірақ адекватты түсінумен байланысты. жеке элементтер. Музыка пәнінің мұғалімі үшін бола білу өте маңызды өзінің барлық көріністерінде мәнерлі, басынан өткерген сезімдерін, эмоцияларын білдірудің адекватты сыртқы түрін таба білу. Сондықтан мұғалім көркем шығармада қол жетпейтін нәрсені - оның сұлулығын, бейнелерінің ең нәзік шілтерін сөзбен, мәнерлі қимылмен, мимикамен анықтаудан қорықпауға үйренуі керек. Бұл ретте бір сезіммен айналысу мүмкін емес, көркемдік материалды интеллектуалдық, техникалық тұрғыдан меңгеру қажет екенін ұдайы есте ұстаған жөн. "Егер материал болмаса, сезімнің төгілетін ештеңесі жоқ" (С.Волконский). Эмоционалды бастама музыка мұғалімінің шеберлігінде аналитикалық қабілеттермен үйлесімді түрде үйлесуі керек. Өйткені "кез келген шығармашылық үдерістің негізінде құмарлық жатыр, бұл, әрине, ақыл-ойдың орасан зор еңбегін жоққа шығармайды. Бірақ суық емес, ыстық ойлау мүмкін емес пе?" (К.Станиславский). С кітабынан бірнеше ой келтіргім келеді.Волконскийдің "Мәнерлі тұлға", ол мұғалімдердің назарын осы маңызды мәселеге - музыка мұғалімінің мәнерлілігіне аудара алады: "Актерлік өнерде, басқалар сияқты, ішкі талпыныс жеткілікті емес, бірақ бұл ынтаға бағыну қабілеті қажет, сезіну жеткілікті емес, бірақ қажет тәжірибе жүзінде емес, жүзеге асыра білу үшін бастан кешкендерін көрсете білу керек". "Дене - аспап, актер – аспапшы". "...Сыртқы жест-ишара, оны тудыратын және басқаратын ішкі жан қозғалысының көрінісі ғана бола отырып, дамуда одан төмен болуы керек. Яғни, бергеніңді көбірек бере аласың, бірақ қолыңнан келгеннің бәрін, тіпті қолыңнан келгеннің бәрін ешқашан артық бере алмайсың". "...Өрнекті кез келген жерге, кез келген нәрсеге, күлкілі нәрсеге жабыстыру". "Ақталмаған қимылдан жаман ештеңе жоқ"

Үйірме сабақтары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндіктерге ие. Сыныптан тыс жұмыстардың барлығы ынтымақтастық педагогикасына, адамдармен шығармашылық қарым-қатынасқа бағынады. Өйткені, музыка сабағының ғана емес, мектептің де міндеті - музыкалық өнер арқылы балалардың эстетикалық сезімдерін, сұлулық туралы дұрыс түсініктерін тәрбиелеу және дамыту, білімдерін кеңейту, жоғары көркемдік талғамын тәрбиелеу. Музыка сабағы - осы мақсаттарға жетуге серпін береді. Бірақ шығармашылық жетекші музыка пәнінің мұғалімі болуы керек. Ол шығармашылыққа ұмтылуы, алға ұмтылуы керек. Ал егер ол әлем алдында таңданысын сезінсе, өз бетімен жұмыс жасаса, онда бұл қозғалыс болады!

"Жасау - екі рет өмір сүру" (А.Камю). Бір өзенге екі рет кіруге болмайтыны сияқты, екі бірдей сабақты да өткізуге болмайды. Шын мәнінде, музыкалық мәдениетті шығармашылық арқылы жасампаздық, ең алдымен көркемдік іс-әрекеттің алуан түрлері арқылы ішкі дүниесін құру деп анықтауға болады. Шығармашылық, баланың өзіндік, жаңа, өзіндік, ең жақсысын жасау қабілеті ретінде, шығармашылықтың "сыртқы пәнінен" музыкалық іс-әрекет ішкі күйге (рефлексияға) ауысқанда және баланың "менін" мазмұнды ашуға айналғанда ең белсенді түрде қалыптасады. . Шығармашылық музыка жасауда (ән айту, аспапта ойнау, дирижерлік, пластикалық және сөйлеу интонациясы, рефлексия, т.б.) баланың өз жағдайын "шашып жіберуі", көңіл-күйін субъективті түрде "өмір сүруі" маңызды. музыка, мұғалімнің техникалық тапсырмасын орындамай. Шығармашылықтың даналығы мынада: сезімді оймен асықтырудың қажеті жоқ, бала жанының бейсаналық

аймағына сену керек. Бірте-бірте өзінің әсерлерін, музыкалық және есту қабілеттерін жинақтап, салыстыра отырып, ол кенеттен өзінің шығармашылық көріністерінде гүлдей бастайды, өйткені кенеттен гүл ашылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Юдина Е.И. Музыка мен шығармашылықтың алғашқы сабақтары. - М., 1999.- 272б.
2. Школяр Л.В. Мектептегі музыкалық білім. – М .: 16.
3. Сергеева, Г.П. Оқу орындарында музыканы оқытудың өзекті мәселелері: оқулық. оқу құралы / Г.П. Сергеева. – М.: Педагогикалық академия, 2010. – 87с.
4. Никишина И.В. Инновациялық педагогикалық технологиялар және мектептегі оқу-тәрбие және әдістемелік үдерістерді ұйымдастыру: оқушылар мен мұғалімдерді оқыту үдерісінде интерактивті формалар мен әдістерді қолдану. 2-ші басылым, стереотип. – Волгоград: Мұғалім, 2007. – 91 б.
5. Григорьев Д.В. Оқушылардың сыныптан тыс жұмыстары. Әдістемелік құрастырушы: мұғалімге арналған оқу құралы. – М.: Ағарту, 2011. – 223 б.
6. Гройсман А.Л. Психология. Тұлға. Шығармашылық. - М., 1996.- 401б.
7. Дмитриева Л.Г., Черноиваненко Н.М. Мектептегі музыкалық білім беру әдістемесі.- М., 2000.-240с.
8. Кабалевский Д.Б. Педагогикалық рефлексиялар. - М., 1986.-240с.
9. Крюкова В.В. Музыкалық педагогика. - Ростов н/Д., 2002.-288с.
10. Цыпин Г.М. Музыкалық іс–әрекет психологиясы: теория және практика. - М .: "Академия" баспа орталығы, 2003.

МУЗЫКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мейрбеков Б.Б.
«Саз және ән» кафедрасының аға оқытушысы
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
Meirbekovberikbai @mail.ru, https://orcid.org/0009-0001-9331-8477

Аңдатпа. Бұл мақалада музыка сабағында оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға көмектесетін әдістер мен тәсілдер:Музыкалық ойындар**.** Ойын барысында балалардың белсенділік, шығармашылдық даралығы дамиды.«Ақпараттық қамтамасыз ету» технологиясы**.** Сабақта интерактивті тақтамен жұмыс жасау арқылы оқушының өзінің пікірін айта алатындай деңгейге жеткізеді.Сыныптан тыс жүргізілетін музыкалық жұмыстар. Олар оқушыны барынша көбірек қамтуды, оның танымын кеңейтіп, музыка өнеріне деген көзқарасын қалыптастырады.Оқушыларды музыкалық өнерге деген сүйіспеншілікті арттыру үшін оларға музыкалық аспаптарда ойнауды үйретуге болатындығы қарастырылған. Баланы музыка тыңдауға, тыңдай отырып оны сапалы түрде қабылдауға, баулу музыкалық тәрбие беру жұмысындағы міндеттердің бірі. Өйткені ол оқушыныңмузыкалық мәдениеттілігін қалыптастырудың алғы шарты болып есептеледі.Музыканы тыңдаған кезде бала еркін отыруы керек, бұл тәсіл орындалып, жатқан шығарманы қозғалмай байсалды тыңдауына мүмкіндік береді. Сондай-ақ музыка

тыңдап отырған кезде, сөйлеуге, мұғалімге сұрақ қоюғаболмайтынын білу керек. Бірте-бірте мұғалім балалардың музыканы тыңдай білу мәдениетін қалыптастырады.

Кілт сөздер: Шығармашылық, белсенділік, әдіс, пікір, өнер, музыка, қоғам,өркениет

Abstract. In this article, methods and techniques that will help increase the creative activity of students in music lessons:musical games. During the game, the individuality of children's activity, creativity develops.Technology "information support". By working with an interactive whiteboard in the lesson, the student is brought to the point where he can express his opinion.Extracurricular musical activities. They provide maximum coverage of the student, expand his knowledge and form his attitude to the art of music.It is envisaged that in order to instill in students a love of musical art, they can be taught to play musical instruments. One of the tasks in the work of music education is to teach a child to listen to music, to perceive it qualitatively while listening. Because it is a prerequisite for the formation of musical culture of the student.When listening to music, the child should sit freely, this approach will allow him to calmly listen to the performed and lying piece without moving. Also MU

Key words: Creativity, activity, method, opinion, Art, Music, Society,civilization

Өсіп келе жатқан жас буын жас ұрпақтың рухани байлығының іргетасы қалай қаланса, мемлекеттің болашағы, өмірге деген ынта-жігері сондай болмақ. Қоғамның даму үрдісі қандай болса, мектептің сана деңгейіде сондай болатыны бесенеден белгілі! Өркениеттілік мектеп балаға, бала-мектеп деген көзқараспен өлшенеді.Жас ұрпақты музыка өнеріне тәрбиелеуде музыкалық тәрбие әдістемесі маңызды роль атқарады.Мұғалім оқушыларға білім беріп қана қоймай, сол алатын білімдері арқылы тәрбие жұмысын жүзеге асырады. Сабақ қызықты өту үшін мұғалім оның жан–жақты әдіс–тәсілдерге бай, түсінікті болуын қадағалап, үйрететін ән мен тыңдалатын музыкалық шығарманың ерекше құндылығын ескеруі керек. Егер балалар сабаққа қызықса олардың белсенділігі артады. Белгілі бір сабақта қолданылатын іс-әрекет түрлері оның мақсатына, тақырыбына қарай анықталады. Музыка сабағының басқа айырмашылығына, ерекшелігіне келер болсақ, ең негізгісі–оның өнер сабағы екендігі. Музыканы оқыту барысында ақыл–ой мен эмоция, түйсіну мен сезіну қатар жүзеге асырылады. Екінші ерекшелігі–музыканы тыңдай, қабылдау барасында адамның психологиясына әсер етеді. Музыка сабағы эмоция мен саналықтың бірлігін қамтамасыз етіп, сабақтың әрбір элементі оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын арттыруы тиіс.Бүгінгі таңда мектеп тәжірибесінде қолданылып жүрген тәрбие әдіс – тәсілдерінің бірыңғай жүйесі қалыптасқан. Әдіс-тәсілдердің түрі, оларды тиімді пайдалану және оқушыға жасалған ықпалдың нәтижесі болуын қамтамасыз ету мақсатын көздеп, оларды топтастырады. Әрбір әдіс–тәсілдердің белгілері, ерекшелігі, міндеті, бір–бірімен байланысы да топтастыруды, жіктеуді қажет етеді.Баланы музыка тыңдауға, тыңдай отырып оны сапалы түрде қабылдауға, баулу музыкалық тәрбие беру жұмысындағы міндеттердің бірі. Өйткені ол оқушыныңмузыкалық мәдениеттілігін қалыптастырудың алғы шарты болып есептеледі.Музыканы тыңдаған кезде бала еркін отыруы керек, бұл тәсіл орындалып, жатқан шығарманы қозғалмай байсалды тыңдауына мүмкіндік береді. Сондай-ақ музыка тыңдап отырған кезде, сөйлеуге, мұғалімге сұрақ қоюға болмайтынын білу керек. Бірте-бірте мұғалім балалардың музыканы тыңдай білу мәдениетін қалыптастырады. Музыка тыңдау барысындағы мұғалімнің жүріс-тұрысы, өзін ұстауы өте үлкен рол атқарады. Мұғалім тыңдауға ұсынған шығарманы өзі орындаса, мүмкіндігінше нотасыз ойнауға тырысу керек.Педагогикалық талаптарына сайбалаларды ән өнеріне баулуда тәжірибедеқолданылатын арнайы ән жаттығуларыныңалатын орны ерекше. Сабақтың

мақсатына сай өз орнын тауып қолданылған. Жаттығулар тек дауыс аппаратын ән айтуғадайындап қана қоймай, белгілі бір орындаушылық шеберлікті дамытуғабайланысты дағдылы қалыптастырады.Музыкалық шығарманы игеру, оның мәніне тереңбойлай ену дәйекті де ұзақ процесс. Музыкалық шығарманы ұжымдық үйренугекірісе отырып, шығарманың музыкалық тексін дәлме-дәл орындау, шығарманың жалпы сипатын формасын, ладтық-гармониялық негізін,ритм мен әуенніңсипатын анықтау, музыка дыбысын шығарудың барлық тәсілдерін белгілеу, бүкіл пьесса бойынадыбыс күшінбөлу, вокальдық және аспаптық топтарының және топтығы әрбір партияның дыбысының тепе-теңдігіне қол жеткізу, ансамбльдіңорындаушылық шеберлігініңдәлдігіне жету қажет.Шығармашылық мазмұнын ашу бөліп-бөліп орындаудан біртіндеп негізгі мағынасын және оның көркемдік детальдарын тұтас біріктіруге дейін жүреді. Осыдан келіп шығарманы үйрену методикасы мынаған саяды. Әдеби және музыкалық текстi, шығарманың әсерлілік құралдарын, музыкалық образдың сипатын талдау, шығарманы орындаудағы қиын тұстарды анықтау, ансамбльдіңорындаушылықмүмкіндігімен оны «өлшеп-пішіп» көру, қиын тұстарды ойлап үйрену жөніндегі жұмыс әдістемесін анықтау, көркемдік – орындаушылық ой-тұжырымды әзірлеу.Шығарманы үйрену үстінде оның ұлттық ерекшелігін анықтапалу қажет. Бұл көркемобраздың мәніне терең бойлай ену үшін маңызды. Халық музыкалық творчествосының элементтерін, халық аспаптарының өзіндік ырғақтарын, ладтарын, тембрларын, халықтық орындаушылық өнер тәсілдерін пайдаланып үйрену керек.«Музыканы қабылдауға тәрбиелеу, басқа қабілеттерді дамыту секілді белгілі бір кезеңдерден өтуі керек»-деп атап көрсетеді Ресей ғалымы О.Апраксина. Сөйтіп оны шартты түрде 4 топқа бөледі. 1-кезең – 1-2 сыныптар. Бұл сыныпта балалар музыканы жалпылама қабылдайды, мәнерлік құралдарын әлі де ажырата алмайды.Д.Кабалевский тұжырымдамасына және Республикадағы дәстүрлі бағдарлама ретінде бекітілген «Музыка» бағдарламасына сүйене отырып, музыканы қабылдауға байланысты іске асыруға тиісті бағыттар басты үш міндетті қарастырған жөн.

Алғашқы міндет-оқушылардың музыканы қабылдау сезімталдығын қалыптастыру, музыкаға құштарлығы, музыканы тыдауға және орындауға деген ынталықты дамыту.

Екінші міндет–музыканы саналы түрде қабылдауды қалыптастыру, музыкалық образдардың сипатын түсіну, шығармалардың идеялық негізін ұғуға үйрету.

Үшінші міндет-шығарманы орындау барысында музыкаға деген орындаушылық көзқарас қалыптастыру. Бұл міндет оқушылардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыруға септігін тигізеді. Ол үшін орындаушылық дағдыларды үйретіп, шыңдау қажет. Шәкірттердің бойларына өзінің музыкалық шығармашылық іске іштей қатысы бар екендігін, көркем образ жасауға тікелей қатынасы бар екендігін сезіне алатын ахуал туғызуы керек.

Музыкалық білім берудің бұл жағын, әсіресе, төменгі сынып оқушылары әлдеқайда айқын сезіледі. Бұл міндет алғашқы міндеттермен қатар – музыкаға деген сезімталдық пен саналы көзқарасын қалыптастыра отырып жүзеге асырылады.

«Музыканы қабылдауға тәрбиелеу, басқа қабілеттерді дамыту секілді белгілі біңр кезеңдерден өтуі керек», — дейді белгілі Ресей ғалымы, көрнекті ұстаз О.Апраксина.

Бірінші кезең–бірінші, екінші сыныптар. Бұл кезеңде балалар жалпылама музыканы қабылдайды, мәнерлік құралдарын әлі де анық ажырата алмайды. Тәжірибелерге қарағанда, аталған кезеңде балалар екпін, динамика, регистр, тембр деген ұғымдарды жақсы анықтай алады.

Екінші кезең–үшінші, төртінші сыныптар. Бұл кезеңдер балалар музыканы сезімталдықпен қабылдап қана қоймай, оның не туралы екендігін, мазмұнын түсінуге

талпынады. Мұнда сөздің үлкен мәні бар: шығарманың аты, ән тексті, мұғалімнің түсіндіруі. Мысалы: балалардың қиялшыл келетінін ескере отырып, музыка дыбыстарымен таныстырғанда оларды еліктіру үшін жоғарғы дыбыстарды таныстырғанда оларды еліктіру үшін жоғарғы дыбыстарды бұлбұлдың, басқа да түрлі әнші құстардың үнімен, ал төменгі дыбыстарды аюдың, түйенің т.б. жүрісімен салыстырып, түсіндіруіне болады. Бірақ мұғалім әдетте мынадай теңеулерді орынды қолданып балалардың назарын дыбыстан тек қана белгілі бір жан – жануарлардың үнін іздеп отыруға тәрбиелеуден сақ болған жөн.

Үшінші кезең -бесінші, алтыншы сыныптар. Бұл кезең–музыканы қабылдауға үйретудегі ең бір қарама–қайшылығы мол кезең. Оқушылар түсінбеген музыканы назардан тыс қалдырады.

Төртінші кезең-тоғызыншы, оныншы сыныптар. Жоғарғы сынып оқушылары музыканың ішкі жан дүниесін түсінуге септігін тигізетінін ұғады, музыкаға қызығушылығы артады. Саналылық эмоциямен ұштасып, олардың арасында тұрақты қарым – қатынас орнайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жәрдемәлиева Р. Хрестоматия музыкального образования в Казахстане. – Алматы., 2004.
2. Жұбанов Қ. Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен. – Алматы., 1980.
3. Жұбанов А. Қазақ композиторының өмірі мен творчествосы.- Алматы, 1962. – 215 б.
4. Жұбанова Ғ. Музыка мәдениеті даму жолында // Социалистік Қазақстан. 1968.-17март.-№65-4 б.
5. Қышқашбаев Т.А. Қазақ халық аспаптық музыкасы арқылы оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беру: Пед.ғыл.канд.дис. Автореф. –Алматы, 1999.
6. Қазақ орта мектебі 3-сынып ән-күй сабағының бағдарламасы және әдістемелік нұсқау. Сорос Қазақстан қоры / Ш.Б.Құлманова, Б.Р.Сулейменовамен авторлық бірлестікте. – Алматы; Өнер, 2001.–54 б.
7. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасы // Қазақстан мектебі, 2000, 4 желтоқсан, 3-б.
8. Райымбергенов Э., Райымбергенова С., Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің ән-күй сабағына арналған “Мұрагер” бағдарламасы 1-4 кластар. – Алматы: РБК, 1994. – 79 б.
9. Төлебаев М. Әндер, хорлар. Алматы. 1985 – 88 б.
10. Уалиханов Ш. (1835-1865) тәлім-тәрбие туралы. (табылды. Ә. Қазақ энтопедагогикасы және оқыту әдістемесі.- Алматы. “Білім”. 2004.(32,164)

МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫ

Азизханова Д.К.
Бөтен дүниетанымды қазаққа таңу арқылы радикалды идеология тарап отыр. Мұндай әрекеттер қолдан жасалған құндылықтарды сіңіруге бағытталып, ұлттың тарихи, рухани-мәдени байлығын әлсіретіп, жоюға алып келеді. Дәстүрлі құндылықтарды жаңғырту радикалды идеологияны алдын-алу жұмыстарының ең бастысы болмақ.

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар». Ата жолын сақтаймыз десек, ғасырлар бойы бабаларымыз ұстанған асыл дінімізді сақтайық. Дәстүрлі ислам – халқымыздың ұлттық бірегейлігін танытатын басты құндылықтың бірі. Біз оны берік ұстану арқылы экстремизмге және кертартпалыққа қарсы тұра аламыз.[3]

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында ғылыми жұмыстың құрылымын тиімді және түсінікті ету үшін бірнеше маңызды әдістер мен қадамдар қолданылды.

Зерттеу тақырыбы бойынша бар әдебиеттерді қарастыра отырып,

бұған дейінгі зерттеулердің нәтижелерін талдап, олардың өзектілігін анықталды.

Әдебиетке шолу жасау кезінде қазіргі таңда тақырып төңірегінде әлі шешілмегенін немесе зерттелуі тиіс бағыттар айқындалды.

Жұмыс барысында сапалық талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде бүгінгі таңдағы қазақстандық қоғамдағы құндылықтар жүйесі талданды.

Жұмыс барысында деректерді жинау және талдау әдістері қолданылды, бұл өз кезегінде тақырыптың маңыздылығын аша түсетін әдістер.

Әрбір қадамның нақты мақсатқа бағытталуы зерттеудің сапасын көрсетіп, оның ғылыми құндылығын арттырады.

Болашақта осы көтерілген тақырыптың өзектілігі арта түсетіні анық, сондықтан әлемдік тұрақтылықты сақтауда қоғамның назарын тамыры терең дәстүрлі құндылықтардан алыстатпау қажеттілігін ұсынамын.

Талдау мен нәтижелер

Ұлтымызға тән рухани әлеуетті пайдалана білудің маңызы зор. Жан тазалығына, ар тазалығына негізделген, сыртқы көрініс емес, жүректегі иманды қасиет тұтқан ұлттық рухани құндылықтарымызға оралу, оларды кеңінен насихаттау арқылы радикалды идеологияның таралуына тосқауыл қоямыз.

«Дәстүрлі құндылықтар» ұғымы «дәстүрлі отбасылық құндылықтар» ұғымын астасып жатыр.

Бұрынғы салт-дәстүрлер түрлі тарихи процестерден өтіп, өзгерістерге ұшырап жаңаша сипатта жаңғырып бізге жетуде. Қазіргі отбасыларда бұл салт-дәстүрлер бүгінгі күнге дейін жетіп, заман талабымен ұштасып, қазіргі құндылықтарға айналып отыр. Жалпы, адамзат құндылықтарының ішінде отбасы құндылықтарының маңызы ерекше, зор болған және солай болып қала да бермек. Мұнда ұрпақтар сабақтастығы деген де түсінік аса үлкен сипатқа ие. «Балапан ұясында не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Тегін білмеген жетесіз», Қартың болса, жазып қойған хатпен тең. Ағасы бардың жағасы бар, Інісі бардың тынысы бар, Ұлың өссе, ұлы жақсы мен ауылдас бол, Қызың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол, т.б.

Дәстүрлі құндылықтар мен әдет-ғұрыптар қазіргі қоғамды қолдауға және құруға көмектесуі тиіс. Қазіргі таңда әлемдегі ең заманауи елдерде де дәстүрлер ғана емес, қазіргі заманның әдеттері мен салттары қатар өмір сүруде. Мысал ретінде Жапония мемлекетін қарастырсақ болады, бұл елде дәстүрлермен қатар қазіргі заманның салттары да кеңінен тұрмысқа дендеп енген. Бұл әрекеттер дәстүрлі құндылықтардың қазіргі қоғам үшін өзекті екендігін көрсетіп отыр. Бүгінде біздің қазақстандық қоғамда да жаңадан еніп жатқан дәстүрлер, әдеттер жеткілікті. Мысал ретінде торт үрлеу, гендер пати және т.б. дәстүрлер бұрыннан келе жатқан кейбір дәстүрлерді ығыстырып келеді.

Жаһандану үдерістерін басынан өткеріп жатқан қазіргі заманда «Отанды сүю» сана-сезімі жеткіліксіз. Қасында өмір сүріп жатқан азаматтарды «отандас» ретінде қабылдау дүниетанымына әрбір қоғам зәру. Отан үшін өмір сүретін адамдардың арасында ғана шынайы «отандастық» дүниетанымның қалыптасуы мүмкін екендігін есепке ала отырып, осы бағытта шетелдік тәжірибенің озық технологияларын игерген абзал. Сонда ғана азаматтық қоғамның қарқынды түрде дамуына қол жеткізуге болады. [4]

Мемлекеттегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету елдің дәстүрлі құндылықтарына негізделген ұлттық бірлікті нығайту арқылы іске асырылады.

Саяси тұрақтылық деп мемлекетте құқықтық тәртіптің сақталуын, азаматтардың қауіпсіздігі мен еркіндігінің қамтамасыз етілуін, үкіметтің халықпен тиімді диалог орнатуын, сондай-ақ қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық ахуалдың тұрақтылығын айтамыз. Дәстүрлі құндылықтар осы тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін маңызды құрал болып табылады. Олар қоғамдағы саяси институттардың жұмысын реттеуге, әлеуметтік байланыстарды нығайтуға және халықтың бірлігін сақтауға ықпал етеді.

Азаматтарының мемлекет тарихы мен мәдениетін білуі және құрметтеуі арқылы мемлекеттің саяси тұрақтылығын қамтамасыз етілмек.

Қазіргі таңда дәстүрлі құндылықтардың саяси тұрақтылыққа ықпалы ерекше.

Дәстүрлі құндылықтар қазіргі заманғы жаһандану мен өзгерістер кезеңінде де маңызды рөл атқарады. Қазақстандағы саяси реформалар мен әлеуметтік өзгерістер дәстүрлі құндылықтарды қайта жаңғыртуға бағытталған. Бұл құндылықтар қоғамның өзіндік ерекшеліктерін сақтап қалуға, ұлттық бірегейлікті нығайтуға және мемлекеттік жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Дәстүрлі құндылықтар қоғамның саяси тұрақтылығының негізі болып табылады. Олар әлеуметтік бірлікті қамтамасыз етеді, моральдық және этикалық нормаларды қалыптастырады, құқықтық және саяси жүйелердің дұрыс жұмыс істеуіне ықпал етеді. Қазақстан үшін дәстүрлі құндылықтардың маңызы ерекше, себебі олар ұлттық бірлікті нығайтып, елдің барлық азаматтары үшін саяси тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Осылайша, дәстүрлі құндылықтар саяси жүйені тереңнен түсінуге мүмкіндік беріп, мемлекеттің тұрақтылығы мен дамуына оң ықпал етеді.

Ұлттың өзіндік ерекшеліктері мен рухани, мәдени, тарихи дамуын сипаттайтын құндылықтарды ұлттық құндылықтар деп атаймыз. Ұлттық құндылықтар ұлттың бірегейлігін, тарихын, мәдениетін, дәстүрлері мен салтын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді.

Ұлттық құндылықтар ұлттың рухани және моральдық негізін құрай отырып, ұлтты біртұтас етіп, ортақ мақсаттарға біріктіреді.

Дәстүрлер мәдени мұраны сақтауға да ықпал етеді. Олар қазіргі жаһандану процесінде жоғалуы мүмкін өнердің, қолөнердің және музыканың ерекше түрлерін сақтайды. Дәстүрлі мерекелер мен фестивальдар мәдени байлық пен әртүрлілікті сақтауға және көрсетуге көмектеседі. Алайда, барлық дәстүрлер оң емес. Кейбір дәстүрлер адам құқықтарын бұзуы немесе халықтың белгілі

бір топтарын кемсітуге әкелуі мүмкін. Кейбір дәстүрлерге сын көзбен қарау және қоғамның дамуына және әр адамның құқықтарын құрметтеуге ықпал ететіндерді ғана сақтау маңызды. [5]

Ұлттық құндылықтарды сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу әрбір азаматтың парызы.

Ұлттық құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа жеткізілуі тиіс, ал бұл ұлттың тұрақтылығы мен біртұтастығының кепілі болмақ.

Біздің құндылығымыз – ұрпақ тәрбиесі, әдет-ғұрып, салт-сана, өзге ұлтта жоқ тек өз ұлтымызға ғана тән құндылықтар. Бұл құндылықтар біздің халқымыздың өте дана, ақылы тереңде екендігін көрсетеді.

Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз. Қоғамдық тәртіпті бұзатын кез келген арандатушылық әрекетке қатаң тосқауыл қою қажет.[6]

Қорытынды

Еліміздің тарихы, қазіргі саяси жүйесі, демократиялық даму және ұлттық құндылықтар төңірегінде жүргізіледі. Мұнда Қазақстанның әлеуметтік және саяси

құрылымдарын, ұлттық санасын, тарихи мұраларын және қазіргі саяси мәдениетін зерттеу маңызды орын алады.

Бүгінгі өзгермелі әлемде санамыз да өзгереді, тұрақтылық азайып бара жатқан сияқты. Бұл өзгерістер санамызға әсер етіп, еліктегіш қасиеттеріміз артып отыр. Ал, өзгермелі әлемге сапалы тұлға қажет.

Дана Абай: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – араласып жүрген ортасынын» деген. Ұрпақ тәрбиесінде отбасының, ата-ана мен ауыл-аймақтың ықпалы мол. Отбасы - барлық игілік пен тәрбиенің, жақсылықтың бастауы. Ұрпақ тәрбиесінің шешуші факторы ретінде отбасы баланың ер жетіп өсуі мен алғашқы адамгершілік белгілері қалыптасатын қасиетті орта.

Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың керемет дәстүрлері мен тағлымдардары, мәдениеті, салт-жоралғылары бар. Әлбетте, олардың озығы мен тозығы бар екенін білеміз. Қоғам қажеттілігінен туған әрекеттер өз кезегінде қалыпты әдет пен әрекеттерге айналып отыр.

Ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дәстүрлер мен құндылықтар жеке тұлғаның дамуына негіз жасайды. Дәстүрлер адамға өз құндылықтарын анықтауға және басымдықтарды белгілеуге көмектеседі. Дәстүрлі іс-әрекеттерді, рәсімдер мен рәсімдерді байқау және қатысу арқылы адам ұрпақтар арқылы берілетін және нығайтылатын құндылықтарды игереді. Мысалы, отбасылық дәстүрлер отбасылық байланыс және өзара түсіністік сияқты құндылықтарды нығайта алады. Дәстүрлер қоғамдастық пен ұжыммен байланысты құндылықтардың қалыптасуына ықпал етуі мүмкін. Мысалы, адамдар жиналатын мерекелік дәстүрлерге қатысу өзара көмек, ынтымақтастық және қарым-қатынастың жылулық құндылықтарын дамытуға ықпал етуі мүмкін. [7]

Сырттан түрлі идеологиялардың елдің ішкі тұтастығына, құндылықтарына, ұлттық бірегейлікке қауіп төндіреді. Ендігі кезекте қоғамда заман талабына сәйкес болатын дәстүрлі құндылықтарды дәріптеу арқылы төтеп бере алатын мықты иммунитет қалыптастыру маңызды.

Дәстүрлі құндылықтарды жаңғырту мәселесі рухани дағдарыс өршіген қоғамда өте өзекті. Көбіне дәстүрлі құндылықтарды жаңғырту тек қана діни саланы реттеумен ғана шешіледі десек қателесеміз.

Бүгінде біздің қоғамда дәстүрлі құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған жұмыстар іске асырылуда. Қазақ тілін, тарихты, салт-дәстүрлерді жаңғырту жұмыстары жасалып жатыр. Мемлекеттік тіл мәртебесі, түрлі ұлттық нақыштағы іс-шаралар ұйымдастыру сияқты дәстүрлі құндылықтарды жандаруға, жаңғыртуға бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылып келеді.

Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеген абзал. Оқушылар мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуы керек. Отаншылдық және мемлекетшілдік қасиет әр баланың бойынан табылуы қажет. Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелейтін патриоттық ұйымдардың жұмысын жандандырған жөн.[8]

Әр халықтың өз дәстүрлі құндылықтары ұлттық мінезді, ұлттық болмысты жандандырып, даралығын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 01.09.2022 ж.

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 02.09.2024 ж.

3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі, 15.03.2024 ж.

4. Б.К.Баймаханов Дәстүрлі құндылықтар – азаматтық қоғам дамуының негізі, https://abai.kz/post/48247

5. Молдабаева А.А. Дәстүрлер мен құндылықтар: қоғамның қалыптасуына және жеке тұлғаның дамуына әсері, Dulaty University хабаршысы, 33-б., 2024, №1.

6. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 01.09.2023 ж.

7. Әбдіғалиева, Г.Қ. Қазақстан Республикасының рухани-адамгершілік құндылықтарын жаңғырту [Мәтін]: монография / Г. Қ. Әбдіғалиева, Т.Х. Ғабитов, З.Н. Исмағамбетова. - Алматы: Қазақ университеті, 148-б., 2014 ж.

8. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі, Түркістан қаласы, 17.06.2023 ж.

О ПРАВИТЕЛЯХ КОКАНДСКОГО ХАНСТВА И ЮЖНЫХ КАЗАХАХ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ПРОСВЕТИТЕЛЕЙ СРЕДНЕЙ АЗИИ

Елшибаев С.К.,
доктор философии (PhD), университет
им. Ж.А.Ташенова,
г. Шымкент, Туркестанская обл.

Аннотация. История правителей, их окружению и народам Кокандского ханства, посвящены не мало историческо-литературных произведений, в которых подлинно описываются все подъёмы и падения их ханов, политические, социально-бытовые, религиозно-духовные, традиционно-культурные и многие другие общечеловеческие узы и взаимоотношения народов этого ханства, в том числе и казахов из южного региона Казахстана.

Ключевые слова: Джузы, роды и племена, Дашти кипчаки, Кокандское ханство, виллайет, кипчаки, Ташкентский оазис, исторический, Средняя Азия

Abstract. The history of the rulers, their environment and the peoples of the Kokand Khanate, is devoted to quite a few historical and literary works that truly describe all the rise and fall of their khans, political, social, religious, spiritual, traditional cultural and many other universal ties between the peoples of this khanates, including Kazakhs from the southern region of Kazakhstan.

Key words: Juz, clans and tribes, Dashti Kipchaks, Kokand Khanate, villayet, Kipchaks, Tashkent oasis, historical, Central Asia.

Özet. Hokand Hanlığı'nın yöneticilerinin, çevrelerinin ve halklarının tarihi, hanlarının siyasi, sosyal, gündelik, dini, manevi, geleneksel kültürel tüm yükselişini ve düşüşünü özgün bir şekilde anlatan pek çok tarihi ve edebi esere ayrılmıştır. ve Kazakistan'ın güney bölgesindeki Kazaklar da dahil olmak üzere bu hanlığın halkları arasındaki diğer birçok evrensel bağ ve ilişkiler.

Anahtar kelimeler: Cüzler, klanlar ve kabileler, Deşti Kıpçakları, Hokand Hanlığı, köy, Kıpçaklar, Taşkent vahası, tarihi, Orta Asya

Аңдатпа. Қоқан хандығының билеушілерінің, олардың төңірегіндегі және халықтарының тарихы олардың хандарының бүкіл өрлеуі мен құлдырауын, саяси, әлеуметтік, тұрмыстық, діни, рухани, дәстүрлі мәдени-тұрмыстық кезеңдерін шынайы сипаттайтын біршама тарихи және әдеби шығармаларға арналған. және басқа да көптеген әмбебап байланыстар мен осы хандық халықтар арасындағы қарым-қатынастар, соның ішінде Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі қазақтар.

Кілт сөздер: Жүздер, рулар мен тайпалар, Дешті Қыпшақтар, Қоқан хандығы, ауылдар, Қыпшақтар, Ташкент оазисі, тарихи, Орта Азия

Нравственное воспитание подрастающего поколения, а именно на современном этапе стремительно развивающегося научно-технического прогресса, кризисно-экологического состояния окружающей среды и взаимосвязанных с ними многих жизненно-важных составляющих сторон, всестороннего развития и формирования гуманно-осознанных общечеловеческих ценностей историческим субъектом человека, которое является основой и величайшим источником в понятии мировой цивилизации. Поэтому, знание истории своего народа (и не только), непременно способствует особому, нравственно-гражданскому и патриотическому воспитанию, а также формированию не только нравственно-мировоззренческих познаний и мировоззрений, но и глубоко-проникновенных отношений к своим историческим и современным национальным ценностям.

В этой связи, нельзя не упомянуть о том, что одним из важных исторических источников по истории южного Казахстана является дошедшее до наших времён литературное произведение «Мун-ах-аб-ат-таворих» («Извлечение из истории»), которое широко известно историкам и источниковедам Центральной Азии и не только. Так как, это содержательное историческое и литературное произведение написана на реально жизненных, социально-политических и других взаимосвязанных особенностях народов Средней Азии, в том числе и казахов из южного Казахстана, на территории Кокандского ханства.

Об авторе «Мун-ахаб ат-таворих» Мушрифе Мухаммад ибн Ашуре Мухаммаде Хуканди известно, что он родился в 1217/1802-1803 годах и был родом из горного Таджикистана, служил в гвардии Кокандского хана, принимал участие в военных походах 1844 года на город Семиречье и в 1860-1861 годах на Туркестан (нынешняя территория Казахстана).

После военной службы Мулла Нийаз Мухаммад, он же ибн Ашур Мухаммад Хуканканди до 60-х годов жил в самом Коканде[1], где писал свои мемуары, так как он был участником и очевидцем многих исторических событий, которые происходили в этом преуспевающем ханстве.

Изучая и трактуя содержание «Мунт-ахаб ат-таварих» следует отметить, что это произведение является ярчайшим историческим литературным наследием и памятником, не только Средней Азии (в первой половины XIX века), но и южного Казахстана, а также стран Центральной Азии.

Во многих литературных произведениях Хаджи Мухаммада Хаким-хана, в подробности описываются довольно-таки интересные и уникальные исторические факты многих государственных устройств, их социально-экономические положения, социально-традиционные культурные и жизненные уклады народов, которые проживали в

государствах Средней Азии и юга Казахстана. Ещё следует отметить, что это связано с тем, что в течении более семи лет Хаджи Мухаммад Хаким-хан участвовал почти во всех военных походах по Средней Азии и Казахстану в составе Кокандской армии и записывал все события и свои впечатления в своих дневниках.

Очень интересным, своеобразным и характерным в «Мунт-ахаб ат-таварих» представляется то, что в этом историко-литературном произведении имеется своеобразное изложение всех имеющихся в них рассказов-повествований от первого лица и с подробными описаниями основных событий, которые происходили в Бухарском, Хивинском и Кокандском ханствах.

Помимо вышеописанных нами достоинств Хаджи Мухаммад Хаким-хан скурпулезно и тайно собирал сведения о истории хаджа и паломничества, он также обращается и изучает довольно-таки сложные причины социально-межплеменных противоречий народов, которые проживали на территории Афганистана, что не прекращаются и в нашем XXI веке. просветителе и военном писателе Хаджи Мухаммаде Хаким-хане сохранились кое-какие воспоминания сослуживцев из Кокандской ханской армии и сведения в виде коротких заметок, которые были запечатлены и оставлены им в своих дневниках.

Сослуживцы Мухаммада Хуканди говорили, что он не переставал писать свои наблюдения, даже во время военных походов и боевых действий.

Творческому перу и наследию Хаджи Мухаммада Хуканди[1] также принадлежит не менее интересное и богатое по содержанию историческое литературное произведение «Та, рих-и Шахрухи» («Шахрухова история»), которое также известна под такими названиями как: «Та-варих-и Шахрухий-а» (Шахруховы истории»), «Та, рих-и Сайид Мухаммад Худайар-хани» («История посвященная Саиду Мухаммад Хадайар хану») и «Ибрат ал-хавакин» («Назидание правителям»), в которых также содержатся много интересных сведений о местных кочевых и оседлых казахских родах, их племенах и джузах. Так как по описанию автора, они имели между собой самые тесные взаимоотношения, т.е. занимались обменом домашних животных на хозяйственно-бытовые и другие товары, соблюдали и проводили все культурно-традиционные, религиозно-духовные мероприятия и защищались от нападений врагов и т.д.

«Та, рих-и Шахрухи» был написано в 1288/1871-1872 г. и посвящено истории Кокандского ханства со времен её основания Шахрух бием (1121/1709-1134/ 1721-22), до событий 1872 года и по своему содержанию оно является наиболее насыщенной воспоминаниями и событиями (фактами, описаниями и т.д.) историческим литературным произведением на всей территории Средней Азии, что является очень важным источником для истории XVIII века.

Говоря о исторической важности и особенности «Та, рих-и Шахрухи» следует сказать, что жизненный путь, литературное и просветительское наследие Муллы Нийаза Мухаммада ибн Ашура Хуканди изучается многими поколениями историков, этнографов, географов, литературоведов, философов и другими представителями современной просветительской науки. Поэтому, следует отметить, что историческое наследие Ашура Хуканди остаётся интересным, востребованным, и нашли своё глубокое отражение в исследованиях А.П.Каюмова, Ш.Х,Вахидова, А.Мухтарова, А.А.Семёнова, Э.У. Хуршута[2] и других.

Своеобразный интерес по истории Кокандского ханства в которой также имеются и раскрываются немаловажные сведения о кочевых казахских родах

и их племенах в историческом произведении «Та, рихи джадида-йи» («Новая история Ташкента»), которое было написано Мухаммадом Салихом, нам известно, что оно было начато в зул-хиджры, т.е. а 1279 году хид-жры (последняя декада мая 1863 года) имеет другое название «Та, рих-и веллайет-е Ташканд» («История Ташкентской области»), но по каким-то не известным причинам работа над ней была приостановлена. Поэтому, спустя некоторое время она была полностью завершена где-то в 1305/ 1887-1888 годах по личной просьбе самого Насриддин бека, который был последним правителем Коканда[3].

В «Та,рих-и джада-йи Ташканде» имеются очень интересные и фактические материалы о социально-экономическом и этническом состоянии Ташкентского виллоята в XVIII-XIX веках с историей народов этого большого оазиса Средней Азии, который граничил с Казахским ханством.

Произведение «Та, рих-и джада-йи Ташканд» было написано Мухаммадом Салихом на основе личных наблюдений и рассказов его современников, поэтому, оно представляет собой как новую, своеобразную и серьезную аналогию особого сборника, так как, все важные сведения изложены в строго хронологическом порядке и аккуратно отмечены с соответствующими к ним датами и годами.

Известно, что Мухаммад Салих был очевидцем многих происходящих исторических

1. Воходов Ш.Х., Холиков Р. «Ибрат ал-хавокин» (Та, рих-и Шохрухи) хакида //Мозий-дан садо, Узбекистон. Тошкент. 2009. Б. 34 – 361.

2. Хуршут Э.У. «Мунтахаб ат-таварих» как исторический памятник Средней Азии первой половины XIXв. Автореферат дисс. докт. ист. наук. – Ташкент, 1990. – С. 18.

3. Султонов У. Мухаммад Солиххужанинг «Тарих фан. ном. дисс. – Тошкент: Уз ФА ШИ, 2007. – 173 б; Его же Мухаммад Солиххужа ва унинг «Та, рих-и жадидайи Тошканд». – Тошкент. Узбекистон, (переизданный энцеклопедический сборник) 2007. – 262 б. Событий, так как, он интересовался жизнью, укладом, бытом и взаимоотношением жителей с другими народами, которые обосновались в самом и обширном оазисе.

Своеобразие Ташкентского виллайета представлены в описаниях Мухаммада Салиха, его географические и климатические особенности, так как он с точностью вычислял и предсказывал те или иные природные изменения и подробно излагал эти явления во всех временах года. Поэтому, такой редкий справочный материал был полезен многим, особенно для постоянно перемещающихся кочевых народов, в частности для Дашти-кыпчаков, которые плотно были заселены на окраинах своеобразно красивого и живописного Ташкентского оазиса. Но при этом следует обратить внимание, что кочевые роды и племена Дашти-кыпчаков заселялись в основном вдоль и по близости южных территорий (границ) соседнего Казахстана, с которым небыло установлено никаких и даже условных, предупредительных приграничных знаков и т.д.

Наиболее ценными для истории Казахстана, в произведении «Та, рих-и джада-йи Ташканд» Мухаммада Салиха представляются реальные описания многих сторон жизнедеятельности народов в таких городах и крупных населенных пунктах юга Казахстана, как Чимкенте, Ак-су, Сайраме, Сыгнаке, Аулие-ата и Туркестане.

Одним из ранних, интересных и исторических произведений той эпохи является «Хусалат ал-ахвал» (Резюме обстоятельств жизни), которое было написано примерно в 1282 /1865-1866 годах в Ташкенте Абу Убайдаллахом Мухаммад ибн Султан-ходжи, больше известного в народе под вымышленным именем Ишан-ходжа-кари Ташканди[1].

Абу Убайдаллах Мухаммад ибн Султан-ходжи служил у хана в должности лашкара куш-беги и был наместником Ташкента и Дашти-кыпчака (1819-1841гг.) при таких Ташкентских правителях как Мулле Холбеке (1846 г.), Азизе парванчи (1844-1847 гг.),

Во времена правления Аликула Амирлашкара, Абу Убайдаллах Мухаммад ибн Султан-ходжа подвергался долгим преследованиям и унизительным гонениям, а когда всё успокоилось о нем все же вспомнили и назначили главой сборщиков налогов и податей при ханском дворе. Поэтому, видимо следует сказать, что знавшие Абу Убайдуллах Мухаммада ибн Султан-ходжу говорили о нем, что после всех служб в администрации хана он вел спокойный образ жизни, отдалился от многих знатных и влиятельных людей, но тем не менее, к старости оказался обладателем самых крупных земельных территорий.

Относительно сочинения «Хуласат ал-ахвал» можно сказать следующее, что оно больше представляется, как сборник автобиографических заметок и написан Мухаммад ибн Султан-ходжой, когда ему исполнилось шестьдесят лет.

В своем произведении, Мухаммад ибн Султан-ходжи в подробности описывает историю своей жизни, верное служение хану, ответственности и добросовестном выполнении своих обязанностей, доверенному ему большом хозяйстве, округе ханства и уважающем его народе. Поэтому, в его своеобразном и действительно историческом произведении Мухаммада ибн Султана-ходжи содержатся множество сведений и фактов по истории населения (народов) Ташкентского виллайета, о взаимоотношениях их народов, которые обосновались вдоль границ этого своеобразного и красивого оазиса.

Особое внимание привлекают и вместе с тем заслуживают одобрения, описания истории этнических и других жизненных устоев народов Кокандского ханства, факты из жизни видных людей той эпохи, как кочевых племен Дашти-кыпчаков, а также представителей казахских родов и их племён. Поэтому, в историческом плане, наиболее интересным и подробно освещающим историческое освобождение Худайар хана от всестороннего и давлеющего влияния кыпчаков во главе с их предводителями, является поэма «Зафар-нома-йи Худайар-хани».

Эта содержательная поэма была написана Абдугафур бийем и посвящена подробному описанию одного из важных исторических событий середины XIX века, когда один из

1. Уринбаев А. Не известная рукопись по истории Кокандского ханства // Известия АН Уз ССР, 1957. наиболее видных предводителей кыпчаков Мусулманкули бий и его соплеменники оказались чуть ли не правителями Кокандского ханства.

Из более сохранившихся в народе рассказов, исторических толкований и повествованиях говорится, что, подняв на ноги т.е. воспитав и в 1844 году посадив на трон юного Худайар хана, Мусулманкули бий стал самым влиятельным, богатым и очень хитрым представителем кыпчаков.

Дело в том, что, став чуть ли не «родителем-опекуном» молодого принца Умар-хана, он взял на себя особую обязанность аталыка-регента (воспитателя) и когда Худайар хан повзрослел, Мусулманкули бий быстро женил его на одну из своих дочерей. Поэтому, хитрый аталык, но, уже на правах тестя-правителя фактически взял всю полноту всей власти в свои руки. И, как это бывает в таких случаях, его самые ближайшие родственники- соплеменники и состоятельные кыпчаки, которые начали занимать важные, прибыльные и ответственные должности по всему Кокандскому ханству.



Худайр хан

В этой связи, видимо следует обратить особое внимание на то, что Мусулманкули бий и его близкое окружение за самое короткое время оказались самыми влиятельными и богатыми собственниками многих и самых плодородных земель, а также других богатств почти во всем ханстве. Но при этом, все эти не справедливо присвоенные земли и другие богатства, проникание и захват кыпчаками управленческих должностей в Кокандском ханстве происходило на виду у всего народа. Поэтому, такая обстановка постепенно накаляло и так тяжелое социально-бытовое состояние не только простого народа, но и все средние и верхние слои населения своеобразного в среднеазиатском регионе Кокандского ханства.

Конечно, учитывая все выше изложенные и быстро развивающейся и до предела накалённой обстановки во всём ханстве, следует особо отметить, что почти вся столичная (ханская) аристократия, представители высшего духовенства и многие из числа состоятельных людей, также были недовольны такой сложившейся внутренней политикой кыпчаков, что в конце концов способствовали возникновению разного толка слухов и неприятных толкований, которые в свою очередь постепенно вели к недовольству всех. Но не прошло и месяца, как начались уже назревшие к этому моменту резкие и жестокие столкновения и борьба за прочную ханскую власть, по всему Кокандскому ханству.

И как описывают историки тех времен, эта борьба шла не только среди правящих кругов, но и между различными группировками, внутренними и внешними кланами, а также представителями кочевых родов и племен, в том числе и казахов, населявших уже многие южные территории ханства. Так как, они в какой-то степени зависели от своих положений и поддерживали те или иные стороны не довольных. Об этих и других исторических фактах и участия казахов за сохранение власти Худайр хана, подробно описываются в произведении «Зафар-номайи Худайрхани», что между многими представителями разных сословий населения ханства начались самые жесткие выяснения, потасовки и даже крупные драки между теми или иными сторонниками, но уже ослабевшей к тому времени и очень шаткой Одним из известных произведений того времени была поэма «Зафар-номайи Худайар хана» Абдугаффур бийя, который оставил в истории Кокандского ханства особый и очень заметный след, так как автор раскрыл, описал и сохранил многие до сих пор не известные сведения и достоверные факты, в том числе о последовательном процессе завоевания Царской Россией не только Кокандского ханства, но и многих других государств Средней Азии и Казахстана.

Что касается о подробных страницах жизни Абдугаффур бия, он был весьма скоромным и высокообразованным человеком, выходцем из простого кишлака Калвак Наманганской области (Узбекистан).

Содержательным, важным и историческим произведением, в которой также повествуется период правления Кокандским ханством Худайар ханом и его борьбу с кыпчаками это произведение «Джангномайи Худайар хан», в переводе «Книга войн

Худайар хана» (1853 г.), которое написано Муллой Шамси (Шавки). Основное содержание данного произведения, а также последующие творческие идеи автора были связаны с антикипчакской направленностью. Так как в эту историческую и «государственную» по своей значимости борьбу включилось почти всё население Кокандского ханства, как простые и состоятельные горожане, ремесленники, земледельцы, духовенство и приближенные двора Худайр-хана.

«Книга войн Худайар хана» состоит пяти глав (ходисы) в которых впервые и подробно излогаются до сих пор неизвестные и важные сведения о родовом сословии кыпчаков, многочисленные роды и племена которых были разбросаны по разным территориям Средней Азии, еще со времен правления самого сварливого и жестокого Шерали-хана (1841-1843 г.).

Ещё видимо следует отметить, что среди кокандских авторов середины XIX века, особо выделяется Аваз Мухаммад Аттар Хуканди, который является автором двух томного сочинения «Та, рих-и джахан на-ма-йи», в котором есть важные сведение о борьбе казахов против кокандских правителей, которые уже населяли не только Ташкентский оазис, но хорошо обосновались и на других территориях среднеазиатских ханств.

Использованная литература:

1. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. – С. 107
2. История Узбекской ССР. – Т.1 – Ташкент: Фан, 1967. – С. 561.
3. Добросмыслов А.П. Ташкент в прошлом и настоящем. – С.18-19.
4. Поездка Поспелова и Бурнашева в Ташкент в 1800 году. – С.54.
5. Диваев А. Предание о возникновении азиатского города Ташкента. // ПТКЛА, – Ташкент, 1900. – С. 15.
6. Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях Средней Азии. – С. 34.
7. Наливкин В.П. Краткая история Кокандского ханства. – С.99-101.

ЕЛІМІЗДЕГІ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУДЕ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Зоржанова Айсулу Асиловна
Ж. Тәшенев атындағы университетінің «Тарих және география» кафедрасының аға оқытушысы, ғылым магистрі. Шымкент қ.

Аңдатпа. Қазақстан халқы Ассамблеясы-мемлекеттік ұлттық саясатын жүзеге асыруда кеңес беретін орган. Қазақстан халқы Ассамблеясы Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан ашылып, мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асыруда өз үлесін қосатын жаңашыл қоғамдық институт.

Кілт сөздер: қарым-қатынас, байланыс, ұлтаралық, ұлт, конфессия.

Аннотация. Ассамблея народа Казахстана-консультативный орган по реализации государственной национальной политики. Ассамблея народа Казахстана-это инновационный общественный институт, который открывается при Президенте Республики Казахстан и вносит свой вклад в реализацию государственной национальной политики.

Ключевые слова: общение, общение, межнациональность, национальность, конфессия.

Abstract. The Assembly of People of Kazakhstan is an advisory body for the implementation of the state national policy. The Assembly of the People of Kazakhstan is an innovative public institution that opens under the President of the Republic of Kazakhstan and contributes to the implementation of the state national policy.

Key words: communication, communication, interethnicity, nationality, denomination.

Біздің ортақ еліміз, Қазақстан-көп ғасырлардан бері көптеген ұлттар мен этностардың тарихи тағдырын өзіне біріктірген, көп ұлтты мемлекет. Қазақстан көптеген ұлттардың туған үйіне айналған мемлекет. Сол көпшілік ұлттардың ортақ мүддесін қорғап, ортақ институттың аясында біріктіруді Қазақстан халқы Ассамблеясы өзіне міндет жасап алған.

Қазақстан халқы Ассамблеясын құрудың өз тарихы бар, өткені бар. Сол өткенді елеу, еске түсіру, өзіміздің тарихи жазбаларымызда сақтау және есте жаңғырту біз тарихшылардың басты мақсатымыз болып табылады. Осылайша, Қазақстан халқы Ассамблеясының өз тарихы бар, құрылуының тарихи алғышарттары бар. Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихы аймақтардан кіші ассамблеялар құрудан басталған. Бірте-бірте әр аймақта әр түрлі ұлттар мен конфессиялардың бірлестіктері мен кіші ассамблеялардан бастау алған Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің ұлттарын біріктіруше қоғамдық құрылымға айналып та үлгерді.

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясы тұңғыш Президентке алдындары келсе да, 1995 жылы еліміздің түпкір-түпкірінен түрлі ұлттар мен мәдени орталықтардың жетекшілігімен кездесу барысында бұл идея назарға алынып, жүзеге асырылуына басты қадам жасалды. Сол мәдени орталықтардың жетекшілерімен өткен кездесуде біздің тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев мемлекеттің ұлттық саясатын жүзеге асырудың механизмдерін бір қалыпқа түсіріп алғаннан кейін, республика төңірегінде ұлттар арасындағы татулықты сақтау және одан әрі нығайту мақсатында Президент жанындағы кеңес беруші орган ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы идеяны алға тартқан болатын. Сол Ассамблея арқылы Қазақстан халықтарының біртұтастығы сақталып, әрбір ұлт пен ұлыстардың құқықтары мен мүдделері қорғалу шаралары көзделді. Сондай-ақ тұңғыш Президент дәл сол мәдени орталықтардың басшыларымен (түрлі ұлттық-мәдени орталықтардың) кездесуде бүкіл Қазақстан халықтарының мүдделері қорғалатын Қазақстан халқы Ассамблеясын құрудың қажеттіліктері айтқан болатын[1,71 б].

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған алғашқы жылдарынан бастап бұл қоғамдық институттың мақсаттары айдай айқын айтыла басталды. Ол бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының басты мақсаты-

-еліміздің территориясындағы барлық ұлттар мен конфессиялардың дамуы және мәдени-рухани қалыптасуына жол ашу;

-халықаралық қауымдастықтың талаптарына сәйкес демократиялық ұстанымдар негізінде мемлекеттік ұлттық саясатты ұстану;

-Қазақстан территориясындағы барлық ұлттар мен конфессиялардың құқықтары мен мүдделерін теңдей ұстау арқылы жүзеге асыру арқылы, ұлтаралық қарым-қатынастарды қалыптастыру.

Қазақстан халқы Ассамблеясына алғашқы Президентіміз Н.Ә. Назарбаев та, қазіргі Президентіміз Қ-Ж. К. Тоқаев та көп көңіл бөліп, қоғамдық институттың қызметіне жіті

назар аударып отырады. Өйткені, мемлекеттің ұлттық саясатының мақсатының өзі-әрбір ұлттық тағдырына, болашағына көңіл аудару, немқұрайлы қарамау. Сол үшін де Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметінің мақсаты-әрбір ұлт пен конфессия мүшелерінің болашағына жауапкершілікпен қарау.

Қазіргі дүние жүзілік мемлекеттерде сол елдер халықтарының тарихына, салт-дәстүрлері мен өркениетін зерттеуге, жергілікті халықтардың өзіне тән менталитетін сақтауға деген жағашыл позитивті көзқарастар туындап отыр. Осыған байланысты Қазақстан аумағында мекендейтін жүзден астам ұлттар мен ұлыстардың өзіне тән ерекшеліктері мен ұлттық мінезін ескерген күйде, сол конфессиялардың өткеніне көз салу, болашағана болжам жасау әрекеттері біздің қазақстандық қоғамда да жүргізілуде. Еліміздің аумағында түрлі ұлт өкілдері, түрлі дән өкілдері мен салт-дәстүрлердің иелері тату-тәтті, бейбіт өмір сүруде, бұл біздің қазақстандық қоғамға тән мақтанатын сипаттық белгі болып табылады. Енді, көпұлттық Қазақстан жағдайында ұлтаралық қақтығыстарды шешудегі Қазақстан халқы Ассамблеясының атқаратын қызметіне тоқтала кетсек.

Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғалы ұлттар арасындағы келісімге келу мен бейбітшіл қарым-қатынасымен ерекшеленіп келе жатқан көп ұлтты мемлекеттердің бірі болып табылады десек қателеспейміз. Бұл тәжірибе біздің бірлігіміздің түп-тамырын айқындайды және болашағымызды айқынырақ көруімізге жәрдемдеседі.

Қазірде еліміздің ішкі саяси ахуалы өзінің тұрақтылығымен көзге түсуде. Мемлекеттің территориясындағы әртүрлі этнос өкілдері өздері өмір сүретін мемлекетіндегі этносаралық қарым-қатынастарды және мемлекеттің ұлттық саясатын жоғары дәрежеде деп бағалайды.

Қазақстан үшін ұлтаралық қарым-қатынастар мен мемлекеттің ұлттық саясаты әрқашанда көкейтесті мәселелердің бірі болып қала береді. Неліктен? Өйткені еліміздің аумағында жүзден астам ұлттар мен конфессия өкілдері өмір сүреді және сол ұлттардың арасындағы татулықты қамтамасыз ету үшін, ұлттар арасындағы кикілжіңді мәселелерді оңтайлы шешу үшін мемлекетте ұлттық саясатқа назар аударып, ұлатарылық қатынастарды реттейтін мемлекеттік саяси орган ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының ролі мен қызметін бағалаудың маңыздылығы арта түседі [1, 71 б].

Дүние жүзілік қауымдастықтар еліміздің этностық саясатындағы жетістіктерін мойындап, өз тәжірибелерінде қолдануға үлгі ретінде пайдалануға ұмтылуда десек қателеспейміз. Қазақстанның этностық немесе ұлтаралық саясатындағы жетістіктері негізінен мемлекет басшыларының көреген саясатының нәтижесінде жүргізіліп келеді. Мәселен, еліміздің тұңғыш Президенті өзінің Қазақстанның қазіргі экономикалық, әлеуметтік және саяси ахуалын көрсетуге бағытталған еңбектерінде еліміздің ұлттық саясатының басты бағыттарын, бұл саясаттың жүргізілу барысын, сондай-ақ ұлтаралық татулықтың ел болашағын қалыптастырудағы роліне қатысты өз ойларымен бөлісе білген. Мәселен, «Біз еліміздің болашағы үшін әр қайсымызға жүктелген жауапкершілікті түсіне отырып, өткенді еске сақтап, болашаққа ұмтылуымыз керек. Басқа халықтармен достықта өмір сүре отырып, олардың мәдениеті, дәстүрлерін құрметтеуіміз керек. Қазақ халқының береке басы бірлікте деген сөз әрдайым есте сақтауымыз керек»- дейді Тұңғыш Президентіміз [2].

Қазақстан Республикасының Конституциясының 39 бабының 2-тармағында еліміздің аумағында ұлттардың бірлігіне, татулығы мен бейбітшілігіне қарсы жасалған кез-келген әрекет корнституциялық емес әрекет болып табылады делінген.

Қазақстан халқы Ассамблеясының еліміздің саяси және қоғамдық жүйесіндегі рөлінің маңыздылығын бұл құрылымның басында мемлекет басшысының өзінің тұруы

дәлел бола алады. Құрылуының алғашқы күндерінен бастап Қазақстан халқы Ассамблеясы мынадай бірқатар міндеттерді шешу үшін кең өкілеттіктерге ие болды:

-мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу;

-қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға жәрдемдесу;

-мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту;

-этносаралық саладағы өңірлік саясатты жетілдіру;

-демография және көші-қон саласындағы жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

-елімізде және шет елдерде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау;

-этносаралық келісімге қол жеткізуге бағытталған ағартушылық және баспа қызметін жүзеге асыру;

-этносаралық қатынастардың, оның ішінде мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін қолдану саласындағы жай-күйіне мониторингті жүзеге асыру;

-этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік ұлттық саясат мәселелері жөніндегі заң жобаларының қоғамдық-саяси сараптамасына қатысу;

-шет елдердегі қазақ диаспорасына ана тілін, мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, оның тарихи Отанымен байланысын нығайту мәселелерінде қолдау көрсету. Аталған міндеттер Қазақстан халқы Ассамблеясының еліміздегі "этносаралық келісім" моделін құруға, оның ішінде елдегі мәдениетаралық өзара іс-қимылды реттейтін тиімді нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру арқылы қатысуының негізгі факторына айналды.

2000-шы жылдардың ортасынан бастап Қазақстан халқы Ассамблеясының Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші органнан ҚР Конституциясында бекітілген өкілеттіктері мен міндеттері кең ауқымды органға біртіндеп көшу процесі басталды.

2007 жылдан бастап этностық топтардың мүдделері Ассамблеяның Қазақстан Республикасының Парламентіндегі парламенттік кепілді өкілдігі арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл шара Қазақстанға 1990 жылғы маусымда қол қойылған СБСЕ адами өлшемі жөніндегі конференцияның Копенгаген кеңесі құжатының 31-тармағының басты қағидатын, сондай-ақ билік органдарындағы этникалық өкілдікті қамтамасыз етудің арнайы шараларына қатысты 1999 жылғы қыркүйектегі Лунд ұсынымдарды іске асыруға мүмкіндік берді.

1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы іс-жүзінде мемлекеттің ең жоғары өкілді органының функцияларын орындауға мәжбүр болды. Алғашқы екі сессияның қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаевтың президенттік өкілеттігін 2000 жылға дейін ұзарту және Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдау бойынша жалпы республикалық референдумдар өткізуге бастамашылық жасалды. Осылайша, ҚХА-ның 108 елдің саяси өміріндегі шоғырландырушы және тұрақтандырушы функциясы мәлімделді[3, 34 б].

Қазақстан халқы Ассамблеясы жанжалды жағдайларды еңсеру бойынша өз мүмкіндіктерін көрсете алғанын атап өткен жөн. 2006 жылғы тамызда Каспий маңы Ақтау қаласында қазақ халқының Кавказға қарсы қарсылықтары болды. Содан кейін қалалық алаңға 400-ден 1000-ға дейін адам жиналды. 2006 ж. қазанда "Теңіз"мұнай кен орнында түрік және қазақ жұмысшыларының жаппай төбелесі өтті. 2006 ж. қарашада Алматы облысының Шелек ауылында қазақтар мен ұйғырлар қақтығысып қалды. 2007 жылғы қазан-қарашада қазақтардың Оңтүстік Қазақстан облысында күрдтерге қарсы шығуы

орын алды. Оңтүстік Қазақстандағы тәжіктер мен қазақтар қақтығысы, кейінгі жылдардағы қазақтар мен ұйғырлар қақтыстарын да осы жерде атап өткеніміз жөн. Бұл қақтығыстардың барлығы әлеуметтік-тұрмыстық сипатта болғандығы маңызды. Аталған этникалық топтар мен қазақтар арасында туындаған қайшылықтарды күрд, ұйғыр және шешен, тәжік этникалық диаспоралары көшбасшыларының белсенді қатысуымен шешуге мүмкіндік туды. Осылайша, этномәдени орталықтарда ұлттық элиталарды шоғырландыру, элиталар мен этникалық топ өкілдері арасында тиімді ынтымақтастық орнату толығымен ақталды. Этносаралық негіздегі аздаған қақтығыстарды шешудегі этномәдени бірлестіктер көшбасшыларының рөлі Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің нәтижелілігін растады. Ассамблеяның әлеуетін нығайтуға және оның қызметінің табыстылығына Қазақстан Президенті Қазақстан халқы Ассамблеясының басшылығында болу фактісі айтарлықтай ықпал етті. Ассамблея сессияларының шешімдері барлық мемлекеттік органдар үшін міндетті. Алайда, тұтас алғанда Қазақстанның саяси жүйесіне және атап айтқанда ұлттық саясатқа тән "қолмен басқару" тетігі бір жағынан этносаралық қайшылықтар көріністеріне жедел әрі икемді ден қоюға мүмкіндік берді, екінші жағынан, ұлттық саясаттың жүйелі негізге көшуін шектеді. 90- жж. 2000-шы жылдары Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірін реттеу тәсілдері дәйекті трансформацияны талап етті. Өзгерістермен бірге ішкісаяси жағдайды сонымен бірге Қазақстан халқы Ассамблеясын қалыптасу міндеттерді алдында тұрды[4, 71 б].

Сонымен, қорыта келе Ассамблея дамуының қисынды бағыты түрлі этностық топтардың біртіндеп біртұтас азаматтық қауымдастық-Қазақстан халқына топтасуы болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абдыгалиев Б. Казахская миссия: сборник статей. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 313 с.

2. Назарбаев Н.: Тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз – татулық. «Қазақстандық жол: тұрақтылық, бірлік, жаңғырту» Қазақстан халқы Ассамблеясының XIX сессиясы. Сенбі, 28 сәуір 2012

3. Ұлттық идея – ол қандай болу керек? // Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі «Тіл және қоғам» журналы. - № 3 (8). – 2006. – Б.27-34.

4. Ассамблея народа Казахстана: исторический очерк / Тугжанов Е.Л., Кан Г.В., Коробков В.С., Шаяхметов Н.У. – Алматы: Раритет, 2010. – 304 б.

XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ҚОҒАМДАҒЫ ТАРИХИ ОҚИҒАЛАРДЫҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Зоржанова Айсулу Асиловна
Ж. Тәшенев атындағы университетінің «Тарих және география» кафедрасының аға оқытушысы, ғылым магистрі. Шымкент қ.

Аңдатпа. Қазақтың басындағы басты мәселе-жер мәселесі. Өз шығармаларында XX ғасырдың басындағы жер мәселелері және бұл мәселелерді шешудің жолдарын іздестіруге тырысқан зиялалар қауымының ең бастысы Әлихан Бөкейханов болды. Бұл өткір мәселені Алаш қайраткері түрлі баспасөз құралдары арқылы қарапайым қазаққа танытқан, пікір

алмасуға шақырған, жерге байланысты отаршылдық саясаттың тетіктерін айқын ашық айта білген. Тек Әлихан Бөкейханов емес, сонымен бірге Ахмет Байтұрсынұлы да өз еңбектерінде (мақалаларында) жер мәселесін сөзге тиек еткен.

Мақалада қазақтың алғашқы зиялылар қауымының еңбектерінде тарихи фактілердің көрініс табуын деректанулық негізде талдау жасау.

Кілт сөздер: деректану, ұлт, зиялы қауым, отарлық жүйе, сауаттылық, зиялы қауым.

Аннотация. Главная проблема казахов-это земля. В своих произведениях Алихан Букейханов был главным среди интеллигенции начала XX века, пытавшейся найти пути решения этих проблем. Этот острый вопрос Алашский деятель проявил через различные средства прессы к простому казаху, призвал к обмену мнениями, четко изложил механизмы колониальной политики, связанной с землей. Не только Алихан Бокейханов, но и Ахмет Байтурсынович в своих трудах (статьях) затронул земельный вопрос. В статье анализ на источниковедческой основе отражения исторических фактов в трудах первой казахской интеллигенции.

Ключевые слова: источниковедение, нация, интеллигенция, колониальная система, грамотность, интеллигенция.

Abstract. The main problem of the Kazakhs is the land. In his works, Alikhan Bukeikhanov was the main one among the intelligentsia of the early twentieth century, who tried to find ways to solve these problems. The Wallachian activist expressed this acute issue through various media outlets to ordinary Kazakhs, called for an exchange of views, and clearly outlined the mechanisms of colonial policy related to land. Not only Alikhan Bokeikhanov, but also Akhmet Baitursynov touched upon the land issue in his writings (articles). The article analyzes the reflection of historical facts in the works of the first Kazakh intelligentsia on a source-based basis.

Key words: source studies, nation, intelligentsia, colonial system, literacy, intelligentsia.

Қазіргі қоғамымызда біздің басты міндетіміз-Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін сақтап қалу болса, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының басты діттеген мақсаты-қазақ халқын отаршыл жүйеден құтқару, қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуі, қараңғылыққа батқан қазақ қауымына ағартушылықпен шамшырақ болу мәселелерді болды. Сол мәселелердің бірі қазақ халқының саяси сауаттылығын арттыру мәселесі. Патшалық Ресей қазақ жерінде саяси ойлауды, халықтың өзіндік бір санасының пайда болуына үнемі тосқауыл қоюмен болды. Оған қазақ тіліндегі ұлттық баспасөз құралдарын шығаруға жасалған тыйымдарды айта кетсек болады. Орыс өлкетанушысы А. Костров Жетісу өлкесіндегі жағдайды былай сипаттайды: «Қазақ тіліндегі газеттер немесе басқа да баспасөз құралдарын шығару ұмтылған талпыныстар бірден жойылып отырды. Жаркент, Қапал және Лепсі уезд басшыларына аймақтағы сауатты адамдардың іс-әрекеттеріне қадағалау жасау және үкіметке қарсы шаралар болған жағдайда тез жеткізу тапсырмасы берілген болатын»-деген естеліктері Ресей үкіметінің қазақтардың саяси және құқықтық ағартушылық шараларының жүргізілуіне қарсы отаршылық саясатының дәлелі болары анық. Бұл туралы Әлихан Бөкейхановтың 1910 жылы Санкт-Петербургте басылған «Киргизы» деген (Қазақтар) еңбегінде мына бір дәлелдерін алға тарта аламыз: «Қырғыз тілінде қазірше бірде бір газет жоқ, осы сияқты қырғыздарда әлі де өзінің типографиясы жоқ. Қырғыз даласы қазірге дейін заңсыздықты үнсіз көтерді». Бұл туралы тарихшы Қойгелдиев те былай дейді: «XX ғасырдың басындағы қазақ зиялалары қоғамдық ойды айқын жеткізе алатын газет-журналдар шығару үлкен қоғамдық деңгейдегі мәселеге айналды. Қарқаралы петициясында да үкімет

алдында осы мәндет қойылған болатын. ол міндет: қазақтардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, қазақтардың мұң мұқтаждықтарын білдіре алатын газет-журналдарды шығару міндеті болды»,- деді [1, 180 б].

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ішіндегі ең белсенділері-Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейхановтар болды. Бұл зиялылар қауымы қазақ халасында жүргізіліп жатқан түрлі экономикалық, әлеуметтік, оқу-ағарту, мәдени салаларда мақалалар шығарып, еңбектер жазды. Мәселен, Әлихан Бөкейханов-экономикалық және саяси тақырыптарда, Ахмет Байтұрсынұлы-оқу-ағарту, мәдениет салаларында, Міржақып Дулатов-өнер және әдебиет салаларында болып жатқан өзгерістерді өз еңбектеріне (мақалаларына) қосып отырды. Үш арыстың еңбектерінде қазақ қоғамындағы жаңашылдықтар мен қиындық туындататын мәселелер, ол мәселелерді шешудің жолдары мен тәсілдері айқындалған. Мәселен, Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақша оқу жайынан», «Оқу жайы», «Оқыту жайынан», «Жазу мәселесі», «Білім жарысы», «Орысша оқушылар» деген тақырыптарда 1910-1913 жылдар аралығында мақалалар жариялап, ағарту, мектептегі білім беру мәселелері бойынша қазақ жерінде болып жатқан шараларды ашып қарастырған. Ал, Әлихан Бөкейхановтың «Дума һәм қазақ», «Сайлау», «Төртінші Дума һәм қазақ», жер нормасына арналған «Ашық хат», «Жауап хат» атты мақалалары қазақ қоғамындағы сол кезеңдегі саяси құбылыстарды талдауға бағытталған. Міржақып Дулатовтың «Жер аудару», «Сот ісі», «Аурудың аз болуына не керек», «Қазақтың тарихы», «Земство не нәрсе» атты мақалалары арқылы қазақ қоғамындағы өзекті мәселелер 1860-1870 жылдардағы Патшалық Ресейде болған реформалар және осы реформалардың қазақ қоғамына әсері тарихи тұрғыдан зерттеліп, мақала түрінде жряиланған және Бөкейхановтың өзіндік көзқарастары мен тұжырымдары негізінде жазылған тарихи құнды еңбектер мен шығармалар болып табылады [2, 75 б].

Ключевые слова: Новый Казахстан, Казахское ханство, Орбулакское сражение, архивные документы, материалы периодических изданий и генеологические данные.

Abstract. In this article, the author attempted to scientifically illuminate the history of the relationship between the Kazakh s and Dzungars, archival documents ,periodicals, genealogical data, and published works of researchers of the 17th century serving as important primary sources. An important place in the work is given to the analysis of the Battle Of Orbulak.

The researcher, relying on the data of the famous chronicler Akpantai Aliaskarov, particularly highlights the heroism and courage of the Kazakh hero Alatau Besaidaruli in the fight against the Dzungar conquerors.

In addition, the author used the works of H.Tursyn, B.Nurzhekeuly, K.Salgarauly, I.Baizhanov, as well as the works of L.Gataulin, M.Golman, G.Slersarchuk ,and a collection of documents by V.Z.Galiev to fully disclose the research topic.

The work reflects the scientific and conceptual approaches of famous, seasoned researchers and journalists in covering those events of the past. The basis of this work is the poetic heritage of famous chroniclers who left valuable notes on the Orbulak battle.The author introduced the data of the chronicler Akpantai Aliaskarov into scientific circulation for the first time.

Key words: New Kazakhstan, Kazakh Khanate, Dzungarian invasion, Alatau hero, archival documents,materials of periodicals, geneological sources.

Кіріспе

«Көрінген таудың алыстығы жоқ» дегендей, мұндай да күрделі, тылсым жұмыстың жұрт жадындағы мәліметтерді тірнектеп жинай беруден, сол бағадүрлеріміз өмір сүрген кезеңнің шерлі шежіресін хал-қадерімізше елеп-екшеп, саралап-сараптауға барынша тырысып бағудан туатыны да айдан анық. Анығында Алаштың Алатау батырының ерлікке толы ғұмырын ғылыми айналымға түсіруде ізденістер де, іркілістер де көп болды. Себебі, тың дүниені індете зерттеу, талай заманғы шежірені шым-шымдап тауып, ғылыми тұрғыда батыл байламға келу қашанда оңайға соқпаған.

Жоңғар шапқыншылығы тұсында бүкіл ғұмыры азаттық үшін күреспен өткен Алатау батырдың есімі де халық жадында мәңгі сақталып отыр. Осындай ел сүйіспеншілігіне бөленген арыстардың Оңтүстік өңірінде де аз болмағаны, сөз жоқ, кеудемізге мақтаныш сезімін ұялатады. Бұл орайда, ең алдымен ойымызға Алатау батыр есімі оралады.

Тәуекел хан тұсында, шамамен 1566-1646 жылдары Оңтүстік өңірінде кіндік кескен, қайсарлығы мен батырлығының, ақылдылығы мен алыптылығының арқасында дараланып, өз халқының мұң-аұқтажын, жоғын жоқтаған, ел мәртебесін асқақтатқан Әз-Ғараб Алатау батыр көзі тірісінде-ақ тоқсан баулы Қоңыраттың ұранына айналған бағадүр. Ол қоңырат тайпасының Құлшығаш руының ішінде Жортпас Бесайдар батырдан

тарайды. Халық оны Алатау Бесайдарұлы деп атап кеткен. Ал біз зерттеу нысаны ретінде қарастырып отырған Алаштың Алатау батырының ерлікке толы ғұмырының әлі де болса індете зерттелмегені көпке аян. Демек, бұл тың тақырыпты ғылыми тұрғыда саралау да бүгінгі таңда өте өзекті болып отыр. Яғни, осынау зерттеу жұмысының да басты мақсаты негізінен фольклорлық мұраларымыз бен жыраулар поэзиясынан бөлек Ақпантай Байғұтов сынды сыпыра шежірешілердің ғылыми ортаға беймәлім де құнды жазбаларын сенімді дерек көзі ретінде кәдеге жарата отырып, оның маңыздылығын айқындап көрсету, дереккөздерді кейінгі тарихи зерттеулерде қолдану мүмкіндігін анықтау болып отыр.

Көне жазбаларда Алатау батырдың өмірі туралы деректер жоқтың қасы. Қазақтың ұлттық энциклопедиясында қысқа ғана мәлімет бар. Яғни, Алатау батыр турасындағы Қазақстан ұлттық энциклопедиясындағы мәліметке сүйенсек, ол шамамен 1560-1640 жылдары ғұмыр кешкен қолбасшы, саяси қайраткер һәм батыр, қоңырат руынан шыққан Алатау батыр Тәуекел ханның Самарқан, Бұқараға жасаған жорығында бас қолбасшылық етіп, бертінде Есім ханның құба қалмаққа қарсы шайқастарында қазақтың қалың қолдарының құрметті қарт ағасы болған[1]. Қырғыз, өзбек, түркімен жасақтары арасында да атақ-даңқы кең тараған батыр жайлы фольклорлық мұралар, шежірелік деректер де жетіп артылады. Тіпті, Самарқан шаһарына «қала-мемлекет» мәртебесін беріп, оған Жалаңтөс баһадүрді әмір етіп бекіткен батырдың Бұхара, Хиуа хандары алдындағы беделінің жоғары болғанын айта кетуіміз керек.

Біздіңше, қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінде Алатау батыр да қатысқан Орбұлақ шайқасының алар орны бөлек. Кезінде Ор шайқасының 350 жылдығы да ел көлемінде аталып өтіп, аталған шайқастың бірер ғылыми конференцияларда басты тақырыпқа айналғанын да білеміз. Алаштың Алатау батыры қасиетті Орбұлақта атой салып, Салқам Жәңгір соғысқан жерде Орбұлақ батырлары атанған қазақтың Қарасайы, Жиенбет Бортоғашұлы, елін сүйген Елтінді батыр, Ағынтай мен Бөдес баһадүрлер, ерлігі ұрпаққа ұран болған ұзынмұрт Ұзақ батыр, т.б. ұмытылмайтын ұлт қаһармандары ұлы жеңіске қол жеткізіп, өшпес ерлікпен отанға риясыз қызметтің үлгісін көрсеткені күмәнсіз. Ендеше, ерлікке тағзым етіп, елжандылықтан тағылым алып, елдіктің ұраны болған Орбұлақты тағы бір мәрте тарих таразысына салып көрсек, аңызы мен ақиқаты аралас бұл кескілескен айқастың соғыс тарихындағы соны тәсілімен ұрпақ жадында қалғаны рас.

Орбұлақ «Мыңға жалғыз бозайғыр шапқан» заман. Сол кезеңдегі Қазақ хандығының астанасы болған Самарқанда Берке Науан Хан Тәуекел дүниеден өтіп, негізгі әскерлер Астарахань жерінде «шоқындылармен» соғысып жатқанда, ханның жаназасында шығыстағы шекара мен түстіктегі парсы қызылбастардан шекараны қорғап тұрған әскерлерден 600 қолбасы, олардың іштерінде мыңбасылар мен түменбасылары бар және 100 мыңдық армияны басқаратын «Айдарақ» шенді бірнеше қолбасылар болған. Орбұлақ шайқасында 55 мың дүрбіт, торғауыт, қытай, жоңғардан тұратын жау әскерлеріне қарсы арпалыста теңдессіз әскери тактикалық соғыс шеберлігінің асқан биік үлгілерін көрсетіп, адамзат тарихындағы соғыстармен салыстыра, салғастыра қарағанда Мұхаммед (с.а.у) пайғамбардан кейін екінші рет біздің бабаларымыз күші басым жаудан жерді қазып қорғанады. Және де жаудың озбырлығы тым асқан жағдайда ғана бабаларымыз қолдануға рұқсат берген, улы өсімдіктерден жасалған түтінді улы заттармен қорғанысты ұйымдастыра білген Салқам Жәңгір хан бастаған қазақ қолбасшыларының атағы аспандай түседі. Алғашқы күндері-ақ жаудың 10 мың әскері майдан даласында улы түтінмен, жебелер мен мылтықтардан атылған оқтардан қырғын табады. Аптаға созылған қанды

қырғын шешуші кезеңге аяқ басқанда, Самарқанның шаһабаты – хакімі Алшын Жалаңтөс Баһадүр 20 мың әскерімен шайқастан титықтаған қолбасыларға дер кезінде көмекке келіп үлгереді[2].

Десе де, осы тұста біз келіспейтін Орбұлаққа қатысты бір байлам бар. Белгілі ғалым, тарих ғылымдарының докторы Хазіретәлі Тұрсын «Алатау батыр Бесайдаруұлы» атты тың зерттеуінде Алатау батырдың есімі әйгілі Орбұлақ шайқасына қатысқан батырлардың қатарында кездеспейтіндігін алға тартып, біршама уақыт қазақ қолына қолбасшы болып, хандардың да сенімді сардарларының санатына кірген тарихи тұлғаның көзі тірі болса бүтін жұрттың тағдыршешті тарихи шайқасының бел ортасында жүрмеуі мүмкін еместігін де емеурінмен ұқтырып, айтулы айбоздың Орбұлаққа дейінгі бір жорықта жантәсілім еткен болуы керек деген тосын тұжырымға тоқтап, оның жерленген жерін нақтылауды да уақыттың еншісіне қалдырады[3]. Бірақ, бұл байламға қарсы уәж айтушылар да жоқ емес. Айталық, журналист Төреғали Тәшенов сол басылымдағы мақаласында:

«Алатау батырдың ұсынысымен Жалаңтөс 1612 жылы Самарқан қаласы мен уәлаятының әмірі атанып, осы билікті өмірінің соңына дейін, яғни, 1656 жылы бақилыққа аттанғанша уысында ұстайды. Жалаңтөс баһадүрдің 1643 жылы Жетісу жеріндегі атақты Орбұлақ шайқасына қатысып, жоңғар қоңтайшысы Батурдың күші басым қолын жеңіп шығуға өлшеусіз үлес қосқаны белгілі. Сол кезде жасы 68-ге келген қолбасшы Жәңгір ханның 600 сарбазына өзінің 20 мың шерігін қосып, дүрбін-ойраттың 50 мың жауынгерлік әскерін тас-талқан еткен»[4],- деп Алатау батыр туралы ақиқи шежіре, ғылыми қағида, даусыз дерекке құрылған шындық болашақта жазыла түсетініне сенім артады.

Жалпы, «Орбұлақ шайқасына Алатау батыр қатысқан жоқ» деген байламды белгілі жазушы Б. Нұржекеұлы да құптайды. «Есім ханның хас батырларының бірі. Сардар болған адам. Ол Орбұлақ шайқасына қатыспаған, себебі, ол кезде өмірде жоқ» дей келе, Қазыбек бектің: «1005-қоян жылы Еділ мен Жайыққа Тобылдан шыққан қалмақтар шабуыл жасап, Алшындарға күн көрсетпей жатыр деген хабар жетті». «Хазар теңізінің батыс жағалауында елсіз, масалы, қамысты өлкеде, 83 күн соғыс болды. Осы соғыста жекпе-жекте сегіз адамды өлтірген соң, тоғызыншы адаммен түскенде, аты жығылып, Алатау батыр дүние салады»[5] деген жазбасына ден қойып, Алатау батырдың 1627 жылы Құрманғазы бабамыздың ауылына жақын маңайда қайтыс болғанын айтады. Осылайша өз ойын тарқата таразылай отырып, аталған аңызды ақиқатқа балаған, бала кезінен осы «псананы сана түкпірінде сақтап, дәулескер күйшіге айналған тұста Құрманғазы «Алатау» атты ғажап күйді дүниеге келтіріп, даңқты бабасының алдында перзенттік парызын толығымен өтеп, өлмес мұра қалдырған дейді. Бұл батыл байламмен де келісуге болар, бірақ біржақты кесіп айтуға да болмайды. Бәлкім, аталмыш соғыста қазақтың Алатау атты асқан батыры қаза болғанын қаршадайынан естіп, ел білгенді Құрманғазы да білген болар. Алайда мұның бәрі «Алатау» күйін Құрманғазы Алатау батырға арнаған екен дегенге ғылыми дәлел бола алмайды. Себебі, «Алатау» күйінің шығу тарихын Құрманғазы жайында арнайы зерттеу кітап жазған академик Ахмет Жұбанов 1942 жылы жарық көрген «Қазақ композиторларының өмірі мен творчествосы» атты кітабында да ол күй жайында ештеңе жазбағандығын алға тартқан жазушы «Алатау» күйі Алатау батырға арналыпты дегенге кесіп-пішіп қарсы шығудың қиындығын, бұған дейін «Алатау» күйінің шығу тарихын зерттеп, ешкім оған арнайы тоқталмағандығымен түсіндіріп, бұл деректі әлі де зерделей түсу керектігін жазады. Яғни, Әз Ғараб Алатаудың Орбұлақ ойранына қатысы бар-жоғын анықтау – Алаш тарихын тереңдете зерттеп, індете ізденіп жүрген ғалымдарымызға артылар міндет болып қала бермек.

Жалпы, Салқам Жәңгір ханның бұл шайқасы сол кер заманның өзінде қазақ соғыс өнерінің өз биігінде болғандығын паш етеді. Орбұлақтан оқпана қаздырған Жәңгір жан жерленген жер Үйгентас деп аталса, Орбұлақпен шектеліп жатқан кең алап Белжпайлау делінеді. Шындығында жүректі һәм жігерлі, бір жылдай қалмақ арасында тұтқында отырып, бұл көшпелі жұрттың салт-санасы мен тұрмыс-тірішлігін, әскери әлеуетін бес саусағындай білетін Жәңгірден Батыр қоңтайшының өзі қатты сескенетін.

Салқам Жәңгір бойы бәкенелеу келгенмен, тығыршықтай, толық денелі кісі болатын. Есім ханның ел ұстаған баласының ордасы Түркістанға таяу маңда болған. Ал, Орбұлақ шайқасы тұсында Жәңгір мен Жалаңтөс мергендігінен мін таппаған жасындай жарқылдаған жігіттерді іріктеп, Орбұлақ шайқасы қарсаңында мергендер тобын құруды тапсырған. Салған жерден сол іске кіріскен сексен жігіт бас қосып, қайың мен қарағай садақты, үйеңкі мен бұлғары садақты, екінің бірі біле бермейтін көн садақты сайлап, сұр жебе, тобылғы жебе, көбебұзар жебелерді нысанаға дөп тигізудің айла-амалын қайта пысықтап, аз уақыттың ішінде сынға салса сынбайтын сарбаздарын сақадай сай етіпті.

Ол тұста Жәңгір билеген Алаш жұрты алмағайып заманда ғұмыр кешіп жатқан еді. Шығысында қулығына құрық бойламайтын қытайлар алдағы күннің аңысын аңдып жатса, батысында орыс жұрты да орайы келсе байтақ даланың бір пұшпағын тақымына басып қалуды қолай көретін. Еділ бойындағы қалмақтың да қыр көрсетіп тұрған шағы. Кішкене қуат бітсе, жөңкіле аттанып, жұртын шауып, бұқарасын зар илеткен жоңғардың да ымыраға келе қоймаған кезі.

Ал, бұл тұста «Орбұлақ төріміз болады» деп шартарапқа хабар таратқан қамақтың нөпір нояны бұл тұста даланы дүбірге бөлеп, Жәңгір жасағына да таяп қалған болатын. Анталаған жаудың саны қисапсыз екенін қаперге салған Малдас би, Салқам Жәңгір бас болып Орбұлақтың қия беткейін қуалай ор қаздырады. Оған қоса Сүлеймен мерген бастаған сексен мерген Жәңгірдің сайдың тасындай сайыпқырандарын улы жебемен қаруландыруға қызу кіріседі. Улы жебені тауда дайындауға да сандаған сарбаз жұмылдырылған. Бұл тарихи оқиғаны өніріміздің өз перзенті М. Төлентаев «Еліне қорған болған ер Тоқмерген» атты хикаятында былайша суреттейді:

«...Тау арасындағы тартыста тек тапқырлық қана жеңетінін, айлалы дұшпанның оңай алдырмайтынын алдын ала топшылаған Салқам Жәңгір үш жүзге мергенді орға орналастырып, үш жүз сарбазды жалаңаш жартастың қалқасына жасырды. Қанша жерден жүрегі түкті болса да, жаумен ашық, бетпе-бет айқасудың өзін өлімге айдаумен бірдей екенін ұққан Жәңгір Жалаңтөс баһадүрден келетін қалың қолдың да Орбұлаққа жетер кезін ойша шамалап, долбарламай дәл есептеп, сар даламен сынаптай сусыған аттылы жаудың алдынан тосып, алға шығуына бөгет бола берді. Жер жағдайын жақсы білетін жергілікті батырлар да түн қатып қалмақ қосынының бірер үйір жылқысын барымталап кетіп те бірбеткей Батыр қоңтайшының зығырданын қайнатты. Сөйтіп Іленің өткелін үнемі кесіп, соңынан кектене қуған жауды Орбұлақ бетіне қарай ойыстыра алдарқата берді.

Бірақ, қалай дегенде де Орбұлақ оқпанасындағы көзсіз ерлік, 50 мыңға жетекабыл, «көп қорқытады, терең батырады» деп жолындағы елді қоғадай жапырып келе жатқан қалың түменді 600-700 сарбаздың маңдайын тасқа соққандай қылып, тас-талқан етіп жеңуінің өзі тарихта аз кездесетін жеңіс екені анық. Бұл масқара жеңілістен соң жүні жығылған Қонтайшының қалай шегінгені, қай жолмен шегінгені беймәлім. Куракиннің жазбасында да айтылмайды, себебі оны оған мәлімет беруші Ильиннің өзі де білмейтін болса керек. Сондықтан, орыс дереккөздерін де тың, құнды санау қисынсыз. Оны білетіндер тек қана сол араның жергілікті тұрғындары болуы керек.

Сондай-ақ, Жоңғар мемлекетін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Батыр қоңтайшының кең байтақ даламызға жер қайысқан 50 мың қолмен, мұздай қаруланған қисапсыз әскермен жолындағысының бәрін тоз-тоз етіп күйрете алға ұмтылуының біздіңше тағы бір себебі бар. Тарихи деректерді алға тарта отырып, кішкене шегініс жасай отырып ойымызды сабақтайық. 1635 жылы Жәңгір сұлтан соғыста қалмақ қолына тұтқынға түсіп қалады. Қазыбек бектің айтуына қарағанда, Жәңгірді ол тұтқыннан 1636 жылы әйгілі Қарасай батыр мен Арғын Ағынтай батыр бір түнде ұрлап әкетіп, құтқарады. Сол барыста түн ішінде хан екенін байқамай, Қарасай батыр Батур қонтайшыны талдырып кетеді, ал Ағынтай батыр қызы екен деп, Батурдың қатынын көтеріп әкетеді. Мұның бәрі ел билеген қонтайшыға аз намыс емес. Осындай ыза-ашуы көкірегін кекке толтырған Батыр қоңтайшы 1643 жылы 50 мың әскер жинап, алдымен бейқам жатқан қазақ, қырғыз жерін шауып алып, 10 мың адамды, мал-жанды тұтқындап әкетіп, әйелін сол тұста құтқарып алған секілді. Осындай ойға тоқтаған жазушы Б. Нұржекеұлы да бұл себептердің 1643 жылы қазақ-қалмақ қақтығысының туындауына сеп болды деп деп түйеді.

Қазақ хандары мен билері осындай киелі, адам жанына араша түсетін Етборсық емшілерді, Сүлік ұсталарды, Жер-көсе билерді, ауа райын болжайтын жұлдызгер алымдарды, есепші кісілерді қадірлеп және жұрттан құпиялап ұстаған. Қазақ даласындағы соғыс жағдайында, ел басына күн туғанда осындай шөппен улау және ұйықтатып бас айналдыру, «ұйқымалым сірне» әдісімен түтіндету амалдары тектілер пәрменімен, билер шешімімен қатаң бақылауда болып, хан жарлығымен істелінген. Қазақ жасақтары Жоңғар шапқыншылығында азғана қолмен бірнеше рет осындай әдістермен жауын күйрете жеңіп отырған[6].

Демек, осы «Орбұлақ шайқасын» Әлиасқар Байғұтұлының баласы Ақпантайға айтып, баяндап, қағазға түсіртуі, қазақ халқы үшін де, тарих үшін де өте үлкен маңызды. Әйтсе де, «Орбұлақ шайқасында» сегіз жүз қазақ сарбазынан Хото Батор Хонтажының елу мың қолының он мыңының қырылуы Батыс және орыс тарихшылары арасында таңғаларлық оқиға болып, олар үшін де, басқалар үшін де жұмбақ күйінде қалуда.

Түйіндей айтқанда, Қазақ елінің ең бетке ұстар батырларымен бірге, қырғыз бен өзбек батырлары да қатысқан бұл шайқастың баса атап көрсетер тағы бір басты ерекшелігі – әскери әдіс қолдану жағынан, оқпана қазу жағынан, қазақ жауынгерлерінің тактикалық ұрыс шеберлігін паш етіп, атты жауға қарсы жаяу бекініп те жеңіске жетуге болатынын сөз емес, іс жүзінде дәлелдеген. Яғни, аз қолмен өзінен сексен есеге жуық көп жауға қарсы шығу отаншылдықтың теңдесі жоқ көрінісі десек те асыра мақтанғандық емес. Өйткені, Орбұлақ – ұлы жеңістің мекені.

Жалпы, Орбұлақтағы ұлт рухының жаршысындай болған Жалаңтөстің жиырма мыңдық сарбаздарының ішінде көптеген ұлт өкілі болғандығының өзі бүгінгі Қазақстан халықтарының досты мен бірлігінің, көрші мемлекеттер халықтарымен рухани татулығының нығаюына ықпал ететіндігі айқын. Осыны пайдаланып, біз де азат елдің намысты ұрпағын өзіміздің көпұлтты республикамызға адал, жоңғар басөқыншыларын жеңіп шыққан батырлардай ержүрек те батыл азаматтар етіп тәрбиелеуге тиіспіз.

Енді тәуелсіз мемлекетіміздің әскери ғылымы да жасалу керек десек, сол алдымен «Ор соғысының» барысын, жер жағдайын пайдалану тәсілін мұқият зерттеп, оны соғыс тәсілінің аса ұтымды бір сәті ретінде осы бағыттағы дүниежүзілік тарихқа енгізуге әрекет жасау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. А. – 1998, 1-том, 245-б.
2. Байжанов І. Ұлы дала тарихы. Тектілер ізімен. Ш. – 2016. 17-18 бб.
3. Тұрсын Х. Алатау батыр Бесайдаруұлы // Көкпар, №7. Шілде, 2015 жыл, 21 б.
4. Тәшенов Т. Биыл Баһадүрдің туылғанына 455 жыл // Көкпар, №7. Шілде, 2015 жыл, 10 б.
5. Нұржекеұлы Б. Алатау батыр – Есім ханның хас батыры, сардары // Жас қазақ үні, маусым, 2011 жыл.
6. Тұрабаев А. Орбұлақ шайқасы және улы түтінге ұрындыру // Көкпар, №7, 2015 жыл.

ТӘШЕНЕВ ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ

ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САНА МЕН ТІЛ ТҰТАСТЫҒЫ

Мамыт А.А.
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Саткулова Қ.М.
магистр-оқытушы
Tashenev University, Шымкент қ.
amangeldi_65@bk.ru

Аңдатпа. Мақалада фольклорлық сана мәселесі зерделенеді. Ежелден келе жатқан ұлттық таным тіл арқылы көрініс тауып, ұрпақтан ұрпаққа берілетіні ғылыми тұжырымдалады. Жеке сөздердің өзінде көне дәуірлермен байланыстыратын түсінік жататыны нақтылы мысалдармен дәлелденеді.

Кілт сөздер: фольклор, этнос, сана, таным, тілдік бейне

Аннотация. В статье рассматривается проблема фольклорного сознания. Научно доказано, что древние народные знания отражены в языке и передаются из поколения в поколение. Тот факт, что даже отдельные слова содержат значения, связывающие их с древностью, подтверждается конкретными примерами.

Ключевые слова: фольклор, этнос, сознание, познание, языковой образ

Abstract. The article examines the problem of folklore consciousness. It has been scientifically proven that ancient folk knowledge is reflected in language and is passed down from generation to generation. The fact that even individual words contain meanings that connect them with antiquity is confirmed by specific examples.

Key words: folklore, ethnicity, consciousness, cognition, linguistic image

Қазіргі қазақ тіл білімі ғылымының дамуы ғаламның тілдік бейнесін жан-жақты зерттеуімен еркешеленеді. Осы тұрғыда фольклорлық сана мен тілдің тұтастығын, әлемнің тілдік бейнесінің ұлттық сипатын халық ауыз әдебиеті материалдары негізінде арнайы зерделеу өзекті мәселелердің бірі екені анық.

Этностан белгілі бір этностың айырмасы дүниетанымнан туындайды. Ғасырлар бойы өмір сүру тәжірибесінде адамдар өзін қоршаған әлемдегі заттар мен табиғи, әлеуметтік құбылыстарды танып білді. Соның нәтижесінде халық санасында әлемнің бейнесі қалыптасады.

Танымға қатысты ғылыми пікірлер көне дәуірден бері бірде бір толастаған емес. Дүниежүзілік пәлсәпа тарихында өзіндік орны бар Аристотель, Платон, Әл-Фараби еңбектерінде тілдің танымдық қырлары жөнінде пікірлер мол.

Адамзаттың алғашқы танымдық әрекеттерінің сырына үңіле келіп, А.Байтұрсынов: «Халықтардың басынан өткізген анайлық шағы – біздің балалық шағымыз мысалда» [1, 228] - дейді. «Күннің тұтылғаны қазаққа қанша қорқыныш кіргізіп, тасаттық бергізіп, қанша қой сойғызып әурелеуші еді. Бұл шақта күн тұтылуы от басындағы құманның отты көлеңкелегені сияқты ғана нәрсе болып шықты. Дауыл соғып бұрқырап, бір нәрсеге ашуланған сияқты болып, дүрілдеп, күрілдеп, көкті күркіретіп, тасырлатып, бұлттарды дүркіретіп айдап, найзағайды жарқылдатып, әуені тітіретіп, дірілдетіп, жапырып жоқ

қылатындай дауылдар, жауындар болды... Күн күркіреуін періште даусына жору сияқты, найзағай ойнауын шайтанды атқанға ұйғару сияқты, табиғат ісін танымай басқаға ұйғару, басқаға таңу бұрын көп болған...» [1, 229], - деп ұлттық дүниетанымның талай сатылардан өткенін пайымдайды. Ғалым бір этностың когнитивтік әлемін барша елдердің тұрмыс-тіршілігіне байланыстыра келе, адам танымын тілдік мәселелерді шешуге арқау етті. «Сөйлеу жүйесінің мақсаты анайы тілдегі асыл сөздердің түрлерімен таныстырып, сөзден нендей нәрселер жасап шығаруға болатындығын көрсету» [1, 232] екенін ескерте келіп, көркем әдебиет туындыларын таным мен сөйлеу жүйелерін байланыстырушы деп көрсетті. Осы орайда ауыз әдебиеті үлгілерін этнотаным ретінде ұсынып, тілтанымның халықтық көздері екенін айқындап берді. Фольклорлық шығармаларды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты екіге бөлді: 1) сауықтама, 2) сарындама. Сарындама сөздерді іштей: 1)салт сөзі, 2) ғұрып сөзі, 3) қалып сөзі деп жіктейді [1, 232].

Халықтық танымның өзегі - фольклорлық мұралар. Бұл ретте Қ.Жұбанов: «Ежелгі дәуір адамдары әр заттың, нәрсенің не жақсы, не жаман иесі бар деп түсінген.Сондықтан жақсы жақтағаларды құдай, періште, пайғамбар, әулие деп атап, жаман жақтағыларды шайтан, албасты, пері деп сенген. Алғашқы қоғамдағы адам бұларды нақты өмір сүретін нәрселер деп білген... Төрт түліктің пірі, қолдаушысы ретінде сиыр атасын – Ойсылқара, түйе атасы – Зеңгі баба, жылқы иесі – Қамбар ата, қой малының иесі – Шопан ата, ешкінің пірі – Шек-шек ата деп атау сол кезден қалған» [2, 94], - деп халық санасында орныққан танымдық элементтерді сөз етіп, олардың тілдегі көрінісін этникалық қалыптасудың нақты белгісі екендігін атап өтті.

Халықтың дәстүрлі дүниетанымын фольклорлық мұраларды жан-жақты зерттеу арқылы ғана зерделеуге болатыны анық. Мұны орыстың танымал ғалымы Б.Н.Путилов өткен ғасырдың жетпісінші жылдары анықтап, оған «фольклорлық сана» («фольклорное сознание») деп айдар таққан. Бұл туралы ғалым: «Фольклорлық сана жоғары дәрежедегі көркемдік дәстүрге ие, ол шындықты танудың ежелгі формалары болып табылатын, тегі жағынан көне дәуірге тамыр тартатын көркемдік гносологиялық заңдылықтарға негізделген»,- деп ары қарай, - «әлемді көркемдік танудың дәстүрлілігі және онда стереотиптер жиынтығының мол болуы, қарым-қатынастарды, жағдаяттарды, адамның мінез-құлқын сипаттауда формулалық тәсілдерге жүгінуі, белгілі эстетикалық әдептерден, қалыптар мен ұстанымдардан аса алмаушылық, белгілі дәрежедегі тұйықтық –осының барлығы тек қана фольклорлық поэтиканың ғана емес, фольклорлық сананың да шынайы сипаттары болып табылады» [3, 183.], - деп ой түйеді. Қазақтың ғұрыптық фольклорын зерттеген ғалым К.Ісләмжанұлы да осы мәселе жайында былайша тұжырым жасайды: «Фольклорлық санаға тән негізгі сипаттар тұрақтылық, белгілі дәрежедегі тұйықтық, белгілі бір таптаурын қалыптан ұзақ уақытқа ауытқымаушылық, соның нәтижесінде пайда болған формулаларды көп өзгеріссіз қайталаушылық деуге болады. Бұл сипаттар тек фольклорға ғана емес, онымен жан-жақты байланысып жатқан халықтық мәдениеттің барлық саласына, соның ішінде ғұрып пен рәсімге де қатысты» [4.230].

Тілдің барлық рухани эволюциясының бастауы – миф. А.Потебня тіл дамуын: «Миф – поэзия – проза » [5, 7] сатысында зерделейді. Фольклордың ең көне жанры миф, ол адамзаттың алғашқы қауым болып өмір сүрген шағында пайда болып, қалыптасты. Уақыт өте келе миф өзінің қасиеті мен құпиялық сипатын жоғалтып, әу баста наным-сенім негізінде қалыпқа түскен сөз саптау үлгілері санада тұрақтап қалады. Мысалы: *«Қайда барсаң Қорқыттың көрі»*. Бұл аңыз бойынша былай баяндалады:

«Қорқыт өзінің желмаясына мініп, ел кезіп жүреді. Қайда барса да, алдынан екі адам кезігіп, көр қазып жатады. Қорқыт оларға: «Бұл кімнің көрі» деп сауал қойса, олар:

«Қорқыттың көрі» деп жауап қатады. Ақыры ол суда ажал жоқ деп, Сырдарияға кілем төсеп, қалған ғұмырын су үстінде өткізбек болады. Бірде Қорқыт қалғып кеткенде, оны жылан шағып өлтіріпті [6.88].

«Қорқыт» атауының этимологиясы туралы ғалым Ш.Ыбыраев: «Қорқыт» сөзінің түп-төркіні *«көр»* және *«құт»* деген екі сөзден тұрады. Осы орайда «көр» сөзінің *ғор, гөр, гур* сияқты фонетикалық нұсқалары болғандай, «құт» сөзінің де *ғуд, ғұт, хұт* дейтін вариантты кездесе береді. Қорқыт есімінің алғашқы сыңары *көр (ғор, гөр)* сөзінің мағынасы о дүниелік ұғыммен жапсарлас, екі дүниенің ортасындағы жалғыз заттық айғақ көрмен байланысты болуы әбден ықтимал» [7, 595],-деп жазады. Демек, аталған сөз тіркесінің сана түкпіріндегі астарлы мәні тым тереңде жатыр.

«Бақыт құсы қону». Бақытты болу мағынасын беретін бұл тұрақты тіркестің уәжін ертегі сюжеттерінен кездестіреміз: «Біздің патшамыз қайтыс болар алдында жұртын жиып былай деп өсиет айтты: Мен өлген соң сендер патшалыққа қаласыңдар, менің арнайы бағып келе жатқан «бақыт құс» деген құсым бар. Мені жерлегеннен кейін үшінші күні маған бағынышты халық түгел жиналсын, содан соң осы бақыт құсымды аспанға ұшырып жіберіңдер. Бақыт құсым кімнің басына келіп қонса, сол менің орнына патша болсын» [8, 39].

«Ел ханның орнына хан сайламақ болады. Бұл елдің заңы бойынша «бақыт құс» деген болады екен. Сол құсты үш күндік жерден ұшырып, құс кімнің үйінің төбесіне қонса, сол кісі хан болады» [9, 110].

Қазақ халық прозасын зерттеген фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов бұл туралы: «Көп жағдайда қаһарман дарияның жағасында өсіп тұрған жалғыз бәйтерекке тап болады. Ол ағаштың басындағы алып Қарақұстың, яки Самұрықтың ұяда жатқан балапандарын айдаһардың аузынан құтқарады. Сол үшін қаһарманды Самұрық жат сырлы дүниеге жеткізіп салады («Адам білмес тас», «Сиқырлы құс», «Үш қыз» т.б.). Қаһарманның Самұрық құстың көмегімен жеткен жері малға толы жайлау, көкорай шалғынды аңғар не үлкен қала болып келеді» [9,203],- деп жазады. «Бақыт құс» бейнесі «Ер Төстік» ертегісінде де суреттелген. Халық жер асты әлемін жылан, айдаһар арқылы бейнелесе, ал аспан әлемін құс арқылы елестетеді. Көкке көтерілу, биіктікті бағындыру қанатты құс арқылы жүзеге асады деген ұғымның фольклордағы көрінісі ертегі-аңыздардан анық аңғарылады. Сондықтан да құс киелі саналады. Халқымыз қасиет тұтқан жеті қазынаның бірі. Осы фольклорлық түсінік тіліміздегі *«басына бақыт құсы қонды»* деген тұрақты тіркесті қалыптастыруға негіз болды.

Ертегілер ерте дәуір адамдарының өзіндік дүниетаным түсінігі ғана емес, сонымен бірге қазақ халқының этногенезін айқындайтын рулар мен тайпалар, ежелгі ата-бабалар өмірінің қилы-қилы кезеңдерінен көрініс береді. Алғашқы қауымдық құрылыс жұрнақтарын, бағзы заман белгілерін сақтап келеді. Мифтер мен ертегі-аңыздарда әдетте көшпелілердің өмірі, тұрмыс ерекшелігі бейнеленеді. Көшпелілер өзін ешқашан жаратылыстан бөле жарып қараған емес. Әлем бейнесі, дүние болмысы туралы олардың бар ұғым-түсінігін жеткізетін – ертегілер.

Қазақ халық прозасында әлем, ғарыш шеңберінде адам орны ылғи өзгеріп, құбылып отырады. Дүниені түсіндірудің байырғы жануарлық сатысы, хайуандарға табыну бірте-бірте шектеліп, ақыры рухани адам болмысы жеткеші мәнге ие болады. Жаратылыстың бәрін адамиландыру – антропоморфистік даму арнасы табиғатпен күресте асқақ бейнелердің тууына кең жол ашып береді. Ол – қорғансыздарды бақытқа кенелтетін жеңімпаз келбеті («Қамбақ шал», «Аяз би», «Ер Төстік» т.б.).

Ата-бабаларымыз дүние құбылысын игеріп, түр-келбетін санада сақтауға тырысты. Оны кейінгі ұрпаққа аманаттау міндет болды. Бұл тұрғыда, қазақ фольклорының алтын қазынасы эпостық жырлардың орны бөлек. Жер бетіндегі баянды бақыт үшін адам баласының серт еткен бітпес күресі ұрпақтан ұрпаққа жалғаса берген. Тіршілік тынысының түрлі кезеңдеріне орай, табиғатты суреттеуде де соны көркемдік ізденістерге жол ашылып, жалпы ғалам бейнесінің ұлттық моделі қалыптасады.

Соңғы кездері тіл мамандары «сендіру» сөзінің орнына суггестия терминін қолданып жүр. Суггестизм - (латын тілінде suggestio – сендіру, иландыру) 1. поэзияда жеке тақырыптағы ритмикалық дыбыстардың образды бірлігі арқылы оқырманның қиялына, эмоциясына, санасына әсер ету; 2. иландыру [10, 1279]. Суггестиялық амалдар арқылы адамзат ойына, көңіл-күйіне, сезіміне, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, терең әсер етуге болады. Сендіруде эмоцияның күшімен эмоцияналды қиял, психологиялық нұсқау қатысады. Қиял мен күшті эмоцияның бірігуі – сендірудің іске асырушы тетігі [11, 28].

Сендіру – биопсихологиялық құбылыс. Ол ми қызметіне қатысты – биологиялық, формасына қарай – психологиық, мазмұнына қарай – әлеуметтік.

Адамдар қысылтаяң жағдайларда көмекті қиялдағы елестерден, «құдіретті күштен» күтеді. Діни нанымдарға, тылсым күшке қатты сенеді, олардың қаһарынан қорқады. Сондықтан, әрбір сөз бен қимыл-әрекет арқылы адам өмірін, тіршілігін, күн-көрісін қиындатуға немесе жақсартуға болады деп сенеді. Сол дүлей күшпен байланысу үшін, оны сөйлеу тілімен, ым-ишарамен, іс-әрекетпен вербалды және бейвербалды қарым-қатынастар жасайды.

Талма ауруына (эплепсия) ұшырағандарды қазақ «қояншық» дейді. Оның сыры көне сенімдеріге байланысты. Көптеген халықтардың ескі нанымында қоян аса қатерлі хайуандардың қатарына жатады [12, 13]. Оның қатерлілігі күшінде емес, жын-шайтандармен байланыстылығында жатыр. Шамасы мұндай түсінік қоянның өте жылдам қозғалысын жын-шайтанның көзге көрінбейтініне ұқсатудан шыққа керек. Қоянды жын-шайтанмен байланыстыру қазақ фольклорындағы бақсылардың қояншық ауруын емдеуінен анық байқалады. Нақты мысал келтірейік:

«Ауланған қоянды бақсы науқасқа береді. Ол қоянды қапсыра құшақтап отырады. Оған ескі көйлектің әр түсті қиқымдары байланады. Сөйтіп қуыршақ даяр болады. Бақсы өзінің алдына қанжар немесе пышақ шаншып қойып, қобызда ойнайды, жындарын шақырады. Арасында сырқаттың бетіне және құлағына үш қайтара үшкіреді, құшақтай қысып тұрып, алақанымен арқасынан қағады. Сосын науқастың алақанымен алақандарын қағыстырады. Жердегі қанжарды немесе пышақты суырып алып, оның көзіне әлде ішіне тығып алардай болып, әрі-бері сілтейді. Таң шапағы көрінген кезде бақсы қуыршақ пен аттың бас сүйегін алып үйден шығады. Қоянды құшақтаған қалпы науқас оның соңынан ереді. Олар ауылдың сыртындаығы жолға шығады, сол кезде бақсы аттың бас сүйегіне науқасты отырғызып, қуыршақты оның төбесінен үш рет айналдырып қолына береді. Бұдан соң «көш, көш» деп алақанымен науқастың арқасынан үш рет қағады. Науқас: «Тьфу, бәле кет» деп, қоянды қоя береді. Қоян қаша жөнеледі. Науқас та етегін сілкіп тастап, артына бұрылмасатн ауылға қарай зытады. Бақсы ауылға асықпай жетеді. Қуыршақ пен бас сүйек сол жерде қалады» [13, 108].

Келтірілген мысалдан *«қояншық»* сөзінің магиялық астары айқын көрінеді. *Қояншық*: оның әу бастағы мағынасы қоянды қолдан шығару, босатумен байланысты болса, екіншіден, қоянға ұқсаған зиянкесті тәннен ажыратуды, яғни шығаруды білдіреді.

Магиялық құбылысқа сену әйел затына ежелден тән және осы күнге дейін сақталған қасиет. Сондықтан олар құдіретті күштің орындалатынына күмән келтірмей, оны вербалды түрде, қарғыс сөздермен жеткізіп отырады. Мысалы:

- Албасты! Шық деймін үйден, албасты! Шығар деймін мына бәлеңді! – деген ызғарлы үні қабырғаны тесіп жіберердей болды. (К.Ахметбеков)

«Құдай тозақтың жетінші қабатында Нимлис атты қасқырды, Хыблис атты жолбарысты жаратқан екен. Олар қосылып, ерлі-зайыпты болады. Алғашқы туған ұлдың атын Ібліс, қыздың атын Жын қояды. Екінші туған ұлы – Дию, қыз – Аджина, үшінші ұл – Шайтан, қыз – Албасты аталады.

Албасты ескі қоныстың қираған орнын мекендеп, жаңғақ ағашының астында шашын тарап отырады» [13, 96].

Тағы бір аңыз бойынша адам жүрген жердің бәрінде албасты болады. Олар адамға ұйықтап жатқан кезде зиянкестік жасайды: кеудеге мініп алып тұншықтырады, қанын сорады. Бірақ албасты адамды өлтіруге дейін бармайды, тек жанын қинайды [9, 109]. Негізінен, Ш.Уәлиханов атап өткендей, албасты толғантқан әйелге қастандық жасайтын зиянкес болып келеді. Ол әйелдің кеудесіне мініп алып қылқындырады, сондықтан босанғалы жатқан әйелдің тілі күрмеліп, ақылынан адасып қалады. Осы сәтті пайдаланып, ол әйелдің өкпесін ұрлап алуға тырысады немесе баланың жолдасын тоқтатып қоюы мүмкін. Екі жағдайда да әйел өледі [14, 115].

Келтірілген мысалдардың вербалдануы нәтижесінде қазақ әйелдерінің қарғысы *«Албасты басқыр»* сөз тіркесі қолданысқа енген.

Әлемнің тілдік бейнесі дүние суретінің басқа бейвербалды формадағы түрлерімен салыстырғанда, оның маңызды құрамдас бөлігін құрайды [15, 27]. Шындық болмыс ойлау арқылы жүзеге асады, тіл оны бейнелеу құралдарының бірі. Адам қоршаған ортадағы беймәлім құбылыстар мен заттарды өзіне таныс дүниелер арқылы бағалап, танып біледі. Ал, оның ұзақ ғасырлар бойы жинақталуы фольклорлық сананы қалыптастырды. Осы орайда фольклортанушы ғалым Е. Тұрсыновтың: «Фольклордың халық өмірімен, күнделікті тіршілігімен, өткен тарихымен мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан сана-сезімімен, дүниеге көзқарасымен біте қайнасқандығы соншама, оны халықтың бүкіл тұрмыс тіршілігінен, тарихы мен сана-сезімінен тұтастай қалпында ажыратып алу былай тұрсын, иненің ұшымен шұқылап отырып, босатып алу бос әурешілік» [16, 132], - деген тұжырымында ғылыми негіз бар. Әрине, бұл мәселе тілдік тұрғыдан тереңдеп зерттеуді қажет ететіні даусыз.

Ғаламның тілдік бейнесі санамен тікелей байланысты. Ал, фольклорлық сана жекелеген ұлтқа ғана тән екені белгілі. Оның ішкі мазмұнын тіл арқылы ғана танып білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1999.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1999.
3. Путилов Б.Н. Методология сравнительно-исторического изучения фольклора. Москва, 1976.
4. Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. Алматы,2007.
5. Потебня А. Слова и миф. Москва, 1983.
6. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы, 1991.
7. ЫБыраев Ш. Қорқыт және шаманизм. // Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ . Алматы, 1999.

8. Қазақ ертегілері. 3-том. Алматы, 1986.
9. Қасқабасов С. Қазақ халық прозасы. Алматы, 1984.
10. Советский энциклопедический словарь. Москва, 1979.
11. Линицкий М.Л. Внушение, знание, вера. Украина, 1988.
12. Абдулла Б. Азербайджанский обрядовый фольклор и его поэтика. Баку, 1990.
13. Абылқасымов Б. Телқоңыр. Алматы, 1993.
14. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочиней в пяти томах. Алма-Ата, 1961, т.1.
15. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама). Филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2004.
16. Турсунов Е. Истоки тюркского фольклора. Алматы, 2001.

АЛАШ ҰРАНДЫ ӘДЕБИЕТ: ҰЛТТЫҚ ОЯНУ МЕН ҰЛЫ МҰРАТТАР ИДЕЯСЫ

Дуйсенова Куля Абдикаймовна
Шымкент қаласы №99 мектеп-гимназиясы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің педагог-шебер мұғалімі. Шымкент қаласы, Қазақстан.

Аңдатпа. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихында алаш ұранды әдебиеттің алар орны ерекше. XX ғасырдың басында дүниеге келіп, ұлттың өянуы мен ұлы мұраттарға жету жолында өлшеусіз қызмет атқарған бұл әдебиеттің тарихи ролі өте зор. Біздің бұл зерттеу еңбегімізде осы бағытта дүниеге келген алаш ұранды әдебиетімізде орын алған «ақтаңдақ» жайында зерттеу жүргізіп, ақиқатты айқындауға ұмтылдық. Сонымен қатар алаш әдебиетінің негізін қалаған тұлғалардың да еңбектеріне біршама ғылыми тұрғыдан талдау жасалынды.

Кілт сөздер: Алаш, әдебиет, тарих, ұлтшыл, қазақ халқы, азаттық идеясы.

Аннотация. Исторический факт то что литература Алаша занимает особое место в истории казахской литературы. Отдельное место занимает эта литература, зародившаяся в начале XX века и прожившая недолго. В данной исследовательской статье всесторонне изучена и глубоко раскрыта идея национального пробуждения и великих идеалов в литературе Алаша. Данная статья вводит творческое наследие поэтов Алаша в научный оборот.

Ключевые слова: Алаш, литература, история, национализм, казахский народ, идея свободы.

Abstract. The historical fact is that Alash’s literature occupies a special place in the history of Kazakh literature. A special place is occupied by this literature, which originated at the beginning of the 20th century and did not live long. This research article comprehensively studies and deeply reveals the idea of national awakening and great ideals in Alash literature. This article introduces the creative heritage of Alash poets into scientific circulation.

Key words: Alash, literature, history, nationalism, Kazakh people, idea of freedom.

Туған еліміздің төл тарихы күні кешегі жылдары ғана келмеске кеткен қатігез жүйемен ғұмыр кешкен кеңестік қоғамда өте-мөте қатты бұрмаланды, халықты адастырды, соның ішіндегі бүгінгі азат ұрпақ қатты құрметтейтін «Алаш» партиясы, қозғалысы, олар құрған Алашорда үкіметі жайында да тым теріс, жалаң айыптауларға

толы теріс түсінік қалыптастырды. Қаншама ұрпаққа білім берген сан алуан оқулықтар мен зерттеулерде, ғылыми мәні зор деп саналатын монографиялық еңбектердегі қилы-қилы қиянаттар бірінен-бір асып түсіп жатты, тіпті шынайы тұрғыдағы ақиқат айтылатын энциклопедиялық анықтамалықтарда да әділетсіз пікір, шындыққа сай келе бермейтін дәйексіз дәлелдер келтіріліп отырды. Осы бағытта айтылған келесі бір пікірге мұқият назар аударып көрейікші: «Алаш» – буржуазияшыл-ұлтшыл партия. Қазақ аулындағы феодал-байлардың, кертартпа дін басыларының және буржуазияшыл-ұлтшыл интеллигенцияның оңшыл тобының мүддесін білдірді». [1.56.] Бұндай айтылған ешбір шындыққа сәйкес келмейтін әділетсіз байлам, ақиқаттан алыс анықтамалар алаш қозғалысы мен олар құрған үкіметіне де дәл осы тұрғыдан берілді, халықты жаңылыстырды. Ең өкініштісі сол мемлекеттік деңгейдегі анықтамалықтар дәл осылай деп түсінік берді, одан әрі дәл осындай тым жабайы түсінікпен бірнеше ұрпақ тәрбие алды, осы түсінікке шексіз сенді. Ақиқаттың алдаспаны болып ғұмыр кешкен академик, филология ғылымдарының докторы Рымғали Нұрғалидың өзі ерекше атап көрсеткендей: «Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы, Алашорда өкіметі туралы тарихи шындық бұрмаланып, қып-қызыл өтірік айтылып келді. Ең бастысы Алаш қайраткерлері қазақ ұлтының қас дұшпаны болып көрсетіліп, олардың шығармаларына тиым салынды». [2.423.] Алаш ардақтылары жайында айтылған осындай қиянаттар алпыс жылдан астам үстемдік етті.

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы күткен азаттыққа жетті, тәуелсіздікке қол жеткізген еліміздегі тарихи ақиқаттар қалпына келе бастады, «ақтаңдақтардың» шынайы ақиқаты кеш те болса ашылды, соның ішінде халық зарыға күткен «Алаш» тарихына қатысты екені баршамызды шексіз қуантады. Алаш партиясының құрылғанына да 105 жылдан астам уақыт болды. Алаш қозғалысына, үкіметіне қатысты тарихи деректер, таным-түсініктер, ол қозғалыстың тарихи мәні жайында тарихшылар көп жазып, зерттеп, халық жадына жақын зерттеулер дүниеге келді. Бүгінгі біздің айтуға ниет еткен басты мәселелеріміз алаш ұранды әдебиеттегі күрескерлік рух, азаттық идея жайында. XX ғасырдың бас кезінде, яғни, дәлірек айтқанда 1905 жылдары-ақ іргетасы берік қаланып, ғасыр басында орын алған аласапыран жылдары, аумалы-төкпелі төңкеріс кезінде туған елінің жанашыры болып табылған алаштықарды тарихтан алар орны ерекше. Осы кезеңде өздерінің күрескерлік рухымен тарих аренасына шыққан алаштықтарды отаршылдық өктемдігі, қатыгез пиғылы патшалық Ресей империясынан да асып түскен большевиктер билігі 1920 жылдарының өзінде жазықсыздан-жазықсыз қуғындап, тұншықтырып тастау үшін ештеңеден аянбады. Тағдыры сынға түскен арда арда тұлғалардың дені ұлт мүддесін бәрінен биік қойды, сол жолда жанқиярлық іс-әрекеттерімен күрес жүргізді. Бастарын қатерге тікті, өздері жаңа биліктің қуғын-сүргіннен көз ашпай жүрсе де әдебиет әлемінде, жауынгер публицистика жанрында, енді ғана дамып келе жатқан ғылым саласында мәңгі өлмес мұра қалдырды. Ол мұралар әлі де құнды, туған халқына алғаусыз қызмет етіп келеді.

Өткен ғасырдың бас кезі дауылды, дүрбелеңге толы, ең қорқыныштысы бейкүнә қазақ халқының жазықсыз қаны төгілген, яғни қантөгіске толы жылдар болып басталғанын ешқашан да ұмыта алмаймыз. Ержүрек халқымыз ұлт-азаттық көтеріліске шықты, кең байтақ даламыздың түкпір-түкпірінде болған алуан түрлі қозғалыстар мен қиямет қайың төңкерістер, орын алған азамат соғысы, бәрінің соңында келіп аштықтың орын алуы сияқты аса ауыр зұлматты күндер бейбіт жатқан қазақ елін тарих аренасында бар ететін, немесе түп-тұқиянымен құртып жоқ ететін аса ауыр жағдайларға алып келді. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов атап көрсеткендей қалың көрпе жамылып, «өлім ұйқысы»

құшағында жатқан халқының құлағының түбіне келіп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Маса» болып ызыңдады, жай ғана ызыңдап қоймады, тіпті «қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша» қайтпай әрекет етті, туған елін ояту үшін ештеңеден аянбады. Ұлы Ахаңның жанына жақын серігі Міржақып Дулатұлы болса «Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты», «Қазағым енді жату жарамас-ты!» деп барша қазақ баласына атой салды, ұран тастады. Бойына біткен бүкіл күш-қуатын қазақ елінің азаттыққа жету жолына арнаған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ұлт азаттық қозғалыстың шын мәнінде негізін салушы көсемі, қазақтың тұңғыш құрылған саяси мәні зор «Алаш» партиясын ұйымдастырушы болған және сол Алашорда үкіметінің алғашқы төрағасы болып сайланған Әлихан Бөкейхановтың ел тарихындағы, егемендікке жету жолындағы жанкешті еңбектерін енді ғана біліп, танып, тағылым алып жатырмыз. Кеш те болса біліп жатқанымызға шүкіршілік айтамыз.

ХХ ғасыр басындағы жасындай жарқылдап тарих аренасына шыққан алашорда үкіметінің ғана емес, барлық қазақ халқының бостандыққа жеттік деген үміті ақталмады, «теңдік», «бостандық» орнаттық жалған саясат алдамшы екенін кеш ұқтық. Қатігез қара күшпен, бейбіт әрі момын халықтың қанын төгіп келген кеңес үкіметі бейкүнә халқымызға сендерді жоғарыда айтқанымыздай «бостандыққа» жеткіздік деп сендірді, шын мәнінде алдады. Осы кезеңде халқымыз үшін өте қымбатқа түскен қасиетті ұғым «бостандық» тақырыбында өлең жазбаған ақын жоқтың қасы шығар деп ойлаймыз. Алаш ұранды әдебиеттің аса ірі өкілі, бұл күндері туған елі «қазақ поэзиясының падишасы» деп пір тұтатын Мағжан Жұмабаев сынды ақиық ақын да осы тақырыпқа барды, барып қана қоймай «Бостандық» атты мүлдем өзгеше өлең жазды, жыр түйініне назар аударайықшы:

Қыбырлаған қоңыздар,
Қорсылдаған доңыздар,
Тілегің болды – қуан, күл.
Бостандық – ізгі періште,
Кетпекке ұшып ғарышқа,
Ақ қанатын қомдап тұр, - деп бар даусымен қайғыра күңіренді.

Азамат соғысы жүріп жатқан, бейбіт халықтың жазықсыздан жазықсы қаны төгіліп жатқан, нақтырақ айтқанда 1918 жылы жазылған қайғылы өлеңде өзге замандас ақындардағыдай «бұл бостандық бізге көктен келген жоқ» (С.Мұқанов) деп асқақ ұрандататын қуаныш сарыны жоқ, қайта керісінше «шірік жүрек сасықтар, арамдыққа асықтар, жетілді, жетті мұратқа» деп асқан көрегенділікпен болып жатқан тарихи шындықтың шынайы тұрғыда бет-пердесін ашты, ойда-жоқта қолымызға түскен, дәлірек айтқанда қаншама жанның қанын төгіп келген « қымбат бостандықтың» мәнін түсіндірді. Алғашқылардың бірі болып ақиқаттың алдаспаны болып жарқылдады.

Осы аралықта Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың пікіріне назар аударсақ, мемлекет басшысы былай дейді: «Алаш» сөзі – халқымыз үшін қашанда қасиетті ұғым. Өткен ғасырдың басында ұлтымыздың бас көтерер азаматтары Алаш идеясының төңірегіне бірікті. Олар елінің азаттығы мен өркендеуі жолында қызмет етті. Халықтың рухын оятып, санасына сілкініс әкелді. Алаш арыстары заманның сын-қатеріне қарамай, Қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртты». Бұдан түйетініміз мемлекет басшысы баршамызды кешегі аяулы алаш ардақтыларын құрметтеп, еске алып, тағзым етіп отыруды, мемлекетшілдік идеясын естен шығармауға шақырады. Демек, алаш ұранды әдебиетіміздегі ұлттық ояну мен ұлы мұраттар бүгінгі күні де тым қастерлі екенін ұдайы жадыда ұстауымыз қажет.

XX ғасырдың басында келді деген бостандық біздің елімізге тым қымбатқа түсті, азаттық үшін күрес жүргізген қаншама ардақтыларымыз, атақты Кенесары-Наурызбай бабаларымыздан бастап, күні кешегі желтоқсан қаһарманы Қайрат Рысқұлбековке дейінгі мерт болған ержүрек батырларымыз аз емес. Тәуелсіздік туын желбіретіп кетуге сол кездің мүмкіншілігі болмады, сол себепті Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов бастаған көсемдер автономия алуға әрекет етті, сол жолда жеңіске жетті, бірақ олардың азаттық туралы айтқан сөздерін, жасаған әрекеттерін большевиктер кешіре алмады, бірін ерте, бірін кеш құрбандыққа шалды.

Алаш ұранды әдебиетке өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның бірі Міржақып Дулатұлы. Ол қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері «Алаш» партиясын құрып, Алашорда үкіметін орнатқан кезде алаш туын көтерген Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсыновтардың қатарында болды. Ақынның «Алашқа», «Жаңа тілек», «Алаш» партиясына қосылмаған ақынға», «Тұңғыш құрбан» т.б. өлеңдеріндегі күрескерлік рух, «Алыстан алаш десе аттанамын, қазақты қазақ десе мақтанамын» дейтін асқақ сезім атойлап тұр. Міржақыптың «Алашқа» атты өлеңі «реквием» (қазалы жыр) аталғанымен, бұл өлеңді ақынның өткенді аңсау сарыны деп түсінбеу керек. Ол өткен кездегі ақ киізге көтеріп сайланған хандарды, әділ би, ардақ тұтып, ел қорғаны болған батырлары көп болған дәуірлердің келмеске кеткенін түсінді, сол себепті қазақ көшін алға бастайтын көсемдерді іздеді, армандады.

«Оян, қазақтың» авторы Міржақып Дулатұлымен үндес ақынның бірі өр рухты Сұлтанмахмұт Торайғыров та бұл тақырыпқа тереңдеп барды, «Алаш ұраны»,- атты тамаша жыр жазғанын енді ғана біліп жатырмыз. Жыр шумақтарына назар аударайық:

Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Жасайды алаш, өлмейміз!
Жасасын алаш, жасасын!

«Қилы заманда» халық кімнің соңынан ерерін білмей дағдарып қалғаны рас, осы кезде ақын шама-шарқынша жол көрсетті. Алдыңғы кезекте ол Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұсынов, Міржақып Дулатовты таныстырып, атақты тұлғалардың қазақ халқының тәуелсіздігі жолындағы жанқиярлық еңбектеріне зор баға береді.

Ешкімнің Әлиханға бар ма сөзі,
Демейді қандай қазақ оны оң көзі.
Семей тұрсын, жеті облыс бар қазақтан,
Талассыз жеке дара тұр ғой өзі,- деп басталатын «Таныстыруда» сонымен қатар Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, Ш.Құдайбердіұлы, Нәзипа, Нұрғали Құлжановтар, (ерлі-зайыптылар) т.б. біршама қайраткерледің аты аталады.

Бұл аталған поэманың идеялық мазмұны терең, «ақын жеке адамдарды бағалағанда, олардың адамдық, қоғамдық еңбектерін еліне сіңірген қызметімен өлшейді, ел басшылығына дәмелі адамдарға салмақ артады. Сұлтанмахмұт елді ойлы, білімді басшылардың маңына бірігуге үндеді». [3.13.] Бір өкініштісі осы поэма да алаш қайраткерлерімен бірге ұзақ уақыт бойы қапаста, жарияланбай, халыққа жетпей жатты, тек тәуелсіздікпен бірге ғана елге оралды. Ақынның бұл шығармасы бүгінгі күні де маңызы зор, ел үкімет басындағы қайраткерлерді таңдау, іріктеу, оларға сенім, үміт арту жолдары әлі де күн тәртібінен түскен жоқ. Қайраткерлерді тануда қателікке душар болып жатамыз, Сұлтанмахмұтша таңдау жетіспей жатады.

Алаш ұранды әдебиеттегі өзіндік орны бар тұлға Жүсіпбек Аймауытов та алаш «Ұранын» жазған, бұл жыр да сол кезеңде халық арасына кең таралып, әнмен айтылып,

ұлттық рухтың оянуына өлшеусіз үлес қосты. «Қазағым, қамықпа, қамалма! Ел болар қамыңды амалда!»,-деп басталатын бұл ұран да биік рухпен, ерекше бір патетикалық көңіл күймен аяқталады:

Ұраным, қорғаным, сен Алаш!
Жолыңа құрбандық мал мен бас!
Өнер тап, өрге шап, қару ат,
Аллалап алға бас, ал Алаш!!! [4.211.]

Ойымыздың өресін түйіндеп келгенде аңғарғанымыз ұлтын сүйіп, алашым деп атойлап шыққан осы жандардың бірі «ұран», бірі «таныстыру» жазып жатты, ол жырлардың қай-қайсысын алсаңыз да күрескерлік рух пен өрлік, келешекке деген сенім мен серт мен мұндалап тұр.

Алашордалықтар арман еткен тәуелсіздікке XX ғасырдың соңында ғана қол жеткіздік. Тәуелсіздік жолындағы күреске ғұмырларын арнаған алаш қайраткерлерінің басынан қауып-қатер бір күн де кеткен емес, оған тарих куә. Алаш ардақтыларының жандарын пида еткен күресі арқылы қолымыз жеткен азаттықты да қандай қауіп-қатерден болса да қорғауға ендігі күні біз дайын болуымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақ ССР: 4 томдық қысқаша энциклопедия. 1-том. А., Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы. 1984. -592 б.

2. Нұрғали Р. Әуезов және алаш. А., «Санат», 1992. -432 б.

3. Қирабаев С. Ақын тағдыры. // Сұлтанмахмұт Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. А., «Ғылым», 1993. -280 б.

4. Аймауытов Жүсіпбек. Бес томдық шығармалар жинағы. 3-том.А., «Ғылым, 1997. -240 б.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ АБАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫ

Нариман Нұрпейісов
Филология ғылымдарының кандидаты, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы. Шымкент қаласы. Қазақстан.

Аңдатпа. Қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық тұрғыдан қалыптасып, іргетасының қалануына ерекше үлес қосқан тұлғаның бірі де бірегейі ғалым Ахмет Байтұрсынов. Сонымен қатар атақты ғалым абайтану ғылымының да қалыптасуына ерекше үлес қосты. Біз өз зерттеуімізде негізінен алғанда ғалымның абайтану ғылымының қалыптасуына қосқан үлесі жайында арнайы тоқталып, ой пікірімізді, ғылыми тұжырымдамаларымызды жеткіздік.

Кілт сөздер: әдебиеттану ғылымы, абайтану, ақын, поэзия, тарих, зерттеу, әдеби мұра.

Аннотация. В данной исследовательской работе объектом теоретического анализа становится вклад основоположника казахского литературоведения ученого-теоретика Ахмета Байтурсынова в казахское литературоведение, в том числе и в науку об Абае. Анализируется творчество ведущего ученого-абаеведения.

Ключевые слова: литературоведение, абаеведение, поэт, поэзия, история, исследование, литературное наследие.

Abstract. In this research paper, the object of theoretical analysis is the contribution of the founder of Kazakh literary studies, theoretical scientist Akhmet Baitursynov to Kazakh literary studies, including the science of Abai. The work of a leading scholar of Abai studies is analyzed.

Key words: literary studies, Abai studies, poet, poetry, history, research, literary heritage.

Ұлы ақын, кемеңгер тұлға, хакім Абай шығармашылығы - адамзат мәдениетінің рухани асыл қазынасына қосылған асыл мұра болып табылады. Дана Абайдың философиялық тереңдігімен, көркемдік, эстетикалық қуатымен, мағыналық салмағымен, ғибраттық, тағлымдық мәнімен ерекшеленетін ойлы сөздері халық жүрегіне қалқысыз жол тапқаны мәлім.

Абайтану - қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласы және бір ғасырдан астам тарихы бар кемел ғылым. Қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі атанған ұлы Абайдың шығармашылығын арнайы тереңдетіп оқыту болашақ мамандардың ғылым мен теориялық дайындығын нығайтып, кәсіби шеберлігін Абайтану ілімі рухани негізінде дамыта оқытудың мәні мен маңызы өте зор деп санаймыз.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абай мұрасы - ғылыми рухани әлем қоймасының кілті. Абай әлемі - телегей теңіз, сарқылмас қазына. Абай мұрасын жан-жақты игеру - толассыз жүргізілетін мәдени процесс.

Абайтану ғылымына академик Зәки Ахметов былай деп баға береді: «Абайтану кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды». [1.218.]

Абайдың өмірі мен шығармашылық өнерін зерттеудің алғашқы өнімді кезеңі деп А.Байтұрсынов, К.Ысқақұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, І.Жансүгіров, Қ.Жұбанов, Ы.Мұстамбайұлы, Ғ.Тоғжанов секілді әдебиет пен мәдениет қайраткерлерінің зерттеу еңбектерін, мақалаларын атауға болады.

Абайтану ғылымының тарихына қатысты қазіргі таңда сөз айтқанда ең алдымен ойымызға М.Дулатовтың «Қазақ» газетінің бас мақаласы ретінде басылған «Абай» деген мақаласындағы «Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ рухына сонша жақындармыз»,- [2.195.] деген аталы сөзі оралады. Шындығында да уақыт көші қанша алыстағанымен де, Ұлы ақын мұрасына, рухына соншалықты жақындай береріміз анық. Уақыт кеңістігіндегі ғасырлар деңгейі мөлшерімен қарасақ Абай жинағының жарық көргеніне бір ғасырдан астам уақыт болды. Ендеше тұңғыш жинақ оқырман қауым назарына ұсынылғаннан бері ұлы ақын мұрасын, оның дара болмысын, азаматтық келбетін, мол әдеби мұрасын тану, таныту дәрежеміз қандайлық деңгейде, не істелінді, алдағы уақыттардағы міндетіміз қандай деген сұрақтарға жауап іздеуіміз бүгінгі күн талабы деп есептейміз.

Біздің негізінен алғанда арнайы тоқталып, зерттеу нысанына айналдырған абайтану ғылымының бастау бұлағында, алғы сапында тұрған тұлғалардың бірі ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың абайтану тарихындағы өзіндік қолтаңбасы жайында қысқаша болса да сөз етуді дұрыс деп таптық.

Ұлт ұстазы, атақты «Әдебиет танытқыш» атты монументальдық зерттеу кітабының авторы А.Байтұрсынов былай деп ой сабақтайды: «Қазақтың бас ақыны - Абай. Онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облысында Абайды білмейтін адам жоқ,- дей келе Ахмет Байтұрсынов,- Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысына естілмеуші

еді»,- дейді. [3.258.] Ал, Міржақып Дулатов болса: «Не шара! Қазақ әдебиетінің атасы хакімінде алтын әріппен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында 60 жылдық өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді. Туғанын, жасағанын, өлгенін өз елі Тобықтыдан басқа қазақтың көп жері білмей де қалды. Осы заманда үш ауыз сөздің басын құрай білетіндердің жазулары тасқа басылып, халыққа тарап, сынға түсіп тұрғанда, Абай сөзі өзі өлгеннен бес жыл өткенде басылды»,- [2.173.] деген еді.

Зер сала қарасақ Алаш арыстарының айтқан сөздерінде үлкен тарихи тұрғыдағы мән жатыр. Абай есімінің кең қазақ сахарасына таралуына, ұлы ақын сөздерінің «көкірегі сезімді, тілі орамды» «үлгілі жас» пен сөз танырлық адамына жетуіне басты себеп болған - тұңғыш жинақ екендігі тағы да айқын. Әйтпесе: «Мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім»,- деп сөз басындағы Ахмет Байтұрсынұлы айтқанындай көзі ашық Алаш азаматтары ақынды толық тани алмай қалар ма еді, дәл заманында Абай жинағы жарық көрмесе, ақын өлеңдері өз қолдарына тимесе ақын туралы пікір айту, баға беру де мүмкін болмас еді деп ойлаймыз. «1903 жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең»,- дейді Абай өлеңдерімен алғаш танысқан кездері туралы А.Байтұрсынұлы.

«Қазақ» газеті Абайдың қайтыс болуына он жыл толуына орай қазақ елінің ұлы ақыны Абайдың өмірі мен ақындық өнерін таныту мақсатында ертерек қамданып, арнайы мақалалар циклін жариялауды қолға алды. Газеттің редакторы Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласының жариялануы абайтану тарихына елеулі рухани құбылыс ретінде қабылданды.

А.Байтұрсынов Абай мұрасын исі қазақтың танып білу керектігін уақыт талабы ретінде бағалады. «Қазақ» газетінде жарияланған М.Дулатовтың, Н.Төреқұловтың мақалалары да Абайды қазақ халқының рухани данасы, жаңа бағыттағы әдебиеттің көш басшысы, шебер аудармашы ретінде танытып бағалауынан авторлардың білім деңгейі биік жатуын көреміз. Семей қаласында 1918 жылы жарық көре бастаған «Абай» журналында ақын шығармаларын танып білу, халықтық таным тұрғысынан бағалау мақсатында зерттеулік мақалалар мен Абай шығармаларынан үзінділер жариялап жатты.

Ә.Бөкейхановтың 1905 жылы «Семипалатинский листокта» жарық көрген қазанамасынан бастау алып, кейіннен Қ.Ысқақұлының, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың парасатты пайымдауларынан кейін Абай қазақ әдебиетіндегі өзіне лайықты орнын ала бастаған болатын. Ақындар Абайды жырға қосты. 1918 жылы ақпан айынан бастап Семей қаласында Ж.Аймауытовтың редакторлығымен «Абай» журналы шыға бастады. Журнал ақын Абайдың атымен аталады. «Абайдың» алғашқы саны «Журнал туралы» деген «Екеудің» беташар мақаласымен ашылды. Онда: «Сөз сыбырға, іс жыбырға айналды. Береке кетіп, азды, тозды. Сол кезде қалпың надан, қара тұманды қақ жарып, тас жарып шыққан бұлақтай жарқ етіп Абай туды. Ақылды дана, рахымды әділ, шынға сусаған, қыңырды жөнге, қисықты тезге салмақ болған, бұзықтықпен алысып өткен Абай еді. Қазақтың әдебиетіне жөн берген: сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңнен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді. Өнер тап, оқы, харакет қыл, тәрбие ал, ынсапты, адал бол деп қақсап өткен Абай еді. Халықтың қамын же, адам баласын бауыр тұт, адамшылыққа қызмет ет деген Абай болатын, өмір жолында Абайдың айтпағаны аз. Ақыл, білім, сезім, терең ойлылығына қарағанда, Абай қазақтан шыққан философ» (данышпан) екендігін айта келіп, «...кемеңгердің атына арнап, журналымыздың атын «Абай» қойдық» - [4.97.] деп жазады. Ол: «Басқа жұрттың атақты

білімдісінен Абай кем емес, білімдіні құрмет ете алмасақ – тоғышарлығымыз»- деп, Абайды аса жоғары бағалайды.

Ұлы ақынның классикалық мұрасы жайында өз пікірі мен бағасын айтуға талпынған А.Байтұрсыновтың 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» атты осы мақаласының ғылыми маңызы ерекше. Автордың айтуына қарағанда Абай өлеңдерімен 1903 жылы Мүрсейіт қолжазбасы арқылы танысқан. Абайдың ұлылығы мен кемеңгерлігі жайында: «тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттары дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырмандарының алдына тартылды»,-дейді. Мақала Абай поэзиясы табиғатының қыр-сырын түгел ашып бермегенімен, бүгінгі таңда Абайтану аталатын ғылымында сала-сала болып зерттелген басты ерекшеліктерін тап басып танып, нақты пікір білдірген. Біріншіден, Абай өлеңдерінің жаңаша леппен, өзгеше өрнекпен құрылғанына назар аударып, реалистік және жаңашылдық сипатының ерекшелігін айырықша атайды. «Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қарамай жазады» деген баға алғаш айтылуымен ғана емес, ғылыми-зерттеушілік тұрғыдан нақты айтылуымен де құнды. А.Байтұрсынов «Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын» ұғу үшін «Сөз түзелді, халқым-ау, сенде түзел» деп Абайдың өзі айтқандай түзеліп, түсініп, үлгі ала отырып оқу қажеттігіне ерекше тоқталады. Алғаш оқыған адамға Абай өлеңдерінің ауырлау соғатын себебі ақынның кінәсі емес, «оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік» деп көрсетеді. Ұлы ақынның дүниетанымдық және эстетикалық көзқарасының қалыптасуында орыс әдебиетінен алған танымы мен тәлімін сөз етеді. Мақаланың ғылыми-зерттеу еңбек ретіндегі мәнін танытатып құнды жері - Абай поэтикасын тереңдеп қарастырған тұсы. Тіл білімі ғылымында алғашқы қазақ тілі оқулықтарың жазған, кейін әдебиет теориясының мәселелерінен «Әдебиет танытқыш» атты еңбек жариялаған А.Байтұрсыновтың білімді әдебиетші ретінде қазақ өлеңінің құрылысы мен жүйесіне жетік екені байқалады. «Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін» [3.259.] орыс әдебиетінің әсері арқылы ұққан Абайдың өнерпаздық тұлғасының қалыптасуы өлеңді өнер деп бет бұрған кезеңінен басталғанын дәлелді түсіндіреді.

«Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбеп қарап, басқа құрмет, ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген» Абай өлеңдерін «қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл, қандай терең сөздер» деп бағалайды. «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» аталатын өлеңін түгелдей тұтас келтіріп, ақынның поэзияға, сөз өнеріне деген көзқарасын, талғамын, өлеңге өнер туындысы ретінде қоятын талабын танытады. Абай поэтикасындағы ой шеберлігі, жаңа үлгі, өзгеше өрнек (яғни мазмұн, түр, ырғақ.) пен бунағы туралы ой-тұжырымдары назар аударарлық. Себебі, бұл пікірлерінде Абай өлеңдеріне теориялық тұрғыдан ғылыми талдау жасау ниетімен қоса, ақынның новаторлық тұлғасын таныту мақсаты да жатыр. Мақаланың «Абайды қазақ баласы түгел танып, тегіс білуі керек! Абайды қолымыздан келгенше қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз» [5.148.] деп аяқталуы да сондықтан.

Қорыта айтқанда, К.Ысқақов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатовтардың қазақ әдебиетінің көрнекті дарындары туралы мақалаларында олардың өмірі мен творчествосын танытуға деген талап тілек те анық көрінді. Сондықтан Ахмет Байтұрсынов өзінің төңкеріске дейінгі азды-көпті ізденістері арқылы әдебиет

теориясының келелі мәселелерін меңгеру жолында біршама қадамдар жасады дер едік. Сондай ізденістердің алғы сапында абайтану ілімі тұрғаны да қандай ғанибет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырған З.Ахметов, Т.Шаңбаев. - Алматы, Ана тілі. 1998. -384 б.
2. Дулатұлы М. Шығармалары. 2 том. А. 1997.
3. Байтұрсынов А. Ақжол. Алматы, 1991.
4. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Ғылым», 1997.
5. Ахмет Байтұрсынұлы. Маса. Өлеңдер мен көсемсөздер. А., «Раритет», 2005.-20

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Калабаева Қ.Р., Рахимов Б.Ф.
Дизайн кафедрасының магистр аға оқытушылары
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
kalabaeva.k2020@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада қазақ халқының ою-өрнектері арқылы жастарға эстетикалық тәрбие беру және бейнелеу өнері мамандарын даярлау мәселелері қарастырылған.

Кілт сөздер: қазақ халқы, ою-өрнектер, эстетикалық тәрбие, сәндік қолданбалы өнер, бейнелеу өнері.

Abstract. This article discusses the issues of aesthetic education of young people through the ornaments of the Kazakh people and the training of fine arts specialists.

Key words: Kazakh people, ornaments, aesthetic education, decorative and Applied Arts, Fine Arts

Жаңа Қазақстанның әрбір азаматы мен азаматшасы - патриоттық сезімі биік, білімді, парасатты, сонымен қатар ұлттық құндылықтың сұлулығынан ләззат ала білетін, мәдени және өнегелік деңгейі жоғары дамыған болуы керек. Болашақ мұғалімдерді даярлау үшін жастарымыз, өз заманының талабына сай өмір сүруге қабілетті, эстетикалық талғамы жоғары, өмірдің әсемдік құндылықтарын жоғары бағалай алатын болуы керек. Осы күннің басты талабы, студент жастардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру проблемасын шешуде болашақ мұғалімдерді жоғары білім беруге даярлау.

Жастардың эстетикалық қызығуын қалыптастыру дегеніміз – оларды әсемдік, әдемілік әлемін түсінуге, сезінуге баулу.

Бұл жөнінде орыстың белгілі педагогі В.Белинский былай дейді: «Әсемдікті сезіну - адамгершілік қасиетінің шарты. Тек осы сөздің төңірегінде ғана ғылым дүниежүзілік идеяларға дейін шарықтай алады, табиғат пен құбылысты оларға ортақ тұрғыдан түсіндіреді, тек осы сезіммен ғана адам өмірде ерлік істей алады, оның барлық ауыртпалығына белі қайыспайды....» [1]. Жас ұрпаққа қолөнер кәсібінің бір саласын меңгерту өздеріне байланысты деп түсінген ата-ана өздеріндегі бүкіл жақсы қасиеттерді солардың бойына сіңіруге тырысты. Ер адамдар шеберлігі, өнері ат әбзелдерінен көрініс тапса, әйел затының қолөнерлерінің сипаты қызға төсек-орын беру дәстүріндегі үйге

қажетті бұйымдардың көркемдігімен, шебер қолдар өрнегімен көрініс тауып, бағаланған. Бұл тұрғыда, аналар қыз балаларды қолөнердің кең тараған түрлері – киіз басуға, сырмақ сырып, киіз үйдің ішкі-сыртқы керек жабдықтарын әзірлеуге, шаруашылыққа қажетті бұйымдар жасап, киім, кілем, алаша, ши, кесте, шілтер тоқуға үйретсе, ер балаларды зергерлік бұйымдарды әзірлеуге, ер-тоқым, құрал-жабдық, сауыт-сайман жасауға үйретіп отырған.

Осы айтылғандардың барлығы дерлік қолөнер өрнектерімен безендіріліп, әшекейлі жасалатын болғандықтан, жасаушыдан ерекше талғампаздықты, нәзіктікті икемділікті, жоғары эстетикалық талғам мен шеберлікті талап етеді. Бүгінде егеменді елімізде жастарға әсемдік тәрбие беруде халықтың мәдени мұрасы айрықша рөл атқарады. Академик М.Қаратаев «Әсемдікке үйреткен ұстаз» атты кітабында түскиіз, кілем, оюлы текемет, сүйікті өнер - міне осы өнердің бәрін халық жасағандығын, халықтың әсемдікті сүю сезімі, талғамы осы өнерде бейнеленгенін айта келіп: «Өнердің халықтық арғы негізінен қол үзбеу керек, себебі өнердің өшпес шын мәніндегі халықтікі ғана, жақсы талғамы, өміршендіктің өшпес әсемдіктің кепілі болып табылады» - деді.

Демек, халықтың өзіндік ерекшелігін бейнелеген өнер жастарға үлкен тәрбие берудің құралы бола алады. Әсіресе, ер балаларды тәрбиелеуде эстетикалық талғамның қалыптасуына шығармашылық іс-әрекетінің дамуына әр қилы материалдардан бұйым жасауға, көбіне олардың малшы, егінші, сәулетші, зергер болуы мен әлеуметтік кәсіп үйренуі, негізінен іскерлігі мен жауапкершілігінен туындаған. Қазақ халқы ұл-қызын 13-15 жасқа дейін өмірге дайындап, білгенін үйретіп шығаруға тырысқан. Яғни, қазақ халқы қыздары мен балаларының тәрбиесіне, эстетикалық көзқарасының дамуына үлкен мән бергені байқалады. Қазақ халқы қыздар мен ер балаларды сәндік-қолданбалы қолөнерге үйрете отырып, әсемдікті, сұлулықты түсініп, өмірді өнегелі етуге, қоршаған ортаның түрі мен бояуын қабылдай білуге қалыптастырады. Осы ежелден қалыптасқан қолөнер кәсібі, оның сан-алуан түрлері, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдары ұрпақтан-ұрпаққа үзіліссіз беріліп келеді. Көркемдік өнер мен халық шеберлерінің туындысы бүгінгі жастарымызға үлгі және халықтың ғасырлар бойы жинаған көркемдік тәжірибесінің сарқылмас көзі болып отыр [2].

Жас ұрпақтың рухани мәдениеті мен дүниетанымын, көркемдік талғамын қалыптастырудың басты құралы - оқушыларға көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беру. Жалпы эстетикалық тәрбиенің жолдары мен бағыттары аясының кеңдігі сияқты, көркемдік білім негіздерін игерудің де саласы жеткілікті. Мектепте оқушыларға көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие беруді қамтамасыз ететін оқу - тәрбие үрдісінің бір саласы – көркем еңбек пәні. Пәннің мақсаты оқушыларға түрлі іс - әрекеттер арқылы белгілі істі орындау технологиясын игертуге бағытталғанымен, мазмұндық жүйесі оқушылардың бейнелеу, мүсіндеу, көркем құрастыру, жапсыру, әшекейлеу сияқты көркем материалдық құндылықтарды қабылдауға, өнімді шығармашылық қабілеттілікті, әлеуметтік, табиғи, заттық ортаға деген танымдық, эстетикалық көзқарасты тәрбиелеуге бағытталған. Оқушылардың эстетикалық сезімі мен талғамының қалыптасуына ықпал ететін, тәрбиелейтін құралдар аз емес. Соның ішінде көркем өнердің, әсіресе, дәстүрлі қолөнерінің алатын орны ерекше. Әр өнер түрі қоршаған өмір болмысын өзіне тән көркем бейнелер арқылы қайта жаңғырта отырып, адамның рухани танымына зор ықпал етеді. Қазіргі заманда эстетикалық тәрбие беруді жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі – бұл оқушылардың қоғамдық өмірдегі, табиғаттағы, шығармашылық туындылардағы әдемілікті, сұлулықты бағалай білу, оны аялай алу қасиеттерін қалыптастыру және оны одан әрі дамыту, оқу үрдісінде, одан тыс уақыттағы әрекеттерінде әр түрлі құралдардың

көмегімен мектеп оқушыларының көркем - шығармашылық белсенділіктерін арттыру болып табылады. Осылардың ішінде, әсіресе, эстетикалық циклдегі бұйымдардың орны ерекше болып келеді, оған қолданбалы қолөнер заттары жатады.

Халқымыз қолөнерді ертеден қастерлеп бағалай білген. Атадан балаға ұласып келе жатқан осы дәстүр кейбір жерлерде ұмытыла бастаған сияқты. Қазіргі дизайнерлер, суретшілер неге қазақтың ұлттық нақыштағы ою-өрнегін қолданбайды, өзінің туындыларына кірістірмейді. Сыртқы жарнамада, үй жиһазында үй интерьерінде аз қолданылуда, кейбірі тіпті қолданбайды. Көпшілігі Европалық немесе шығыстық стильді таңдайды. Бұған себеп дизайнердің тұтынушыға ұсынатын стилі де осындай. Ұлттық стильдегі ұсынысы болмаса, ол үйлесімсіз, көңілге қонымсыз болып келеді. Бейнелеу өнерінің әртүрлі салалары көп. Мысалы, ағаш өңдеу, жүн, қыл өңдеу. Бұл тек ұлттық өнерге қатысты саласы. Осылардың барлығына дерлік ортақ ою-өрнек.

Халықтың ұлттық нақышын көрсететін, өзге ұлттан ерекшелейтін ою-өрнек. Қазақ халқының ою-өрнектерінің тарихын қазақ ғалымдарының ғылыми түрде саралай бастағанына небәрі елу жылдың жүзі болыпты. Қазақ ою-өрнегін алғашқы рет зерттеген қазақ ғалымы Т. Бәсенов былай дейді: «Қазақ ою-өрнегін зерттеуде әр уақыттың, әр саланың ғалымдары көп еңбек етті. Бірақ бұл зерттеулер халық ою-өрнегінің жұмбақ тілін жете түсіне, шынайы сырына үңіле алмады. Олар өз ойларын халқымыздың өнер кілтін ашатын тума тілде емес, шетелдік жат тілде, өзге халыққа деген астамшылық көзқараспен саралады. Өнерін зерттеп отырған халықтың тілімен зерттеушінің ойы мен тілінің үндестік таппауы көптеген бұрмалаушылыққа, тіпті елеулі ағаттықтарға әкеп соқтырды». Осыған қарағанда осы өнердің зерттелмеген қырлары мен қайта қарастырылатын мәселелері бар екенін аңғартады [3].

Әрине, тәуелсіздік алғаннан бері халқымыздың жанашыр ғалымдары көп еңбектер жасай бастады. Мысалы, ою-өрнекті зерттеген ғалымдардың еңбектерін біріктіріп «Қазақ ою-өрнектері» атты жаңа энциклопедия жарық көрді [4]. Кітапқа мыңнан астам ою-өрнектің ежелгі және осы заманғы түрлері енгізілген. Автор айтқандай «қазақ ою-өрнегі басқа халықтардан тайға таңба басқандай дара тұрады». Белгілі өнер танушы В.Чеплев: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты» деп жазады. Шынында да қазақ тұрмысында ою-өрнектің араласпайтын саласын табу қиын, қисса-жырлар мен дастандарда, батырлардың ат-әбзелдерін немесе арулардың киімдері мен күймесін суреттегенде тыңдаушының көз алдынан ғажайып нақыштар өтері анық. Осындай әсемдік әлемін өз көзімен көрген ғалым А.С.Фелькерзам қолөнерді, әсіресе, кілемді терең зерттей келе, Азияны үлкен этнографиялық музей деп атаған.

Халқымыздың рухани байлығының қайнар көзі болып табылатын осынау құндылық бүгінде азаматтығымыздың нысаны көк байрағымызды да көріктендіріп тұр. Көп жағдайда халықтың тілін, мәдениетін білмесек те қолөнерімен бейнеленген оюларға қарап, қай халықтың қазынасы екенін танып білеміз. Өйткені ою-өрнек әр халықтың таңбасы, сол елдің бейнелеу өнерінің көнеден келе жатқан мәдениеті. Ал осындай құндылықтың маңызды екенін бірі білсе, бірі білмейді. Эстетикалық тұрғыдан дамымаған адам өзін қоршаған ортадан тек оқулықтан нұсқаумен жарлықтардан алдын ала белгілі болған, есінде қалған нәрселерді ғана көре алады. Осындай құндылықтардың болашақта қолданыстан шығып қалмасы үшін жастардың санасына осы күннен бастап сіңірту қажет. Ол үшін көркем педагогикалық білім беретін оқу орындарында суретші-ұстаздарды даярлаудың сапасын арттыру қажет.

Әрине, тәуелсіздік алғаннан бері халқымыздың жанашыр ғалымдары көп еңбектер жасай бастады. Мысалы, ою-өрнекті зерттеген ғалымдардың еңбектерін біріктіріп «Қазақ ою-өрнектері» атты жаңа энциклопедия жарық көрді [4]. Кітапқа мыңнан астам ою-өрнектің ежелгі және осы заманғы түрлері енгізілген. Автор айтқандай «қазақ ою-өрнегі басқа халықтардан тайға таңба басқандай дара тұрады». Белгілі өнер танушы В.Чеплев: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты» деп жазады. Шынында да қазақ тұрмысында ою-өрнектің араласпайтын саласын табу қиын, қисса-жырлар мен дастандарда, батырлардың ат-әбзелдерін немесе арулардың киімдері мен күймесін суреттегенде тыңдаушының көз алдынан ғажайып нақыштар өтері анық. Осындай әсемдік әлемін өз көзімен көрген ғалым А.С.Фелькерзам қолөнерді, әсіресе, кілемді терең зерттей келе, Азияны үлкен этнографиялық музей деп атаған.

Халқымыздың рухани байлығының қайнар көзі болып табылатын осынау құндылық бүгінде азаматтығымыздың нысаны көк байрағымызды да көріктендіріп тұр. Көп жағдайда халықтың тілін, мәдениетін білмесек те қолөнерімен бейнеленген оюларға қарап, қай халықтың қазынасы екенін танып білеміз. Өйткені ою-өрнек әр халықтың таңбасы, сол елдің бейнелеу өнерінің көнеден келе жатқан мәдениеті. Ал осындай құндылықтың маңызды екенін бірі білсе, бірі білмейді. Эстетикалық тұрғыдан дамымаған адам өзін қоршаған ортадан тек оқулықтан нұсқаумен жарлықтардан алдын ала белгілі болған, есінде қалған нәрселерді ғана көре алады. Осындай құндылықтардың болашақта қолданыстан шығып қалмасы үшін жастардың санасына осы күннен бастап сіңірту қажет. Ол үшін көркем педагогикалық білім беретін оқу орындарында суретші-ұстаздарды даярлаудың сапасын арттыру қажет.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне бірінші кезекте жоғары білікті мамандарды даярлау болып табылатын, оны айрықша сала ретінде түсінуді көздейтін жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе, икемділік пен бейімділік беруді басты міндет етіп қою қажеттілігіне басты назар аударылған. Ғылым мен техниканың жаңа қазіргі уақыттағы саласы ғылыми-техникалық өркендеудің жобалы-өндірістік үрдістеріне қатысушылардың әрқайсысының кеңістіктік ойлау қабілетін ерекше талап етеді. Жоғарыда айтылған мәселелер шешімін табу үшін біріншіден, суретші-ұстаздардың кәсіби дайындығын, білім беру сапасын арттыру, екіншіден, суретші-ұстаздардың материалдық жағдайын қамтамасыз ету және қоғамдағы статусын яғни заңды құқығын көтеру керек, үшіншіден, ұлттық өнер мен мәдениетке деген қамқорлықты күшейту және мемлекет тарапынан қаржылай көмекті күшейту қажет. Жастарға қолөнер арқылы қоршаған шындық болмысының сәндік-әсемдігін танытып білгізу, эстетикалық мәдениетін қалыптастыру айырықша орын алуы тиіс [5].

Сан алуан, қиын да күрделі өрнектерді жүзеге асыру шығармашылықты шыңдайды, сәндік-қолданбалы өнер сабақтарында ырғақ, бояу түстері, сызбалардың икемділігі туралы негізгі ұғымдарды меңгереді. Олардың әртүрлі материалдар мен құралдарды пайдалану тәсілдері туралы түсініктері қалыптасады. Сонымен мектеп оқушылары сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығымен етене танысуы негізінде қызығушылыққа бөленіп, сұлулық пен әсемдікке тәрбиеленеді, олардың талғампаздығы жетіледі. Сондай-ақ аталған өнер туындыларының мазмұнын жете меңгеруі мен ондағы ою-өрнектердің мәнін ұғынуы арқылы ақыл-ойлары өседі, адами саналары толыса түседі, сол туындыларды өз қолдарымен жеке және сынып боп жасауы барысында рухани-адамгершілік сапалары артады, шеберлігі шыңдалады, еңбекке, еңбек адамдарына құрметі қалыптасады, өз еңбегін және өзгелер еңбегін бағалай білуге тәрбиеленеді. Оқушылардың кәсіби шеберліктерін жетілдіре отырып жаңа технологиялық әдістерді қолдану, жас ұрпаққа сапалы да терең білім беру арқылы оқу-тәрбие үрдісінде жоғары нәтижеге жету - біздің басты міндетіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нечаева В. С., В. Г. Белинский: Жизнь и творчество: 1842-1848. - М.: Издательство «Наука», 1967, 1968. - 526 с.

2. Адамқұлов Н.М., Саипов А.Б., Абуов Ә.Е. Оқушыларды қолөнерге үйрету технологиясы. ҚР БҒМ РОӘК секциясы мақұлдаған оқу құралы. -Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2017. -150 б.

3. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. -Алматы: Қазақстан, 1995.-240

4. Қонақбаева Ұ.Ж., Айдарбек Б.Ә. Ою-өрнек негіздері. Шымкент, 2019.

5. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы 2005-2010 жж.

ҰЛТЫНА ҚОРҒАН БОЛҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА – ЖҰМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТӘШЕНЕВКЕ 110 ЖЫЛ

Қарағанды қаласы
«Ж.Тәшенев атындағы ЖББМ» КММ-нің көркем еңбек пәнінің мұғалімі
Смагулов Бекбай Азибекулы
педагог-зерттеуші

Аңдатпа. Бұл мақалада XX ғасырдың орта тұсында Қазақстанның саяси өмірінде ерекше рөл атқарған мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеневтің өмірі мен қызметі баяндалады. Ол КСРО кезеңінде еліміздің тұтастығын сақтауға зор үлес қосқан тұлға ретінде танылды. Әсіресе, Солтүстік Қазақстан облыстарын Ресейге беру туралы шешімге батыл қарсы шығып, ұлттық мүддені қорғауда табандылық танытты. Жұмабек Тәшенев – ерлік пен отаншылдықтың символы. Оның қайсар мінезі мен елге деген шынайы сүйіспеншілігі бүгінгі ұрпаққа үлгі бола алады.

Кілт сөздер: ұлттық мүдде, ел бірлігі, егемендік негізі, ұлт жанашыры, қайсар тұлға, тарихи әділет, мемлекетшілдік, КСРО

Аннотация. В этой статье рассказывается о жизни и деятельности государственного и общественного деятеля Жумабека Ташенева, сыгравшего особую роль в политической жизни Казахстана в середине XX века.Он признан человеком, внесшим большой вклад в сохранение целостности страны в период СССР.Особенно решительно выступал против решения о передаче Северо-Казахстанской области России и упорствовал в защите национальных интересов.Жумабек Ташенев-символ мужества и патриотизма. Его непоколебимый характер и искренняя любовь к стране могут служить примером для сегодняшних поколений.

Ключевые слова: национальный интерес, единство страны, основа суверенитета, сочувствие нации, непоколебимая личность, историческая справедливость, государственность, СССР

Abstract. This article describes the life and work of the statesman and public figure Zhumabek Tashenev, who played a special role in the political life of Kazakhstan in the middle of the twentieth century.He is recognized as a man who made a great contribution to preserving the integrity of the country during the Soviet period.He particularly strongly opposed the decision to transfer the North Kazakhstan region to Russia and persisted in protecting national interests.Zhumabek Tashenev is a symbol of courage and patriotism. His unwavering character and sincere love for the country can serve as an example for today's generations.

Key words: national interest, unity of the country, the basis of sovereignty, sympathy of the nation, unshakeable personality, historical justice, statehood, USSR

Жұмабек Тәшенев 1915 жылы 20 наурызда Ақмола облысының Аршалы ауданындағы Танагүл ауылында дүниеге келген (бұрынғы жері қазіргі Береке ауылының манайында). Қазір ол ауыл жоқ, жойылып кеткен, тек Танагүл деген көл және көне зират қалды. Өзінің туған әкесінің аты-жөні – Тәшен Жақсыбайұлы (азан шақырып қойған аты Тәш-Мұхаммед), анасы – Гүлсім. Әкесі Тәшен қарапайым шаруа адамы болса да, ауылдастарына сөзі өтімді, беделді кісі болыпты.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев (1915–1986) – Қазақ КСР-нің мемлекет және қоғам қайраткері, республика экономикасы мен саясатының дамуына елеулі үлес қосқан тұлға. Ол 1960–1961 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін атқарған.

1915 жылы Ақмола облысы, Аршалы ауданында дүниеге келген. 1934 жылы Ақмола сауда техникумын бітіріп, еңбек жолын бастады. 1940-жылдары Қазақстанның әртүрлі аймақтарында басқару қызметтерін атқарды. 1955–1960 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы болды. 1960–1961 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы (премьер-министрі) қызметін атқарды.

Жұмабек Тәшенев Қазақстанның жерін қорғауда үлкен ерлік көрсетті. 1960 жылы КСРО басшылығының Қазақстанның солтүстік облыстарын Ресейге беру туралы жоспарына ашық қарсы шықты. Ол тың игеру жылдарында қазақ жерінің біртұтастығын сақтау үшін батыл күрес жүргізді.

1961 жылы қызметінен алынып, Шымкентке жіберілді. Кейін онда қарапайым қызметтер атқарып, саяси сахнадан шеттетілді. Бірақ халық оны ұлтжандылығы мен мемлекетшілдігі үшін әрдайым құрметтеді.

Жұмабек Тәшенев – ұлттық мүддені қорғаған қайраткер ретінде Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Бүгінде оның есімімен аталған көшелер, мектептер бар.

2022 ж. қазан айында мектебімізге Ұлы тұлға Жұмабек Тәшеневтің есімі берілді. Ұлы тұлғаның есімі берілгеннен кейін ұжым алдында үлкен жауапкершілік тұрды. Бүгінгі күні мектебімізде білім сапасының артуына, пәндік олимпиадалардан қала және облыс бойынша жүлделі орындар алғанымыз, жыл сайын өтетін «Жыл оқушысы» қалалық байқауының жүлделері орындарын иеленгеніміз дәлел бола алады. Мектебімізде әжелер мектебі мен әкелер мектебі жұмыс жасайды. Мектеп заманауи технологияларды, үрдістерді қолдана отырып, үлкен жауапкершілікпен жұмыс атқаруда. Қазіргі талапқа сай қазақ тілі кабинеті, физика кабинеті, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы бастауыш сынып кабинеттері жабдықталды.

Ұлы тұлға Жұмабек Тәшеневтің туғанына 110 жыл толуына байланысты биылғы жылы мектебімізде «Тәшенев жылы» болып жарияланды. Мектеп педагогтары, оқушылар, ата-аналар осы атаулы шараға үлкен жауапкершілікпен келіп отыр. Жыл бойына ауқымды жұмыстар жоспарланып отыр. Оқушылар арасындағы республикалық «Тәшенев жүлдесі» спартакиадасы, «Ұлт символы-Жұмабек Ахметұлы Тәшенев» аймақтық жас зерттеушілер байқауы, тарих пәнінен Жұмабек Тәшенев атындағы аймақтық олимпиадасы, облыстық білім берудің оқу-әдістемелік орталығымен бірлесіп «Тәлімгер және жас маман» аймақтық-педагогикалық марафоны өткізіледі.

Аталған жарысқа, байқауға, олимпиадаға Жұмабек Тәшеневтің есімі берілген серіктес мектептер және қалалық, облыстық мектептер қатысады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баймұратов, Ү. "Жұмабек Тәшенев – ел қорғаны". – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005.

2. Нұрпейісов, К. "Тәуелсіздік тұлғалары". – Астана: Фолиант, 2011. – Бөлім: Ж.Тәшенев.

3. "Қазақстан тарихы" (жалпы білім беретін мектептерге арналған оқулық). – Алматы: Атамұра, 2019.

4. Әбіл, Е. "Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын сақтаудағы Жұмабек Тәшеневтің рөлі" // Қазақстан тарихы журналы, №4, 2020.
5. Қойгелдиев, М. "Алаш және Тәшенев сабақтастығы". – Алматы: Ұлт тағылымы, 2018.
6. Тәшенев Ж.А. туралы мақалалар // Egemen Qazaqstan газеті, түрлі жылдардағы архив.
7. Әбділдәұлы, Ә. "Ұлт мүддесін қорғаған тұлға" // Ана тілі газеті, №10, 2021.
8. Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. Ж.Тәшеневке қатысты тарихи құжаттар жинағы.
9. Wikipedia.org – [Жұмабек Тәшенев туралы мақала (қазақша нұсқасы)](https://kk.wikipedia.org/wiki/Жұмабек_Тәшенев).

ЭПОСТАҒЫ БАТЫР МЕН ТҰЛПАР БЕЙНЕСІНІҢ БІРЛІГІ

Мамыт А.А.
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Асанғали М.
магистр-оқытушы
Tashenev University, Шымкент қ.
amangeldi_65@bk.ru

Аңдатпа. Мақалада қаһармандық эпос сюжеттеріндегі батыр мен тұлпар бейнесінің бірлігі, оның көркемдік-поэтикалық сипаты ғылыми талданады. Ғажайып туу сарынындағы батырдың дүниеге келуі сияқты болашақ тұлпарының да ерекше жағдайда өсуі зерделеніп, тұжырымдалған. Эпос басындағы суреттеулер уақыт өте келе батырдың айқас алаңындағы ерекше ерліктеріне сенуге негіз болатыны айқындалады.

Кілт сөздер: эпос, сюжет, мотив, ғажайып туу, бейне

Аннотация. В статье научно анализируется единство образа богатыря и коня в сюжетах героических былин, а также его художественно-поэтические особенности. Подобно герою в мотиве чудесного рождения, изучается и концептуализируется рост будущей коня в необычных обстоятельствах. Описания в начале эпоса со временем становятся понятными, порождая веру в необыкновенные подвиги героя на поле боя.

Ключевые слова: эпос, сюжет, мотив, чудесное рождение, образ

Abstract. The article scientifically analyzes the unity of the image of the hero and the horse in the plots of heroic epics, as well as its artistic and poetic features. Like the hero in the motif of miraculous birth, the growth of the future horse in unusual circumstances is studied and conceptualized. The descriptions at the beginning of the epic become clear over time, giving rise to faith in the hero's extraordinary feats on the battlefield.

Key words: epic, plot, motif, miraculous birth, image

Қаһармандық эпос сюжеттерінде тұлпар бейнесін батырдың ғажайып дүниеге келу мотивімен сабақтастыра суреттейтін «қос бірлік» образының озық үлгісі қалыптасқан. Қазақ батырлық жырларында жылқыны «киелі» етіп суреттеу сырына кезінде С.Сейфуллин де үңіліп, топшылау жасаға [1,201]. Ал зерттеуші Р.С.Липец түркі-монғол батырлық эпосындағы ғажайып фонтастикалық бейнедегі тұлпарлар туралы былай деп жазады: «Эпоста тұлпар қаһарманның ата-анасының бірі ретінде, көбіне анасы бейнесінде суреттеледі. Сонымен қатар, аң кейпіндегі әйел құдайы және оның шаман төлі тотем-тұлпар батырдың жебеушісі болып келеді.

Кейінгі шығармаларда жылқы батырдың туған анасы кейпінде емес, өз анасынан туған болашақ батырды төлімен қоса бірге емізеді» [2,116]. Жалпы алғанда, батыр мен

тұлпар бір ана сүтінен нәр алып өскен ажарамас бауыр. Қалай болғанда да, екеуі бір емшекті емген «қос бірлік» образы ретінде «ананың сүтімен туысу» сюжетінде батырлық эпостарға тән ортақ сарын бар. Башқұрттың «Бозансы батыр» жырында эпос қаһарманы жылқыдан туған болып суреттеледі [3, 188]. Сол сияқты башқұрт батырлық жырларында көлдерді мекендетін су-тұлпарлар жайындағы мифологиялық сюжеттер де кездеседі. Олардың көсемі – ақбоз ат. Қазақ халқының да боз жылқыны өзге түстілерден артық көретіні қаһармандық жырларда байқалады. Мысалы, Ер Қосай әкесі Көкшені өлтірген жаудан кек алуға аттанып бара жатқанда жолдастарымен шөлге ұшырап қалжырайды. Сонда атының бауыры астындағы жайдың таысн алып, күн жайлатып, жаңбыр жауғызып, шөлден аман қалады. «Еңсегей бойлы Ер Есім» жырындағы бас кейіпкердің су-тұлпары дариядан шыққан, кеудесі жылқы, басы адам түріндегі жан иесінің байталға жанасуынан туады. Шора батыр жырындағы Шұбар аттың жаратылыс-тумысы көркемдің тұрғыдан басқа қаһармандық эпостарындағы тұлпар бейнесінен бір саты көтерілген. «Қара суды қақ жарып» толқыны жағаға ұрған теңізден шыққан Шұбар жырдың келесі бір нұсқасында эпос тыңдаушысын тосын тумысымен есте қаларлақтай елітіп, көркемдік шыңына шығады.

Анасы болған құмайдан,
Атасы болған сыбайдан,
Екі асылдың белінен
Пайда боп туған сиырдан.
Қызылшақа күнінде
Емшегін емізіп бәйбішем,
Бала қып басты бір жайдан,

- деп Нәріктің сөздері арқылы батырдан бұрын болашақ қаһарманның анасын тұлпар емгенін жеткізеді [4,20].

Батырдың болашақтағы сын сағаттарында тұлпардың көмекке келуі немесе қаһарманның қиналып жатқанын сезу эпизодтарында тыңдаушысын сендіру қажеттілігі мақсатында эпостық жырларда «ана сүтімен туысу» сарыны туған. Батырдың көңіл-күйін танитын, керек кезінде ақыл-кеңес беретін жүйрік көп жырларда кездесіп оытрады. Атты сөйлетудің бір мысалын «Қобыланды батыр» эпосынан кездестіреміз. Қобыландының қамшысы жанына батқан Тайбурыл батырға тіл қатады. Жаудың еліне жеткенімен, қорғаннан қарғу қиын болып тұрған кезде Тайбурылға тағы да тіл бітіп, сөйлеп Қобыландыны дегеніне жеткіземін деп уәде береді.

Алпамыс батырдың киімінің иісін сезген Байшұбар темір торлы қапасты бұзып шығады. Жырдың бір нұсқасында қалмақ батыры Қараманның астындағы аты алыста келе жатқан Алпамысты болжап, аяғын ілгері баспай қояды. «Ер Тарғын» жырында Тарлан ат соңынан қуғыншы бар екенін батырға сездіреді. «Шора батыр» жырында да Шұбар ат өзіне жақындап келе жатқан адамның дос немесе қас екенін сезетін болып суреттеледі.

Қиянатшыл Әлібидің адамдары ұстамақ болып ұмтылғанда Шұбар олардың арам ниетін біліп ұстатпайды:

Піскен алма сабақтай,
Бір Шұбарға жолықты.
Сол уақатта Әлекең,
Тұлғасына таң қалып,
Ақыл-естен танады.
Бұйрық қылып, ұста деп,
Қасына жақын барады.
Мұны көріп Шұбар ат,
Құлағын тігіп алады.
Түсі суық адамды,
Айуан да болса, жануар,

Ақылмен ойлап табады [4,23].

Болашақ батырдың көздегені ел намысы болса, оның астындағы аты да өзіне сай болуы шарт. Жырды шығарушы да, тыңдаушы да қаһарман тұлпарының дәл сондай болғанын қалайды әрі аңсап отырады. Сондықтан «ат таңдау» эпизоды барлық қаһармандық жырларда кезеседі. Оларға ортақ белгі – болашақ батырдың таңдаған атының бірден ұстата қоймауы. Бұл – батырдың алғашқы сыннан өтуі іспеттес. Мысалы, Алпамыс жылқыға барып, ат таңдаған тапқырлық та, қайраттық та танытады. Жырда ол былайша баяндалады:

«Енді жылқыны Алпамыстың үстінен тоғытып айдайды. Алпамыс жылқының бәріне қарап жатыр. Жылқылар Алпамыстың үстінен өтіп жатыр. Өзінің атасы Байбөрі байдың көп жылқысының ішінен толып жатқан бедеудің біреуін де көңілі жаратпады. Жылқының қара көрінім соңында бір шұбар ат көрінді. Жалы құлағынан асқан, төрт аяғын тең басқан, құйрығы бір қолтық сексеуілдің шырпысындай, жалы, кекілі жібейтей.

Алпамыс жатқан ақ тастың үстінен жортып өте берді. Алпамыс көре салып, білегіне күшін жинап, секіріп орнынан тұрды. Алпамыс сұлтан нақ он төрт жасында аттың құйрығына жолбарыстай қол салды. Алпамыс деген алып еді, жануар Байшұбар нар сияқты тізесін бүкті, қайшылап құлағын тікті. Үш мәртебе зор салды. Алпамыс жібермеді. Байшұбар аттың өзінің уәдесі бар еді, мені құйрығымнан тартып тұрғызған ер мінер деген. Сол уәдесі есіне түседі» [4, 23].

Шора да көп жылқының ішінен айрықша ұнаған Шұбарды ұстай алмай көп әуре болады. Әбден әуре-сарсанға түскен Шора былай деп тіл қатады:

Айналайын Шұбар ат,
Тәуір екен кескінің,
Ісін қылма осқырып,
Дөнен өтіп бестінің,
Танымайсын егеңді,
Жаңа талап өспірім[4,79].

Алпамыстың Байшұбары «уәдесін есіне түсірсе», Шораның аты да өз иесін танитын болып шығады.

Мұны естіп Шұбар ат,
Қайта қарап тұрады.
Иісін алып Шораның
Артына мойын бұрады.
Болмаса деп түркімендер
Аңғарып, әбден сынады.
Таныған соң егесін,
Оқырынып шауып кеп,
Қойнына басын тығады.
Түркіменнен көрген қорлықты,
Істеген молдап қорлықты
Айтуға Шұбар тілі жоқ.
Ымымен шағып, жылады [4, 82].

Қазақ қаһармандық эпостарындағы тұлпардың батыр бейнесімен бірлігін мынадай белгіліерден көреміз:

1) Болашақ батырмен «ана сүтімен туыстығы»;
2) Өзінің иесіне кездескенге дейін, оны алдын-ала танып білетіндігі;
3) Батырдың мінезі мен тілегін сезіп отыратын, дұшпанның арам пиғылын танитын ақыл-естілігі;
4) Сын сағаттарда «тіл бітіп» сөйлеп, батырға жол сілтейтіндігі;
5) Қиын кездерде түсін өзгерте алатын сиқырлы өнері арқылы батырға көмектескендігі;

6) Жаудың келе жатқаннын алдын-ала сезіп, иесіне қауіп-қатерді білдіретіндігі;

7) Батыр мерт болған жағдайда денесін далаға қалдырмай, еліне алып келетіндігі;

Батырлық жырлардағы тұлпардың батыр бейнесімен бірлігі мәселесі әлі де тереңдеп зерттеуді қажет етеді. Халқымыздың жүйрік атқа деген сүйіспеншілігі ғасырлар бойында тұлпардың асқақ образын сомдауға негіз болды. Көшпелі ғұмыр кешкен бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігінде жылқы малының ерекше маңызға ие болғаны шындық. Бұған дәлел болар аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер жетерлік. Соның барлығында да тұлпар тұлғасы көкке көтеріле мақталады. Мұның түп-төркіні жылқының ұлттық тарихымызбен бірге жасасып, қиындығына да, қызығына да ортақтасуында жатыр. Ал, батыр мен тұлпар бейнесінің бірлігі қаһармандық эпостың басты идеясы – елді сыртқы жаудан қорғау мақсатына тікелей қатысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сейфуллин С. Шығармалары. 6-том. – Алматы, 1964.
2. Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. – М., 1984.
3. Башкорт халык ижади. – Өфө, 1982.
4. Шора батыр. – Алматы, 1993.

ТҰЛҒАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Алимова Қ.Ш.
Мектепке дейінгі оқыту және психология
кафедрасының магистр, аға оқытушысы
Alimova_87@mail.ru
https://orcid.org/0000-0001-7183-3964
Егемберді Б.Н.
Психология мамандығының 1 курс студенті
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
balerkeegemberdi@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада тұлғаның психологиялық тұрақтылығының маңызы және оны қалыптастыру жолдары қарастырылады. Психологиялық тұрақтылық адамның стресске төзімділігіне, эмоцияларын басқаруына және қиындықтарға бейімделу қабілетіне тікелей байланысты. Ол жеке тұлғаның ішкі үйлесімділігі мен өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту арқылы нығайтылады.

Мақалада психологиялық тұрақтылықты арттыру әдістері, соның ішінде өзіндік рефлексия, эмоционалды интеллектті жетілдіру, мотивацияны күшейту және әлеуметтік қолдау жүйесін қалыптастыру талданады. Сондай-ақ, кәсіби және тұлғалық даму психологиялық тұрақтылықтың маңызды аспектілері ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: тұлға, психологиялық тұрақтылық, стресс, мотивация, өзін-өзі реттеу, эмоция.

Аннотация. В данной статье рассматривается значение психологической устойчивости личности и пути ее формирования. Психологическая устойчивость напрямую зависит от стрессоустойчивости человека, способности контролировать свои эмоции и способности адаптироваться к трудностям. Она укрепляется за счет развития внутренней гармонии личности и навыков саморегуляции. В статье анализируются методы повышения психологической устойчивости, включая саморефлексию, совершенствование эмоционального интеллекта, усиление мотивации и формирование

системы социальной поддержки. Также профессиональное и личностное развитие рассматривается как важнейшие аспекты психологической устойчивости.

Ключевые слова: личность, психологическая устойчивость, стресс, мотивация, саморегуляция, эмоции.

Abstract. This article discusses the importance of psychological stability of the personality and the ways of its formation. Psychological stability directly depends on a person's resistance to stress, control of his emotions and the ability to adapt to difficulties. It is strengthened by the development of internal harmony and self-regulation skills of the individual. The article analyzes methods for increasing psychological stability, including self-reflection, improving emotional intelligence, strengthening motivation and the formation of a system of social support. Also, professional and personal development are considered as important aspects of psychological stability.

Key words: personality, psychological stability, stress, motivation, self-regulation, emotion.

Қазіргі қоғамның қарқынды өзгеруі мен адам өмірінің күрделене түсуі психологиялық тұрақтылықтың маңыздылығын арттырып отыр. Әртүрлі өмірлік қиындықтарға, стресстік жағдайларға қарамастан, өзінің ішкі үйлесімін сақтап, эмоцияларын бақылау қабілеті жоғары адамдар кез келген қиындықтан тиімді шыға алады. Психологиялық тұрақтылық – бұл адамның ішкі және сыртқы факторларға жауап беру қабілеті, оның өмірдегі түрлі қиындықтарға бейімделуі, эмоционалды тепе-теңдігін сақтай алуы және тұрақты психикалық денсаулығын қамтамасыз етуі. Бұл мақалада психологиялық тұрақтылықтың мәні, оның негізгі факторлары және оны дамыту жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, психологиялық тұрақтылықты арттыруға бағытталған әдістер мен жаттығуларға тоқталамыз. Тұлғаның психологиялық тұрақтылығының мәні. Психологиялық тұрақтылық – адамның әртүрлі өмірлік жағдайлар мен стресстік факторларға төтеп беру, ішкі тепе-теңдікті сақтау қабілеті. Бұл сапа тұлғаның эмоционалды, когнитивті және мінез-құлықтық ерекшеліктерімен тығыз байланысты.

Психологиялық тұрақты адам:

- Эмоцияларын бақылай алады және сыртқы қысымға берілмейді;
- Стресстік жағдайларда тез шешім қабылдайды;
- Өз-өзіне сенімді және мотивациясы жоғары;
- Күрделі мәселелерді оңай қабылдап, оларды шешудің тиімді жолдарын табады;
- Өзіне және қоршаған ортаға оң көзқараспен қарайды.

Бұл сапа жеке тұлғаның дамуына, табысқа жетуіне және өмірден ләззат алуына ықпал етеді [1].

Психологиялық тұрақтылықтың негізгі факторлары. Тұлғаның психологиялық тұрақтылығына әсер ететін факторларды бірнеше топқа бөлуге болады:

1.Генетикалық және биологиялық факторлар. Адамның жүйке жүйесінің типі, темпераменті, тұқым қуалайтын қасиеттері оның психологиялық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мысалы, күшті жүйке жүйесі бар адамдар қиындықтарға оңай бейімделеді.

2. Әлеуметтік факторлар. Отбасы, достар, жұмыс ортасы және қоғам психологиялық тұрақтылықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Жақсы әлеуметтік қолдау көрсететін ортадағы адамдар стресс жағдайларына төзімді болады.

3. Психологиялық факторлар. Адамның өзіне деген сенімі, өмірлік ұстанымы, ішкі мотивациясы және мақсатқа жетуге деген ұмтылысы психологиялық тұрақтылықты анықтайды.

4. Тұлғалық қасиеттер. Оптимизм, эмоционалды интеллект, өзін-өзі бақылау, стресске төзімділік сияқты қасиеттер психологиялық тұрақтылықтың маңызды элементтері болып табылады [2].

Психологиялық тұрақтылықты дамыту жолдары

1.Эмоционалды интеллектті дамыту. Эмоционалды интеллект – өз эмоцияларын тану, бақылау және оларды тиімді пайдалану қабілеті. Бұл қабілетті дамыту үшін келесі тәсілдерді қолдануға болады:

- Өзіңіздің эмоцияларыңызды анықтау және түсіну;
- Басқалардың эмоцияларын сезіну және түсіну (эмпатия);
- Эмоцияларды басқаруды үйрену (мысалы, ашуланғанда тыныштық сақтау, күйзеліске түскенде позитивті ойлау).

2. Өзін-өзі тану және мақсат қою. Адам өзінің күшті және әлсіз жақтарын біліп, мақсат қойғанда, ол психологиялық тұрақтылығын нығайтады. Мақсатқа жету барысында кездесетін қиындықтарға дайын болу және оларды шешу қабілеті тұлғаның ішкі тұрақтылығын арттырады.

3. Стресс менеджменті. Стресті басқару – психологиялық тұрақтылықты арттырудың маңызды бөлігі. Стресс деңгейін төмендету үшін келесі әдістер қолданылады:

- Медитация және релаксация техникалары;
- Дұрыс тыныс алу әдістері;
- Физикалық жаттығулар (йога, жүгіру, жүзу және т.б.);
- Демалыс пен ұйқы режимін сақтау.

4. Когнитивті қайта құрылымдау. Когнитивті қайта құрылымдау дегеніміз – теріс ойлау үлгілерін өзгерту және позитивті ойлауды қалыптастыру. Бұл әдіс арқылы адам өз көзқарасын өзгертіп, оқиғаларға оң көзқараспен қарауға үйренеді.

5. Әлеуметтік қолдау жүйесін нығайту. Жақын адамдармен қарым-қатынас жасау, эмоционалды қолдау көрсету және қабылдау психологиялық тұрақтылықты күшейтеді. Достар мен отбасының қолдауы адамның өмірлік қиындықтарға төтеп беруіне көмектеседі.

6. Өзін-өзі дамыту және жаңа білім алу. Тұлғаның дамуы оның психологиялық тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Үздіксіз білім алу, жаңа дағдыларды меңгеру, кітап оқу, кәсіби дамуға көңіл бөлу адамның өзін-өзі бағалауын арттырады және қиын жағдайларды оңай еңсеруге көмектеседі. Психологиялық тұрақтылық – адамның өмірдегі қиындықтарға төзімділігі мен бейімделу қабілеті. Бұл қасиетті дамыту үшін эмоционалды интеллектті жетілдіру, өзін-өзі тану, стресс менеджменті, когнитивті қайта құрылымдау және әлеуметтік қолдау жүйесін нығайту маңызды [3].

Психологиялық тұрақтылықты дамыту – үздіксіз процесс. Ол адамның күнделікті тәжірибесі мен өмір салтына байланысты дамиды. Осы мақалада көрсетілген әдістерді қолдану арқылы әр адам өз психологиялық тұрақтылығын нығайтып, өмірдегі түрлі сынақтарға төзімді бола алады. Тұлғаның ішкі үйлесімі мен эмоционалды тепе-теңдігі – бақытты және табысты өмірдің негізі. Сондықтан әрбір адам психологиялық тұрақтылықты дамытуға саналы түрде ұмтылуы керек [4].

Психологиялық тұрақтылыққа қол жеткізу үшін адам өз эмоцияларын бақылай алуы, күйзелісті басқаруы және өмірлік қиындықтарды жеңе білуі керек. Қазіргі заманның қарқынды өзгерістері, стресстік жағдайлардың көбеюі психологиялық тұрақтылықтың маңыздылығын арттыра түседі. Бұл қасиетті дамыту үшін эмоционалды интеллектті жетілдіру, өзін-өзі тану, дұрыс мақсат қою, позитивті ойлау дағдыларын қалыптастыру және стрессті басқару әдістерін меңгеру қажет. Сонымен қатар, әлеуметтік қолдау жүйесінің маңызы зор, себебі жақын адамдармен қарым-қатынас жасау адамның психологиялық әл-ауқатын нығайтады. Психологиялық тұрақтылық тек қиындықтарды жеңуге ғана емес, сонымен қатар өмірден ләззат алуға, ішкі үйлесімділікті сақтауға және өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді.

Сондықтан әрбір адам бұл қасиетті дамытуға саналы түрде ұмтылып, өз өмірін жақсартуға күш салуы қажет. Өзін-өзі жетілдіру және ішкі тепе-теңдікті сақтау – адамның бақытты әрі сәтті өмір сүруінің негізгі шарттарының бірі [5].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асанова А.А. “Жеке тұлғаның психологиялық тұрақтылығының теориялық негіздері” – Алматы: Ғылым, 2012.
2. Мұқанова Б. “Тұлғаның өзін-өзі дамыту психологиясы” – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
3. Құрманалиева А. “Психологиялық тұрақтылықты дамыту жолдары” – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
4. Төленова А. “Эмоционалды интеллект және тұлғаның тұрақтылығы” – Астана: Фолиант, 2020.

ЭМОЦИОНАЛЬНЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ УЧАЩИХСЯ: КАК РАЗВИВАТЬ У ДЕТЕЙ СПОСОБНОСТЬ К САМООСОЗНАНИЮ И УПРАВЛЕНИЮ ЭМОЦИЯМИ

Барахова Р.К.
магистр, старший преподователь кафедры общеобразовательных дисциплин
Региональный инновационный университет, Шымкент

Аннотация. Эмоциональный интеллект (ЭИ) представляет собой способность осознавать и регулировать свои эмоции, а также эффективно взаимодействовать с эмоциями других людей. В последние десятилетия в педагогике наблюдается возрастающий интерес к развитию ЭИ у учащихся, поскольку эта способность играет ключевую роль в личностном росте и успешности в учебе. В статье рассматриваются основные теоретические аспекты эмоционального интеллекта, его значение для образовательного процесса и методы, направленные на его развитие у школьников. Особое внимание уделяется технологиям самоосознания и управления эмоциями, а также методам, которые могут быть интегрированы в школьное обучение для повышения уровня эмоционального интеллекта. Приводятся примеры успешных практик из разных стран, а также рекомендации для педагогов по развитию ЭИ у детей.

Ключевые слова: эмоциональный интеллект, самоосознание, управление эмоциями, педагогика, личностное развитие, школьники, методы развития ЭИ.

Abstract. The article examines the development of preschool children and the features of their education. The main aspects of children's physical, cognitive, and socio-emotional development are described. Additionally, effective teaching methods used in the preschool education system, including learning through play, interactive methods, and the development of motor skills, are discussed. The importance of maintaining children's health, providing psychological support, and establishing close communication with parents is emphasized. Special attention is given to the role of preschool educators and parents in fostering the comprehensive development of children.

Key words: preschool education, child development, teaching methods, learning through play, cognitive development, socio-emotional support, parental involvement.

Мектепке дейінгі білім – баланың дамуы мен болашағының негізін қалыптастыратын маңызды кезең. Бұл кезеңде баланың ой-өрісі, мінез-құлқы, әлеуметтік және танымдық қабілеттері қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуі керек.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың даму ерекшеліктері

Мектепке дейінгі кезеңдегі балалардың дамуы бірнеше негізгі бағыттарға бөлінеді:

1.1. Физикалық даму

Баланың бұлшықет жүйесінің жетілуі, қимыл-қозғалыс белсенділігі, моторикасының дамуы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маңызды бөлігі болып табылады. Бұл кезеңде балалар жүру, жүгіру, секіру, тепе-теңдік сақтау сияқты негізгі дағдыларды меңгереді.

1.2. Танымдық даму

Балалардың қызығушылығы өте жоғары болады, олар айналасындағы әлемді зерттеуге құштар. Зейін, ес, ойлау және қиялдың дамуы мектепке дейінгі жаста белсенді жүреді. Ойындар мен шығармашылық тапсырмалар танымдық процестерді ынталандырады.

1.3. Әлеуметтік-эмоционалдық даму

Балалар қоғаммен қарым-қатынас жасау дағдыларын үйренеді. Достық, эмпатия, өзара көмек көрсету қабілеттері қалыптасады. Бұл кезеңде балалар өз эмоцияларын түсінуді және бақылауды үйренеді.

2. Оқыту әдістері мен тәсілдері

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде әртүрлі оқыту әдістері қолданылады. Олардың ішінде ең тиімділері:

2.1. Ойын арқылы оқыту

Ойын – мектепке дейінгі балалардың негізгі қызметі. Балалар ойын барысында жаңа дағдыларды меңгереді, қоршаған ортамен танысады және өз шығармашылық қабілеттерін дамытады.

2.2. Интерактивті оқыту

Тәжірибелік жұмыстар, ертегілерді оқу, сұрақ-жауап әдістері балалардың белсенділігін арттырады. Мұндай әдістер балалардың сыни ойлау қабілетін дамытуға көмектеседі.

2.3. Моторикалық дағдыларды дамыту

Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу сияқты әрекеттер баланың ұсақ моторикасын дамытады. Бұл болашақта жазу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

3. Мектепке дейінгі балалармен жұмыс істеудің маңыздылығы

Балалардың денсаулығы мен психологиялық жағдайын сақтау үшін педагогтер мен ата-аналар келесі факторларға назар аударуы керек:

- Дұрыс тамақтану мен күн тәртібін сақтау;
- Баланың физикалық белсенділігін арттыру;
- Эмоционалды қолдау көрсету;
- Әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеру;
- Оқу процесіне қызығушылығын арттыру.

4. Ата-аналармен жұмыс істеу

Ата-аналар мектепке дейінгі білім беруде маңызды рөл атқарады. Педагогтер мен ата-аналардың тығыз байланыста болуы баланың дамуына оң әсер етеді. Ата-аналарға ұсыныстар:

- Баламен бірге кітап оқу;
- Ойындарға қатысу;
- Баланың жетістіктерін мадақтау;
- Психологиялық қолдау көрсету;
- Әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектесу.

Білім – мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық қабілеттерін жүйелі түрде дамыту, оларға балабақшада қажетті негізгі білім, дағдылар мен қабілеттерді меңгерту. Білім беру баланың интеллектуалды тәрбиесіндегі жетекші рөл атқарады, себебі оқыту барысында ақыл-ой тәрбиесіне қатысты барлық мәселелер шешіледі. Білім беру процесі балаларды жүйелі түрде оқыту, олардың білімін анықтау мен жүйелеу, танымдық процестер мен интеллектуалды қызметті дамыту сияқты маңызды аспектілерді қамтиды.

Білім беру баланың мінез-құлқын, қызығушылығын, интеллектуалды қасиеттерін (сезімталдық, ойлылық, сыншылдық) қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл физикалық, эстетикалық және еңбек тәрбиесін жүзеге асыру үшін де қажет. Балабақшада балалар мәдени дағдыларды, негізгі әрекеттерді үйренеді, мәдени-этикалық нормалармен танысады.

Балалардың білім алу процесін табысты ету үшін екі әдіс бар:

1. Баланың ересектермен қарым-қатынасы барысында білім, дағдылар мен қабілеттерді меңгеруі.
2. Арнайы білім беру мекемелерінде арнайы дайындалған мамандар арқылы қажетті білім, дағдылар мен қабілеттерді меңгеруі.

Бұл оқытудың негізгі мақсаты – жас ұрпақты қазіргі заманғы өндірістік, әлеуметтік, саяси және мәдени өмірге белсенді қатысу үшін қажетті ғылыми жетістіктермен таныстыру.

Білім беру әдістері

Балаларды оқытуда келесі әдістер қолданылады:

1. Бақылау әдісі

Бұл әдіс балаларға қоршаған ортамен танысуға мүмкіндік береді. Олар білімді көру, есту және сезіну арқылы алады. Бұл әдіс көбінесе жаңа білімді меңгеру кезінде қолданылады. Бақылау – балаларға шынайылықты саналы түрде қабылдау үшін қолданылатын тәсіл.

2. Көрнекі әдіс

Бұл әдісте тәрбиеші балаға немесе оның бейнесіне қарап түсіндіреді. Бейнелер, суреттер, табиғат құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар әлемі осы әдіс арқылы таныстырылады. Техникалық құралдар үлкен және дайындық топтарында қолданылады.

3. Әңгімелеу әдісі

Бұл әдіс балаларға нақты оқиғаларды суреттеу арқылы ақпарат беруді қамтиды. Әңгіме мазмұны бейнелі, түсінікті және көркем болуы керек. Әңгімелеу әдісі балаға эмоционалды және когнитивті әсер етеді.

4. Әңгімелесу әдісі

Сұхбат – мектепке дейінгі білім берудегі маңызды әдіс. Мұнда педагог баланың білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, жаңа ақпарат алуға көмектесетін сұрақтар қояды.

3-4 жастағы балалармен сұхбат жүргізілмейді, 4-5 жастағы балалармен қысқа әңгімелер ұйымдастырылады, ал 6 жастан бастап балалармен толыққанды сұхбат жүргізуге болады.

5. Практикалық әдіс

Бұл әдіс балаларға әртүрлі тәжірибелік әрекеттерді орындау арқылы білім, дағды және қабілеттерді меңгеруге көмектеседі. Мұнда педагог балаға белгілі бір тапсырма беріп, оны орындауын сұрайды. Осылайша, бала жаңа білім алады.

6. Ойын әдісі

Ойын – мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең тиімді оқыту әдістерінің бірі. Бұл әдіс балалардың өз еркімен зейін қоюына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Рөлдік ойындар мен сюжеттік ойындар балалардың әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастырады.

Дидактикалық ойындар

Бұл ойындар балалардың интеллектуалды дамуына ықпал етеді. Олардың мазмұны дайын және нақты ережелерге негізделген. Халықтық ойындар ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келеді, ал кейбір ойындарды педагогтер арнайы жасайды. Мұндай ойындар балалардың ой-өрісін дамыту үшін маңызды құрал ретінде қолданылады.

Қорытынды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – болашақ тұлғаның қалыптасуындағы ең маңызды кезең. Балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету үшін оқыту әдістерін дұрыс таңдау, әлеуметтік және эмоционалдық қолдау көрсету, ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу қажет. Осылайша, бала мектепке дайын болып, оның болашағы жарқын болуына негіз қаланады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Толипов У., Усманбаева М. **Педагогикалық технологиялар: теория және практика**. – Ташкент: Ғылым, 2005.

2. Нигматова М.М., Мирзаева Д.Ш. **Түзету педагогикалық қызмет – тұлғаның толыққанды дамуына бағытталған процесс** // ACADEMY ғылыми-әдістемелік журналы, 2019, № 11 (50), 29-31 беттер.

3. Турдиева Г.С., Хотамова Д.К. **Dream Weaver бағдарламалық жасақтамасының білім беру сайттарын жасауға арналған мүмкіндіктері** // ACADEMY ғылыми-әдістемелік журналы, 2019, № 5 (44), 89-92 беттер.

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ МЕН САЛАЛАРЫ

Алимова Қ.Ш.
Мектепке дейінгі оқыту және психология
кафедрасының магистр, аға оқытушысы
Alimova_87@mail.ru
https://orcid.org/0000-0001-7183-3964
Жуманова Г.Н.
Психология мамандығының 1 курс студенті
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
gaukharzhumanova17@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада психология ғылымының түрлі салалармен байланысы, оның адам өміріндегі және қоғамдағы маңызы қарастырылады. Психология әлеуметтік, медициналық, заң, әскери және спорт салаларымен тығыз қарым-қатынаста болып, әртүрлі психологиялық үрдістерді зерттейді. Әлеуметтік психология адамның қоғаммен қарым-қатынасын талдаса, медициналық психология психикалық денсаулық пен емдеу

әдістеріне назар аударады. Сонымен қатар, заң психологиясы құқықтық мәселелерді реттеуде, ал әскери және спорт психологиясы адамның экстремалды жағдайдағы мінез-құлқын зерттеуде маңызды рөл атқарады. Жалпы, психология адам психикасы мен мінез-құлқының ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік беріп, оның әлеуметтік өмірдегі орны мен маңызын айқындайды.

Кілт сөздер: Психология, қоғам, тұлға, әлеуметтік психология, мінез-құлық, топтық қарым-қатынас, психологиялық факторлар.

Аннотация. В данной статье рассматривается взаимосвязь психологии с различными сферами науки и общества, а также ее значение в жизни человека. Психология тесно связана с социальными, медицинскими, юридическими, военными и спортивными направлениями, изучая различные психологические процессы. Социальная психология анализирует взаимодействие человека с обществом, медицинская психология исследует психическое здоровье и методы лечения. Кроме того, юридическая психология изучает вопросы, связанные с правом, а военная и спортивная психология фокусируются на поведении человека в экстремальных условиях. В целом, психология позволяет глубже понять особенности человеческой психики и ее роль в социальной жизни.

Ключевые слова: Психология, общество, личность, социальная психология, поведение, групповое взаимодействие, психологические факторы.

Abstract. This article examines the interconnection of psychology with various scientific and social fields, as well as its significance in human life. Psychology is closely linked to social, medical, legal, military, and sports sciences, studying different psychological processes. Social psychology analyzes human interaction with society, while medical psychology focuses on mental health and treatment methods. Additionally, legal psychology explores legal issues, while military and sports psychology examine human behavior in extreme conditions. Overall, psychology provides a deeper understanding of human psyche characteristics and its role in social life.

Key words: Psychology, society, personality, social psychology, behavior, group interaction, psychological factors.

Медицина, биология, философия, педагогика және басқа да ғылымдармен тығыз байланыстағы психология – адам санасы мен мінез-құлқын зерттейтін кешенді ғылым. Оның басқа ғылымдар жүйесіндегі орны мен маңызы тарихи даму барысында өзгеріп отырғанымен, қазіргі таңда психологияның дербес ғылым ретінде қалыптасқаны анық. Психологиялық білімдер қоғамның рухани дамуына, әлеуметтік үрдістердің түсіндірілуіне, сондай-ақ медицина, білім беру, заң, спорт және өндіріс салаларында практикалық қолданылуына ықпал етеді. Осы ғылыми сала адам өміріндегі объективтік және субъективтік факторлардың өзара әрекетін зерттей отырып, жеке тұлғаның дамуы мен мінез-құлқының қалыптасу заңдылықтарын анықтайды. Сондықтан психологияның басқа ғылымдармен байланысын қарастыру – оның жалпы ғылымдар жүйесіндегі рөлін айқындауға мүмкіндік береді.

Психологиялық мәліметтердің басқа ғылымдарда қолданылуы және керісінше, психология олардың нәтижелерін қаншалықты шамада қолдануға құзырлы екені, психологияның ғылымдар жүйесінде алатын орнына байланысты болады. Қандайда бір тарихи кезеңдегі ғылымдар жүйесіндегі психологияның алатын орны психологиялық білімдердің даму деңгейін өзінің жіктеу үлгісінің жалпы философиялық бағытын айқын көрсетті. Қоғамның рухани дамуының тарихындағы білімнің ешбір саласы, ғылымдар жүйесіндегі орнын, психология сияқты өзгерткен емес.

Қазіргі кезде академик Б.М.Кедров ұсынған «сызықтық емесің жіктеу жалпыға ортақ болып саналады. Ол тақырыптары ұқсас ғылымдар арасындағы байланыстардың жобаларының көптігін көрсетеді. Ұсынылған үлгі – бұрыштары табиғи, әлеуметтік және философиялық ғылымдарды білдіретін үш бұрыш пішінді. Осылай орналастыру

ғылымның осы әрбір негізгі топтарының әдісі мен пәнінің, қойылған міндетке байланысты үшбұрыштың бір бұрышына бағытталған, психология пәні мен әдісіне жақын екендігін көрсетеді.

Психологияның жалпы ғылыми білімдер жүйесіндегі негізі қызметінің мағынасы мынада: ғылыми білімнің басқа аумақтарындағы нәтижелерін белгілі бір қатынаста талдай отырып, Б.Ф.Ломовтың айтуы бойынша, зерттеуінің объектісі адам болатын, барлық ғылыми пәндердің интеграторы болып саналады. Белгілі психолог Б.Г.Ананьев психология адам туралы мәліметтерді нақты ғылыми білім деңгейінде талдауға ыңғайлы екенін көрсете отырып, бұл мәселені толығымен өңдеді. Психологияның аталмыш ғылымдар үшбұрышымен байланысының сипатына толығырақ тоқталсақ. Психологияның негізгі міндеті болып психикалық әрекеттердің даму барысындағы заңдылықтарды зерттеу саналады. Бұл заңдылықтар адам миындағы объективтік дүниенің бейнеленуін, осыған байланысты оның қылықтары қалай реттелетінін, психикалық әрекет қалай дамитынын және тұлғаның психикалық қасиеттері қалай қалыптасатынын ашып көрсетеді. Психика объективтік шындықтың бейнеленуі екені белгілі, сондықтан психологиялық заңдылықтарды зерттеу, алдымен, психикалық құбылыстардың адамның өмірі мен іс-әрекетінің объективті жағдайларына байланысты болатынын білдіреді. Сонымен бірге адамдардың кез-келген іс-әрекеті әрқашанда адам өмірінің объективтік жағдайларына ғана емес, сондай-ақ олардың субъективтік сәттерімен арақатынасына байланысты болады. Материалдық психология субъективтік және объективтік жағдайлардың әрекеттестігіне шынайы ғылыми негіз береді. Қандай күрделі болса да барлық психикалық құбылыстардың материалдық негізінің қызметін бас миы қабыршығындағы уақытша байланыстар жүйесі атқарады. Осы байланыстардың қалыптасуы және қызмет жасауы салдарынан психикалық құбылыстар адамның іс-әрекетіне ықпал етуі мүмкін – оның қылықтарын реттеп, бағыттайды, адамның объективтік шындықты қабылдауына ықпалын тигізеді.

Психолог өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігіндегі айырмашылықтарды анық білуі керек. Енгізілетін біркелкі ортадағы біржасушалылардың тіршілігінен, ортадағы белсенділігіне өлшенбейтін жоғары талаптар қойылатын, жер үстінде тіршілік ететін көпжасушалылардың күрделі өміріне өтуі кезінде, тіршілігінде не өзгеретін екенін анық білуі қажет. Жоғары омыртқалылар мен жәндіктер дүниесінің арасындағы айырмашылықты жете меңгеруі керек. Бейімделудің осындай жалпы биологиялық принциптерін білмей, жануарлардың мінез-құлқының ерекшеліктерін анық түсіну мүмкін емес, адамның психикалық әрекетінің күрделі түрлерін түсінуге тырысу өзінің биологиялық негізін жоғалтады.

Психология ғылымының пәнін құрайтын айғақтарды биологиялық айғақтарға теңестіруге мүлдем болмайтынын естен шығармау керек. Психологияның қоғамдық ғылымдармен байланысы маңызды, өйткені тарих, экономика, әлеуметтану, этнография және өнертану сияқты салалар зерттейтін құбылыстар психологиялық мәселелердің туындауына ықпал етеді. Әлеуметтік үрдістерді толық түсіну үшін адамның жеке және топтық мінез-құлқының механизмдерін, психологиялық қасиеттері мен ерекшеліктерін, мотивтері мен қарым-қатынастарын зерттеу қажет.

Психологиялық факторлар әлеуметтік үрдістерді өздігінен анықтамаса да, оларды талдау барысында айқындалады. Адамның психикалық әрекеті қоғам дамуының нәтижесінде қалыптасып, еңбек пен қарым-қатынас үдерісінде жүзеге асады.Айтылғаннан психологияның қоғамдық ғылымдармен байланыста болуының қаншалықты маңызды екенін көруге болады. Егер жануарладың мінез-құлқының қалыптасуында биологиялық шарттар негізгі рөлді атқарса, адамның қалыптасуында осындай рөлге тарихи қоғамдық шарттар ие болады. Алдымен психикалық әрекеттердің адамға тән болатын түрлерін зерттейтін, қазіргі заманғы психология ғылымы, қоғамдық ғылымдардан қоғамның негізгі даму заңдарын біріктіретін тарихи материализмнен алынатын мәліметтерді есепке алмай

бірде-бір қадам жасай алмайды. Адамның психикалық әрекетін қалыптастыратын қоғам жағдайларын тиянақты қадағалау ғана психологияның берік ғылыми негізге ие болуына мүмкіндік береді. Психология мен педагогиканың байланысына ерекше тоқталу керек. Бұл байланыс барлық кезде болатыны анық.

К.Д.Ушинский былай деп айтқан: “Адамды жан-жақты тәрбиелеу үшін,оны жан-жақты зерттеу керек”. Психологияның тәжірибелік мағынасы осыдан анық көрінеді. Егер педагогика психологиялық құбылыстардың табиғаты жайлы білімге сүйенбесе, онда ол педагогикалық кеңестердің қарапайым жиынтығына айналып, мұғалімге көмек беретін шынайы ғылым болуын тоқтатады. Педагогика салаларының барлығының (жалпы теорияның, дидактиканың, жеке әдістемелердің, тәрбиелеу теориясының) дамуы кезінде, психологиялық зерттеуді қажет ететін мәселелер пайда болады. Психологиялық үрдістер қозғалысының, динамиканың, білімнің қалыптасуының, дағды мен икемділіктің, мотивтер мен қабілеттер табиғатының, адамның жалпы психикалық дамуының заңдылықтарын білу, білім берудің түрлі сатысындағы білімнің мазмұнын анықтау, білім мен тәрбие беру, неғұрлым нәтижелі әдістерді жасау және т.б.сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді шешу үшін маңызы зор.

Қазіргі заманғы оқушыға нені үйрету керек? Ғылымның мектеп үшін жинақтаған кең көлемді ақпараттарының ішінен нені, қалай алу керек? деген сауалдар бойынша болатын өткір талқылаулар тудырған мәселелер тобы жиналып қалды. Әртүрлі жас ерекшелік сатысындағы адам психикасы дамуының мүмкіншіліктері мен резервтері қандай екенін және олардың шегі қайда екенін психология анықтауы қажет. Педагогика тәрбиелеу мәселесін қарастырғанда, психологияның маңыздылығы анық байқалады. Қоғамның дамуына сай тұлғаны қалыптастыру – тәрбиенің басты мақсаты, ал оған жету үшін жеке тұлғаның даму заңдылықтарын зерттеу қажет. Бұл бағыт адамның қабілеттері, қажеттіліктері, дүниетанымы мен бағыт-бағдарын түсінуді талап етеді. Осылайша, психология – философиялық, табиғи және әлеуметтік ғылымдар арасында байланыс орнататын сала болып табылады. Психология басқа ғылымдармен тығыз байланыста болса да, өзіне тән мағынасы, теориялық принциптері және зерттеу әдістерін сақтайды. Бұл салада әртүрлі пәндер бірігеді, мысалы, психофизиология мен әлеуметтік психология. Олардың айырмашылықтарына қарамастан, ортақ мақсаты – психикалық құбылыстарды зерттеу. Барлық психологиялық пәндердің негізінде жалпы психология тұр, ол негізгі теориялық және эксперименттік мәселелерді қарастырады. Психологияның басты зерттеу нысаны – адам және оның психикалық үрдістері, күйлері мен қасиеттері. Психологияның дамуы тек басқа ғылымдармен байланысына ғана емес, сонымен қатар қоғамдық тәжірибе қажеттіліктеріне де тәуелді. Алғашында ол теориялық бағытта дамыса, бүгінде білім беру, денсаулық сақтау, басқару, мәдениет, спорт және басқа да салаларда практикалық маңызға ие болуда.

Психология басқа ғылымдар байланыстарының барлығында өзінің мағынасын, өзінің теориялық принциптерін және өзінің осы мағынаны зерттеу әдістерін сақтайтынын естен шығармау керек. Білімнің ерекше саласы ретіндегі психологияда арнайы пәндердің бірқатары бірігеді (мәселен, психофизиология және әлеуметтік психология). Олар бір-біріне сай емес болып көрінсе де, ғылымның бір саласына жатады. Сонымен, қазіргі кезеңдегі психология – қалыптасудың әртүрлі сатысында тұрған және тәжірибенің түрлі салаларымен байланысқан ғылыми пәндердің тармақталған жүйесін білдіреді. Әдетте, психология салаларын жіктеудің негізгі принципі деп әрекеттегі психиканың даму принципін айтады. Сондықтан психология салаларын жіктеудің негізі ретінде адамның іс-әрекетінің сан алуан түрлерін пайдаланады. Педагогикалық психология адамға білім және тәрбие берудің психологиялық заңдылықтарын зерттейді. Ол оқушылардың ақыл-ойы мен ойлау жүйесін, дағдыларын қалыптастырудың, олардың оқу материалдарын меңгеруі мен ұстаз-шәкірт арасындағы өзара қарым-қатынастарыды реттеудің түйінді мәселелерін қарастырады. Педагогикалық психология келесі реттегі тармақтарға бөлінеді: а) оқыту

психологиясы – дидактиканың психологиялық негіздерін, оқыту мен білім берудің негізгі әдістемелік мәселелерін, балалардың ақыл-ойын қалыптастыру сияқты өзге де мәселелерін зерттейді; ә) тәрбие психологиясы – гуманистік және әлеуметтік тәрбие мәселелерінің психологиясын зерттеп, оқушылар ұжымының, еңбекпен түзету педагогикасының психологиялық негіздеріне қатысты мәселелерді қарастырады.

Медициналық психология-дәрігердің қызметі мен науқастың мінез-құлқының психологиялық аспектілерін зерттейді. Бұл сала бірнеше бағыттан тұрады: ми құрылымдарының психикалық құбылыстарға әсерін қарастыратын нейропсихология; дәрілік заттардың адам психикасына ықпалын зерттейтін психофармакология; денсаулықты сақтау және нығайту әдістерін анықтайтын психопрофилактика мен психогигиена; психикалық ауытқулардың ерекшеліктерін талдайтын патопсихология; сондай-ақ, психикалық ауытқулары бар науқастардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, психотерапиялық көмек көрсететін клиникалық психология.

Заң психологиясы- құқықтық мәселелердің психологиялық аспектілерін зерттеп, оларды тәжірибе жүзінде қолдануға бағытталады. Бұл сала бірнеше бөлімнен тұрады:сот психологиясы (айыптаушылар мен куәлардың психологиялық ерекшеліктері, тергеу жүргізу және жауап алу барысындағы психологиялық факторлар), қылмыс психологиясы (қылмыскердің жеке басы мен қылмыс жасау себептерін зерттеу), еңбекпен түзету психологиясы (қамаудағыларды қайта тәрбиелеу әдістерін зерттеу). Әскери психология-әскери жағдайдағы адамдардың мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктерін, әскери жетекшілер мен жауынгерлер арасындағы қарым-қатынасты, патриоттық рух қалыптастыру тәсілдерін, сондай-ақ, әскери насихат пен қарсы насихаттың психологиялық әдістерін зерттейді.

Спорт психологиясы – спортшылардың психикалық ерекшеліктерін, жаттықтырушылар мен спортшылар арасындағы қарым-қатынасты, дайындық үрдісі мен жарыстар кезіндегі психологиялық факторларды қарастырады. Бұл салада спортшылардың физикалық және психологиялық дайындық деңгейі, жаттығу әдістері, спорттық жарыстарды ұйымдастырудың психологиялық аспектілері зерттеледі. Сонымен қатар, әр халықтың спорттық ерекшеліктері ескеріліп, жаттығу әдістері соған сай бейімделеді.

Психология тармақтарын жіктеудің негізі ретінде дамудың психологиялық аспектілерін алуға болады. Бұл жағдайда даму принципі пайдаланылады. Енді психология саларының келесі қатарын қарастырамыз:

Даму психологиясы, әр адамның жасына байланысты психикалық заңдылықтарын, ерекшеліктерін, тұлғаның психологиялық қасиеттерін және әртүрлі психикалық үрдістердің онтогенезін зерттейді. Бұл сала келесі реттегі тармақтардан құралады: балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жасөспірім психологиясы, ересек адам психологиясы және геронтопсихология. Осы сала оқыту мен ақыл-ойдың дамуын және олардың өзара байланысы мен іргелі мәселелерін зерттеп, оқыту ісіндегі адамның ақыл-ойын, сана-сезімін жетілдірудің тиімді жолдарын түрлі әдістер арқылы өрістетуге болады деген мәселелерді қарастырады.

Арнайы психология. Бұл адам дамуының бірқалыпты даму жолынан ауытқуын, ми ауруына шалдыққандардың психикалық күйзелістері мен осы саладағы әр қилы аурулардың себептерін қарастырады. Арнайы психологияның мына тармақтары, атап айтқанда: олигофренопсихология–ми зақымы ауруымен туған адам психологиясының дамуын, сурдопсихология – саңырау не керең болып туған балалар психикасын, тифлопсихология – нашар көретіндер мен соқырлардың психологиялық дамуын зерттейді.

Әлеуметтік психология адам мен қоғам арасындағы өзара әрекеттесу ерекшеліктерін зерттейді. Бұл сала белгілі бір ұйымдасқан немесе кездейсоқ топтардағы психологиялық үдерістердің заңдылықтарын қарастырады. Қазіргі уақытта әлеуметтік психология қарқынды дамып келеді, әсіресе саяси және экономикалық мәселелерді зерттеу аясында

маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, ірі әлеуметтік топтардағы психологиялық-әлеуметтік жағдайларды талдау да өзекті болып отыр.Бұл салада бұқаралық ақпарат құралдарының (радио, теледидар, баспасөз және т.б.) қоғамға әсер ету механизмдері зерттеледі. Түрлі әлеуметтік топтарға ақпарат тарату арқылы жалпы қоғамдық көзқарастар, дәстүрлер, сенімдер мен қоғамдық көңіл-күй қалыптастыру үрдістерінің психологиялық аспектілері анықталады. Сонымен бірге, әлеуметтік психология топтық психология, этностық және ұлттық психология, дін психологиясы секілді бағыттарды қамтиды. Шағын топтардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері де зерттеу нысанына жатады. Бұл бағытта тұйық әлеуметтік топтардың қалыптасуы, олардың ішкі қарым-қатынасы, топ мүшелерінің рөлі, жетекшілік феномені қарастырылады. Сондай-ақ, ассоциациялар, корпорациялар, ұжымдар, ресми және бейресми топтар арасындағы байланыстар, олардың бірігу себептері мен мақсаттары, ұжымдық бірліктің деңгейі талданады.

Қорыта айтқанда, психология – түрлі ғылым салаларымен өзара әрекеттесе отырып, адам психикасы мен мінез-құлқының әртүрлі аспектілерін зерттейтін кешенді ғылым. Оның білімдерін қолдану арқылы адам мен қоғам өмірінің сапасын арттыруға, тұлғаның дамуы мен әлеуметтік қатынастардың үйлесімді қалыптасуына қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1." Қазіргі кезеңдегі психология және оның ғылымдар жүйесіндегі орны мен салалары" Жанболатова,А.Ж.(2021)

2."Психология ғылымының басқа ғылымдармен байланысы, салалары" https://stud.kz/referat/show/235557

3."Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет" https://engime.org/bilim-beru-jjesindegi-psihologiyalik-izmetti-teoriyasi-men-tej.html

4."Психологияның қазіргі даму бағыттары" https://stud.kz/referat/show/24272

5. "Медицина психологиясының қалыптасу тарихы" https://stud.kz/referat/show/47522

6. Психологияның ғылымдар жүйесіндегі орны туралы https://malimetter.kz/psixologiyanyn-gylymdar-zhujesindegi-orny/

АУТИЗМ СПЕКТРІНІҢ БҰЗЫЛЫСЫ БАР БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ТҮСІНІКТІЛІК АСПЕКТІСІН ДАМЫТУ

Кәрібай К.Ж.
«Мектепке дейінгі және психология» кафедрасының оқытушысы
Kulaihan.98@mail.ru
Tashenev University, Шымкент қ

Аңдатпа. Қазіргі уақытта аутизм спектрі бұзылған балалар дефектологтардың, логопедтердің, психологтардың және аутизмнің пайда болу теорияларын белсенді зерттейтін, диагностикалық тәсілдерді, кешенді диагностиканың әртүрлі технологиялары мен түзету әдістерін, осы санаттағы баланы тәрбиелеп отырған отбасын сүйемелдеу технологияларын дамытатын басқа мамандардың назарын аударады. Аутизм спектрінің бұзылуы бар балалардың негізгі проблемаларының бірі-сөзді түсінбеу, оның тұжырымдамалық жағын бұзу; логикалық ойлаудың болмауы, эмоционалды байланыстың болмауы, нәтижесінде баланың ерте жасында коммуникативті сөйлеу және қозғалыс дағдылары қалыптаспайды және дамымайды. Мақаланың мақсаты-пәндік-практикалық іс-шаралар арқылы аутизм спектрі бұзылған мектеп жасындағы балаларда сөйлеудің

тұжырымдамалық жағын қалыптастырудың оңтайлы әдістерін зерттеу және олардың тиімділігін анықтау.

Кілт сөздер: аутизм спектрінің бұзылуы, сөйлеу, бастауыш мектеп, бастауыш сынып оқушылары, сөйлеудің тұжырымдамалық аспектісі, дамуы, танымдық қабілеттері

Аннотация. В настоящее время дети с расстройствами аутистического спектра привлекают внимание дефектологов, логопедов, психологов и других специалистов, активно изучающих теории возникновения аутизма, разрабатывающих диагностические подходы, различные технологии комплексной диагностики и методы коррекции, технологии сопровождения семьи, воспитывающей ребенка указанной категории. Одними из основных проблем детей с расстройствами аутистического спектра являются непонимание слова, нарушение его понятийной стороны; отсутствие логического мышления, отсутствие эмоциональной связи, вследствие чего в раннем возрасте у ребенка не формируются и не развиваются коммуникативные речевые и двигательные навыки. Цель статьи – изучить оптимальные методы формирования понятийной стороны речи у детей школьного возраста с расстройствами аутистического спектра посредством предметно-практической деятельности и определить их эффективность.

Ключевые слова: расстройство аутистического спектра, речь, начальная школа, младшие школьники, концептуальный аспект речи, развитие, когнитивные способности.

Abstract. Nowadays children with autism spectrum disorders attract the attention of defectologists, speech therapists, psychologists and other specialists who are actively studying the theories of the origin of autism, developing diagnostic approaches, as well as developing various technologies of complex diagnostics and various methods of correction, support of a family bringing up a child of this category. One of the main problems of children with autism spectrum disorders is the lack of understanding of words, violation of their conceptual side, lack of logical thinking, lack of emotional connection, as a result of which at an early age the child does not form and develop communicative speech and motor skills.

Key words: autism spectrum disorder, speech, primary school, primary school students, conceptual aspect of speech, development, cognition.

Аутистік спектрдің бұзылуы – бұл әлеуметтік өзара әрекеттесу мен қарым-қатынастағы бұзылулармен, стереотиптік мінез-құлық үлгілерімен және біркелкі емес интеллектуалды дамумен сипатталатын психикалық бұзылыс. Сонымен қатар, бұл сөйлеудің мағынасын, оның ішінде балаға арналған сөздерді түсіну дағдысының болмауымен қиындайды.

Бұл балалардың негізгі проблемаларының бірі – сөзді түсіне алмау, оның концептуалды аспектісінің бұзылуы, логикалық ойлаудың болмауы, эмоционалдық байланыстың болмауы, соның салдарынан коммуникативті сөйлеу дағдыларының қалыптасуы мен дамуының кешеуілдеуі. Соңғы жылдары әртүрлі елдерде жарияланған әдістемелік әдебиеттерді талдау нәтижесінде аутистік спектрлі бұзылыстары бар балалардың концептуалды сөздік қорын қалыптастыру әбден мүмкін деген тұжырым қалыптасты. Нәтижесінде, танымдық және объективті белсенділікті дамытумен тығыз байланыста жүзеге асырылатын, балалық шақтың жетекші әрекеті – ойын әрекеті екендігі дәлелденді. Аутистік спектрлі бұзылысы бар балалардың ата-аналарының мамандарға жүгінуінің ең көп тараған себебі, олардың сөйлеу қабілетінің жеткіліксіздігі, ең алдымен, оның коммуникативті функциясының дамымауымен байланысты.

К.С. Лебединскаяның зерттеуінде көрсеткендей: «...ерте балалық аутизмі – бұл жүйке жүйесінің патологиясы, онда баланың сыртқы әлеммен және ең алдымен адаммен

эмоционалды байланысын қалыптастыру қиын. Аутистік спектрлі бұзылылысы бар балалардағы қарым-қатынастың болмауы, ерте балалық шақтан бастап, баланың бүкіл психикалық дамуының барысын бұрмалайды, оның әлеуметтік бейімделуіне өрескел

кедергі келтіреді. Уақтылы диагностикасыз және тиісті клиникалық-психологиялық-педагогикалық түзетусіз мұндай балалардың едәуір бөлігі өз деңгейінде білім ала алмайды және қоғамдағы өмірге бейімделмейді. Керісінше, ерте диагностикамен, түзетудің уақтылы басталуымен аутисттік спектрі бұзылысы бар балалардың көпшілігін оқытуға және тәрбилеуге болады, бірақ олардың әртүрлі білім салаларында әлеуетті дарындылығын дамыту қиындық тудырады» [1], - деген тұжырымдамасын негізге алдық. Осыған байланысты аутистік спектрлі бұзылысы бар балаларда пәндік-практикалық қызмет арқылы қарым-қатынасты қалыптастыру кезінде түзету көмегін көрсетудің әдістері, әдіснамасы, тәсілдері туралы мәселелер де қолға алынды. Көрсетілген мәселе бойынша психологиялық-педагогикалық зерттеулерді талдау пәндік-практикалық қызмет арқылы аутистік спектрлі бұзылысы бар бастауыш мектеп жасындағы балалардың сөйлеуінің танымдық түсінігін қалыптастыру қажеттілігі мен практикада жұмыс істеу барысында бір жүйенің болмауы, әдістемелік әдебиеттерде жеткіліксіз сипаттама арасындағы қайшылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Анықталған қайшылықтар негізінде пәндік-практикалық қызмет арқылы аутисттік спектрі бұзылған бастауыш мектеп жасындағы балаларда сөйлеудің ұғымдық, танымдық түсінігін қалыптастыруды ұйымдастырудың педагогикалық жағдайларын зерттеу қажеттілігі мәселесі тұжырымдалды.

Әдістер мен материалдар. Соңғы онжылдықтарда дефектологтар мен психологтар ойын шеңберіндегі объективті-практикалық әрекеттер арқылы концептуалды жағын қалыптастыру мәселесі бойынша зерттеулер жүргізді. Сөйлеудің концептуалды жағын қалыптастыруға, зерттеушілік дағдыларды, символдық қабілеттерді, ойлау икемділігін, қиялын дамытуға мүмкіндік беретін мазмұнды практикалық әрекет деп есептейді. Мұның бәрі баланың мінез- құлқына айтарлықтай әсер етеді, ол аз монотонды, стереотиптік, икемді және болжамды болады. Сонымен қатар, ол аутистік спектрлі бұзылыстары бар баланың коммуникативті мүмкіндіктерін ашып, оның дамуын әлеуметтік қарым-қатынасқа бағыттауға мүмкіндік береді. Дұрыс қалыптасқан коррекциялық ойын кешені, сенсорлық және заттық-практикалық өзара әрекеттесу процесінде бала басқа адамдардың эмоцияларымен үйлесетін көңіл-күйді бастан кешіреді. Бұл, өз кезегінде, баланың ұғымдық аппаратының және басқа да көптеген дағдыларының дамуына оң әсер етеді. Сонымен қатар, объективті-практикалық ойын әрекетін дамыту әлеуметтік әлемді тереңірек түсінуді талап етеді және аутистік спектрлі бұзылыстары бар балада әлеуметтік өзара әрекеттесу аспектілерін қабылдау қабілетін қалыптастырады. Когнитивті, эмоционалдық және әлеуметтік-коммуникативтік сфералардың даму көзіне айналады.

Сонымен бірге, отандық арнайы педагогика мен психологияның дамуының қазіргі кезеңінде аутистік спектрлі бұзылыстары бар балалардың ойын дағдылары аясында сөйлеудің концептуалды жағын, объективті әрекеттерін қалыптастырудың жалпы қабылданған бағдарламалар, сондай-ақ оларға арналған қазақ тіліндегі арнайы әдістемелік нұсқаулардың өте аз екендігін атап өткен жөн.

Дефектолог мамандарға сабақты ұйымдастыру мен өткізу әдістемесіне қойылатын жалпы талаптар:

- сөздік қорды дамытудың танымдық процестердің дамуы мен бірлігі (қабылдау, бейнелеу, ойлау);

- сабақ барысында балалардың сөйлеу және танымдық әрекетін мақсатты түрде ұйымдастыру;

- сөйлеудің танымдық белсенділікті ұйымдастырудың негізі ретінде көрнекіліктің болуы;

- сабақтарда және бос уақытта сөздік жұмысының міндеттерін іске асырудың бірлігі.

Ұғымдық сөздікті қалыптастыру немесе жетілдіру – бұл балалардың сөйлеуіне жаңа сөздерді енгізумен, олардың мағыналарын қалыптастырумен және сөйлеу іс-әрекетінде өзектендірумен тығыз байланысты трансляциялық үдеріс. Бұл жұмыстың нәтиже кезеңі

тақырыптық және лексикалық-семантикалық топтарға біріктірілген лексикалық бірліктерді белсендіру, саралау және контексттеу болып табылады.

Осы санаттағы балалардың сөйлеуінің ұғымдық жағының ерекшеліктерін зерттеу және олардың белсенді сөздік қорын қалыптастырудың жинақталған тәжірибесі бізді осы бағытта түзету-дамыту жұмысын өте күрделі, бірақ оң нәтижеде жүзеге асыруға болтындығына көз жеткізеді. Аутистік спектрлі бұзылыстары бар балаларда ұғымдық сөздікті қалыптастыру оларды түзету және дамыту үшін қажетті шарт болып табылады. Сондықтан ұғымдық сөздіктің көлемі және оның әртүрлілігі сөйлеуді дамыту әдістемесінде коммуникативті дағдыларды қалыптастырудың маңызды шарты ретінде қарастырылады. Қарапайым идеялар мен ұғымдарды қалыптастыру бойынша жүргізілген жұмыс балалардың қоғамға бейімделуінің негізгі алғышарттарының бірі ретінде әрекет етеді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Пәндік-практикалық іс-әрекет арқылы сөйлеудің ұғымдық жағын қалыптастырудағы негізгі мәселе – аутизмдегі сөйлеудің ауыр бұзылыстары танымдық іс-әрекеттің жоғары деңгейлерінің қалыптасуына, ойлаудың өзіндік ерекшеліктеріне әсер етеді. Мақаланың зерттеу нәтижелері бастауыш мектеп білім беру ұйымдарының мұғалімдері үшін, сондай-ақ аутистік спектрлі бұзылысы бар балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар үшін осы санаттағы балалардың пәндік-практикалық қызметі арқылы бастауыш мектеп жасындағы балаларда сөйлеудің ұғымдық беріктігін қалыптастыру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік берді, сондай-ақ әзірленген оқу материалдарын қолдану мүмкіндігі, әдістемелік әзірлемелер, практика базасының психологиялық-педагогикалық қызметі процесінде дефектолог маманның ұсынған ұсынымдарымен ерекшеленеді.

Аутистік спектрлі бұзылыстары бар бастауыш мектеп жасындағы балалардың сөйлеуінің ұғымдық аспектісін дамыту мәселелері өте ауқымды және күрделі. Дегенмен, осы және басқа да көптеген мәселелерге қарамастан, аутистік спектрлі бұзылыстары бар бастауыш мектеп жасындағы балаларда сөйлеудің ұғымдық жағын қалыптастыру, дефектологтың кешенді жүргізілген сабақтары аясында ұзақ және күрделі үдерістің нәтижесінде сөйлеуді түзету, психолог және логопед, балалардың бірте-бірте тілдік сезімін, сөйлеу құралдарын меңгеруді дамытады, соның негізінде еркін қарым-қатынас үдерісінде сөйлеуді дербес дамытуға және сөздік қорды байытуға мүмкіндік туады. Мұғалімнің міндеті – оларды біріктіру және баланың

«жақын даму аймағын» кеңейту.

Зерттеудің әдістемелік негізіне Р.А. Сулейменова және

Г.А. Ильмуратованың аутизм туралы идеялары, психикалық дамудың бұрмаланған түрі ретіндегі зерттеулерін негізге алып, аутистік спектрлі бұзылыстары бар бастауыш мектеп жасындағы балаларда педагогикалық зерттеулер жүргізу барысында сөйлеудің ұғымдық аспектісінің қалыптасуында септігін тизетіндігіне көз жеткіздік.

Аутистік спектрлі бұзылыстары бар балаларды дамытудың арнайы бағдарламасын әзірлеудің өзектілігі мен қажеттілігі біріншіден, Қазақстанда осы санаттағы балалар санының тұрақты өсуімен байланысты. Арнайы және жалпы білім беру ұйымдарында аутист балалармен жұмыс істеуге арналған отандық бағдарламалар дайындалған. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды арнайы білім беру мен сапалы оқытудың қолданыстағы бағдарламалары аутистік спектрлі бұзылыстары бар балалардың психикалық дамуының негізгі ерекшеліктерін ескермейді. Ал біз қарастырып отырған бағдарлама психологиялық- педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарының психологтарына, сондай-ақ аутистік спектрлі бұзылыстары бар балаларға жеке (кіші топтық) психологиялық көмек көрсететін мектепке дейінгі, арнайы мектеп және жалпы білім беретін ұйымдардың психологтарына арналып әзірленген. Арнайы дамыту бағдарламасы аутистік спектрлі бұзылыстары бар баланың дамуының маңызды аспектілерін, яғни, қарым-қатынасты, әлеуметтік өзара әрекеттесу мен

әлеуметтенуді дамытуға бағытталған. Әзірленген бағдарламаның негізгі критерийі – аутистік спектрлі бұзылыстары бар баланың мүддесіне эмоционалдық-коммуникативтік дамудың, әлеуметтік бейімделудің және әлеуметтенудің тиімділігі болып табылады.

Біз басшылыққа алған бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мекемелері үшін құрастырылған және психикалық дамуының ауыр және терең дамуы тежелген балалармен жұмыс істеуге арналған материалдарды педагогика ғылымдарының докторы Р.А. Сулейменова мен Г.А. Илмуратованың және А.К. Ерсаринаның, З.Б. Джангельдинованың, З.Б.Айтжановалардың жетекшілігімен арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталық мамандарының практикалық жұмыс тәжірибесін жалпылау негізінде әзірленген [2, 3].

Бағдарламаны талдау ауыр және терең ақыл-ой кемістігі бар балалар меңгере алатын ең төменгі дағдылар туралы түсінік береді. Аутистік спектрлі бұзылыстары бар бастауыш мектеп жасындағы балалардың сөйлеуінің концептуалды жағын пәнге байланысты практикалық іс- әрекеттер арқылы қалыптастыру. Бағдарламаны іске асыру әр жас кезеңіндегі жетекші іс- әрекеттердің қалыптасуына тән баланың психикалық дамуының онтогенетикалық заңдылықтарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Баланың психикалық дамуының онтогенетикалық заңдылықтарын ескерумен қатар, бағдарлама келесі принциптерді ескереді:

- Даму бұзылыстарын диагностикалау мен түзетудің бірлігі.
- Түзету-дамыту көмегінің дамытушылық сипаты.
- Баланың дамуындағы тәрбиенің жетекші рөлінің ұстанымына негізделген білім берудің дамытушылық сипаты.

Жоғарыда аталған принциптер келесі міндеттерді анықтайды:

- Коррекциялық-педагогикалық көмектің жетекші міндеттерінің бірі ретінде ақыл-ой кемістігі бар баланың әлеуметтік тәжірибені игеру жолдарын қалыптастыру.
- Ата-аналарды немесе оларды құқықтық алмастыратын адамдарды түзеу-тәрбие процесіне қосу.
- Баланың психофизикалық дамуына түзету-тәрбиелік әсер етуді жоспарлау және жүзеге асыру мақсатында әрбір жас кезеңіндегі баланың негізгі жетістіктерін анықтау.

Осы санаттағы балалардың интеллектуалдық дамымауының ауырлығын, сондай-ақ әрбір баланың өзіндік ерекшеліктері мен даму деңгейін ескере отырып, баланы оқытуға қолайлы бөлімдерді таңдайды. Сонымен, қарапайым сөйлеу және ұғымдық идеялардың дамуы арнайы сабақ кезінде емес, пәндік және ойын әрекеттерін қалыптастыру арқылы жүреді

«Сөйлеудің ұғымдық жағы» термині сөйлеу әрекетінің сөйлеуді қабылдау және түсіну жағын білдіреді. Ауызша сөйлеу, ауызша сөйлеуді есту арқылы қабылдауда көрінеді. Аутистік спектрінің бұзылуы – афазияның әртүрлі формалары бар балаларға тән және ми қыртысының зақымдануына байланысты сөйлеудің функционалдық жүйесінің әртүрлі буындарының ақаулары бұзылады. Ұғымдық сөйлеудің бұзылуының себептері инверсия болуы мүмкін (сөйлемдегі зат есімдер мен етістіктерді дұрыс қолдана алмау); сөздердің формаларын өзгерте алмау; ал аутистік спектрлі бұзылысынан зардап шегетін балалар жағдайында сөйлеу дыбыстарын тани алмау қиындығы туындайды.

Атап өткеніміздей, біз басшылыққа алған бағдарламалар бойынша бастауыш мектеп жасындағы балаларға пәндік-практикалық іс-әрекет арқылы сөйлеудің ұғымдық жағын қалыптастыру мақсатында педагогикалық зерттеу жүргіздік.

Педагогикалық зерттеу 3 кезеңде жүргізілді:

Бірінші кезеңде (анықтаушы) пәндік-практикалық тиімділік арқылы аутистік спектрлі бұзылысы бар бастауыш мектеп жасындағы балалардың дамуында сөздің ұғымдық беріктігінің қалыптастыру нәтижесі анықталды.

Анықтаушы кезеңнің мақсаты – критерийлер бойынша сөйлеудің ұғымдық беріктігін қалыптасу деңгейін анықтау.

Міндеттері:

- зерттеуге қатысатын балаларды тексеру әдістерін таңдау;
- АСБ бар бастауыш мектеп жасындағы балаларға тексеру жүргізу;
- АСБ бар бастауыш мектеп жасындағы балаларды тексеру нәтижелерін сипаттау, сапалық және сандық талдау.

Әдістемелер:

1 . «Затқа қол тигізу»

Тапсырма – «Қуыршақтың қайда екенін көрсет».

Ойын әрекеттері: мұғалім баланы қуыршақты қолына алуға, оның әртүрлі бөліктерін көрсетуін сұрайды.

2. «Затты қолдың саусақ ұшымен ұстап контейнерге түсіру», «Заттардың арақатынасы».

«Фигураларды сұрыптау» дидактикалық ойыны.

Ойын әрекеттері: геометриялық фигураларды пішіні, өлшемі және түсі бойынша сұрыптап, оларды орын-орнына орналастыру.

3. Тапсырма – «Қуыршақты тербет», «Машинаны айналдыра жүргіз».

Ойын әрекеттері: мұғалім балаға қуыршақты қолына алып, оны шайқап, «әлди-әлди» әнін айтуын сұрайды. «Пип-пип» деп дыбыстап, машинаны еденге айналдыра жүргіз.

Педагогикалық зерттеудің анықтау кезеңінің сандық нәтижелерінің зерттеу төмендегідей динамикалық көрсеткіштермен анықталды.

Екінші кезеңде (қалыптастырушы) пәндік-практикалық тиімділік арқылы аутистік спектрлі бұзылысы бар бастауыш мектеп жасындағы балалардың танымдық дамуында сөйлеудің ұғымдық беріктігін қалыптастыру бойынша мақсатты педагогикалық жұмыс жүргізілді.

Балалардағы түсініктермен әрекеттерді дамытуға арналған тапсырмалар бағыттары Тапсырмалар мазмұны Дидактикалық ойындар, тапсырмалар және жаттығулар

1. Өтініштерді түсінуге және орындауға үйрету, затты ұстау және басқа да манипуляциялық әрекеттер жасауға үйрету. 1. Допты, қуыршақты, машинаны түртіңіз.
2. Допты қолыңызға қысып, қолыңызды ашыңыз.
3. Қолыңызды доппен, текшемен ашыңыз.
4. Қуыршақты, машинаны үстелден, еденнен, қолыңыздан алыңыз.
5. Пирамиданы жинаңыз
6. Заттарды қорапқа салыңыз
7. Заттарды белгілері бойынша сұрыптаңыз: түсі, пішіні.
8. Допты себетке лақтырыңыз Дид. ойын «Менің добым». Дид.ойындар «Үлкен- кішкентай», «Менің пирамидам»,

«Юла айналдыру».

Дид. ойын «Тактильді доптар». Дид. ойын «Фигураны бер».

Дид. ойын «Допты лақтыр».

2. Ауызша айтқан әрекеттерді түсіну және орындау дағдыларын қалыптастыру:

«Бер, ал, лақтыр, жина, ұр, шайқа, жылжыт және т.б. 1. Затты алып қорапқа тастаңыз

2. Ойыншықтан дыбыс шығарыңыз (басыңыз, түртіңіз, шайқаңыз)
3. Допты айналдырыңыз
4. Бөлшектерді ажыратыңыз
5. Текшелерден мұнара тұрғызыңыз
6. Бөтелкені, құмыраны, қорапты ашып, жабыңыз

7. Сақинаны өзекке байлау, моншақтар. Дид. ойындар: «Фигураны бер». Дид. ойындар: «Лақтыр», «Ал»,

«Қораптан шығар».

Дид. ойындар: «Менің артымнан қайтала», «Ал және лақтыр»,

«Көңілді саусақтар». Дид.ойындар: «Дыбыстарды қайтала», «Қолыңды қыс және аш»

3. Қалыптастыру нәтижелерін анықтауға бағытталған ситуациялық ойын әрекеттерін қолдану: «Бух, Оп, Бам, Қайда, Әлди-әлди» және т.б. 1. Көлікті айналдырып, Би-би деп қайталаңыз

2. Тақылдат және Тик-так деп қайталаңыз
3. Қуыршақты төсекке жатқызып, Әлди- әлди деп қайталаңыз
4. Қуыршақты тамақтандыруға еліктеңіз және ням-ням деп қайталаңыз.
5. Жағдай бойынша ойын әрекеттерін модельдеу. «Менің артымнан қайтала» жаттығуы.

«Сақиналарды жинау» жаттығуы. Дид. ойын «Менімен бірге ән айт!».

«Мен жүргізушімін!» жаттығуы.

«Шаштаразда» жаттығуы.

Дереккөз: Авторлар әзірлеген.

Пәндік-практикалық тиімділік арқылы аутистік спектрлі бұзылысы бар бастауыш мектеп жасындағы балалардың танымдық дамуында сөйлеудің ұғымдық беріктігін қалыптастыру бойынша сөйлеудің ұғымдық беріктігін қалыптастыруды бағалау критерийлері анықталды

Қорытынды. Сенсорлық қабылдаудың қалыптасуы ойлаудың қарапайым түрі көрнекі және тиімді дамуына ықпал етеді. Бала көру және есту зейіні, қабылдау және зейінді шоғырландыру арқылы заттарды әртүрлі белгілеріне қарай анықтауға және топтастыруға, олардың қасиеттері мен қарым-қатынастарын ажыратуға үйренеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижесінде ғылыми-әдістемелік әдебиеттер талданды, аутистік спектрлі бұзылысы бар бастауыш мектеп жасындағы балалардағы сөйлеудің ұғымдық беріктігінің даму деңгей аңықталды. Қалыптастырушы экспериментті жүргізу үшін жаттығулар бейімделіп, құрастырылды және тәжірибе барысында қолданылды. Зерттеу нәтижелері аңықталып, өнделді.

Аутистік спектрлі бұзылыстары бар балаларды тиімді оқытудың маңызды шарттары – оқиғалардың болжамдылығы, жүйелілігі болып табылады. Сондықтан баланың уақыты мен кеңістігін ұйымдастыру маңызды.

Сөйлеудің ұғымдық жағын қалыптастыру кезінде, ең алдымен, баладан кез-келген қол жетімді тәсілдермен өз қажеттіліктерін білдіруге, оған қойылатын талаптарды түсінуге, сондай-ақ оған эмоционалды және жеке қарым-қатынастың барлық мүмкін формаларын көрсетуге мүмкіндік алу керек.

Пәндік-практикалық іс-әрекетті қолданудың әртүрлі әдістерінің элементтері бар жеке сабақтарда балалар өздерінің көкірек көкжиектерін кеңейтеді, ақыл-ой қабілеттерін белсендіреді, сөйлеу және интонациялық қарым-қатынасты барынша арттыруға, есту қабілетін жақсартуға мүмкіндік алады. Жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін сабақ кезінде арнайы дидактикалық құралдарды қолдану, жаңа тақырыптарды оқып-үйрену кезінде айтылу бойынша жұмыс істеу, жеке сабақтарда арнайы дайындалған көрнекі құралдарды, қызықты түрлі ойындарды қолдану қажет.

Осылайша, аутистік спектрлі бұзылыстары бар бастауыш мектеп жасындағы балаларда сөйлеудің ұғымдық аспектісін дамытып, қалыптастыру пәндік-практикалық іс-шаралар арқылы жүзеге асырылса, онда сөйлеудің ұғымдық жағының деңгейін арттыру болжанады, өйткені бұл, балаларды белсенді таным жүйесіне тартуға мүмкіндік береді.

Бұл зерттеулер қарастырылып отырған мәселенің толық шешімін табуға толыққанды жауап бермейді, керісінше, мәселені болашақта әрі қарай зерттеуді жалғастыруды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Лебединская К.С., Никольская О.С. Клинико-психологическая классификация. Диагностика раннего детского аутизма. – М.: Просвещение, 1991. – 53 с.

2. Специальная развивающая программа для детей с аутизмом [Текст] /Ерсарина А.К., Джангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К.- Алматы, ННПЦ КП, 2020. – 169 с. URL: https://special- edu.kz/tipprog/Ersarina/autizmrus.pdf

3. Специальная коррекционно-развивающая программа для детей с нарушениями интеллекта / Ерсарина А.К., Юлдабаева Д.Р. – Алматы: ННПЦ РСИО, 2021. – 175 с.

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРҒА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПСИХОЛОГ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ

[1]Жапсар А.А., [2]Ағабек Т.С - магистр, оқытушы, Ж.А.Тәшенев атындағы университеті, Педагогикалық және жаратылыстану ғылымдары факультеті АҚ, Шымкент қ.

[1]Ж.А.Тәшенев атындағы университет АҚ, магистр, оқытушы.Шымкент қ. Қазақстан,

[2]Ж.А.Тәшенев атындағы университет АҚ, 7М01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау» мамандығының 1-курс магистранты

[1]e-mail:arai97@list.ru

[2]e-mail: agabektabigat@gmail.com

[1] https://orcid.org/0009-0008-4455-6867

[2] https://orcid.org/0009-0001-1401-5030

Андатпа. Жалпы білім беру процесіне енгізілген балаларды оқытуды жеңілдететін қосымша арнайы жағдайлар, көмек, қолдау қарастырылады. Әр елде интеграцияның өзіндік моделі жүзеге асырылады, бұл білім берудегі интеграцияның кешенді моделін құру мүмкіндігін көрсетеді. Инклюзивті білім беруді іске асыратын елдерде айқындалған басым бағыт жалпы білім беру саласында қаралатын санаттағы балаларды жалпы білім беру процесіне міндетті түрде енгізуді көздейді.

Кілт сөздер: Инклюзив, интеграция, тифлопедагогика, логопедия, олигофренопедагогика, дефектология

Аннотация. Рассматриваются дополнительные специальные условия, помощь, поддержка, облегчающие обучение детей, включенных в общеобразовательный процесс. В каждой стране реализуется своя модель интеграции, что свидетельствует о возможности построения комплексной модели интеграции в образовании. Приоритетное направление, определенное в странах, реализующих инклюзивное образование, предусматривает обязательное включение в общеобразовательный процесс детей рассматриваемой категории в сфере общего образования.

Ключевые слова: Инклюзив, интеграция, тифлопедагогика, логопедия, олигофренопедагогика, дефектология

Эмпатия – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі. Эмпатия адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекше сезім. Оның айқын көрінісі – өзге адамдардың қайғы-қасіреті мен қиыншылықтарына ортақтасып, оларға жанашырлық білдіру, сол арқылы өзгенің ауыр психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халге түсуі.

Эмпатияны алғаш рет АҚШ психологы Э.Титченер (1867 – 1927) зерделеген болатын . Ол философиядағы “ұнату” сезімінің теориялық негіздеріне сүйене отырып, жанашырлық сезімнің салыстыру мен ұқсату тәсілдерімен түсіндірілетін танымдық негіздерін ашып көрсетті. Сол арқылы адамның күйзеліске түсу себептерін ғылыми тұрғыда жүйелеп шықты. Сезімнің адам бойында жиі кездесетін, өзіндік мән-мағынасы бар ерекшелігі. Эмпатия адамның өзгелер қайғы-қасіретті жағдайлар мен қиыншылықтарға ұшырағанда, оларға жанашырлық білдіріп, солардың ауыр халінің өз басына түскендей көңіл күйде болуы.

Эмпатия өзге адамдардың жан дүниесінің сыры мен күй-жайын білу қабілеттілігі және оған жанашырлық білдіру. Эмпатияның айқын көрінісі – идентификация. Бұл адамның өзге адамның психикалық жай-күйін өз басынан кешіргендей халде болуы [1,2].

Эмпатиның негізгі төрт түрі бар олар :

1. Когнитивті эмпатия – бұл процестің бірінші бөлігіне консенсуспен тағайындалған атау: сұхбаттасушымыздың психикалық жағдайын анықтау. Өзара әрекеттесу кезінде басқа шығаратын вербалды мазмұннан (айғақтар, мойындаулар және т.б.) және вербалды емес мазмұннан (мысалы, бет-қимылдар), біздің миымызда терең және өте қарабайыр құрылымдар белсендіріледі, олар ақпаратты кодтау мақсатына ие. біздің алдымызда тұрған адамның ойынан өтіп жатқан нәрсені сол акт арқылы (қорытындылар арқылы) мойындайтын әлеуметтік сипат.

2. Эмоционалды эмпатия – біз алдымен басқалардың тәжірибесін когнитивті түрде «игере» алуымызды қажет етеді. Бұған қол жеткізгеннен кейін, адам эмоционалды өлшемдер ішкі өмірдің кең мұхитында шамшырақ болып тұрған екінші өңдеу деңгейіне көтеріледі. Жалпы, эмпатияның бұл түрі бізге басқалардың сезінетін нәрселеріне сезімтал болу мүмкіндігін береді, олардың жеке салада сұрағанына барабар жауап беру үшін маңызды.

3. Жанашырлық – «жанашырлық» сөзі грек тілінен шыққан және оны «басқалармен бірдей сезіну» әрекеті деп аударуға болады. Туралы оны өз теріңізде анықтай және сезе білуден туындайтын басқалардың тәжірибесіне алаңдау, және бұл көбінесе пайдалы (процестік) мінез-құлыққа әкеледі. Демек, бұл эмпатикалық үдерістің бір сатысы, одан әлеуметтік сахнада альтруизмнің қасақана әрекеті (тіпті бас тарту) арқылы көрінуі мүмкін.

4. Экпатия – бұл эмпатия мен жанашырлық саласындағы ең соңғы ғылыми үлес, дегенмен, ол көбінесе дұрыс емес түсініктердің құрбаны болды. Ол арқылы, адамдар

белгілі бір сәтте сезінетін эмоциялардың қайсысы оларға жатпайтынын білуге үйренеді. Керісінше, олар оларды «аударған» сыртқы көзден алады.

Эмпатияның дамуы нейробиологиялық және әлеуметтік факторларға байланысты. Мысалы, мидың зерделік бөлігі (префронтальды қабықша) және миндалина эмпатиялық реакцияларда маңызды рөл атқарады. Зерттеулер көрсеткендей, эмпатия тек генетикаға емес, сонымен қатар тәрбиеге және тәжірибеге де байланысты [3].

Эмпатия қарым-қатынастың келесі аспектілерін жақсартады:

- Сенімді нығайту: Эмпатиялық тұлғалар өздеріне деген сенімді арттырады. Мысалы, егер сіз досыңыздың қиыншылығын түсініп, оған қолдау көрсетсеңіз, ол сізге деген сенімі артады.

- Қақтығыстарды шешу: Эмпатия қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік береді. Мысалы, отбасылық қақтығыстарда эмпатиялық тұрғыдан түсіну мәселені шешуді жеңілдетеді.

- Түсіністік пен қолдау: Эмпатиялық тұлғалар басқалардың қиыншылықтарын түсінеді және оларға қолдау көрсете алады. Бұл әсіресе жұмыс ортасында маңызды, мұнда командалық жұмыс пен өзара түсіністік қажет.

Эмпатияны дамыту үшін келесі әдістерді қолдануға болады:

✓ Басқа адамдардың қимылдары мен мимикаларын ұстануды бастаңыз. Бұл олардың эмоционалдық күйін сезінуді үйренуге көмектеседі. Адамдарды қадағалаңыз, мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеңіз, шеттен бақылаңыз. Бұл көп нәрсені үйренуге ғана емес, сонымен қатар сіздің іс-әрекеттеріңізді объективті бағалауды үйренуге мүмкіндік береді. Сіз адамның әртүрлі жағдайларда өзін қалай ұстайтынына қарайсыз, ол қатты қобалжыған немесе толқу.

✓ Басқаларға деген сезімталдығыңызды оятыңыз, көмекке мұқтаж адамдардың барлығына мүмкіндігіңізше көмектесіңіз.

✓ Тыңдау техникасын жаттықтыру. Бұл ең маңызды нүкте. Сіз басқа адамды тыңдауды үйренуіңіз керек. Өзіңізді осы процеске толығымен және терең беріңіз, кедергі жасамаңыз, ешқандай сын айтпаңыз, теріс қорытынды жасамаңыз, ешқандай көзқарасты қоймаңыз. Сізге тек жаныңызды жалаңаштау керек, бәрін өзіңіздің «меніңізден» тыс қалдырыңыз және өзіңізді қарсыласыңызға толығымен батырыңыз.

✓ Бейтаныс адамдармен сөйлесіңіз. Көмек сұрауды күтпеңіз, егер сіз ренжіген адамның жылап жатқанын көрсеңіз, жақындап, жұбатуға тырысыңыз. Сұрақтармен бірден көтерілмеңіз, адамдар әртүрлі, жабықтары бар. Кейбіреулер сіздің көмек ұсынысыңызға қуана жауап береді, кейде бейтаныс адамға күнделікті мәселелерін айту оңайырақ болады.

✓ Кітаптарды, көркем әдебиетті және ғылымды, өзін-өзі жетілдіруге көмектесетін кез келген әдебиетті оқыңыз. Әдістерді үйреніңіз, оларды жаттықтыру. Оқығаныңыздан қорытынды жасаңыз. Бұл іс жүзінде пайдалы болатыны сөзсіз. Бұлардың барлығы эмпатия қабілетін дамытуға көмектеседі. Басқа адамның сезіміне кіргеннен кейін, оны дұрыс анықтағаныңызды тексеріңіз.

Эмпатияны тәжірибеде қолдану мысалдары:

- Жұмыс ортасында: коллегалар арасындағы түсіністік пен командалық жұмысты нығайту. Мысалы, жоба барысында қиындықтарға тап болған коллегаға қолдау көрсету.

- Отбасылық қарым-қатынаста: жақын адамдармен байланысты нығайту және қақтығыстарды болдырмау. Мысалы, балалардың эмоцияларын түсініп, олардың мәселелеріне құлақ асу.

- Достар арасында: достық қарым-қатынасты ұзақ мерзімге сақтау. Мысалы, досыңыздың қиын кезеңінде оған қолдау көрсету.

- Эмпатияның шектеулері және оны дұрыс қолдану.

Эмпатияның күші зор болса да, оны дұрыс қолдану маңызды. Кейбір жағдайларда эмпатия артық болуы мүмкін:

- Эмоционалды шаршау: Егер сіз басқалардың эмоцияларын тым көп сезінетін болсаңыз, бұл сізді эмоционалды тұрғыдан шаршатады.

- Шексіз көмек көрсету: кейбір адамдар эмпатияны пайдаланып, басқалардың мәселелерін өздерінің мәселелері деп қабылдауы мүмкін, бұл өздерінің психикалық денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Эмпатияны дұрыс қолдану үшін өз шектеріңді білу маңызды. Мысалы, басқаларға көмектесу үшін алдымен өзіңіздің эмоционалды қуатыңызды сақтау керек [4].

Қорытындылай келе, эмпатия — адам арасындағы қарым-қатынастарды нығайтудың, түсіністік пен қолдауды қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Ол адамдарға бір-бірінің эмоцияларын түсініп, бір-біріне көмек көрсетуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде сенімділік, жанашырлық және әлеуметтік байланыстардың беріктігін арттырады. Эмпатияны дамыту әрбір адам үшін маңызды, өйткені ол қоғамда тыныштық пен үйлесімділікті қалыптастыруға ықпал етеді. Алайда, эмпатияны дұрыс қолдану керек, өйткені оның шектен тыс пайдалану эмоционалды шаршауға әкеліп, жеке тұлғаның психикалық денсаулығына зиян тигізуі мүмкін. Сондықтан, эмпатияны өз шекараларын біле отырып және өзімізді құрметтей отырып қолдану өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9, X том.

2. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет. ISBN 9965-822-10-7.

3. https://kk.warbletoncouncil.org/tipos-de-empatia-4341.

4.https://kk.vogueindustry.com/17189861-how-to-develop-empathy-exercises-and-types-of-empathy.

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Айдынқызы Найлә
Түркістан Болашақ жоғары көпсалалы колледжінің студенті
Ғылыми жетекшісі: Жаздықбаева Мария Ботаевна
Педагогика ғылымдарының кандидаты., доцент
Қазақстан, Кентау қаласы
mariya.jazdykbayeva@ayu.edu.kz

Аңдатпа. Қазақстанды мекендеген этникалық ұлт өкілдері Кеңес өкіметі кезінде бізбен бірге тұрып, ұлттық ерекшеліктерін ұмытқан емес. Қыз бала тәрбиесінде ұлттық психология ескерілмей, тәрбие жұмысы қатаң жүйемен жүргізілгені белгілі.

Ол кездегі оқу құралдары мен оқулықтарда ұлттық тәрбие құралдары есепке алынбады, ана тілі жоқ, балаларымыз құлыншаққа айналды. Осындай кемшіліктердің барын ескерсек, қазіргі жағдайда қазақ қызының ұлттық қасиеттерін халықтық педагогика арқылы қалыптастыруға көңіл бөлген жөн сияқты.

Кілт сөздер: ұлт, қыз, тәрбие, отбасы, ата-ана.

Аннотация. Представители этнических национальностей, населявших Казахстан, не забыли о своих национальных особенностях, живя с нами в советское время. Известно, что в воспитании девочек проводилась воспитательная работа, сложившаяся в жесткой системе, без учета национальной психологии. В учебных пособиях и учебниках того времени не учитывались национальные средства воспитания, не было родного языка, наши дети становились мудаками. Учитывая наличие таких недостатков, в современных

условиях представляется целесообразным обратить внимание на формирование национальных качеств казахской девушки через народную педагогику.

Ключевые слова: национальность, девушка, воспитание, семья, родители.

Abstract. Representatives of ethnic nationalities living in Kazakhstan, living with us in the Soviet era, have not forgotten their national identity. It is known that in the upbringing of girls, educational work was carried out, which was formed in a strict system, without taking into account national psychology. In the manuals and textbooks of that time, the National means of education were not taken into account, the native language was not in its essence, and our children became dub. Given the fact that there were such shortcomings, it seems that in modern conditions it is better to focus on the formation of the national qualities of the Kazakh girl through folk pedagogy.

Key words: nationality, girl, education, family, parents.

Қыз баласына тәрбие беру кеңес дәуірінде бәсеңдеді. Ұлттық тұрғыда тәрбие беруде кемшіліктер кетті. Бірақ өткенге топырақ шаша беру болмайды. Біздің қазақ қызының тәрбиесіне жауап беретін отбасындағы салт-дәстүр, тәрбие жайлы әңгіме айту азайды. Қазақстанды мекендеген этникалық ұлт өкілдері бізбен бірге кеңес дәуірінде өмір сүре тұрып, өздерінің ұлттық ерекшеліктерін ұмытқан жоқ. Қыз балаларын тәрбиелеуде ұлттық психологиясы ескерілмей, қатал бір жүйеде қалыптасқан тәрбие жұмыстары жүргізілгені белгілі. Сол кездегі оқу құралдары мен оқулықтарында ұлттық тәрбие құралдары ескерілмей, ана тілі өз мәнінде болмай, балаларымыз дүбәраға айналды. Осындай кемшіліктер болғанын ескере отырып, қазіргі жағдайда қазақ қызының ұлттық қасиеттерін халық педагогикасы арқылы қалыптастыруға көңіл бөлген дұрыс сияқты.

Иә, қыз бала тәрбиесіне мән беріп, оның қағидалары мен ережелерін ұстанғандардың бірі - қазақ халқы. Қыз бала тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері мен тәжірибелері жетерлік. Халықтың ғасырлар бойы жасаған ұлттық тәрбие ісіндегі сәбилік кезеңнен бастап, ес білгенге дейінге салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелерінің тәрбиелік мәні тереңде. Сонымен қатар, қазақ қызының бойында ұлттық қасиеттерді қалыптастыру бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесіне айналып тұр. Сондықтан біз ұлттық қасиеттерге тоқталып өтпекпіз. Ұлттық қасиеттерді бойына дарытқан қазақ қызы - ұлтының болашағына қомақты үлес қоса алады.

Қазақ елінің тарихи, әлеуметтік-экономикалық жағдайларының, халықтың көшпелі өмір салтының ерекшелігіне сәйкес қыз баланы тәрбиелеуде өзіне тән талаптары қалыптасты. Қазақ халқында әр отбасындағы қарым-қатынастың өзіндік ерекшелігі ретінде, біріншіден, қыз балаларға деген мейірімділік, екіншіден, белгілі бір дәрежеде қатаңдық орын алды. Халық тәрбиесінде үлкендердің, ата-аналардың жеке бас өнегелерін үлгі тұту жүзеге асырылып отырды. Қыз баланың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда халық шығармашылығы (ұлттық ойындар, бейнелеу өнері, сәндік қолданбалы, музыкалық т.б.), салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, ырым-тыйымдары, даналық ой-пікірлері мен көзқарастары, идеялары, халық ілімдері мен тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттері, құралдары міндетін атқарды. Ал, қоғамдағы салт-дәстүрлердің маңызы жайлы біршама ғалымдардың (Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Ж.Наурызбай, С.А.Ұзақбаева, М.Х.Мұхамбаева, К.Ж.Кожахметова, С.Кенжеахметұлы, Дүйсембінова, С.Ғаббасов, Қ.Шалғынбаева және т.б.) еңбектерінде орын алған [1-9].

Осы ғалымдардың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарға берген ғылыми бағыттары және оларды пайдалану жолдарының мәні ерекше. Бұл салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың қыз тәрбиесінде мәні зор. Ол қыз тәрбиесіне байланысты, ол жарық дүниеге келген күнінен бері, қыз болып қылтиғаннан бастап, бойжеткен қыз болғанға дейін жүргізілетін тәлім-тәрбиелерінің кезеңі кіреді. Мысалы, ана құрсағындағы тәрбие, шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тіл ашар, еңбекке, қыз баланы болашақ ана болуға даярлау, өмірге бейімдеу. Қыз бала бойында алғаш ұлттық

қасиеттерді тәрбиелеу керек екендігі бәрімізге мәлім. Олай болса, жалпы ұлттық қасиеттерді іздестіру барған сайын көкейкесті сипатқа ие болып отырғандығы белгілі.

Қазақтың ұлттық қасиеттерін Ы.Алтынсарин, Абай өз шығармаларында көрсеткен. Белгілі философ, ғалым А.Айталы өзінің «Ұлттану» еңбегінде, адамдарды ұлтқа біріктіретін шешуші күш – ұлттық сана-сезім (ұлттық абырой, шат көңіл-күй мен қайғы-қасірет) деген анықтама берген [10.17б].

Ұлтты біріктіретін де, ұлтты айыратын да белгі – ұлттық сана-сезім. Ол «біз» және «олар» деген әлеуметтік-психологиялық терең тамырлы, келелі құбылысқа негізделген. «Біз өзімізді өзіміз басқалар арқылы танидық»,- деп О.Сүлейменов жазғандай, «бізді» «олардан» айырып, «бізді» «оларға» қарсы қою, салыстыру арқылы ұлттық сана қалыптасады. Біздің қазақ қыздарының бойында бұл қасиет терең қалыптасқандығын тарихтан білеміз. Келесі қасиетті ұлттық ар-намыс деп атар едік. Осының ең әуелгісі, «ұят», «ар», «намыс», «ұждан» түсініктерімен бірге қазақ халқы «ұят» ұғымына да аса мән беріп, оны адамгершілік қасиеттерінің біріне бағалаған. Мұны «Әдептілік, ар-ұят-адамдықтың белгісі, тұрпайы мінез, жат-надандықтың белгісі», «Ынсап, ұят, терең ой-асыл зейнет біліп қой», «Өз ұятын білген кісі, бір кісіге өрелік береді», «Ұят кімде болса, иман сонда», «Ұят-иман белгісі, ұяттыда иман бар», «Ұяттан адам өлмейді, сағы сынады», «Ұятсыз әйел-тұзсыз ас, әдепсіз жігіт-жүгенсізат» және т.б. мақал-мәтелдерден аңғаруға болады. Оны баршаға жарияламай-ақ, кейбір адамдардың отбасы мен жеке басының өнегелі істерін үлгі ету арқылы, күнделікті тұрмыс қарекетіне «ар», «намыс», «абырой» ұғымдарына түсінік бере отырып, мәдениетті түрде жүзеге асырған. Демек, «әйелді сүйіктіге айналдыратын-ар мен ұят» деп білетін қазақ халқы әйелдік қадір-қасиет туралы қыз балаларына жастай тәрбие жүргізеді. Әйелдік қадір-қасиет дегеніміз әйелдерге тән әдеп-иба, ар-ұят, бауырмалдық, мейір-шапағаттылық, кеңпейіл-кешірімділік, адалдық пен пәктік, нәзіктік пен биязылық.

Сондықтан әрбір ана қызына ата-анасын, туыстарын, ұстазын, құрбы-құрдастарын сыйлап, қадірлей білуді үйретсе, болашақта одан елін, жерін, халқын сүйетін, өз шаңырағын ардақтайтын, ұрпағын ұлықтайтын қамқор ана шығатыны сөзсіз. Осы орайда, қазақ қызына тән тағы бір ұлттық құндылық «ұлттық мінез». Ал бұл жайлы әралуан пікірлер таралған. Мәселен, М.Ыбырайұлы «Халықтық мінез Һақында» атты мақаласында: «Қазақ халқының ұлттық мінезі өзінің өмір кешкен кең байтақ далалық, қырлық фонында қалыптасты. Сондықтан қазақ халқына тән негізгі белгілер: кеңпейілдік, жомарттық, салғырттық, қонақжайлылық, көпшілдік, бауырмалдық, намысқойлық, төзімділік сияқты қасиеттерді атайды.

Ұлттық сипат, ұлттық мінез әйелге қойылатын халқымыздың талап-талғамында, сынында екені белгілі. Ал олар, әйел сұлулығымен қатар, оның қылықтылығымен, төзімділігімен, байсалдылығымен ерекшеленген. Міне дәл осылар ұлттық мінезге тән нәрселер. Демек, қазақ аруларына тән дархандық, кеңдік, меймандостық, қонақжайлық – бәрі де кең байтақ даламыздан тамыр алып, қалыптасқан қасиеттер.

Қорыта келе, қазақ қызына тән ұлттық мінезге төмендегідей анықтама берген болар едік: Ұлттық мінез – ұлттың өзімен бірге жасасып келе жатқан, ұлтқа тән белгілері, қасиеттері деуімізге болады [11.17б].

Мұның бәрі әрине, халық тарихымен, тағдырымен етене байланыста екенін білеміз. Және де қазақ әйелі «дала аруы» деген көрсеткішке тең. Соның ең алғашқысы – тек жайлы сөз қозғасақ. Қазақ халқы соу ықылым заманнан бастап жалғасқан өзінің тегі бар халық. Тегін білмеу, қазақтың салт-дәстүрінде «әдепсіздікке, көргенсіздікке» жататыны белгілі. Сондықтан, өскелең ұрпағымызға өзінің «тегі» жайлы түсінік беру біздің үлесімізде. Қазақ халқының бұрыннан келе жатқан ғұрпы, жұбайлық өмірге жар таңдау мәселесіндегі ескерілетін ұлттық сапаларының бірі - «Тектілік» ұғымының да тамыры қытай жазбаларынан бастау алады. «Тек» сөзі «тектіліктің» түбір сөзінен алынғаны айқын. VIII ғасырдағы Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазулардағы «тек» сөзінің төркінін Олжас

Сүлейменов былай талдайды: «Тюркских: тек-род (тат.) и т.д. Производное теги, тегин – потомок, принц (др.тюрк). Самые ранние значения отложились в древнегреческом: тек – 1) «дитя», 2) «род» [11. 22б].

Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» еңбегіндегі «тектілік» ұғымын, ата-бабасы текті адамнан ғана текті бала дүниеге келетіндігіне күмән келтірмейтінін айтқан. Оған мына мысал дәлел: «Елік ойын мәтелдеді, балады, Текті ердің текті ұрпағы қалады»(1623-бәйіт). Ал, қазақ тілінің сөздігінде «текті» ұғымын «арғы тегі атақты, әулеттік болмысы атақты тұлға, шыққан негізі, нәсілі, тұқымы»,- деп түсінік берілген. Текті адам ата-тегінің қадір-қасиетіне кір келтірмейді, ата-тектің абыройын қорғайды,- дейді тектілік турасында. Яғни, «жеке тұлғаның тегіне тартып, парасаттылық, сауаттылық көрсетуі, қасиеттерін бойына сақтаған»,- деуі, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан толыққанды мінездеме берілгені болып анықталады. Қазақ халқының адамды тануы, жар таңдауы мәселелерінде даралық қасиетке жататын «тектілік» көшпелі қазақ мәдениетінде батыстың «элитарлық» ұғымынан да тереңірек. «Ортағасырлық еуропада элитарлық сословиялық жікшілдікті білдірсе, біздің халыққа тектілікті, ұрпақтар сабақтастығымен тереңірек байланыстырады» - дейді Г.Омарова «Дәстүрлі қазақ мәдениеті» атты мақаласында.

Т.Ә.Ахметовтың «Жүсіп Баласағұнидың тәлім-тәрбиелік идеялары» атты диссертациялық жұмысында «Текті, парасатты кісі» бейнесі сомдалып, символикалық байланыс арқылы «Алтын адам» бейнесімен берілген [12. 47б].

Қазақ халқындағы қыз бала тәрбиесінің болашақ жар, ана ретіндегі мәні ерекше. Осы мәселе тұрғысында алып қарағанда Ж.Баласағұн өз дастанында әйел баласының тәрбиесіне, тегіне, пәктігіне аса қаталдықпен, үлкен жауапкершілікпен қарағандығын аңғаруға болады. Өйткені, әйелі жақсы үйдің тәрбиесі жақсы, әйелі жаман үйдің тәрбиесі жаман деген ой-тұжырымын: «Тегі ізгіден ізгілікті ер туады, Ізгі жанның жуар елді шуағы»,- деген жолдары айқындап тұр (2430 бәйіт).

«Жақсы болсын тегі, заты, ұрығы, Пәк, ұятты, болсын жанның тұнығы.(4475 бәйіт). Әрине, ғұлама өз еңбегінде қандай әйел алу керектігі жайлы ерлер жағына ақыл-кеңес береді. Ең бірінші - тегі, заты дұрыс үйдің қызы болсын, екінші - ұятты, тәрбиесі түзік болсын, өзіңнен пәстеу, тегі төмендеу, ақылдысын танда, үшіншісі - асыл текті болмасын, оған құл боласың, көркіне де көз салма, жаман, тексіз, қылықсыз қызға қарама, төртінші - құлқы жақсы, кемелі келісті, жібек мінез, қылықты болсын, - деп әйел бойындағы жаман және қасиетті қылықтарды ата-бабаларымыз ерекше бағалап, ер жігітке жар тандауды ескеретін жайттарды өнеге етіп қалдырған. Тектілік пен тексіздік жайлы жоғарыда жыраулар поэзиясынан кездестірдік. Жаман қасиеттерге, түрлі сынақтарға төтеп беретін – бұл әйел баласының тегі екендігіне көз жеткіздік. Тектің биологиялық жағынан сапалылығын жетілдіру үшін ұлтымыздың жеті атаға дейін қыз алыспауының өзі – адам табиғатын жете түсінгендігі еді. Бұған дәлел, Есімханның бұйрығы бойынша басқа бір рудан, тайпадан барып “қыз айттыру, құда түсу” тәртібі орнағанда, қазақ қарттары бұл тәртіпті алыстан болжағандық бар, сол кездерде қазақ арасында тынышсыздық орнағандықтан, оның халыққа пайда жағы молырақ екеніне көздері жетіп, осы тәртіпті қолдаған екен. Міне, бізге жеткен жақын туыстарына үйленбеу, сегіз атадан асқанда ғана қыз алысуға болады, - деген сол кезден келсе керек. Бұл, әрине, біріншіден, өріс кеңейту болса, екіншіден, екі рудың құда болуы жаулықты тоқтату үшін қажет, үшіншіден, генетикалық тазалық - деген түсінік береді. Тектіліктің сипаттары: ата-анасы бар, ақ некеден туылған, отбасында алған тәрбиесі өнегелі, жаман іспен ата-анасының, әулетінің аты шықпаған, ар-ұяты бар, намысты дегенге саяды. Нақысбек шешеннің «Тексізді досым деме, олар ер емес, пенде болады» десе, Бұқар жырау мынаны текке айтпаса керек: «Жаманнан жақсы туса, Жақсыдан жаман туса, Тартпай қоймас тегіне». Осы ойды жалғастырушы, Бауыржан Момышұлының «Тексізден тезек артық, арсыздан айуан артық» мәтелі қазақ қыздарын жаман жолдан қашуға насихаттайды. Халық тәлім-тәрбиенің нашарлығын тексіздікке теңейді. Сондай-ақ, «тексіздікті» кейде «некесіздік»,

«көргенсіздік» ұғымдарымен де қатар қоюымызға болады. Олай дейтін себебіміз, бұларды түсіндірме сөздікте «тегі белгісіз» деген мағынамен ашқан.

Ұлттық құндылық сапаның бірі «қылықтылық» ұғымы этнопедагогикалық, этнопсихологиялық тұрғыдан ашылмаған, анықталмаған деуге болады. Баласағұни мен Қайкаус, Бұхар мен Ақтамберді ұсынатын қылықты қыз қандай? Қазақ отбасындағы қыз тәрбиесінің нәтижелілігі қашан да оның қылығының сыпайы да сүйкімді болуы мен жарасымды әрекеті және жүріс-тұрысының үйлесімділігі арқылы айқындалып отырған. Ол жөнінде Ж.Баласағұн: «Жібек мінез-қыз-келіншек шырыны, Біле білсең, әйел көркі қылығы», - десе, осы ойды құптаушы XV-XIX ғасырларда қазақ ақын-жыраулар еңбегінде де қыз тәрбиесі жайлы ой-тұжырымдар жалғастығын тапты.

Қазақ психология ғылымының өкілі С.Балаубаев психологиядағы «поведение» деген терминді «қылық» деп аударған. «Поведение» бір жағынан жүріс-тұрыс, іс-әрекет деген түсінікті де береді. Егер «поведениені» «тәртіп» деп аударар болсақ, онда қылықтылық – тәртіптілік те. Қылықтылық – қыз балаға тән тартымдылық, сүйкімділік, мінезділік. Іс-әрекеті мен мінез-құлқының әдеп аясынан шықпай толымдылықпен жүйеленіп, әсерлі ықпал етуі. Қыз бойындағы қанша асыл сапалар болғанымен, тартымды жеткізе білмесе, сүйкімді қылық арқылы көрсетілмесе, қабылданбайды. Сонымен, қылық қандай іс-әрекеттерде көрініс тауып, қылықтылыққа ауысады? Осы күнгі біздің білімді қыздарымыздың бойында тәртіптілік, пәктік, төзімділік, т.б. жақсы қасиеттер болғанымен, оны мінез толымсыздығы арқылы жеткізе білмейді. Яғни, қылықтылық жетіспейді. Сондықтан, қылықтылық аса қажет, отбасылық өмірге өзін бейімдейтін қыздар меңгеруге тиісті біліктілік болса керек.

Отбасындағы түтіннің түзу шығуы әйелдің білігіне, көргенділігіне, әдептілігіне байланысты. Өзі тіккен отаудың алтын қазығына айналу, ұлағатты отбасының негізін құрау әйелдің жан сезімінің айнасы. Халық бейбіт тірлікте әйелді отбасының сүйініші, сүйеніші деп есептесе, елге қиын-қыстау күн туғанда батырдың бірінші тіреніші деп білген. Ал, көне заманнан-ақ шешендігімен, көсемділігімен, батырлығымен, Қазақ қызына тән ұлттық мінез-құлық белгіглері тектілік мейірімді, инабатты, пәк және намысқой қайырымдылығымен аты аңызға айналған қазақ әйелі аз емес. Әйел болмаса өмір де болмас еді. Өйткені адамзатты дүниеге келтіруші де, тәрбиелеуші де әйел – ана. Демек, қазақ қызының бойына ұлттық қасиеттерін қалыптастыруды халық педагогикасы арқылы нәтижеге жетуге мүмкіндік бар екендігіне көз жеткіздік. Қазақ қызының тәрбиесін этнографиялық тұрғыда зерттеудің ғылым үшін де, күнделікті өмір мүддесі үшін де маңызы зор. Өйткені, біріншіден, қыз тәрбиесі жайлы жазылған зерттеулерде қазақ қыз баласының тәрбиесі жайлы тарихы толық қамтылмағандығы; екіншіден, қыздар тәрбиесінде қалыптасқан дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың сан алуан екендігі. Демек, қазақ қызының ұлттық қасиеттерін бойына қалыптастыру бойынша үздіксіз білім беру жүйесінде қыздарды тәрбиелеудің дәстүрлі әдістері арқылы іске асыруды тұрақты жүргізу арқылы жетістікке жетуге болады. Және де оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда қыз тәрбиесіне тереңірек көңіл бөлгенде біз бұл мәселенің шешімін табатынымызға кәміл сенуге болады.

Қорыта айтсақ, егер біздің қазіргі қоғамда ұлттық қасиеттерді бойына қалыптастырып, оны терең сезінетін қыздарымыз болмаса, біздің құрығанымыз және бұл мемлекеттік деңгейдегі тағдыр мәселесі, - деген болар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев С.Қ. Қазақтың халық тәлім-тәрбиесінің ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед. ғыл. докт. ....дис. автореф. – Алматы, 1996. – 65 б.
2. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Чебоксары, 1974. – 376 с.
3. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі: Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 352 б.

4. Наурызбай Ж.Ж. Научно-педагогические основы этнокультурного образования школьников. Автореф. дис .....докт. пед. наук. – Алматы, 1997. – 45 с.
5. Ұзақбаева С.А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие. Пед. ғыл. докт. ..... дисс. автореф. – Алматы, 1993. – 46 с.
6. Кожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998. – 317 с.
7. Дүйсембінова Р.Қ. Қазақ этнопедагогикасын оқу-тәрбие процесіне ендірудің ғылыми-педагогикалық негіздері. Пед. ғыл. докт. .... дисс. – Алматы, 2001. – 321 б.
8. Ғаббасов С. Халық педагогикасының теориялық және методологиялық негіздері. Пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2002.
9. Мухамбаева А.Х. Национальные обичаи и традиции и интернациональное воспитание. В сб: Вопросы обучения и воспитания. ч.2.-М: 1973, -С. 12.
10. Айталы А. Ұлттану.Оқу құралы. - Алматы: «Арыс».-2000.-226б..16б
11. Сарыбекова Ж.Т. Қазақ қызының психологиясы. Тараз, 2015. - 38бет
12. Ахметов Т.Ә. Жүсіп Баласағұнидың тәлім-тәрбиелік идеялары. Пед.ғыл.канд.дисс.- Алматы, - 2013.- 149бет
13. Кенжеахметұлы С. Жеті қазына (жиған-терген) 3кітап-Алматы: «Ана тілі» ЖШС, 2007 -136б

ЖАСТАР АРАСЫНДА ҰЛТТЫҚ ИДЕЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР

Шерімбаева Ж.Д.
«Тарих және география» кафедрасының аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ.
E-mail szhibek010@mail.ru
Кашкинбаева А.Т.
«Тарих және география» кафедрасының аға оқытушысы
Tashenev University, Шымкент қ.
asemai7@mail.ru
Құдайберген С.Ж.
7М01601- Тарих педагогтерін даярлау мамандығының 2курс студенті
Tashenev University, Шымкент

Аңдатпа. Бұл мақалада шежірелі қазақ қоғамының экономикалық және саяси ілгерілеуін қолдайтын, ұлттық жаңғыруға ұмтылған қазақ элитасының ұлтшылдық ұранының басты бөлшегіне айналған ұлттық идеяның қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлар. қарастырылады.

Кілт сөздер: шежіре, идея, хан, жүйе, дәстүр.

Алтын Орда – Орталық Азия мен Шығыс Түркістанның ұлан-ғайыр аумақтарында орналасқан Шыңғыс ханның империясы оның төрт ұлына тиісті түрде бөлінген болатын. Дешті Қыпшақ (Қазіргі Қазақстан аумағы) даласы оның үлкен ұлы-Жошыға өтіп, кейін оның ұрпақтары билік жүргізді. Алайда олардың билік үшін бәсекелестігі үнемі тоқтамады. XV ғасырдың ортасына қарай Әбілқайыр Шыңғыс ханның басқа ұрпақтарының билігін тартып алғаннан кейін, көп ұзамай саяси шиеленіс шарықтау шегіне жетті. Бұл жағдай бірқатар бәсекелестерінің нарзылығын тудырып, бөлінулеріне себеп болды. Керей мен Жәнібек сол бөлінушілердің қатарынан еді. Олар 1465 жылы өз халқын оңтүстік-шығыс Жетісу жеріне (Оңтүстік Қазақстан) жаңа саяси құрылым – «Қазақ хандығын» құруға бағыттады. Түркі тілінде «еркін рух» деген мағынаны білдіретін

«Қазақ» сөзі көшпелі тайпаға лайықты түрде қосылды. Шыңғыс ханның осы екі ұрпағы Керей мен Жәнібек қазақ ұлтының тарихи дамуына ықпал етіп, Қазақ хандығының пайда болуына мұрындық болды.

Қазақ тарихына қатысты түрлі дереккөздер қазақ халқының мәдениеті негізінен мал шаруашылығы тәжірибесінен туындағанын көрсетеді. Мал шаруашылығы қазақ болмысының құрылымын қалыптастырып, қауымдар ішіндегі және қауымдар арасындағы әлеуметтік қатынастарды сақтауға қызмет етті. Сонымен қатар, мал шаруашылығы қазақтың «ең жалпы бірегейлігінің» шекарасын белгілейтін «қазақтықпен» теңестірілді.

Қазақ хандығы Шыңғыс ханның әскери-саяси жүйесі негізінде Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз болып үшке бөлінді. Қазақ хандығы династиясының бастауы «төреден» шыққан қазақ хандары Керей мен Жәнібектен бастау алды. Төрелер Шыңғыс ханнан шыққан текті ұрпақтың жергілікті анықтамасын білдірді.

Төрелер қазақ қоғамындағы саны жағынан аз, бірақ күшті әлеуметтік сатыдағы маңызды «ақсүйек» тобын құрады. Қалған екі топқа мұсылман элитасы, «қожа» және «саидтер» кірді. Бастапқыда діни миссионерлер хандыққа ислам дінін тарату үшін келіп, сол уақыттан бері олар сыйлы және сенімді болып қала берді. Қожалар мен саидтер өздерінің араб текті екендерін айтып, өздерінің пайғамбар Мұхамедтің ұрпақтарымыз деп сипаттады. Ақсүйек тобының үшеуі де қазақтар арасында ғана емес, бүкіл Орталық Азияда жоғарғы қызметтерді атқарып, үлкен мәртебеге ие болды. Қазақ қоғамындағы басқа бір әлеуметтік қабат «қара сүйек» деп аталды. «Қара сүйек» тобына түркі тектес қарапайым халықтар, сонымен қатар тілдері, әдет-ғұрпы мен наным-сенімдері қазақ мәдениетіне елеулі түрде ықпал еткен моңғолдар мен ғұндар кірді. Олар үш жүздік құрылымында сегменттік ұйым ретінде малшылар қауымдарынан құралды.

Сол кезеңдерде Қазақ хандығында жалпы саяси құрылыммен қоса, жер иелену, меншікке иелік ету және туыстық қатынастың байырғы жүйелері де моңғолдардың жүйесіне ұқсады. Осылайша, маңызды әлеуметтік тәжірибелерді реттейтін принциптер шежірелік есептерге негізделген ерекше жиынтығында кодталып, қоғамда шежіре ретінде қалыптасты. «Шежіре» термині парсы және араб тілдерінен кейін қазақ тілінде қабылданып, «ағаш» деген мағынаны білдірді . Ол қазақтар арасында саяси одақ құру, әлеуметтік құрылым және текті бөлу мақсатына қызмет етіп, түптеп келгенде жайылымдық жерлер мен жыл сайынғы көші-қон жолдарын бөлумен байланысты болған шежірелік есептің ауызша дәстүрін қалыптастырды.

Сонымен қатар, шежіре қазақ қоғамының экономикалық және саяси ілгерілеуін қолдайтын, ұлттық жаңғыруға ұмтылған қазақ элитасының ұлтшылдық ұранының басты бөлшегіне айналды. XIX-XX ғасырлар тоғысында пайда болған бұл топтар отырықшыландыруды болашақта ұлттың дамуына қажетті талаптардың бірі деп санады. Дәл осы кезең барлық қазақ рулары мен тектерінің шежіре негізіндегі тарихи деректері болып табылатын біртұтас қазақ шежіресін жасақтаумен ерекшеленді. Тайпалар мен рулардың тектерінің топтық мүшелігін білдіретін шежіре қазақтың этникалық концепциясының генеалогиялық құрылымы еді. Шежіре қазақтардың біріктуші қазақшылықтың айқындаушы белгісі еді.

Шежіре аумақтық жағынан бытыраңқы және саяси жағынан бөлінген сол қоғамдағы қазақтардың мәдени біртұтастығын білдіріп, ұлтшылдық көзқарастың алғашқы көрінісі болды. Себебі, сол кезеңдегі қазақтың ең ықпалды Алашорда саяси партиясының атауы сол шежіредегі қазақтың арғы атасы, негізін қалаушы адамның атымен аталғаны кездейсоқтық емес. Мәселен, «Біз Алаштың балаларымыз...» деген идиома арқылы қазақтар өздерінің топтық және ұлттық бірегейлігін білдірді. Шежіредегі қазақтардың ұлттық бейнесі саяси қарсылықтың басты элементіне айналғаны анық. Алашорда партиясының белсенді мүшесі, ақын Сұлтанмахмұд Торайғыров (1893-1920) 1917 жылы Қазақ автономиясы үкіметін құрудан бұрын жарияланған «Айтыс» өлеңінде былай деп жазған:

Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға алаш деген атты аламын.
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?

Қазақ жерлері Ресей империясына қосылғаннан кейін патшалық әкімшілік қазақ жеріне алғашқы славян қоныстанушылардың қатарында келген орыс текті топ казактардан байырғы халықты бюрократиялық тұрғыдан саралау үшін қазақтардың бастапқы этнонимін «қырғыз» этнонимімен ауыстырып қолданды [1]..

Ресейде білім алған қазақ зиялылары өздерінің тарихи-саяси еңбектерінде қырғыз терминінің қолданылуын сараптап, түсіндіруге тырысты. Қазақтың төл этнонимі 1925 жылы Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің бесінші съезінің қаулысымен қалпына келтірілді [2].

XIX ғасырда бұрынғы Қазақ хандығының территориясы ірі әкімшілік бірліктерге, солтүстік пен шығыстағы Дала және Орынбор губернияларына, Түркістан және оңтүстікте және батыста қазақ жерлері көршілес орыс және өзбек өлкелерімен біріктірілген Астрахань губерниясына бөлінді. Отаршылдық бюрократияның енуі және қазақ малшылары қоныстанған аумақтарға орыс шаруаларының қоныс аудару процесі XIX ғасырдың соңғы онжылдықтарында айтарлықтай өсті. Қоныс аударушылар қазақтардың жайылымдық жүйесіне жойқын әсерін тигізіп, қазақ халқының қарсылығын тудырды. Бірқатар жерлерде малшылар көтерілістерінің басшылығы 13 түрлі қазақ руларының оқшауланuын, оның үстіне отаршылдық әкімшілік құрылымдарға наразылығына әкеліп соқты [3].

Одан кейінгі кезеңдерде Ресей Сыртқы істер министрлігінің Азия бөлімі бұл жерлерге шекара сызып, қазақ елін губернияларға бөлуді жалғастырды. Бұған жауап ретінде қазақ басшылары ақылы сұлтандарға және орыстармен ынтымақтасқан орыс билігіне қарсы көтерілістерді бастады. Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы және Орта Жүзден Кенесары Қасымұлы ұлтшыл қозғалыстардың көшбасшысы болды. Жылдар бойы ұлтшыл басшы емес, қаһарлы халық жауы ретінде көрсетіліп келген Кенесары Қасымұлы «қазіргі» мемлекеттерде көрінетін күшті орталық билік пен хан идеалын алға шығаруға тырысты. Бұл кезеңдегі ұлтшылдық идеясы салық жүйесі мен дәстүрлі құқықтық жүйеге енгізген жаңалықтарымен қазіргі заманғы қазақ саяси жүйесін жақтады. Қазақтардың ұлттық болмысына оралуын және мемлекетті нығайтуды жақтаған, Қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін күрескен Кенесары Қасымұлы қазақ тарихындағы маңызды тұлға болды. Кеңес Одағы кезінде бұл оқиғалардың тарихы теріс сипатталды. Ресми идеологияға сәйкес келмейтін сөздерге тыйым салынып, жойылды. Осы көтерілістерден кейін славян шаруаларының қазақ жеріне қоныстануы белсендірек және қарқынды түрде алға шығып, осы саясаттың нәтижесінде қазақ даласындағы қазақтардың саны 50 пайыздан да төмендеді. Осы әрекеттердің нәтижесінде қазақтар өз жерлерін шетелдік қоныстанушылардан жалға алуға мәжбүр болды, осылайша алдыңғы қатарға шыққан жер мәселесі барған сайын саяси сипат ала бастады [4].

Өлкеде орыс патшалық отарлауының кеңеюі қазақ элитасының арасында ұлтшылдық риториканың пайда болуына алып келді. Қазақ зиялылары 1913 жылы «Қазақ» атты тұңғыш қазақ апталық газетінің негізін қалады. Бұл газет 1917 жылдың аяғында Қазақ автономиялы үкіметін құрған олардың партиясының ірі саяси трибунасына айналды. Орыс либерализмінің ойларына рухтанған Алаш қайраткерлері қазақтың мал шаруашылығына негізделген дәстүрлі идеясын қолдамай, ұлттық және тарихи байланыстыратын жаңаша ойларға шақыруға тырысты. «Қазақ» газетінің негізін қалаушы, Алашорда партиясының көрнекті жетекшісі Ахмет Байтұрсынов ұлттың ішінен басталған әлеуметтік өзгерістерді отарлауға қарсы тұрудың ең шешуші факторы ретінде қарастырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қойгелдиев М. Қазақ елі: ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес /XIX ғ. – XXI ғ. басы/ - Алматы: «Дәуір». – 2014, 432 б.

2 Шайкемелев М.С. Қазақтың бірегейлігі. Монография / жалпы.ред. З. К. Шаукенова. - Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. - 272 б.

3 Косиченко А. Национальная идея как фактор консолидации казахстанского общества // Содержание и мобилизующий потенциал общенациональной идеи: матер. науч.-теорет. конф., посв. 60-летию А.Г. Косиченко. – Алматы, 2008. – С. 49-57.

4. Кайдарова А. Қазақстан Республикасының ұлттық идеясының қалыптасуы (саяссаттанулық талдау): – Алматы, 2010. – 257

ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Алимова Қ.Ш.
Мектепке дейінгі оқыту және психология
кафедрасының магистр, аға оқытушысы
Alimova_87@mail.ru
https://orcid.org/0000-0001-7183-3964
Тазабек Қ.Н.
Психология мамандығының 1 курс студенті
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.

Аңдатпа. Бұл мақалада психологияның қазіргі қоғамдағы маңыздылығы, оның адам өміріне әсері және психологиялық көмектің түрлері қарастырылады. Психология тек жеке тұлғаның психикалық денсаулығын сақтаумен шектелмей, сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларда да кеңінен қолданылатын ғылым ретінде танылады. Мақалада психологиялық көмектің тиімділігі, психологтардың рөлі және психологияның болашағы туралы айтылады. Сонымен қатар, психологиялық проблемаларды шешуге арналған әдістер мен тәсілдерге тоқталып, психологияның адам өмірін сапалы түрде өзгертудегі маңыздылығы атап өтілген.

Кілт сөздер: психология; психоэмоционалды жағдай; психологиялық көмек; психотерапия; психологиялық проблемалар.

Аннотация. В данной статье рассматривается значение психологии в современном обществе, ее влияние на жизнь человека и виды психологической помощи. Психология не ограничивается только сохранением психического здоровья личности, но также широко применяется в социальных, экономических и культурных сферах. В статье обсуждается эффективность психологической помощи, роль психологов и будущее психологии. Кроме того, рассматриваются методы и подходы к решению психологических проблем, а также подчеркивается значимость психологии в улучшении качества жизни человека.

Ключевые слова: психология; психоэмоциональное состояние; психологическая помощь; психотерапия; психологические проблемы.

Abstract. This article examines the importance of psychology in modern society, its impact on human life, and the types of psychological assistance available. Psychology is not limited to maintaining an individual's mental health but is also widely applied in social, economic, and cultural fields. The article discusses the effectiveness of psychological assistance, the role of psychologists, and the future of psychology. Additionally, methods and approaches to solving psychological problems are considered, highlighting the significance of psychology in improving the quality of human life.

Key words: psychology; psycho-emotional state; psychological assistance; psychotherapy; psychological problems.

Қазіргі қоғамда психология ғылымы адамның күнделікті өмірінде маңызды рөл атқаратын негізгі салалардың біріне айналды. Психология тек жеке тұлғаның психикалық денсаулығын сақтаумен шектелмейді, сонымен қатар оның эмоциялық тұрақтылығын қамтамасыз етуге, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға және жалпы өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді. Қазіргі заманғы қарқынды өмір ырғағы, әлеуметтік өзгерістер, технологиялардың дамуы және ақпараттың шектен тыс көбеюі адамдардың психологиялық жағдайына әсер етуде. Осыған байланысты, психологияның қоғамдағы маңызы артып, оған деген сұраныс күннен-күнге өсіп келеді.

Бұл мақалада психологияның адам өміріне тигізетін әсері, оның қазіргі қоғамдағы рөлі, психологиялық көмектің түрлері мен олардың тиімділігі қарастырылады. Сонымен қатар, психолог мамандарының маңыздылығы, психологиялық мәселелерді шешу жолдары және психологияның болашағы туралы сөз қозғалады. Қазіргі таңда психологиялық білім тек мамандар үшін ғана емес, әрбір адам үшін өзекті болып отыр, өйткені өзін-өзі тану, эмоцияларды басқару және дұрыс шешім қабылдау қабілеті өмірдің барлық салаларында қажет.

Қазіргі уақытта біз психологияның ғылым ретінде, қазіргі қоғамның әр адамының өмір саласына айналып жатқанын көруімізге болады. Психология адам өмірінде маңызды рөл атқарады, оның өмірін жеңілдетеді және оны жарқын, сәтті және бақытты етеді. Басқа адамға қандай көзқараспен қарауға болады? Өзіңізге қалай сенімді, мейірімді болуға болады? Қиын жұмыс және тұрмыстық жағдайларды қалай шешуге болады?… Психология барлық жағдайларға арналған көмекші болмаса да, осы және басқа да көптеген сұрақтарға жауап табуға мүмкіндік береді. Дегенмен, психологияға ғылым мен практика ретінде қызығушылықтың артуына қарамастан, адамдар оған әр түрлі көзқарас танытады, яғни оң көзқарастан жағымсыз көзқарасқа дейін. Кейбіреулер психология шын мәнінде өте пайдалы ғылым деген пікірмен келіседі, оның күшті жағы-алынған білім мен дағдыларды өмірде қолдану мүмкіндігі.

Біздің елімізде психологияға деген қызығушылық үлкен және қазіргі қоғамның барлық салаларына: білім беру; саясат; медицина; спорт; экология; өнер және бизнес және т. б орын алады.

Психологияның пайдасы адамның дүниетанымын қалыптастыруға, адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуға көмектеседі. Қазіргі таңда білікті психология мамандары мен өзінің өміріне бейжай қарамайтын, психология іліміне жүгінетіндердің қатары көбейіп келеді [1]. Жеке тұлғаның сана-сезімінің дамуына әсер етіп жүрген жандардың бірі Алмас Ақынды мысал ретінде алсақ: «Кез-келген адамның өз өмірінің ораторы, көшбасшысы, жеңімпазы және бай болып қалыптасуы үшін оған 3 үлкен фактор әсер етеді: Сенімділік. Ішкі блоктардан толығымен айығу;

Өз бағытын білу. Өзіңіздің тұлғалық моделіңізді анықтау; Бойыңыздағы талантты ортада қолдану, игеру яғни, осы сенімділік арқылы психологиялық тұрғыдан қалыптасамыз», - дейді.

Адам бойындағы кездесетін мәселелерді ескере отырып, оларға қол ұшын созатын психологтардың маңызы зор. Сондықтан қазіргі әлемдегі психологтың рөлі өте қажет. Ол көптеген адамдардың өмірін сақтайды. Кішкене проблемалар болса да, психологпен сөйлесу адамға өз әсерін тигізеді, айтарлықтай жеңілдейді.

Әйтсе де, психологтар деген кім? Психологтар – бұл өз саласының мамандары. Психологтар – бұл әртүрлі проблемалық жағдайларда көмекке мұқтаж адамдарға көмектесуге дайын адамдар. Мысалы: қарым-қатынастағы қиындықтар, отбасындағы қиындықтар,балалармен қиындықтар,мансап проблемалары, қаржы және өмір жоспарлары, өзіне қатысты қиындықтар, жаман әдеттер мен тәуелділік,өз-өзіне

күмәндану, кешіктіру, эмоционалды күйзеліс, түсініксіз эмоциялар, жақын адамнан бөліну, мазасыздық пен қорқыныш,депрессия,стресс,дүрбелең шабуылдары, нашар ұйқы, жанжалдар мен қақтығыстар,агрессия, тәбеттің жоғалуы, өмірдің құнсыздануы және т.б. психологиялық проблемалар болуы мүмкін. Сондақтанда психологтардың енбегін бағалауымыз керек.

Психологиялық проблемалары бар клиентке (пациентке) психологиялық емдік әсер етудің 4-5 сессиясынан кейін пациенттің психоэмоционалды жағдайы дұрысталады. Психологпен жұмыс істегеннен кейін пациенттер әлдеқайда жақсарады,негізінен көптеген проблемалар адамдардың өміріне теріс әсер бермесе, оң әсері жоқ. Психологқа жүгінген адамдар әлемге және жағдайларға басқа көздермен қарайды, емдеуге дейін қорқынышты болып көрінген нәрсені соншалықты ауыр қабылдамайды. Олар депрессияны, апатияны жоғалтады, өмірге қызығушылық танытады және онымен бірге тамақтануы да жақсарады. Адам тынышталады, оның ұйқысы қалыпқа келеді, терең, тыныш болады. Психологқа жүгінгеннен кейін адамның өмірі жақсарады, жарқын болады, жағымды эмоциялар мен сезімдерге толы болады.

Психологияның адам өміріндегі рөлі шынымен маңызды деп айта аламыз. Басқа ғылымдармен қарым-қатынаста психология өзінің пәнін, теориялық принциптері мен осы пәнді зерттеу әдістерін сақтайтынын нақты түсініп, есте сақтау керек. Психологияда білімнің ерекше саласы ретінде бірқатар арнайы салалар біріктіріледі, олардың арасындағы байланыс әрдайым бірдей болмайды [2].

Бірақ, кейде «үйлесімсіздікке» қарамастан, олардың бәрі білімнің бірыңғай саласына жатады. Сайып келгенде, олардың жалпы міндеті – құбылыстардың бір класының-психикалық мәнін зерттеу. Психологиялық пәндердің бүкіл жүйесін зерттеудің негізгі объектісі – адам, оның психикалық процестері, күйлері мен қасиеттері болып табылады.

Психологияның адам өміріндегі рөлін жалғастыра отырып, оның қазіргі қоғамдағы маңыздылығын тереңірек қарастыру қажет. Психология тек жеке тұлғаның психикалық денсаулығын сақтаумен шектелмей, сонымен қатар қоғамдық дамудың маңызды факторы ретінде де танылады. Әрбір адам өз өмірінде кездесетін психологиялық қиындықтарды шешуге ұмтылады, ал бұл үдерісте психология ғылымының теориялық негіздері мен практикалық әдістері аса маңызды рөл атқарады.

Психологияның қазіргі қоғамдағы орны:

Қазіргі заманғы қоғамда психологияның рөлі тек жеке тұлғаның психикалық денсаулығын сақтаумен шектелмейді. Ол әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени салаларда да кеңінен қолданылады. Мысалы, білім беру саласында психология педагогикалық үдерістерді жетілдіруге, оқушылардың мотивациясын арттыруға және олардың эмоционалдық жағдайын басқаруға көмектеседі. Бизнес саласында психология қызметкерлердің тиімділігін арттыру, командалық жұмысты ұйымдастыру және стресті басқару сияқты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Медицинада психология емдеу процесінде пациенттердің психикалық жағдайын қолдауға, олардың ауруға деген көзқарасын өзгертуге ықпал етеді.

Психологиялық көмек тек клиникалық жағдайларда ғана емес, сонымен қатар күнделікті өмірде де қажет. Мысалы, отбасылық қатынастардағы қиындықтарды шешу, балалардың эмоционалдық дамуына көмектесу, мансаптық дағдарыстарды жеңу, стресс пен депрессияны басқару сияқты мәселелер психологтардың көмегімен шешіледі. Психологиялық көмектің негізгі түрлеріне мыналар жатады:

Консультациялық көмек: Бұл түрде психолог клиенттің проблемасын түсінуге және оны шешуге бағытталған әдістерді ұсынады.

Психотерапия: Терең психологиялық проблемаларды шешуге арналған ұзақ мерзімді үдеріс. Ол клиенттің ішкі әлемін талдауға және оны түзетуге бағытталған [3].

Тренингтер және семинарлар: Бұл түрде адамдарға белгілі бір дағдыларды үйретуге, мысалы, коммуникациялық дағдыларды жетілдіруге, стресті басқаруға және уақытты тиімді пайдалануға көмектеседі.

Диагностика және бағалау: Психологтар клиенттің психикалық жағдайын бағалау үшін арнайы тесттер мен әдістерді қолданады.

Психологиялық көмектің тиімділігі: Психологиялық көмектің тиімділігі оның жүйелілігінде және клиенттің өз проблемасын шешуге деген дайындығында жатыр. Психологпен жұмыс істеу процесінде клиент өз эмоцияларын, ойларын және әрекеттерін талдауға үйренеді. Бұл үдеріс арқылы ол өзін-өзі түсінуге, ішкі қайшылықтардан арылуға және өмірлік мақсаттарын анықтауға мүмкіндік алады. Мысалы, депрессиямен күресіп жатқан адам психологтың көмегімен өзінің эмоционалдық күйін түсінеді, оны басқаруды үйренеді және өмірге деген қызығушылығын қалпына келтіреді.

Психологияның болашағы: Психология ғылымы үнемі дамып, жаңа әдістер мен теорияларды қамтиды. Қазіргі заманғы технологиялардың дамуы психологиялық зерттеулерге де үлкен ықпал етеді. Мысалы, виртуалды шындық технологиясы арқылы фобияларды емдеу, нейрофидбек әдістері арқылы стресті басқару сияқты инновациялық тәсілдер қолданысқа енгізілуде. Бұл психологияның тек теориялық ғылым емес, сонымен қатар практикалық қолдануы бар динамикалық сала екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе психология адам өмірінің барлық салаларына терең ықпал ететін ғылым ретінде қазіргі қоғамда маңызды орын алады. Ол тек жеке тұлғаның психикалық денсаулығын сақтауға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық дамудың маңызды факторы ретінде де қызмет етеді. Психологиялық білім мен дағдыларды қолдану арқылы адам өз өмірін сапалы түрде өзгерте алады, өз мүмкіндіктерін ашады және қоршаған әлеммен үйлесімді қарым-қатынас орнатады. Сондықтан психологияға деген қызығушылықты арттыру және оны қоғамдық санада маңызды элемент ретінде қалыптастыру аса маңызды. Психологияның болашағы зор, өйткені ол адамзаттың рухани және эмоционалдық денсаулығын сақтауға, сондай-ақ қоғамның тұтастығын нығайтуға үлес қосады. Бұл ғылымның дамуы арқылы біз адамның ішкі әлемін тереңірек түсіне аламыз және оны жақсы өмір сүруге бағыттай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1."Адам туралы ғылым жүйесіндегі психологияның орны"
https://engime.org/referat-tairibi-adam-turali-filim-jjesindegi-psihologiyani-orn.html
2."Психологиялық кеңес беру түрлері"
https://kerchtt.ru/kk/vidy-psihologicheskogo-konsultirovaniya-ih-specifika-tipy/
3."Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет"
https://engime.org/bilim-beru-jjesindegi-psihologiyalik-izmetti-teoriyasi-men-tej.html
4."Психологияның қазіргі даму бағыттары"
https://stud.kz/referat/show/24272

АУЫЗЕКІ ЛЕКСИКАНЫҢ СТИЛІ ЖӘНЕ ОНЫ ЛИНГВИСТИКАДА ЗЕРТТЕУ

Исламова М.М.
Ағылшын тілі кафедрасының аға оқытушысы
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
islamova.makhabbat@mail.ru
Абдулла Ж. С.
Шетел тілі:екі шетел тілі педагогтарын даярлау
ББББ 2-курс магистранты
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
zhansayaabdulla@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада ауызекі сөйлеу стиліне тән фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ерекшеліктері,функциональдық стильдердің ішіндегі ерекше тілдік жүйесі мен белгілерін қарастырылады.

Кілт сөздер: бейресмилік, сөйлеу еркінділігі, сөйлеу қарым-қатынасының экспрессивтілігі, тілдік тәсілдерді сұрыптаудың қажетсіздігі, сөйлеудің автоматтығы, диалогтық форма мен қарапайымдылық.

Аннотация. В данной статье рассматриваются фонетические, лексико-грамматические особенности, присущие разговорному стилю, отличительная языковая система и особенности функциональных стилей.

Ключевые слова: неформальность, свобода слова, выразительность речевого общения, ненужный разбор языковых приемов, автоматизм речи, диалогическая форма и простота.

Abstract. This article discusses the phonetic, lexical, grammatical features inherent in the colloquial style, the distinctive language system and features of functional styles.

Keywords: informality, freedom of speech, expressiveness of speech communication, unnecessary sorting of language approaches, automatism of speech, dialogical form and simplicity.

Vocabulary is one of the language aspects that are very important for studying English. Vocabulary is also has a relation with the four aspects of the study of language (Speaking, Reading, Listening, and Writing). Since vocabulary is the basic knowledge of learning a language, particularly English, the learner is required to enrich the vocabulary very well. According to Puspita and Losari. Vocabulary is a bank of a number of words in a language or a list of words with their meanings." It means that vocabulary is total number of word whose meaning of those words must be understood and organize the words of language is by use the use of rules.

Жаңа саяси жағдай ойшыл адамдардың басым көпшілігін заңсыз ақпараттық арналарды (батыстық радиостанциялар, «самиздат») пайдалана отырып, келісуге мәжбүр етті. Бұл құрамы жағынан аз, бірақ интеллектуалдық жағынан тиімді оппозиционерлер, диссиденттер тобына қатысты емес. Билікпен күрес мақсаттары мен міндеттеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, ұлттық және діни қозғалыстар, адам құқықтары үшін күресушілер, «бас тартушылар» және басқа да оппозиция өкілдері, бұл күрестің нысандары мен әдістері ортақ болды: хат-өтініштерге қол қою, парақшалар мен прокламациялар шығару, «самиздат». Мемлекеттік коммуникация арналары арқылы өте алмаған кез келген ақпарат КГБ жіті қадағалаған бейресми аймақта тарағаны түсінікті.

Оның бақылауы бойынша (КГБ-ның 1969 жылғы 7 ақпандағы хаты)сол кезде зиялы қауым мен жастар арасында саяси мәселелер бойынша шығарма түріндегі «идеологиялық зиянды материалдар» жүре бастады. экономикалық және философиялық мәселелер, әдеби шығармалар, партиялық және үкіметтік инстанцияларға ұжымдық хаттар, сот және прокуратура органдарына, «лицензиядан тыс әдебиет» деп аталатын «жеке тұлғаға табыну құрбандарының» естеліктеріне, немесе қолжазбаларды қолдан қолға беру арқылы таратылған «самиздат», фотоәдіспен көбейтілген жазу машинкаларында немесе ротаторлық аппараттарда басылған құжаттар. «Самиздатты» насихаттау үшін кейде әр түрлі жартылай ресми пікірталастар, ән байқаулары, әуесқой клубтар, әдеби бірлестіктер ұйымдастыратын концерттер пайдаланылды. Сондықтан да бейресми мәдениет органдар тарапынан ерекше қамқорлыққа алынды. «Самиздаттың» басты ұйымдастырушылары - П. Григоренко, П. Литвинов, Л. Богораз-Брухман, П. Якир және басқалары анықталды.

Лубянка мен Ескі алаң тарапынан «самиздаттың» мынадай басылымдары ерекше назар аударылды: А.Д. Сахаровтың «Прогресс, бейбіт қатар өмір сүру және зияткерлік бостандық туралы ой толғау», Р. Медведевтің «Тарих соты алдында» кітабы, жазушы И. Дзюбаның ҚКП ОК-на жазған хаты, «Интернационализм немесе руслификация» атауымен белгілі, қарағандылық зейнеткердің жазбалары, бұрынғы белсенді меньшевик Якубовичтің «Белгісіз адамға хат», сондай-ақ Л. Бородин қол қойған «Капиталдың батуы» зерттеуі, онда КСРО-ның бүкіл қоғамдық-экономикалық құрылымы сынға алынып, «бюрократиялық аппарат диктатурасына» қарсы күрес бағдарламасы ұсынылды [2, 66 б].

КГБ төрағасы Ю.В. Андропов ҚК-ге «кеңеске қарсы және қоғамға қарсы элементтер көбінесе» әдепсіз «шығармаларды буржуазиялық газеттердің, журналдардың, радиостанциялардың редакцияларына, эмигранттық орталықтардың атына жібереді» деп баяндады бұл құжаттардың мазмұнымен көптеген кеңес азаматтарын таныстырады және осылайша олардың КСРО ішінде таралуын жеңілдетеді. 1968 жылғы тамызда АҚШ Ақпарат агенттігі шығаратын «Коммунизм проблемалары» журналы 53 құжаттан тұратын «самиздат» жинағын шығарды. «Самиздатты» социалистік қоғамды әлсіретудің бір құралы ретінде қарастыра отырып, империалистік реакция біздің ел ішіндегі саяси зиянды материалдарды таратушылар мен авторларға барынша қолдау көрсетуге ұмтылады. Мысалы, Струве мен Филипповтың әйгілі антикоммунизм жөніндегі мамандары бастаған «Халықаралық әдеби достастық» құрылды. Осы «достастықтың» басты міндеттерінің бірі КСРО-да шығарылмайтын кеңес жазушыларының шығармаларын жариялау болып табылады. Шетелде жариялаудан және радио арқылы беруден басқа, "самиздат" материалдары КСРО-ға әртүрлі арналар арқылы жіберіледі". Жоғарыда келтірілгендерден «самиздаттың» негізгі бағыттары қалыптасқаны көрінеді: көркем әдебиет, публицистика, мемуарлар мен құжаттар.

Шынымен де, құқық қорғаушылар қолжазбаларды шетелге берудің жекелеген жағдайларын «самиздат» - «тамиздат» - «самиздат» тетігіне айналдыра алды. Батыспен алғашқы тұрақты «байланысшы» А. Амальрик болды. 1966-1969 жылдары ол іс жүзінде жалғыз «маман» болып қалды, ол арқылы құқық қорғау қозғалысының құжаттары кетіп, қайтарылды. 1972 жылға дейін А.Марченконың «Менің айғақтарым» кітабы, В.Гроссманның «Все течет»... романы, Л.Чуковскаяның «Мәскеу-Петушки» романы осы арнадан өткен.

Ақпаратты тарату арналары біртіндеп жолға қойылды, мәтіндерді көбейту процесі (суретке түсіру, ақылы машинистер, мекемелердегі көбейту техникасы және т.б.) жетілдірілді, бұл өз кезегінде «самиздатқа» сұраныстың артуын туғызды.

Диссиденттердің ең үлкен жетістігі, А.Д. Сахаровтың пікірінше, құқық қорғау қозғалысының ақпараттық бюллетенін - «Ағымдағы оқиғалардың хроникасын» құру болды. Оның бірінші саны 1968 жылы 30 сәуірде қозғалыс қатысушыларына қарсы қуғын-сүргін кезінде шықты. 1983 жылдың аяғында Батыста 64 шығарылым жарияланды. Бұл қозғалыстың толыққанды фактографиясы, КСРО-дағы адам құқықтарының бұзылуы, қуғын-сүргін хроникасы. Даналарында редакцияның мекен-жайы мен редколлегияның құрамы туралы мәліметтер болмаған, бұл «кейбір кеңестік органдарда ұзақ жылдар ішінде қалыптасқан ақпараттың заңдылығы мен еркіндігі туралы өзіндік түсініктермен» түсіндірілді.

Саны жағынан шамалы, бірақ құрамы жағынан өте беделді кеңес қоғамына қарсы тұрудың ауқымы мен халықаралық резонансы оны мемлекеттік қауіпсіздік органдарымен тікелей және ашық қарсыласуға алып келді. Өз кезегінде, "саяси зиянды әдебиеттің таралуы кеңес азаматтарының, әсіресе зиялы қауым өкілдерінің және жастардың тәрбиесіне елеулі зиян келтіретінін" ескере отырып, КГБ "самиздат" авторлары мен таратушыларының қызметін тоқтатуға және "лицензиядан тыс" туындылардың кеңес адамдарына теріс әсерін оқшаулауға бағытталған шаралар қабылдады ". Мәселен, 1968 жылы "самиздаттың" қызметіне қатысы бар адамдардың едәуір бөлігі жұртшылықтың көмегімен алдын алды, кеңестік мемлекеттік және қоғамдық құрылысқа кір келтіретін бірнеше қасақана авторлар мен құжат таратушылар қылмыстық жауапкершілікке тартылды" [3, 36 б].

Қамау орындарында және психиатриялық мекемелерде болған тінтулер, тұтқындаулар В.Буковский, Н.Горбаневская, П.Якир және И.Якир, Л.Плюща, В.Севрук, Ю.Мельник, П.Сарчик, Ю.Ш Иханович, В. Красин және басқалар.

Тіпті партия мен КГБ, шығармашылық одақтар да Чехословакияға басып кіруден және «алпысыншы жылдардың» көңілінен шыққаннан кейін туындаған наразылық

толқынын тежей алмады. Жазушылардың одақтардың ішкі отырыстарында сөйлеген сөздері сыни сипатта болды және мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатына, цензуралық органдардың қызметіне, КСРО-дағы сөз бостандығының жағдайына қатысты болды. 1968 жылғы 9 желтоқсанда Ригада Латвия жазушыларының жалпы жиналысы өтті, оған басқа шығармашылық одақтардың, партиялық және комсомол органдарының өкілдері, журналистер, барлығы 500-ге жуық адам қатысты.

КПСС ОК-нің 1971 жылғы 29 маусымдағы Главлиттің анықтамасында кеңестердің пікірінше, А.Солженицын және А.Сахаров бастаған «қарсылық қозғалысы» немесе «демократиялық қозғалыс» деп аталатын зиялы қауым, шығармашылық және техникалық күш КСРО-дағы «басты оппозициялық күш» болып табылатыны айтылған. Өзгеше пікір білдірушілердің арасында сондай-ақ Н. Горбаневская, В. Шаламов, В. Буковский және басқа да бірқатар кеңеске қарсы адамдар аталды; Батыста жоғары бағаланатын ақындар А. Вознесенский, Е. Евтушенко, Л. Мартынов, Б. Ахмадулина, мүсінші В. Сидур, суретші И. Глазунов. Главлиттің мұндай арандатушылық ұстанымының өзіне белгіленген әскери және мемлекеттік құпияларды қорғау міндетімен ешқандай қатысы жоқ және 1970 жылдардың бірінші жартысында байқалған саяси цензура тактикасының кезекті ауысуының көрсеткіші болды.

Осылайша, алдын ала және одан кейінгі цензурамен қатар саяси цензураның тағы бір түрі туралы, атап айтқанда алдын алу цензурасы туралы айтуға болады, оның көмегімен билік тек ақпаратты жариялауды және оған қол жеткізуді реттеп қана қоймай, сонымен қатар тиісінше жедел ден қоюға - ықпалдың түрлі әдістерінің көмегімен ресми ақпарат арналарынан тыс жағымсыз әрекеттердің алдын алуға мүмкіндік алды. Осы алдын алуды жүзеге асыруда басты рөл КГБ мен оның 5-басқармасына тиесілі болды. Р.Г.Пихоя КГБ-ның 1975 жылғы 31 қазандағы «КГБ органдарының алдын алу-профилактикалық қызметінің кейбір қорытындылары туралы» хатына сілтеме жасай отырып, кеңес азаматтарын қудалаудың басты себептері нақ осы идеологиялық екенін айғақтайды. Ұсталған ондаған шпиондардың аясында 1959 жылдан 1974 жылға дейінгі кезеңде 60 мың азамат «алдын алды», олардың үш-төрт жүзі кеңеске қарсы іс-әрекетпен айыпталды [4, 55 б].

Бұрын атап өтілгендей, жүйенің сипатты ерекшелігі оның жасырын ережесі болды, ең реакциялық шешімдердің ізін қалдырмау және мүмкіндігінше оларды жою. Дегенмен, мұрағаттар "телефон құқығы" деп аталатын кейбір құжаттық куәліктерді: "жедел нұсқаулар немесе Главлиттің бұйрықтарына негіздердің мәліметтерін", ал оларда бұйрықтардың күндері мен нөмірлерін көрсете отырып, мынадай тұжырымдарды сақтады: "А.Н. Яковлевтің т.б нұсқауы. КПСС ОК насихат бөлімінің меңгерушісі.

Дегенмен, мұрағаттар "телефон құқығы" деп аталатын кейбір құжаттық куәліктерді: "жедел нұсқаулар немесе Главлиттің бұйрықтарына негіздердің мәліметтерін", ал оларда бұйрықтардың күндері мен нөмірлерін көрсете отырып, мынадай тұжырымдарды сақтады: "А.Н. Яковлевтің т.б нұсқауы. КПСС ОК насихат бөлімінің меңгерушісі. 1971 жылғы 8 шілдеде В.Н.Севрук берген КПСС ОК нұсқауы 2.10. 79 ж. «,» КГБ-мен келісілді «,» КПСС ОК хатшыларының келісімі 22. 8. 84 ж. т.т. Н. II. Зоринге телефон арқылы берілді ". және т.б. Осындай сипаттағы Главлиттің 1984 жылғы 22 тамыздағы КПСС ОК хатшыларының телефон арқылы нұсқауы бойынша шығарылған соңғы бұйрықтарының бірі В.П. Аксеновтың, Г.Н. Владимовтың, В.Н. Войның барлық туындыларына қатысты кітапшалар желісі мен жалпы пайдаланудағы кітапханалардан алу туралы 1984 жылғы 4 қыркүйектегі № 11с бұйрығы болды Нович, А.А. Зиновьев, Л. 3. Копелева (Л. Яковенко, А. Кадашова), Ю.П. Любимова, Э.В. Оганесян, Р.Д. Орлова (Конелева), В.Я. Тарсиса.

Цензуралық жүйенің орнықтылығы оның сенімділігін куәландырған жоқ, идеологиялық себептер бойынша БАҚ-ты цензуралау идеясының шектеулілігі мен кедейлігін көрсетті, өйткені соңғылары қазіргі заманғы коммуникация құралдарының

(спутниктік теледидар, телефакс, Интернет және т.б.) дамуына қарай үнемі жаңартылып отырды.

Өзгермелі жағдайда Главлиттің ұстанымы мен рөлі аз өзгерген. 1972 жылдың маусым айында еліміз тағы бір мерейтойын атап өтті. Рас, бұл мерейтой басқаларға қарағанда тек «үй жағдайында» атап өтілді. Біз Главлиттің 50 жылдығын айтып отырмыз.

А.П. Охотникова (комиссия төрағасы), Н.П. Зорина (төрағаның орынбасары), А.И. Андреева, Д.В. Павлова, Ф.Г. Бурибаева, Б.П. Романова, В.П. Бородин, И.А. Седова, В.И. Васильева, В.Я. Симанькова, Н.Н. Глазатова, Г.К. Семенова, М.М. Гаврилова, В.А. Солодина, Р.С. Давидов, И.И. Стовбун, В.И. Купцов; 3. Н. Тимашева, И.А. Миренская, С.Д. Фенина (Главлиттің 1972 жылғы 21 сәуірдегі № 65 бұйрығы).

1970-1980 жылдардың ортасындағы Главлиттің қызметін тежеу тетігінің элементтерінің бірі ретінде қарастыруға болады, ресми мәдениет пен ақпараттық ортаның лакталған-қолайлы стилін сырттай болса да сақтауға тырысу. Бұл қосымша күш-жігерді талап етті: егер 1957 жылы елдің цензура органдарының бақыланатын материалдардың мазмұны бойынша жасаған ескертулерінің саны 467 болса, 1984 жылы олардың саны 1700-ден асты [5, 63 б].

Қорыта айтқанда, кез-келген мұрағаттық жүйенің маңызды сипаттамасы мұрағаттық құжаттардың қолжетімділік дәрежесі, мемлекеттік мұрағат қорының ашық бөлігі мен оның жабық бөлігі арасындағы арақатынас болып табылады. Мұрағаттық мекемелердегі ашықтық дәрежесіне немесе оның жоқтығына байланысты мәселелер үнемі қоғамдық назарда болу және талқылау мәні болып табылатынын атап өткен жөн. Сондықтан құжаттарға қол жеткізуді шектеудің, оларды елеулі себептерсіз құпияландырудың кез келген фактілері баспасөз беттеріне түсіп, кең қоғамдық резонанс тудырады. Дегенмен, бұл салада шешілуі Росархивтің құзыретінен тыс проблемалар бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Федотов М.А. Гласность и цензура: возможность сосуществования//Советское государство и право. 1989. № 7. С. 80-89.

2. Цензура в царской России и Советском Союзе. Материалы конференции 24-27 мая 1993 г. Москва. М., 1995. С. 8-11.

3. Жирков Г.В. История советской цензуры: ее периодизация и виды // Журналистика и культура. Материалы науч.-практ. конф. Пб., 1993. С. 4-5;

4. Жирков Г.В. История советской цензуры: период комиссародержавия (1917-1919) // Вестник СПбГУ. Серия 2.1994. Вып. 1. № 2. С. 82-92.

5. Розенберг В., Якушкин В. Русская печать и цензура в прошлом и настоящем. М.: Сабашниковы, 1905;

Ж.А. ТӘШЕНЕВ – ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚОЛДАУШЫСЫ

Қалыбеков Б.Е.
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.
Tashenev University, Шымкент қ.
bolatkalybekov@mail.ru
Нұсқабай М.А.
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.
Tashenev University, Шымкент қ.
muha013078@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада ұлы көш басшыларының ізін басқан зерделі ұрпақ өкілі – өз ортасына биік парасаттылығымен және терең білімімен, жасындай жарқылдаған өткір

мінезімен, ешкімнен қаймықпайтын өрлігімен танылған Тәшенев Жұмабек Ахметұлының өлттық болмысы жайлы айтылады. Ұлт азаматының бойындағы тектілік пен көрегенділік әрдайым ұлтжандылық қасиетімен ұдайы ұштасып отырған. Жұмабек Ташеневтің бұл қасиеті оны басқалардан айрықша даралаған. Туған ұлтының бар болмысын жанымен сезетін, рухани мұрасының киелілігіне басын иетін, елінен өзін ешқашан биік те бөлек ұстамаған арда азамат кеңестік қоғамның қитұрқы да жымысқы саясаты ұлт мүддесіне қайшы келетін тұстарда барынша қарсы тұрды. Бүтіндей бір елдің азаматтары көтеретін жүкті өзі ғана көтерген кездер аз болған жоқ.

Ұлттық мәдениет қашанда елдің кешегісі мен бүгіні, ұрпақтың ертеңі екеніне күмән келтірмеген Жұмабек Тәшенев Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының Төрағасы, одан кейін Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып қызмет істеген кезінде оның анық жанашыры, қолдаушысы болып өзінің үлкен жүректі ел перзенті екенін танытты. еңбегі мен жанкешті қызметіне мынадай істері де куә екендігін айта аламыз. Қазақ әдебиетінің алыптарының шығармаларымен халықтың қайта қауышуы өлгеннің тіріліп, өшкеннің жануымен бірдей болған еді.

Кілт сөздер: газеттер, шығармалар, парасаттылық,.тарих көші,өлт мүддесі

Тарих көші әр ғасырдың бедерінде ұлт үшін, халық үшін аянбай еңбек ететін, осы жолға бар ғұмырын арнайтын, қажет болса жанын пида ететін, өз өмірін құрбандыққа қиятын біртуар арыстарын алып келіп отырған. XX ғасырдың басталар тұсында қазақ елі үшін жол бастайтын осындай ел серкелері аса қажет болды. Осы кезеңде тарих сахнасына Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұстафа Шоқай, Нәзір Төреқұлов сынды ойшылдар, саяси қайраткерлер бой түзеп шықты. Олар еліне, ұлтына тұтқа болды. Осы арыстардың арқасында қазақ ұлты өркениеттің даңғыл жолынан шет қалған жоқ, дамудың сара бағытынан адасқан жоқ. Ұлт тәуелсіздігінің ұлы мұраттары да бір сәтке ұмыт қалмады. Халық санасының әрдайым ояу, сергек тұруына да табандылықпен тер төккен осылар болатын. Айтулы тұлғалардың тарихи қызметі алдымен осымен құнды, әрі қадірлі еді.

Осындай ұлы көш басшыларының ізін басқан зерделі ұрпақ өкілі – өз ортасына биік парасаттылығымен және терең білімімен, жасындай жарқылдаған өткір мінезімен, ешкімнен қаймықпайтын өрлігімен танылған Тәшенев Жұмабек Ахметұлы болатын. Ұлт азаматының бойындағы тектілік пен көрегенділік әрдайым ұлтжандылық қасиетімен ұдайы ұштасып отырған. Жұмабек Ташеневтің бұл қасиеті оны басқалардан айрықша даралаған. Туған ұлтының бар болмысын жанымен сезетін, рухани мұрасының киелілігіне басын иетін, елінен өзін ешқашан биік те бөлек ұстамаған арда азамат кеңестік қоғамның қитұрқы да жымысқы саясаты ұлт мүддесіне қайшы келетін тұстарда барынша қарсы тұрды. Бүтіндей бір елдің азаматтары көтеретін жүкті өзі ғана көтерген кездер аз болған жоқ.

Ұлттық мәдениет қашанда елдің кешегісі мен бүгіні, ұрпақтың ертеңі екеніне күмән келтірмеген Жұмабек Тәшенев Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Президиумының Төрағасы, одан кейін Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып қызмет істеген кезінде оның анық жанашыры, қолдаушысы болып өзінің үлкен жүректі ел перзенті екенін танытты. XX ғасырдың 30-50 жылдардағы зұлматтың құрбандарын ақтайтын комиссияны басқарған ол қазақтың белгілі ғалымдары мен мемлекет қайраткерлерін абақтыдан тез босатқызды. Олардың ішінде атақты тарихшы Ермұхан Бекмаханов, Бек Сүлейменов, сыншы ғалымдар Есмағанбет Смаилов, Мұхамеджан Қаратаев, Сейділ Тілжанов, қаламгерлер Хамза Есенжанов, Зейін Шашкин сондай-ақ орыс халқының жазушылары Галина Серебрякова, Александр Солженицын бар болатын.

Ұлттық мәдениет пен өнерге қатысты көптеген мәселелерге Ж.Тәшенев үлкен жауапкершілікпен қарап, ел мүддесін қорғаудан бір сәтте бас тартқан емес. Талай қиыншылық пен зорлық-зомбылықты көрген туған ұлтының бас көтерері де демеушісі де

бір өзі сияқты болған тұстар аз емес. Елінің бақытына туған, ұлтының ұлылығын ұлықтау үшін жаралған осы бір батыр тұлғалы перзентінен Ел-ана көп жақсылық күтуші еді.Кезінде Қазақстан Мәдениет Министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібеков ҚожаАхмет Ясауи кесенесінің көркі де, бар байлығы да Санкт-Петербордағы Тайқазанды қайткен күнде алдыру жайын көтерді. Бұл игі қадамды қоштаған Ж.Тәшенев болған еді. Осы екі кісінің ойлана, толғана кіріскен қадамдары құтты болып ұлттық рухани мұрамыз өз топырағына оралды. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық қаһарманы Шапық Шөкин: «Жұмабек Тәшенев Қазақстанның тағдыры үшін өзінің кең пейілін жоғары жауапкершілікпен ғажап ұштастырған жан. Республиканың ғылым мен мәдениетінде болып жатқандардың бәрі оның нәзік жүрегіне әсер етуші еді», деп пікір білдіре отырып, азамат тұлғасының ерекше қырын тағы бір айқара ашып, асқар биікке шығарады.

Ж.Тәшеневтің мұрындық болуымен 1958 жылдың желтоқсан айында Қазақстан өнері мен мәдениетінің Мәскеуде он күндігін өткен. «1936 жылдан бері Мәскеуде декада өткен жоқ, XX сьезд республикалардың құқығын кеңейтті. Сондықтан біз Мәскеуге барып, өз ұлтымыздың қазіргі деңгейін көрсетуіміз керек» деген Ж.Тәшеневтің сөзінен ұлтжандылықтың нәрі тамып, шұғылалы көкірек көзі сәуле шашады.

Әрдайым сөзін іспен дәлелдейтін Ж.Тәшенев осы онкүндіктің соңында қазақтың бес бірдей өнер тарландарына КССР Халық артисі деген атақты алып берген болатын. «Қазақ театрының абызы – ескіден қалған көз» Қалибек Қуанышбаев тұрғанда ешкімде КСРО халық артисі атағына таласпайды. Сол сияқты «Біржан мен Сараны» тірілткен Ермек Серкебаев пен Роза Жаманованың орны ерекше. Кинода сол кездегі қазақ өнерінің өрлеп келе жатқанын көркемдікпен сомдаған Шәкен Аймановтың «Наш милый докторы» сый-сияпатсыз қалуы мүмкін емес еді. Ал қазақтың маңдайына біткен жұлдызындай ұлы композиторымыз Мұқан Төлебаев болмаса «Біржан-Сара» операсы туар ма еді, дүрілдетіп Еуропа сахнасына шығар ма еді» - деген салмақты сөз айтқан Ж.Тәшенев сияқты ұлт жанашырының арқасында өнерлері бар биікті бағындырған қазақ өнерпаздары өздеріне тиесілі атақты қызыл империяның астанасынан қазақ еліне алып келген еді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен Web сайттар тізімі:

1. Досанов С. Он екі томдық шығармалары. 10-том.Әдеби сын. Көсемсөз. – Алматы, 2020

2. Доқтырхан Т. Төрт құрдас және мен. – Алматы, 2017

3. Жұмабек Ташенев туралы естеліктер. – Алматы: «Білім». – 2005-200 бб.

4. Жұмахметұлы Е. Біз білмейтін Қазақтар. – Алматы, 2021

5. Қонысбек Б. Дарабоздар. – Шымкент: «Аламан» ЖШС, 2016. – 330 б.

6. Текті тұлға Жұмабек Тәшенев. Әдеби жинақ. Құрастырып дайындағандар С. Жұмағұл,А. Жұмағұл. – Қарағанды, 2021. – 292 б.

7. Қазақтың қайсар қайраткері – Жұмабек Ташенев/ Құрастырған Дүйсен С., Еңсенов Қ. – Алматы: «Елтаным». – 2015. – 160 б.

8. Халықтың қайсар перзенті. Жұмабек Тәшенев туралы естеліктер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 бб.

ЗЕРТТЕУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Конакбаева У.Ж[1]., Сағынова Ж.А.[2]
[1]Дизайн кафедрасының қауымд. профессоры, PhD
[2]Магистрант
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
ukonakbaeva@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-5017-7459

Аңдатпа: Бұл мақалада зерттеу процесінде оқушыларың танымдық белсенділігін қалыптастыру ерекшеліктері мәселесі қарасытырылған.

Кілт сөздер: зерттеу процесі, танымдық белсенділік, оқушылар, оқытуды белсендендіру.

Abstract. This article discusses the features of the formation of cognitive activity of students in the research process..

Key words: research process, cognitive activity, students, activation of learning..

Психологиялық-педагогикалық дереккөздерді теориялық зерттеу дидактикада "танымдық белсенділік" ұғымын анықтауға бірыңғай көзқарас жоқ екенін көрсетті. Авторлар танымдық белсенділікті білім алушының іс-әрекетін сипаттау немесе жеке қасиет ретінде қарастыра отырып, "тұлға", "психика", "сана", "интеллект", "ақыл-ой дамуы", "қабілеттер", "әрекеттер" және т.б. категориялары шеңберінде біз зерттейтін мәселе бойынша теориялық көзқарастарды тұжырымдайды.

М.И. Скаткиннің пікірінше, оқытуды белсендендіру "тапсырмаларды шығармашылықпен шеше алатын, өз бетінше сыни тұрғыдан ойлай алатын, өз көзқарасын, сенімін дамытып, қорғай алатын, білімін үздіксіз толықтырып, жаңартып отыратын және оны шындықты шығармашылық түрлендіру үшін қолдана алатын, теорияны практикамен үйлестіре алатын адамның жеке басын қалыптастыруға көмектеседі. Танымдық белсенділікті жандандыру білімді игеру процесін жақсартуға ғана емес, сонымен қатар студенттердің жеке басының сапасы ретінде белсенділік пен тәуелсіздікті қалыптастыруға бағытталған " [1.].

Оларды кешенді іске асыру танымдық белсенділікті қалыптастырудың маңызды міндеттерін шешуге бағытталған: білім алушылардың әмбебап іс-қимыл әдістерін игеруі, танымдық іс-әрекеттің дағдыларын дамыту, танымдық мотивтерді қалыптастыру, білім беру процесінде жағымды эмоционалды орта құру. Кез-келген компоненттің болмауы оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруды қиындатады. Оқушыладның танымдық белсенділігін қалыптастыруға, дамытуға және нығайтуға ықпал ететін жағдайлар:

1. Оқушылардың белсенді ойлау қызметіне барынша сүйену.

Білім алушылардың танымдық күштері мен мүмкіндіктерін дамытудың негізгі негізі, сондай-ақ шынайы танымдық белсенділікті дамыту болып табылады:

танымдық мәселелерді шешу жағдайлары, белсенді іздеу, болжау, рефлексия жағдайлары, психикалық шиеленіс жағдайлары, пікірлердің қайшылықты жағдайлары, әртүрлі позициялардың қақтығыстары, оларды өзіңіз түсініп, шешім қабылдап, белгілі бір көзқарасқа түсуіңіз керек.

2. Оқу қызметі білім алушылардың дамуының оңтайлы деңгейінде жүзеге асырылуы тиіс.

Оқу процесінде білім алушылар білімнің қиын мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін көптеген дағдыларды игеретіндігімен күресуге тура келеді, бұл оқушының танымдық күштерін, белсенділігі мен ұмтылыстарын тұрақты түрде нығайтатын дамытушылық оқытудың мәні.

3. Білім алушылардың танымдық іс-әрекетінің қолайлы эмоционалды атмосферасын құру. Оқу процесінде жағымды қарым-қатынас, жолдастармен, мұғаліммен қарым-қатынас жасауға деген ұмтылыстың өзі оқудың күшті мотиві бола алады және сонымен бірге танымдық белсенділікті нығайтуға ықпал етеді.

4. Оқушыладның танымдық белсенділігін қалыптастырудың тиімді құралы-шығармашылық тапсырмалар, дидактикалық ойындар, проблемалық тапсырмалар және интеграцияланған сабақтар.

Оқушыладның тұрақты танымдық қажеттіліктер мен қызығушылықтарды дамытуға, білім алушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға сезімтал. Осы кезеңде білім алушылар " әлемдегі себеп-салдарлық байланыстар туралы, әртүрлі объектілерге белгілі бір белгілердің атрибуттық тиесілігі туралы ойлану, қорытынды жасау тәжірибесін, сұрақтар қою тәжірибесін алады Демек, бала бақылаулардың қандай да бір жиынтығын игеріп қана қоймай, білімді іздеуді және құруды үйренеді" [2].

Оқушыладның танымдық белсенділігінің қалыптасуына эмоционалды-ерікті саладағы өзгерістер үлкен әсер етеді. Оқушыладның эмоционалды-ерікті саласының жалпы бағыты сананың, ұстамдылықтың, сезімдер мен әрекеттердің тұрақтылығының артуымен байланысты. Ерік-жігер мен эмоцияларға келетін болсақ, олар негізінен білім алушылардың оқу іс-әрекетін игеру процесінде қалыптасады және танымдық белсенділікті дамытуда үлкен рөл атқарады.

Зейін, есте сақтау, қиял, қабылдау, ойлау үлкен еріктілік сипатына ие болады, Оқушылад оларды тәуелсіз басқару әдістерін игереді, бұл прогресс пен сөйлеу дамуында көмектеседі. Ерік пен эмоциялар оқушылардың мінез-құлқында, қызығушылықтарында, құндылықтарында, жеке ерекшеліктерінде және олардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда үлкен даралықтың дамуына әсер етеді.

Баланың мектепке дайындығының негізгі көрсеткіші оның интеллектуалды дамуы болып табылады: баланың қоршаған әлем туралы білімі мен түсінігі, сондай-ақ оның ойлау дағдыларының қалыптасуы.

Оқушылардың танымдық процестері қоршаған әлем туралы фактілер мен ақпараттардың жинақталуымен сипатталады. Бұл жаста жаңа білім негізінен өзінің бұрынғы тәжірибесіне жаңа фактіні, жаңа мәліметтерді қосу арқылы азаяды. Болашақта танымдық белсенділіктің біртіндеп күрделенуі байқалады. Білім алушылар пәннің мәніне қызығушылық таныта бастайды. Осыған байланысты олар өздерін қызықтыратын объектілерді көбірек байқап, зерттей бастайды, "қабылдау процесі біртіндеп күрделене түседі, оған талдау көбірек қатыса бастайды". Білім алушылардың оқу барысында олар үшін маңызды объектілерді қабылдауға қатынасы да өзгереді. Оқушылары неғұрлым үлкен болса, соғұрлым оларды терең қабылдау мен бақылауға үйретуге болады. Оқушылардың мектепті бітірген кезде білім алушылардың қабылдауы: а) анағұрлым талдаушы; б) анағұрлым саралаушы; в) ұйымдасқан байқау сипатын қабылдайды; г) заттар мен құбылыстарды қабылдаудағы сөздің рөлі өзгереді. Оқыту барысында білім алушыларда есте сақтау процесін дамытудың негізін құрайтын танымдық тәжірибені қалыптастыру үшін жағдайлар жасалады.

Білім алушылардың танымдық іс-әрекетте белсенді болуы үшін педагогикада оқушылардың белсенділігін қалыптастыратын және арттыратын әдістер анықталған. Бұл, ең алдымен, оқытудың белсенді әдістері.

Оларға мыналар жатады: дидактикалық ойындар, жарыстар, өзіндік шығармашылық жұмыстар және т.б. олар студенттерді сабақтың мазмұнымен де, формасымен де баурап алуға көмектеседі. Танымдық белсенділікті қалыптастыру әдістеріне мыналар жатады: оқу іс-әрекетінде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, оқу мотивациясын қалыптастыру, сәттілік жағдайын құру, зерттеу қызметі.

Оқу-зерттеу қызметі-бұл оқушылардың мақсатты, белсенді, пәндік, ынталы және саналы болуымен сипатталатын арнайы ұйымдастырылған танымдық шығармашылық

қызметі. Оның нәтижесі білім алушылар үшін субъективті жаңа білім немесе іс-әрекет тәсілдері болып табылатын танымдық мотивтерді, зерттеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Қазіргі білімге қойылатын талаптар қазіргі білім беру технологияларына қойылатын талаптарды анықтайды, олар пәннің мазмұнын игеру міндеттерін шешіп қана қоймай, сонымен қатар білім алушылардың білім беру құзыреттіліктерінің қалыптасуына ықпал етуі керек: Ақпараттық, әлеуметтік, жеке, коммуникативті.

Білім алушылардың белсенді, шығармашылық, дербес іс-әрекетінің, өз қызметінің нәтижелерін талдау, синтездеу және бағалау тәсілдерінің іргетасы қаланады. Зерттеу жұмысы бұл мәселені шешудің маңызды жолдарының бірі. Жаңа буын FGOS білім беру процесінде белсенді типтегі технологияларды қолдануды талап етеді. Жобалау-зерттеу қызметінің әдістері бастауыш жалпы білім берудің негізгі білім беру бағдарламасын (ЖББББ) іске асыруда қажетті деп айқындалған. Бастауыш білім берудің заманауи даму бағдарламалары әртүрлі курстардың мазмұнына және сабақтан тыс жұмыстарға жобалық қызметті қамтиды.

Білім алушылардың зерттеу қызметін жүзеге асырудың маңызды шарты мұғалімнің берілген пәндік салада оқушымен әдістемені игеруге, эксперименттік материал жинауға және оны талқылауға байланысты жеке жұмысы. Бұл кезеңде қойылған міндет деңгейін білім алушының мүмкіндіктерімен байланыстырудың, жұмыстың орындалу барысын өзінің бағалауын бақылаудың өте маңызды сәті туындайды. Демек, зерттеу қызметі мұғалім мен оқушының жеке қарым-қатынасын қамтиды. Зерттеу-белгісіз, жаңа білімді іздеудің шығармашылық процесі, танымдық іс-әрекеттің бір түрі". Өз кезегінде, зерттеу қызметін көру және көру, байқау қабілеттерін дамытудың, жалпы тұлғаның дамуының шарты ретінде анықтауға болады [3].

Зерттеу тренингі мыналарды қамтиды: бала шешілуі керек мәселені бөліп көрсетеді және қояды; ықтимал шешімдерді ұсынады; бұл шешімдерді деректерге сүйене отырып тексереді; тексеру нәтижелеріне сәйкес қорытынды жасайды; қорытындыларды жаңа деректерге қолданады; жалпылау жасайды.

Зерттеу жұмысы, кез-келген шығармашылық сияқты, ерікті негізде ғана мүмкін және тиімді. Бір нәрсені зерттеуге деген ұмтылыс объект қызықтырған, таң қалдырған, қызығушылық тудырған кезде пайда болады.

Зерттеу қызметінде оқушылар үшін келесі компоненттер бөлінеді:

1. Оқушылардың зерттеу қызметінің мақсаттары олардың пайда болу және даму тарихын зерттеумен; зерттелетін объектілердің эмпирикалық қасиеттерін анықтаумен; зерттелетін объектінің мүмкіндіктерін анықтаумен (нақты және балалар ойлап тапқан); ақпараттың кең ауқымы негізінде зерттелетін объект туралы нақты мәліметтермен және т. б. байланысты болуы керек.

2. Оқушыларының зерттеу қызметінің қажеттілік-мотивациялық негізі танымдық және әлеуметтік мотивтерді қамтуы керек. Кең әлеуметтік мотивтерге мыналар жатады - өз міндеттерін орындау, жауапты студент болуға деген ұмтылыс; тар-ұжымда бекіту, зерттеу жұмысындағы жетістігі үшін мақтау, өз қызметіне әртүрлілік енгізу; ынтымақтастық мотивтеріне зерттеу процесінде мұғаліммен немесе ата-аналармен немесе оқушылардың белгілі бір тобымен немесе оқушымен өзара әрекеттесуге деген ұмтылыс жатады. Танымдық мотивтерге мыналар жатады: өзін-өзі тәрбиелеу мотивтері; нақты практикалық нәтиженің (өнімнің) мотиві, зерттеу дағдыларын игеру мотиві [4].

Осылайша, оқушыладның зерттеу қызметі бұл қоршаған әлемді зерттеуге, олардың өздері үшін жаңа білім мен іс-әрекет тәсілдерін ашуға бағытталған шығармашылық қызмет. Оларды белсендіру құралы болып табылатын олардың зияткерлік, құндылық және шығармашылық әлеуетін дамыту үшін жағдай жасайды, пәндік және жалпы дағдыларды қалыптастыруға, зерттелетін материалға белсенділікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу қызметін "қоршаған әлем" пәнінде (пәннің ерекшелігі) қалыптастырған дұрыс, бірақ мектепте басқа пәндерде де қолдануға болады.

Оқу процесінде зерттеу қызметінің элементтерін қолданудың келесі артықшылықтарын атап өтуге болады:

арнайы әзірленген тапсырмалар арқылы жобалау әдісін үйрету;

білім алушылардың өзара іс-қимылы мен тығыз ынтымақтастығы мүмкіндігін белгілейді;

олар белгілі пәндік іс-қимыл әдістерін нақты өмірлік жағдайға "ауыстыруға" мүмкіндік береді.

Сондықтан зерттеулердің мазмұнында практикамен, қоршаған шындықты тікелей білумен байланыстың көрінісі өте маңызды.

"Білім алушылардың оқудағы өмірлік тәжірибесіне сүйену зерттелетін мәселеге, пәнге танымдық белсенділікті қалыптастыру үшін күшті ынталандыру болуы мүмкін", бұл білім алушылардың танымдық белсенділігін қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу қызметінде мұғалім оқушыларға мүлдем жаңа рөл атқарады оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Осыған байланысты оның жеке қызметі белсенді сипатқа ие: ол студенттердің нұсқауы бойынша не және қалай істейтінін бақылап қана қоймайды, сонымен қатар субъективтілік тәжірибесін – өмірге шығармашылық қатынасты, әртүрлі әлеуметтік жобалар мен бастамаларға белсенді қатысуды көрсетеді, яғни.белгілі бір жолмен оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырады. Мұғалімнің шебер ұйымдастырған зерттеу қызметі "білім алушының ішкі субстанциясының өзгеруіне (білім алуына) және өз білімінің пайда болуына әкеледі. Білім алушы жеке білім беру траекториясын құруға, өзінің білім беру мақсаттарын қоюға, оқытудың мазмұны мен нысандарын таңдауға мүмкіндігі бар өзінің білім беру субъектісі ретінде әрекет етеді".

Педагогтың зерттеу қызметін жүзеге асыру процесінде түбегейлі "жаңа функциялар – міндеттер қою, білім алушылардың қызметін ұйымдастыру, осы қызметті басқару және алынған нәтижелерді жоспарлауға сәйкестігі тұрғысынан сараптау". Шебер педагогикалық басшылықпен оқушылар оқу іс-әрекетіне белсенді қатысады, бұл өз кезегінде олардың тәуелсіздігін, танымдық белсенділігін, қарым-қатынас белсенділігін, бастамашылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Годовикова, Д.С. Познавательная активность младших школьников / Д.С. Годовикова, Т.М. Землянухина // Педагогика. – 2018. – № 5. – С. 29–34.

2. Скаткин, М.Н. Активизация познавательной деятельности в обучении / М.Н. Скаткин. – М.: Изд-во АПН РСФСР, 2015. – 48 с.

3. Гузеев, В.В. Познавательная самостоятельность учащихся и развитие образовательной технологии / В.В. Гузеев. – М.: НИИ школьных технологий, 2014. – 128 с.

4. Литвиненко, Н.С. Развитие познавательной активности учащихся в условиях проблемно-поисковой деятельности: автореф. дис. … канд. пед. наук: 13.00.09 / Казан. гос. пед. ин-т / Литвиненко Н.С. – Казань, 2012. – 24 с.

Ж.А.ТӘШЕНЕВТІҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қалыбеков Б.Е.
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.
Tashenev University, Шымкент қ.
bolatkalybekov@mail.ru
Нұсқабай М.А.
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.
Tashenev University, Шымкент қ.
muha013078@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада Ж.А.Тәшеневтің Ж.Тәшеневтің қазақ мемлекетінің, елі мен жерінің тұтастығын сақтау жолындағы күресінен басқа қазақ қоғамын өркендету мен ұлттың рухын көтеру, абыройын асқақтату жолындағы айрықша еңбегі мен жанкешті қызметіне мынадай істері де куә екендігін айта аламыз. Қазақ әдебиетінің алыптарының шығармаларымен халықтың қайта қауышуы өлгеннің тіріліп, өшкеннің жануымен бірдей болған еді. Ел еңсесін түзеп, есін жиғанмен ұлт тәуелсіздігі жолында арманда кеткен боздақтарын асыға күткен алмағайып кезеңдегі Ж.Тәшеневтің бұл еңбегі нағыз азаматтылық, зор парасаттылық екені хақ. Осы жылдары ақталуға тиіс болса да, кедергілерге тап болып қайтадан ұзақ жылға халқынан аластатылған арыстарға жкөмек қолын созуы - Жұмабек Тәшеневтың ісі жесірін жылатпаған, жетімін қаңғыртпаған, асылын ардақтаған ұлттық болмыс көрінісі еді.

Кілт сөздер: газеттер, шығармалар, парасаттылық,.тарих көші,өлт мүддесі

Ж.Тәшеневтің қазақ мемлекетінің, елі мен жерінің тұтастығын сақтау жолындағы күресінен басқа қазақ қоғамын өркендету мен ұлттың рухын көтеру, абыройын асқақтату жолындағы айрықша еңбегі мен жанкешті қызметіне мынадай істері де куә екендігін айта аламыз.

Біріншісі, Ж.Тәшенев Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Төралқасының Төрағасы қызметіне сайланған соң-ақ Алматының ең үлкен даңғылын Абайдың атымен атауды және көшенің ең төріне ақынның алып ескерткішін тұрғызуды ұсынғаны. Екіншісі, сталиндік қызыл террордан жазықсыз жапа шеккендерді ақтау кезінде айрықша белсенділік танытуы. 1956 жылы 25 ақпандағы КПСС-тің XX съезінен кейін жылымықтың басталғаны мәлім. Сол кезде репрессия құрбандарын ақтау жөніндегі республикалық комиссияның төрағалығына Жұмабек Ахметұлы сайланып, Е.Бекмаханов, Қ.Мұхаметханов, Х. Есенжанов,З.Шашкин сынды қазақ ғалымдары мен ақын-жазушыларын сөзбұйдаға салмай, абақтыдан дереу шығаруда үлкен еңбек сіңіреді. Ол бастаған комиссия Сәкен, Ілияс, Бейімбет сынды халқымен қайта қауышқан арыстардың шығармаларын сол жылдарда өте сапалы етіп шығаруға айрықша күш салады және «алашордашыл», «ұлтшыл», деген айдар тағылмағандардың бәрін ақтауға тырысады. Үшіншіден, 1958 жылы қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігін абыроймен өткізуге барын салуы, бес бірдей қазақ өнерпазына ең жоғары атақ – «КСРО халық әртісі» атағын алып беруге жұмыстанды.

Төртіншіден, «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерін жабылудан аман алып қалуы. 1958 жылы 28 шілдеде ҚКП Орталық Комитетінің бюросында «Қазақ әдебиеті» газетінің саяси бағыт-бағдарының коммунистік идеологияға сай келмейтіндігі, пролетариат мәдениетіне, талабына жат екендігі, қазақ ұлтшылдарын төңірегіне топтастырғаны туралы мәселе қойылып, газеттің жабылып-жабылмауы талқыға түседі.

Ж.Ташенев ұлтшылдеп айыптаушыларға: «Социалистік Қазақстан» газетін ашқан да сен емес, жабатын да сен емессің, не тантып отырсың өзің!», – деп басып тастайды. Ақыры бұл мәселені күн тәртібіне қоюшылардың Саяси Бюроның қалыпты тәртібін

белден басып отырғаны ашылып қалып, «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттері жабылудан аман қалады.

Халықтың рухани жан-дүниесіне ерекше байлық болып енген Сәкен Сейфуллин мен Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров шығармаларының тағдырына да өзі тікелей араласып, ел алғысына бөленген еді. Әсіресе ол Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы, Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» повесі, І.Жансүгіровтің «Күй», «Күйші», «Құлагер» поэмаларының уақыт өткізбей жарыққа шығуына септігін тигізген. Қазақ әдебиетінің алыптарының шығармаларымен халықтың қайта қауышуы өлгеннің тіріліп, өшкеннің жануымен бірдей болған еді. Ел еңсесін түзеп, есін жиғанмен ұлт тәуелсіздігі жолында арманда кеткен боздақтарын асыға күткен алмағайып кезеңдегі Ж.Тәшеневтің бұл еңбегі нағыз азаматтылық, зор парасаттылық екені хақ. Осы жылдары ақталуға тиіс болса да, кедергілерге тап болып қайтадан ұзақ жылға халқынан аластатылған қазақ жырының пайғамбары, жалындаған ғұмыр иесі М.Жұмабаевтың жұбайы Зылиқаға Қызылжар қаласынан пәтер алып берген Жұмабек Тәшеневтың ісі жесірін жылатпаған, жетімін қаңғыртпаған, асылын ардақтаған ұлттық болмыс көрінісі еді.

Қазақ халқының рухани айнасы, мәдениеттің ордасы болған, ұлтымыздың талай жақсысы мен жайсаңын тәрбиелеп шығарған «Қазақ әдебиеті» газетіне «ұлтшылдық сарын басым» деген айып тағылып, тағдыры талқыға түскенде оған араша түсіп, жабылудан аман сақтап қалған, сондайақ сол тұста Қазақстан Компартиясының Орталық комитетінде қазақ газеттерін аудармаға айналдыру туралы зымияндық мәжіліс өткізілгенде табандылықпен қарсы тұрып, ашына сөз сөйлеген Ж. Тәшеневтің еңбегі нағыз адамдықтың, азаматтылықтың белгісі екеніне дау жоқ.

Әйгілі «халық жауы» науқанында жазықсыз жазаланып қазаға ұшыраған арыстарымызды ақтау, кейінде қуғынға ұшырап түрмеде жатқан, айдауда жүрген қайраткерлерімізді бостандыққа шығару мәселелерімен шұғылданатын (СОКП ХХ – құрылтайының шешімдеріне сай) республикалық комиссияны басқарып, игілікті қыруар жұмыс атқарған; – Мәскеуде Қазақстан өнері мен әдебиетінің екінші онкүндігін 1958 жылы жан-жақты жақсы дайындықпен өткізуге күш салған. Онкүндік нәтижесінде айтулы тарландарымыздың ең жоғары атақпен марапатталуына, үлкен құрмет-қошемет көруіне, бес артисімізге «КСРО Халық артисі» атағы берілуіне себепші болған; – ККП Орталық Комитетіндегі қайсыбір «сақ-қырағылар» Бауыржан Момышұлының «За нами Москва» кітабының жарық көруіне қарсы болса да, Жұмекең орынсыз қарсылықты жеңіп, кітапты шығартқан; – Алматының дәл ортасында, салынған 120 пәтерлік үйді қазақ әдебиеті мен өнерінің қайраткерлеріне бергізген; – Мұхтар Әуезовтің «Абай» романын Лениндік сыйлыққа ұсынуға жолбасшы болған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Досанов С. Он екі томдық шығармалары. 10-том.Әдеби сын. Көсемсөз. – Алматы, 2020

2. Доқтырхан Т. Төрт құрдас және мен. – Алматы, 2017

3. Жұмабек Ташенев туралы естеліктер. – Алматы: «Білім». – 2005-200 бб.

4. Жұмахметұлы Е. Біз білмейтін Қазақтар. – Алматы, 2021

5. Қонысбек Б. Дарабоздар. – Шымкент: «Аламан» ЖШС, 2016. – 330 б.

6. Текті тұлға Жұмабек Тәшенев. Әдеби жинақ. Құрастырып дайындағандар С. Жұмағұл,А. Жұмағұл. – Қарағанды, 2021. – 292 б.

7. Қазақтың қайсар қайраткері – Жұмабек Ташенев/ Құрастырған Дүйсен С., Еңсенов Қ. – Алматы: «Елтаным». – 2015. – 160 б.

8. Халықтың қайсар перзенті. Жұмабек Тәшенев туралы естеліктер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 бб.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР МЕН САПАЛЫ БІЛІМГЕ ЖОЛ

Алимова Қ.Ш.
Мектепке дейінгі оқыту және психология
кафедрасының магистр, аға оқытушысы
Alimova_87@mail.ru
https://orcid.org/0000-0001-7183-3964
Рустемқызы А.
Психология мамандығының 1 курс студенті
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
aruzhan.rustemkyzy.02@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада инклюзивті білім берудің мәні, оның негізгі принциптері мен Қазақстандағы дамуы қарастырылады. Инклюзивті білім беру – ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне енгізуге және олардың әлеуметтік бейімделуіне бағытталған жүйе. Бұл жүйе балалардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оларға тең дәрежеде сапалы білім алуға жағдай жасайды. Сонымен қатар, инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін қолданылатын әдістер, мұғалімдердің рөлі және заңнамалық негіздер талданады.

Кілт сөздер: инклюзия, ерекше білім беру қажеттіліктері, инклюзивті білім беру, арнайы педагогика, тең мүмкіндіктер, оқыту әдістері

Аннотация. В данной статье рассматривается сущность инклюзивного образования, его основные принципы и развитие в Казахстане. Инклюзивное образование направлено на интеграцию детей с особыми образовательными потребностями в общий образовательный процесс и их социальную адаптацию. Эта система учитывает индивидуальные возможности и потребности каждого ребенка, обеспечивая равный доступ к качественному образованию. Также анализируются методы реализации инклюзивного образования, роль учителей и законодательные основы.

Ключевые слова: инклюзия, особые образовательные потребности, инклюзивное образование, специальная педагогика, равные возможности, методы обучение.

Abstract. This article explores the essence of inclusive education, its key principles, and its development in Kazakhstan. Inclusive education aims to integrate children with special educational needs into the general educational process and support their social adaptation. This system considers the individual abilities and needs of each child, ensuring equal access to quality education. Additionally, the article examines methods for implementing inclusive education, the role of teachers, and the legislative framework.

Key words: inclusion, special educathional needs, inciusive education, special pedagogy, equal opportunities, teaching methods.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі әрбір баланың қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тең мүмкіндіктер жасауға бағытталуы тиіс. Осы тұрғыда инклюзивті білім маңызды рөл атқарады. Инклюзивтік білім беру дегеніміз – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат [1].

Ағылшын тілінен аударғанда «инклюзия» термині «қосылу»дегенді білдіреді. Инклюзивті білім беру (фр. Inclusive – лат. Include – араласу, қосамын) – жалпы білім беруді дамыту процесі, ол ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін білім алуға

қолжетімділікті қамтамасыз ететін, барлық балалардың әртүрлі мұқтаждықтарына бейімделу тұрғысынан барлығы үшін білім алуға қолжетімділікті білдіреді.

Ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларға инклюзивті білім беру (тәрбиелеу) – бұл бірлескен оқу сабақтарын, бос уақытты, қосымша білім берудің әртүрлі түрлерін ұйымдастыруды қоса алғанда, арнайы жасалған жағдайларда бірлесіп оқыту және тәрбиелеу. Инклюзивті білім беру білім беру жүйесінің даярлық деңгейіне, даму ерекшеліктеріне, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) қабілеттері мен мүдделеріне бейімделуін, олардың әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуге тиіс [2].

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», « Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім беру жүйесінің Қазақстанда алғаш дамуы 90-шы жылдардың ортасында жүзеге асырыла бастады. Қазіргі таңда біздің мемлекетімізде инклюзивтік білім беру үдерісін жүзеге асыруға қарасты заңдар қарастырылған. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік бейімделуін жетілдіру мақсатында халықаралық құқықтық актілер қабылданды және ратификацияланды, олар “Бала құқықтары туралы Конвенция” (1989), “Білім беру” және “Мүгедектердің құқықтарының тепе-теңдігін қамтамасыз ету туралы ережелер” (1993), білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларға арнайы білім беру және жағдайын реттеу үшін “Саламандық декларация” (1994) Жалпы, XXI ғасыр бүкіл әлемде инклюзивті білім беру проблемасының аясында өтіп жатыр. 2008 жылы Қазақстан Мүгедектердің құқықтарын қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияны, 2016 жылы Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы конвенцияны ратификациялады. 2020 жылдан бастап қазақстандық мектептер инклюзивті болды. Заң бойынша, елдің барлық азаматтарына жеке мүмкіндіктеріне қарамастан, білім берудің қолжетімділігіне кепілдік беріледі.

2018 жылдан бері Алматыда еліміздегі алғашқы Әлеуметтік инклюзивті бағдарламалар орталықтарының бірі жұмыс істей бастады. Онда ерекше қажеттіліктері бар балалар оқиды. Олардың арасында физикалық және менталдық дамуы тежелген, соның ішінде аутизм және церебралды сал ауруына шалдыққан балалар бар [3].

Инклюзивті білім берудің басты мақсаты – барлық балаларға, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға да тең дәрежеде сапалы білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Бұл жүйе әрбір баланың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған және олардың қоғамға толыққанды араласуын қолдайды.

Инклюзивті білім берудің 8 принципі бар:

1. Адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты емес;
2. Әр адам сезінуге және ойлауға қабілетті;
3. Әркімнің сөйлесуге және оны тыңдауға құқығы бар;
4. Барлық адам бір-біріне мұқтаж;
5. Білім нынайы қарым-қатынастар аясында ғана жүзеге асуы мүмкін;
6. Барлық адам өз құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді;
7. Барлық оқушы үшін жетістікке жету – оның орындай алатын әрекеті;
8. Жан-жақтылық адам өмірінің аясын кеңейтеді. [2]

Инклюзивті білім беру ерекше қажеттіліктері бар балалардың да жалпы білім беру жүйесінде толыққанды білім алуына мүмкіндік беретін модель. Бұл жүйенің артықшылықтары тек ерекше балаларға ғана емес, бүкіл қоғамға пайда әкеледі.

1. Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін артықшылықтары

Қоғамға бейімделу – балалар өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді, әлеуметтік дағдыларды дамытады. Тең мүмкіндік – олар арнайы мектептерге бармай-ақ, қатарластарымен бірге сапалы білім алады. Өзін-өзі бағалауды арттыру – олар өздерін кем сезінбей, өзгелермен тең екенін түсінеді. Достық орта – балалар инклюзивті ортада өздерін жалғыз сезінбейді, достар табады. Жаңа қабілеттерді дамыту – олар өздерінің әлеуетін ашып, жаңа дағдыларды меңгереді.

2. Жалпы білім алушылар үшін артықшылықтары

Толеранттылықты дамыту – инклюзивті ортада өскен балалар өзгелерді құрметтеуге, түсінуге үйренеді. Көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру – инклюзивті сыныптарда оқушылар бір-біріне көмектесіп, жауапкершілікті сезінеді. Әлеуметтік дағдыларды жетілдіру – балалар әртүрлілікке үйреніп, жаңа қарым-қатынас орнатуға машықтанады. Қарым-қатынасты жақсарту – ерекше қажеттіліктері бар балалармен араласу арқылы оқушылар эмоционалды интеллектілерін дамытады.

3. Мұғалімдер үшін артықшылықтары

Кәсіби деңгейдің жоғарылауы – инклюзивті сыныптарда жұмыс істеу мұғалімдерді жаңа әдістерді меңгеруге ынталандырады. Оқыту әдістемесінің жетілдірілуі – мұғалімдер әртүрлі балалармен жұмыс істеу арқылы педагогикалық шеберліктерін дамытады. Әлеуметтік жауапкершілік – инклюзивті білім беру мұғалімдердің әрбір балаға жауапкершілікпен қарауын қалыптастырады.

4. Қоғам үшін артықшылықтары

Әлеуметтік интеграция – ерекше қажеттіліктері бар адамдар қоғамның толыққанды мүшесіне айналады. Дискриминацияның төмендеуі – инклюзивті ортада тәрбиеленген балалар болашақта басқаларды кемсітпей, теңдік қағидаларын сақтайды. Экономикалық тиімділік – инклюзивті білім беру ерекше қажеттіліктері бар адамдардың толыққанды жұмысқа орналасуына және қоғамға үлес қосуына мүмкіндік береді. Қоғамдық сананың өзгеруі – инклюзивті білім беру арқылы адамдардың ерекше білім беруді қажет ететін жандарға деген көзқарасы жақсара

Инклюзия – барлық балалардың, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың да жалпы білім беру ортасында тең дәрежеде білім алуын қамтамасыз ететін жүйе. Оның басты ерекшелігі – барлығына бірдей мүмкіндіктер жасау және әр баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып білім беру. Ерекше балаларға қолжетімді және ерекше білім беру үшін технологиялар қолданылады. Олардың ауқымдылары ұйымдастырушылық және педагогикалық технологиялар. Ұйымдастырушылық технологиялар оқу процесін жоспарлау, ұйымдастыру және басқаруға бағытталған болса, педагогикалық технологиялар оқыту әдістері мен тәсілдерін тиімді қолдануға бағытталған. [5] Жалпы инклюзивті сыныпты ұйымдастыру көп күшті талап етеді. Әр бала жеке назар аударып, әрқайсысына жеке көзқарас керек. Ұстаз балалардың қызығушылығына аса назар аударып, қажет болған жағдайда оқыту технологияларын өзгерту керек. Жалпы білім беру педагогтарына түзету педагогикасы, арнайы және педагогикалық психология саласындағы мамандар тарапынан мамандандырылған кешенді көмек қажет, ол ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуды дараландыру тәсілдерін түсінуді және іске асыруды қамтамасыз етеді, ең алдымен – оқытуда әртүрлі мүмкіндіктері бар балалармен жұмыс істеу және осы әртүрлілікті әрқайсысына өзінің педагогикалық көзқарасында ескеру.

Инклюзивті білім беру принциптері бойынша жұмыс тәжірибесі бар мұғалімдер келесі әдістерді әзірледі:

• мүгедектігі бар оқушыларды "сыныптағы кез келген басқа балалар сияқты" қабылдау;

• оларды әртүрлі міндеттер қойғанымен, сол әрекеттерге қосу;

• оқушыларды жұмыстың топтық формаларына және тапсырмаларды топтық шешуге тарту;

• оқытудың белсенді түрлерін-манипуляцияны қолдану, ойындар, жобалар, зертханалар, далалық зерттеулер.

Инклюзивті білім беру қауымдастығы мұғалімнің рөлін айтарлықтай өзгертеді. Липски мен Гартнер (Lipsky D. K., Gartner A.) мұғалімдер арнайы және жаппай тәрбиешілер арасында жасанды демаркациясыз пәнаралық ортада басқа оқытушылармен ынтымақтасу арқылы оқушылардың әлеуетін арттыруға ықпал етеді деп санайды. Олар оқушылармен қарым-қатынастың әртүрлі түрлеріне қатысады, соның арқасында олар әрқайсысын жеке таниды. Сонымен қатар, мұғалімдер мектептен тыс кең әлеуметтік байланыстарға, соның ішінде әлеуметтік қолдау ресурстары мен ата-аналарға қатысады. Мұғалімнің мұндай кәсіби ұстанымы оған өзінің алаңдаушылығы мен уайымын жеңуге, студенттері мен кәсібін түсініп, кәсіби шеберліктің жаңа деңгейіне шығуға мүмкіндік береді. [4]

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру тек білім саласын дамытудың ғана емес, тұтас қоғамның даму көрсеткіші. Барлық балаларға бірдей білім беру мүмкіндігін жасау – әділеттілік пен адамгершіліктің белгісі. Сондықтан инклюзивті білім беру жүйесін қолдау, дамыту және нығайту – әрбір мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Тек осылай ғана біз баршаға тең мүмкіндік беретін, толерантты және әділетті қоғам құра аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асанова, А. «Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы» – Алматы: Қазақ университеті, 2019.

2. Сүлейменова, Қ. «Инклюзивті білім беру: әдістемелік негіздер» – Астана: Фолиант, 2021.

3. Назарбаева, С. «Ұлт болашағы және инклюзивті білім беру» – Алматы: Ғылым, 2018.

4. Махмутов, М.И. «Оқытудың жаңа технологиялары және инклюзия» – Алматы: Рауан, 2020.

5. Коррекциялық педагогика: оқу құралы / құраст. Ә.Алпысбаева – Астана: Фолиант, 2017.

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЕТІСТІКТІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СИНОНИМДІЛІГІ

Исламова М.М.
Ағылшын тілі кафедрасының аға оқытушысы
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
islamova.makhabbat@mail.ru
Каримова М.Р.
Шетел тілі:екі шетел тілі педагогтарын даярлау
ББ 4-курс студенті
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
makhsudakarimova@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада фразеологиялық синонимияны ағылшын және казак тілдерінің лингвистикалық көрінісінде қоршаған шындықты бейнелеу тәсілдерінің бірі ретінде аналитикалық зерттеу келтірілген, фразеологиялық бірліктердің етістік фразеологизмдер мысалында синонимдік қатарларды құру қабілеті ерекшеленеді және сипатталады.

Кілт сөздер: синонимдік критерийлер, семантикалық компоненттер, етістік фразеологизмдер, синтаксистік құрылым.

Аннотация. В данной статье приводится аналитическое исследование фразеологической синонимии как одного из способов представления окружающей действительности в лингвистическом проявлении английского и казачьего языков, выделяется и описывается способность фразеологизмов образовывать синонимические ряды на примере глагольных фразеологизмов.

Ключевые слова: критерия синонимичности, семантические компоненты, глагольные фразеологизмы, синтаксическая структура.

Abstract. This article provides an analytical study of phraseological synonymy as one of the ways to reflect the surrounding reality in the linguistic picture of English and Kazakh languages, highlights and describes the ability of phraseological units to form synonymous series using the example of verbal phraseological units.

Key words: synonymy criteria, semantic components, verbal phraseological units, syntactic structure.

Antonymy helps achieve textual cohesion. It reveals the opposition and the unity of objects in languages. Employing antonyms in English texts correctly reveals the oppositeness of objects and produces a strong sense of comparison. Therefore, writers are fond of and good at employing antonyms in their literature works, because it makes the works artistically charming and powerfully convincing.

1. Antonymy Used in Poetry Antonyms are widely used in poetry. English poet Alfred Tennyson had the famous lines in his Ulysses “Though much is taken, much abides; and though/ We are not now that strength which in the old days/ Moved earth and heaven; that which we are, we are;/ One equal-temper of heroic hearts,/ Made weak by time and fate, but strong in will/ To strive, to seek, to find, and not to yield.” How encouraging it is! Even a man in despair can get the power from the lines.

2. Antonymy Used in Dramas Antonymy is also widely used in dramas. It can be seen obviously from the works of William Shakespeare. In Romeo and Juliet “My only love sprung from my only hate. Too early seen unknown, and known too late. Prodigious birth of love it is to me, that I must love a loathed” In the quotation, four antonym pairs are there and they constitute the well known figures of speech in English, oxymoron and paradox. When we read the words at first, we may think them very ridiculous, illogical and raving.

3. Antonymy Used in Novels In the process of writing novels, numerous novelists are very good at employing antonyms. The following is excerpted from A Tale of Two Cities written by Charles Dickens. “It was the best times, it was the worst times, it was the age of wisdom, it was the age of the foolishness, it was the epoch of belief, it was the epoch of incredulity, it was the season of light, it was the season of darkness, it was the spring of hope, it was the winter of despair, we had everything before us, we has nothing before us.” It uses six pairs of antonyms to depict the complicate and dangerous atmosphere before the French revolution

4. Antonymy Used in Speeches When antonymy is used in a speech, a clear-cut stand and a clear point of view are easily made. The language has stronger rhythm and helps being persuasive. As a result, many people employ antonymy in their speeches to state their opinions, justify their positions and influence the public opinion[1, 324-325].

Proverb is simple; meanwhile, it entertains a thought deeply. When antonyms are used in proverbs, the rhetorical effect of phonological harmony, formal beauty and conciseness are achieved. Several examples are given as follows. “More haste, less speed.” “Easy come, easy go.” “Art is long, life is short.” “An idle youth, a needy age.” “Small sorrows speak; great sorrows are silent.” Very famous people are more skillful of using antonymy in proverbs. George Herbert has “Love makes all hard hearts gentle”. And George Eliot has “It is surely better to pardon too much than to condemn too much”. All these examples listed above are neat in the construction of the sentences. No matter visually or phonologically, a kind of beauty of harmony can be sensed, which helps convey profound messages[2, 2016. - 260].

Another important example is the possibility of substitution and identical lexical valency. This possibility of identical contexts is very clearly seen in the following lines: There is so much good in the worst of us, and so much bad in the best of us, That it hardly becomes any of us To talk about the rest of us (Hock).

As for the same antonymic pair, they reveal nearly identical spheres of collocation. Examples: the adjective hot in its figurative meaning of angry and excited is chiefly combined with names of unpleasant emotions: anger, resentment, scorn, etc. Its antonym cold occurs with the same words.

The tail of an elephant is little only in comparison with his trunk and the rest of his body. For a mouse it would have been quite big. J. Lyons discusses an interesting example of antonyms also dealing with elephants: A small elephant is a large animal. The implicit size-norm for elephants is not the same as that for all animals in general: the elephant which is small in comparison with other elephants may be big in comparison with animals as a class[3, 127-139].

Almost every word can have one or more synonyms. Comparatively few have antonyms. This type of opposition is especially characteristic of qualitative adjectives. E. g. in W. Shakespeare's Sonnet LXXVI":

For as the sun is daily new and old, So is my love still telling what is told.

It is also manifest in words derived from qualitative adjectives, e. g. gladly - sadly; gladness - sadness. Irrespective of the part of speech, they are mostly words connected with feelings or state: triumph - disaster; hope - despair. Antonymic pairs, also irrespective of part of speech, concern direction hither and thither (L.A. Novikov calls these vectorial antonyms"), and position in space and time far and near[4, 69].

Nothing so difficult as a beginning,

In poetry, unless perhaps the end (Byron).

There are also day - night, late - early, over - under.

Root Antonyms in language. As we said in the first part, antonyms and converses reflect polarity. We'll try to show that using antonyms. We've used

So, all antonyms can be divided into two big groups: root antonyms and derivational. First let us found a group of root antonyms. These are words, roots of which have opposite meanings[5, 10].

- New - old

The new town of Whitney Clay had swallowed up the old village.

New - not existing before; introduced, made, invented, etc. recently or for the first time. Old - having been in existence or use for a long time.

- We can see that these pairs of words are pairs of antonyms, whereas the particle not is an element of formation of antonyms. We can find it using chain of meanings if the words. Distant - near

It may be near, it may be distant; while the road lasts nothing turns me.

- The meanings of these words enclose opposite semes, such as distant - near= far away - short, therefore they are antonyms. Our next examples illustrate pair of words, which are antonymous pairs: Guilty - innocent

So the law assumed there must be one guilty party, and one innocent party who has been wronged by desertion of the matrimonial bed.

- Loathe - love

- If a man and woman sinned, let them go for into the desert to love or loathe each other there. Giant - pigmy

So you think your friend in the city will be hard upon me, if i fail a payment? - says the trooper, looking down upon him like a giant. My dear friend, I am afraid he will, - returns the old man looking up at him like a pigmy.

Derivational antonyms in language. The second group of antonyms (derivations) can be made with: un -, in -; (il -; im -; ir -;); dis -, and -less. Some examples of derivationals:

- Approve - disapprove

Who am I to approve or disapprove?

- Tied - untied

People get tied up, and sometimes they stay tied - because they want to stay or because they haven't the will power to break or others become untied and make a new start.

- Engage - disengage

How soon will you be disengaged? I didn't say you i was engaged.

- Just - unjust

The A.F. of L. port leaders, as loyal servitors of capitalism, unquestionable support all wars, just or unjust, declared by the capitalist class and its government.

- Audible - inaudible

Little audible links, they are chaining together great inaudible feelings and purposes.

- Concerned - unconcerned

It concerned her in some way, but she herself was unconcerned, and she slid without effort into the position of mistress of the farm. So, it's easy to find these examples in Modern English. Their meanings are quite clever and understandable[6, 143-149].

Differences of meaning of antonyms. The meanings can sometimes be different. Let us to analyze the verb agree. This verb has five meanings, but only three of them have antonyms.

Agree - v. A. To say yes, ex: I asked for a pay rise and she agreed. - refuse; B. To have a similar opinion to somebody, ex: I agree with his analysis of the situation. - disagree; C. To be consisted with something; to match, ex: You account of the affair doesn't agree with hers. - disagree.

Order - n. The word has fourteen meanings, but only two of them have antonyms:

A. The state that exists when people obey the laws, rules or authority, ex: The police are trying to restore public order. - disorder; B. The state of being carefully and neatly arranged, ex: Get your ideas into some kind of order before beginning to write. - disorder.

Black - adj. The word has nine meanings, but only three of them have antonyms:

A. Of the very darkest colour, e.g.: A big black cloud appeared. - white. B. Without milk, e.g: Two black coffees, please. - white. 3.of a race that has dark skin, ex: Many black people emigrated to Britain it the 1950s. - white.

Active - adj. The word has six meanings, but only two of them have antonyms: A. Doing things; lively, ex: She takes an active part in local politics.; -inactive.; B. Of the form of a verb whose subject is the person or thing that performs the action (grammar), as in He was driving the car and the children have eaten the cake. - passive.

Down - adv. The word has nine meanings, but only four of them have antonyms:

A. From the upright position to a lower level, ex: He bent down to pick up his gloves.- up.; B. Indicating a lower place or state, ex: The bread is on the third shelf down. - up.; C. To be read from top to bottom, not from side to side, ex: I can't do 3 down. - across.; D. Away from a university (Brit), ex: going down at the end of the year. - up.

For - prep. The word has seventeen meanings, but only one of them have antonyms: A. In defence or support of somebody/something, ex: I'm all for pubs staying open all day. - against.

Using antonyms pair in proverbs and sayings. The main field of use pairs of antonyms is proverbs and sayings. Proverbs are phenomenon of thought, language, art. The main sense of proverbs and sayings is not the information given but artistic pattern, meaning content. Some examples:

The time passes away but sayings remain.

After a storm comes fair weather, after sorrow comes joy.

An hour in the morning is worth two in the evening.

There'd be no good fortune if misfortune hadn't helped.

Never put off till tomorrow what you can do today.

Breaking is not making.

Knowledge is light, ignorance is darkness.

You started speaking with delight and finished with a sorry sight!

Native dogs are fighting here, foreign ones should not interfere.

Greet him according to the clothes, take leave according to what he knows[7, 34-47].

Thus, based on the examples given above , we can say that antonyms are resource of a category opposition.

We have found a confirmation that antonyms can be expressed:

- as words with different roots;
- as words, which are formed with negative prefixes.

Almost every word can have one or more synonyms. Comparatively few have antonyms. The main field of use pairs of antonyms is proverbs and sayings. The main sense of proverbs and sayings is not the information given but artistic pattern, meaning content. We have found a confirmation that antonyms can be expressed: as words with different roots and as words, which are formed with negative prefixes.

The main criterion of antonyms is steady using their pairs in contexts. Antonym pairs thread Modern English. However, antonyms imply polarity of one of the semantic components of the words showing us the same main point. But understanding antonyms as polarity of the several semantic components of the words showing two polarity main points is possible.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. -М. Наука, 2017.-С.324 - 325.

2. Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Теория обучения иностранным языкам: Лингводидактика и методика, М., 2016. - 260 6.

3. Шубина О.И. Условия актуализации антонимических отношений.// Систематические взаимодействия языковых единиц. Л,1985. С.127 - 138.

4. Гальперин И.Р. и др. Лексикология английского языка. М.. 3-е издание. - М., 2000.

5. Зуева Э.В. Конверсивные отношения в лексике современного языка.//Автореф. Дис.конд.филол.наук. М,1980. С.10.

6. Arnold I.V. The English Word M. High School 1986 pp. 143-149.

7. Buranov A. Muminov J. Readings on Modern English Lexicology T. O'qituvchi 1985 pp. 34-47.

МЕКТЕПТЕ БЕЙІНДІК ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Конакбаева У.Ж[1]., Алмухашова З.К.[2]

[1]Дизайн кафедрасының қауымд. профессоры, PhD

[2]Магистрант

Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.

ukonakbaeva@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-5017-7459

Аңдатпа: Бұл мақалада 12 жылдық білім беру жүйесіндегі бейіндік оқытуды ұйымдастырудың халықаралық тәжірибесі қарасытырылған.

Кілт сөздер: бейіндік оқыту, 12 жылдық білім беру жүйесі, халықаралық тәжірибе.

Abstract. This article discusses the international experience of organizing profile training in the 12-year education system.

Key words: profile training, 12-year education system, international experience.

Қазіргі кезеңде елдердің бір-бірінен салыстырмалы тұрғыдағы артықшылығы, бәсекелестік күш-қуаты олардың табиғи ресурстарымен емес көбінесе адам капиталымен,

инновациялық технологияларды және ақпарат ағымын ұтымды пайдаланумен анықталып отыр. Дүниежүзі көлемінде постиндустриалдық қоғамға көшудегі білім беруді жаңарту қазіргі заманғы маңызды әлеуметтік құндылықтар мен қоғамдық бағыттар жүйесін дұрыс қалыптастырудың шешуші жағдайы есебінде көрінеді. Білім құндылықтары тұлғаның, қоғамның және табиғаттың игіліктеріне сәйкестендіріліп, ашық, вариативті, рухани және мәдени қанықкан толерантты, отаншылдық және шынайы азаматтықтың қалыптасуын қамтамасыз ететін жүйеге бірігуі тиіс. Білім беру экономикаға мамандар даярлау емес, қоғамның интеллектуалдық және мәдени деңгейін көтеру, оның бәсекелестік қабілеттерін инновация мен демократиялық прогреске лайық дамыту, өмірдің қазіргі заманғы стилін қалыптастыру құралына айналуы тиіс.

Еліміздің білім моделі ұлттық идеяға, ұлттық құндылықтарға негізделіп құрылып, ұлт мүддесін басым бағытта бере отырып дамытылуы тиіс. Жасөспірімдерге берілетін білім мен тәрбие мазмұны, ұлтымыздың ұрпақ тәрбиесіндегі даналығынан, тарихи мәдени мұраларынан, асыл дәстүрлерінен, ұлы педагогтеріміз бен ғұлама-гуманистеріміздің классикалық философиялық ой толғауларынан, ғұламалық бұлақтарынан, яғни тереңге бойлаған түп тамырынан нәр алып, табиғи таза мәдени-рухани құндылықтармен қанықкан болуы тиіс. Білімі мен технологиясы жедел өрлеп, экономикалық және қоғамдық тұрақты даму жолына түскен Жапония, Франция, Финляндия, Швеция сияқты елдердің тарихи тәжірибелері осының айқын дәлелі.

Дүние жүзі елдері, атап айтсақ, барлық елдердің 80 пайызы 12 жылдық және бейіндік оқыту жүйесімен жүреді. Аса дамыған елдерде, Мысалы, АҚШ-та, Англияда, Швейцарияда, Канадада, Германияда орта жалпы білім беру ұзақтығы 12 не 13 жыл, ал Жапонияда, Италияда-12 жыл. Шет елдерде біздің орта білім туралы құжатымыз-аттестатымыз танылмай отыр. Екіншіден, шет ел мектептерінде 12-13 жылда оқитын білімді біз 11 жылға сиғызып береміз. Сондықтан қазір 11 жыл оқитын балаларға оқу жүктемесі көп түседі. Жоғары сыныптарда, өз қалауымен пәндерді таңдап оқу уақытын қоса есептегенде, оқушыға түсетін оқу жүктемесі 36 сағат емес, 41-42 сағатқа жетті. Егер 12 жылдық мектепке көшетін болсақ, оқу жүктемесі біршама жеңілдейді [1].

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу 12 жылдық жалпы білім беретін мектептер жағдайында мүмкін болады, ол білім туралы құжаттардың айырбасталуын, бейіндік оқытуды, көп тілдікті қамтамасыз етеді.

Тағы бір үлкен мәселе, ол 12 жылдық мектептердің құрылымы болып табылады. Дүниежүзі елдері тәжірибесінде әр елдің, әр мемлекеттің өзіне тән орта білім жүйесі мен мектеп үлгісі, орта мектептердің әрқайсысының қалыптасқан өзіндік ішкі құрылымы бар.

Дүниежүзінде міндетті негізгі білім жүйесі де әр түрлі. Мысалы, Германияда барша оқушыға алғашқы 4 жылдық оқу ғана міндетті деп айтуға болады, өйткені одан әрі балалар өз қалаулары және қабілеттеріне қарай оқуларын кәсіптік мектептерде жалғастыра береді. Францияда 5 жылдық қарапайым мектепті бітірген бала оқуын жалпы білім беретін 4-5 жылдық колледждерге жалғастырады.

Жалпы айтқанда міндетті оқу мерзімдері түрліше: 8 жылдық (Италия, Венгрия, Канада), 9 жылдық (Швеция, Жапония, Куба, Болгария, Чехия, АҚШ) және т.б.

Барлық оқушыларға 11-12 жылдық білім беруді ешбір ел міндетіне алып отырған жоқ. Зерттеу барысында 20-дан астам елдің 55 пайызында міндетті оқу - 9 жылдық, 32 пайызында 10 жылдық, қалғандарында 8 жылдық.

Дүниежүзі елдері мектептерінің біразында жоғары мектепке оқушылар оқу үлгеріміне қарай және мектеп берген мінездеме негізінде арнайы мемлекеттік комиссияның шешімімен қабылданды.

Болон конференциясына кіруге ұмтылу, білім беру саласының әлемдік стандартқа сай келуі үшін 12 жылдық білім жүйесін қабылдау қажеттігі өмір талабынан туындап отыр. Елбасының мемлекеттік саясатын қолдай отырып, экономиканы, экологияны жақсартуға арналған талаптар да қазіргі кездегі білім, ғылым жүйесіндегі үлкен

өзгерістерге бағыт-бағдар беруде. Мемлекетіміздің ғаламдық саясатта үлкен беделге ие болуымен бірге, саяси-экономикалық жағынан тұрақтануы білімнің сапасын арттыруға ықпал етуде [2].

Қоғамның дамып өркендеуіне байланысты қазіргі таңда білім саласындағы ең өзекті мәселенің бірі әлемдік білім кеңістігіне жол ашатын 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу болып отыр.

Білім берудің бұл моделі әлемнің көптеген елдерінде қолданылады. Бұл – соңғы жиырма-отыз жылда ғылым мен техниканың орасан зор жетістіктеріне қол жеткізіп, жаңа технологиялардың қоғам өмірінің әртүрлі саласында кеңінен енгізілуіне байланысты туындаған жағдай. Сондықтан жастарды жаңа кезеңнің талаптарына сай тәрбиелеу үшін оларға жаңа мазмұндағы жоғары деңгейде білім беруді қажет етеді. Осындай өзекті мәселені шешу үшін дүниежүзілік қауымдастық 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуде. Ендеше біз де, әлемдік тұтастықтың бірі ретінде, бұл мәселеден шет қала алмаймыз. Керісінше, біз Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне үйлестіруге мейлінше ұмтылуымыз қажет.

Еуропа Кеңесінің Декларациясына (1992) сай дүниежүзінде 136 мемлекетте 12-жылдық білім жүргізілуде, оның ішінде АҚШ, Жапония, Германия,Франция, Финляндия.ТМД елдерінен Украина, Өзбекстан, Балтық мемлекеттері көшті.

Шетелдерде жалпы білім беру мектебіндегі бейіндік оқыту бастауыш және толық емес орта мектептегі оқытуды саралаудың жалғасы болып табылады. Шетелдердің көпшілігінде жалпы білім беру мектебінде саралауды жүзеге асырудың негізі оқушылардың интеллектуалды қабілеттілігі болып табылады.

Көп бейінді мектептердің болуын және түрлі категориядағы оқушылар үшін түрлі оқу жоспарларының болуын негіздеген Э. Торндайк пен Л. Терменнің және басқа да АҚШ-тың педагогтары мен психологтарының еңбектерінде бұл ерекшеліктің «интеллектуалды дарындылық» теориясы мен IQ тестілерінің көрсеткіштеріне негізделеді делінген. Э. Торндайк и Л. Термен бейіндерді оқыту деңгейі бойынша (оқушылардың жеке қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес оқыту бағыттары) саралау бағытындағы мектеп бағдарламаларын құру идеясын алға тартты [3].

АҚШ-та саралау интеллектуалды тестілеу негізінде оқушыларды топтарға бөлу арқылы жүзеге асырылады, ал келесі кезеңдерде саралап оқыту тереңдетіліп, бейінге бөлінудің келесі қадамдарын анықтай береді.

АҚШ пен Батыс Европа елдерінде бейіндік даярлық елдің барлық білім беру мекемелеріне бірдей оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Мектептің оқу жоспары мектептегі білім беруді жүзеге асыратын нормалармен реттелетін білім беру стандартының бір бөлігі болып табылады.

АҚШ-та бейіндік оқыту мектептің соңғы екі немесе соңғы үш жылында қолға алынады. Оқушылар бейіндеудің үш нұсқасын таңдай алады: академиялық, жалпы және кәсіби, мұнда кәсіпалды даярлық беріледі. Білім беру қызметінің түрлендірілуі таңдау бойынша түрлі оқу курстарының кеңейтілуі есебінен жүзеге асырылады. Ата-аналардың өз балалары үшін бейінді жоспарлайтын тапсырыстары мен қалаулары ескеріледі.

Ұлыбританияда оқытуды саралау 11 жастан басталса, ал бейіндік оқыту 14 жастан басталады. Мұнда мектептің 3 типі бар: грамматикалық – жоғары академиялық даярлықтан өтіп, жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндік береді; орта заманауи – білім берудің төменгі деңгейі; кәсіби қызығушылығына сәйкес - орта техникалық. Ұлыбританияда таңдалатын пәндердің барлығы блоктарға топталады. Әр блоктан оқушылар пәндерді таңдаулары тиіс. Қабілетті оқушылар жеке пәндерді оқыса, ал орташа оқушылар біріктірілген курстарды оқиды. Әр оқушының өзінің өзінің таңдауына сәйкес оқу жоспары қалыптасады.

Францияда орта мектепте бейіндік оқыту 100 жылдан аса жүзеге асырылуда. Ол оқытудың келесі кезеңдерінен тұрады: бастауыш-қарапайым мектеп, толық емес - орта

мектеп, толық орта - мектеп-лицей. Лицейдің мақсаты – технологиялық өркениет жағдайындағы ұлттың ғылыми-техникалық, экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуына және жеке тұлғаға бағытталады.

Бейіндеу соңғы жылдарда күшейе түсуде. Францияда гуманитарлы пәндер әрқашанда жоғары беделді болып саналады, ол саяси қызметке даярлау каналы мен мемлекеттік басқару аппаратына кіруіне жол ашады.

Франция мектептерінің жоғары сынып оқушыларын бейіндік оқытудың негізгі ерекшелігі – лицейлерде постбакалавриат курстарын өтуі болып табылады, олар жоғары білім ретінде жіктеліп, 2 жыл жалғасады. Франциядағы бейіндік оқыту ғылым мен практиканың негізгі ізденісі адамның дамушы мүмкіндіктеріне бағдарланатынына, өзгермелі әлемде оның бейімделуі мен әлеуметтенуінің табыстылығына, оқушылардың түрлі қызмет түрлеріне енуіне кепілдік береді.

Жапонияда американдық орта мектептегі саралауды негіз етіп алған біріктірілген интеграциялық мектептер бар. 11 жастан бастап барлық оқушылар біріктірілген орта мектептерге қабылданады, мұнда оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттеріне негізделген академиялық және практикалық сипаттағы бағыттарға бөлінеді. Бөлудің негізгі көрсеткіші оқушылардың интеллектуалды емес, академиялық қабілеттілігі болып табылады. Академиялық нәтижелер деңгейі оқушы бұрын оқыған бағдарламамен анықталады. Олар 3 сатыға бөлінеді:

- академиялық, білім берудің жоғары деңгейімен, оқу пәндерінің мазмұнындағы теориялық білімнің ауқымды көлемімен ерекшеленеді;
- жалпы, білім берудің төменгі деңгейімен, қолданбалы, практикалық білімнің ауқымды көлемімен сипатталады;
- кәсіби, минималды жалпы білім берумен қатар жұмысқа тұруға қажет кәсіби білімді қалыптастыруды қамтиды.

Финляндия, Швеция, Норвегия, Дания және т.б. елдерде 7 сыныпқа дейін барлық оқушылар бірдей білім алады, содан кейін оқушы ары қарайғы жолын таңдайды. Әрбір оқушыға негізігі мектепте білімін жалғастыруға екі нұсқа ұсынылады: академиялық – болашақта жоғары оқу орындарында оқуға жол ашады, кәсіптік – қолданбалы және бейіндік пәндерді қамтитын оқу жоспарымен оқытады [4].

Германияда бейіндік мектеп білім беру мекемесінің жеке түрі – гимназия болып табылады. Білім беру бейіндер саны үшеу: тіл, әдебиет, өнер; әлеуметтік ғылымдар; математика-дәл ғылымдар-технология. Таңдау курстарының көп болуы жоғары сынып оқушыларының жеке оқу жоспарларымен білім алуына мүмкіндік береді. Гимназия оқушыларды тікелей жоғары оқу орындарына түсулеріне дайындайды. Германияның заманауи гимназиясы оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға, заман талаптарына сәйкес жоғары оқу орындарына мамандар даярлауға, жалпы білім беру мен кәсіби даярлау арасында координацияны жетілдіруге жұмылдырады.

Бейіндік оқыту әлеуметтік мәселелерді шешуге көмек береді, мектеп бітірушілерді еңбектік қызметке даярлауды қамтамасыз етеді, жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыруға мүмкіндік берсе, ал екінші жағынан тұрғындардың әртүрлі әлеуметтік қабаттарынан шыққан оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен қабілеттерін толық ескеру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Жоғары сыныптарда оқу бағыттарының көптүрлілігі барлық оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерін, сонымен бірге мемлекеттің түрлі мамандарға сұранысын ескеруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Конакбаева У.Ж., Жолдасбекова С.А. Сравнительный анализ систем профильного обучения в Германии, России и США в современном контексте. «Заманауи педагог мамандарды даярлаудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясы. Астана, 2014ж. Б. 220-225

2. Смағұлова Г.Қ. және т.б. Шетелдік тәжірибедегі 12 жылдық білім беру //Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. – Алматы, 2012. – 9 б.

3. Карибаева А.А. 12-летнее образование в странах с переходной экономикой// Абай атындагы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Әлем халықтары тілдері сериясы. = Вестн. КазНПУ им. Абая. Сер. Языки народов мира. – 2006. – №1(8). – С.87-89.

4. Конакбаева У.Ж., Жолдасбекова С.А. Подготовка педагогических кадров ВУЗами Казахстана к реализации профильного обучения 12-летней школе Эксперименттік білім беру жөніндегі халықаралық журнал №4, 2013, Б.23-26

МЕКТЕПТЕГІ МУЗЫКА САБАҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАСЫ

Мейрбеков Б.Б.
Мажитов У.Х.
«Саз және ән» кафедрасының аға оқытушысы
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
Meirbekovberikbai@mail.ru,https://orcid.org/0009-0001-9331-8477
Ylyk56@mail.ru, https://orcid.org/0009-0003-7702-6794

Аңдатпа. Бұл мақалада Мектептегі музыкалық білім беру жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – музыка сабағы. Музыка сабағында балалар ән салу, балалар аспапта ойнау, музыка тыңдау тәрізді іс әрекетпен айналысады музыка сабағындағы әрбір іс – әрекеттерді өткізу барысында, мұғалім оның не үшін қажет екенін айқын сезініп, берілетін тапсырманың қандай маңызы бар екендігіне есеп беруі тиіс. Музыка сабағын ұйымдастыру формасы: басқа пәндер сияқты музыка сабағында да оқушылар ерекше қабілеттілігіне, икемділігіне, қызығушылығына қарай бөлінбейді.

Кілт сөздер: ән, күй, музыка, оқушылар,ән сабағы

Жалпы білім беретін орта мектептерде музыкалық педагогика саласы бойынша жаңа бағдарламалар жасалып, оқулықтар жазылады. Негізінде тек мұғалімнің музыка пәнінен сабақты қалай ұйымдастырып, қалай жүргізуі керектігі жөніндегі бағыт-бағдар беретін әдістемелік оқу құралдары ғана жарық көреді. Бірақ та жаңа заман талабына сай істелген бұл жұмыстар саны болашақ музыка мұғалімдері үшін әлі де болса жеткіліксіз. Себебі оқулықтар аз, әдістемелік оқу құралдары қалалық мектепте істейтін, жоғарғы оқу орындарының мамандарымен байланысып жұмыс істей алатын музыка пәні мұғалімдерінде ғана кездеседі. Ал болашақ музыка мамандарына және ауылды аймақ-тағы музыка пәні мұғалімдеріне де әдістемелік көмек өте қажет.

Музыка - тіл айтып жеткізе алмайтын адамның киелі нәзік сезімі. Музыка бұл сезім тілі, адам жанын баурап алатын, моральдық сезімдік эстетикалық бірлігі болып табылады.

Музыка сабағы - оқушының оқу -танымдық, рухани - танымдық қасиеттерін өсіруге арналған арнаулы сабақ. Басқа сабақтар сияқты, мұнда да оқу - тәрбие жұмыстарының негіздері: тапсырма беру, мазмұн-мағына, оқу әдістемесі қолданылады. Сабақтың мақсаты – оқушылардың дайындық деңгейімен берілетін тапсырманың, мағынаның, әдістеме мен оқыту түрінің сәкестігімен орындалады.

Алдымен сабақтың мақсаты мен мазмұнын анықтап алған ұстаз содан кейін оқытудың формасы мен әдістемесін таңдап алады. Бұл таңдау сабақтың түріне, мазмұндық ерекшелігіне қарай жүргізіледі. Музыка сабағы негізінен үш бөлімнен тұрады: ән үйрену, музыка таңдау, музыкалық сауатты ашу. Оқушылар - ұстаз - музыка – міне осы үш нәрсе сабақтың арқауын құрайды.

Ән -күй сабағының басты мақсаттары: оқушылардың музыка өнеріне деген практикалық қызығушылығын сезімдік тұрғыда дамыта білу, жеке бастың рухани негізін қалыптастыру болғандықтан ұстаздың адами- сезімдік қасиеті, адами тәжірибесі өте үлкен орын алатынын ұмытпаған жөн. Сабақ барысындағы тақырыптардың өзара байланыстылығы ұстаз шеберлігіне байланысты өрбиді. Ән –күй сабағын ұйымдастыру барысындағы негізгі мақсат, нақтылы бағдарлама арқылы, ұстаз қызметінің жүйелігі арнасында оқу-тәрбие ісінің көрнекті компоненттері бойынша іске асуға тиісті. Музыка сабақтарының әр түрлі мағынадағы түрлері болады. Мысалы, жоспарланған тақырыпқа кіріспе сабақтары, тақырыпты тереңдей оқыту сабақтары және тақырыпты бекіте, жан-жақты оқыту сабақтары болады. Сондай-ақ оқу жылының тоқсандар соңында қорытынды мағынадағы концерт-сабақтар жоспарлануы өте қажет.

Мектептегі музыкалық білім беру жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі – музыка сабағы. Музыка сабағында балалар ән салу, балалар аспапта ойнау, музыка тыңдау тәрізді іс әрекетпен айналысады музыка сабағындағы әрбір іс – әрекеттерді өткізу барысында, мұғалім оның не үшін қажет екенін айқын сезініп, берілетін тапсырманың қандай маңызы бар екендігіне есеп беруі тиіс.

Музыка сабағын ұйымдастыру формасы: басқа пәндер сияқты музыка сабағында да оқушылар ерекше қабілеттілігіне, икемділігіне, қызығушылығына қарай бөлінбейді. Бәрі бірдей тәлім алу үшін тиіс, сонымен қатар сабақтың ұзақтығы, жаңа материалдарды түсіндіру, пысықтау, өткен сабақтардан алған білімін тексеру т.б. Музыка сабағында саналық пен көркем эмоцияның бірлігін қамтамасыз етеп қана қоймай, көркемдік пен техникалық пен бірлікпен іске асырылуына назар аударған жөн. Музыка сабағы өнер сабағы болғандықтан оның әр компонентінің көркем болуы талап етіледі. Бұл тек айтылған ән мен орындалатын жаттығуларға да тән нәрсе. Әр бір дыбыс өте әдемі, мәнерлеп айтылуы тиіс. Өйткені ол музыкалық дыбыс. Мәнерлеп орындауға дағдылану үшін техникалық жұмыстар қажет. Сабақ өткізілмес бұрын, алдын ала оның мақсаты мен міндетін және оларды іске асыру жолдарын, мазмұны мен құрлысын, оқыту әдістері мен құралдарын тәрбиелік білімділік мәнін дамытпалы мүмкіндіктерін анықтап алған жөн. Музыка сабағын қандай пәннен кейін қойылғанын да ескерген жөн. Мысалы, еңбек немесе дене шынықтыру сабақтарынан кейін бірден ән айтқызу жемісті болмайды. Өйткені балалардың организмі шаршап отырады, осындай кезде ән айту бала даусына салмақ түсіреді, бірте-бірте дауыс аппаратына зиян келтіріп, түрлі тамақ ауруларына ұшырау мүмкін. Музыка сабағында күтпеген жағдайлар болып тұрады: мысалы электор тоғы жоқ, өшіп қалды дейік, олай болса, күйсандық ойнамайды, немесе сынып қалды, аспап істен шықты, мұғалімнің тамағы ауырып қалды, т.б. Міне, осы тосын жағдайлардың бәрінен жол тауып, сабақты сәтті өткізіп шығу мұғалімнің ерекше дарындылықты, шығармашылық тапқырлықты қажет етеді. Осы орайда, мектептегі музыка сабағын жүргізетін мұғалімдерге қойылатын талаптарға тоқтала кетейік.

Музыка мұғалімі өз сабағын шығармашылықпен ұйымдастыра отырып, әрбір сабақтың оқу – тәрбиелік міндетін, оның мақсатын алдын –ала бағдарлай біліп, сабақта кездесіп қалатын кездейсоқ қиындықты болжап, олай бола қалғанда, оны шешу үшін қажетті әдіс – тәсілдерді ойлап табуға, оқушылардың белсенділігін арттыру үшін өз сабағына балалардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыратын, рухани байытатын құрал ретінде қарау мәселелерін сезіне білуге дағдылану тиіс.

Мұғалім тұлғасы сабақ үстінде жан – жақты әр қырыннан байқалады: ол тек белгілі бір шығарманы орындап немесе айтып қана қоймай, ол туындылар жөнінде әңгіме жүргізеді, өзінің композиторға деген көзқарасымен пікір алысады, музыканың әсер ету күшін мүмкіндігін жеткізе түсуге жағдай жасайды. Мұғалімнің оқушы алдында беделді болуы оның жауапкершілігіне қамқорлығына талап ете білуіне байланысты. Мұғалім негізінен балалармен аптасына бір –ақ рет кездеседі. Оның үстіне музыка сабағының өзі барлық баламен бірдей жұмыс істеуді талап етеді. Соның өзінде сабақ барысында мұғалім әр

оқушыны, оның күшті және әлсіз жақтарын байқап, мүмкіндігінше, қосымша сұрақ қою, ризашылық білдіру, назар аудару т.б. арқылы әр баланы назардан тыс қалдырмаған жөн. Мұғалім шығармашылығы, оның ұстаздық шеберлігі, тапқырлығы мектеп табалдырығынан алғаш аттаған күннен бастап қалыптаса бастайды. Өз ісінің білгірі, шебер педагог болу үшін әр мұғалім өзінің бойындағы жетістіктер мен кемшіліктерді дұрыс бағалап, өзін-өзі тәрбиелеуге міндетті. Мұғалімнің жан-жақты білімділігі, жан-дүниесі, ақыл-ойы, жылы жүзі, өнегесі балалардың музыка сабағына қызығушылығын арттырады, олардың бұл іске белсене араласу дағдысын қалыптастырады. Сондықтан, музыка мұғалімін, мектептегі музыка сабағының пән ретінде тағдырын шешетін негізгі тұлға деп айтуға хақылымыз. Музыка пәні ұстаздың әдебиет пен музыканың, бейнелеу өнері мен ән өнерінің өзара байланысып барынша тұтас қараған жөн. Музыка пәнінің негізгі мақсаты оқушылардың музыкалық қабілетін дамыта білу, оларға ән айтқызып, хор өнеріне баулу, қажетті орындаушылық шеберлік тәсілдерін үйрету және музыкалық шығармаларды көркемдік тұрғыда тыңдап, қабылдай білуге жаттықтыру болып табылады. Осы мақсаттарды меңгеру барысында, әсіресе балалар даусының физиологиялық ерекшеліктеріне басты көңіл бөлгені жөн. Дәрігермен кеңесіп, дауыс аппаратының құрылымдық ерекшеліктерін жетік білген дұрыс.

Әр сабақты жоспарлау барысында, сондай-ақ ән үйрену, музыка тыңдау, түрлі вокалдық әдістерді меңгеру кезінде оқушылардың жас ерекшеліктеріне көп назар аударылуы керек.

Жалпы қорыта келе оқушыларды музыка өнеріне дүниетанымын қалыптастыру-да, халық қазынасын, халық тағылымын халық музыкасын тыңдаудың үлкен маңызы бар. Ал балалардың қаншалықты музыканы қабылдай алу дәрежесі мұғалімнің шеберлігіне және сабақта әдістемелерді дұрыс қолдана білуіне байланысты. Оқушылар музыканы, қоршаған ортаны, өмір мен адамның сезімін бейнелейтін құралы ретінде түсінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Еңсепов Ж. , Ысқақов Б., «Музыка жалпы орта білім беретін мектептің 5-6 сыныптарына арналған бағдарламалар» Алматы РОНД, 2003
2. Есжанов Г. «Музыка сабағының тәрбиелік маңызы. Бастауыш мектеп» 2000ж
3. Жайымова А., Ысқақов Б.,Еңсепов Ж., Сәрсенбенов Ж. «Музыка оқыту әдістемесі» Алматы: Атамұра 2001ж
4. Бәттібаева С. Ән-күй : әдістемелік нұсқау / С. Бәттібаева, Ф. Қоңыратбай, Э.Баталова - Алматы : Кітап, 2002 .- 104 бет.
5. Күлманова Ш.Б. «Музыка пәнінің бағдарламалар жинағы» Алматы 1996ж
6. Музыкалық іс-әрекет психологиясы. Жинақ ред. Г. Цыпина. М., Академия, 2003 ж
7. Метлов Н.А. Музыка-балаларға, М. Ағарту, 2001 ж.
8. М.Н. Баринова Шығармашылық қабілеттерін дамыту туралы. С-Пб..2003 ж.
9. Қожалымов З. Қазақтың ән-күйі де емші // «Абыз» газеті, – 2011. – №5 (6) – с. 3-4.
10. «Қазақтыңдәстүрлі 1000 күйі» антологиясы, 2010.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ЖОБАЛАУ ҚЫЗМЕТІНЕ ДАЯРЛАУ

Конакбаева У.Ж[1]., Туебаева С.С.[2]

[1]Дизайн кафедрасының қауымд. профессоры, PhD

[2]Магистрант

Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.

ukonakbaeva@mail.ru, https://orcid.org/0000-0002-5017-7459

Аннотация: Бұл мақалада болашақ мұғалімдерді жобалау қызметіне дярлау мәселері қарасытырылған.

Кілт сөздер: болашақ мұғалімдер, жобалау қызметі, жобалау технологиясы.
Abstract. This article discusses the issues of attracting future teachers to design activities..
Key words: future teachers, design activities, design technology.

Жалпыұлттық мүдделерді көрсете отырып, жаңа білім беру парадигмасы кез-келген деңгейдегі кәсіби білім беру мекемелерінің алдына, оның ішінде университеттердің алдына табысты бәсекелестік пен түлектердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы үшін жоғары білікті кадрларды даярлауда қалыптасқан жағдайға икемді жауап берудің стратегиялық міндеттерін қояды. Қойылған міндеттерді шешу өмір бойы инновацияға және оқуға қабілетті мобильді, өзін-өзі жүзеге асыратын тұлғаның қалыптасуы мен дамуына байланысты. Сондықтан бүгінгі таңда кәсіби дайындық өзінің білім беру траекториясын таңдауда бакалавр еркіндігін арттыру жолында жүзеге асырылады.

Мұндай жағдайларда адамзаттың жаһандық мәселелерін шешу тұрғысынан болашақ мұғалімдерді дайындау тәсілдерін қайта қарастыру және студенттердің жеке басының шұғыл қажеттіліктерін қамтамасыз ету қажеттілігі айқын көрінеді. Сонымен қатар, зияткерлік ресурстар мен студенттердің даралығын дамыту перспективасында өнімді деп танылған жобалық технология негізінде кәсіптік оқыту үдерісінде арнайы ұйымдастырылған болашақ мұғалімдердің жобалық қызметінің рөлі едәуір артады.

Кәсіптік оқыту үдерісінде жобалық технологияны қолдануды кәсіби білім алудың және қажетті ақпаратты өз бетінше жинау, гипотеза жасау, қорытынды жасау, тұжырымдар мен ұсыныстар жасау дағдыларын қалыптастырудың жаңа траекториясы форматында қарастыруға болады. Студент білімнің инертті тұтынушысы емес, мәселені тұжырымдай алатын, оны шешу жолдарын талдай алатын, оңтайлы нәтиже таба алатын және оның тиімділігін негіздейтін белсенді жасаушы болатын оқуға жобалық көзқарас оқушының жеке басын оңтайлы ашуға, ынталандыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Оның шығармашылық, аналитикалық, жобалық, зияткерлік қабілеттері мен дағдылары [1].

Осылайша, жобалық қызмет әсіресе кәсіптік оқыту үдерісінде өзекті болады, өйткені ол бакалавр тұлғасының шығармашылық әлеуетін ашуға, дамытуға, жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жобалық қызметті пайдалану мүмкіндігі болашақ мұғалімдердің жоғары біліктілігінің, оны оқытудың прогрессивті әдістерінің көрсеткіші болып табылады, олар қазіргі қоғамдағы адам өмірінің тез өзгеретін жағдайларына бейімделу қабілетін қамтамасыз ететін XXI ғасырдың ақпараттық технологияларына жатады.

Зерттеушілер педагогикалық инновация тұрғысынан, "жобалар әдісі" білім беру саласындағы қайта бейімделген (қалпына келтірілген) жаңашылдықты білдіреді. Ол студенттің жеке тәжірибесіне, бакалаврлар арасындағы, оқытушылар мен студенттер арасындағы ынтымақтастыққа баса назар аударады, сондықтан оқытушының студенттерге өз білімін алуға үйретететін интерактивті әдіс тәсілдерін қолдануын анықтайды, яғни оны қазіргі қоғамдағы өмірге дайындайды.

Осы мәселе бойынша қазақстандық, ресейлік және шетелдік тарихи - педагогикалық әдебиеттерді талдау жобалау әдісі, жобалау қызметі әртүрлі кезеңдер мен әртүрлі мәдениеттерді зерттеушілердің назарында болғанын көруге мүмкіндік береді.

Жобалау әдістемесі XXI ғасырдың басында ең танымал болды. А.Н. Щукиннің лингводидактикалық энциклопедиялық сөздігінде оның жаңа мазмұны келесідей анықталған: "жобалау (лат. projectus. әдісі, Жоба әдісі. Оқу процесі барысында шағын топтағы әлеуметтік өзара іс-қимылды модельдеуге негізделген оқыту технологияларының бірі. Негізінде жатқан тұлғалық-әрекеттік тәсіл оқыту. Жоба деп өз бетінше жоспарланатын және іске асырылатын жұмыс түсініледі" [2].

Соңғы жылдары ресейлік, содан кейін қазақстандық білім беру жүйесінде қайта жанданған жобалар әдісі әлі күнге дейін мәнін бір мағыналы түсінікке ие емес. Сондықтан нақты педагогикалық практикада жоба әртүрлі қызмет деп аталады.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында "техникалық және кәсіптік білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңарту" тарауында білім алушылардың талап етілетін құзыреттерін қалыптастыратын қазіргі заманғы білім беру технологиялары оқу процесіне енгізілетіні айқындалған. Бұл міндеттерді практикаға бағытталған оқыту аясында шешуге болады. Практикаға бағытталған оқыту-студенттердің білім беру бағдарламасын аудиторияда емес, нақты іс жүзінде игеруі, студенттердің оқу уақытында нақты практикалық тапсырмаларды орындауы есебінен кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру. Біз осы тәсілді жобалық қызмет арқылы оқытуда жүзеге асыруды қарастырамыз. Студенттердің жобалық қызметі-оқу үдерісі тиімділігінің кепілі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы жобалық қызметіне көп көңіл бөлінуде, бірақ оны практикада қолданудың тиімді әдістері жиі байқалмайды.

Қазақстанда білім беру қоғамдық даму саласындағы басым бағыт болып жарияланды. Мемлекетте жүргізіліп жатқан реформалардың табысы көбінесе білім беру мен кадрларды даярлаудың ауқымына, деңгейіне, сапасына байланысты. Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты "білім туралы" және "кадрларды даярлау жөніндегі ұлттық бағдарлама туралы" заңдармен бекітілген. Осы нормативтік құжаттарда бүкіл білім беру жүйесін және оның құрылымдарын реформалаудың стратегиясы мен тактикасы, еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына, қоғамның әлеуметтік тапсырысына жауап беретін жоғары білікті мамандарды даярлаудың мақсаттары мен нақты міндеттері айқындалған.

Жоғары білім беруді реформалау міндеттерді жүзеге асыруды көздейді:

- елдің индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, мазмұн құрылымын жаңарту;

- экономиканың барлық салалары, Өнеркәсіп, білім беру, денсаулық сақтау және т. б. үшін мамандар даярлау инфрақұрылымын дамыту.;

-мамандарды оқыту беделі мен даярлау деңгейін арттыру [3].

Осылайша, білім беруді жаңғырту, білім беру кеңістігіне жүйелік талдау, ақпараттық технологиялар, жобалық қызмет сияқты санаттарды енгізу әр оқушының білім беру траекториясын, оның ішінде мазмұны мен формасы дәстүрлі сабақтардан өзгеше икемді динамикалық ортаға жобалау қажеттілігін болжайды. Онда студенттің даралығы көрінеді, ол өз таңдауын әртүрлі қызмет әдістерімен байланыстыра алады. Оны іс-әрекетке қосу, өз проблемаларын шешу, өз іс-әрекет тәсілін құру, білім беру кеңістігін ұйымдастыру ішкі мәнін, оқушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін іске асырудың терең тетіктерін көрсету үшін қажет.

Жобалау қызметі педагогикалық процестің тұтастығын және студенттерді оқыту, тәрбиелеу және дамыту бірлігін қамтамасыз етеді. Сондықтан жобалық іс-әрекетті оқыту әдістері туралы айтуға негіз бар, оны біз шығармашылық оқу жобаларын жүзеге асырудың мақсатты және ұйымдастырылған әдістері мен тәсілдерін түсінеміз.

Жобалық оқыту зерттеу дағдыларын қалыптастыруға үлкен мүмкіндіктер береді, білім беру стандарты мен оқу бағдарламасында анықталған оқу материалына әсер етпестен оқу процесіне жақсы сәйкес келеді. Жобалық оқытуда жобалық қызмет жүзеге асырылады. Жобалық іс-әрекет бірлескен оқу-танымдық, шығармашылық, ортақ мақсаты бар, келісілген әдістер, іс-әрекеттің жалпы нәтижесіне қол жеткізуге бағытталған іс-әрекет тәсілдері ретінде сипатталады. Жобаның қасиеттері бар: соңғы өнімді алу, қызметтің күрделі құрамы, нақты практикалық маңыздылығы, бастапқы ақпаратпен жұмыс. Алайда, жобалық іс-әрекетте оқу іс-әрекетінің әдістерін таңдауда дидактикалық тәсіл болуы керек, студенттердің зерттеу дағдыларын өзара байланыс негізінде таңдау мүмкіндігі мен орындылығын негіздеу қажет:

1) қызметтің ғылыми негіздері мен құрылымы;

2) ғылымның кезеңдері мен логикасы;

3) студенттік жастың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жобалау қызметінің түрлері. Бұл студенттер тобында әрдайым мүмкін емес, өйткені студенттер әртүрлі дайындық деңгейіне ие. Алайда, біздің ойымызша, бұл проблемадан шығудың жолы бар, атап айтқанда, білім беру жобаларының ерекшеліктерін қолдану қажет.

Жобалау қызметі салыстырмалы түрде жақында дами бастағанына байланысты, жоғары оқу орындарында студенттердің зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселесі теориялық және практикалық тұрғыдан жеткіліксіз болып қала береді. Осы мәселе бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерді талдау бізге "шеберлік" ұғымын анықтауда консенсус жоқ деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Жобалық оқытуды ұйымдастыру және студенттердің зерттеу дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік жұмыстардың алуан түрлілігіне қарамастан, студенттің жобалық қызметі сабақ аясында ұйымдастырылатын және сонымен бірге зерттеу дағдыларын қалыптастырудың құралы болып табылатын әдістер жоқ. Оқу іс-әрекетінің әдістерін таңдауда дидактикалық тәсілге сүйене отырып, студенттердің зерттеу дағдыларын өзара байланыс негізінде таңдау мүмкіндігі мен орындылығын негіздеу қажет:

1) қызметтің ғылыми негіздері мен құрылымы;

2) ғылымның кезеңдері мен логикасы;

3) студенттердің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жобалау қызметінің түрлері [4].

Зерттеу дағдыларын анықтаудың жоғарыда аталған нұсқаларының әрқайсысын ескере отырып, біз зерттеу дағдылары деп студенттің тиісті ғылыми-зерттеу жұмыстарының ақыл-ой және практикалық әрекеттерін орындау тәсілдерін меңгеруін және ғылыми зерттеу логикасына бағынатындығын түсінеміз.

Аңдатпа. Мақалада М.А. Булгаковтың «Мастер мен Маргарита» романындағы басты кейіпкерлердің бірі – Маргаританың бейнесін жасау үшін қолданған тілдік құралдары талданады. Ерекше назар лексикалық, стилистикалық және символикалық элементтерге аударылады, олар оның эмоциялық тереңдігін, ішкі өзгерісін және философиялық маңыздылығын айқындайды. Метафоралар, эпитеттер, символика және интертекстуалдық сияқты негізгі тілдік тәсілдер мен олардың махаббат, еркіндік және құрбандық тақырыптарын ашудағы рөлі қарастырылады. Қорытынды бөлімде кейіпкер бейнесін сомдауда қолданылған тілдік құралдардың бірегейлігі атап өтіледі.

Ключевые слова: Образ героини, языковые средства, лексико-стилистические приемы, эпитеты, метафоры, сравнения, символика, поэтика образа, антитеза, фантастическое и реальное, любовь и самопожертвование, трансформация героя, мифопоэтические мотивы, романтический идеал , магическое преображение, психологизм, эмоциональный подтекст, искусство слова, художественные приемы.

Одним из наиболее запоминающихся персонажей в роман М.А. Булгакова «Мастер и Маргарита» является главная героиня, воплощающая собой тему вечной любви, жертвенности и духовной свободы.

При анализе поэтики данного произведения выявлено, что создание такого сложного и многогранного образа достигается посредством использования широкого спектра языковых средств. Лексические особенности, метафоры, эпитеты, символика и аллюзии помогают передать богатый внутренний мир героини, её эмоциональное состояние и трансформацию. В данной статье проводится анализ этих речевой характеристики и языковых средств с целью раскрытия характера Маргариты и её роли в общей концепции романа.

При создании особого образа автором используется целый ряд языковых средств создания образа Маргариты, а именно, символики имени и архетипической основы образа, использование эпитетов и метафор, контрастная лексическая характеристика, диалоги и речевая характеристика.

Символично имея Маргариты и архетипическая основа образа. В современном литературоведении имя Маргариты несёт символическую нагрузку, связывая её с литературными и религиозными архетипами. Оно отсылает к понятию «жемчужина», что может быть интерпретировано как чистота её любви к Мастеру и её жертвенность. Имя также вызывает ассоциации с фаустовской традицией, где Маргарита (Гретхен) выступает жертвой обстоятельств, однако у Булгакова героиня трансформируется в активный субъект, способный на духовное преображение.

Использование эпитетов и метафор.

Эпитеты и метафоры в описании Маргариты подчеркивают её эмоциональность, страстность и природную красоту. Например, её улыбка сравнивается с «лучом солнца», а глаза – с «горячими углями», что акцентирует её жизненную энергию и внутренний огонь. Эти образы создают впечатление яркости и живости, контрастирующее с серостью окружающей её реальности.

Художественно-речевая контрастная характеристика. Контрастная природа Маргариты раскрывается через её отношение к окружающему миру. С одной стороны, она живёт в мире советской обыденности, с другой – принадлежит миру высоких чувств, искусства и мистики. Её внутреннее состояние выражается через описание её душевной пустоты в начале романа: «её жизнь была пуста, словно высохший колодец». Это подчёркивает её разрыв с окружающей реальностью и предвосхищает её метаморфозу

Диалоги и речевая характеристика.

Речь Маргариты насыщена экспрессивностью, что отражает её эмоциональность и независимость. В сценах общения с Мастером она говорит просто и искренне, что подчёркивает глубину их связи. В контрасте с этим, её обращение к Воланду отличается уверенностью и твёрдостью, что свидетельствует о её силе духа и готовности противостоять страху.

Ключевым элементом в создании образа Маргариты является сцена её превращения в ведьму и полёта. Мотив полёта, описанный яркими метафорами («потоки воздуха обжигали её тело, как огонь»), символизирует освобождение героини от земных ограничений и её переход в мир духовной свободы. Полёт Маргариты – это метафора её внутренней трансформации и принятия собственного выбора. Полёт — центральный символ в трансформации Маргариты. В сцене полёта Булгаков описывает её как *«парящую свободно и счастливо», «оторванную от земного»*. Этот символ воплощает её духовное возрождение и освобождение от оков обыденности.

Символика любви и жертвенности. Маргарита представлена как воплощение жертвенной любви, готовой преодолеть любые преграды ради Мастера. Её готовность стать ведьмой и вступить в контакт с Воландом ради спасения возлюбленного иллюстрирует её преданность. При этом Булгаков использует символику очищения:

проходя через испытания, Маргарита не только сохраняет свою любовь, но и приобретает внутреннюю силу и гармонию.

Психологическая глубина. Булгаков использует внутренние монологи и описание мыслей Маргариты, чтобы показать её внутренний конфликт. На протяжении романа читатель наблюдает, как её отчаяние и тоска постепенно трансформируются в решительность и духовное просветление.

Значение и роль фантастики. Мистические элементы играют важную роль в раскрытии образа Маргариты. Её взаимодействие с Воландом и его свитой демонстрирует её способность сохранять человечность и моральные ориентиры даже в условиях сверхъестественного воздействия. Это подчёркивает её силу и самостоятельность как персонажа.

Речевые особенности и лексические характеристики.

Лексика, связанная с описанием Маргариты, насыщена эмоциональными и экспрессивными элементами. В сценах, предшествующих её превращению в ведьму, её внутреннее состояние передаётся через слова с ярко выраженной негативной окраской: *«пленённая», «несчастная», «забытая»*. Эти лексемы подчеркивают её тоску по утраченному счастью и любви.

После встречи с Воландом, в противоположность этому и превращения в ведьму язык, описывающий Маргариту, становится более динамичным и экспрессивным. Классик Булгаков использует глаголы движения и восклицания: *«летела», «восторженно», «свободно»*. Такой контраст отражает духовное освобождение героини.

Символика Луны. Луна является постоянным символом, сопровождающим образ Маргариты. Её магический свет подчёркивает мистическую составляющую героини и её связь с миром сверхъестественного. Луна символизирует также эмоциональную сторону Маргариты: её страсть и стремление к свободе.

Метафоры и эпитеты.

Булгаков активно использует метафоры и эпитеты для создания поэтического образа Маргариты.

1. Например, её любовь к Мастеру описывается как *«пламя, согревающее её сердце»*. Эта метафора подчёркивает, что чувства героини являются её движущей силой.
2. До превращения Маргарита характеризуется как *«одинокая», «страдающая»*. После обретения магической силы и осознания своей миссии в её описании появляются эпитеты: *«величественная», «неземная», «ослепительная»*.

Интертекстуальность.

Образ Маргариты включает аллюзии на мифологические и литературные архетипы.

1. Архетип ведьмы. Традиционный образ ведьмы в литературе переосмыслен Булгаковым. Маргарита, несмотря на обретение магической силы, остаётся любящей женщиной, чья жертвенность подчёркивает её человечность.
2. Связь с Маргаритой из «Фауста». Булгаков использует элементы классической литературы, придавая своей героине глубину. Однако, в отличие от героини Гёте, Маргарита у Булгакова активно борется за своё счастье.

Образ Маргариты в романе *«Мастер и Маргарита»* создаётся с помощью широкого спектра речевых языковых средств, включая эмоционально окрашенную лексику, символику, метафоры и интертекстуальные аллюзии. Эти элементы не только подчёркивают многогранность героини, но и помогают раскрыть ключевые философские темы произведения. Маргарита выступает как символ любви, жертвенности и свободы, а её образ является центральным элементом в раскрытии основной идеи романа. Эти приёмы позволяют Булгакову не только показать многогранность героини, но и подчеркнуть её центральную роль в теме любви, жертвенности и духовного освобождения. Маргарита становится не просто спутницей Мастера, но и символом преодоления земных и духовных границ ради высших ценностей.

Использованная литература:

1. Булгаков, М.А. *Мастер и Маргарита*. — М.: Эксмо, 2020.
2. Бочкарёв, С.Я. "Символика в романе М.А. Булгакова «Мастер и Маргарита»." — *Вопросы литературы*, 2003, № 4.
3. Лотман, Ю.М. *Семиотика культуры и искусство*. — СПб.: Искусство, 1998.
4. Ляхова, Н.В. "Философия любви в романе М.А. Булгакова." — *Филологические науки*, 2011, № 5.
5. Топоров, В.Н. "Символ и смысл в литературе." — *Известия РАН*, 1995, № 3.
6. Шкловский, В.Б. *О теории прозы*. — М.: Гиперборей, 2001.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Ю.Гагарин атындағы №3 жалпы білім беретін мектебі, тарих пәнінің мұғалімі, ғылым магистрі **Бухарбаев Мурат Сапарұлы**

Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихы осынау тарихи жолдың жібек саудасына байланысты «Жібек жолы» атанғаны түсінікті. Ал «Ұлы» сөзінің оған қосылуы жолдың кең байтақ Шығыс өлкелері мен Батыс өлкелерін байланыстыруы. Сондықтан бұл жол «Ұлы Жібек жолы» деп аталды.

«Жібек жолы» дегеніміз не, ол қашан пайда болып, қандай кәдеге жарады, қай жерлерді басып өтті - әркімді – ақ толғандыратын алғашқы сұрақтар осындай.

Бұтқа табынушы (будда діниндегі - ауд) қажы Сюань-Цзан 629 жылы «Будданың қасиетті қалдықтарын көзбен көру және дін ілімін шыңдап зерттеу үшін» Қытайдан Үндіге сапар шекті. Ол Қытайды Батыспен байланыстырып жатқан және техникалық жаңалықтарға дінге мұраттар мен мәдени жетістіктерге мұрындық болып тұрған осы халықаралық жолмен жүрді.

Чань-Анань шыққан саудагерлердің қоспақ-түйелі керуенімен атақты Гоби шөлін жағалап Дунхан арқылы «Ұлы айдаһар құмы» аталатын сортаң шөлейтті Хами мен Тұрфан алқаптарын, Тянь-Шаньның солтүстік бөктерімен мұздақ тауларын шамасы, Музур-Ола жоталарын басып өткен Сюань-Цзян түрік қағаны тұрған Суяб қаласына келді. Сюань – Цзян түрік қағаны мен оның жанпеліндегілер жөнінде былай сипаттайды: «Бұл қателіктердің аттары керемен екен. Қаған үстіне жасыл жібек шекпен киген, жолақ басына ұзындығы чжан (3,2м) ұштары желкесіне түскен Жібекшолпа орап алған. Оған оқалы – зерлі жібек шапан киіп, шаштарын айдар – тұлындап өрген екі жүзден астам тархан (нөкер) еріп жүрді. Өзге жауынгерлер тері астарлы киімдер киіп, айбалта, садақ асынып ту көтеріп жүреді. Түйеге, атқа мінгендердің көптігі сонша, көзбен шамалаудың өзі мүмкін емес» [1].

Бұл әңгіме барысында ежелгі дәуір мен орта ғасырда халықаралық қатынастың күретамырына айналған ұлы жолға өз атауын берген және Шығыс пен Батыстың негізгі сауда затына айналған жібек бірнеше рет аталады. Ал бұл жол қай кезден «жұмыс істей бастады» [2] деген сұраққа күні бүгінге дейін әрқилы жауап беріліп келеді.

Егер «Жібек Жолының» жекелеген бөліктерінің сыңарлары жөнінде айтар болсақ, ондағы қатынастар мен зат алмасу байланыстары біздің дәуірімізге дейінгі III-II мыңжылдықтарда басталған. Мұндай байланыстар Бадахшан тауынан лазурит (көк лағыл) кені, ал Хотан аймағындағы Яркент (Жаркент) – Дарияның жоғарғы ағысынан нефрит (көк минерал) кені ашылуына орай жолға қойылды.

Бадақшаннан шығарылған лазурит Иранға, Месопотамияға, Анатолийге, Египет пен Сирияға тасылып жатты. Бадахшан лазуриті, I мыңжылдықтың жартысында Қытайға да жеткізіле бастады.

Орта Азия мен Орта шығысты Жерорта теңізімен және Үнді мен

жалғастырып жатқан «Лазурит жолымен» қатар дүниеге келген «Нефрит жолы» Шығыс Түркістанды Қытаймен жалғастырды.

Біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықтың орта кезінен «Дала жолы» деген жол болғаны белгілі. Егер тарихтың атасы Геродоттың жазбаларына жүгінсек, бұл жолдың сорабы мынадай бағытта болғанын байқаймыз: Қара теңіз жағалауынан Дон жағасына дейін, одан әрі савроматтар мекендеген Орал тауы етегінен Ертіске, Алтайға, сонан Жоғары Ертіс пен Зайсан көлін мекендеген агриппийлер еліне қарай созылады. Бұл жолмен былғарылар мен терілер, иран кілемдері, құнды металдардан жасалған бұйымдар кең таралып жатты.

Жібек жасап шығару және онымен сауда жасау кезеңі күні кешеге дейін біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдық саналып келеді.

Қымбат бағалы жібектерді тарату ісіне сақтар мен скифтердің көшпелі әулеттері де атсалысты. Солардың қатынасаралық көмегімен сол кезде қасқалдақтың қанындай қымбат тауар Орталық Азия мен Жерорта теңізіне дейін тарады.

Жібек жолы тек біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырдың орта шенінен бастап қана тұрақты дипломатия мен сауданың күре тамырына айналды. Ал осының бәрі император У – Дидің көрмеген Батыс елдеріне жұмсаған книязі Чжон – Цзян бастаған елші керуенінің Хань астанасынан шыққан кезінен, яғни 138 жылы басталды. Чжон-Цзян 13 жылдан кейін қайтып оралды. Ол осы күнгі Ауғанистанның шет аймақтарына жете алды және Қытайдың ішкі аудандарынан Орталық Азияға дейін тура жолмен тұңғыш рет жүріп өтті. Содан соң жібек тиелген керуен Батысқа соның ізімен аттанып, Қытайға, Жерорта теңізінен, Таяу және Орта Шығыстан, Орта Азиядан тауарлар алып қайтты.

VII-XIV ғасырларда елшілік сауда керуендерінің дені Жібек жолымени жүретін. Сан ғасырлар бойы тынымсыз өзгеріп отырған, оның бір учаскілері айрықша маңыз алып, көрекйіп жатса, екінші бір учаскілері жабылып, ондағы қалалар мен сауда бекеттері қаңырап бос қалған. Мәселен, VI-VIII ғғ. Негізгі күре жол Сирия-Иран-Орта Азия-Оңтүстік Қазақстан-Талас алқабы Шу алқабы-Ыссық көл шұңқыры-Шығыс Түркістан болған. Осынау жолдың бір тармағы, дәлірке айтсақ, тағы бір тармағы Византиядан шығып, Дербент арқылы Каспий өңірі даласына-Маңғыстау-Арал өңірінен өтіп, Оңтүстік Қазақстанға жеткен. Бұл жол сасанилар Иранына қарсы, Батыс Түрік қағанаты мен Византия арасында сауда-елшілік одағы жасалған кезде, Иранды айналып өтетін болған. IX-XII ғғ. Жолдың бұл желісі, Орта Азия мен Таяу Шығыс арқылы Кіші Азия мен Сирияға, Мысыр мен Византияға баратын холға қарағанда, едәуір аз пайдаланылған, ал XIII-XIV ғғ. қайтадан жанданады. Құрлықтағы саяси хал-ахуал елшілер мен саудагерлердің және басқа да саяхат-серуенде жүрген адамдардың қай жолды таңдап алатынын анықтап отырған.

VI ғасыр екінші жартысында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан, Кореядан Қара теңізге дейін созылып жатқан орасан зор көшпелі империя Түрік қағанатының құрамына енеді. VI ғасырдың соңғы кезеңінде Ұлы Жібек жолының Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды қамтитын учаскесі өзгеше жанданып, осы аймақтың қалалық мәдениетін өркендетуге көп көмегін тигіеді. Жетісуда ол бірқатар қалалық ортаоықтардың тууына әсер етсе, Қазақстаннның оңтүстігінде қалалардың тез көркеюіне себепші болады. Орта Азия арқылы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға келген сауда жолы XIV ғасырға дейін, қашан ішкі қырқыстар мен соғыстар қала мәдениетін аздырып-тоздырғанға дейін, Қытайға баратын теңіз жолы игеріліп, бұрынғы көне жолдың жұлдызы сөнгенге дейін жұмыс істейді.

Бұл жол ондаған ғасырлар бойы өзі қамтыған елдер мен халықтардың экономикасының, мәдениетінің дамуында елеулі рөл атқарды. Қос құрылықты жалғастырған бұл жол бідің заманымыздан бұрынғы II-Iғасырлардан бастап Азия мен Еуропаның арасын жалғастырушы көпір, яғни Шығыс пен Батысты байланыстырушы

желі болды. «Ұлы» сөзінің халықаралық сауда жолына телінуі Еуразия өлкелерін байланыстыруынан келіп шыққан. «Жібек жолы» (Ұлы «Жібек жолы») - Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шынжаң, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын керуендік жол бағыты. Атауды неміс ғалымдары Ф. фон Рихтhофен (F. von Richthofen) бен А. Һерман (А Herman) 19 ғасырда ұсынған.

Қытайдың торғын-торқасы осы жолмен Орта Азияға, Батыс Азияға және Еуропаға толассыз тасылды, сонымен қатар тұт ағашын өсіру өнері де батысқа тарала бастады. Сондай-ақ Шыңжаннан шығатын қас тасы, былғары, жүн көрпе сияқты тауарлар мен орта жазықтың темір ыдыстары, фарфор ыдыстары, сырлы ыдыстары, шабдалы, өрік, рауағаш, дәршен сияқты өнімдері батыс базарына қатар кірді. Орта Азияның, Батыс Азияның және Еуропаның әйнегі, жақұтты, дәнді дақылдары және хош иісті заттары, дәрілер, сондай-ақ Отқа табыну діні, Будда діні, ислам діні сияқты діндер де Қытайға кірді және таралды. Шығыс пен Батыс арасындағы экономикалық, мәдени ауыс-күйіс адамзаттың материалдық мәдениетін байытты. Шығыс пен Батыстағы халықтар Жібек жолы арқылы сыртқы мәдениетті қабылдап, бұрынғыдан да салауатты мәдениет жарата алды [3,78].

Қытайдан бастау алған жол Іле өзенімен Ыстықкөлге жеткен. Жол осы арада батысқа және солтүстік-батысқа шығу үшін оңтүстік және солтүстік бағыттарға тармақталған. Оңтүстік бағыт Ферғана, Самарқан, Иран, Ирак, Сирия елдері мен Жерорта теңізіне шыққан.

Ал солтүстік бағыты Оңтүстік Қазақстанда Испиджаб қаласына келіп тағы екі тармаққа бөлінген. Біреуі Орта Азияға қарай, екіншісі Түркістан арқылы Сырдарияның төменгі ағысымен Батыс Қазақстанға шығып, Қара теңіздің солтүстік-шығыс жағын айналып Еуропаға қарай өткен [4].

Сан ғасырға созылған бұл халықаралық сауда жолы сол кездегі халықаралық саяси жағдайларға байланысты өзгеріп отырған, бірде үзіліп, бірде қайта жанданған. Сонымен қатар әлемдік дамуға әсер етпесе де, аймақтық маңызы бар жергілікті сауда-керуен жолдарының қалыптасуына әсер еткен. Солардың бірі ежелгі және жаңа заманда Түркістан-Сырдарыия өңірінен Қазақ елінің орталық және солтүстік өңірлеріне қарай тармақталған далалық сауда жолдары еді.

Сыр бойындағы Жанкент қаласынан орта ғасырларда бір жол Солтүстік Қазақстанға бағытталды. Ал Сығанақ қаласынан Ақсүмбе қаласы арқылы Орталық Қазақстанға қарай және бір тармақ шыққан. Бұл жаққа Сауран қаласынан шыққан екінші бір бағыт Қарақұрым (Жыланқарауыл қаласы) арқылы басталған. Бұл сауда жолдары негізгі жолдан Қазақстанның ішкі аудандарына қарай шығатын шағын бағыттар. Солар арқылы Солтүстік және Орталық Қазақстандағы көшпелі ру-тайпалар негізгі сауда жолы бойындағы қалаларға келіп, өздеріне қажетті бұйымдарын алып қайтатын болған.

Жібек жолы тек сауда жолы болып қана қалмастан, дүние жүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына өшпес үлес қосты. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византия, Иран, Орта Азия, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда байланыстары болғандығын ежелгі қолжазбалардағы мәліметтер дәлелдейді. Шаштан (Ташкенттен) жол Гизгирдқа, Испиджабқа келіп, одан әрі керуен Таразға бағыт алған. Тараздан солтүстікте Адахкет, Дех-Нуджикет қалалары орналасқан қимақтарға, оңтүстікте өздерінің туған өлкесінде - Шельдяни, Куля және т.б. қалаларға тірелген. Сондай-ақ Тараздан Төменгі Барысханға, одан әрі Құлан, Мерке арқылы Аспараға жететін болған. Х ғ. бастап Іле жазығындағы сауда жолы арқылы керуендер жүре бастайды. Осы жерден Іле Алатауының көпестері қазіргі Алматы мен Талғардың елді мекендеріне жолға шыққан. Талғарда жол қазіргі Шелек, Есік, Кеген аудандарында, Подгорныйға, одан әрі Шонжаға иек артады. Алакөл ауданында жол тармақталады. Екіөгіз, Қиялық, Көктем керуен жолдарымен Шығыс Түркістанға, Алтайға, Монғолияға шығуға болатын еді. Сырдария қалаларын байланыстыратын жолдардың маңызы орасан зор. Ол Испиджабтан басталып, солтүстік-батыста - Арсубаникент, Арыс,

Кедер, Шавгар, Сауран, Сығанаққа әкелетін. Сығанақтан Жентке және Янгикентке тірелген. Исфиджабтан солтүстікке қарай түскен жол Құмкент, Аба - Ата, Созаққа барады. Одан әрі Орталық Қазақстанның жазық жерлері арқылы Кеңгір, Жезді, Нұра далаларына шығады [5, 37-43].

Орталық Қазақстандағы сауда жолдарының сілемдері XX ғ. басына дейін сақталып келді, тіпті, Ресей, Қазақстан және Орта Азияның қалалары мен елді мекендерін байланыстырып отырды, оған жақын жерлерде жәрмеңкелер ұйымдастырылды. Ұлы жібек жолы көп халықтардың мәдениетін түйістіруімен бірге оның табиғатының ерекшеліктерін анықтауда тарихи қызмет атқарды. Бұл істе Қазақстан жерін мекендеген халықтардың еңбегі де бар. Олар тұрғын үйді (киіз үй), ат әбзелдерін жасау өнерін, кілем тоқуды, күмістен түрлі әсемдік бұйымдарды соғуды, бай ауыз әдебиетін мұра етіп қалдырған. Осының бір айғағы - Есік және Аралтөбе қорымдарынан табылған «Алтын киімді адам» ескерткіштері, Шығыс Қазақстандағы Берел қорымынан табылған олжалар, ежелгі Түрік жазба әдебиетінің Орхон ескерткіштері.

Ресейге бодандық кезінде Есіл өңіріндегі керуен жолдары жайлы алғашқы болып зерттеген ғалымдардың бірі Шоқан Уәлиханов болды. Ғалымның 1856 жылы өз қолымен толтырған «XIX ғасырдың ортасындағы қазақ даласының картасы» дейтін еңбегі бар. Бұл еңбек 1961 жылы жарық көрген көп томдығының 5-ші томына енген. Осында Абылай мекен еткен аймақтарды басып өткен керуен жолдарының сызбасы көрсетілген. Сызбада қазіргі Ақмола облысының Атбасар, Қорғалжын және Ақмола-Қараөткел өңірі толық қамтылған.

1815 жылы Қоқанға кетіп бара жатқан орыс елшісі Филип Назаров өз естелігінде: «Қараөткелді басып өтіп Ұлытауға қарай кеттім» - [6, 8-13] дейді. Қараөткелді мекендеп отырған Құдайменде сұлтанның өте жақсы қарсы алғанын айтады. Сұлтанның 16 жасар баласы Қоңыркұлжа мен інісі Бұлқайыр сұлтандар елшілерді құрметпен шығарып салғандарын ризашылықпен атап өткен.

Бес томдық «Қазақстан тарихы» академиялық басылымында және тарих ғылымдарының докторы, профессор Сәйден Жолдасбаевтың Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихына арналған оқу құралдарындағы карта-сызбаларда Жібек жолының Орталық және Солтүстік Қазақстанға тарамдалған сауда жолдары жақсы көрсетілген.

Ғалым-жазушы Ақселеу Сейдімбек Қазақстанның оңтүстігінен солтүстік өңірлеріне беттеген керуен жолдарын «көш жолы» ретінде алып қарап, және оны бес-алты сүрлеуге бөледі.

Көп жыл бойы Есіл өңірінің тарихын зерттеумен айналысқан тарих ғылымдарының кандидаты Б. Құсайынов 2007 жылы бірнеше жылғы зерттеулерін жинақтап 2007 жылы «Есіл өңірінің керуен жолдары» атты ғылыми мақаласын жариялады [7]. Ақмолалық өлкетанушы ғалым Баянбай Құсайыновтың деректеріне сүйенсек, Орталық Қазақстандағы далалық керуен жолдары сонау Ұлы Жібек жолынан бері жалғасып келген және ол Қазақстан Ресей бодандығындаболған кезде де тоқталмаған.

Ғалымның пікірінше бұл өлкеде төрт үлкен керуен жолы болған. Негізгі жол-қазіргі Қызылжар қаласынан шығып, Ақмола дуаны арқылы Ұлытауды басып өтіп, Бұқара, Ташкентке жетіп жығылған. Осы керуен жолын ертеде «Хан жолы» деп атаған. Кейбір деректерде «Абылай жолы» деп те айтылады [8]. Бұл көне Жібек жолының бір сүрлеуі. Бірақ ол тарихи стратегиялық маңызы жағынан Қазақ хандығы құрылғаннан кейін өркендеп, Абылай дәуірі мен Ресей патшалығының тұсында ең негізгі стратегиялық күре жолға айналған.

Мысалы, Ақмола облысының Қорғалжын ауданы жеріндегі «Асау балық» көліне бара жатқан тұста «Абылай өткелі» («Абылай алқымы») дейтін жер бар. Бұл атаудың мәні Абылай хан әрі-бері өтіп өтіп жүргендіктен пайда болған. 1993 жылы Алматыда жарық көрген «Абылай хан» атты шағын кітапшада: «Көкше өңіріне Абылайдың ақордасы қоныс тепкен жылдардан бастап «Абылай алаңы», «Хан асуы», «Хан көлі», «Ханның қызыл

ағашы» т.б. жер атаулары пайда болған. Солтүстіктегі Қызылжар мен оңтүстіктегі Түркістанды жалғастырған «Абылайдың қара жолы» дейтін қатынас желісі орнады» деп жазылған [9].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зуев Ю.А. Китайские сведения о СуябеИзвестия АН Каз.ССР.Серия истории, археологии и этнографии. Вып.3,2006 г. С.87-89
2. Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. Соч. Т.П.4.2М 2007г. С.31
3. Байпақов К.М. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың орта ғасырдағы қалалық мәдениеті.-Алматы: 2008,9-92б.
4. Горячев В.Д. Город золотого верблюда. Фрунзе,2008с.62-68
5. Байпақов К.М. Ерте Орта ғасырдағы Отырар қаласының кейбір тарихи этнографиялық мәселелері. 2007 68-65б.
6. Алтын Орда тарихына жататын материалдардың жинағы, IIт., М-Л,2009ж.
7. Пищулина К.А. Сырдария өңіріндегі қалалар және олардың қазақ хандықтары тарихындағы маңызы. Алматы,2008, 17б.
8. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфагани. Михман-наме-йн Бухара. Аудармасы алғысөз және ескертулері Р.П. Джалалиловаңікі М.,2009, 116б.
9. Бернштам А.Н. Ертедегі тарих және оңтүстік Қазақстан халықтарының шығу проблемалары, ҚазССР ҒА хабарлары, археолог.сериясы, 2010ж. 82б.

Ж.А.ТӘШЕНЕВТІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ БОЛМЫСЫ

Қалыбеков Б.Е.
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.
Tashenev University, Шымкент қ.
bolatkalybekov@mail.ru
Нұсқабай М.А.
«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.
Tashenev University, Шымкент қ.
muha013078@mail.ru

Аңдатпа. Бұл мақалада Ж.А.Тәшеневтің ұлт үшін жасаған ерлік істері, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында түрлі шаруашылық, кеңес және партия қызметтеріндегі ұйымдастырушылық қабілеті, батылдығы мен іскерлігі, Ж.Тәшеневтің қазақ қоғамын өркендету мен ұлттың рухын көтеру, абыройын асқақтату жолындағы айрықша еңбегі мен жанкешті қызметі жайында кеңінен сөз болады. Еңбекке жастай араласқан жылдары өмір мектебінен өткен ол жастар ұйымының жұмысына қатысып, қала жастары арасындағы қоғамдық-саяси жұмыстарды жүргізуде ерекшеленеді. партиялық-кеңестік органдарындағы адал және табысты еңбегі республика басшылығы тарапынан лайықты бағасын алған батыл да іскер, түрлі шаруашылық, кеңес және партия қызметтеріндегі еңбектерінің нәтижесінде тәжірибе жинақтап, ысылған азаматқа республика басшылығы 1952 жылы оған ең үлкен облыстың бірін басқаруды сеніп тапсырғандығы жайында баяндалады.

Кілт сөздер: өмір мектебі, партия, кеңес органы, іскерлік,ұйымдастырушылық.

XX ғасырдың 20-жылдары Мәскеудің ұйғаруымен Қазақстанның құрамынан Қарақалпақ АКСР-і алынып, Өзбекстанның құрамына қосылғаны мәлім. Осы кезде қарақалпақ халқының тілі мен салт-дәстүрінің өзбектен гөрі қазаққа жақындығы, халықтың мақсат-мүддесі, қарақалпақ зиялыларының жоғарыға бірнеше рет жазған

хаттары, ондағы талап-тілектер мүлдем ескерілмеді. «Қазақстанның жері онсыз да көлемді, басқару қиынға соғады» деген сылтау айтылды. Осы аздай 50-60-жылдары орталық басшылықтың мүддесіне сай Қазақстанның жерін тағы да бөлшектеу әрекеті басталды. Міне, дәл осы кезде қарақан басының қамынан гөрі ұлттық мүддені жоғары қоя білетін Жұмабек Ахметұлы сынды шыншыл қайраткер бұл саясатқа бірнеше рет қасарыса қарсы тұрды.

Ж.Тәшенев 1954-1956 жылдары қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық, Мақтаарал аудандарын Өзбекстанға беруге қарсылық білдірді. Қазақстан-Өзбекстан шекарасы 1924-1925 жылдары межеленген соң осы екі ел арасындағы шекара мәселесі 20-50-жылдары 5-6 рет көтеріліп, сонша комиссия жұмыс істепті. Біріне өзбектер риза болмаса, келесісіне қазақтар келіспеген. Үшіншісін Мәскеу бекітпеген. Үш тараптың мүддесі бір арнаға құйылмаған. Өзбектердің негіздемесінде, бұл аудандарға қазақтар Ташкент арқылы өтетіндігі айтылып, оның үстіне мақта мол шығатын аудандардың басшылығын бір қолға беріп, еңбек өнімділігі мен басқаруды қолайлы ету керек деп көрсетілді. Сөйтіп, бүкіл КСРО-ның тұралаған экономикасын көтеруді желеу еткен ала тақиялы ағайындар оңтүстік аудандарды Өзбекстанға қосып, өз жерлерін кеңейте беруді көздеді. Ал қазақтар болса, бұл ежелден өздерінің атамекені екенін алға тартып, ол жерлердің Қазақстанға да керектігін дәлелдеп бақты. Міне, осы кезде Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы Жұмабек Тәшеневтің төрағалығымен (мүшелері: М.Бейсебаев, С. Дәуленов, Х. Арыстанбеков, А.Морозов, В.Голосов, В. Шереметьев) арнаулы комиссия құрылады. Ол комиссия: «Өзбек ССР-іне Мақтарал ауданының кейбір бөліктерін беруге келісеміз, ал Үкіметтің Бостандық ауданын беру туралы өтінішін негізсіз деп санаймыз» деген шешім шығарады.

Комиссия шешімі 1955 жылдың 1 маусымында сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Л.Брежневке жіберіледі. Л.Брежнев басқарған Орталық Комитет: «Бостандық ауданы Өзбекстанға берілмесін» деген қаулы қабылдайды.

Еліміздің солтүстік облыстарын Ресейге қосу туралы мәселе көтерілгенде Жұмабек Ахметұлы үнсіз отыра алмады. 1953 жылы 5 наурызда КСРО-ны 31 жылдай басқарған И.В.Сталиннің қайтыс болғаны мәлім. Оның орнына Г.М.Маленко́в (1902-1988) КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып сайланады (1953-1955).

Шын мәнінде, ол Кеңес мемлекетіне 1953 жылдың наурыз-қыркүйек айларында ғана басшылық жасайды. Өйткені 1953 жылғы 7 қыркүйекте Н.С.Хрущев (1894-1971) КСРО Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланады. Оның жеке басқа табынуға қарсы оңды әрекеттерге барғаны, ғарышты игеруде недәуір табыстарға қол жеткізгені, ол билік құрған заманның «жылымық» деп аталғаны мәлім.

Осы Хрущев басқарған КСРО коммунистері еліміздің солтүстіктегі 5 облысын (Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан) біріктіріп, «Тың өлкесі» деген аймақ құрып, орталығына Ақмоланы (Целиноград) белгілеп, оны Ресейге қосуды жоспарлайды. Өлкенің басшылығына Орталықтан Т.И. Соколов деген өз адамын жібереді. Ол әлгі аталған Тың өлкесін Ресейге қосуға бейімдеп, Қазақстан басшылығына бағынудан бас тарта бастайды. Мұны сезген Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж. Тәшенев 1960 жылы күзде Целиноградқа шұғыл түрде ұшып келіп, мәселені дереу шешеді. Ол республикалық Жоспарлау комитетіне келесі жылдың бюджетіне қажет мәліметтерді әдейі бермей, бассыздық жасағаны үшін Соколовты қызметінен босатып, 24 сағаттың ішінде Қазақстаннан қуып жіберетінін және Тың өлкесі ешқашан Ресейге берілмейтінін қадап тұрып айтады.

Халық, ел намысын биік қойған Ж.Тәшенев Қазақстанның бес облысының берілмейтінін ашық түрде мәлімдеген.

Ж.Тәшеневтің қазақ мемлекетінің, елі мен жерінің тұтастығын сақтау жолындағы күресінен басқа қазақ қоғамын өркендету мен ұлттың рухын көтеру, абыройын асқақтату

жолындағы айрықша еңбегі мен жанкешті қызметіне мынадай істері де куә екендігін айта аламыз.

Біріншісі, Ж.Тәшенев Қазақ КСР Жоғары Кеңесі Төралқасының Төрағасы қызметіне сайланған соң-ақ Алматының ең үлкен даңғылын Абайдың атымен атауды және көшенің ең төріне ақынның алып ескерткішін тұрғызуды ұсынғаны.

Екіншісі, сталиндік қызыл террордан жазықсыз жапа шеккендерді ақтау кезінде айрықша белсенділік танытуы. 1956 жылы 25 ақпандағы КПСС-тің XX съезінен кейін жылымықтың басталғаны мәлім. Сол кезде репрессия құрбандарын ақтау жөніндегі республикалық комиссияның төрағалығына Жұмабек Ахметұлы сайланып, Е.Бекмаханов, Қ.Мұхаметханов, Х.Есенжанов, З.Шашкин сынды қазақ ғалымдары мен ақын-жазушыларын сөзбұйдаға салмай, абақтыдан дереу шығаруда үлкен еңбек сіңіреді. Ол бастаған комиссия Сәкен, Ілияс, Бейімбет сынды халқымен қайта қауышқан арыстардың шығармаларын сол жылдарда өте сапалы етіп шығаруға айрықша күш салады және «алашордашыл», «ұлтшыл», деген айдар тағылмағандардың бәрін ақтауға тырысады.

Үшіншіден, 1958 жылы қазақ өнері мен әдебиетінің Мәскеудегі онкүндігін абыроймен өткізуге барын салуы, бес бірдей қазақ өнерпазына ең жоғары атақ – «КСРО халық әртісі» атағын алып беруге үлес қосты.

Төртіншіден, «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газеттерін жабылудан аман алып қалды. 1958 жылы 28 шілдеде ҚКП Орталық Комитетінің бюросында «Қазақ әдебиеті» газетінің саяси бағыт-бағдарының коммунистік идеологияға сай келмейтіндігі, пролетариат мәдениетіне, талабына жат екендігі, қазақ ұлтшылдарын төңірегіне топтастырғаны туралы мәселе қойылып, газеттің жабылып-жабылмауы талқыға түседі.

Ж.Тәшенев ұлтшыл деп айыптаушыларға: «Социалистік Қазақстан» газетін ашқан да сен емес, жабатын да сен емессің, не тантып отырсың өзің?», – деп басып тастайды. Ақыры бұл мәселені күн тәртібіне қоюшылардың Саяси Бюроның қалыпты тәртібін белден басып отырғаны ашылып қалып, «Қазақ әдебиеті», «Социалистік Қазақстан» газеттері жабылудан аман қалады.

Бесіншіден, Медеу мұз айдынын салып бітіруге күш салуы. Кейіннен Қазақстанның мақтанышына айналған бұл құрылыс кезінде салынып басталып, әртүрлі сылтаулармен сақалды нысанға айналады. Ж.Тәшенев өзінің Мәскеудегі әріптесі, әрі тікелей бастығы КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы К.Ворошиловты Алматыға шақырып, оған Медеудің тамаша табиғатын көрсетеді. Оны тынықтыра жүріп, бұлтартпастай дәлелдерді алға тарта отырып, К.Ворошиловтың көмегімен құрылысты аяқтауға қаражат бөлдіріпті.

Алтыншыдан, халық батыры Б. Момышұлына Кеңес Одағының батыры атағын алып беруге әрекеттенді. Жазушы Әзілхан Нұршайықов «Брежневке хат» мақаласында Б. Момышұлына Кеңес Одағының батыры атағы берілуін сұрап 1980 жылы хат жазылғанын, оған қазақтың ең атақты деген біраз адамдарының қол қойғанын жазады. Сонда Ғабит Мүсірепов мұндай талпыныстың Жұмабек Тәшеневтің тұсында да жасалғанын, ол К.Ворошиловтың орнына бір ай КСРО Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып тұрғанда Батыр атағын беретін комиссияның басшысы, маршал И.Коневті өзіне шақырып, оған салмақ салғанын айтады. Бірақ бірмойын маршал Баукеңе Батыр атағын беруге бұрын үзілді-кесілді қарсы болғанын, енді сол пікірін өзгертпейтінін айтады. Б.Момышұлы да өз әңгімесінде Ж.Тәшеневпен кездескенін, осы әңгіме қозғалғанын растайды. Осылайша бұл мәселе шешілмесе де, Ж.Тәшенев Баукеңнің «Москва үшін шайқас» кітабының идеологиялық бөгеттерді бұзып өтіп, жарық көруіне септігін тигізеді.

Жетіншіден, ол қолында билік тұрғанда қазақтың барлық талантты өнерпаздарына, дарынды тұлғаларына жақсылық жасаған. Бұл игі істерін жақсы атты көрінудің қамы емес, жүйелі әрі мақсатты түрде, риясыз жасаған. Еңбек майталмандары Ыбырай Жақаев пен Жазылбек Қуанышбаевтың Еңбек Ері атануы да, Нұрмолда Алдабергеновтің екінші рет Еңбек Ері атануы да Ж.Тәшеневтың тікелей араласуымен біткен іс.

Сегізіншіден, ұлттық кадрлардың өсуіне, олардың жоғары өрлеуіне де Ж.Тәшенев қолдан келген барлық жақсылығын аямаған. Л.Брежнев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығынан Мәскеуге кетерде өз орнына И.Яковлевті, екінші хатшылыққа Н.Журинді ұсынып, Мәскеудің келісімін алып келеді. Ойында ештеңе жоқ Л.Брежнев өзінің ізбасарларын қазақстандық әріптестеріне таныстыра бастайды. Сонда Жоғарғы Кеңестің басшысы Жұмабек Тәшенев кейінгі кездегі бүкіл жетістіктерді тізбелей келіп: «Аудан, облыстарда, орталық аппаратта, министрліктерде екінші хатшыға лайық қазақ азаматтары аз емес. Мынау отырған ОК-нің ауыл шаруашылығы жөніндегі хатшысы Фазыл Кәрібжанов кімнен кем? Ол екінші хатшылыққа жарамай ма? Сондықтан, осындай дайын тұрған кадрларды көзге ілмеу мені таңғалдырады. Мен мұны қазақ кадрларына сенімсіздік не көрінеу көзге ілмегендік деп түсінемін», – деп, Л.Брежневті қатты састырады. Ақыры Ж.Тәшенев ұсынған Фазыл Кәрібжанов екінші хатшылыққа бекиді. Шаһмардан Есеновтің дарынын да алғашқылардың бірі болып танып, қолдау көрсеткен Ж.Тәшенев екен. Оның геологиялық партия басшылығынан бірден Геология министрінің орынбасары, соңынан министр болуына ықпал етіпті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Досанов С. Он екі томдық шығармалары. 10-том.Әдеби сын. Көсемсөз. – Алматы, 2020

2. Доқтырхан Т. Төрт құрдас және мен. – Алматы, 2017

3. Жұмабек Ташенев туралы естеліктер. – Алматы: «Білім». – 2005-200 бб.

4. Жұмахметұлы Е. Біз білмейтін Қазақтар. – Алматы, 2021

5. Қонысбек Б. Дарабоздар. – Шымкент: «Аламан» ЖШС, 2016. – 330 б.

6. Текті тұлға Жұмабек Тәшенев. Әдеби жинақ. Құрастырып дайындағандар С. Жұмағұл,А. Жұмағұл. – Қарағанды, 2021. – 292 б.

7. Қазақтың қайсар қайраткері – Жұмабек Ташенев/ Құрастырған Дүйсен С., Еңсенов Қ. – Алматы: «Елтаным». – 2015. – 160 б.

8. Халықтың қайсар перзенті. Жұмабек Тәшенев туралы естеліктер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 296 бб.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Исламова М.М.
Ағылшын тілі кафедрасының аға оқытушысы
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
islamova.makhabbat@mail.ru
Байтен А. Б.
Шетел тілі:екі шетел тілі педагогтарын даярлау
ББББ 2-курс магистранты
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.
aydanabayten@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада қазақ және ағылшын тілдерінің салыстырмалы тұстары баяндалады және екі тілден тұратын етістік формаларының санатын салыстыру бойынша мысалдардың әртүрлі нұсқалары қарастырылады.

Кілт сөздер: тәуелдеу есімдіктері, сілтеу есімдіктері, сөйлемдердің түрлері, болымсыздық есімдіктері, екі тілділік.

Аннотация. В этой статье излагаются сопоставительные моменты казахского и английского языков и прилагаются разные варианты примеров по сопоставлению категории глагольных форм из двух языков.

Ключевые слова: притяжательные местоимения, указательные местоимения, типы предложений, местоимения отрицания, двуязычие.

Abstract. Given article is devoted the comparative aspects of the Kazakh and English languages and includes various examples of comparing the category of verb forms from the two languages.

Key words: possessive pronouns, demonstrative pronouns, sentence types, negative pronouns, bilingualism.

Ағылшын тілі - Үндіеуропа тілдері жанұясының батыс герман тобына жататын тіл. Ағылшын тілі ежелгі тіл болып есептеледі, ол қазіргі Ұлыбритания аумағын ежелде басып алған Англосаксондардың тілі, бірақ жауланған кельттердің тілдері де әсерін тигізген.Ағылшын тілі —халықаралық тіл (де-факто -лингва франка). Әлемдегі ең көп тараған, әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл. Ағылшын тілі Ұлыбритания,Америка Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия,Аустралияжәне басқа елдерде ана тілі болып есептеледі. Одан басқа көптеген мемлекеттерде ресми тілі болып саналады. Ағылшын тілі —БҰҰ-ның алты тілінің бірі болып саналады. Ағылшын тілі —дүние жүзіне ең кең таралған тіл.Үндіеуропа тілдерінің батыс герман тілдеріне жатады. Ағылшын тілі құрылымы жағынан флективті. Ұлыбритания, АҚШ, Аустралия, Жаңа Зеландияның мемлекеттік тілі болып табылады.Канадада (француз тіліменқатар), Ирландияда (ирланд тілімен қатар) мемлекеттік қос тілдің бірі. БҰҰ-да қабылданған ресми алты тілдің негізгісі. Қазақстанда да 20 ғасырдың 50-жылдарынан бастап Абылай хан атында. Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері ун-тінде, өзге де жоғары және орта оқу орындарында Ағылшын тілі оқытылып мамандар дайындалды. Жеке пән түрінде мектеп бағдарламаларына енгізілді. Есімдік заттың атауын, белгісін, санын да білдірмейді, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады.

Ағылшынның жіктеу есімдіктерінің род категория болса, қазақ тілінде ол болмайды.

Ағылшын тілінде жіктеу есімдіктері сөйлемде төмендегідей қызмет атқарады:

1. Бастауыш: I am an engineer.
2. Баяндауыштың есім бөлігі: It is she.
3. Табыс септігінде толықтауыш: They saw me at the theatre.
4. Объективті септікте тұрып тура, жанама толықтауыш қызметінен басқа предлогпен бірге пысықтауыш болады: There is a blackboard in front of us.

Қазақ тілінде жіктеу есімдіктері сөйлемде бастауыш, толықтауыш, баяндауыш, анықтауыш болып қолданылады. Мысалы,

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін (Абай).

Адам деп мені, салмадың сен хат маған (Абай).

Менің атым Сәуле.

Айдана сенбісің? Деген сөйлемдердегі мен есімдігі бастауыш, мені толықтауыш, менің толықтауыш, сенбісің есімдігі баяндауыш болып тұр.

Тәуелдеу есімдіктері заттың біреуге, бір нәрсеге тәуелділігін көрсетіп whose?-кімнің? кімдердің? Кімдердікі? Деген сұрақтарға жауап береді. Әрбір жіктеу есімдігінің тәуелденеді. Бұл есімдіктердің екі түрі болады:

а) Dependent form- Тәуелді түрі (есімдік зат есімді анықтайды);
my/your/his/her/its/our/your/their;

ә)Absolute form- абсолютті, тәуелсіз түрі (жеке тұрып зат есімнің орнына қолданылады): mine/yours/his/hers/ours/yours/theirs.

Take her ball.- оның добыл ал

Her is better.- Онікі жақсырақ.

Бұл сөйлемдердегі her- оның тәуелді түрі/ есімдік- сын есім, ал hers- онікі абсолютті түрі/ есімдік- зат есім.

Тәуелдеу есімдіктері жекеше, көпше түрлерге бөлінеді:

Singular form	Жекеше түрі
I жақ. Me- менің	Mine –менікі
II жақ. Your- сенің	Yours- сенікі
III жақ.Their- олардың	Theirs-олардікі

Ескерту.

Есімдіктің тәуелді түрі зат есіммен оның анықтауышы ретінде қолданылады, сондықтан ол есімдік- сын есім деп те аталады.

Есімдіктің абсолютті түрі жеке тұрып, зат есімсіз қолданылады, сондықтан ол есімдік-зат есім деп аталады.

Тәуелдеу есімдіктері ағылшын тіліндесептелмейді:

My father looks through journals and newspapers every day. – Менің әкем күнделікті журналдар мен газеттерді қарап шығады.

Тәуелдеу есімдігінің тәуелді формасы немесеесімдік- сын есім сөйлемде зат есімді анықтайды:

His flat is a new district.- Оның пәтері жаңа ауданда. Ағылшын тіліндегі ілік, барыссептіктеріндегі жіктеу есімдіктерінесәйкес болады. [6]

Тәуелдеу есімдіктерінің абсолютті түрі немесеесімдік- зат есім сөйлемде зат есіммен тіркеспей- ақ, зат есімнің орнына қолданылатынын айтқанбыз. Мысалы, His English teacher is Kasenkyzy, our is- Sabyrkyzy. – Оның ағылшын тілі мұғалімі- Қасенқызы, біздікі- Сабырқызы. Бұл сөйлемдеhis- тәуелді, ours- абсолютті түрі.

Ағылшын тілінде тәуелдеу есімдігінің абсолютті түрі немесеесімдік- зат есім сөйлемде:

1. Бастауыш болады: This is not my shawl. –Бұл менің шәлім емес. Mine is new- Менікі жаңа.
2. Баяндауыштың есім сөз бөлігі болады: This school is ours and that school is yours. – Мына мектеп біздікі, ал анау мектеп сіздердікі.
3. Толықтауыш болады: He has lost his pen, please give him yours. –Ол қаламын жоғалтып алыпты, оған өзіңіздікін бере тұрыңызшы.

4.- Of предлогымен бірге тіркесіп, анықтауыш болады: Shynar is a niece of mine.- Шынар менің жиенім.

Тәуелдеу есімдіктерінің жақ, көптік, род категориялары болады. Сілтеу есімдіктерінің негізгі мағынасы- аралық қатынасты білдіру. Ағылшын тіліндегі сілтеу есімдіктеріне: this- бұл, осы, мынау; that- ану, ана, сол;these- бұлар, мыналар; those- олар, аналар; such- сияқты; same- ол да, дәл өзі сондай, сол, сондай жәнеit- ол, бұл, мынау есімдіктері жатса, қазақ тіліндегі сілтеу есімдіктеріне: бұл, сол, мына, мынау, міне, мінеки, ана, анау, әне, әнеки, осы, осынау, сонау жатады.

Сілтеу есімдіктері төмендегідей жағдайларда қолданылады:

1. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі сілтеу есімдіктері тілдесөйлеушіге алыс немесе жақын маңдағы заттарды, құбылыстарды нұсқау, көрсету, меңзеу мағыналарында қолданылады.

а) This – бұл, осы, мынау, these-бұлар, мыналар сілтеу есімдіктері екі тілде десөйлесушіге жақын тұрған заттарды көрсету үшін қолданылады. This есімдігі жекеше түрде, these көпше түрде қолданылады. Мысалы,

This is a house.- Мынау үй. These are houses.- Мынау үйлер.

б) That- анау, ана, сол, those- олар аналар сілтеу есімдіктері екі тілде десөйлесушіден алыс тұрған заттарды нұсқау үшін қолданылады да, that- жекеше түрде, Those- көпше

түрде қолданылады. Мысалы, That is a window. –Анау- терезе. Those are walls.- Анау (аналар) қабырғалар.

в) Such, same сілтеу есімдіктері жекеше түрде де, көпше түрде де бірдей қолданылады. Same сілтеу есімдігі the белгілік артиклімен келеді:

Write the same letter to the customers, please.- Тапсырушыларға дәл сондай хат жазыңызшы.

Show the same offers for the chemical equipments, please.- Химиялық құрал-жабдықтарға арналған дәл сол ұсыныстарды көрсетіңізші, өтінемін.

2. This /these /that /those есімдіктері зат есіммен тіркесіп те, тіркеспей де қолданылады. Мысалы:

This house is expensive but it's very nice.

This is a nice house but it's very expensive.

'Who's that boy?' – 'We don't know.'

'Who's that?'- 'We don't know.'

Do you like these ear-rings? I bought them yesterday.

Those oranges look nice. Can I have one?

Which ear-rings do you like most? These or those?

3. This is/is that есімдіктері телефонмен хабарласқанда қолданылады. Мысалы,

-Hello, this is Sam.

-Is that Chris?

4. Адамдарды бір-бірімен таныстырғанда, this is қолданылады:

-Asem, this is Asel.

-Hello, Asel.- Pleased to meet you. [7]

Сөйлемдерде олар бастауыш, анықтауыш, толықтауыш қызметін атқарады. Сілтеу есімдіктері жекеше, көпше түрлерге бөлінеді. Қазақ тілінде бұл есімдіктер септеледі, бірақ бұлардың бәрі септеле бермиді.

Қазак тілінде қатыстық есімдіктері болмайды, ал ағылшын тіліндегі есімдіктерге who, which, whose, that, whoever (кім болса да), whatever (не болса да) есімдіктері жатады. Who, whose, whont, whoever есімдіктері адамга қатысты, that, which адамга және затқа қатысты болганда қолданылады. Олар құрмалассойлемде, басынкы және бағыныңкы сөйлемдерді байланыс- тыру үшін қолданылады.

The umbrella that Host was new. — Мен жогалткан қолшатыр жаңа бола- тын

The girl who is standing near the door is my daughter. - Есік жанында тұрган кыз — менің қызым.

We don't know which of them is our doctor. - Олардың қайсысы біздің дәрігер екенін білмейміз.

That is not what we want. Біздің қалаганымыз бұл емес.

Do you know the woman whose house we saw yesterday? Біз кеше үйін көрген әйелді білесіз бе?

The text that (which) the students translated was very difficult. –Студенттер аударған мәтін өте ауыр болды.

Белгісіздік есімдіктер қазақ тілінде бірнеше, біреу, кейбіреу, әркім, әлдекім, бірнеше, біреу-міреу, қайсыбіреу, кейібір. біраз, сияықты сөздері жатса, ағылшын тіліндегі белгісіздік есімдіктеріне кейбіреулер, кез-келген, біреу, біреу, біреу, біреу, біреу, бірдеңе, бірдеңе жатады. Белгісіз есімдерді затты, сындық белгіні, сан-молшерді жорамалдап, тұспалдап, көмескілеп керсету мәнін хабарлау үшін қолданылады.

Ағылшын тілінде белгісіздік есімдіктерінің екі түрі болады (Root-дара) және complex (күрделі). Дара белгісіздік есімдіктері some – бірнеше біршама, any– біраз, бірнеше, кейбір, әлдеқалай,one – біреу.

Күрделі белгісіздік есімдіктері : somebody, anybody– біреу, алдекім, әркім, something, anything - hip hapce , bipdene , someone , anyone , everybody - әркім , барлығы , әрбір адам , біреу , everything - әр нәрсе , бірдеме , everyone – әркім.

Қазақ тілінде күрделі белгісіздік есімдіктері бір, әр, әлде сияқты сөздердің басқа есімдіктермен бірігуі арқылы жасалады:кейбіреу, әркім, әлдекім, әлдеқашан.

Ағылшын тілінде белгісіздік oneесімдігіне көптік жалғауы жалғанып , кептік мағынада қолданылады : one - ones .

Белгісіздік one және барлық күрделі белгісіздік есімдіктеріне және құрамында one , body сөздері бар есімдіктерге тәуелдік жалғауы жалғанады . Many pictures attracted everybody's attention at the Kasteev Art Museum.- Қастеев көркемсурет мұражайындағы көптеген суреттер әркімнің назарын өзіне аударды

1. Some, any белгісіздік есімдіктері зат есімдерді анықтайды , бұлармен зат есімдер тіркескенде артикльсіз қолданылады.

2. Егер someесімдігі санауға келмейтін көптік мәнді зат есімдермен келсе , қазақ тіліне олар біраз , азғана , азғантай болып аударылады , тіпті кейде ауда рылмайды : I want to drink some tea , — Менің шай ішкілі келіп тұр .

3. Some есімдігі кейдесол мөлшерде, сондай, жуық, жақын, шамалы, аса мағыналарын білдіреді : Some thirly students were present at the lecture . – Лекцияга отызға жуық студент қатысты.

4. Some – кейде жекеше түрдегі санауға келетін зат есімнің алдынан келіп , әлдебір , бір , бірнеше мағынасын білдіреді : He saw this photo in some book-

Бұлсуретті ол бір кітаптан көрген.

5. Any есімдігі, әдетте, сұраулы, болымсыз сөйлемдерде қолданылады. Егер ол санауға келетін зат есіммен тіркессе , анықтауыш болады да , қазақ тіліне кез келген , әлдеқандай , әлденеше , қандай болса да , бір болып аударылады: Have you got any interesting book to read? – Сізде оқитын бір (қандай болса да) қызықты кітап бар ма? Have you received any mails today? – Бүгін сіз (қандай болса да) пошта алдыңыз ба?

6. Алу есімдігі сандуга келмейтін зат есіммен келіп , қазақ тілінде біраз , азғана мағынасын білдіреді де , кейде аударылмайды : Have you got any chalk here ? - Сізде бор бар ма?

7. Any хабарлы сөйлемдерде келіп, қазақ тілінде әйтеуір, кез келген мағынасын береді: You can get this “ English grammar "at any library. - Сіз мына" Ағылшын тілі грамматикасын " кез келген кітапханадан алуыңызға болады.

8. Any есімдігі болымсыз сөйлемде келіп , ешқандай мағынасын береді. I did not ask the students any questions at the last lesson. -Мен соңғы сабақтастуденттергеешқандай сұрақ қойған жоқпын.

9. Any of қазақ тілінде кез келген деген мағынаны білдіреді: Any of us could help you. — Сізге кез келгеніміз көмектесе аламыз.

10. Somebody, someone (біреу), something, anything (бір нәрсе) белгісіз есімдіктері, әдетте, хабарлы сөйлемдерде кездеседі: There is something on the desk. – Жазу үстелінде бір нәрсе бар. There is somebody (someone) in the office. – Кеңседе біреу бар.

11. Anyone, anybody, anything, әдетте, сұраулы және болымсыз сөйлем дерде қолданылып, қазақ тілі біреу, бір нәрсе, еш нәрсе, ешкім түрінде аударылады. Болымсыз, сұраулы сөйлемдерде any, anybody, anything болымсыздық есімдіктері болып та аударылады:

Is there anybody in the office? – Кеңседе біреу бар ма? There isn't anything on the desk. — Үстелдееш нәрсе жоқ. There isn't anybody in the bedroom. — Ұйықтайтын бөлмедеешкім жоқ.[5]

Қазақ тіліндегі болымсыздық есімдіктерінееш , ешкім , ешбір , епилене , дәнеңе, ешқашан, ешқандай, ешқайсы сөздері жатса, ағылшын тілінде па, жоқ, no one ешкім , nothing – ештеңе, еш нәрсе , дәнеңе , nobody ешкім , neither – ешқандай, ешкім емессияқты

есімдіктері жатады. No, no any – еш нәрсе, жоқ мағынасындағы болымсыздық есімдіктері зат есімнің алдында жекеше , көпше түрде келеді. No есімдіктері зат есімнің ал Дында келіп, болымды, болымсыз сөйлемде қолданылады:

